И, наконец, после окончания войны с Францией царизм обладал достаточными военными и людскими ресурсами для окончательной ликвидации формального проявления независимости казахов – *института ханской власти*.

К этому времени царизм разделил на несколько частей как Младший, так и Средний жузы. Это было очень удобно для управления кочевниками. В 1788 и 1798 годах значительная часть прииртышских казахов во главе с султаном *Султанбетом* и его потомками получили право «вечной кочевки» на правобережье Иртыша. Средний жуз был поделен на две части: на правобережных и левобережных. Более того, в 1817 г. с целью ослабления власти Уали хана в Ср. жузе был назначен хан Бокей сын Кокжал Барака [5].

В 1801 году из Младшего жуза путем переселения на правобережье Урала была создана Внутренняя Орда..Свободные контакты между этими группами некогда единых жузов были запрещены.

В Среднем жузе после смерти ханов Бокея и Уали избирать новых ханов царское правительство сочло нежелательным. В 1822 году под руководством генерал-губернатора Западной Сибири М.М. Сперанского был разработан и утвержден царем *«Устав о сибирских киргизах»* (казахов-авт.), которым фактически была упразднена ханская власть в Среднем жузе [6].

Одной из главных целей новой реформы в Казахстане была ликвидация ханской власти в Среднем жузе. «Устав» по своей цели и содержанию был связан с политикой, направленной на фактическое присоединение северо-восточных районов Казахстана к

Российской империи и превращение их в колонию. Коренным образом изменилось административное, судебное и территориальное управление. По сведениям русского ученого Н. Коншина «**Сибирская администрация по распоряжению из Центра разослала по степи агентов ... для убеждения казахов принимать новое устройство, а затем - мулл из казанских татар**» [6].

Указом вводилась новая окружная система управления. Были созданы внешние *округа*, которые подразделялись на **волости**, волости - на *административные аулы*. Каждый такой округ состоял из 15-20 волостей, волости - из 10-12 аулов, а административные аулы - из 50-70 хозяйств («кибиток»), Внешние округа были объединены в *Область сибирских киргизов*. Новая административная единица вошла в состав обширной Омской области. Томская и Тобольская губернии и Омская область подчинялись *западносибирскому генерал-губернатору*, центр которого размещался в Тобольске, позднее - в Омске [7].

При создании административных единиц царское правительство пыталось в удобном случае учитывать и родовую принадлежность кочевников, а также общность зимовок и кочевков. Переход степняков из одного округа в другой осуществлялся с согласия местных властей –окружного начальства [8].

Внешние округа управлялись *старшими султанами*, волости - *волостными управителями*, а аулы - *старшинами*. Волостные управители и аульные старшины осуществляли административные, хозяйственные и полицейские функции

В каждом округе учреждался *окружной приказ* под начальством старшего султана. Сюда входили: *два российских заседателя*, назначаемые омским областным начальником и *два заседателя от почетных казахов*, выбираемые местными обществами. *Внутренняя стража* состояла из сибирских казаков. Коллегиальный порядок управления и наличие царского военного отряда резко ограничило власть старшего султана. Последний стал формальным руководителем округа.

Аульные старшины выбирались кочевниками и утверждались в этой должности окружным приказом. Выборы проходили один раз в три года. Султаны в выборах старшин не участвовали. Волостные управители из числа султанов получили право наследования своей власти. Передача власти проходила по прямой нисходящей линии. В дальнейшем на должность волостных управителей было разрешено избирать лиц несултанского происхождения. Такие кандидаты должны были иметь заслуги перед царским правительством. Тем самым царизм постепенно начал смещать чингизидов из властных структур.

Старший султан избирался одними только султанами, а заседатели от почетных казахов - исключительно биями и старшинами. Если старшие султаны избирались на три года, то заседатели - на два. Старшие султаны не могли приступать к исполнению своих полномочий без утверждения областного начальника. Должность старшего султана приравнивалась к чину майора российской армии. Через 9 лет работы старший султан получал дворянское звание. Выборы старшего султана были схожи с выборами хана. К примеру, его поднимали на белой кошме. С 1854 г. право быть избранными на должность старшего султана официально получили и лица несултанского происхождения. Таким образом, царизм реализовал план поэтапной дискредитации и постепенного смещения с властных структур чингизидов, с которыми у степняков олицетворялась 600-летняя отдельная эпоха государственности

Окружной приказ имел строго очерченные функции: обеспечение безопасности окружного населения, забота о просвещении, улучшении быта и хозяйственных занятий, искоренение грабежей, барымты и случаев неповиновения властям, пресечение самоуправства и справедливое осуществление следствия и суда, решение религиозных проблем, контроль за движением купеческих караванов и обеспечение их безопасности, а также сбор *ясака* (налогов). Окружное начальство должно было заботиться и о развитии земледелия.

Одной из главных функций окружного приказа было осуществление деятельности судов. Но они оказались неэффективными. К окружным судам мало кто обращался. По

данным А. Гейнса: **«Следствия, производимые приказами, тянутся бесконечно и безуспешно... Суд биев (хороших людей) скор и производится на словах; он довольно справедлив... пользуется уважением не только киргизов, но разночинцев и казаков»** [9].

С целью постепенного и безболезненного введения новой системы управления царизм установил пятилетнюю льготу от платежа всех податей. В это время разрешались только добровольные сборы для строительства и содержания больниц и школ.

По окончании льготных лет население округов платило ясак скотом (со 100 голов разного скота - одну). В то же время за верблюдов налог не взимали. Это было сделано для стимулирования торговли в крае. Подсчет количества скота производился один раз в три года. Кроме ясака казахи несли *дорожные повинности*, предоставляя лошадей для посыльных.

Российские заседатели в приказах и казаки должны были показывать пример в возделывании земель для ведения хлебопашества, садоводства и пчеловодства. Казахские семьи, перешедшие на оседлый образ жизни и преуспевшие в этих делах, могли рассчитывать на получение наград от властей. Но впоследствии массового перехода к земледелию со стороны казахов замечено не было. Скотоводческое казахское население относилось к земледелию с некоторым презрением, считая его уделом только бедных людей - *жатаков*, не имевших скота. Население округов получало право беспрепятственной добычи соли из озер. Соль добывали как для внутреннего потребления, так и для продажи своим соплеменникам, а также российским перекупщикам.

По «Уставу» царские власти поощряли торговлю. Каждый житель округа получал право сбыта своей продукции как на территории округа, так и за его пределами. Султаны оставили за собой право отправки торговых **караванов** за границу и на сибирские линии. Такое же право передвижения на территорию внешних округов получили и российские купцы. С караванов, передвигающихся по территории внешних округов, было запрещено взимать какие-либо пошлины.

До введения «Устава» в Степи врачебным делом занимались народные лекари (сыныкшы, баксы, емши и др.). В новых условиях ситуация несколько изменилась. В каждом округе начали работать по два *лекаря*. Были созданы *стационарные больницы*. Местным властям предписывалось вводить должности *оспопрививателей* из числа местного населения.

«Устав» предписывал региональным властям активизировать деятельность в Степи православных миссионеров. Но было рекомендовано действовать **«одними уверениями и убеждениями без малейшего принуждения»**. Правда, последующие события показали, что эту задачу царизм не осуществил. Со стороны номадов миссионеры встретили активное противодействие.

Одним из позитивных моментов «Устава» было разрешение жителям округов отправлять детей в учебные заведения, расположенные на территории внутренних губерний России. Правда, этим правом воспользовались только лишь единицы из числа казахов. Местное население как и прежде опасалось русификации и христианизации своих детей. «Устав» вводился в Степи постепенно. Новый порядок управления начинал вводиться с тех родов, кто кочевал ближе к линии, и кто **«испрашивал себе покровительства и присягнул уже в верности подданства»**. Заранее разработанных конкретных планов открытия и ввода округов не было. Один за другим командировались в аулы небольшие отряды с чиновниками из пограничной администрации. Они подробно разъясняли кочевникам необходимость и выгоду принятия новой системы управления. Земельные распри между различными родами и конфликты между султанскими группами позволили царизму один за другим открывать округа. По мере согласия кочевых групп возникали новые округа. Так, в 1824 году таким образом были созданы *Каркаралинский* и *Кокчетавский округа*, в 1831 - *Аягузский*, в 1832 - *Акмолинский*, в 1833 - *Баянаульский* и *Уч-Булакский* и другие. В 1854 году для казахов правобережья Иртыша был создан *Семипалатинский внутренний округ*. В 1856 году на территории Семиречья был открыт *Алтауский особый*

округ. Во главе двух последних округов стояли окружные начальники из числа русских офицеров.

Так, ага-султаном Кочетавского округа стал Шынгыс Уалиханов, Атбасарского-Ерден Сандыбайулы, Баянаульского – Муса Шорманулы, Семипалатинского-Туйте Нурекенев [10].

Уже упомянутый нами семипалатинский краевед И. Коншин в своей работе «От Павлодара до Каркаралинска» писал: **«обстоятельством, которое очень способствовало открытию округов, послужили родовые киргизские распри из-за земли, которыми очень искусно воспользовалась сибирская администрация, помогая тем, кто соглашался на устройство округов. Желание сохранить за собой спорные пастбища и даже приобрести новые и было главной причиной, побуждавшей киргизов не только соглашаться, но даже просить об открытии округов. Этот факт в архивных делах обрисовывается с полной ясностью. Кроме поземельных споров принятию русского подданства способствовали еще султанские распри из-за власти в разных волостях»** [6, с.89-90].

Царские власти открытие округов обрисовали таким образом, что ходатайство об открытии округов исходило от самих же султанов. Об этом написал и Кошке Кеменгерулы: **«Көбінесе приказы сұлтандар, «жаксылар» өздері тіленіп алды»** [10, с.26].

К примеру, султан Кудайменды, инициировавший открытие Акмолинского округа, стал его первым ага-султаном [11].

Даже казахская знать начала соревноваться друг с другом. В 1824 годы были открыты два окружных приказа - *Кочетавский* и *Каркаралинский*. Из-за нехватки финансовых средств открытие других внешних округов было отложено на некоторое время. Это обстоятельство не могло не насторожить местную знать во главе с султаном *Конуркульджой Кудаймендыулы*. Султан начал обращаться в Омск с просьбой об открытии нового округа на своих кочевьях. Начальник штаба Отдельного Сибирского корпуса генерал-майор **С. Б. Броневский** в сентябре 1829 года в своем доношении в Омск рапортовал, что в **"Карпыковской волости, управляемой султаном Конур-Кулжею Худаймендиным, желают открыть округ при урочище Ак-Мола"** [7]. Генерал-губернатор Западной Сибири и омский областной начальник осуществляли управление Средним жузом.

Отмена ханской власти в Среднем жузе несколько облегчила аналогичный шаг в Младшем. Между султанами Младшего жуза не прекращались междоусобицы. Ханская власть отличалась слабостью, отсутствием авторитета среди подданных. В 1822 году губернатор Оренбургского края П.К. Эссен направил в столицу проект **«Устава об оренбургских киргизах»**. В Младшем же жузе все еще правил хан *Шергазы*. Поэтому проект начальника Оренбургского края был отправлен на доработку в Азиатский комитет. Окончательный вариант «Устава» был утвержден российским царем Александром I весной 1824 года. Хан Шергазы был вызван в Оренбург. Ему пожизненно назначили ежемесячное жалованье. Ханская власть в Младшем жузе была отменена [12].

По этой реформе территория жуза была разделена на три *внешних зауральских округа*. В 1828 году названия административных единиц были переименованы на *части: Западную, Среднюю и Восточную*. Власть в жузе сосредоточивалась в руках трех *султанов-правителей*, которые находились в непосредственном подчинении оренбургскому губернатору. Султанам-правителям подчинялись казачьи отряды. Общая численность такого военного подразделения составляла от 100 до 200 человек. Ставки султанов-правителей располагались в казачьих станицах и укреплениях, что усиливало их зависимость от царского правительства. Основной функцией султанов-правителей было содержание подчиненного народа **«в порядке и всегдашней верности и послушании правительству»**. Все должностные лица в Младшем жузе, начиная от аульного старшины и заканчивая султаном-правителем, назначались оренбургским губернатором. Выборность в Младшем жузе полностью отсутствовала.

Ранее в официальных документах казахи Младшего жуза условно подразделялись на две группы: на близлинейных и степных. Позднее из числа близ линейных были созданы

дистанции, которые делились на старшинства или аулы. Дистанции представляли из себя новые административно-территориальные единицы. Управлялись они *дистанционными начальниками*. Со временем власть дистанционных начальников доходила до далеких степных аулов. Они следили за своевременным и точным сбором налога - *кибиточной подати*. Ее размер равнялся 1,5 серебряного рубля с каждой кибитки (хозяйства). Теперь к кибиточному сбору добавлялся плакатный сбор за право наниматься у линейных и внутренних жителей в размере 15 копеек в месяц. За каждый месяц просрочки степняки платили по 30 копеек серебром.

«Устав об оренбургских киргизах» был несколько половинчатым. Поэтому в 1844 году вышло «Положение об оренбургских киргизах». Теперь земли, занимаемые казаками Оренбургского ведомства, объявлялись частью территорий Российской империи. Общее управление Младшим жузом осуществлялось *Оренбургской пограничной комиссией*. В комиссию входили: председатель, его заместитель, четыре советника, четыре заседателя из числа казахов, чиновник особых поручений, врач и ветеринар. При Пограничной комиссии учреждалась школа для казахских детей.

Новое Положение значительно урезало полномочия суда биев, поскольку теперь он решал только лишь маловажные дела. Хотя о превосходстве суда биев писали многие российские военные и гражданские чиновники. К примеру, Ф.М. Лазаревский прекрасный знаток казахских обычаев Младшего жуза в 1852 году писал: **«Русское следствие тянется часто целые годы, по киргизским обычаям самое сложное дело оканчивается в несколько дней»**[13]. Об этом же писал и Ш. Уалиханов: **«Свободный выбор судей из всех лиц, носящих звание биев, предоставленный тяжущимся, вполне заменяет выборы и даже более достигает той цели, с которой обыкновенно производятся выборы. Бии у нас теперь занимаются своей профессией по призванию и имеют причины дорожить своей репутацией. Сделавшиеся же выборными чиновниками они во всем будут походить на наших управителей, которые тянут со всех и всем сами платят... Неблагоденственный судья, при настоящем положении дел, без всяких скандалов может быть обойден: к нему никто не будет обращаться – и дело кончено...»**[14].

Антиправительственными выступлениями, убийствами, разбоями, барымтой занимался *военный суд*. А такие преступления, как воровство, мошенничество, имущественные иски свыше 50 рублей разбирались по общим законам Российской империи при Пограничной комиссии. Казахи Оренбургского ведомства были поставлены в более жесткие условия, чем их соплеменники из Среднего жуза.

У казахов Младшего жуза появляется и должность *попечителя* для прилинейных казахов. Основная их функция состояла в защите прав приграничных степняков-номадов от произвола оседлого населения. Попечитель в большей степени занимался защитой прав степняков при переходе номадов на внутреннюю сторону пограничной линии.

При султанах-правителях находились по одному фельдшеру из числа самих же скотоводов. Они выполняли функции оспопрививателей.

В основном, введение уставов имело далеко идущие негативные последствия. Население Младшего и Среднего жузов окончательно потеряло остатки государственности. Казахстан постепенно становился колонией Российской империи. Нововведения заметно ограничили и свободу кочевий. Они привели к смешению родовых коллективов, особенно при реформировании Младшего жуза, о чем хорошо поведал американский дипломат и журналист Скайлер Юджин: **«В 1824 году власть ханов была уничтожена, и вся страна (Младший жуз-авт.) разделена на три области (части-авт.), управляемые регентами-султанами. Однако, это разделение было проведено непродуманно, родовые различия и земельные права не были приняты во внимание»**. Некогда процветавшее кочевое и полукочевое скотоводство начинало приходить в упадок.

Царское правительство установило фиксированный государственный налог. Он шел на содержание чиновничьего аппарата и войска. Реформа царского правительства закрепила создание послушного аппарата управления из числа родоприводителей и султанов. Они были

приравнены к российским чиновникам и теперь служили за вознаграждения и чины. Назначение и смещение их напрямую зависели от благосклонности к ним регионального российского начальства.

Выборы волостных управителей и старших султанов привели к появлению такого позорного явления, как взяточничество, подкупы голосов выборщиков и российских чиновников. Один из немецких исследователей Ф. фон Шварц писал: **«Окружное начальство продавало наиболее привлекательные должности волостных старост (управителей - авт.) тому, кто больше давал»**. Об этом же писал и В.Остафьев: **«Каждый богатый казах добывается местного волостного, при этом начинаются жалобы, интриги и пускаются в ход всевозможные подкупы, обещания и угрозы. На все должности, за малым исключением, начиная с десяточных и волостных, лица не выбираются, а скорее назначаются русской администрацией»** [15].

Эти выборы породили противопоставление одних родов другим, когда народ голосовал за кандидатов только своих родов. А когда на выборы старших султанов допустили представителей *«черной кости»*, то началось и противопоставление султанов и родоплеменной знати.

Центры окружных приказов становились плацдармом для дальнейших военно-колониальных действий империи на территории Казахстана и в среднеазиатских владениях. Часть султанов выступила против царской реформы, особенно та, которая оказалась обойденной при распределении новых должностей. Протесты вылились в вооруженные восстания.

Но при всей своей колонизаторской сущности реформы 20-х годов XIX века способствовали некоторому развитию торговли, здравоохранения и образования в Степи [16].

Строго запрещалось выходцам из России самовольно селиться на землях номадов. Это обстоятельство задержало процесс переселения крестьян в Казахстан почти на полвека. Казахи были на законодательной основе освобождены от воинской повинности.

Таким образом, в 1822 и 1824 годах Российская империя в одностороннем порядке ликвидировала государственность на значительной части Казахстана, грубо поправ прежние договоренности казахских правителей XVIII века. Естественно, этот период истории Казахстана не ушел с поля зрения лидера алашского движения А.Бокейхана.

Библиографический список литературы

- 1.Букейхан А. Казахи.-Астана: Библиотека национального конгресса историков, 2015.-с.115
- 2.Касымбаев Ж.К. История Казахстана.-Алматы: Мектеп, 2004.-с.73-74
- 3.Сұлтан ХАН АҚҚҰЛЫ. Алихан Букейхан.Исследования, статьи и интервью. Алматы, 2016.- с.344
- 4.Садуакасулы С.Танымдық зерттеулер, мақалалар- Алматы: Алаш, 2003.-т.1.- с.24
- 5.Записки генерала-майора Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орд // Отечественные записки.-Спб., 1830-ч.41с.400-420
6. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века.-Павлодар, 2005.-т.2.- С.126
- 6.Коншин Н. От Павлодара до Каркаралинска.- Павлодар, 2005.С.102-107
- 7.Кабульдинов З.Е. История Казахстана.-Алматы, 2012.-с.167
- 8.Материалы по истории политического строя Казахстана.—Алма-Ата,1966.-т.1-с.95
- 9.Гейнс А.К. Собрание литературных трудов-Павлдар, 2006.-т.37.-с.130-137
- 10.Кемеңгерұлы К. Қазақ тарихынан.- Астана: Библиотека национального конгресса историков, 2015.-с.115
- 11.Государственный архив Омской области, ф.3, оп, 3, д.3568, л.4
- 12.Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Киргизская степь Оренбургского ведомства. -Спб., 1865.- С.42-43
- 13.Лазаревский Ф.М. О состоянии Западной части Киргизской орды и Уральской линии. 1852. //История Казахстана в документах и материалах. Ал -Караганда, 2013.- Вып.3.- С.184

- 14.Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата, 1985.- Т.4.- с.93.
15.Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века.-Ата, 1958-с.134
16.Тобольские губернские ведомости за 1885.-Тобольск, 1885. - с.3.

Ә.БӨКЕЙХАННЫҢ «КАВКАЗ ТҮТҚЫНЫ» АУДАРМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛЬДІК ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

Қ.Кемеңгер: ф.ғ.к., доцент

Е.Жанарбекқызы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ I курс магистранты

Аударма – әрбір мемлекеттің, әрбір халықтың рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі. Адамзаттың тіршілігінде рухани мәдениетінің қалыптасып, дамуы негізінен ел мен елдің өзара қарым-қатынасы, түрлі саладағы байланысына бағытталадыны айқын. Олай болса, халықтар арасындағы мәдениеттің жоғарғы деңгейін білдіретін басты ерекшеліктердің бірі – аударма. Сонау Шумер өркениетінен бастау алып, жазба әдебиетінен бұрын пайда болған аударма – миядай тамырын тереңге жіберген өнер. Аударма – әлем әдебиетінің тамаша үлгілерімен танысуға мүмкіндік беретін даңғыл жол. Аударма – түрлі жұрттардың рухани әлемін бір-біріне жақындататын байланыстың негізгі тірегі. Мәдениеттің, әдебиеттің, ғылым мен қоғамдық-саяси ойлардың тууынсыз әрі дамуынсыз аударманың тууы мен дамуы мүмкін емес. Ендеше, аудармасыз мәдениеттің де дамуы мүмкін еместігін уақыт өзі дәлелдеп көрсетті.

Алаш көсемі – Әлихан Бөкейхан – қазақ ұлтының әлеуметтік рухани өмірі мен мәдениеті, ғылымы мен білімі жолында аянбай адал еңбек еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі. Сондықтан да оның ұланғайыр еңбегі әр саладан көрінеді. Ол – әлем әдебиетінің көрнекті туындыларын тәржімалау арқылы қазақ аударма өнеріне зор үлес қосқан аудармашы.

Академик Р. Нұрғали: «Еш уақытта ешбір елдің әдебиет өнері томаға- тұйық қалыпта ұлттық шеңбердің ішінде ғана өсіп жетілген емес. Ана топырағында жаратылған өнер басқа жұрттардың озық асыл қазыналарынан нәр алып, байығанда ғана өркен жаймақ» [1, 108] – дейді. Демек, әдеби байланыс арқылы жаңа сапалық өзгерістерге қол жеткізе аламыз. Әдеби байланысты жүзеге асыратын аударма өнері екені даусыз. Ал қазақ аударма өнерінде Әлиханның аудармаларының орны бөлек. Әлихан Бөкейхан аудармалары сан-салалы. Еуропаның жазушылары Ги де Мопассан, О.Уайльдтан бастап, орыс классик жазушылары Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, В.Г.Короленко, Д.М.Мамин-Сибиряқтың туындыларын тәржімалаған.

Әлихан Бөкейхан аударма жасауының мынадай себептері бар деп ойлаймыз: өзгенің рухани құндылықтарымен танысу арқылы өз халқымыздың рухани құндылықтарын таныту; ұлттың рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ету; рухани бәсекелестікті дамыту; рухани, мәдени ауыс-түйіс арқылы жалпы адамзаттық құндылықтарды орнықтыру; рухани, мәдени жақындастыру арқылы әдебиетті жаңа сапалық деңгейге көтеру үшін.

Осы орайда адамзаттың ұлы жазушысы Л.Н.Толстойдан тәржімалаған «Кавказ тұтқыны» («Кавказский пленник») әңгімесі жайлы сөз қозғамақпыз.

Л.Н.Толстой «Кавказ тұтқыны» әңгімесін алғаш 1872 жылы, «Заря» журналында жарылаған. Таулықтардың бұғауына түскен орыс офицері жайлы әңгіме. Жазушының ең танымал туындыларының бірі. Әңгімедегі негізгі оқиғалардың кей бірі жазушы басынан кешкен шынайы оқиғалар. Жазушы 1850 жылдары Кавказда қызметте болған. Күнделігінде 1853 жылы 23 шілдедегі жазбасы табылған. Онда: «Тұтқынға түсіп қала жаздадым, бірақ бұл жағдайда өзімді жақсы ұстадым» [2] дейді.

Әңгіме Кавказда қызмет еткен офицер Жилин туралы. Анасынан хат келген кезде, қызметін тастап еліне қайтпақ болады. Жол жөнекей оған Костылин деген адам жолығады. Иен далада оларды татар аттылары ұстап алады. Жилинды ұстап алып, ауылдарына алып келіп тұтқында ұстайды. Осы ауылда Жилинның басынан сан түрлі оқиғалар өтеді. Қашуға

ұмтылған Жилинды алдынан талай сынақ күтеді. Бұл сынақтардан өтуде жүрегі мейірімге толы Дина көмекке келеді.

Жалпы Л.Н.Толстой аталмыш туындысын жоғары бағалаған. «Өнер дегеніміз не?» деген сауалға былай жауап берген екен: «...өзімнің көркем туындыларымды қарапайым өнер дер едім, бірақ бұл топқа «Құдай бәрін біледі» және «Кавказ тұтқыны» кірмейді» [2].

Олай болса, Әлихан Бөкейханның бұл туындыны тәржімалауы бекер емес. «Кавказ тұтқыны» әңгімесін аудару арқылы Ә.Бөкейхан адам баласын отансүйгіштік, адамгершілік, сабырлылық, адалдық сынды жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелейді. Заңы мен мінезі катал кавказ халқының бұғауына түскен орыс солдаттының жағдайы, өз елі, анасынан жырақта қалған жігіттің басынан кешкен оқиғалары оқырманды бей-жай қалдырмасы сөзсіз. Ал қазақ оқырманына лайықталған Әлихан аудармасындағы бұл туынды бізді одан ары қызықтыра түседі.

А.В.Федоров: «Аударма дегеніміз – тілдік құралдар көмегімен қандай да бір ойды бір тілден екінші тілге толыққанды жеткізіп беру, яғни ең маңыздысы, ойды дәл, толық, дұрыс жеткізу» [3, 34] деп есептейді. Ә.Бөкейхан тілдік құралдарды шебер қолданған.

Аударма нұсқада теңеуді көптеп кездестіреміз. Қазақ тіліндегі теңеуді арнайы зерттеген профессор Т.Қоңыров: «Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымының ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі. Сондықтан да теңеуді таным құралы ретінде философияда, стильдік әдіс ретінде әдебиет ғылымында, тілдің бейнелі конструкциясы ретінде тіл білімінде зерттейді» [4, 3] деп тұжырымдайды. Көркем аудармада теңеулер автор тілінің ұлттық нақышын ғана танытып қоймайды, сонымен бірге өзіндік қолтаңбасын да айқындай түседі. Өйткені теңеудің басты қасиетінің өзі тосындығы, жаңалығы әрі бейнелілігі болып табылады.

- «Таздың басындай қу тақыр дала, жолда не ағаш, не бұта жоқ»,
- «Костылин өзі жуан, өзі батпандай қып-қызыл, өкпедей болып терлеген, тері судай сорғалайды»,
- «Тұрайын дегенінше екі сасық иісті татар үстіне құстай қонып, қолын артына қайырып байлап жатыр»,
- «Аласа бойлы қара жігіт, көзі қап-қара, оттай ойнайды»,
- «Қараша жігіт лепілдеп ұшып тұр, жүргенде шыбықтай майысып түзеледі»,
- «Еден жер қырмандай қатты тақыр»,
- «Абдул көтіне шоқ басқандай, ұшып тұра келді»,
- «Төредей күтем»,
- «Су шелекпен төккендей көп болды»,
- «Беті өкпедей қып-қызыл, қатпар-қатпар мұрын басқан, сақалын қырыққан, сақалмұрты аппақ мамықтай»,
- «Жилин киіктей қарғып түсті»,
- «...бұтақ қирап барады, дауыл соққандай»,
- «Тағы қашпақ болсаң, иттей ұрып өлтірем»,
- «Көзі түндагі кішкене жұлдыздай жарқ-жұрқ етеді»,
- «Тал шыбықтай, түк күші жоқ» сынды теңеулерді кездестіреміз.

Теңеу арқылы ойды, айтатын идеяны толық әрі түсінікті жеткізе білген.

Орыстың көрнекті ақыны, аудармашысы К.Н.Батюшков: «Шығармашылық ақыл-ойдың бақытты шығармасы бір халыққа ғана мұра болып қалмайды, барлық адамзаттың құндылығы болып жасалады» [3, 53] деген тамаша тұжырым айтқан. Көркем шығарманың адамзаттық құндылыққа айналуының басты негізі аударма өнерінің жоғары деңгейіне қатысты. Тамаша тәржімаланған ұлы таланат туындысы шын мәнінде қазақ халқына да ортақ игілікке айналды. Себебі, аудармашы орыс жазушысының туындысын қазақиландырды, сонымен қатар қазақ тілінің бай екенін көрсете білді. Оны біз аудармада қолданылған тұрақты тіркестерден аңғарамыз. Әлихан Нұрмұхамедұлы «Кавказ тұтқыны» әңгімесін аудару барысында тұрақты тіркестерді ұтымды пайдаланған. «Тұрақты сөз тіркестеріне тән

қасиеттің бірі – образдылық. Ал көркем шығармада суреттелетін оқиғалар, кейіпкерлер образдылығымен ғана құнды. Тілді әрі көркем, әрі шұрайлы етуге жетелейтін осындай ормаларға жазушылар неше алуан стильдік қызмет жүктейді» [5, 388]. Аудармашы көп жерде ұтқырлық танытып, түпнұсқа мазмұнының шырайын көріктендіре түсіп, автормен үнемі жарысып отырады. Мәселен: «Солнце уже и за полдень перешло, а обоз только половину дороги прошел. Пыль, жара, солнце так и печет, а укрыться негде» деген сойлем, Әлихан аудармасында былайша көрініс тапқан: «Күн ыстық, қайнап тұр, шаң, жұрт басын қоярға жер таппады». «Қоярға жер таппау» тұрақты тіркесі сөйлемнің эмоциясын арттыра түседі. Тағы бірде аудармашы «көзден таса қылмау» тұрақты тіркесін пайдаланады. «Жилинді көзден таса қылма деп, бай кетерде баласына тапсырып кеткен». Аударма бояуын қанықтыра түсу үшін «иттің етінен жек көру» фразеологизмін қолданған.

Ғалымдардың көпішілігі көркем әдебиетті аудару кезінде «аударма – түпнұсқаға негізделуі, яғни түпнұсқаның нақты көшірмесі болуы керек» деген принципті алға тартады. Алайда екі түрлі халықтың алшақ жатқан мәдени-рухани дүниетанымын бір-біріне «дәлме дәл» аударудың өзіндік қиындықтары бар. Атақты француз суреткері Ги де Мопасан «...Әрбір сөздің өзіне лайық жаны болады. Көптеген оқырмандар, тіпті жазушылардың көпшілігі ол сөздердің тек қана мағынасына шүйлігеді. Негізі, сөздің жанын іздеп таба алу керек, ол жан басқа сөздермен біріккенде ғана жарқ етіп көрінеді де, кейбір шығармаларды құлпыртып жібереді» [3, 21] деп сөз астарындағы мән-мағынаның сырын ұғындырады. Әр сөзде эмоция, эстетика, рух, әуез бар. Соның барлығын ескере отырып, аудармашы әңгімені қазақ тұрмысына, діліне, мәдениетіне сай қылып аударғанын байқау қиын емес.

Оған дәлел әңгімедегі мына сәттер:

Түпнұсқа	Аударма
«Матушка, вынеси, не зацепись ногой, спотыкнешься – пропал».	«Қарағым-қалқам, атым сүрінбе, сен сүрінсең өлгенім!»
Видит – деревня татарская, домов десять, и церковь ихняя, с башенкой.	Татардың ауылы, он шақты үй, мұнарлы мешіт көрінді.
Поели татары блины, пришла татарка в рубахе такой же, как и девка, и в штанах; голова платком покрыта.	Татарлар шелпекті жеп болды. Бүркенген басында орамалы, қыздың көйлегіндей көйлегі бар, шалбарлы бір қатын кіріп келді.
«Где, – думает, – матери столько денег взять, за меня заплатить. И то она тем больше жила, что я посылал ей. Если я пятьсот рублей собрать, надо разориться вконец. Бог даст – и сам выберусь».	Менің шешем қайдан мұнша ақшаны алып, мен үшін төлейді. Өзінің күнелткені мен мұнан жіберіп тұрған ақша болатын. 500 сом жиып алса, әбден сорлы кедей болады; «Құдай бұйырса, өзім қашармын» деп, ойлады Жилин.
Уж поздно стало. Слышно – мулла прокричал.	Кеш болып кетті. Азан естілді.
–Только, – говорит, – не дави ты меня руками за глотку, ради Христа. За плечи держись	«–Бірақ, құдай үшін сұрағаным, тамағымнан алып мені бұйындарма, иығымнан ұстап отыр», – деді.
–Прощай, –говорит, –Динушка. Век тебя помнить буду.	«Қош қарағым, Дина жан. Өмірімде сені ұмытпан!» – деді Жилин.
– Спасибо, – говорит, – умница. Кто тебе без меня кукол делать будет? – И погладил ее по голове.	– Рахмет, шырақ. Мен кеткен соң, кім саған қуыршақ қылып береді? – деп Динаны Жилин басынан сипады.
Костылин ничего не говорит, идет, побряхтывает.	Костылинде үн жоқ, ыңқ-ыңқ етіп келе жатыр.
Звезды уж чуть видны.	Жұлдыздар азар-азар көзге ілінеді.
И черт меня дернул колоду эту с собой	Қандай шайтан мына мешелді маған

братъ. Один я бы давно ушел.	алғызған, жалғыз болса, бағана қашып құтылам ғой.
Собрались татары в кружок, и старик из-под горы пришел.	Қажы шал да келіп жетті, кеңес құрды.
Все поглядывает вверх. Звезды видны.	Жоғары қарап еді: аспанда жұлдыз үйір-үйірімен жарқылдайды.

Міне, бұл салыстырудан Әлиханның орыс жазушысының туындысын барынша қазақ әңгімесіне жақындатқанын байқауға болады. Христиан дініне қатысты сөздерді аудармашы ұтқырлық танытып, қазақ халқының ата дініне байланысты сөздермен ауыстырған. Сонымен қатар, қазақ тұрмысында жиі қолданылатын «Қарағым-қалқам», «шырақ» сөздері әңгімені әсерлі ете түскен. «Кавказ тұтқыны» әңгімесі тегі бір татар қандастардың ауылында болған оқиғаны суреттейтін әңгіме болғандықтан, табиғаты жағынан қазақ әңгімелеріне жақын туынды. Автор ислам дініндегі түсініктерді әңгімеге арқау етіп, оларға қасына түсініктеме беріп отырады. Сол себепті де, Әлиханға бұл туындыны аудару қиындық туындатпаған деп есептейміз.

Көркем аудармада ең бірінші, лингвистикалық ерекшелікке емес, түпнұсқаның идеялық мәнін, көркемдік қыры мен мазмұнын дұрыс жеткізе білуге назар аудару қажет және аударылып отырған туынды автордың идеясынан, позициясынан және стилінен алшақ кетуге әсте болмайды. Осы тұрғыда Әлихан Бөкейхан аудармашыға жүктелген міндеттерді толықтай орындап шыққан.

Дәуір, заман өзгергенімен, жақсы, сапалы аударманың маңыздылығы сол, көркем шығарманың төл нұсқасымен бірге жасайтындығы. Әлихан аудармасын түпнұсқамен сәйкес, тіпті одан асып түсетін озық аударма десек артық айтпаспыз. «Кавказ тұтқыны» әңгімесі аудармада көркемдік, идеялық, эстетикалық құндылығымен толығымен сақталған. Әлиханның арқасында қазақ халқының рухани мәдени жауһары болып екінші ғұмырын бастаған.

Көркем аударма жанрында жалықпай еңбектеніп, ізденіп, талай тамаша туындыларды ұлттық тілімізде көркем кестелеп, көпшілік ілтипатына бөленген талантты тәржімашы Әлихан Бөкейхан Абайдан басталған ізгі аудармашылық дәстүр үрдісін сақтап, халықтар әдебиетінің туыстығын нығайтуға, ұлт әдебиетін әлемдік рухани құндылықтармен байытуға зор үлес қосты. Әлихан аудармалары оның шығармашылық еңбегінің жемісі. Сондықтан да ол – жасампаз, мәңгілік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Елорда, 2003. – Б.403
2. www.litra.ru
3. Тарақов Ә.С. Аударма психологиясы және мәдениеті. – А.: Қазақ әдебиеті, 2005. – 58 б
3. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері Алматы: Мектеп, – 1978. – 192 б.
4. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ ХАҚЫНДА

*Өтеген Исенов тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты.*

*Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артында өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады.
Әлихан Бөкейхан.*

Биыл алты алаштың арысы – Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде атап өтеді. Әлихан Бөкейхан Нұрмұхамедұлы 1866 жылдың 5 наурызы күні дүниеге келген [1, 9 б.]. Әлиханның әкесі – Нұрмұхамед, анасы – Бегімханым оқу – білімге

жақын, парасатты жандар болған. Әлиханның үлкен атасы – Бөкей, ол атақты көкжал Барак сұлтанның ұлы. 1816 жылы бес мейрам – арғын Уәли билігін мойындамай, Орта жүзде екінші хандық құрады. Хан етіп сексеннен асқан қарт Бөкейді сайлайды Бөкейдің тоғыз ұлының бірі – Батыр сұлтан. Батырдың ұлдары Мырзатай мен Рүстем. Мырзатайдан Нұрмұхамед туады. Бөкейден соң Қарқаралы дуанының билігі немересі Жамантайға ауысқан. Жамантай мен Рүстем, Мырзатайлардың арасында әскер және ел билеу ісіне байланысты басарсыздық болып, соның нәтижесінде Рүстем мен Мырзатай Қаратау жаққа ығысқан. Бірақ олар көп ұзамай қайта оралып, Кенесары қозғалысына ат салысады.

Тарихымызды тану туралы алаш ардақтысы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан: Тарих дейтін бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын, бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретұғын бір ілім. Қазақтың көбі оны «шежіре» деп айтады. Бұл заманның ғалымдары тарихты ең оңды мұғалім деп түсінеді.

Тарих – түзу жөнді үйретуші деп айтады. Тарих халықты түзу жөнге сілтеуші болса, оған дүние де түзушіліктің кітабы. Тіршіліктің жолбасшысы деуге де болады. Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады.

Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел – қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туашығына көзі жетпейді.

Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүние де өңге жұрттар қатарында кім қор болмайын, тұқымы құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады.

Қазақ ішінде һәр үйдің отағасы, һәр ауылдың ақсақалы тұрған бір шежіре, бұрынғы өткен-кеткеннен естіген білгені болса, кейінгі жастарға соның бәрін айтып отырады. Бірақ ел ішінде жүрген шала моллалар, тарихтың не екенін білмеген надан қожалар тарих десе екі құлағы тік тұрады. «Тәйірі, тарих неге керек?! Ол не айтады дейсін; әншейін ертегі, өтірік қой! Құдайдың бұйрығы емес, Мұхаммедтің сөзі емес, оны оқу-білу не керек!» деп аңқау елге арамзалығын қылып, тарихтан жұрттың көңілін суытады деген болатын [2, 375 б.].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Тарих толқынында атты еңбегінде: «...қазақ тарихының осынау ең бір этникалық ұзақ ғұмырын бажайлағанда біз қаптаған қасаң қалыптардан бас тарта отырып, ұлттың бүгінгі тұлғасына дәстүрлі қазақ қоғамының қандай ерекшеліктері «ізің қалдырып» отыр және сол сан ғасырлық әсер ықпалдың ерекшелігі неде деген мәселені шындыққа сай сезінуіміз керек» деген болатын [3, 14 б.].

Осы орайда Ә. Бөкейхан: Тарих не айтады? – десеңіз, оның айтатыны мынау: біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі; олардың дүниеде не істеп, не бітіргендігі; қандай қуаты барлығы, ол қуатты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсынан пайда, қайсысынан зарар көгендігі; бұрынғы бабаларымыздың досты-дұспаны кім екендігі; не себеппен бағы тайғандығы және соған ұқсас істердің барлығын тарих сөйлеп түсіндіріп тұрады [2, 375 б.]. Әлихан Бөкейхан: Бұрынғы бабаларымыздың басынан кешкен жақсы-жаман қандай уақиға бар болса, оның бәрі де өткендегі бір істің нәтижесінен туған болады. Сол секілді, келешекте біздің басымызға түсешек бір уақиға, осы күнде қылып жүрген ісіміздің нәтижесі болмақшы. Тарих оқысақ, оның сөзін оқысақ қандай істен қандай нәтиже туатынын анық білетін боламыз: жақсы істен жақсылық, жаман істен – жамандық тұмақшы деген [2, 375-376 бб.]. Бұрынғының «не ексең – соны орасың» деген сөзінің терең мағынасы осы. Бұрынғының көбі күш-қуатты тиісті орнына жұмсамай, бірінің көзін бірі шұқудан уақыты артылмады, істегенінің бәрі жәбір, залым болды; қалғанының бәрі зорлық-зомбылық еді. Қанеки! Дүние ахиретте сонысынан не пайда көрмекші?! Қиамет күніне дейін сауабы барып тұратын ісі қайсы? Бәрі де қабірде шіріп жатыр. Жанының көрген күні қандай екені Құдайға ғана мәлім.

Егер тарих оқысақ, пайдасы бар істің қандай екенін біліп, соны істемекшіміз! Заралы істен қашпақшымыз! Бұрынғының оңды ісінен үлгі алмақшымыз!

Осы күнде істеп жүрген ісіміз, қылған жұмысымыз, мінез-құлқымыз, сөздің бәрі кейінгілерге тарих болып қалады. Бұрынғының тарихы жазылмай қалушы еді, ендігі тарих күні-күніменен жазылып тұрылады. Кейінгілер ғибрат аларлық үлгі тастап кетіп алғыс алармыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп қарғыс-лағынет аламыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс.

Әлихан Бөкейхан: «Тарих – түзу, жөнді үйретуші; тарих түзушіліктің кітабы; тарих тіршілікте жолбасшы дейтініміз осы» [2, 376 б.], – деген болатын.

Көрнекті қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхан – Ресейдің жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің депутаты, Ресейдің І Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, ІҮ Мемлекеттік думасының мұсылман фракциясының Бюро мүшесі, Санкт-Петербург мASONы, қазақтың XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының негізін салушы әрі көсемі, халқымыздың тұңғыш саяси Алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы; ғұлама ғалым – ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы әрі дарынды публицист – міне, ардақты азаматымыздың халқы үшін соңғы демі біткенше атқарып өткен сан-қилы қызметінің бұл – бір парасы ғана. Әлихан Бөкейхан атқарып өткен сан-қилы қызметтерінің нәтижесі еңбектеріне арқау болған тақырыптар, сөз, жоқ ұлттық төл тарихымыздың да күрделі мәселелері болды.

Қорыта келе айтпағымыз, бүгінде Әлихан Бөкейханды бүкіл елдер әлемдік тұлға ретінде мойындап отыр. Алты алаштың арысы – Әлихан Бөкейханның рухани мұрасында ұлттық төл тарихымыздың ең күрделі мәселелері, оның ішінде ұлт-азаттық күресінің бастауы, мән-мағынасы, түпкі мақсаты, өрлеу кезеңдері халықтың тарихи арнасында жан-жақты зерделенген, сонымен бірге, қазақ халқының отандық атамекенінің қалыптасуы, осы жер шебінің бұзылмауы үшін жан пида күресі қазақ мемлекеттігінің іргетасының қалануы, құрылымдық нығаю барысы, ішкі және сыртқы саясат өрісі, қазақ қауымының әлеуметтік құрылымы, жер, шаруашылық, рухани болмыс салалары ғылыми негізде ауқымды да терең қаралған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сұлтан Хан Ақұлы. Әлихан Бөкейханұлы әлі терең зерттелген жоқ. // Түркістан. – 2 наурыз, 2016 жыл.
2. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937). Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. – 3 Т. – Астана – Сарыарқа БҮ, 2009.
3. Назарбаев Н. Тарих толқынында – Алматы: Атамұра, 1999. – 299 б.
4. Алдамжар З. Тарих: пайым мен тағылым. – Алматы: Арыс баспасы, 2002. – 288 б.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры» атты ғылыми жоба аясында дайындалды

ПРАВОВЫЕ ВЗГЛЯДЫ А.БУКЕЙХАНОВА

Хасенов Б.С. кандидат юридических наук., профессор ВАНКБ

Алихан Нурмухамедұлы Букейханов родился 5 марта 1866 года в ауле №7 Токраунской волости Каркаралинского уезда Семипалатинской области в семье чингизида. Его ближайший предок Букей являлся одним из последних ханов Среднего жуза. Являясь аристократом по рождению, он был им и по духу. Получив начальное образование в аульном медресе он ознакомился с азами арабской письменности и основам мусульманского образования. После первоначальной ступени А.Букейханов продолжил обучение в русско-казахской начальной школе. Его семья понимала, что в сложившихся обстоятельствах, когда Казахстан стал частью Российской империи знание русского языка и грамоты необходимо для дальнейшего роста. После начальной школы он поступает в ремесленное училище в

Каркаралинске, одним из основателей которого являлся Кунанбай – отец известного поэта Абая.

Таким образом он к двадцати годам он получил хорошее образование для того времени, что служило хорошей основой для карьерного роста в российской системе управления. Не останавливаясь на достигнутом, Алихан Нурмухамедулы поступает в 1886 г. – в Омское техническое училище по подготовке низших технических работников для строящейся в то время Сибирской железной дороги. В 1890 году он блестяще окончил данное училище и продолжает своё обучение в столице Российской империи в городе Санкт-Петербург. В 1890-1894 гг. А.Букейханов проходит обучение в Санкт-Петербургском императорском лесном институте, который являлся одним из престижных вузов России. Параллельно он обучается в Санкт-Петербургском университете на юридическом факультете, который в 1893 году оканчивает экстерном. Постоянно занимаясь самосовершенствованием Алихан Нурмухамедулы смог овладеть 9 языками, что лишний раз доказывает его стремление к познанию и к лучшему.

Главным кредо А.Букейханова стало служение своему народу, при этом избрал законной путь борьбы за права и свободу казахского народа, для чего он и получил юридическое образование. Будучи хорошо знакомым с жизнью казахов и тем комплексом проблем, который образовался после вхождения в состав Российской империи А.Букейханов решает заняться правовым оформлением законных прав казахского народа на свою землю, что было почти невозможным в то время. Одним из первых на этом пути, возможно, являлся Жангир хан – правитель Букеевской или Внутренней Орды, когда проводил земельную реформу, оформляя правовые акты на землю и передавая их в частное владение. Одной из причин таких действий, был захват плодородных земель в Букеевской Орде знатными семьями России, которые являлись приближенными к императорскому двору.

А.Букейханов одним из первых стал говорить, что царское правительство аннексировало казахские земли, что противоречило превым договоренностям между правителями Младшего и Среднего жузов при их вхождении в состав Империи. Ещё при составлении Каркаралинской петиции на Кояндинской ярмарке А.Букейханов и его единомышленники озвучили острые вопросы перед правительством, где одним из главных – это вопрос о земле. Массовое переселение крестьян их центральных губерний России в Казахстан несло не только потерю исконно казахских земель, но и постепенное отчуждение казахов от своей культуры, обычаев и т.д. Понимая всё это А.Букейханов, выступил с резкой критикой в отношении проводимой аграрной политики, за что подвергся гонениям со стороны царизма.

Являясь основателем движения и партии Алаш он стоял у истоков создания партийной программы, где четко были озвучены цели и задачи, которые ставили перед собой казахские интеллигенты. В программе прослеживается путь, который являлся видением будущего автономии Казахстана в составе демократической России. А.Букейханов прекрасно понимал, что на начальной стадии казахскому народу будет тяжело получить независимость, а ещё труднее её реализовать, имея неподготовленные кадры, неразвитую экономику и отсутствие каких-либо финансов. Возможно, он понимал, что со временем Казахстан мог обрести независимость имея все политические и экономические основания.

Таким образом, А.Букейханов на протяжении своей жизни боролся за свободу и права казахского народа, при этом избрал правовой путь борьбы, понимая, что другой путь несёт жертвы, разрушения и отдаляет народ от возможности получить собственную автономию или государственность.\

Библиографический список литературы

1. А.Букейханов. Избранные труды. Алматы, 1998 г.
2. <http://e-history.kz/ru/biography/view/370>.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ АЛАШ ҰРАНЫ

*Әбсадықов А.А., А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.
Арықбаева Ж. филология магистрі.*

Азаттықтың ақ таңы атқан уақыттан арамызға қайта оралған қастерлі ұғымның бірі – алаш. Ғасырлар қойнауынан жеткен көне ұғым қазіргі таңда мемлекетшілдікке, ұлттық рухқа қатысты мағынада жиі қолданалады. Оның себебі де түсінікті: қазақ арасына кең орныққан таным бойынша, Алаш – біріншіден, үш жүз қазақтың басын біріктірген алғашқы ханның есімі, екіншіден, халыққа ортақ ұран, үшіншіден, сол халықтың түп атасы, арғы бабасы, төртіншіден, ХХ ғасырдың басында елдің азаттығы үшін күрескен ұлттық партияның атауы.

ХХ ғасырдың басында «Алаш» партиясының саяси сахнаға шығуы және Алашорда үкіметінің құрылуы көне «алаш» атауының дүниеге қайта оралуына әсер етті. Халық арасында ертеден келе жатқан аталмыш атауда халықтың көне танымы барын аңғарып, оны ұлттың азаттығы үшін жүргізілген күрестің ұранына айналдыру идеясы Әлихан Бөкейханның саяси жобасы болды. Алаш идеясына арқа сүйеген саяси платформаның маңызын ашу бұл мақаланың мақсаты емес. Мақсат – Алаш атауының астарында «жасырынған» көне сырды, танымды ашу.

ХІХ ғасырдың соңында Ә.Бөкейхан Алаш ұраны халық арасында сакралдық сипатта сақталғанын аңғарып, оның мағынасын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге ұмтылды. Ол «Алаш» қазақ руларының ортақ ұраны екенін тілге тиек ете келе: «...Ни один из этих родов не отказывается от подчинения, кроме своего родового частного «урана» (боевой клич), общенародному «алаш» обязывающему каждого киргиза беспрекословно идти на помощь обиженному собрату, забывая даже междоусобицы и хотя бы в виду сильного неприятеля и неминуемой от него смерти. Эта-то своеобразная и интересная жизнь киргизов отразилась, как в зеркале, в их разнообразной и богатой устной поэзии. Многие из этих произведений носят на себе следы глубокой древности и печать отдаленного прошлого жизни, быта и верований киргизов» [1, 319], -деп жазды.

«Ажал кебінін киетін қауіпке қарамастан, «Алаш» ұранының соңына еретін қазақтың көне ұғымында ерекше қадірлеген көмескі таным бар екендігі сөзсіз. Мұндай болжамды Ә.Бөкейханның серігі М. Дулатұлының мына сөзі де қуаттайды. Ол былай деп жазады: «Қазақтың не себептен алаш, не себептен қазақ, үш жүз атағанын баяндайтын бұлардан басқа да ертегілер бар... Бірақ мұндай ертегілер қазақтың аты, тегін зерттеушілерді ойға қалдырарлық жері бар. Мәселен, қазақ, я алаш, қалай да болса, бір кісі-ру басы емес екені рас-ау, әйтпесе біріне-бірі қайшы келе берсе де, көптеген халық аузында сөйленіп ертегі болып жүргеніне қарағанда, «қазақ», «алаш» сөздерінің түбінде бір көмескілік бар ғой дегізетін. Тарихшылар мұндай ертегі сөздерді де ескерусіз қалдырмай, түбінде салыстыра, қорыта келе бір дәлелді мағына шығаруға болар деген үмітпен жинап жазады. Бірақ әлі күнге шейін ондай сөздерді қолданып бір нәтиже шығарған жоқ» [2, 318].

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының тарапынан «алаш» атауына қатысты айтылған бұл пікір әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Біздіңше, Алаш атауының этимологиясын тану үшін түркі-моңғол кеңістігіндегі халықтардың тотемдік түсініктері арнасы мен көшпелілік танымын байланыстыра отырып кешенді түрде зерттеу қажет сынды. Өйткені Алаш түркі-моңғол халықтарына ортақ ұран және оны түркі кеңестігіндегі көшпелі тұрмыс кешкен халықтар ғана тұтынады.

Алдымен талдайтынымыз халықтың қазақ жұртын Алаш деген атадан тарататын шежірелік танымы мен ұраны. Ұран мен арғы ұлы баба турасындағы халықтық танымдар - көне тотемдік наным-сенімге байланысты қалыптасатын ұғым.

Ұран – соғыс алдында тайпалардың басын қосу үшін, ал ұрыс кезінде жасақтың рухын көтеру үшін айтылатын сөз. «Қазақ халқының, –деп жазады Қ. Халид, – «ұран» дейтін сөзі бар: қыздыру, жиналу, қайрат беру мағынасында айтылады. Бұл тайпалар «я аллаһ» деп

көмек шақыру орнына әуелде болған пәленше бабамыз сияқты біздің бағымызды үстем ет деп жалбарынып, өздерінің атақты батыр, ел бастаған зиялы адамдарының атын атап, айқайлап шақырады. Әр рудың өзіне тән ұраны болады. Егер өзге тайпалармен ұрыс-қақтығыс бола қалса, «Алаш, Алаш» деп шақырады. «Алаш» қазақ, ноғайға тән, тіпті, жалпы өзбек ұраны деседі» [3, 72б.].

Ұранды соғыс үстінде дос пен дұшпанды ажырату үшін қолданылатынын «Бабырнаманың» авторы З.Бабыр да жазады [4, 115-116 б.]. Демек, «Алаш» - «өзге тайпалармен ұрыс-қақтығыста» шақырылатын «бүкіл әскерге ортақ ұран». Моғолстан ханы Сұлтан Ахметтің де «Алаша хан» атануына да осы ұранның тікелей қатысы бар. Оның сыры мен себебі З.Бабыр мен М. Х. Дулати еңбектерінде айтылған. Бірақ олардың жазбаларындағы «алаш» атауы моғол мен қалмақ сөзінен алынған «кісі өлтіргіш» деген мағына береді деген түсініктемелері ұран есебінде қолданылатын «Алаштың» толық мазмұнын аша алмайды. Өйткені ұранға өзге жұрт берген атау немесе ұғым алынбайды. Мысалы, «қазақ» сөзі қазақтарға ұран ретінде қолданылмайды. Ұран болу үшін ол сөз ата-бабасының немесе атақты батырдың, ру-тайпа көсемінің аты болуға тиісті. Біздіңше, Алаш ұраны көшпелілердің «бөрі, қасқыр» деген ұғымнан алынған. Мұны ұғыну үшін біздер Шыңғыс хан туралы көне мифтің мазмұнына үңілеміз.

Моңғолдың көне жазбаларында моңғол тектес тайпалардың шығу тегін баяндайтын Алаң-Қоға туралы көне миф бар. Онда моңғол тайпасы Бөрте Шынуа (Чино) мен Марал сұлудан тарайды. Бұл жұп Көк Тәңірінің жебеуімен теңізден өтіп, Бұрхан Қалдын деген тауды мекен етеді. Олардан бес-алты ұрпақ өткеннен кейін Боряқшын атты бала туады. Боряқшыннан Дұба соқыр мен Добу мерген деген екі бала дүниеге келеді. Добу мерген хас сұлу Алаң-Қоға деген қызға үйленеді [5, 30б.].

Осылайша шежірелік сипатта басталатын көне мифтің Алаң сұлу тарихына қатысты тұсы мынадай: «Алаң сұлу Добу мергенге тиген соң Белкүнтей, Бекүнтей есімді екі ұл туады. Ал, Дуа соқырдың төрт баласы бар еді. Дұба соқыр өлген соң, оның балалары Добу мергенді көзге ілмей, келеке етіп, өз жөндеріне кетеді де, олар Дөрбет руы аталады. Дөрбеттердің арғы атасы осылар еді. ...Сөйтіп жүргенде, Бобу мерген ғайып болады. Добу мерген ғайып болғаннан кейін Алаң қоға ерсіз жүріп, Бұқа Қатығы, Бұқұчи Салчи, Боданшар Мұнқақ есімді үш ұл туады. Белкүнтей, Бекүнтей екі ұлы шешелерін мына ұлдарды қалай туды деп жасырын әңгіме етіп: «Ағайын-туыстарда өзі тұрғылас адам жоқ. Сонда бұл ұлдар кімдікі болды? Мына Мақалық Байғұдай адамы басшылық етеді. Соныкі шығар?!», - деп шүйіркелескенін Алаң қоға сезіп, көктемнің бір күні сүрленген қойдың етін асып, бес ұлын қасына шақырып, қатарластыра отырғызып бір-бір жебе ұстатып: «Ұлдарым, осы жебені сындырыңдар!», - дейді. Ұлдары сындырып тастайды. Және тағы да жебені біріктіріп ұстағанда, оны ешкім сындыра алмайды. Сонда шешесі Алаң Қоға бүй дейді: «Екі ұлым, сендер мына туған үш ұлды кімнің балалары болды деп күдіктенесіңдер! Күдіктенгендерің дұрыс) Әр түн сайын сары шегір адам келіп, құрсағымды сипап түңілік, маңдайшыдан сәуледей еніп, күн мен ай жарқырап шығар шақта сары ит болып, жаланып-жұқтанып шығып кететін еді. Соған қарап мен бұларды тәңірдің ұлдары ма деп ойлаймын! Қараша адамға теңеп, сөз етпей-ақ қойыңдар! Күндердің күнінде қиырдың қағаны, ұлыстың иесі болған тұста, сонда ұғасыңдар, сендер! Қара басты кісілер емес. Әйтеуір, сен екеуіңнің көлеңке-нөкерлерің болсын!» дейді. Екі ұлы үн қатпайды. Алаң қоға тағы да ұлдарына өсиет етіп:

«Сен – бес ұлым, бір құрсақтан тудыңдар,
Сен бесеуің тату болмасандар –
Жаңағы жалғыз жебедей оңай жеңілесіндер.
Жаңағы біріккен жебедей бірлікті болсандар –
Сендерді кім жеңе алар еді!», - дейді.

Содан кешікпей Алаң қоға ғайып болады» [5, 33-34б.].

Аталмыш мифтің жалғасы Алаң сұлудың күйеусіз тапқан үш ұлының кенжесі Боданшардың ұрпағынан Шыңғыс ханның дүниеге келетін баянына ұласады. Олай болатын

болса, Шыңғыстың тегінде Көк Тәңірі қолдаған тотем бабаның орны бар. XVI ғасырдан бастап жазбаға түсе бастаған «Моңғолдың құпия шежіресінде» ол иттің бейнесінде. Ал Алаң қоға туралы айтылатын мифтің қазақ арасындағы нұсқасында көктен түсетін сәуле қасқыр бейнесіне айналады және Алаң қоғадан туған ұл – Шыңғыс хан: «Дуюн – Баян имел сыновей от первой жены; потом он взял Алангу; умирая, он сказал своей жене Алангу, что он будет приходиться к ней в виде света, а уходить в виде волка. И он приходил, а уходя восклицал: «Чингис! Чингис!» У Алангу родился сын Чингис» [6, 64с.].

Дәл осындай мазмұндағы миф қарақалпақтар арасында да айтылады. Онда Алаң Қуаға сауле болып келіп, қасқыр болып шығып бара жатқан күйеуі үш рет «Шыңғыс» деп айқайлайды. Алау Қуадан туған баланы Шыңғыс деп атап, оны хан деп таниды [7, 256.].

Қазақ ұғымы үшін ит пен қасқыр – бір тұқым. Қазақтар қасқырды кейде ит (ит-құс) деп те атайды. Иттен тараған ру атаулары қазақ арасында ұшырасады. Мысалы, Керей руының бір тармағы ит емізгендіктен «Ители» деп аталса, Кіші жүз құрамындағы Керейіт тайпасының атауы да итпен байланыстырылады [8, 27-28б.].

Моңғолдың көне мифі мен қазақ аңызы адам баласы Алаң Қоға мен көктен сәуле болып түскен аннан (ит, қасқыр) бірде Шыңғыстың атасын, енді бірде өзін таратады. Дәлірек айтсақ, моңғолдың көне мифінде Шыңғыстың арғы атасы иттен, түп атасы қасқырдан тараса, қазақта қасқырдан Шыңғыс ханның өзі тікелей туады. Екі халықтың да мифтік танымы қасқырды тәңірдің қолдауымен жерге түскен киелі аң деп таниды. Бөріні желеп-жебеген тәңір бейнесі қазақтың «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар» деген мақалында сақталған. Қасқырды «тәңір иті» деп қабылдау тек қазақтарда ғана емес, тува, якут, грек секілді халықтардың да мифтік танымдарында да кездеседі [9, 126.]. Қазақ фольклорындағы қасқыр бейнесін арнайы ғылыми тұрғыдан талдаған зерттеуші С. Итеғұлова: «Көк бөрі бейнесі – көк тәңірімен астасып жатыр. Ол ғайыптан пайда болған құтқарушы ие, адамзаттың арғы тегі» [9, 9б.], – деп жазады.

Шыңғыстың бейнесінде оның түп бабасы қасқырдың нышаны сақталғаны туралы аңыздық дерек тарихи-шежірелік еңбектерге де түскен. Айталық, Шыңғыс хан тарихы жазылған «Түрік шежіресінде» мынадай дерек бар: «Есукидің (Шыңғыстың әкесі – А.Ә.) бес ұлының көпшілігінің түсі шикі сары, көздері қызғылт болады. ...Мұндай түсті моңғолдар «боржуған» дер еді. Баяғы Аланқо (Алаң қоға – А.Ә) айтатын, оған келіп ашына болатын адамның да реңі ақ сары, көздері боржыған болатын. Соның нышаны тоғыз атадан барып шықты» [10, 5б.].

Боржыған, яғни Борчигин деген сөз «бөріден шыққан, бөрі тектілер» деген мағына береді. Алаң қоғаның күйеусіз туған үш ұлының кенжесі - Шыңғыстың арғы тегі болып есептелетін Боданчардың алғашқы әйелінен туған баладан тараған ұрпақ Борчигин руы деп аталады [5, 38б.]. Шыңғыстың өз есімінде де қасқыр сөзінің моңғол тіліндегі «чин» (Темө+чин) сыңары жүр.

Қасқыр тотемі туралы әңгімелер ғұндар, көк түріктер, үйсіндер, оғыздар сынды ежелгі халықтардың көне мифтерінде сақталған. Қытай жазбаларында сақталған ғұн мифінің бірінде ғұндар - хан қызы мен қасқырдан тараған ұрпақтардан өсіп-өнген халық болса, енді бірінде қасқыр – ғұндар жаулап алған көне Үйсін елі билеушісінің баласын емізіп, оны өлімнен құтқарып қалған киелі аң.

ҮІ ғасырда тарих сахнасына көтерілген көк түріктер өздерін ғұн тайпасының ханзадасын бауырына басқан қаншық қасқырдан тараған Ашина тайпасының ұрпағымыз деп санаған. Л. Гумилевтің жазуынша, «Ашин» - префикс пен түбір сөздің қосындысы. «А» - қытай тілінде құрметтеу префиксі. Түбір сөз «шина» (шино, шоно) қасқыр дегенді білдіреді. Префикс пен түбір сөздің мағынасы (Ашина) «қадірлі (қасиетті) бөрі» деген ұғымды береді. Ашина тайпасы - түркілердің билеушілер династиясы.

Ежелгі қыпшақтардың да қорғаушы бабасы – қасқыр. XII-XIII ғасырлардағы қыпшақтардың арасында ел билейтін хандар шығып отырған Елбөрі атты мәртебесі жоғары тайпа болған. Жорыққа аттанар алдында қыпшақтар бөріден көмек тілеп, жалбарынатын болған.

Тотем қасқыр бейнесі түркілердің бір бұтағы оғыздардың да фольклорлық мұраларында да сақталған. Айталық, «Оғызнамеде» қағанды жеңісті жорықтарға бастайтын аң - көктен түскен көкжал. Қасқырдың тотемдік қадір-қасиеті мен көмегі көшпелі башқұрт халықтарының мифтік әңгімелерінде, шежірелік аңыздарында сақталған. Онда қасқыр бірде башқұрттарды жаңа қонысқа бастап келген киелі аң болса, енді бірде қаншық қасқыр сұлу қызға айналып аңшы жігітке шығып, одан туған бала Башбөрі атанады. Аталмыш рудан башқұрттар тарайды.

Көшпелі тірлік құрған жауынгер, азатшыл түркі халқының бір ұрпағы қазақтардың байрағына бөрінің басы рәміз ретінде алынуы (Сүйінбай толғауы) және Алаштың ұран болып қалыптасуы – көне рухтың белгісі. Ол рух «біз көк бөрінің ұрпағымыз» деген ұғымды береді. Қазақ - көне түркілердің елдің рухын жігерлендіретін бөрілі байрақ рәмізі мен «Алаш» ұранын сақтап қалған халықтың бірі.

Келтірілген мысалдар Алаш ұранында «шын» (чин), яғни қасқыр ұғымының көне миф арқылы халық танымына орныққанын көмескі болса да байқатады. Алаш сөзінің ұрандық сипатын ашатын ұғымдарды қазақ шежірелік аңыздары мен жырау-жыршы шығармаларынан тани аламыз. Қазақ аңыздарының дерегі бойынша, Алаш – түрлі тайпалардың одағынан құрылған «Үш жүз Қазақ» атты саяси бірлестіктің жалпыхалықтық ұраны. «Алаш» деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда «Алаш, алаш» деп шабындар. «Алаш, алаш» дегенді әкең де болса ұрып жық деп бата қылысыпты», - деп баяндайды халық аңыздары. Олай болса, Алаш ұраны - әке орнынан да жоғары ұғым. Себебі ол - түпкі тотем баба.

Біздіңше, «Алаш» атауы екі сыңар сөздің кіріге бірігуінен туындаған. Оның бірі – Алаң, екіншісі - «шын» (чино, шоно). Басқаша айтсақ, Алаш - бір ана мен бір атадан тараған ұрпақтар деген ұғымның түсінігі. Оның бейнелік формуласы **ҰЛЫ ЕНЕ+ТОТЕМ БАБА=АЛАШ**. Бұл формула көшпелі тұрмыстың іргесі сөгіле бастаған уақытта көне мифтердің жаңғыруы салдарынан номадтардың дүниетанымында орын алған. «Алаш» дегенде көшпелі халықтардың ойға оралатыны да осыған байланысты секілді. Осы орайда, қазақ арасында мифтік жүйрік тазы Құмай атауының екі сөздің (қу + ұмай) кіріге бірігуінен тұратынын еске салғымыз келеді.

Халықтың көне мифтік санасының шырмауынан шығып, жанартаудай қайта жаңғырған «Алаш» атауының «бөрілік» бөлігін біршама аша алдық деп ойлаймыз. Ал оның түпкі ене ұғымын білдіретін «Алаң» сыңары қайда деген сауалдың туары анық. Қазақ халқы ол «бөлікті» де поэтикалық бейнеде сақтай алған. Мұны халықтың көне түсінігінен мол хабары бар жыраулардың бейнелі жырларынан кездестіруге болады. Айталық, ХҮІ ғасырда өмір сүрген атақты жырау Қазтуғанның «Еділмен қоштасу» атты толғау жырының бастауы Ұлы ене «Алаң» деген сөзді бірнеше рет қайталаудан басталады:

Алаң да, алаң, алаң жұрт,
Ақ ала ордам қонған жұрт...

Осындағы «Алаң» атауы - көне аңыздағы Алаң қоға бейнесі болуы әбден мүмкін. Толғауға бұл сөздің арқау болып отырғанының бірнеше себебі бар. Біріншіден, аңыздағы Алаң қоға бес ұлының басын біріктіріп, бірлікті өсиет еткен болатын. Екіншіден, әкесіз туғандықтан елден қуылған Шыңғыс ханды Майқы бастаған 12 би баланың шешесі Алаң қоғаның жөн сілтеуімен тауып алып, жұртқа әкеліп хан ететін. Толғау тілімен айтсақ, «ақ ала орда» тігілген еді. Демек, «Алаң жұрт» - бір анадан туған ұлдардың жұрты әрі бірліктің символы.

Алаң қоғаның бейнесі мен оның бес ұлына берген өсиеті тұспалды бейнелі сөзбен Махамбеттің толғауында да айтылады:

Біз бір енеден бір едік,
Біз енеден екі едік.
Екеуіміз жүргенде,
Бір-бірімізге ес едік.
Бір енеден үш едік,
Үшеуіміз жүргенде,

Толып жатқан күш едік.
Бір енеден бес едік,
Бесеуіміз жүргенде,
Алашқа болман деуші едік.
Өтемістен туған он едік,
Онымыз атқа мінгенде,
Жер қайысқан қол едік.

Махамбеттің «ене» деп отырғаны - Алаң қоға, ал беске дейін санамалап отырған тұстары - Алаң қоғаға қатысты айтылатын көне аңыздың көркем өлеңдегі жаңғырығы. Ақын «төрт» деген сөзді айтпайды. Өйткені аңызда «төрт ұл» деген дерек жоқ. Оның себебі Алаң қоғада төрт ұл емес, алғашқыда екі ұл, кейін қосылған үш ұл, барлығы –бесеу. Жыр Алаң қоғаның күйеуден тапқан екі ұлы мен құдіреттің (бөрінің) қолдауымен дүниеге келтірген үш баланы қосып «бір енеден бес едік» деп аңыздағы сол бес баланы мегзейді. Аталмыш жырда енеден туған бес балаға атадан (Өтемістен) туған он бала қосылып, «жер қайысқан қолға» айналады.

Махамбеттің «Бесеуіміз жүргенде// Алашқа болман деуші едік» деген жолдағы сөздер – бірлікті насихаттау, Алаң сұлудың бес баласына бірлікті өсиет еткен қайта бір еске салу. Аталмыш толғау бірлікті, тегеуіріні мықты күштілікті аңсаған тілектен туған.

Ата-бабаларымыздың бөрілі байраққа қаны қалай қызатын болса, «бөрінің ұрпағымыз» деген мағына білдіретін «Алаш» ұранына да солай қаны тулайтын болған. Дала жыртқышы, азатшыл қасқыр бейнесін байрақ пен ұранға арқау етіп тәуелсіз, еркін, азат тірлікті қалаған қазақылық салтқа мазмұн етіп алған біздің бабаларымыз кең далада көшпелі тіршілік кешіп, дүние жүзінің жері қайта бөліске түсіп, алапат соғыстар жүрген кешегі ХХ ғасырды аттады. Сол ХХ ғасырдың басында Ресей империясы күйреп, оның боданында болған қазақ халқына азаттық алу мүмкіндігі туған уақытта Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары Алаш ұранын бірліктің, тәуелсіздіктің рәмізіндей етіп қайта жаңғырта білді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бөкейхан. Ә. Таңдамалы. Избранное.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.-478 б.
2. Дулатов М. Шығармалары./Құрас. М. Әбсембетов, Г. Дулатова. –Алматы: Жазушы, 1991.–384 б.
3. Халид Құрбанғали Тауарих хамса (Бес тарих) /Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. - Алматы: Қазақстан, 1992.–304 б.
4. Бабыр Захар ад-дин Мұхаммед. Бабырнама / Орыс тілінен ауд. Б.Қожабеков. – Алматы: Жалын, 1990.–320 б.
5. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. II том. Лұбсанданзан. Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын тобчы (Алтын түйін) демек-дүр. –Алматы: Дайк-Пресс, 2005.-305 б.
6. Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина. (Архивные материалы и публикации). –Алма-Ата:Наука, 1972.–382 с.
7. Есбергенов Х. Хошаниязов Ж. Этнографические мотивы в каракалпакском фольклоре.- Ташкент: Фан, 1998.-156 с.
8. Әбсадықов А. А. Ауыз прозасының жанр түрлері (Филология факультетінің студенттеріне арналған көмекші құрал). Қостанай, 1994.- 46 б.
9. Итеғұлова С. А. Қазақ фольклорындағы қасқыр бейнесі: филол. ғылым. канд. ... автореф. –Алматы, 2002. -28 б.
10. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы: Ана тілі, 1992.–208 б.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры» атты ғылыми жоба аясында дайындалды

І ТАРАУ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАЙРАТКЕР РАЗДЕЛ І АЛИХАН БУКЕЙХАН-ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ

«АЛАШ» ЖАНАШЫРЫ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

Әлдеева М. Б. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 1-курс магистранты

1905 жылдан бастап аса ықтияттылықпен саяси күрес нәтижесінде жасалған идея-«Алаш идеясы» еді. 1917 жылы «Алаш» партиясы құрылу арқылы нақты мемлекеттік идеяның негізін қалаған болатын. Онда алаш қайраткерлерінің барлығының демі мен аңсары бар, ал ол идеяның ұйытқысы, қазақ қоғамының шынайы жанашыры – Әлихан Бөкейханов еді. Мен дәл қазір, ұлттық идея – Алаш идеясы және Бөкейханов деген мәселеге қысқаша тоқталып өткім келіп отыр [1].

Баршамызға жақсы таныс, 1917 жылы шілде-тамыз айларының арасында Жалпықазақтық І құрылтай шақырылып. «Алаш» партиясы тарих сахнасына шықты. «Алаш» партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымға негізделді. Бірінші тұжырым: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Яғни, жер – Отан, ал Отанды сатуға да, жеке меншікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген деген тұжырымға саяды.

Екінші тұжырым: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын. Яғни, бұл «өз жерінің игілігін әуелі өз елі игілігіне айналдырсын, одан асса ғана жатқа салауат» деген емеуірінді танытады. Үшінші тұжырым Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс.

Төртінші тұжырым: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, яғни, Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек, «ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы» тиіс болатын[2].

«Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім» деп Сара ақынның сал Біржанға айтқанындай, бұл төрт мәселеге келгенде, біздің де үніміз шықпайды. Егер қоғамның дамуы осы бетімен кете берсе, күні ертең біз «Құранды» да орыс тілінде оқитын боламыз.

Бесінші, түпкі мақсат: тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. Яғни, тағы да сол Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек, «тәуелсіз сот құрылымы болады, тең және туыстық қарым-қатынастарды қамтамасыз ететін одақтық қағидаттар (заң) жасалады».

1990 жылғы «Қазақстанның суверенитеті» туралы мәлімдемеде қамтылған осы бес түрлі ұлттық ұстаным бұтақтала келіп, 2002 жылғы жерді сату туралы заң жобасынан кейін қазақ мемлекеті ұлттық идеядан толық арылып, беймарал мемлекеттің құрылымына көшті. Соншама азап шеге жүріп аңсаған тәуелсіздік идеясынан неғып соншама тез жеріндік? Ал «Жапония сияқты ғылымға сүйенген ұлттық-демократиялық мемлекет құру керек» деген ұстаным үшін анық емес деректерге сүйенсек, 60 мыңдай адам «жапон шпионы» ретінде ату жазасына кесіліпті [1].

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды таратып жатпайын. Ол ұзақ әңгіме. Саясат, экономика, қоғамдық даму дегенді былай қойғанда, біз өзіміздің тәуелсіз рухани тәрбиемізді қадірлей алмадық.

1. Қазір дәстүрсіз ұрпақ қалыптасып келеді. Бұл үлкен рухани апат.

2. Тәуелсіз экономика мен тәуелсіз ғылым жоқ. Ал тәуелсіз ғылымсыз – тәуелсіздік те, зияны да, болашақ та жоқ. Тағы да сол «сорлы» Абай: «...малды сарп қылып ғылым табу

керек. Ғылымсыз – ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қажылық – ешбір ғибадат орнына келмейді» дейді. Біз сол ғылымды «малдың», яғни, бизнестің құрбандығына шалып отырмыз.

3. Ұлттық ұйытқының, мектептің, соның ішінде бастауыш мектептің ұлттық мәйегі ұйымаған. Ботаника пәнінен Қазақстанның шөптерінің түрі мен атауларын, зоологиядан Қазақстанның жан-жануар мен хайуанаттар дүниесін, жағырапиядан жер-су атауларын, жер қыртысының аттарын, астрономиядан – «он сегіз мың ғаламның» қазақша атауларын, тарихтан, өзгені былай қойғанда, қазақ хандығының құрылған жылы туралы нақты мәліметті таба алмайсыз. (Бұл ретте тарихшылар әлі бір тоқтамға келген жоқ).

4. «Саудасы – ар мен иманы» деп Абай айтқандай, дін – саясат пен бизнестің құралына айналды. Ұлттың өз дінін өзіне жиіркенішті көрсету ұстанымы жүргізіліп отыр. (Дін туралы қабылданбай қалған ескі заң жобасы мен қолға алынып жатқан жаңа заңның сұлбасы солай деуге негіз қалайды).

5. Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қолданымнан шеттетіліп отыр. Мысал керек пе? «Кітап шығарудың қажеті қанша? Оны кім оқиды? Электрондық нұсқа бар» дейтін министрлер мен ректорлар пайда болды.

6. Мемлекет өз ұлтынан ажырай бастады. Екеуінің ойы екі басқа. Енді олардың басы қайта біріге ме, жоқ па? Әй, қайдам.

Бұның барлығы нені танытады? Жоғарыда атап өткенімдей, біздің тәуелсіз мемлекетімізде қарама-қарсы бағыттағы екі ұлттық ағымның қалыптасқандығын анық аңғартады. Ашығын айтайын, мемлекет халықтан ажырап қалды. Қазір мемлекет пен халық басқа: «Мемлекет тек реттеп отыруы керек. Қалғанын базардың өзі реттейді» деп өзеурегендер енді бірер жылдан соң халықтан мүлдем қол үзіп, тағы да сол Ленин айтқандай, «халық бұрынғысынша өмір сүргісі келмейтін, ал биліктегілер бұрынғысынша басқара алмайтын жағдайға» душар болары анық. Былтыр ғана болуы мүмкін болжам, биыл шындыққа қарап бетін бұрып отыр.

Міне, Әлихан Бөкейханов ұйытқан Алаш идеясының негізгі мәйектері осындай.

Қазір ерінбеген алашшыл болып алды. Мәселе ұранда емес. Соны ұлттың жүрегіне жеткізуде. Кейде, маған кеңес тұсындағы Балтық жағалауы, Өзбекстан, қазіргі Бельгия сияқты Үнсіз Азаматтық Мойынсынбау қозғалысын үнемі санада ұстаған дұрыс сияқты да көрініп кетеді. Осы орайда Әлихан Бөкейхановтың саяси көзқарасына қатысты, оны «массонға», «шоқыншыға», «еуропашылдыққа», «рушылға» теңеп жүрген саяси сауатсыздық пен азаматтық жәдігөйлікке сәл ғана түсінік бере кеткім келеді.

Әлихан Бөкейханов – ұлттық саясаткер. Ұлт тәуелсіздігі жолында ықпалы тиетін барлық мүмкіндікті пайдалануға мәжбүр. Ал 1905 жылы ұлттық автономия, патшаны тақтан түсіру, конституциялық демократия орнату, бұратана ұлттарға – нәсіліне, дініне қарамастан азаттық беру, өзінің даму жолын анықтауға ерік беру мәселесін кім көтерді? Кадет партиясы көтерді. Ендеше «бұратана ұлттарға – нәсіліне, дініне қарамастан азаттық беру, өзінің даму жолын анықтауға ерік беруді» мақсат етіп қойған саяси партияның құрамына Әлихан Бөкейханов неге кірмеуі тиіс? Конституциялық демократия партиясы өзінің күрес жолына: «адам адамға – бауыр, дос», «бірің – бәрің үшін, бәрің – бірің үшін!», «нәсілдік, ұлттық, діндік, әлеуметтік теңдік», «азаматтық қоғам» сияқты тура өзіміз ұрандатып өскен коммунизмнің принциптерін негіз етіп алды. Міне, сол мақсатқа жету үшін Әлихан Бөкейханов кадет партиясына өтті. Бұл мақсатқа жету жолында бауырлас түркі халықтарының ұлт зиялылары да топтасты. Соның нәтижесінде Ресей мұсылмандарының бірінші құрылтайын ұйымдастыруға мүмкіндік алды. Сол құрылтайда көтерілген жасыл тудың шылауымен 1917 жылы 1-11 мамыр аралығында Мәскеу қаласында өткен I Бүкілресейлік мұсылмандар құрылтайына Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Ғ.Әлібеков, К.Жәленов, Ғұбайдолла және Дәулет ишандар, У.Танашев пен Ш.Бекмұхамедов катысты. Бұл құрылтай Ресей бодандығындағы мұсылмандарды ғана біріктіріп қойған жоқ. Сонымен қатар, тәуелсіз республика туралы мәселе ашық мінбеде көтерілген тұңғыш басқосу болды

Міне, Алаш идеясы мен оның көсемі Әлихан Бөкейхановтың ұлттың толықтай бостандығы жолында ұстаған ұстанымының бір тарамы осындай. Менің ойымша, бұл идея мәңгілік және қазақ ұлты өмір сүріп тұрған жағдайда күн тәртібінен түспейді деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бөкейхан. Ә.Таңдамалы. Избранное.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.-478 б.
2. Дулатов М. Шығармалары./Құрас. М. Әбсембетов, Г. Дулатова. –Алматы: Жазушы, 1991.– 384 б.
3. Халид Құрбанғали Тауарих хамса (Бес тарих) /Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. -Алматы: Қазақстан, 1992.–304 б.
4. Бабыр Захар ад-дин Мұхаммед. Бабырнама / Орыс тілінен ауд. Б.Қожабеков. – Алматы: Жалын, 1990.–320 б.
5. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. II том. Лұбсанданзан. Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын тобчы (Алтын түйін) демек-дүр. –Алматы: Дайк-Пресс, 2005.-305 б.

ӘЛИХАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРШЫСЫ

Әбдешова Ардақ Мұфтоллақызы

Мұрағатшы Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағат

Қазақ елінің тәуелсіздігінің арқасында Алаш арыстарының есімдері жарқырай бастады. Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейхановтың өмірі мен шығармашылығы туралы Хасен Оралтай, Мәмбет Қойгелдиев, М.Базарбаев, С.Аққұлұлының алғашқы ғылыми еңбектерінен етене танысақ, оның өмір жолы, қоғамдық қызметтері мен еңбектері жайлы 1994-1995 жылдары алғаш толық көлемде біле бастадық. («Қазақстан» баспасы, «Казахская энциклопедия»)

Біздің Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағатта да жазушы - Жайық Бектуров пен өлкетанушы - Ю.Поповтың жеке қорларында Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейханов туралы көп құнды, әр қайсысы жеке тоқталуға тұрарлық құжаттар сақталуда.

Әлихан Бөкейхановтың жастайынан экономиканы, әдебиетті, тарихты терең білгені көпшілікке мәлім. Сонымен қатар өз тұсының озық біліміне, қазақ, орыс, шығыс тілдеріне өте жетік, жылы адам болған. Ол қазақ елінің ахуалымен қатар, еуропа, орыс халқының да тарихын, озық әдебиетін, мәдениетін жетік меңгерген адам. Орыс ғылымы мектебінің терең ойлы шәкірті бола отырып, орыс халқының көрнекті өкілдерінің ортасында сыйлы-құрметті бола жүріп, сол кездің көрнекті орыс оқымыстыларының өздері Әлихан Бөкейхановты ерекше қадір тұтқан. Солардың бірі – әйгілі академик А.Е.Ферсман болған. 1926 жылы КСРО Ғылым академиясының арнаулы қаулысы бойынша, ол Ә.Бөкейхановты академияның айрықша комитетіне сарапшылық қызметке шақырады. Оны өте биік бағалап, КСРО Ғылым академиясының көрнекті ғалымдары өздерінің өте жауапты зерттеу жұмыстарына қатыстыруға арнаулы қаулы шығарған. Академияның айрықша комитеті одақтас және автономиялық республикалардың шаруашылық, экономикалық жағдайын зерттеу үшін қазақтың жасы алпысқа келіп қалған Ә.Бөкейхановты ерекше құрмет тұтады [1]. КСРО Ғылым академиясының ұйғаруы бойынша қазақ ғалымы Челябинск қаласынан бастап, Том шаһарына дейін, Сібір темір жолы бойын түбегейлі зерттеп шыққан. Бұл салада тарихи мәні зор көптеген еңбектер қалдырған. Оның Ахмет Байтұрсыновтың Архангельскіде жер аударылып жүріп жазған еңбектерін шығыс халықтары мәдениеті мен тілдерінің ірі маманы академик С.Ф.Ольденбургке табыс етіп, сақтатқанын да білеміз. Ә.Бөкейхановтың күрделі зерттеулері орыс тілінде, өз тілінде көптеген іргелі басылымдарда шығып жатқан. Бұл ретте орыс оқымыстысы, профессор Н.С.Шведовтің 1928 жылдың басында Ә.Бөкейханов туралы жазған арнаулы мақаласы ерекше көңіл аударарлық. Талай адамға оқымыстылық атақ алу

үшін Бөкейхановтың құнды көп ғылыми еңбектері таптырмайтын құрал болған, бірақ оның атын атауға да көбі жарамаған. Н.Шведовтың Қазақстанның экономикасы, мал шаруашылығы, жер байлығын пайдалану жөніндегі өз еңбектері де көбінесе Ә.Бөкейхановтың зерттеулеріне негізделгенін айтқан. КСРО Ғылым академиясының А.Э.Ферсман бастаған айрықша комитеттің жұмысына Ә.Бөкейханов тікелей қатысқанда, оның түбегейлі зерттеген еңбектері КСРО халық шаруашылығын тиянақты жоспарлауға, өркендетуге негіз болған ғылыми деректердің бір мықты саласы болған [2].

Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейхановтың балалары да талантты болған. Оның геолог-инженер ұлы, шын аты - Үгедей болуы керек, жұрт Өктай деп атаған. Орыстар Сергей деп кеткен баласы Қарсақпай, Жезқазған кен аймағын көп зерттеген, әрі осында Қ.Сәтпаевпен қатар жемісті еңбек еткен. Жезқазғанның мол мыс кенін ашуға, пайдалануға үлес қосқан адам. Бұл кісі кейін Оңтүстік Оралда ірі геологиялық экспедицияны басқарған. 1944 жылы КСРО Түсті металлургия министрлігі өткізген Бүкілодақтық беделді бір кеңесте С.А.Бөкейханов маңызды баяндама жасаған. Тек артынша көп кешікпей ол Оңтүстік Оралда белгісіз бір жағдайда апат болыпты. Оның өлімі жұмбақ болып, сұраусыз, жоқтаусыз кеткен. 1910 жылы туған, белгілі геолог В.И.Штифановпен тілдескен жазушы Жайық Кәгенұлының тарихи очерктерінде, жазып қалдырған. Ә.Бөкейхановтың баласының Жезқазған, Қарсақпай кен аймағында өнімді еңбек еткенін екінші бір қарт геолог И.Н.Богданчик те зор құрметпен еске түсірген екен. Өктай өте дарынды, білгір, алғыр инженер, сегіз қырлы, ұстараның жүзіндей өткір жігіт болыпты. Ол өлең де айтады екен, неше түрлі аспаптарда да ойнайды екен. Жезқазған кені туралы күрделі ғылыми еңбектер де жазған. Оның бұл еңбектерінің болашақ үлкен Жезқазғанды игеруде мәні зор болған. 1935 жылы жарық көрген «Үлкен Жезқазған» атты 700-беттей, оның баяндамасы қырық бет. Бұл баяндама КСРО Ғылым академиясының 1934 жылғы арнаулы сессиясында жасалған. Бұл Мәскеудегі мәжілісте еліміздің әйгілі ғалымдары болған, КСРО Ғылым академиясының Президиум мүшелері болған А.Архангельский, А.Бойков, Б.Веденев, В.Волгин, П.Маслов, Б.Обручев, Д.Прянишников, Н.Курнаков, А.Деборин, А.Самойлович қатысқан. Сессияда Қ.Сәтпаев пен Ә.Бөкейхановтың баяндамалары одақ ғалымдары алдында өте құнды еңбек деп танылған [2].

Ал, Ә.Бөкейхановтың оқымысты қызы, өткен жетпісінші жылдардың бас кезінде қайтыс болған, медицина ғылымдарының докторы, хирург, КСРО Денсаулық сақтау министрлігінде көп жыл қызмет еткен, жоғары Аттестациялық комиссияның мүшесі болған, Ұлы Отан соғысына қатысқан Елизавета Әлиханқызы Садуақасованың өмірі мен еңбегі жайлы қысқаша тұжырымды дерек «Қазақ совет энциклопедиясында» айтылады. Оның суреті де басылған. Ол Қазақстанның белгілі қоғам қайраткері, әрі журналист-жазушысы Смағұл Садуақасовтың жұбайы болған[3]. Қарағанды медицина институтының сексенінші жылдары деканы болып қызмет істеген А.М.Филатов былай дейді: «Алпысыншы жылдардың орта кезінде Москвада ғылым кандидаты атағын қорғадым. Маған Е.А.Садуақасова оппонент болды. Бірінші рет көрген адамым, ол маған ерекше әсер етті. Е.А.Садуақасова сөйлегенде астананың нелер ғалымдары оның беделіне, білгірлігіне тәнті болып отырысты. Мұндай тура, әділ, қара қылды қақ жаратын адамды көрген емен. Елизавета Әлиханқызының менің диссертацияма жазған рецензиясын өте бір құнды ескерткіштей сақтап жүрмін» - деп А.Филатов өткенді зор мақтанышпен еске түсірген. Е.Садуақасова диссертациямен танысып шыққаннан кейін мен ол кісіге: «Сіздің пікіріңізді неше бетке жазсам екен?»,- деп қалдым. Ол менің бұл сөзіме шошып кеткендей: «Сіз не айтып тұрсыз? Менің атымнан пікір жазуыңыз қалай? Бұл не еген сөз?»- деп тіксіне қалды. Мен сасқалақтап: «аспиранттардың көбісі осылайша жетекшілерінің сөздерін өздері жазады екен» дедім. Елизавета Әлиханқызы маған ұрысты. Пікірді ол өз қолымен жазды. Мен осы жағдайды жатақханадағы жолдастарыма айтып келдім. Олар менің сөзіме нанбады. Мені келемеждеді. Сонсоң, мен Елизавета Әлиханқызынан, машинкаға басылғаннан кейін қолжазбасын сұрадым. Ол кісі «мұны қайтесіз?» деді. «Жолдастарым сіз өзіңіз жазды дегеніме нанбайды. Көрсетейін деп едім»,- дедім. Содан сол кісінің сол қолжазбасы менде осы күнге дейін сақталып келеді. Диссертациямды қорғағаннан кейін, ризалық білдіріп, бір

белгі үшін азды-көпті сыйлық тартқым келіп, ізет білдірдім. Ол кісі менің мұныма қатты ренжіп, жекіп тастады. Сонсоң өткендегі қазақ елінің өрісте жылқысы жайылып жүрген бір сурет апарып бердім. Апай күрсініп, әкесі туып өскен қазақтың кең өлкесін есіне түсіріп, көп уақыт мұңайып та, күрсініп отырды [4].

Әлихан Бөкейхановтың ертеден думада, кадет партиясы қатарында болғандығы, буржуазияшыл-ұлтшыл сана, алаштың басты қайраткері атанғандығы, содан жасы ұлғайғанда кеңес құрылысы жұмысына тікелей араласа алмай, Қазақстаннан бір шеттеп қалғандығы әсер етіп, оның көлеңкесі балаларына да көп түсіпті. 1933 жылдың аяғында күйеу баласы Смағұл Садуақасов Москва-Донбасс темір жолының бас инженері болып тұрғанда Москвада қайтыс болып, ол Разгуляевка зиратына қойылғанда Әлихан ағаны Москвада басшы қызметте отырған Тұрар Рысқұлов пен Нығмет Нұрмақов екеуінің бейіт басынан үйіне қолтықтап қайтқанын да біз білеміз. Міне, осылай бола тұрса да, әкенің салқыны оның балаларына да көп ауыртпалық түсірген. Өктай Әлиханұлының Оңтүстік Оралда белгісіз жағдайда апат болуы да, Елизавета Әлиханқызы алғаш ері Смағұл қайтыс болғаннан кейін екінші рет тұрмыс құрған, бірақ оның ері тұтқынға алынып, «Карлагта» апат болады. Кешегі бір озбыр дәуірде осылайша қор болып, сүйектерінің қайда қалғаны да белгісіз жандар өте көп. Бұл халықтың рухани өміріне, адамдарымыздың ет жүрегіне өшпес қасірет түсірген ауыр дерт еді. Бұл күнде сол дертіміздің зардабын емдеп, адамдарымыздың бойын сергіте, ойын өсіре бастадық. Өткенге өкініш көп [5].

Бүгінде қазақ еліне Алаш қайраткерлерінің, бабалардың арманы - Тәуелсіздік таңы атты. Шексіз бақыт! Кешегі алаш зиялыларын әлем мойындады. Ендігі ұрпаққа бабалардың ұлы ісітерін ұлықтау, ұмытпау, мұраларын зерделеу парыз. Ұлтымыздың ендігі мұраты - Мәңгілік ел болу.

Пайдаланған деректер

1. ҚОММ(Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағаты). 1558 қор. 1 тізімдеме. 60 іс.
2. ҚОММ. 1558 қор. 1 тізімдеме. 836 іс.
3. «Литературный Казахстан» журналы, Астана, 3/2010.
4. ҚОММ. 1558 қор. 1 тізімдеме. 62 іс.
5. ҚОММ. 1558 қор. 1 тізімдеме. 61 іс.

Ә.БӨКЕЙХАНОВТЫҢ АГРАРЛЫ МӘСЕЛЕ ХАҚЫНДАҒЫ КӨЗҚАРАСЫ

*Ш.А. Айдарова, тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
Ж.К.Тастаева, тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті*

Еліміздің тәуелсіздік алуымен келген тәуелсіз тарихымыз, кеңестік солақай саясаттың адам тағдырына жасалған қиянаттардың бет-пердесін толық ашуға, ұлт зиялылары алаштың ардақты азаматтарының ұлт үшін күрескен жанқиярлық қызметтерін зерттеп ғылыми айналымға қосуға толық мүмкіндік берді. Орыстың отаршылдық құрсауы қазақ жеріне норма енгізуден басталса, кеңестік қызыл саясат адам нормасына көшті. Адам тағдырына таңылған қара таңба тарихтағы ұлы зұлматтардың біріне айналды. XX ғасырдың басынан, Патша үкіметінің отарлау саясаты тұсында көзі ашық, көкірегі ояу қазақ интеллектуалдық тобының «ұлт» үшін күресі басталды. Ұлт зиялыларының басты мақсаты мен бағыты отаршылдық саясат тудырған басқа ұлттар мен халықтарға деген шовинистік көзқарас, теңдік, азаттық, бостандық қағидаларының қатаң бұзылуынан туған ұлттық саясат-еді. XX ғасырдың басынан қоғамның саяси өміріндегі өзгерістерді жіті бақылап, белсенді қызметтер атқарған алаштың арыстары ұлттық мүддені қорғауда бар күш жігерін, бүкіл ғұмырын арнағаны барша алаштың баласына ақиқат. Ұлтым деп ұлтының болашағын ойлаған қазақтың маңдайына жарқыраған күндей боп біткен арыстары пенделік бар қызықтан бас тартып, өз ұлтының бақыты үшін аянбай күресті. Қазақ ұлтының бостандықтары мен құқықтары аяқ асты етіліп

жатқанда, қазақтың атамекенін өзге елдің бұғауына түсірмеуде алаш қозғалысын ұйымдастырды. Патша өкіметінің бодандығын өткір тілмен әшкерелеуде Алаштың көсемдері Ә.Бөкейхан, М.Тынышпаев ешқандай бұлтарған жоқ. Ресейдің мемлекеттік думасында сөз сөйлей отырып, өз ұлтына деген саяси көзқарасын патша өкіметіне ашық білдірді. Ұлттық мүддені көздеген алаш қайраткерлерінің өткір ойлары мен пікірлері, сол тұстағы Сарыарқа, Қазақ, Айқап басылымдарына шығып, халықтың санасына Алаш идеясын насихаттап отырды. Ұлтым деп ұлы көшті бастаған. Алаш арыстарының аға ұрпақтарының ақыл кеңесімен ерте есейген ұрпақ бар жоғы 20 мен 50 дың арасын құрады. Соған қарамастан ұлттың саяси санасын оятуда, тәуелсіздік үшін күресуде қаймықпады. Қаймықпас қайсар мінез алаштың туын көкке көтерген М.Дулатов «Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты-деп халықты жігерлендіретін уытты өлеңдерін қалың бұқараға арнады. Тағы да ол «Ем таба алмай дертіңе мен ертеден, сол бір қайғың өзегімді өртеген. Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден, Еңсең неге түсті мұнша елім-ай»-деп еңсесі түскен елге рух беруден шаршамады. Ұлы зиялылардың ішкі жан дауысы қазақ жастарын селт еткізбей қойған жоқ, олардың ерте есеюіне елім дейтін ерлердің қалыптасуына ықпал еткен күш болды.

Қоғамның жаңаша құрылу кезеңінде асау уақыттың жалынынан мықтап ұстай білген өршіл, отаншыл қазақ жастары қалыптасып келе жатты. Солардың бірегейі, әрі дара тұлғасы Әлихан Бөкейханов. 1894 жылы Санкт-Петербургтың орман шаруашылығы институтын бітіріп келгеннен кейін, Омбы қаласының қоғамдық саяси өміріне қызу араласады. Қазақтардың даладағы экономикалық жағдайы әбден қалыптасқан, дала малды, мал қазақты асырайды. Малы күйлі болса, қазақ та күйлі, өрісі шұрайлы болса, қазақтың жүзі де шырайлы-деді [2, 19 б.] асырап отырған мал және жер екенін біле тұра, патша үкіметі жерді алудың неше түрлі айла шараларын ойлап, тауып отырды. 1900 жылы қазақ өлкесіне Ф.А.Щербина бастаған экспедиция жіберілді. Әлихан Бөкейханов экспедиция құрамында болып, мал жанның, жайылымдық жерлердің санағын жүргізді. Шаруа мүддесіне сәйкес тиісті жер үлестерінің мөлшерін де белгіледі. Қазақ үшін екі түрлі норма енгізілді. Бірі – көшпелі, екіншісі отырықшы. Осыған байланысты, Ә.Бөкейхан «Қазақ» газетінде былай жазған еді, «Айқапты» һәм «Қазақты»-оқушылар көріп жүр, біз қазақ жұртына ақыл берушілер екіге бөліндік. Біріміз қазаққа жаудан түк те болса олжа, 15-ден жер ал дейміз, біріміз бұған жуыма, түк олжа болып не болады дейміз?-дегенінде жан бар еді [3, 84 б.]. Патша өкіметі деревнядағы шаруалардан кулактар жігін құрып, берік тірек жасауды жөн көрді. Бұл Столыпиннің аграрлы саясатында көрініс тапты. Оның бірінші шарты, орыс шаруаларын жердің иесі етіп бекіту. 1917 жылға дейін қоныс аударушылардың есебіне бұрынғы қазақ тұрғындары игерген таңдаулы деген 45 миллион десятина егістік және шабындық жер берілді. Жетісу аймағынан орыс шаруаларына 45 десятина жер бөлінсе, қазақ шаруалары үшін 15 десятина жер берілді [1, 371 б.]. Қазақтың «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» қорғалған жерінің, бабасының мұрасындай талан-таражға түсуі, қазақ зиялыларын бей жай қалдырмады. Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялыларының жер мәселесінде жан айқайы басталды. Ұлт мүддесін көздеген алаш қайраткерінің бұл жан айқайының да мәні бар. Қылышынан қан тамып тұрған патша үкіметі қазақ даласын әскери казармаға айналдырғанына да, біршама өткен болатын. Соған орай, 15-те бұйырмай қалама деген қауіп болуы да мүмкін. Әрі қарай ол, сөз айыр шықты деп әдепсіздік бас көтерген бауырым бар. Талас дүние-ғұмыр сипаты, талас тартыс жоқ болса, ғұмыр-абақты болар еді. Айыр сөзде айып жоқ дей келіп: «Біздің ақылымызша, адам баласының шаруасы бірте-бірте қиыншылығымен, көп жылдарда аударылады. Мал бағып, шаруа қылып келе жатқан жұрт, орыс 15ден жер берді-деп егінші бола қоймайды. Мал шаруасы тымақ емес, төре келе жатыр деп қолға жұлып алатын. Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15 ден жер алса, үлкен аяққа тар етік киген болады. Біз, қазақ 15-ден жер алмай тұрып жан жағына қара дейтініміз, қазақ 15 –ті алып, осы алақандай жерге мал бақпақ: бұған мал бағылмайды [3, 85 б.]. Қазақтың кең байтақ жерінде мал жайылымын тарылту, қазақтың күн көрісін шектеп,

қайыршылыққа алып келудің басы отаршыл пиғылдағы патша өкіметінің қамқорсу саясатының алғашқы күннен көрінгенін қазақ зиялылары, ә дегеннен байқады.

Сондықтан патша үкіметі билік басындағылар, Ресей мемлекеттік думасына қайта сайланған Ә.Бөкейхановтан сескеніп отырды. Өз ойын әртүрлі мінбелерден сөйлегенде қазақ халқының өміріне байланысты мәселелерді батыл көтереді. 1905 жылы Мәскеуде өткен «Ресей земстволық қалалары қайраткерлерінің» құрылтайында ұлт мүддесін жүзеге асыру үшін, алдағы сайлау науқанында аса қажетті ана тілін қолдануға бостандық алу. Құқықтық шектеудің барлығын алып тастауды сұрап сөйлеген жолдастардың ұсынысымен қосыламын»-деп көрсеткен [4, 125 б.]. Халықтың азаттық қозғалысын конституциялық монархия, либерал-демократиялық реформалар жүргізу үшін бағыттап, патша өкіметінің аграрлық саясатын қатты сынға алды. Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыру саясатын тоқтатуды талап етті. Осы мақсатта, 1906 жылы сәуір-мамыр айларында Семейде қазақтардың екінші съезі болып өтті. Онда бағдарламаларға орыс шаруаларының қоныс аударуын тоқтатуды, жерді қазақ халқының меншігі - деп тану, дін, ұлттық мәдениетті дамытуды, халықтың сауатын ашу жөніндегі талаптар енгізілді. Осындай ұлт үшін жасаған қызметі 1906 жылы қаңтарда қазақтар арасында үгіт жүргізді айыбымен, Кереку түрмесіне қамалады. Тек І мемлекеттік Думаға депутат болып сайланғаннан кейін ғана лажсыздықтан босатады. Дума күшпен таратылған кезде келіспеген депутаттарға қосылып, патшаға наразылық білдірген мәлімдеме жолдайды. «Алаш» қозғалысы зиялылары, демократиялық өзін-өзі басқарудың ұтымды жолы кеңестер емес, земство деп есептеді. Соған орай басылым беттеріне өзінің бірнеше мақаларын жариялады. 1907 жылы «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және мәдени өркені», 1908 жылы «Дала өлкесінің түкпіріндегі орыс қоныстары», 1910 жылы «Қазақтар» атты еңбектерінде қазақтың мың жылдық тарихы барын айтты [4 б.].

Ә.Бөкейхан ұлттық көзқарастарын, ұлтқа деген жанашырлық пиғылын басылым беттерінде бүкпесіз жариялап отырды. Жастардың жанашыр жетекшісі ретінде Смағұл Сәдуақасов, Алаш идеясын жастарға түсіндіруден бір жалықпады. Жастарды алаш зиялыларының саяси істерімен таныстыра отырып, еркін де, тәуелсіз елдің іргесін қалауды мақсат етті. Ұлы қазан төңкерісінен кейін қазақ жастарының «Жас азамат», «Бірлік» «Жас Қазақ» ұйымдары пайда болды. Ақын Мағжан Жұмабаев -Сөздерінде жалын бар, Жаннан қымбат оларға ар, Мен жастарға сенемін -деп бекер айтпаса керек, ол сенімі мен үміті бүгінгі таңда ақталды. Алаш идеясы мәңгілік екенін, тамыры тереңге кеткен дінгегі мықты бәйтерек- екенін әлемге паш етті. Өйткені жеке бастың қамы үшін емес, ұлттың болашағын, өскелең ұрпақтың өз жерінің, топырағының иесі ретінде қамсыз өмір сүруі үшін күресте, жазықсыз атылған ұлттың асылдарының рухы жағылған қара күйенің күндердің күнінде ағаратынына толық сенімді еді. Алаш ардақтылары өз бағдарламаларын жүзеге асыруда, Қазақ-қырғыз автономиясын құруда да өз талаптарын батыл қоя білді. Ол талаптар Алаш автономиясын құрудағы, яғни автономия шептерінде Қазақстанның аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету, билік тетіктерін Алашорда қолына топтастыру, халық милициясын, қарулы күшін құру және қазақ зиялыларының, мемлекеттік қайраткерлерінің саяси қудалануына тыйым салу Өз жеріміз бен мемлекетіміздің қалыптасуына мұрындық болған Алаштың ардақтысы Ә.Бөкейханов пен алаштың арыстары болатын. Қазақ халқының әлем елдері қызыққан кең байтақ жерге ие болуына Алаш азаматтарының аянбай өз өмірінің қию арқылы жүзеге асқанын өскелең ұрпақ жадынан шығармауға тиісті, тарихи сабақ болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Аманжолов К.Р. Қазақстан тарихының дәрістер курсы. 1-ші кітап: Ежелгі заманнан 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін. – Алматы: Білім, 2004 – 391 б.
- 2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): Бес томдық. 3-ші т. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 752 б.
- 3 Өмірзақ Озғанбай. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан 1905-1917 жж. – Алматы: Қазақстан, 1999. – 461 б.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫ ЖӘНЕ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

Аймағамбетұлы Р. аға оқытушысы

Ихсанова А. Тарих» мамандығының ІУ курс студенті

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы – бұл қазақ халқы үшін оның өмір тарихында терең із қалдырған тарихи оқиғаларға бай кезеңдердің бірі болғандығын тарихтан білеміз. Қазақ халқының зиялы қауымының екінші бір толқыны шыққан кез де дәл осы уақытпен сәйкес келеді. Ал ол қазақ халқы үшін әлеуметтік-экономикалық және саяси жағынан ауыр, қоғамның түсініксіз жақтары көбейген, соған жауап іздеген сындарлы да қиын кезең болды. Оның негізгі ауыртпалығы сол кездегі санаулы ғана ұлттық зиялы қауымның мойына түсті. Ұлттың ұлт болып қалуы таразыға түскен тұста олардың ғылымның барлық салаларымен шұғылдануына тура келді. Олай болмаса уақыт та болмады. Себебі заман лебіне икемделу үшін, өркениетті қоғам құру үшін ұлтты тығырықтан алып шығу керектігін олар түсіне білді.

Қазіргі таңдағы қазақ қоғамындағы маңызды мәселелердің бірі - ұлттық сананы қалыптастыру екендігі баршаға белгілі. Бұл кеш болса да біздің мемлекетімізде ресми түрде қолға алынған тақырып болатын. Бірақ осы мәселенің шешілуі алдымен зиялы қауымның іс-әрекетімен тығыз байланысты екендігін білуіміз керек. Алайда жоғары білімі барлардың барлығын зиялы қауымның қатарына жатқыза беретін болсақ, онда біз бұл ұғымның ішкі мәнін жоғалтып аламыз. Осыған орай: «Ұлт зиялысы дегеніміз - сол өзі шыққан ұлттың бар жақсы қасиетін бойына сіңірген; кісілік парасаты биік; халқының мүддесін жеке бастың мүддесінен жоғары қойып, саналы ғұмырын соған қалтқысыз қызмет етуге арнаған; ұлттық дамудың мүддесін көздейтін әлеуметтік мұраттарды алға шығарып, қолдап, қорғап отыратын; осы жолда кездескен қиындыққа қаймықпай қарсы тұрып, қажет болса мақсатты ісінің жолында күресіп, құрбандыққа бара алатын, рухы биік, ары таза, қайраткер адам» - деп анықтама берген ғалым ағаларымыздың пікірін айтып кеткеніміз жөн сияқты [1; 23 б.]

XIX ғасырдың екінші жартысында бастау алған ағартушылық ағымның әсерімен сусындаған қазақ зиялы қауымының бір шоғыры XX ғасырдың басында Ресей империясында орын алған әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді байқай отырып, өз ұлтының болашақ тағдырына алаңдай бастады. Бірақ олардың өз халқына жаны ашып, қоғамда болып жатқан өзгерістердің оң және теріс жақтарын ашық айтуына сол кездегі билік өкілдері (патша үкіметі) жол бере қойған жоқ. Алайда ағартушылық ағым өкілдерінің ісі зая кетпей, ол ұлтшылдыққа ұласты. Тоталитарлық жүйенің алғашқы құрбаны болған Жүсіпбек Аймауытұлының «Ұлты үшін құрбан болуға шыдағандық – ұлтшылдықтың осы күнде ең берік ережесі» - деп айтуы да осы кезең болатын [2; 193 б.].

Әр қоғам өз адамын туғызады, себебі адам өзі өмір сүріп отырған ортаның перзенті. «Барлық қоғамдық орта секілді қазақ даласы да ғасырлар беделінде өзінің ұлы ұландарын туғызып отырды, бірақ олар өзінше ерек, далалық табиғатқа тартатын» - деп, кезінде атап өткен қазақтың біртуар ұлы Міржақып Дулатұлы жазғандай жеке тұлғалардың арасында ұлы тұлға дәрежесіне жеткендердің барлығында өзін қоршаған әлеуметтік ортаның әсер ететіндігін дәлелдейтін факторларды тарихтан көптеп келтіруге болады [3; 296 б.].

XX ғасырдың басында басталған бірінші дүниежүзілік соғыс, соның әсерімен болған Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы екі орыс революциясы мен азамат соғысы, бұлардың барлығы сол кездегі Ресей империясының құрамында болған қазақ даласына әсер етпей қоймады. Сол кездегі қазақ зиялы қауым өкілдерін толғандырған бірден-бір мәселе ұлттың болашақ тағдыры болатын. Ал оны іске асыратын ұлттық саяси партия екендігі белгілі. Осы мәселені шешу жолындағы күрестің басы-қасында «Алаш»

партиясының негізін салушы ірі тұлғаларымыздың бірі, өзінің бар ғұмырын ұлт қамына жұмсаған, қоғам қайраткері әрі ғалым Әлихан Бөкейханов тұрды.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1866 жылдың наурыз айының 5-де қазіргі Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы жерінде дүниеге келген. Әкесі – Нұрмұхамед, анасы – Бегім көзі ашық, ой-өрісі кең жандар болған. Ауыл молдасының оқуына риза болмаған қабілетті Әлихан қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепте оқиды. Одан кейінгі білімін ол Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектеп-интернатта жалғастырды. 1886-1890 жылдар аралығында Омбыдағы техникалық училищеде оқып, өзінің алғырлығының арқасында 1890 жылы Санкт-Петербург Орман шаруашылығы институтының «экономика» мамандығына оқуға түседі. Бұл уақыттар жас Әлиханның өмірге деген шынайы көзқарасының, ұлттық болмысы мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу кезеңі болатын. XX ғасырдың басындағы орыс қоғамындағы саяси-әлеуметтік өзгерістер оның қазақ ұлтының болашағына байланысты тұжырымдар жасауына негіз салды.

Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметін зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне сүйенетін болсақ, оның ғылыми, саяси көзқарасының қалыптасуына мынадай жағдайлар әсер еткен. Біріншіден, жас Әлиханның Орман шаруашылығы институтындағы оқыған пәндерінің көмегі, орыс ұстаздарының ықпалы оның өмірінде із қалдырды. Екіншіден, бірінші орыс революциясын көзбен көру, оның қимыл қозғалысына қатысуы оның саяси көзқарасына, халық мүддесін түсінуіне әсер етті деуге болады. Үшіншіден, оның орыс буржуазиясының «Кадет» партиясына мүше болуы да оның болашақта «Алаш» партиясының негізін салуына жол ашты. Төртіншіден, XIX ғасырдағы Шоқан, Ыбырай, Абай шығармалары арқылы қалыптасқан Әлихан Бөкейхановтың бойындағы ағартушылық қасиет елін басқару емес, еліне қызмет етуді бірінші орынға қойған ұлтшылдық қасиетке ұласты. «Ұлтшылдық» деген ұғымды кезінде теріс мағынада түсініп, одан «ат-тонымызды» ала қашып, басқалардың «ұлтшылдығына» кінә артып, айыптап, өзімізге өзіміз қарсы шығып жүргендегі іс-әрекетіміз ақыр соңында ұлтсыздану үрдісіне алып келгендігін кеш ұғып отырған жайымыз бар. Қазіргі таңдағы қазаққа жетпейтіні де осы: қазақты сүю, оған жан ашу, бірін бірі қорғау, қорғаныш болу, сол үшін жан беру.

«Қырағы, қия жазбас, сұңқарым-ай!
Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай!
Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай!»

Бұл Алаш қайраткерлерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлының «Достыма хат» деген Әлиханға арнау өлеңінің басы [4; 25-26 бб.] Осы төрт жол өлең шумақтарынан-ақ Әлихан Бөкейхановтың қазақ халқының тағдырында қандай орын алатындығын байқауға болады. «Қараңғы қазақ көгіне күн болуды» армандаған Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты қалай болғанда да бұқара халықты алға жетелеуші, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосуды көксеген Әлихан Бөкейхановтың тек саясаткер ғана емес, қоғамның, оның ішінде ғылымның іргелі салаларымен шұғылданғандығын енді біліп отырған жайымыз бар. Оның «Қара қыпшақ Қобыланды» жырына, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» поэмасы мен «Түрк, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты шығармасына сын-пікір білдіруі әдебиет пен тарихтан, «Мұсылман сиезі» атты мақаласындағы ойлары тіл саясатынан мол хабары бар екендігін білдірсе керек. 1904 жылы Томбы қаласынан шыққан «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы» атты монографиясында ол ірі статист және экономист ретінде танылды. Оның ғалым ретінде қазақтың ата кәсібі - мал шаруашығы туралы жүргізген зерттеулері, айтқан пікірлері мен ұсыныстары, дәлелдемелері өзінің маңыздылығын әлі жоя қойған жоқ. Себебі Қазақстан жер көлемі жағынан дүниежүзінде алғашқы ондықтың қатарында болғанымен, ауыл шаруашылығындағы жер мәселесіне байланысты қиындықтар шешімін таба алмай отырған жайы бар. Осы тұрғыдан Әлихан Бөкейхановтың 1913 жылы «Қазақ» газетіне басылған мақаласының орны бөлек. «...Бұрын адам аз, жер көп болған, мұны біздің қазақ өз көзімен көріп отыр. Жердің көп-азына қарамай, жердің һауасына қарай адам баласы мал баққан иә егін салған. Жер көп болып, мал бақса, бұл шаруаны қылған жұрт малмен

бірге көшіп жүрген. Жер аз болса, жердің ауасы егінге қолайсыз болса, мал шаруасын ұстап отырып, малды көшіріп қойып, жұрт өзі отырықшы болған...Көшпелі деген сөз мал бағатын шаруаны түгел жаппайды. Қала болып отырып мал шаруасын атқаруға болады...» [5; 290 бб.]

Оның 1906-1907 жылдары Омбы қаласында «Иртышъ», «Омичъ», «Голос степи» газеттерінде редактор болуы оның баспа ісінен де құралақан еместігін көрсетті.

Қазіргі ақпараттық қоғам, жаңа технологиялар жағдайында жастарға газеттің құдіретті күші, оның қоғамдағы маңызы туралы айту міндетті болғанымен, оған назар аударып жатқан топтың немқұрайлы қарауы көңілге кері әсер ететіндігін жасыруға болмайды. Қайраткердің өзі айтқандай:

«Сипалап айналама қол сермедім,
Жастардан еріншекті мен көрмедім!
«Қазаққа» бар білгенін жазып тұрса,
Еріншек біздің жастар мен дер ме едім?» [6; 173 б.]

Ғалым бабамыздың күллі адамзаттың қас жауы болып саналатын, бойымызға әбден дендеп кеткен осы бір жағымсыз қасиет туралы осыдан жүз жыл бұрын айтқан ақиқатының келеңсіз жайт екендігін білсек те назар салмай, одан әлі күнге дейін арылмауымыз ұлтымызға сын деп есептер едім.

Өмірдің қай жағынан болса да пікірлес болған Ахмет Байтұрсыновтың бұқаралық ақпарат құралдары туралы көзқарасын жалғастыра отырып, Әлихан Бөкейханов газет туралы былай деп жазған болатын: «...Еуропада кестелі сөз арасында газета күші ұлы патшалықтың бірі деп сөйлейді...Еуропада газета – ғұмыр айнасы. Ғұмырда не болса, бәрі газетада көрініп тұрады. Газетаны оқып жұрт өзін өзі көреді, өзін өзі біледі.» Бұл сонау XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ зиялыларынан бастау алған ағартушылық ағымның жалғасы болатын. Жастардың білімді, көзінің ашық, озық болуын қалаған алаш қайраткерінің бүкіл ғұмыры осыған бағытталды [7; 172 б.]

«Тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп ант берді. Уәдесінде тұрды. Оның өмірі – халқының жарқын болашағы үшін сарп етілген азапты ғұмыры- саясаткердің, күрескердің, ғалымның, жалынды көсемсөзшенің қиын-қыстау замандарда аянбай төккен ащы маңдай терінен тұрады. Ол қазақтың болашақ егемен мемлекет іргетасының алғашқы кірпішін қалады», - деп Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметі туралы алғашқы зерттеу еңбектерін арнағандардың бірі Бейбіт Қойшыбаев жазғандай, 1920 жылы құрылған Қазақ автономиясының аты бөлек болғанымен, заты Алаш болатын [8; 6 б.]

Сондықтан Әлихан Бөкейхановты тек ірі саяси қайраткер ретінде ғана емес, сонымен қатар жан-жақты, ғылымның көп саласынан хабары бар ғұлама ғалым ретінде де танып, оны болашақ жас ұрпақтың бойына сіңіру және насихаттай білуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.Сейдімбек, Х.Әбжанов, Қ.Салғараұлы. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. Астана. «FOLIANT». 2012. 23 б.
2. Ж.Аймауытұлы. Ұлтты сүю. «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. – Алматы. «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы». 2009. 193 б.
3. М.Дулатов. Шығармалары. Алматы. «Ана тілі». 2010. 296 б.
4. А.Байтұрсынұлы. Шығармалары. Өлең аудармалар, зерттеулер. А., «Жазушы», 1989. 25-26 бб.
5. «Қазақ» газеті. 1913 жыл. Алматы. «Арыс» 2009. 289-290 бб.
6. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. Алматы. «Қазақстан». 1994. 173 б.
7. Бұл да сонда. 172 б.
8. Б.Қойшыбаев. Әлихан Бөкейханов. Алматы. «Жеті Жарғы» 2001. 6 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ – МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАЙРАТКЕРІ

Алтыбаева Р.Б., Алтыбаева Б.М.

Мектеп мұғалімдері

Қазақ жазба әдеби тілі негізінің қалануы жөнінде сөз қозғалғанда Ыбырай, Абай, Ахмет сынды ұлтымыздың ардақты тұлғаларының есімдері алдымен аталады. Халқымыздың ұлы тұлғаларының, қазақ әдебиеті мен тіл ғылымының аса көрнекті өкілдерінің қазіргі ұлттық жазба әдеби тілдің негізін қалауға, оны қалыптастыруға айрықша үлес қосқанына ешкімнің таласы жоқ. Бұлармен бірге ұлттық жазба әдеби тілінің қалыптасуына айрықша атсалысқан, қайраткерлік қарымымен де, қаламымен де елеулі үлес қосқан тағы бір тұлға бар. Ол – Әлихан Бөкейхан. Бұл тұлғаның өмір жолы мен еңбек жолы жайлы тереңірек тоқталайық.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов – көрнекті қоғам қайраткері, Ресейдің жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің депутаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік думаның мұсылман фракциясының Бюро мүшесі, Санкт-Петербург мاسоны, қазақтың 20 ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының негізін салушы әрі көсемі, халқымыздың тұңғыш саяси Алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, ғұлама ғалым – ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі дарынды публицист.

Ә.Н.Бөкейханов 1866 жылы 25 наурызда Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7-ші ауылында дүниеге келген. Бұл қазіргі Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданына қарасты Қаратал ауылы. Ол қазақтың ақырғы ханының бірі Бөкейден тараған ұрпақтың төртінші буыны, Бөкей ханның шөпшегі.

Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін, Қарқаралы қаласының қазақ балаларына арналған метепте 1879 жылдың 16 қыркүйегінен 1886 жылдың 16 маусымына дейін тәрбиеленіп, оқу барысында үлгілі тәртіп танытқан.

1886 жылы ол Омбыға келіп, жергілікті 4 жылдық техникалық училищеге «пансионер» болып қабылданды. Ол 1890-1894 жылдары Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқыды. Осы жылдары ол барлық студенттік қозғалыстарға белсенді түрде араласып, әсіресе солшылдардың көзқарасына бейім болды. Ә.Бөкейханов Ресей жандармерия басқармасының назарына алғаш рет студенттік жылдары-ақ ілігіп, «саяси сенімсіздердің» қара тізіміне алынды. Әлихан бұл тізімнен патша өкіметі күйреп, Кеңес өкіметі орнаған жылдары да – 1937 жылдың қыркүйегінде «халық жауы» болып атылып кеткенге дейін де шыққан жоқ.

Аталмыш оқу орнын ойдағыдай бітіріп, Әлихан Бөкейханов 1894 жылы Омбы қаласына қайта оралады. Келісімен Омбы қаласындағы орман шаруашылығы училищесінде математика пәнінен оқытушы болып қызмет істейді. Осы жылдары социалистік бағыттағы «Степной край» газетінің қызметіне белсенді түрде араласып, оның редакция алқасының құрамына кірген. Әлиханның Омбыдағы жылдары оның көрнекті қоғам, саяси қайраткер ретінде де, педагогтық, ғалымдық, әдебиеттанушылық талантын жан-жақты ашып берді. Ол қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын жан жақты зерттеген санаулы ғалымдардың бірі.

Әлихан Омбы қаласында Орыстың императорлық жағрафия қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің қызметіне қызу араласады. Алғашқы күндерінен-ақ белсенділігімен танылған Әлихан 1896 жылы қоғамның Батыс-Сібір бөлімінің толық мүшелігіне қабылданады да, ал 1901 жылы бөлімнің басқару комитетіне мүше болып сайланады. Сонымен қатар, ол жағрафия қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің Семейлік бөлімшесін ашуға және қызметіне тығыз араласып, «Запискилерде» ғылыми мақалаларын жиі жариялап отырды. Ол Абай Құнанбаевпен қатар Семейдің статистика комитетіне де мүше болды.

Әлихан Бөкейханов – қазақтың тұңғыш энциклопедисі деуге де негіз бар XX ғасыр басында неміс Ф.А.Брокгауз бен орыс И.А.Ефрон секілді баспагерлер көптомдық «Жаңа энциклопедиялық сөздігін» шығарып тұрған. Қазақ өлкесін танушы ғалым Бөкейханов осы «сөздікті» әзірлеуге ат салысқан. «Сөздікке» енген қазақтың тарихы, қазақтың хандықтары, мысалға Бөкей ордасы жайында (8 том, 447-452 беттер), қазақтың көрнекті хан-көсемдері туралы және басқа материалдарды Ә.Бөкейханов әзірлегендігі күмән тудырмайды. Энциклопедиялық сөздікті баспаға дайындаған қызметкерлердің тізімінде Ә.Бөкейхановтың аты-жөні 4 томнан 21 томына дейін дерлік көрсетілген.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың өмірінде Семей қаласының алатын орны айрықша екенінде ешқандай шүбә келтіре алмаймыз. Ә.Бөкейхановтың 1896-1903 жылдары Семей және Ақмола облыстары уездерінде қазақ жер пайдалануын зерттеумен айналысқан Щербина экспедициясына қатысып, қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық өміріне, мәдениеті мен тарихына қатысты бірқатар ғылыми құнды еңбектерді жазуы, ұлы ақынымыз Абайдың әдеби бай мұрасымен етене жақын таныс болуы, өзінің Омбы кезеңінен жақсы білетін досы, орыс ғалымы Иван Филиппович Гусевтің айтуымен Шәкәрім еңбектеріне баса көңіл бөліп, кейінде «Қазақ» газетінде «Қалқаман-Мамыр» поэмасы туралы пікір білдіруі, тағы басқа оқиғалар оны үнемі шетте Омбы, Петербург қалаларында оқып, қызметте жүрсе де, Семей зиялыларымен барынша жақындастыра түседі.

Әсіресе, данышпан Абайдың өліміне байланысты алғаш баспасөз бетінде суретіне қоса қазанама жазып жариялауы, сондай-ақ Абайдың ұлы Тұрағұл және немере інісі Кәкітай Ысқақұлымен бірге ұлы ақынның өлеңдерін жинақтап, баспаға әзірлеп жарыққа шығаруы, оның Семейдегі өмірінің ең ұмытылмас жарқын сәттері болды. Ұлы ақын мұрасына деген бұл сүйіспеншіліктің соңы Әлихан Бөкейханов пен Абай балалары, жалпы Құнанбай қажы ұрпақтары арасындағы үлкен сыйластыққа, достыққа келіп ұласқаны белгілі.

1905-1907 жылдардағы Әлихан Бөкейхановтың Семей өңіріндегі қоғамдық-саяси қызметі оның халық депутаты, қазақ кадет партиясы басшыларының бірі ретінде Петербургта І Мемлекеттік Думаның жиынына аттануымен аяқталып, одан ары қарай жаңағы Мемлекеттік Думаның тарауы және Финляндияның Выборг қаласындағы «Выборгское воззвание» деген үлкен саяси оқиғаларға қатысуымен жалғасады. Алайда, ел өміріндегі осындай күшті саяси толқуларды басып-жаныштауға байланысты жергілікті патша өкіметі органдары тарапынан Алаш ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерін қайта қуғындау басталады. 1908 жылы Әлихан Бөкейханов екінші рет тұтқындалып, Семей түрмесіне камалады.

Әлихан Бөкейхановтың Семейдегі саяси қызметінің ең бір маңызды кезеңі 1917 жылғы патшалық Ресейдегі ақпан төңкерісімен тікелей байланысты болып келеді. Ә.Бөкейханов ақпан төңкерісінен үлкен үміт күткен еді. Бірақ үміті ақталмады: Уақытша үкімет, оның ішінде кадет партиясының көсемдері қазаққа автономия бергілері келмей, жалтарды. Оның үстіне, кадет басшыларымен ол жер мәселесі, шіркеуді үкіметтен бөлу және басқа көкейкесті мәселелер бойынша ымыраға келе алмай, партия қатарынан шығып кетеді.

Осы жылдары Семейде Алашорда үкіметінің ақ туын көтерген Әлихан, Ахмет, Міржақып бастаған Мұхаметжан Тынышпаев, Халел Ғаббасов, Райымжан Мәрсеков, Жүсіпбек Аймауытов, Тұрағұл Абайұлы, Ахметжан Қозыбағаров, Мәннан Тұрғанбаев, Жақып Ақбаев, Мұхтар Әуезов, Әбікей және Қаныш Сәтпаевтар, Ыдырыс Мұстамбаев тәрізді тағы басқа ұлт зиялылары жан аямай қызмет етті. 1917 жылдан 1927 жылға дейінгі он жылға жуық уақыт аралығында Семейдің бұрынғы «Заречная Слободка» деп аталатын бөлігі Алаш қаласы болып аталып келді. Тек, 1927 жылдың 15 қыркүйегінде барып Семей қалалық кеңесінің шешімімен Алаш қаласы Жаңасемей болып өзгертілді.

Әлихан Бөкейханов 1918 жылдан бастап өзінің Алашорда үкіметінің төрағасы қызметіне байланысты Семейде тұрды. Ол Алашорда үкіметінің Ұлт Кеңесі, Семей облыстық кеңесі, облыстық және уездік Земство басқармалары, Алаш қалалық Думасы мен Алаш қалалық қоғамдық басқармасы тәрізді болашақ мемлекеттік басқару жүйелерін құруға

катысты қыруар істер атқарды. Сондай-ақ Алаш милициясы мен атты әскер полкін құруда да елеулі еңбек сіңірді.

1920 жылы қазақ автономиясын құру және оның территориясын белгілеу жұмысы қаралған комиссияның отырыстары 12, 14, 18, 19-тамызда, яғни, бірнеше мәрте өтеді. Осыған қарап-ақ, мұнда Сібір ревкомы мен Астрахань губерниясының қарауына өтіп кету қаупі туындаған жерлердің құдай қарасып, Әлімхан Ермеков мен Ахмет Байтұрсыновтың арқасында қазақтың бас меншігінде қалғанын аңғару қиын емес. Соңғы, 24-тамызда өткен қортынды жиында Ленин қаулының дайын екенін, Әлімхан Ермековтің қайта жасалған баяндамасы бойынша заңдастыру қажет екенін айтып, шешім шығарады. Әлімхан өз естелігінде Әлихан Бөкейхановтың осы жиыннан кейін Лениннің кеңсесінде қалып қойып, бекітілген шекараға тездетіп қол қоюын өтінген екен. Себебі, сол тұстарда таласқа түсіп жатқан облыстардың жетекшілері тағы да ұсыныстар жасап, Сталинге кірмек ниетте болған көрінеді. Ұлт көсемі Әлихан осыдан секем алса керек, тезірек заңдастыруға асыққан.

Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейхановтың Семей түрмесінен босап шыққаннан кейін, большевик көсемдері енді оны елінен кетуге мәжбүр етеді. Сөйтіп, 1922 жылдың күзінде Ә.Бөкейханов Мәскеуге жер аударылады. 1922 жылы Мәскеу қаласындағы Ұлттар істері жөніндегі Халық комиссариаты жанындағы Орталық баспаның ғылыми қызметкері, 1926-1927 жылдары Ресей Ғылым Академиясының ғылыми қызметкері қызметін атқарды. 1926-1927 жылдары Ерекше Комитеттің тапсыруымен С.П.Швцов басшылық еткен экономикалық, антропологиялық, этнографиялық экспедициясымен Қазақстанның зерттелмей кенже қалған өлкесі Адай үйезіне, қазіргі Атырау және Маңғыстау облыстарына аттанды. Ол үйездің табиғатын, экономикалық жағдайын, кіші жүз руларының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын зерттейді. Соңында жиналған материалдарды өңдеп, қорыңдылап, тиянақты ғылыми еңбек жазып, ол еңбегі экспедицияның басқа материалдарымен бірге жарияланады. Ал, 1937 жылдың 27 қыркүйегінде Қазақстан Кеңестік Республикалар Одағы Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы «возглавлял контрреволюционную борьбу против Советской власти, устроил связи с руководителями террористического центра в Казахстане и в Москве» деген жалған айыппен қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының негізін қалаған аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов елінен тыс жерде – Мәскеуде өлім жазасына кесілсін деген үкім шығарды.

Соңғы тергеуде Алаш партиясы мен кеңестік билікке қарсы әрекеттеріне байланысты барлық жауапкершілікті өз мойнына алған Бөкейханов ақтық сөзінде «Кеңестік билікті сүйген емеспін, бірақ мойындауға мәжбүрмін» деп мәлімдеді. Үкім сол күні-ақ жүзеге асырылды. Сөйтіп, жаңа үкімет Алты Алаштың көсемі Ә.Бөкейхановты өлім жазасына кесе отырып, қазақ халқының ұлттық, ұлт-азаттық қозғалысының күре тамырын шауып тұншықтырмақ болды, қазақтың ұлттық намысын, сана-сезімін аяққа таптамақ ниетін танытты.

Ә.Н.Бөкейханов 1955 жылы 8 қыркүйекте толықтай ақталған. Бірақ КГБ осы жаңалықты халықтан 34 жыл бойы жасырып келді. 1989 жылы қайта отырыс өтіп, Бөкейханов тағы да ақталды.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Алаш. Алашорда: Энциклопедия.- Алматы: Арыс, 2009.- 108-109 б.
- 2.Қазақ газеті. 1913 жыл.- /Құраст.: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева.- Алматы: Арыс. 2009.- 480 б.
- 3.Қазақ газеті. 1914 жыл.- /Құраст.: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева.- Алматы: Арыс. 2009.- 504 б.
- 4.Әділбекқызы Ж. Семей орыс географиялық қоғамы және қазақ зиялылары //Абай.- 2004.- №1.- б.61-64

АЛИХАН БУКЕЙХАН КАК ПОЛИТИЧЕСКИЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ КАЗАХСТАНА

Аубакирова Н.А. преподаватель., м.ю.н.

Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

Политико-правовая история Казахстана относится к фундаментальным исследованиям по своей теоретической и практической значимости, в системе юридической науки. В связи с этим изучение проблем государственного строительства Казахстана сквозь призму исторического развития, является по своей сущности доминирующим направлением развития современной юридической науки, как теория и история государства и права, история политической и правовой мысли, которая дает возможность проанализировать значимые аспекты для формирования национального, демократического и правового государства в Республике Казахстан.

В начале XX в. проблема национально-государственного устройства была исключительно важным и целевым направлением политической борьбы лидеров передовой национально-демократической интеллигенции в период двух революции 1917 г., и в годы гражданского противостояния. Доминантой в настроениях национально-демократической интеллигенции (крупные лидеры, первые юристы-казахи – Б.Каратаев, М.Шокай, Ж.Акбаев, Ж.Сейдалин, Ж.Досмухамедов, У.Танашев, Ш.Бекмухамедов и др.) была идея и принципы автономно-территориального устройства Казахстана в составе Российской Федерации.

Получившая образование в лучших российских университетах передовая казахская интеллигенция в начале XX века ясно осознавала необходимость коренных политических и конституционных перемен в жизни общества. Во всей своей творческой и практической деятельности ею выдвигались такие конституционные идеи как равноправие, неприкосновенность личности, политические свободы, автономия, ликвидация неграмотности, сохранение родного языка, разделение властей, верховенство закона и др.

В этот период необходимо было выработать идейные принципы нового государства, основы отношения к Временному правительству и Учредительному собранию, определить условия и особенности вхождения Казахстана в новое Российское государство. Одной из важнейших задач того времени была консолидация нации и национальной интеллигенции вокруг единой политической организации. До формирования партии такую роль выполняла газета «Казах», ставшая впоследствии органом партии. Почву для формирования партии, безусловно, подготовило активное участие в общероссийской политической жизни Алихана Букейханова и многих других деятелей.

Еще в 1905 году в Уральске по инициативе политического и общественного деятеля Алихана Букейханова и других казахских интеллигентов состоялся съезд делегатов пяти областей, на котором было принято решение создать «казахскую конституционно-демократическую партию». В июне 1906 г. подобный съезд состоялся и в Семипалатинске. В программе этой партии, опубликованной в газете «Фикер», издававшейся в Уральске, основные требования были следующими: принятие закона о передаче всей казахской земли в собственность казахам, приостановление переселения из внутренних областей России в степь, открытие для казахских детей школ, медресе, университетов и другие.

В 1910 году А. Букейханов писал в своей работе «Киргизы. Формы национального движения в современных государствах»: «В ближайшем будущем в казахской степи среди киргизов (казахов) возможно появление, в соответствии с двумя политическими направлениями, двух политических партии. Одной из них под названием национально-религиозной будет ставить своей целью объединение казахов с другими мусульманами. Другая – западного направления.... Если первая в качестве образца будет иметь мусульманские, татарские партии, то последняя – русскую оппозиционную, а именно – партию «народной свободы».

По мнению исследователя истории движения «Алаш», профессора К. Нурпеисова, в годы после первой русской революции среди казахской интеллигенции было немало сторонников либерального направления. Среди них Ахмет Биримжанов и Жанайдар Сейдалин в Костанае, Есенгали Турмухамедов в Актобе, Бакытжан Каратаев в Уральске [1].

После февральской революции в Казахстане по инициативе казахской национальной интеллигенции начало формироваться движение «Алаш». Документальные источники свидетельствуют, что казахская интеллигенция, объединившаяся вокруг А. Букейханова, на протяжении 1905-1916 гг. многократно выступала за реализацию умеренных реформ. Эти предложения в целом, сводились к прекращению или изменению административного управления казахским обществом со стороны колониального аппарата, хотя бы в областях и уездах. Другим направлением общественно-политической деятельности казахской интеллигенции стали компании по приостановлению, а затем прекращению деятельности переселенческих управлений. В-третьих, казахская интеллигенция предпринимает попытки утвердить себя на политической арене общества в качестве важной политической силы [2].

Съезд (21-28 июля 1917 г. в Оренбурге собрались представители всех населенных преимущественно казахами областей) выдвинул требование территориально-национальной автономии в рамках Российской демократической Федерации. Были избраны 8 делегатов на Всероссийский мусульманский съезд, а также на съезд федералистов в Киеве и выдвинуты 79 кандидатов в Учредительное собрание. Тогда же произошел отход «Алаш» от кадетов. 24 июня 1917 г. газета «Казах» указывала, что ни одна из программ действующих партии «не соответствует целям казахского общества». Избранный на 8-ом съезде кадетов в состав ЦК А. Букейханов в июле заявил о выходе из партии. Одной из причин такого решения он назвал несогласие со стремлением кадетов сохранить частную собственность на землю и унитарное государственное устройство. Кроме того, он выступал за отделение церкви от государства. По его инициативе на 1-ом всеказахском съезде было заявлено о намерении, создать самостоятельную национальную партию.

Трансформация движения «Алаш» в партию началась летом 1917 г. В отличие от всего предшествующего периода, развитие «Алаш» в 1917 году значительно ускорило: от культурного просветительства и оппозиционного либерализма его сторонники перешли к организации политической структуры с четким национально-государственными, демократическими приоритетами, существенно расширили свое влияние в массах. Этот процесс был тесно связан с выборами в Учредительное собрание. В каждой области по решению 1-го всеказахского съезда выдвигались принятые им единые списки кандидатов. Одновременно создавались партийные органы [3].

21 ноября 1917 г. в газете «Казах» был опубликован проект программы партии «Алаш». Первоочередные задачи в нем носили общедемократический характер: всеобщее избирательное право, пропорциональное национальное представительство, демократическая федеративная республика Россия с президентом и законодательной Думой во главе, равенство входящих в нее автономии, демократические свободы, отделение церкви от государства, равноправие языков и т.д.

2-ой Всеказахский съезд (5-13 декабря 1917 г., г. Оренбург) единогласно постановил образовать территориально-национальную автономию областей.

В постановлении съезда отмечалось следующее: Автономии казахских областей присвоить название «Алаш». Конституция автономии «Алаш» утверждается всероссийским учредительным собранием. Всем, кто живет среди казахов, гарантируются права меньшинства. Во всех учреждениях автономии «Алаш» представители всех нации должны быть представлены пропорционально. Представляется также экстерриториальная и культурная автономия тем, кто без территории окажется в пределах автономии «Алаш». В целях спасения области «Алаш» от общего развала анархии, организовать временный народный совет «Алаш-Орда», состоящий из 25 членов, 10 мест из которых предоставить русским и другим народам, живущим среди казахов. Местом пребывания «Алаш-Орда» временно избрать Семипалатинск. «Алаш-Орда» должна немедленно взять в свои руки всю

исполнительную власть над казахским населением. «Алаш-Орда» обязана в ближайшее время созвать учредительное собрание автономии «Алаш» на началах, выработанных им применительно к существующим правилам о производстве выборов в общее российское учредительное собрание. «Алаш-Орда» уполномочивается съездом:

1) заключать займы;

2) вести переговоры в блоках с другими автономиями, причем само заключение договора предоставляется учредительному собранию «Алаш».

Движение «Алаш» и деятельность яркого представителя А.Букейханова оставил заметный след в политической истории Казахстана в начале 20 века. Имеющиеся источники и полученные выводы, их обобщение и анализ дают нам возможность утверждать, что деятельность одного из лидера движения «Алаш» явилось заметным общественно-политическим явлением в политической истории казахского народа.

Библиографический список

1. Телебаев Г. Первая либеральная // Казахстанская правда, 2001 г. 13 сентября.
2. Нурпеисов К. Роль и место партии «Алаш» в общественно-политической жизни Казахстана // Столичное обозрение, 1998, 16 ноября.
3. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш, Москва, Россия молодая, 1994, с.25,26.

СИБИРСКИЙ ПЕРИОД В ЖИЗНИ АЛИХАНА БОКЕЙХАНОВА

Дулатов Б.К. магистр педагогических наук

Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

Конец XIX – начало XX вв. в истории Казахстана, в общественно-политической сфере знаменателен интересными событиями. В данный период формируется казахская интеллигенция, впоследствии оказавшее значительное влияние на развитие казахской государственности. Одним из видных государственных и общественных деятелей является А. Н. Букейханов, организатор и лидер национально-демократической партии «Алаш», глава первого казахского национального правительства Алашорда, ученый, талантливый публицист, депутат съезда «земских и городских деятелей России», депутат I Государственной думы и съезда «мусульманского населения» народов России, член бюро мусульманской фракции IV Государственной думы, Санкт-петербургский масон, выдающийся ученый - лесовод, экономист, историк, этнограф, литературовед [3].

Процесс обучения, согласно традициям своего времени А.Букейханов начал у муллы, затем продолжил учебу в трехклассной русско-казахской школе. После школы три года обучался в Каркаралинске в реальном училище. После завершения обучения А.Н.Букейханов получил аттестат следующего содержания: «Предъявитель сего сын султана Каркаралинского уезда Алихан Нурмухамедов, вероисповедания магометанского, имеющий от роду 16 лет, обучался в Каркаралинском городском училище с 17 августа 1881 года по 16 июня 1886 года, во все время учебы вел себя отлично. На окончательном испытании учеников городского училища, бывшего в июне 1886 года, показал в предметах курса городского училища следующие успехи: в Законе Божьем, Русском языке, Арифметике, Геометрии, Алгебре, Физике, Географии — отличные; Истории всеобщей и русской, Естественной истории — отличные; Черчении и Рисовании — хорошие. Нурмухамедов, как окончивший курс наук в городском училище, при отбывании воинской повинности пользуется льготой 3-го разряда по образованию. В удостоверении чего и дан ему, Нурмухамедову, сей аттестат за надлежащим подписом и приложением казенной печати. Каркаралинск, 16 июня дня 1886 года». На оригинале хорошо сохранилась сургучная

печать училища, разборчивы подписи председателя педагогического совета (он же учитель-инспектор) Николая Блинова и учителя Дмитрия Вяткина [2].

После окончания данного учебного заведения встал вопрос о дальнейших перспективных планах юноши. Город Омск на рубеже XIX-XX столетия являлся административным и культурным центром Западной Сибири. 21 августа 1886 г. А.Букейханов был принят «пансионером» в Омское техническое училище (ОТУ), где ему была определена стипендия в размере 200 рублей. ОТУ было открыто в 1882 г. указом императора России с целью подготовки низших технических кадров для строящейся Сибирской железной дороги. Требования к поступающим в ОТУ были достаточно жесткими. Об этом свидетельствует тот факт, что имеющие образование 3-х классов гимназии и 3-х классов Сибирского кадетского корпуса не смогли пройти вступительные экзамены. Из числа 70 выпускников, получивших специальность в течение 10 лет (впоследствии училище потеряло былое значение, а в годы Советской власти было перепрофилировано в СПТУ), 14 процентов учащихся были детьми дворян, 3 — священнослужителей, 59 — городских жителей и 24% были детьми крестьян. О целях подготовки кадров и уровне знаний можно судить по выступлению бессменного директора ОТУ Н.Е. Доброхотова в 1886 году перед первыми выпускниками училища: «Милые мои друзья... на первых порах Вашей деятельности Вам неминуемо придется находиться в качестве простого рабочего, но Вы этому не удивляйтесь, это так и должно быть. Вы слишком новы для общества и Вам придется доказать словом и делом, что Вы далеко больше имеете знаний, чем простой рабочий, а это обнаружится через известное время. Мой совет — мужайтесь и трудитесь», — говорил он [3].

Четырехгодичный курс училища, наряду с традиционными предметами, как русский язык, русская история, предполагал достаточно сложные дисциплины, например, теоретическая механика, кинематика, подъемные машины и насосы и т.д. Установлено, что подавляющее большинство казахских учеников являлись представителями аульных школ. Данный показатель косвенно свидетельствует о незначительном удельном весе казахогорожан. Фактически все учащиеся ранее проживали на территории Акмолинской и Семипалатинской областей. Таким образом, сохранялся принцип регионального распределения казахской учащейся молодежи [1].

Алихан Нурмухамедов стал студентом Омского технического училища. Каникулярное время обязательно проводил дома, в кругу родственников. Здесь, в Токраунской волости, он сделал первые шаги в своей общественно-политической деятельности. События, которые он наблюдает в Каркаралинском уезде, становятся фактами омской печати. Под псевдонимом «А.Н.» выходят следующие его работы: «Муллы в Каркаралинском уезде», «Из жизни киргизских должностных лиц Каркаралинского уезда», «Из Каркаралинского уезда», «Деятельный управитель». Особо следует отметить его зарисовку «О земледелии в Токраунской, Котан-Булакской и Западно-Балхашской волостях Каркаралинского уезда», в которых автор поднимает тему сохранения тугаев по берегам реки Токрау, защиты лесных массивов с привлечением государственных органов. Это, можно сказать, была своего рода заявка на обучение в стенах Санкт-Петербургского Лесного института [5].

Успехи выпускника по преподаваемым предметам были блестящими: по 10 дисциплинам из 14 — оценка «5», по остальным — «4». Таким образом, окончив очередное учебное заведение, получив в канцелярии Степного генерал-губернатора рекомендательное письмо директора ОТУ Е. Н. Доброхотова на имя заместителя директора С.-Петербургского Императорского Лесного института, доктора биологических наук, профессора Бородин И. П., «киргизский мальчик султан Алихан Нурмухамедов» снова отправляется в путь — в Санкт-Петербург. По прибытии в столицу он незамедлительно принят на 1 курс Лесного института и, судя по архивным сведениям, под фамилией Букейханов-Нурмухамедов [3].

Откроем «Акмолинские областные ведомости» за 28 августа 1890 г. Отъезд на учебу в Санкт-Петербург казахского юноши А.Н.Нурмухамедова вызвал в сердцах омских горожан определенную гордость за воспитанника. «Окончивший в нынешнем году полный курс наук

в Омском Техническом училище киргиз Токраунской волости Каркаралинского уезда султан Алихан Нурмухамедов изъявил желание отправиться в Санкт-Петербург для поступления в Лесной институт. Вполне сочувствуя такому стремлению Нурмухамедова и признавая крайне желательным для Степного края иметь лицо со специальным лесным образованием, господин Главный начальник края (барон М.А.Таубе.) рекомендовал названного молодого человека профессору института Н.Н.Бородину. Султан Нурмухамедов выехал уже в С-Петербург, получив на поездку пособие в 200 руб. из киргизских сумм на народное образование. Дай Бог успеха молодым людям в их научных занятиях для пользы своей и своего народа!» [5].

Возвращение А. Н. Букейханова, после в Омск имеет небольшую предысторию. При получении диплома лесного хозяйства молодой специалист был приглашен в состав научной экспедиции, производившей исследование экономического положения крестьян Ялуторовского района Тобольской губернии. Статистические исследования производились летом 1894 года и, по завершении работ, его приглашают в состав другой экспедиции, о чем свидетельствует С. П. Швецов в своей статье, опубликованной в журнале «Северная Азия». Автор пишет, что «... летом в Омск приехала «экспедиция Половцева» для исследования положения переселенцев в степных областях. Состояла она из молодежи студентов, и только что окончивших высшие учебные заведения, по преимуществу сибиряков. Перед тем эта группа производила обследование... крестьян Ялуторовского уезда Тобольской губернии. «Половцевская экспедиция» привела в Омск только перед тем окончившего курс Петербургского Лесного института Алихана Нурмухамедовича Букейхана... Когда экспедиция не была разрешена, Букейхан остался в Омске и стал участвовать в газете» [4].

Закончив учебу, А. Букейханов вернулся в Омск человеком со сформировавшимися взглядами на колонизаторскую политику Российской империи в казахской степи, вооруженный марксистской экономической теорией, знакомый с видами и методами политической подпольной деятельности, имеющий определенный опыт политической борьбы. По возвращении в Омск он быстро нашел язык с прогрессивно настроенной интеллигенцией, со ссыльными, наладил с ними тесные отношения, стал активно участвовать в общественно-политической работе [4].

Переломную роль в жизни молодого ученого и публициста играет его участие в работе экспедиции Ф.А. Щербины, которая исследовала особенности природы и экономики северо-восточных и центральных областей Казахстана. Затем он принимает участие в исследованиях по Сибири, публикует статьи и монографии. В частности, из-под его пера выходят работы «Женщина по киргизской былине», «Кобыланды» и другие солидные работы. Печатные труды А. Букейханова получают признание среди научной интеллигенции [3].

В 1909 году им был издан сборник произведений Абая в Петербурге. Научная и публицистическая работа А. Букейханова была многогранной и его исследования не потеряли актуальности и по сей день.

Библиографический список

1. Айтмухамбетов А.А. Документы государственного архива Омской области как источники по исследованию казахских учащихся Омска конца XIX- начала XX в. Документ в контексте истории: Материалы II Международной научной конференции / под ред. А.П. Толочко. – Омск: Изд-во Ом. гос. ун-та, 2009.-271 с.
2. Аккулулы С. Жизнь и смерть лидера Алаш Орды. Очерк об общественно-политической и научной деятельности А. Н. Букейхана (Букейханова). Электронный ресурс. Режим доступа - <http://www.elimai.kz/zhizn-i-smert-lidera-alash-ordy.html>
3. Аяған Б. Алихан Букейханов: человек – легенда. Вестник КазНПУ. Алматы, 2011.
4. Әлихан Бөкейхан. Собрание сочинений. Книга 1. /под ред. Аккулыулы С., Базарбаев М. – Алматы, 2002.

5.Сактаганова З.Г., Попов Ю.Г. Некоторые фрагменты научных, общественно-политических связей А.Н.Букейханова и населения Каркаралинского уезда на рубеже 1900-х годов. Вестник КарГУ. Караганда, 2007.

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ ӘЗ ӘЛИХАН

Елеусов Б. А., Жармагамбетов Е.Е., Байбосын Л.С.

*«Қазақстан тарихы және құқық, экономика негіздері» кафедрасы
БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институт*

Қазақ халқы үшін, оның тарихында өшпес із қалдырған ірі тұлға, ұлтымызға қадірлі болған, мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш Орда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханның орны бөлек. Биылғы жылы Әлихан Бөкейханұлының 150 жылдық торқалы тойы болмақ.

«Ер тағдыры – ел тағдыры» деген даналық қағида ұлтына есімі ұран болған Әлихан Бөкейхан мен қазақ халқының тағдырының қаншалықты бір болғандығын айғақтап тұрғандай. Ұлт тағдыры жолында жеке мүддеден ұлт мүддесін жоғары қоя білген Әлиханның есімі сол заманда-ақ алты алаш баласына құрметті болатын.

Тіл тағдыры, жер тағдыры, ұлтының бостандығы, жалпы тәуелсіз ел болу жолында бүкіл ауыртпалықты көтере білген, сол уақытта – Алаш интеллигенциясы болатын. Ондай ұлттық интеллигенцияның басын бір идея, бір мақсат, бір мүддеге тоғыстыра білген ол – Әлихан екендігі сөзсіз. Бүгінгі күнгі шекарамыздың осы күнге дейін аман сақталуы, ол әуелі сол уақыттағы алаш арыстарының тікелей жанқиярлық еңбегі болатын.

Өз бастарына қауіп төніп тұрса да, ұлы міндет, ұлт ісімен, елдік мүдде жолында жүрсе де, риясыз қызмет етуді мақсат санаған алаш зиялылары сол уақыттағы елдік мүддеге қатысты империя деңгейіндегі кез-келген оқиғалардың бел ортасынан табылып отырды[1].

Бәрімізге белгілі ХХ ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Бір жағынан, ескі, күні өткен феодалдық қатынастар өзінің барлық даму қуаты мен өткен қуатын тауысып, қоғамдық өніп-өсуде кедергіге айналса, екінші жағынан, оларды ауыстыра аларлық жаңа қоғамдық қатынастар тым әлсіз, балаң күйде еді. Елдегі мұндай ауыр жағдайды ресейлік империализмнің пәрменді отарлау және орыстандыру саясаты тереңдете түсті.

Міне, осындай жағдайда қоғамдық күреске қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш – ұлттық интеллигенция араласа бастайды. Негізінен Ресейдің оқу орындарында білім алып, отаршыл мемлекеттік басқару аппаратындағы қызметке және қазақ арасына орыс мәдениетін егіп, тарату үшін даярланған зиялылары, бұдан саналы түрде бас тартып, ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық мәдениеттің өсіп-өркендеуіне, ұлт өмірін қайта құру мақсатына қызмет ете бастайды. Соның нәтижесінде қазақ қоғамында мүлде жаңа сападағы жағдай қалыптасып, феодалдық тоқырау мен отарлық тәуелділікке қарсы күрес оның негізгі белгілеріне айналады.

Барлық көрінісі жағынан қазақ қоғамы үшін нағыз өтпелі кезең болған сол уақытта тарих сахнасына көтеріліп, бас-аяғы жиырма жылға созылған қысқа мерзім ішінде өшпес із қалдырған бұл ұлт зиялылары қоғамдық-саяси болмысы тұрғысынан алғанда кімдер еді? Олар еліміздің тарихында қандай орын алмақ? Міне, бұл сауалдар тарихтану ғылымында өз жауабын тапты деп айта алмаймыз. Анығырақ айтқанда, қазақ зиялыларының жүріп өткен тарихи жолы әсіресе 1917 жылғы Қазан революциясына дейінгі қоғамдық-саяси қызметі халқымыздың күрделі тарихының әлі жазылмаған ақтаңдақтарының қатарына жатады[2].

Бұл тақырыпты байыпты, жан-жақты және терең зерттеу қажеттілігі, ең алдымен бүгінгі қоғамдық өмір сұранысынан, соған сай таным құралы ретінде тарих ғылымының табиғи болмысынан туындайтынын мойындау керек. Кез келген өркениетті елде тарих ғылымы сол елдің, халықтың жүріп өткен жолын, әсіресе күрделі тарихи өтпелі кезеңдер мен сол кезеңдерде өзінің қоғамдық қызметімен тарихта терең із қалдырған түрлі қоғамдық

күштердің, жеке тарихи қайраткерлердің өмір жолын зерттеу арқылы өзінің гуманистік міндетін орындап отырған және сол арқылы прогреске қызмет еткен.

Сондай-ақ тарих ғылымында соңғы уақытқа дейін қазақ қоғамында Қазан революциясы қарсаңында оны феодалдық мешеулік пен отарлық тәуелділіктен алып шыға алатындай саяси-әлеуметтік күш болған жоқ деген тұжырым етек алып келді және ол аксиомалық ақиқат есебінде қабылдануға тиіс болды. Бүгінгі біз осы қалыптасып қалған тұжырымдааның жалған немесе ақиқаттығын анықтап, білуге міндеттіміз.

Өз халқының мұнын жоқтаған, сол жолда бар білімін, күш-қайратын жұмсаған осы зиялы қауым мен олардың ізбасарлары өз жеке басының емес, халқы үшін заман тауқыметін тартқан қайраткерлер ретінде тарихымыздан мәңгілік орын алды. Шынында да өз заманының талабын терең түсінген олар ағартушылық қызметпен шектеліп қоймай, азаттық күресі жолында парламенттік әдісті де жетік меңгеріп, қазақ мемлекеттігін қалпына келтірудің демократиялық жолын іздестірді. Олардың өмірі мен қызметі халқымыздың тарихында өшпес із қалдырғаны аян.

Әлихан Бөкейхан қазақтың ұлттық мәдениетін дамыту арқылы Алаш-Қазақ мемлекетін қайта құрумен қатар, Батыс Еуропаның, әсіресе Жапонияның тәжірибесі бойынша елін 20-25 жылда әлемнің төріне жеткізуді нақты жоспарлады. Алаш көсемі халқының қайталанбас төл мәдениеті мен салт-дәстүрінің негізін сақтап дамытуды көздеді. Оған қоса Ресей империясының отарлығындағы түркі-мұсылман халықтарының федерациясын құруға ұмтылды.

Студент кезінде марксизм идеясын терең меңгерген Әлихан 1895-1897 жылдары өз мамандығы бойынша «Омбы орманшылығы орманшысының көмекшісі – төменгі орман мектебінің оқытушысы» болумен қатар, 1930 жылғы естеліктерінде С.П.Швецов мәлімдегендей, омбылық «Степной край» газеті редакциясында қызмет істеп, оның саяси шолушысы, марксизм идеясын насихаттушы ретінде бүкіл Дала өлкесі мен Сібір өңіріне кең танылды[3]. Бірақ қазақтың жер-суын, тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын зерттеп, төрт түлік малын есепке алған 1896-1901 жылдар аралығындағы «Щербина экспедициясы» мен Сібір темір жолы бойындағы қазақтың мал шаруашылығын, қазақтың ірі қара малы мен қой тұқымдарын және санын зерттеген 1902-1903 жылдарғы «Швецов экспедициясынан» кейін Әлихан, қазақ қоғамын төл мәдениетінің ерекшелігі, әлеуметтік құрамы жағынан да, шаруашылығы тұрғысынан да тап-тапқа - еңбекші және капиталист-буржуаға бөлу тұрмақ, шаруа және феодал, яғни езуші және езілуші таптар деп жіктеуге болмайтынына көз жеткізіп, марксизммен біржола қош айтысты. Мысалға, 1917 жылдың қазан айында Томскі қаласында өткен Жалпы сібір сиезінде сөйлеген сөзінде ол: «Халықтарға Маркс бойынша емес, дайын формулалар арқылы емес, өздерінің қалауы бойынша өмір сүру құқын беру керек», - деп мәлімдеді [4]. Ал қазақтардың жапондарға деген қызығушылығы 1904-1905 жылдардағы жапон-орыс соғысы кезінде туғанын 1910 жылы С.-Петерборда басылып шыққан «Қазақтар» атты очеркінде Әлихан былай деп жазды: «Орыс-жапон соғысы басталды... Жеделхаттар жапондардың үзіліссіз жеңістері туралы хабарлар жеткізіп тұрды. Исламның жиһанкез насихатшысының аузынан бар жақсылық пен әділдік тек исламнан шығады деп еститін және оған орыстандыру саясатының тәжірибесі арқасында исламнан тыс еш жақсылық болмайтынына әбден көз жеткізген Дала халқы «жапондар – қазақтармен ұлттық туыстығы бар мұсылмандар ғой» деген аңызға оп-оңай сеніп қалды. Портреттердегі жапондар мен қазақтардың бет-жүздерінің ұқсастығы ол аңызды растағандай болды. Менің мұның бәрі оларды қатты қызықтырды...» [5].

С.-Петербордың императорлық әскери-медицина академиясына жаңа ғана оқуға түскен 1904 жылдың қазан айында Халел Досмухамедұлы Қазан қаласындағы мал дәрігерлік институтында оқитын студент досы Ғұбайдолла Бердіұлына былай деп жазды: «Өзіңнен басқа ондаған, тіпті жүздеген қазақ баласы жоғары білім алып жатқанын көріп, бұл халық та еңбекке, ілгері дамуға қабылетті, кім біледі, бір кезде ол да әлемдік үстемдікте құрметті орындардың бірін алар, ол да екінші Жапонияға айналар дегендей небір ойға келесің».

Анығырақ айтқанда, өзі баулып өсірген «Алаш» зиялыларын бастап Әлихан қазақ елін Батыс Еуропа өркениеті деңгейіне жеткізуді түпкілікті мақсат етіп алды. Осы мақсатқа ол мәдениеті мен әлеуметтік-экономикалық болмысы жағынан қазаққа бір табан жақын жапондардың әйгілі «Мэйдзи төңкерісі» тәжірибесін ден қоя зерттеді.

1937 жылдың 27 қыркүйегінде Мәскеуде Алаш көсемін өлім жазасына кесуге себеп болған ауыр «қылмыстарының» бірі – «жапонтанушы» («японофил») деген айып болатын. Оның ең жақын, адал үзеңгілестерінің бірқатарын «жапон тыңшысы» деген нақақ айыппен қуғын-сүргінге ұшыратты.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға, бүгінде ЮНЕСКО көлемінде 150 жылдығы аталып отырған - Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан еді. Оның есімі ұзақ жылдар бойы сирек аталып, «буржуазиялық ұлтшылдықтың» синонимі ретінде қаралып келсе, кейінгі ұрпаққа қалдырған орасан мол аманат-мұрасы бір кісінің ғұмырындай уақыт шаң басып жатты. Көрнекті қоғам қайраткері – Ресейдің жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің депутаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік думасының мұсылман фракциясының Бюро мүшесі, Санкт-Петербург масоны, қазақтың XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының негізін салушы әрі көсемі, халқымыздың тұңғыш саяси Алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы; ғұлама ғалым – ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы әрі дарынды публицист – міне, ардақты азаматымыздың халқы үшін соңғы демі біткенше атқарып өткен сан-қилы қызметінің негізгі көріністері осындай еді.

Бүгінгі таңда ел тарихы жана сипатта жазыла бастаған тұста, кешегі елім деп ерен еңбек сіңірген қазақтың біртума ұлы, қазақтың мақтанышы, ар-намысы ардақты Әлиханның жалпы түркі халықтары арасында, қазақ халқының санасында алар беделі мен орны тым ерекше екені айдай ақиқат. Елбасы Н.Ә. Назарбаев әрқашан ұлт тарихын бүгінгі күні ұрпақ санасында жаңғырту керектігін айтуда. Сондықтан да жас ұрпаққа Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш алыптарының атқарған ұлы істері мен қалдырған рухани мұраларын кеңінен насихаттау, алаш идеясы негізінде бүгінгі тәуелсіздігіміздің тұғырын берік ету, ол – бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі екендігі сөзсіз[6].

Әдебиеттер тізімі

- 1.Бөкейхан Әлихан. Шығармалар / Ә.Бөкейхан.-Алматы: Қазақстан, 1994.-384 бет.
- 2.Бөкейхан Әлихан. Таңдамалы / Ә.Бөкейхан.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.- 472 б.
- 3.Озғанбаев Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан /Ө.Озғанбаев.- Алматы: Нұрлы Әлем, 1997.- 360 бет.
- 4.Есмағамбетов К. Л. Азат рухтың күрескері / К.Л. Есмағамбетов.- А.: Өркениет, 2003.- 176 б
- 5.Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт / М.Қ.Қозыбаев. – Алматы: Ғылым, 2001.- 238 бет.
6. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. - 232 бет.

ФАКТОРЫ ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ И ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВЗГЛЯДОВ АЛИХАНА БУКЕЙХАНА

*Ералина А.Е. магистр педагогической инноватики, преподаватель общественных дисциплин
Костанайский педагогический колледж*

Алихан Нурмухамедович Букейханов – один из самых известных, влиятельных и ярких представителей казахских интеллигенции начала XX века. Выдающийся политический деятель, стоявший у истоков суверенной казахской государственности, лидер политического движения казахов, депутат I Государственной Думы, он был еще и ученым-энциклопедистом, автором ряда фундаментальных научных трудов, организатором и главой первой казахской политической партии, первого в истории казахов национального правительства Алаш-

Орда, участником многих научно-исследовательских экспедиций, сотрудником ряда учреждений царской России, а также Казахской ССР и СССР - вот весь неполный перечень его деятельности.

Изучение биографии А.Н. Букейханова позволило нам выделить основные этапы жизни и деятельности, а также факторы формирования личности и его педагогических взглядов. Необходимо отметить, что само понятие личности сложное и в ней выделяют несколько подструктур. В том числе и направленность личности, которая является основной для выделения педагогических взглядов А. Букейханова. Направленность личности выражается в целях, перспективах мотивах, идеалах, мировоззрении, убеждении и т.п. К факторам формирования личности в отечественной литературе относятся наследственность, среда (микро и макро-), обучение и воспитание, деятельность. Основы фактор – деятельность, направленная на усвоение социально-исторического опыта.

А. Букейханов был наследником аристократической семьи, так, как родился в 1866 г. В семье чингизидов, являясь потомком хана Букея, в ауле №7 Токраунской волости Каракаралинского уезда Семипалатинской области (ныне Актогайский район Жезказгаской области) [1]. Макросреда, в которой он находился в детстве, представляла собой суровые и красивые условия Центрального Казахстана, кроме того, это еще и социальное окружение, в котором, как известно, традиционно существует целый комплекс детских обрядов, проходящих в семье (обряды детского цикла включают в себя «шилдехана», «аластау», «бесікке салу», «қырқынан шығару», охранные обряды, целительные обряды, которые наряду с мусульманской традицией сохраняли реликты доисламских воззрений и практики) воспитание в аристократической среде имело свою специфику и отличалось от воспитания в семье простого общинника. Как следствие эпохи казахского рыцарского средневековья, аристократ выступал символом воинской доблести и показателем лучших качеств. Микросреда - это непосредственно семья: о матери Алихана Нурмухамедовича в литературе практически сведений нет. Но мы можем утверждать, что она была смелой и образованной женщиной. Его отец Нурмухамед был внуком Букейхана. В семье Алихана был старшим ребенком, у него была еще 4 младших брата (Смахан, Базылхан, Азихан, Таттихан) и сестра Нурбек [2].

Следующим этапом жизни А. Букейханова было время, когда он получал образование. Необходимо отметить, что его образование проходило в крупных центрах общественно-политической жизни - Каркаралинск, Омск, Санкт-Петербург, где на взгляды А. Букейханова влияли известные общественные и политические события и деятели. Образование проходило несколько ступеней. В возрасте 8-9 лет Алихан Букейханов начал свое обучение. Обучение началось в медресе у муллы Зарифа в Каркаралинске [2]. Медресе муллы Зарифа, куда поступил А. Букейханов, имело хорошую репутацию. Обучение в религиозных школах духовно закаляло человека, воспитывало известную твердость морали, внушало веру в бога, уважение к земной власти. После обучения в медресе А. Букейханов продолжил обучение в Каркаралинской русско-казахской школе. Она была основана в 1845 г. Отцом Абая-Кунанбаем и являлась одной из лучших в казахской степи, благодаря умелому подбору педагогических кадров. Педагогами были знатоки творчества поэтов-сказителей XVII-XIX вв. И ссыльные революционеры. В школе было представлено искусство двух народов - русского и казахского, что, безусловно, влияло на формирование взглядов и убеждений воспитанника. Знаний, полученных в русско-казахской школе, оказалось вполне достаточно для продолжения учебы в Омской четырехклассной гимназии, куда А. Букейханов был принят после первого же собеседования. С 1886 по 1890 г. Алихан Букейханов учился в Омском техническом училище (ОТУ), которое было открыто в 1882 году и вело подготовку кадров для строящейся Сибирской железной дороги. ОТУ имело высокий статус. Методика преподавания в училище ориентировала учеников на руководящую должность в небольшом производственном предприятии, Алихан в течение всех четырех лет был лучшим учеником, за это ему предоставили возможность продолжения учебы на экономическом факультете Императорского Лесного института в Санкт-Петербурге. За время учебы в Санкт-Петербурге

он ознакомился с идеями видных теоретиков новых учений в 90-х годах XIX в.- П.Б. Струве, М.И. Туган-Барановского, М.М. Ковалеского, Г.В. Плеханова, которые выступали с речами, статьями, лекциями, вели педагогическую и публицистическую деятельность. Прибывший из глубинки, А. Букейханов не был безучастным наблюдателем происходивших событий. Участвовал в студенческих волнениях одним из руководителей, что подтверждено архивными документами, активно участвовал в работе литературных, политических кружков. А.Н. Букейханов углубляет свой знание в науке и культуре, философии, русской и западной классической литературе. Особенно близко Алихану мировоззрение, гуманистические идеалы и философия Л.Н. Толстого. К окончанию учебы Алихан Нурхамедович стал блестяще образованным молодым человеком с глубоким интеллектом, широкой эрудицией и революционными взглядами.

Одним из важных факторов формирования личности, как уже отмечалось, является деятельность. А.Н. Букейханов был очень активным и разносторонним человеком, который занимался разнообразной деятельностью (см схему). Выделяя основные направления деятельности, можно отметить научную, общественную, публицистическую и педагогическую (просветительскую). После завершения обучения в Императорском Лесном институте по специальности «ученый-лесовод», летом 1894 г. А.Н. Букейханов принимает участие в Тобольской экспедиции по исследованию экономического положения крестьян [2]. В сентябре 1894 года он возвращается в Омск, где работает в Омском училище лесного хозяйства преподавателем математики, о чем свидетельствуют иностранные авторы. Преподавательскую деятельность А.Н. Букейханов сочетал с общественной и государственной деятельностью. В 1896 г. А.Н. Букейханов избран членом Западно-Сибирского отделения Российского императорского географического общества, в 1901 году избран руководителем отделения. В 1896 году А. Букейханов стал участником экспедиции, которой руководил известный исследователь Ф.А. Щербина. За время работы в экспедиции Алихан Нурмухамедович сближается с крупными исследователями России, их корреспондентами в Казахстане. С экспедициями он также выезжал в Омск, Семипалатинск, Оренбург, Москву. В 1903 г. принимает приглашение на участие в экспедиции «по экономическому обследованию прилегающих к Сибирской железной дороге районов» под руководством С.П. Швецова. В этой экспедиции он изучал животноводческое хозяйство казахского населения. Изучив традиционный уклад жизни, уровень культуры и экономики, он приходит к выводу, что казахам этап капитализма необходимо пройти естественным, эволюционным путем, без насильственного вмешательства извне.

С 1905 года А.Н. Букейханов состоял в конституционно-демократической партии, провел собрание в Уральске и Семипалатинске с целью организации казахского отделения партии кадетов [3]. В 1905 году участвовал в Каркалинском движении протеста против притеснений царизма, организовал подписи 14 500 человек под петицией, известной под названием Каркалинская петиция. За активную деятельность А.Н. Букейханов был подпадает под усиленный надзор колониальной администрации. В январе 1906 г. по А.Н. Букейханов был арестован и посажен в Павлодарскую тюрьму. В июне 1906 г. по Семипалатинскому округу А. Букейханов единогласно избран депутатом в Первую Государственную Российскую думу, где он участвует в подписании Выборского воззвания. А.Н. Букейханов на протяжении всей жизни активно сотрудничал с периодическими изданиями – газетами «Казах», «Алаш», «Сары-Арка», «Дала алаяты», «Степной пионер», «Омич», «Иртыш», «В мире мусульманства» и др. Большинство его публицистических работ носит просветительский характер, что показывает его отношение к вопросам распространения образования, просвещения масс и обучения на родном языке. Крупной вехой в стремлении разбудить национальное самосознание казахов и организации среди них учебно-просветительской деятельности стало издание газеты «Казах», где также приняли наряду с А. Букейхановым участие А. Байтурсынов и М. Дулатов. Как известно, в восстании 1916 года они выступали с призывом покориться реквизиции, помочь воюющей державе, предвидя тяжелые последствия восстания для народа. В декабре 1916 года Алихан Букейханов

отправляется в штаб Западного фронта в г. Минск. Основной целью является организация и обустройство быта, условий работы казахов, мобилизованных на теловые работы. За деятельность в отделе, за бескорыстный труд и заботу о мобилизованных в прифронтовом районе, спустя некоторое время, А.Букейханова в народе стали называть «Алаштын Әлиханы» (Алихан-сын Алаша). К 1917 году в ходе эволюции идейно-политических взглядов А.Н.Букейхан подошел вплотную к необходимости восстановления утраченной казахской государственности А.Н.Букейханов создает национальную политическую партию «Алаш», идейные предпосылки которой были заложены газетой «Казах», выходящей с 1913 года. В декабре 1917 года по инициативе А.Букейханова на II Всеказахском учредительном курултае (съезде) была провозглашена «Алаш-орда», т.е. автономия казахов. Главой правительства избран Алихан Нурмухамедович Букейханов. Правительству Алаш-орды пришлось вступить в неравную борьбу в условиях гражданской войны. После поражения в гражданской войне А.Н.Букейханов был вынужден отказаться от активной политической и государственной деятельности, однако, занимаясь научной, литературной и переводческой деятельностью до 1927 года А.Букейханов продолжал активно влиять на общественно-политическую культурную жизнь Казахстана. Именно в эти годы в журнале «Жана мектеп» появляется ряд статей А.Букейханова по проблемам образования и воспитания - «Оқытушыларға сенеміз», - «Мектепте кооперация сабағы», «Дін мен мектеп» и др. Данные статьи уже показывают четкие сформированные педагогические взгляды авторов.

Библиографический список

1. Асылбеков М.Х., Сейтов Э.Т. Алихан Букейхан – общественно-политический деятель и ученый. Алматы, 2003., с.148
2. Аккулыулы С. Алихан Букейханов // Букейханов А.Н. Избранное. Алматы, 1995., с.475
3. Асылбеков М.Х., Сейтов Э.Т. Алихан Букейхан – общественно-политический деятель и ученый. Алматы, 2003., с.148
4. Туркпен-улы Ж., Акмурзина Л.Ж., Туркпенова С.Ж. Основы общей, возрастной и педагогической психологии. Алматы, 2006.

АЛАШ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК

Ералина А.Е.

*Қазақстан тарихы кафедрасының тарихы кафедрасының аға оқытушысы
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

Ұлт тарихы тек қана саяси, әлеуметтік, қоғамдық оқиғалардан ғана емес, сонымен қатар ұрпақтар жалғастығынан, өміршең дәстүрлерден құралатыны да белгілі. Сол игі дәстүрлерден тағылым ала отырып, мемлекет, әлеумет, жеке адам көшін түзейді, бағытын айқындайды. Халқымыз жүріп өткен ұзақ жолдың шежірелі күндеріне көз салсақ, тарих ата жадына тоқыған талай тағылымды істерді көрер едік. Қазақ тарихының осындай белесті асуларының бірі – Алаш қозғалысы. Бүкіл қазақ даласын азаттық идеясына жұмылдырған бұл ұлы қозғалыстың тарихы мен тағылымы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Алаш қайраткерлері ұлтты ұлт ететін талай-талай шаруаны бастағаны, жолға салғаны белгілі.

Алаш зиялылары бастаған рухани мәселелер бүгінгі Қазақстанның тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатыр дегенде, олардың тіл, дін, оқу, мемлекеттік, тәуелсіздік тақырыптары төңірегіндегі ойларының қазірде де өміршең екендігін аңғаруға болады. Қазақ тіліндегі басылымдар, ана тілінде білім алу, тілдің қоғамдағы мәртебесі, ана тілінде тәрбие беру, Қазақстандағы қазақ тілінің басымдығы сияқты мәселелер А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Шоқай, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Шонанұлы тағы да басқалардың істері мен еңбектерінен көрініс тауып жатты.

«Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,

Ойлайтының мен емес, бір күнгі ісін.

Жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын,

Ел – бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін!» – деп, арманын ақ қағазға айтып кеткен, Алаштың айтулы ұлы Ахмет Байтұрсыновтың аңсаған сол «ертеңіне» де бүгін бір ғасырға жуық.

Алаш партиясы жарияланған бағдарламасында Ресей мемлекетінің демократиялық, федеративтік республика болғандығын жақтады. Бағдарлама бойынша шашыраңқы қазақ облыстары өз билігі өзінде тұтас бір мемлекетке бірігіп, автономиялық негізде Ресей Федерациясының құрамына еңбек. Әлеуметтік қатынаста феодалдық ақсүйектер құқын шектеу, таптық жіктелуді жеделдету мәселесі қойылған жоқ, керісінше, жалпыұлттық мүдде, ұлттық тұтастық бағытына басымдылық берілді. «Алаш партиясы ғәділдікке жақ, халі нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұртты тарқы ету жағына бастайды» деп көрсетілді. Салық мәселесі де осы тұрғыдан шешілуге тиіс болды. «Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға байша, кедейге кедейше ғәділ жолмен салынады, ...бар жұмысшылар заң панасында болады».

Бағдарламаның антифеодалдық сипаты «негізгі құқық», «ғылым-білім үйрету» сияқты тарауларынан байқалады. «Ресей республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей, адам баласы тең. Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап басуға еркіншілік», заң орындарының рұқсатынсыз жеке адамдардың табалдырығынан аттап, ешкім тінту жүргізе алмайды, сот сұрап, билік айтылмай ешкім тұтқынға алынбайды, т.б.

Бағдарламадағы ең негізгі мәселе - жер мәселесі. Қазақ жері, оның асты-үсті байлығы қазақ елінің меншігі болуға тиіс. Қазақ елінің ықтиярынсыз ішкі Ресейден қоныс аудару тоқтатылады. Жер мәселесіне байланысты заң қабылданып, қазақ алдымен өз жерінен енші алады. Жер сыбағасы тұрған жерінен, атамекенінен әркімнің тілегіне сай ауылға, ұлысқа, руға бөлінеді. Адам басына, жеке үй басына тиетін сыбаға жер шаруаға, жердің топырағына, жергілікті табиғатына байлаулы болады. Жер сыбағасын жергілікті жер комитеттері анықтайды. Заң жерді сатуға тыйым салады

Ұлттың болмысын, басқалардан ерекшелендіріп тұратын маңызды рухани табиғатын түсінген Алаш қайраткерлері әрқашан тіл мәселесін ұлттан бөліп қарамаған. Мәселен, А.Байтұрсынұлы «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер, әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек» десе, М.Шоқай «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл», М.Жұмабаев «Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл. Ұлт үшін тілінен қымбат ешнәрсе жоқ» деп жазған еді. Ұлы тұлғалардың сөзінде ұлт тілінің маңызымен бірге ескерту, сақтандыру ойлары да жатыр. Біздің заманымыз үшін бұл пікірлердің бағалылығы да осында.

Тәуелсіздік үшін күрес сонау Алаш қозғалысы дәуірінде басталған аманат күресі, тәуелсіздігімізді тұғырлы етеміз десек, оны орындауға міндеттіміз. Бұл жөнінде елбасымыз Н.Назарбаев қазақ тілді басылым редакторларымен кездесуінде: «Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті... Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді. Алаштың асыл аманаты ауызбірлігімізді күшейтуге шақырады» деп айрықша тоқталған болатын. Ұлттық бірегейлігімізді сақтауда Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің қазақтары тілдік бірегейлігімізді сақтауға ұмтылуымыз қажет. Өйткені еуропалық өмір салтына көше бастаған қазіргі заманда ұлттық бірегейліктің бастысы – ана тілі болып отыр. Сондықтан да тіл бірлігі ең күшті біріктіруші факторға айналуы тиіс. Бұны баршамыз неғұрлым терең түсініп, осы бағытта маңызды, шешуші істер атқаруымыз тиіс.

Алаш қайраткерлерінің өміршең идеялары, негізгі мұраттары ұлт тәуелсіздігімен байланысты десек, бүгінгі Қазақстанның рухани тәуелсіздігі жөнінде мақсатты шаруалар атқаруға міндеттіміз. Өйткені бізге рух, сана тәуелсіздігін қалыптастыру қажет. Ал олардың негізі – ана тіліміз, мемлекеттік тіліміз. Өйткені тіліміз – руханиятымыздың іргетасы, ұлттық болмысымыздың айнасы, қазақтығымыздың, Алаш ұрпағы екендігіміздің басты белгісі.

Жаһанша Досмұхамедов: «Біздің мақсатымыз – ел билеуді халықтың өз қолына беру, қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта тағдырын өз қолына алады. Қалың қазақты аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Ендігі жерде қазақты елдің тұрмысын, тілін білетін, мінез-құлқын, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады. Осыған байланысты қалай болғанда да біз Ресейден автономия алуға тиістіміз», деп өз ойын білдіреді.

Жаһаншаның жалынды сөзінде мемлекеттің саяси құрылысы мен оның мемлекеттік тілі, оның қолдану аясы ашық түрде айқын айтылғанын біздер ұғынуымыз керек. Кешегі өткен 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының құрбандары болған жастар да Жаһаншаның ой-пікірін қайталағанын біз еске түсірмей кете алмаймыз. XX ғасырдың басындағы алаш ардақтылары халықты ұлтаралық бірлікке шақырды, олар ұлтшылдықты арқау еткен «Алаш» партиясы программасының жобасындағы тоғызыншы тарауда «Ғылым-білім үйрету» жөнінде

- оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық, ақысыз болуы;
- жұртқа жалпы оқу жайлы; бастауыш мектептер ана тілінде оқылады;
- қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуға;
- оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы;
- үкімет оқу ісіне кіріспеуі;
- мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылуы;
- ел ішінде кітапханалар ашылу туралы айтылады.
- газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік - деп көрсетілген.

XX ғасыр басында Алаш қайраткерлері көтерген көптеген мәселелер, соның ішінде тіл, отанды сүю мәселелесі бүгінгі XXI ғасырдың да ең өзек жарды мәселесі болып отыр. М.Әлімбаев: «Туған жерді сүю – парыз, сүю үшін білу парыз» - десе, ана тілімізді бәріміз де сүюге, қастерлеуге тиіспіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда, А.
2. Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995;
3. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы
4. Алаш қозғалысы- Движение Алаш. – Алматы, 2005

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры» атты ғылыми жоба аясында дайындалды.

АГРАРНЫЙ ВОПРОС В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛИХАНА БУКЕЙХАНОВА

Ерменбаева Г.К. к.и.н., заведующая кафедрой истории Казахстана Костанайского государственного университета имени А.Байтурсынова

Аграрный вопрос был одним из злободневных в Казахстане на рубеже XIX-XX веков. Царские землеустроители в начале XX века широко производили массовое изъятие земель у казахского населения, в том числе пастбищные и сенокосные. Неслучайно поэтому казахское землеустройство и поземельная политика правительства всегда вызывала острый интерес интеллигенции. Ахмет Байтурсынов так обрисовал содержание колониальной политики России в отношении казахской степи в начале XX века: «Казахская земля находится в двух руках. Если за одну ручку ее держат казахи, то за другую – русские. Если одни ее умело обменивают и прихватывают, то другие с таким же успехом теряют. Удержать покрепче в руках свою землю зависит от самих казахов» [1, с.228]. Разумеется, защита интересов казахского населения становится ведущим мотивом национальной интеллигенции в их публицистической и общественной деятельности. Они верно предвидели и последствия

правительственной переселенческой политики – обострение аграрных отношений в Казахстане и углубление аграрного кризиса в России.

Манифест 6 августа 1905 года «Об учреждении Государственной Думы» и другие государственные акты того времени, особенно Манифест 17 октября 1905 года, рождали у национальной интеллигенции надежды на возможность удовлетворения самых насущных требований в социально-политической, экономической, культурной сферах законодательным путем, через представительный орган власти.

Дискуссии по аграрному вопросу практически заняли всю работу Государственных Дум. В начальной стадии обсуждения аграрного вопроса правительство раскрыло перед Думой свою программу по преодолению земельного кризиса. В ней, защищая право собственности на землю, самодержавие предлагало некоторые реформы, направленные на расслоение общины и постепенную капитализацию деревни. Составной частью этой программы являлись мероприятия по переселению безземельных крестьян в азиатскую часть России. Для депутатов восточных национальных окраин, куда все более широким потоком двинулись переселенцы-крестьяне, проблема сводилась к законодательному утверждению права собственности на землю самих инородцев и их предварительного землеустройства по сравнению с переселенцами.

В I-ой Государственной Думе особую активность проявил и известный лидер казахского народа Алихан Букейханов. Еще в 1896–1901 годах А.Букейханов работает сначала в экспедиции по экономическому исследованию в Тобольской губернии, затем в экспедиции под руководством Ф. Щербины, организованной Министерством земледелия и государственных имуществ, в Павлодарском, Каркаралинском, Усть-Каменогорском, Семипалатинском и Омском уездах Акмолинской области Степного края, где всесторонне изучает экономическую, хозяйственную структуру, производит перепись населения. На основе собранных материалов, он одним из первых глубоко исследует весьма сложные процессы развития казахского кочевого и полукочевого хозяйства, его состояние и развитие, в зависимости от климатических условий, составляет историю земельной общины казахского народа, устанавливает месторасположение казахских родов и племен, составляет карту их традиционного расселения.

После «экспедиции Щербины», участвуя уже в деятельности Омской переселенческой партии в 1904-1908 годах, Алихан Букейханов внимательно отслеживал географию, темпы, динамику переселенческой колонизации во всех уголках родного края.

Начиная с 1905 года, под различными псевдонимами, Алихан Букейханов описывает колониально-захватническую сущность переселенческой политики, поставившей многомиллионное коренное население Казахстана на грань полного обнищания. Возникшие разногласия по аграрному вопросу между Думой и правительством были настолько глубокими, что царизм пошел на крайние меры, распустив Думу 8 июля 1906 года.

Таким образом, государственные мероприятия по ускорению хозяйственный интеграции национальных окраин за счет переселения русского крестьянства из европейских районов играли дестабилизирующую роль и приводили к обострению межнациональных отношений, в то же время не снимая проблему земельного дефицита в центральных губерниях. На территориях обустройства переселенцев межнациональный конфликт часто приобретал хронический, болезненный характер, имевший сложную природу. В основе же его лежали последствия неадекватной социальной политики государства с точки зрения учета и прогнозирования динамики отношений между народами страны. Вполне понятно, что думцы не могли оставить без внимания растущие трудности адаптации переселенцев и усиление дискомфорта в положении народов восточных регионов, подвергшихся интенсивной колонизации.

Новый закон о выборах в Думу от 3 июня 1907 года лишил избирательного права 4,5 миллионов казахов. «Правительство, очевидно, сочло лишним присутствие в Государственной Думе представителей от того народа, которого оно столь насильственно лишило его земель», – с горечью писал А. Букейханов.

Несмотря на то, что в III-ей и IV-ой Думах не было депутатов от Казахстана, казахская интеллигенция, неоднократно апеллируя к Думе, инициировала рассмотрение вопросов, связанных с проблемами края. Так, в 1908 году земельная комиссия при мусульманской фракции по инициативе А.Букейханова подготовила проект землеустройства казахского населения Степного края. В законопроекте предлагалось установить норму землепользования для коренного населения, наделение в оседлых районах земель на правах общинной собственности.

14 июня 1908 года 60 депутатов Думы – кадеты, прогрессисты, некоторая часть трудовиков и члены мусульманской фракции внесли на рассмотрение проект закона «Об учреждении землеустроительных комиссии в Акмолинской, Тургайской, Семипалатинской, Уральской, Семиреченской и Закаспийской областях». В пояснительной записке указывалось, что может создаться такая ситуация, когда для коренного населения не окажется подходящих земель. Также указывалось, что при проведении землеустроительных работ нарушаются «земельные интересы туземного киргизского населения» [2, с.80].

21 июня 1908 года последовал новый запрос по данному вопросу. Но он не был включен в повестку дня первой сессии III-ей Думы, в связи с тем, что запрос был основан на недостоверных фактах.

А.Букейханов в газете «Речь» опубликовал «Открытое письмо членам Государственной думы», в котором резко осуждал землеустроительную политику Переселенческого управления в Степном крае, и призывал депутатов обратить внимание на вопиющие нарушения законов.

В период своей Самарской ссылки Алихан Букейханов стал очевидцем и свидетелем печальной судьбы исконных земель башкир, о чем свидетельствуют его статьи «Башкүрт жерінің шежіресінен» и «Башкүрт жері». На примере башкир, которые по «стольпинскому закону» от 9 ноября 1906 года, намного дешевле своей рыночной цены распродали свои участки земли, пытается предостеречь казахов: «Опасаясь, что казах, желающего получить по 15 десятин земли, постигнет печальная участь брата башкира. Сперва наделив деревни земельными участками, закон от 14 июня 1910 года начнет действовать, так наш казах тут же последует примеру башкира. Этот закон позволяет, если кто хочет отделиться от деревенской общины. Если казах отделится со своими 45 десятинами, то непременно продаст. Казах, в случае объединения в деревню, по данному закону попадает в разряд мужика. Закон 14 июня 1910 года предназначен мужикам» [3].

Алихан Букейханов в открытом письме «Почему я вышел из кадетской партии?» так высказывает свое мнение: «Кадетская партия выступает за передачу земли в частную собственность. Если наши казахи возьмут землю в частную собственность, то продадут ее мужикам, как башкиры, и через несколько лет останутся голыми и с пустыми руками» [4].

Таким образом, национальная общественность активно привлекала внимание Государственной Думы к социально-экономическим последствиям нового курса правительства. Но Государственная Дума не могла разрешить аграрный вопрос в стране. Все попытки депутатов-казахов, направленные на учет интересов национальных масс окраин, при решении аграрного вопроса практически отклонялись.

Библиографический список

1. Байтурсинов А. Ак жол.-Алматы, 1991, с.464.
2. Зорин В.Ю., Аманжолова Д.А., Кулешов С.В. Национальный вопрос в Государственных Думах России. -М., 1999, с.507.
3. Аккулы С. Алихан Букейхан и казахская земля// Қазақ үні, 06.05.2014.
Озганбай О. Государственная дума России и Казахстана. (1905-1917).-Алматы

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС ҚАҺАРМАНЫ КЕЙКІ БАТЫР

*Өтеген Исенов, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Ажар Шерзат, Кәсіптік білім I курс студенті
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*

«Торғайдың ұлан-байтақ даласында,
Жыланшық-Жайылманың арасында.
Керемет Кейкі деген батыр өткен,
Қазақтың ондай жан жоқ баласында».

Серік Тұрғынбекұлы

Қазақ даласындағы патша үкіметіне қарсы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске биыл 100 жыл толып отыр. Осы орайда 1916 жылғы Торғай жерінде болған ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы Амангелді Имановтың серіктерінің бірі, ұлт-азаттық көтерілісінің батыры, атақты мерген Кейкі Көкембайұлы хақындағы тарихын мақаламызға арқау етпекпіз. Кейкі батырдың есімі бұрын ел жадында жүргенімен ол туралы тәуелсіздік алған жылдардан кейін ғана ашық айта алдық. Еліміз қызыл империяның бұғауынан азат болған соң ғана оның өмірі мен ерлік істері зерттеле бастады.

Халқы қалап қас мерген атап кеткен Кейкі Көкембайұлы 1871 (1877) жылы бұрынғы Қайдауыл болысы қазіргі Амангелді ауданына қарасты Байтұма қопасы деген жерде дөңгелек шаруасы бар аңшы отбасында дүниеге келген. Орта жүз құрамындағы Қыпшақ тайпасының Құланқыпшақ руынан шыққан. Кейкінің азан шақырылып қойылған есімі – Нұрмұхаммед, ел арасында Нұрмағанбет деп аталып кеткен. Кейкі аталуының сыры – жасынан аң-құс аулап, кісіге онша қосылмай, біртүрлі кейкііп жапанда жалғыз жүргендігінен.


Батыр қаршадайынан әкесіне еріп аң аулап, несібесін түзден тапқан. Туа біткен табиғи қасиеті шығар, көздегенін құр жібермейтін қол мерген болыпты. Сонан жұрт оны жастайынан-ақ Мерген атап кеткен. Бір өңірде туып, бір өзеннің бойында өсіп бала күнінен біте қайнасып, бірге ойнаған Амангелдімен әу бастан-ақ жанаяспас дос болған. Екеуінің де ержүрек батыр, ерен мерген деген атағы елге ерте жайылған. Ат жалын тартып мінгесін-ақ елін жауға алдырмайтын, елжанды, отаншыл халық қамқорына айналады.

Кейкі жастайынан аңшы, мергендігімен, өжеттігімен аймаққа танылған. Оның құралайды көзге атқан мергендігіне сай ел ауызында «Амангелдінің көзі мерген, Кейкінің қолы мерген» деген сипаттама сақталған. Бес намазын қаза қылмаған, ғайбат сөз айтпаған, өте әдепті болған. Халықтың сый-құрметіне бөленген. Кейкі тарихта көздемей құралайдың көзінен тигізетін таңғажайып қолмергендігімен қалғанымен, ол – шокпар шайқасының теңдесі жоқ шебері, әйгілі қамшыгер болған. Қазақтың термесі мен халық жырларын сүйіп тыңдаған, өзі де домбыра тартқан. Ел аузында «Кейкінің салауаты» деген жыр сақталған.

Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығы себеп болған (ел аузында «июнь жарлығы» деп аталады) Торғай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісіне алғашқы күндерінен-ақ белсене араласып, оның негізгі қарулы күші – мергендер жасағын басқарды, көтеріліс штабының ең қауіпті тапсырмаларын орындап, жиі-жиі барлауға шығып тұрды. Күйік қопасындағы соғыста, Торғай қаласын қоршау кезінде және патшаның жазалаушы отрядтарына қарсы соңғы ұрыс – Доғал шайқасында ерекше ерлік көрсетті. 1919 жылы 18 мамырда Торғай ояздық соғыс комиссары, халық батыры Амангелді Иманов өлтірілгеннен кейін Кейкі батыр қудалауға ұшырап, Ұлытау, Қызылқұмға бой тасалауға мәжбүр болады. Бұл сүргін Торғайда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де толастамады [1]. Ақыры, 1923 жылдың көктемінде арнайы тапсырмамен өзін алдап қолға түсіруге келген комиссар Александр Токаревтің сөзіне сеніп Торғайға оралған Кейкі жолда оның шын ниетін сезіп қалып, Александр Токаревті сол жерде атып тастайды. Ізіне түскен қызыл әскер солдаттары Кейкі батырдың үйін қоршап алады, бірақ берілуден бас тартып, оқ жаудыра бастайды. Оның жұбайы жанында, мылтығын оқтап тұрады. Сол сәтте де өзінің мергендігін дәлелдеп, 6 адамды өлтіреді және 9 адамды жарақаттайды. Қызыл әскер солдаттары Кейкі батырдың екі қолын және басын шауып алып, денесін екі қабат әйелі мен бауырының мәйітінің қасында тастап кетеді [2].

Кейкі батырдың 125 жылдығында батырға арналып Арқалық қаласына ескерткіш орнатылып, туған өлкесі Амангелді ауылында ас берілді. Бірақ бір өкініштісі, батырдың әлі күнге дейін бейіті жоқ. Академик ғалым, тарихшы Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың ізденісінің арқасында 1926 жылы астананың Орынбордан Қызылордаға ауысуына байланысты, батырдың басы сүйегін Ленинградтағы

(Санкт-Петербург) кунсткамераға алып кетілгені белгілі болды. Профессор Манаш Қабашұлы Кенесары хан мен Кейкі батырдың бас сүйегін елге қайтару жолында көп еңбектенген жан еді [3].



Ортада отырған, тымақ киген Кейкі батыр Көкембайұлы

Кейкі батырдың әдебиеттегі бейнесі Ғабит Мүсіреповтің «Амангелді», пьесасында, Мұхамеджан Қаратаевтің «Даладағы дабыл» романында Кейкі батыр болып бейнеленеді. Мақан Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» кітабында айтылады. Кейкінің қарасөзде жасалған көркем бейнесі Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» атты романы еді. Алайда кеңес заманында шыққан онда аты анық айтылмаған [1]. Кейкі бейнесі өз атымен анық айтылып, қанық бояу дерегімен түгелденіп шыққан шығарма Серік Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» тарихи дастаны (Алматы, «Білім», 2001). Кейінгі кезде баспадан жарық көрген белгілі қолөнер шебері, Қостанай облысының «Қазына» меценаттар сыйлығының иегері, Арқалық қаласының Құрметті азаматы, өлкетанушы Шөптібай Бәйділдіннің «Кейкі батыр» атты еңбегі 2104 жылы баспадан жарық көрді оқырман қауым назарына ұсынылды. Автордың кітабына бұрын-соңды баспасөз бетінде жарияланбаған Кейкі батырдың қилы тағдыры жайлы батырдың замандастары мен көзін көрген қарттардан естіген әңгімелер, батыр өмір сүрген кезеңдегі Торғай өлкесінің тыныс-тіршілігі, Ұлытау мен Ұлы Жыланшық аймағынан жиналған материалдар мен фотосуреттер топтамасы енген.

1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісінде керемет ерліктер көрсеткен Кейкі батыр есімі қашан да халық жадында. Кеңес үкіметі тұсында билік тарапынан сұрмергеннің атын айтуға да тыйым салынды. Әйтсе де, ел өзінің ерен туған ұлын ұмытпады. Күн өткен сайын Кейкі тұлғасына деген халық сүйіспеншілігі арта түскен. Сол себептен де, Кейкі Көкембайұлының көпшілік көп біле бермейтін, оның нағыз мерген болғандығын дәлелдейтін екі оқиғаны журналист Абылай Мауданов Кейкіге қатысты деректерді зерделеп жүрген «Кейкі батыр» кітабының авторы Шөптібай Бәйділдәулының аузынан жазып алған. Шөптібай Бәйділдәулы бұл әңгімені танымал жазушы, тарихшы ғалым Қойшығара Салғарадан естіген екен [4].



Бірінші әңгіме: «Киікті көздемей атқан мерген». Бұл оқиға азаттық көтерілісі алдында болыпты деседі. Кейкінің мерген атағы дүркіреп тұрған шақ. Торғай мен Ұлытау арасында жолбарыстай жалғыз жортып, жапанда аң аулаған батыр бірде Торы Қыпшақ ішіндегі Қара руынан тарайтын Нұртай деген кісінің үйіне мейман болып түседі. Заманға сай дәулеті бар, еліне сыйлы

Нұртаймен Кейкі ертеден сыйлас екен. Ол шақта байдың үйі Аққұмның бойында, Ұлы Жыланшықтың жағасында отырса керек.

Атағы алысқа кеткен мергенді ортаға алып мәжіліс қызған шақта, балалар ойнап жүрген жақтан шу шығады. Сөйтсе, өзенге құлаған киіктердің бірі әлденеде үрікті ме, үйірінен бөлініп кетіп, тік жар тұста жиекке шыға алмай жанталасып жүр дейді. Жүзе жүріп дәл мерген отырған үйдің маңына да тақап қалыпты. Ұлы Жыланшықтың арғы бетінде тайыншадай теке. Бергі бетте атақты мерген Кейкі. Екі ара оқ жетер-жетпес жер. Әрі киік етінен дәм татқысы келген, ең бастысы Кейкінің мергендігін көзімен көруді мақсат тұтқан тұрғындар мейманды қолқалайды. Етегі түрулі тұрған үйден киікке бір көз салған мерген, орнынан қозғалмаған қалпы ұңғысын керегеден өткізіп, мылтығын арқасына қойып, «гүрс» еткізеді. Киік сол орнында қалады. Теріс қарап отырып-ақ көздегенін мүлт еткізбеген Кейкінің мергендігіне тұтас ауыл тәнті болыпты [4].

Екінші әңгіме: «Шапқан атты оқпен тоқтатқан». Нұртай ауылында біраз қонақ болып тыныстаған Кейкі кетерінде байдың бір атына көзі түседі. Мерген мейманын риза қылып аттандырғысы келген бай сәйгүлікті Кейкіге байлайды. Ол кезде жазғы жайлауға қамайтын қора жоқ, шу асау құрық салдыруға мүмкіндік бермей, қасына тақатпай біраз әурелейді. Ақыры, амалы құрыған Кейкі жігіттерге атты жылқыдан жеке бөліп шығаруын өтінеді. Жылқышылар айтқанын орындап, алдына жеке айдап келеді. Оңтайлы сәтті аңдып тұрған мерген үйірден бөліне берген атты қатарынан екі рет мылтықпен атып жібереді. Жануар сол қалпы қалш-қалш етіп тұра қалады. Сөйтсе, Кейкі мергеннің оғы жүйріктің ұлы денесін жараламай, жалының түбі мен төс терісін жырып жіберіпті. Денесіне оқ тиген ат шошынып, орнынан қозғалмай қалған екен. Кейкі шу асауды осылайша ұстаған дейді. [4].

Қорыта келгенде, Кейкі батыр есейіп, ер жігіт атанғаннан ақтық демі таусылғанынша, елі мен жерінің тәуелсіздігі үшін күрескен. Ұлт-азаттық күрестің құрбаны болды.

Егер адам қаза болғанда оны дұрыс жерлемесе, жаны тыныштық таппайды деген халық арасында түсінік бар [5]. Батырдың басын тауып, жерленген денесіне қайтару туралы келелі мәселе көтеріліп, көп жылдардан бері іздестіру жұмыстары да жүріп жатқаны белгілі. 1916 жылғы көтерілістің 100 жылдығына орай зерттеулер нәтижесінде, Кейкі батырдың басы табылып, елге оралып жатса, елі мен жерін отарлаушылардан қорғау мақсатында, қолына ту ұстап, жауға қарсы қол бастаған тарихи тұлға алдындағы парызымыздың өтеуі болар еді. Кейкі батырдың ұлт-азаттық жолындағы күресінің тарихы ұрпаққа үлгі болып қала береді.

Сілтемелер

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. // Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. – 4 том. Ж-К. – 720 б. Қазақ тілінде
2. Череп в подарок. // www.retrobazar.com. //11.04.2012.
3. Кейкі батыр. // m.inform.kz //20.08.2009 жыл.
4. Абылай Мауданов. // Кейкінің ел естімеген екі әңгімесі. //www.tobyl-torgai.kz. // 03.02.2016 жыл.
5. Эрик Аубакиров. Череп батыра. // www.old.express-k.kz //№ 220 (17092) от 26.11. 2010.
6. Ш. Байділдин. Кейкі батыр туралы ақиқат пен аңыз.: Мәдени мұра. – 2012. – №2. – 87-92 бб.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры» атты ғылыми жоба аясында дайындалды.

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ПЕРИОД ТЕРРИТОРИАЛЬНО-ГОСУДАРСТВЕННЫХ РАЗМЕЖЕВАНИЙ В 1919-1925 гг.

*Исмаилов С.С., к.и.н., ст. преподаватель кафедры Истории Казахстана
Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова*

В переломный период, когда происходило формирование Казахской автономии в 1919-1920 гг., остро стал вопрос об объединении казахских земель в едином государственно-территориальном пространстве. Споры между различными участниками того времени возникали по отдельным городам и уездам, которые становились камнем преткновения.

Одним из таких регионов являлся и Кустанайский уезд. Ситуация обострялась по проблеме статуса Кустанайского уезда Тургайской области. Казахские представители опирались на Положения СНК от 10 июля 1919 года и республиканского в № 155 «Известий ВЦИК» от 17 июля 1919 г., в котором говорилось о подчинении Кустанайского уезда Кирревкуму [1]. Указывались исторические, культурные, хозяйственные и другие факторы принадлежности уезда к казахскому краю. По данным статистического отдела территория Кустанайского уезда составляла 800 тысяч десятин земли. Уезд делился на 54-56 волостей [2]. С давнего периода на территорию уезда наблюдалась усиленная миграция европейского населения. Сторонники сохранения Кустанайского уезда в составе Челябинской губернии настаивали на обоснованности своего проекта. При этом в качестве негативного примера приводилась политическая ситуация в автономной Башкирии, в которой согласно архивным данным крестьянам запрещалось вывозить хлеб, сено, солому и прочее сырье. Упоминалось о грядущей практике изъятия земельных участков у крестьянского населения. Опасаясь за судьбы и будущее русского переселенческого населения в Кустанайском уезде челябинцы предлагали передать уезд в состав Челябинской губернии [2. Л.73.]. Представители органов управления Кустанайского уезда А.Байчуринов, К.Улдыбаев, И.Бекентаев являлись сторонниками А.Байтурсынова и М.Сералина, справедливо указывая на исторические права казахов на данные земли [1. Л.5.]. Им оппонировали представители Челябинского губревкома Поляков, Эйхе, Локацков, Архангельский и другие, настаивавшие на включение Кустанайского уезда в состав Челябинской губернии. Челябинцы утверждали, что через Челябинск как крупную железнодорожную станцию проходит основной грузопоток товаров. Представители Челябинского губревкома обращали внимание на интенсивное развитие и усиление русского крестьянского хозяйства и как следствие увеличение численности русского населения. При этом, челябинцы декларировали обещание не запрещать кочевание казахов на территории Кустанайского уезда из других уездов и районов. Челябинцы апеллировали к невозможности территориального размежевания по причине чересполосицы русской и казахской общин. В процессе совместных переговоров предлагалось создать Киргизский уездный исполнительный комитет. По проекту он планировался как объединенный орган по управлению смешанным населением. При чем председатель должен был выбираться по соглашению Кирревкома и Челябинского губернского революционного комитета.

А.Байтурсынов выступал противником совместного управления Кустанайским уездом, указывая на то, что совместное правление окажет вред жизнедеятельности местного населения [1. Л.5об]. Так, в 1921 г. объединенный казахско-русский съезд представителей волостей численностью населения 150 000 человек постановил ходатайствовать о передаче Кустанайского уезда из состава Челябинской губернии в казахский край.

Алашские лидеры А.Байтурсынов, А.Букейханов предложили создание казахской автономии с центром в г. Оренбург. В период гражданской войны в Южном Приуралье были сформированы национальные части. Татарский лидер Султангалиев, башкирские руководители в лице Валидова апеллировали к национальным воинским частям в защите национальных интересов. По окончании гражданской войны обострились политические отношения между центральным московским руководством и лидерами автономистов, что в конечном итоге привело к антисоветскому восстанию башкир в 1920-1921 г.г. Впоследствии, по итогам переговоров между коммунистами и башкирскими восставшими было заключено мирное соглашение, по которому руководители восстания получили амнистию, а в государственном аппарате Башкирии усилилась доминанта этнических башкир. Обновленное руководство Башкирской Республики инициировало предложение о ликвидации Оренбургской губернии и ее разделе между Башкирией и Казахстаном. Летом – осенью 1920 г. в состав Башкирии были включены г.Стерлитамак и 16 волостей. Усилились споры о дальнейшем будущем Оренбурга между руководством Башкирии и Казахстана.

Решение о вычленении Оренбурга и ряда участков из состава Казахстана критически воспринималось прогрессивными группами казахстанской общественности. В этот период

времени по докладу Жургуева о национальном размежевании Средней Азии принимается резолюция третьей сессии Каз.ЦИКа. Жургуев акцентировал необходимость переноса столицы в места компактного проживания казахского населения – Туркестано-Ташкентский регион. Данное убеждение основывалось на наличии развитой экономической базы казахского населения. Жургуев в докладе последовательно проводил мысль о вхождении Казахстана в состав СССР на правах союзной республики. Он мотивировал это убеждение комплексом причин социально-экономического и политического характера. В частности, КАССР в новых границах по территориальному, демографическому, экономическому и политическому значению не уступала другим среднеазиатским национальным республикам [3]. В результате партийно-советского давления и исполнительской дисциплинированности лидеры республики вынуждены были согласиться и официально продемонстрировать добровольное желание передачи губернии в состав Российской Федерации. При этом представитель Казахстана, в частности, Мырзагалиев, предлагал разделение Оренбургской губернии между Казахстаном и Башкирией, как возможность устранения из исторической памяти колониального прошлого роли Оренбургской крепости и царской администрации. Это предложение нашло подтверждение в действиях его башкирских коллег. Фактические действия казахстанских и башкирских лидеров носили синхронный характер в решении данной проблемы. Обращение к идеологическому фактору не нашло адекватного восприятия со стороны центрального управления.

В 1923 г. в Казахской АССР предполагалась новая административно-территориальная реформа. Основные положения и принципы реформы обсуждались в Казахском экономическом совете и государственном плане. Одним из авторов данной реформы являлся С.Садвакасов. По проекту С.Садвакасова Казахстан необходимо было сохранить как единую автономную территориальную единицу с центром в Оренбурге. Для успешного экономического развития Казахстана автор идеи высказывал мнение о сохранении части железных дорог за автономией и постройки новых веток, которые бы соединили казахстанские области с такими российскими регионами как Западная Сибирь и Урал. Таким образом, правительство Каз.АССР считало одним из главных факторов успешного развития экономики строительство новых железных дорог.

Представители российской Уральской области выдвигали претензии изъятия Федоровского района из Кустанайского округа в пользу Уральской области, мотивируя свое предложение ранней принадлежностью спорных земель Уральскому казачеству до революции. Казахское руководство апеллировало к историческому периоду проживания казахов в указанной зоне до появления казачества. В то же время один из лидеров республики С.Садвакасов в 1924 г. предлагал «выпрямление границ между Казахстаном и Уралом» по железнодорожной линии Троицк – Орск. Он предлагал включить в Кустанайский округ г. Троицк, станицы Надеждинскую и Верненскую Троицкого уезда. По его мнению соответствующая ситуация способствовала бы позитивному развитию данного округа. При этом железнодорожные линии Троицк – Орск и Троицк – Кустанай являлись магистралью вывоза сельскохозяйственных продуктов округа в западном направлении, где имелись рынки сбыта. В данном случае географически и экономически Троицк был более взаимосвязан с Оренбургом, нежели с Екатеринбургом.

Таким образом, представители казахской интеллигенции приложили максимум усилий для сохранения казахских земель под юрисдикцией Казахской автономии, что явилось большим успехом для того времени и стало залогом современной территориальной целостности Республики Казахстан.

Библиографический список литературы.

1. Объединенный государственный архив Челябинской области (ОГАЧО). Ф.Р-363. Оп. 1. Д. 73. Л.4-5.
2. ОГАЧО. Ф.Р-363. Оп. 1. Д. 27. Л.73.
3. ЦГА РК. Ф.Р-5. Оп.5. Д.4. Л.49-50.

Ә.БӨКЕЙХАНОВ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРШЫСЫ

Испандиярова А. Т., Магипарова И.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

«Тірі болсам хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын.» - Әлихан Бөкейхан Қазақ азаттық қозғалысының ең салмақты және күрделі кезеңі өткен ғасырдың алғашқы ширегінде дүниеге келді. XX ғасырдың басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі Бұқар мен Түркістан өлкесіне бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрады. Бұл - қазақтың тарихи зердесіндегі ұлт зиялыларының отарлық езгіге түскен халықтың бостандығы мен ұлттық рухын қалпына келтіруге тырысқан қоғамдық – саяси іс-әрекеттері болатын. Осы ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей зиялылар тобын баулыған – Ә. Бөкейхан еді. Ол «Народная свобода» (Халық бостандығы) партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады. XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанға буржуазиялық қатынастардың енуі, ұлттық буржуазия мен интеллегенцияның қалыптаса бастауы, жалпыхалықтық ояну жағдайында ұлттық-мемлекеттік бірлік мәселесі күн тәртібінде қайтадан қойылды. Мемлекеттік билік қажеттігін бүкіл елдік көлемде түсіну, есею жолындағы барлық халық басынан кешіретін тарихи кезең екендігі мәлім. Осы тарихи кезеңдегі ұлттық саяси элитаның мемлекет туралы ұғым-түсінігін, бағыт-бағдарын Ә. Бөкейхан Ұлттық еркіндік пен дамудың алғышарты ұлттық мемлекеттің болуы деп түсінді [1].

Ә. Бөкейханның саяси өмірбаянында 1916-жылдың дүрбелеңі және майдандағы қара жұмысқа алынған қазақ жастарына көрсеткен азаматтық қызметі ерекше орын алады. Қазақ халқының 1916 жылғы қарулы көтерілісіне Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялыларының «Қазақ» газеті арқылы үзілді-кесілді қарсы шығуы да ұлтты жаппай қырғыннан аман алып қалудың саяси бейбіт жолын ұсынуынан еді. Ә. Бөкейхан Ақпан төңкерісінен үміт күтеді. Осы кезден бастап Ә.Бөкейхан Уақытша үкіметтің саяси өміріне белсене араласа бастайды. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа автономия беруге қарсы болады. «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген «Қазақ» газетіне берген мақаласында: «Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де, жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді», - дей келе: «Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық», - дейді [2].

Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917 ж. желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш автономиясы жариялады. «Қазақ» газеті өзінің бас мақаласында партияның атын «Алаш» қойып, оған тілектестерді Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар тізімін осы партияның атынан жасауға шақырды. Сонымен бір мезгілде «Қазақ» басқармасынан барлық облыстардағы Қазақ комитеттеріне қазақ саяси партиясының атын «Алаш» деп қою туралы жеделхаттар жіберілді [3].

1917 жылғы 20 – 21 шілдеде Орынборда өткен I Бүкілқазақ съезде қалыптасты. Орынбор қаласында өткен Жалпы қазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы мәселе қарап, мынадай шешім қабылдайды: «Қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуын тиіс көріп, бұл партияның жобасын жасауды съезд партияға сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды. Партияның негізі демократиялық федеративтік парламенттік республикаға құрылмақ...». Алаш партиясының облыстық ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан қалыптаса бастады. Ә.Бөкейхановтың тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен қазанның 12 – 20 аралығында партияның 10-на қарай Орынборда ашылды. Семей облыстық

партия комитетінің төрағасы болып Халел Ғаббасов, Омбы обкомының төрағасы болып Айдархан Тұрлыбаев, ал Торғай обкомының төрағасы болып Ә. Бөкейхан сайланды. Партияның арнайы съезін шақырып, басқару орындарын сайлауға, жарғысы мен бағдарламасын бекітуге қолайлы жағдайдың болмауынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат есебінде тіркелген топ партияның басқарушы ұйытқысы саналды.[4] Алаш орда үкіметінің құрылуына тікелей түрткі болған, 1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен Қазақ мемлекеттілігі туралы мәселе қаралған II Жалпықазақ – қырғыз съезінің ұйымдастырушылар - Ә. Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М. Дулатов болған. Съезге қазақ сахарасының әр аймақтарынан, Самарқан облысы мен Алтай губерниясындағы қазақтардың атынан – 58 делегат, әр түрлі қазақ ұйымдарының атынан – 8 делегат және арнайы шақырумен – 15 адам, ұйымдастыру комитеті съезге келген делегаттардың тізімін алып барлығы барлық жиын - терісі 81 делегат тіркейді. Әр уезден 2 ақсақал, әр облыстық қазақ комитеттерінен 2 өкіл және арнайы шақырылған 30 адам: олардың қатарында Ғұмар Қарашұлы, Қайырша Ахметжанұлы, Ғабдолла Ешмұхамбетұлы, Ахметжан және Қожахмет Оразайұлдары, Құрманбет Бірімжанұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұстафа Шоқай, Уәлихан Танашев, Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтар, Бақтыкерей Құлманов, Шәңгерей Бөкейұлы, Есенғұл Маманұлы, Мұхаметжан Тынышпаев, Салық Қарпықұлы, т.б. болды. Ендігі мәселе Алашорданың (Алаштың ордасы және өкіметінің) төрағасын балама негізде сайлау басталады: Үкімет төрағасына 3 қайраткердің – Ә. Бөкейханның, Б.Құлмановтың және А.Тұрлыбаевтың кандидатуралары ұсынылды. Жасырын дауыс нәтижесінде Әлихан Бөкейхан – 40 дауыс, Айдархан Тұрлыбаев – 20, Бақтыгерей Құлманов – 19 дауыс алды. Көп дауыс алған Ә. Бөкейхан Алаш автономиясының өкіметі – Алаш орданың төрағасы болып сайланды. Алғашқы баяндаманы Ә. Бөкейхан жасап, ол жөнінде: «Алашорда бүгіннен бастап қазақ – қырғыз халқының билігін өз қолына алады»- деп қаулы қабылдады [5].

Әлихан Бөкейханның бес ұстанымы болды. Ең бірінші – Алаш ұлттық демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін ең алдымен жер болуы тиіс. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейханның ұйғарымы бойынша, қазақтың байырғы жерін қашан қазақтың өзі ғылым мен техникаға сүйеніп, толық игермейінше, жер жекеменшікке, қоныс аударушыларға берілмеуі тиіс. Жер – Отан. Жерді сатқан Отанды сатқанмен бірдей. Екінші ұстанымы – Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі барлық байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс. Үшінші ұстанымы – қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып тоқылып киілуі керек. Төртінші ұстанымы – қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, ділі өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек дегенге сайды. Бесінші – ең негізгі ұстанымы бойынша ғылымға, соның ішінде тәуелсіз ғылымға, ұлттық дәстүрге негізделген, заңға сүйене отырып, ұлттық демократиялық мемлекет құрылуы керек. [6, 170-178 б.] Алаш қозғалысы 1917-1919 жылдары халықтың ықыласына ие болған, қазақ қоғамын дүр сілкіндірген, ел азаматтарының Алаш партиясы, Алашорда үкіметіне ризашылығын білдіріп, құптап қол соққан кезі болды. Қазақ автономиясы мәселесін тұңғыш көтеріп, оны іске асырған Ә. Бөкейхан найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен болған үкіметке қызмет етуден бас тартады. Ә. Бөкейхан бастаған қазақ зиялы қауымы таптық мүдде емес, тұтас ұлт мүддесін қорғады. Осы қылығы үшін 1920-22 жылдары «ұлтшыл» деп жала жабылып, Мәскеуге жер аударылды. Большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімнен кейін Әлихан Бөкейхан қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнады.

Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Кеңес билігі тұсында да елі үшін белсенді қызметтен бас тартқан жоқ. Кеңестік үлгідегі Қазақ автономиясы құрылған кезде, Әлихан Бөкейханның тікелей кеңесімен Әлімхан Ермеков Қазақ автономиясының территориясы туралы баяндамаға дайындыққа кірісті. (Голощекин Қазақстанда жер мәселесін анықтау комиссиясының мүшесі Әлихан Бөкейханға барып жолығуына мынадай баға береді: «Қазақ қайраткерлері, министрлер Алматыдан шығып

Мәскеуге барады да, пойыздан түсіп Кремльге бармай бірден Әлихан Бөкейханға барып, содан кейін ғана Кремльге келеді. Бұл маскара емей не?») [7]. Қазақ елінің мүддесіне төнген қауіпті тура түсінген Әлихан Бөкейхан осы тұста жаңадан отарлау саясатына жол бермеу үшін қазақтарға қажет жер нормасын анықтауда белсенділік танытады. Ә. Бөкейхан сыртта жүрсе де қазақ ұлтының дамуы мен мүдделі мәселелерін, соның ішінде ел мен жер тағдыры шешілетін саяси шаралардың қарсаңында, мысалы солтүстік және оңтүстік облыстардағы шекаралық межені халық санағын жүргізу арқылы белгілеу науқаны алдында тиісті мағлұматтарды баспасөз арқылы қалың қауымға жеткізіп отырған. Түркістан мен Қазақ автономиясының, Қазақ автономиясы мен Батыс Сібір өлкесінің шекарасын анықтайтын мемлекеттік комиссия құрылған тұста «Еңбекші қазақ» газетінің 1924 жылғы 28 қазандағы санында М. Дулатовтың тапсырмасымен «Қазақ қанша?» атты шағын шолуын жариялады [8]. Онда әр сөз бен сөз тіркесіне саяси, тарихи, ұлттық, экономикалық, мемлекеттік мағына мен астар берді. Әсіресе, қоныстанушылар қордалана орналасқан, қара топырақты солтүстік облыстардың шекарасын анықтауға және оларды қазақ жерінің құрамында қалдыруға жанкешті дәлелдер іздестірілді. Ал жер жөнінде, соның ішінде солтүстік облыстардың жер, экономика, шаруашылық, этникалық құрамы мен мәдени шоғырлануына баға беруде сол кездегі кеңес өкіметі ғалымдарының ішінде Ә. Бөкейханмен теңдесетін маман да, ғалым да, саясаткер де жоқтың қасы болатын [9].

«Тірі болсам хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын.»-деген өзінің айтқан сөзіне адал болып, туған халқына ақтық демі біткенше қызмет етіп өтті. Ұлы қайраткердің соңына ерген інілері, азаттықтың құрбаны болған Жүсіпбек Аймауытұлы оған арнау сөзінде: «Қараңғыда қан жылап, қаңғырған күнде басыңды қазақ жолына құрбан қылған ағамыз асқар беліміз!

Өміріңде жүрген жолың біздей інілеріңізге жағып қойған шамшырақ»-дегенде, асыра айтып қателескен жоқ еді. Қошке Кемеңгерұлы өзінің «Қазақ тарихынан» атты тарихи очеркінде былай деп жазды: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде, айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды, бұл топты баулыған – Әлекең»-деп халқына қалтқысыз еткен қызметіне әділ бағасын берген. Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі, Демейді қандай қазақ оны оң көзі. Семей тұрсын, жеті облыс – бар қазақтан, Талассыз жеке-дара тұр ғой өзі, – деп С.Торайғыров айтқандай, Әлихан әрқашан да қазақ жүрегінде жеке-дара тұлға болып қала бермек. Осындай жүрегі елім-жерім, халқым деп соққан, бүкіл саналы ғұмырын ұлтының бостандығы мен дербестігі үшін арнаған асыл азаматтарымыздың ұлтжанды пікірлері, әрекеттері жас ұрпаққа үлгі, өнеге. Ел еркіндігі мен ұлт бостандығы үшін құрбан болған ұлт зиялыларының артына қалдырған асыл мұрасы ұрпақтан ұрпаққа жалғасары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә. Бөкейхан «Таңдамалы» Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 1995, 31-б.
2. Әшкеев Н. «Ә.Бөкейхановтың ұлттық мемлекет құрудағы ұстанған негізгі принциптері» // Ақиқат, 2002, №3, 50-55 б.
3. Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысы» Алматы, Санат, 1995, 23-28 б.
4. Нұрпейісов К. «Алаш Һәм Алашорда» Алматы, Ататек, 1995, 156 б.
5. Марат Ескендірұлы Әбдешев «Алаш Орда министрлері» Алматы, Раритет, 2008, 3-6 б.б.
6. Қойгелдиев М. «Ұлттық саяси элита» Алматы, Жалын, 2004, 170-178 бет
7. Тұрсын Жұртбай «Ұраным-Алаш» Алматы, Ел шежіре, 2011,
8. Қозыбаев М.Қ. «Ақтаңдақтар ақиқаты.» Алматы, Қазақ Университеті 1992, 68-71 б.
9. Тұрсын Жұртбай «Ұраным-Алаш» Алматы, Ел шежіре, 2011

АЛИХАН БОКЕЙХАНОВ И ИДЕИ НАЦИОНАЛЬНО-ГОСУДАРСТВЕННОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА

*Колдыбаева С.С.–к.и.н., доцент кафедры истории Казахстана
Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова*

В преддверии 25-летия государственно-политической независимости Казахстана важно вспомнить тех казахских мыслителей, которые в прошлом не только мечтали, но и разрабатывали идеи политической независимости казахского народа. Одним из ярких мыслителей, внесших заметный вклад в разработку таких вопросов был Алихан Бокейхан (1870-1937).

Как показывает история духовной мысли идеи государственно-политической независимости своего народа, как правило, свойственно разрабатывать национально мыслящим личностям. Именно таким был Алихан Бокейхан. Ученый, преподаватель, журналист, этнограф, публицист и социолог, на долю которого выпала тяжелая, сложная историческая миссия возглавить национально - освободительное движение и стоять у истоков первой казахской автономии Алаш-Орда. Он относил себя к "западническому направлению" общественного движения казахской интеллигенции, которая "видит будущее киргизской степи в сознательном претворении западной культуры - в самом широком смысле этого слова" [1 с.131].

Надо сказать, что Алихан Бокейхан не сразу подошел к идее национально-государственного самоопределения казахского народа. Первоначальное его творчество скорее отражало его стремление больше выразить себя на национально-культурном фронте. Показательна в этом плане работа, вышедшая в 1903 году в Петербурге под общим названием "Россия. Полное географическое описание нашего края" В ней одним из авторов был и А. Бокейхан, написавший раздел "Распределение населения киргизского (т.е. казахского) края по территории, его этнографический состав, быт и культура" [3 с.32]. В работе он дает общую характеристику культуры казахского народа, привлекая материалы "народной литературы", остановившись в особенности на анализе поэмы "Козы-Корпеш и Баян Сулу". Примечательно то, что он специально выделяет Абая, высоко оценивая его как "представителя нового течения" в казахской поэзии. Бокейхан и позже старался представить Абая русскому читателю, и это не случайно, поскольку поколение интеллигентов-казахов начала XX в., ратовавших за государственное самоопределение казахского народа, всячески подчеркивало свое идейное родство с Абаем, стремилось широко освоить культурное наследие прошлого как стимул к пробуждению и развитию национального самосознания.

В контексте увлечения культурно-просветительскими идеями в это время следует рассматривать и деятельность А.Бокейхана по активному участию в разработке «новометодной» или джангирской школы, которая стремилась более творчески и ближе к нуждам национального образования, синтезировать лучшее из традиционной этнопедагогике с передовыми идеями русско-европейской школы.

В целом можно сказать, что в период 1905-1913 гг. А. Бокейхану были свойственны иллюзии относительно возможности изменения положения казахов в рамках существующего монархического строя путем конституционных методов борьбы.

Работа непосредственно в политической сфере в этот период также еще не свидетельствовала о его радикальных взглядах на государственное самоопределение казахов. Состоя с 1905 года в конституционно-демократической партии, провел собрание в Уральске и Семипалатинске с целью организации казахского отделения партии кадетов. В 1905 году участвовал в Каркалинском движении протеста против притеснений царизма, организовал подписи 14500 человек под петицией, известной как Каркалинская петиция. В этом же году по Семипалатинскому округу был избран депутатом в Первую Государственную Российскую думу, участвовал в составлении документа, названного Выборгским манифестом,

осуждающим роспуск царской Думы. За интенсивную деятельность против колониальной политики царского самодержавия сидел в тюрьмах Семипалатинска и Павлодара [4 с. 126].

После революции 1905-1907 годов вышел царский манифест, «дарующий» народам России относительную политическую свободу. В этот период Букейханов работал в кадетских газетах "Иртыш", "Омич", "Голос" в качестве редактора. Революция в России вносит свои коррективы в деятельность казахской интеллигенции, способствует энергичней бороться за создание своих печатных изданий. Первым подобным изданием становится журнал «Айкап», который выпускался на казахском языке (на основе арабской графики). Данное издание фактически освещает все стороны казахского общества. Авторы, сгруппировавшиеся вокруг журнала, представляли прогрессивную казахскую интеллигенцию. Главенствующее место на страницах журнала заняло обсуждение аграрного вопроса. Обсуждая аграрный вопрос, авторы пытались донести до рядовых членов казахского общества те законы, на основании которых отчуждались исконно казахские земли, разъясняли цели и планы царизма, предупреждали о том, что отчуждение излишков – только начало жесткой политики российской империи.

После роспуска Первой Государственной Думы, лишенный возможности привлечь внимание к проблемам Казахстана, Букейханов пытается сделать это через российскую печать. Публикуются в «Сибирских вопросах» его статьи, такие как, «Переселенческие наделы в Акмолинской области», «Русские поселения в глубине Степного края», «Отчуждение киргизских орошаемых пашен» и другие. Эти объемные работы убедительно доказывают, что традиционная форма хозяйствования казахов – кочевое скотоводство - не прихоть казахов, не дань «природной лени», а единственная возможность выжить в условиях сурового и засушливого климата. Во-вторых, Букейханов пишет об искажениях результатов обследования хозяйств, о невозможности обработки земли обычными экстенсивными методами. Переселение – бедствие не только для казахов, лишившихся пастбищ, зимовок, водопоев, но и для самих переселенцев. Алихан Букейханов разоблачает лживость призывов царского правительства «облагородить степь». Высокие пустые слова о внесении в «нашу азиатскую окраину» не имеют оснований и несут только бедствие народам степи.

По настоящему радикально политические идеи о политическом самоопределении казахского народа возникают у А.Бокейхана с вступлением его в партию кадетов. Имея большой авторитет в этой партии, А. Бокейхан считал, что именно с кадетами ему удастся достичь своих целей: вместе с Россией и под ее патронажем добиться автономии Казахстана, включающий в себя собственный парламент, самоуправление, т.е. право на управления финансами и наличие собственного законодательства и ряда других атрибутов самостоятельной государственности.

Февральская революция «была правильно понята и с радостью встречена киргизами, потому что, во - первых, она освободила их от гнёта и насилия царского правительства, и во-вторых, укрепила у них надежду осуществить свою заветную мечту – управляться самостоятельно»- писал соратник Ахмет Байтурсинов. О полной поддержке Временного правительства как легитимного органа государственного управления заявили газета «Казах», казахские комитеты, представляющие в тот период органы национального самоуправления. А. Бокейхан приступает к выполнению обязанностей комиссара Временного правительства в Тургайской области. Весной и летом 1917 года прошли областные казахские съезды, которые сформировали политические и социально экономические требования казахского народа.

Но в июле 1917 года пути А. Букейханов и партии кадетов разошлись, поскольку он перестал находить поддержку среди них в самом главном вопросе - предоставлении автономии казахскому народу, а также по другим принципиальным вопросам (взаимоотношение государства и церкви, в несогласии стремлении кадетами, сохранить частную собственность на землю). Свои мотивы он изложил в статье "Почему я вышел из партии кадетов", отметив в качестве сути расхождений стремление товарищей по партии "сохранить империю при существующих границах" [5с. 23].

Самоопределившись, А. Н. Букейханов создает национальную политическую партию "Алаш", идейные предпосылки которой были заложены газетой "Казах", выходящей с 1913 года. В декабре 1917 года по инициативе А. Букейханова на Всеказахском учредительном курултае была провозглашена "Алаш-орда", т. е. автономия казахов. Исторический термин "Алаш" был общим именем для тех древних родов, которые впоследствии получили этноним "Казах" и этим именем названа была партия, образованная по инициативе видного казахского политического деятеля Алихана Букейханова и ставившая себе целью достижение независимости казахов на уровне автономии в рамках России.

В гражданской войне, развязанной большевиками А.Н.Букейханов и алаш-ординцы были по "ту сторону баррикад" вместе с сибирскими правителями почти до конца 1919 года, когда они оказались один на один с упрочившей свои позиции большевистской властью. Алаш-ординцам пришлось пойти на единственно приемлемое, хотя и чрезвычайно тяжелое решение - войти в соглашение с идейными и политическими противниками в обмен на декларативное обещание сохранения национальной автономии. Лично А.Н.Букейханов вынужден был в этих условиях отказаться от активной политической и государственной деятельности. Он считал противозаконной и террористической акцию Ленина и большевиков по вооруженному захвату власти. Поскольку идея автономии не отвергалась Советской властью, А. Букейханов считал для себя возможным на легальной основе работать в сфере культуры. Но даже сугубо культурническая деятельность А. Букейханова и других интеллектуалов, поднявшихся на гребне роста национального самосознания, была расценена не просто как оппозиция и инакомыслие, а как "контрреволюционная борьба против советской власти". Достигнутый между большевиками и "Алаш-ордой" компромисс был большевиками погран впоследствии, а лозунг "алаш-ординец-националист, враг народа" стал основой тотальных репрессий против тех, кто составлял "мозг нации" [2 с.32].

Таким образом, можно сказать, что самое принципиальное в политическом наследии А.Букейхана-идея национально-государственного самоопределения была поистине им и его соратниками выстрадана. Судьба А.Букейхана и его соратников оказалась трагической и за свои идеи они заплатились жизнями.

Библиографический список литературы

1. Алаш-Орда: Сб.док./ Сост. Мартыненко Н., Алма-Ата, 1992г.
2. Аккулыулы С. Алихан Букейхан // Простор, 1993, №10.
3. Букейхан А. Избранное., Алмата, 1995.
4. История Казахстана в лицах: Полит. портреты. Вып. 1./ Под ред. В.К. Григорьева и А.К. Кусаинова. Акмола, 1993.
5. Кул-Мухаммед М. Формирование и развитие государственно – правовых идей лидеров Алаш-Орды. Алматы: Атамур, 1999.

АЛИХАН БУКЕЙХАН - ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ

Молдабаева С.А. магистр истории

Костанайский государственный университет имени А. Байтурсынова

Букейханов Алихан Нурмухамедович - ученый, преподаватель, журналист, этнограф, публицист и социолог. В 1879 году отец Алихана Бокейханова Мукан отдает своего сына в возрасте 10 лет на учебу в Каркаралинское медресе. В следствии того, что мальчик был недоволен качеством обучения, своевольно меняет школу на начальную городскую трехклассную русско-казахскую школу. В июне 1886 года он получил аттестат трехгодичного городского училища, а затем уехал в Омск и был зачислен «пансионером» в местное техническое училище [1]. В 1890 году обучается в Санкт-Петербургском Императорском Лесном институте. Обучаясь в Омске и Санкт-Петербурге знакомился близко с представителями европейской интеллигенции, как Григорий Потанин, академики

Щербина, Шевцов, Бартольд и Радлов. После окончания университета, А. Букейханов с 1894-1908 год находится в городе Омске, где проявляется его талант общественного, политического деятеля, его выдвигали в качестве подлинного лидера национального движения всего степного края. Он работал преподавателем в местной Лесной школе, а позже служил чиновником Омского переселенческого управления вплоть до 1905 г..

Алихан Букейханов был членом Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Русского географического общества и Семипалатинского статистического комитета. В 1905 году Алихан Букейханов выступил на Съезде земских и городских деятелей в Москве, категорически требуя равных прав для 5 миллионов казахов. Одним из важнейших вопросов считал свободу выбора языка. В этом же году был избран депутатом в I Государственную думу от Семипалатинской области, но он не участвовал в ее работе. После освобождения из тюрьмы в 1908 году он был выслан из Омска и вынужден переселиться в Самару. Между 1908-1915 годами Алихан Букейхан, проживая в Самаре, не прекращает своей политической борьбы, становится одним из влиятельнейших деятелей округа. Например, 24 ноября 1912 года в городе Самаре он участвует в собрании, которое было организовано для сплочения сил всех революционных групп Самары, от октябристов до левых. Через периодическую печать выступает со статьями, в которых он смело осуждает землеустроительную политику Российской Империи[2]. В 1914 году принимает участие в работе съезда социал-революционеров, где встречается с А.Ф. Керенским, который в то время был членом Государственной думы от Самарской губернии, а также одним из руководителей “эсеров”, На съезде Алихан Букейхан выступил с докладом “О положении киргизов в России”.

Алихана Б. избирают своим представителем в Семипалатинской области на Первом съезде мусульманских народов России, который проходил с 15 по 25 июля 1914 года в Санкт-Петербурге. Он вместе с другими представителями казахской интеллигенции проводил работу для пробуждения народа. В газете «Казах» он писал статьи под псевдонимом «сын степей». За годы первой Мировой войны в газете появлялись программы, статьи, решения съездов, с помощью данной газеты, представители казахской интеллигенции стремились оповещать казахов о событиях происходившие в степи и в центре. В 1916 годку принимал активное участие в национально – освободительном движении казахского народа. Был организатором создания первой национально партией, которая известна нам в истории как партия «Алаш». А уже в 1917 году назначен комиссаром Временного правительства. Не смотря на то, что Алихан Б. проводил и участвовал во многих общественных и политических делах, все же главной целью его работы бы создание Казахской автономии[3].

В июле по инициативе А. Букейханова и других представителей интеллигенции проводится первый Всеказахский съезд в Оренбурге, итогом данного съезда является создание партии «Алаш», а также были просмотрены и приняты основы программы партии. Газета «Казах» стала печатным органом партии. Позднее Букейханов А. был избран председателем Народного совета «Алаш-Орды». В 1919 году отказывается поддерживать и служить большевикам, а в 1922 году отзывают в Москву, с целью помешать его политической деятельности. Алихан Нурмухамедұлы работал на начальном этапе в Казахской секции Центрального издательства народов СССР, а затем в 1926 году в Особом комитете АН СССР по исследованию автономных и союзных Республик, в качестве постоянного эксперта по Казахстану и после попадает под сокращение[4].

Алихан Букейханов оставил очень богатое, бесценное наследие. Одна лишь его публицистика насчитывает более тысячи статей, очерков и заметок, опубликованных в более чем 50 газетах и журналах до и после Октябрьского переворота[5].. Из них около 30 казахских и русских печатных изданий опубликовали его материалы только до 1917 года. Он был выдающимся казахским ученым-энциклопедистом, основоположником казахского краеведения. Автором рядом фундаментальных научных трудов, очерков по истории Казахстана, антропологии, земледелию, животноводству, литературе и другим отраслям знаний.

Библиографический список

1. Аккулы Султан-Хан Собиратель казахских земель. Ч. II: наследие Алихана Букейханова // Мысль. - 2013. - № 2. - С. 78-85
2. Аманжолова Д.А. Движение Алаш в 1917 году. М., 1992; Партия Алаш: история и историография. Семипалатинск, 1993;
3. Асылбеков М.Х., Сейтов Э.Т. Алихан Букейхан – общественно-политический деятель и ученый. Алматы, 2003г.
4. Ауэзов М. Бессмертие Алаша // Казахстанская правда. - 2011. - 11 марта.
5. Енисеева-Варшавская Л. Сын степей: наследие Алихана Букейханова // М. - 2013. - № 2. - С. 74-77.

КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ОРНАУЫ МЕН АЛАШОРДА ҮКІМЕТІ: КҮРЕС ЖӘНЕ ҚАЙШЫЛЫҚТАР

Мұсағалиева А.С. тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры
Мұсабекова Р. М. Филология ғылымдарының кандидаты

Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы қайшылықтарға толы болды. Себебі елде большевиктерге қарсы күш Алашорда үкіметі төңірегіне топтасқан ұлт зиялылары бар болатын. Қазақстандағы алғашқы жоғары кеңестік органдардың бірі Қырғыз (Қазақ) революциялық комитеті – Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару бойынша революциялық комитет болып табылды. 1919 жылы 10 шілдеде РКФСР ХКК «Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару бойынша революциялық комитеті туралы» декреті қабылданды [1]. Революциялық комитеттің 7 мүшесін Ресей Республикасы Орталық Комитеті тағайындады. Комитет 1919 жылдың 10 шілдесінен 1920 жылдың 10 қазанына дейінгі аралықта жұмыс істеді. Кеңес өкіметінің азамат соғысы мен әскери интервенция жылдарындағы уақытша төтенше органы өлкедегі жоғары әскери - азаматтық басқаруды жүзеге асыру, Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай сиезін жүргізу және даярлау мәселелерін шешу, қазақ жерін біртұтас жинауды бастау мақсатында құрылған болатын [2]. Аталмыш мекеменің құжаттары ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатының Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару бойынша революциялық комитет қорында сақталған. Қор материалдарының көпшілігі 1993 жылы «Протоколы Революционного комитета по управлению Казахским краем (1919-1920 гг.)» атты құжаттық жинақта жарық көрді. Мекеме қызметінің елдегі жағдайды реттеудегі ролі зор еді. Жергілікті жерлерде облыстық революциялық комитеттер құрылды. Елдегі жағдайларды осы мекемелер қадағалап отырды.

Бұл комитеттің жұмысы алашордалықтардың Кеңес өкіметі жағына өтуімен тікелей байланысты болды. Амнистияға ұшырап, кеңестер жағына шыққан Алаш қайраткерлері мекемеде алғашқы күндерден - ақ қызмет етті. Әсіресе, А. Байтұрсыновтың Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару бойынша революциялық комитеттің мүшесі болуы жергілікті халықпен қарым - қатынасты жолға қоюға үлес қосты. Қайраткердің негізгі қызметі Кеңес өкіметіне қарсы соғысып жатқан Торғай және Орал топтарын большевиктер жағына шығаруға арналды. Мәселені шешу үшін мекеменің қызметі барысында көптеген құжаттар жинақталды.

1919 жылы 4 қарашада Түрікфронт революциялық әскери кеңесінің Кеңес өкіметіне қарсы күрескен қазақтарға амнистия қолдану туралы қаулысы шықты. Амнистияның қолдану талабы: а) Кеңес өкіметін толық мойындау туралы қазақтардың барлық топтары немесе өкілдері тарапынан арызы; б) ақгвардияшы казактарға көмектің қандай да түрін тоқтату және қазақ даласында тығылып жүрген ақгвардияшыларды Кеңес өкіметіне ұстап беру; в) кеңес әскерлеріне бейбіт тұрғындарды тонап жүрген және қалыпты өмір сүруге кедергі келтіріп жүрген ақгвардияшыл топтарды жоюға көмектесу [2, 358-259 бб.]. Кеңес өкіметінің Батыс Алашорданы өз жағына шығарудағы мақсаты - жергілікті қазақ халқын

ақгвардияшылармен күресте пайдалану болғаны осылайша деректерден айқын көрінеді. Амнистия жариялағанмен, Торғайда М. Дулатов бастаған және Батыс Қазақстанда Х. және Ж. Досмұхамбетовтер бастаған қарулы әскерлер большевиктер отрядтарымен күресін жалғастыра берді. «Қызыл террордан» жалыққан халық алашордалықтарды жақтап отырды. Осы кездегі Торғайдағы алашордалықтар мен большевиктер арасында болған қақтығыста орын алған А. Имановтың өлімі де жағдайды ушықтырды. Кеңес өкіметінің осы мәселеде алаштықтарға сенімсіздікпен қарағаны төмендегі деректерден көрінеді. Алашорда қызметі жөнінде Ырғыздан Атбасарға кетіп бара жатқан жолында ұсталған Ырғыз уезі бастығы А. Теміровтен [2, 363-366 бб.], Торғай қаласындағы оқиғалар куәлары И. Денисов пен М. Гусманнан [2, 367-369 бб.] А. Имановтың өліміне байланысты Қырғыз далалық өлкесі революциялық әскери кеңесінің мүшесі Ә. Жанкелдиннің жауап алды. Алашордалықтармен келісім жүргізуші большевик Кеңес өкіметіне ақпараттар жинап беріп отырғанын байқаймыз. Жауап алуда алаштықтардың Кеңес өкіметіне қарсы іс - әрекеттері жіті тексерілген.

Батыс Алашорданың ымыраға келуі де қиындықтарға толы болды. Келіссөздер барысы жеделхаттар мен тікелей желі бойынша сөйлесулер арқылы жүрді. Осының барлығы нәтижесінде 26 желтоқсандағы Алаш - Орданың батыс бөлімінің өкілдері Ж. Досмұхамедов, К. Жәленов, И. Қашқынбаев, Х. Досмұхамедовтер Қазревкомға баяндама хат даярлады [2, 386-388 бб.]. Батыс Алашорданың қызметі туралы жазылған баяндама хатта Алаш - Орданың міндеті - революциядан кейінгі екі ағым арасындағы күрестен туындаған зорлық пен тонаудан қорғаусыз және қарусыз қазақ халқын қорғау болғандығы ашық айтылады. Хатта былай көрсетіледі: «Қорыта келе, біз, Алаш - Орданың өкілдері, төмендегіні айтуды қажетті деп есептейміз, бізді қазақтардың саяси өмірін және уақытша өкіметті басқаруға халықтың өзі шақырған болатын, олардың қалауы бойынша біз өкіметті басқаруды ауыр жүк ретінде алып жүрдік және мүмкіншілігінше халық өкіметін жүзеге асырдық. Бізге сеніп тапсырылған өкіметті өз еркімізбен Қазревкомға бере отырып, біз бұнымен қазақтардың арманы және негізгі ұстанымы автономды басқару бұзылмайды деген ойлаймыз, себебі Қазревком біз қызмет еткен автономиялы басқару идеясының жүзеге асуын көрсетеді немесе көрсетуге тиіс». Көріп отырғанымыздай, Кеңес өкіметі жағына шыққан кездегі деректер мәселеге екі жақтың мүдделі болғанын дәлелдеп тұр.

Ал осы жылы 13 ақпанда Жымпитыға Батыс Алашорданың істерін жоюға барған Қазақ өлкелік әскери комитеті жанындағы инспекторы Иванов пен Қазревком мүшесі С. Мендешевтің Қазревком коммунистік фракциясына жазған баяндамасында большевиктердің алаштықтарға қарым - қатынасы анық көрінеді [2, 402-406 бб.]. Олар Жымпитыға барғаннан кейін жергілікті қызметкерлерден Батыс Алашорданың қызметі туралы жазбаша арыздар жинаған, аудан тұрғындарымен әңгімелесулер мен жауап алулар жасаған. Қазревкомға Алаш - Орданың белсенді қызметкерлерін жергілікті жерлерде жауапты жұмыстар бермеу керек, Қызыл - Қоға ревкомын қайта құру қажет деген ұсыныстар берген. Ә. Жанкелдин де алашордалықтар туралы РКП (б) Орталық Комитеті хатшысына баяндамалар даярлап тұрды [2, 410-411 бб.].

Алаштанушы К. Нұрпейісов мәселені былай ашып береді: «Алаш пен Алашорданың белсенді жетекшілері мен мүшелерінің іс жүзінде Кеңес өкіметі жағына шығуы оңайлықпен жүзеге асқан жоқ. 1920 жылдың қаңтарында Ә. Бөкейханов пен Семей облыстық Алаш комитетінің үш мүшесін Қызыл Армияның 59 - дивизиясының ерекше бөлімі тұтқындады. Алаш белсенділерін тұтқындау фактілері Ақмола облысында да орын алды» [3].

Шығыс Қазақстан облыстық қазіргі заман тарихы құжаттама орталығында алаштық зиялыларын босату үшін Семей өлкесінің 800 мың қазағы атынан облыстық ревкомның мүшесі Төленов қол қойған жеделхаттың Орталықтағы Қырғыз (Қазақ) революциялық комитетіне жіберілгені туралы мәлімет бар. Құжаттың жазылуына жоғарыдағы фактінің әсер еткені сөзсіз. Олар 59 - дивизияның ерекше бөлімінің Бөкейхановты, Райымбековты, Оспановты, Байтеновты және басқаларды тұтқындағанына наразылық білдірген. Халық зиялылардың ұсталуын жергілікті казак - орыстардың ісі деп бағалап, қазақтар 1919 жылы

жасалған амнистияға байланысты оларды босатуды талап еткен. Әрине, аталған уақытта Семей өлкесінде 800 мың қазақ тұрған жоқ, сондықтан да хат солтүстік - шығыс өңір халқы атынан жіберілген болуы керек.

Жеделхаттың маңыздылығы халықтың алаштықтарды қолдауы кеңестік билік өкілдерін қобалжытқанынан көрінеді. Себебі жоғары билік құжатқа жауап хат жолдады. 1920 жылдың 13 ақпанында Қырғыз (Қазақ) революциялық комитетінің төрағасы С. Пестковский қол қойып, Семей облревкомына, Әскери революциялық кеңес пен Сібір ревкомына жіберген жеделхатында ұсталғандардың Кеңес өкіметіне қарсы әрекеттері шын мәнінде саяси тұрғыда болғанын анықтауды талап етті. Және Қырревком жекелеген тұлғаларға жасалған репрессияларды еш жағдайда тұтас қазақ халқына арналған қудалау деп түсінбеу керек екенін айтты. Осы мақсатта Әскери революциялық кеңес пен Сібір ревкомына казак - орыстар мен жергілікті өкімет орындарының қазақ халқына байланысты жасап отырған зорлық және бассыздықты тоқтатуды сұрады. Құжатта жағдай нақты былай көрсетілді: «Қазақтар мен қоныс аударушылардың қазақтарға құл ретінде қарауға үйренгенін жақсы білеміз және тіпті Кеңес өкіметінің кезінде де жергілікті органдар мен өкіметтің жекелеген агенттері қазақ тұрғындарын қыспаққа алуға бет бұрып тұрады. Біздің басқаратын территорияда бұл құбылыспен жемісті күресудеміз, Әскери революциялық кеңес пен Сібір ревкомына қазақ халқын әртүрлі сипаттағы бассыздықтан қорғау үшін барлық шараларды қабылдауды өтінеміз» [4]. «Қызыл террордың» Шығыс Қазақстан аймағында заңсыздықтарға толы жүріп жатқанын осылайша республика басшылығы да мойындап отырды. Олар интеллигенцияның ұсталуынан емес, халықтың жаппай қарсы шығуынан сескенді. Дегенменен де бұл жеделхат террордың тоқтатылуында шешуші роль атқарды деп айта алмаймыз. Керісінше, террор күшейе түсіп, бүкіл аймақта белең ала бастады.

Аталған құжат Кеңес өкіметі кезінде Н. Мартыненко құрастырған «Алаш Орда» құжаттық жинағында жарық көрген. Ол Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатынан алынып, жарияланған. Себебі құжаттар бес дана етіп жасалып, Сібір революциялық комитетіне, Семейге, революциялық әскери кеңестеріне жіберілген. Оны автор «алашордашыларға амнистияның орындалуы туралы құжат» деп түсіндіреді. Біз оның пікірімен келісе алмаймыз, өйткені большевиктер қазақ интеллигенциясына берілген амнистияны толық жүзеге асыруды тіпті кейінгі жылдарда да ойлаған жоқ. Оған жергілікті мұрағатта сақталған «қызыл террор» кезіндегі алаштықтардың қайта - қайта мемлекет тарапынан қуғындалуы туралы деректер дәйек бола алады. Кейінгі кезде шыққан «Алаш қозғалысы» құжаттар жинағында бұл дерекке «Қазревком төрағасының тікелей желі бойынша қазақ интеллигенциясы өкілдеріне байланысты репрессиялар туралы хабарлама» [2, 401 б.] деген атау қояды. Ал Шығыс Қазақстан облыстық қазіргі заман тарихы құжаттама орталығында сақталған мұрағаттық құжат түрінде жеделхат деп аталып, ешқандай түсіндірусіз берілген. Екі жинақта да Райбеков деп көрсетеді, ал мұрағаттағы құжатта анық Раймбеков деп көрсетілген. Бұл еңбектердегі археографиялық өңдеудің кемшілігін білдіреді.

1920 жылы 4 наурызда М. Тынышбаев 1 армия штабы 3 Түркістан атқыштар дивизиясы штабының бастығын Жетісу қазақтарының Кеңес өкіметі жағына шығуына байланысты өтініштерімен таныстырған. Бұл туралы аталмыш штабтың жеделхаттары баяндайды [149, 411-412 бб.]. Олар, қазақ тұрғындарының жеке және мүліктік қауіпсіздігін Черкаскі және Тарбағатай аудандарының орыс шаруаларынан, сонымен қатар қарулы бөлімдерден қорғау, қазақ халқына және қазақ интеллигенциясына толық саяси амнистия жасау, өлкені ақтардан құтқару үшін тез арада шаралар қабылдау. Сонымен бірге, қазақ қарулы күштерінің қызыл әскерге бағынатыны және РКФСР Конституциясы мен жұмысшы - шаруа үкіметі заңдарын мойындайтыны айтылды.

Батыс Алашорданың толық жойылуы туралы Қазревкомның қаулысы осы жылы 5 наурызда қабылданды. Онда жиналған құжаттарды талдаған және Батыс Алашорда жауапты қызметкерлерімен алдын - ала сөйлескен Бегімбетовтың баяндамасы тыңдалды. Құжатта амнистияға қарамастан, Батыс Алашорда өкілдерінің қазақ жерінде қалуы жергілікті жерлерде кеңес құрылысын жасауға кедергі келтіреді, тіпті кейбіреуін қылмыскерлер ретінде

қарау айтылды. Сондықтан да, Жанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Иса Қашқынбаев, Кәрім Жалелов, Беркінғали Атшыбаевтар Мәскеуге немесе басқа орталық губернияларға жіберілді және олар ревкомға немесе басқа да жауапты қызметтерге алынбайды делінді [2, 413 б.]. Бұдан көргеніміздей, большевиктер өз мақсаттарын орындаған соң, Батыс Алашорда лидерлеріне қырын қарауын қоймаған. Батыс Алашорданың қызметі туралы баяндама хат 1920 жылы наурызда Мәскеуге Қазревком төрағасы С. Пестковскиймен бірге делегацияны басқарып барған Ж. Досмұхамедовтің де қолында болды, ол оны В.И. Ленинге, И.В. Сталинге, және Л.Д. Троцкийге табыс етті [5]. Бұның өзі Батыс Алашорданың қызметіне ең жоғары басшылық та қызығушылық білдіргенін айқындайды. губерниялық революциялық комитет мүшелері Төленов, Ә. Ермеков және РКП (б) губерниялық бюро жанындағы түрік халықтары секциясынан М. Әуезов, Ж. Аймауытовтар бірігіп жазып, Қазақ революциялық комитеті мен Сібір революциялық комитетіне жіберілген қазақ интеллигенциясын қудалауды тоқтату туралы өтініш білдірген жеделхаты. Жеделхатта қазақ интеллигенциясының Кеңес өкіметі жағына өтуіне қысқаша тоқтала келіп, олардың халықпен тығыз байланысты екендігі айтылды. Репрессияны тоқтату қажеттілігін нақты былай ашып көрсетеді: «Қырғыз (қазақ) интеллигенциясы ұлттық платформада тұр, бұл бұқараның әлемдік пролетариаттың ошағына араласу үшін мәдени дәрежесін көтеруге алып келеді. Интеллигенцияны қудалау ірі құрылыстың жалпы ісіне өлшеусіз зардап әкелуі мүмкін. Кеңес өкіметінің нығаюына Қырғыз (Қазақ) өлкесі әскери революциялық комитетінің үкіміне сай интеллигенцияны мобилизациялаудың көмегі болады. Қырғыз халқы мен оның интеллигенциясының саяси көңіл - күйін ескере отырып, біз қырғыз халқы өкілдерінің орталық Кеңес өкіметімен жасаған келісімі мен Орталық Атқару Комитеті қаулысына сай қырғыз қоғамдық қайраткерлерін бұрынғы саяси қызметтері үшін Башқұрстан келісімінің он алтыншы пунктін қолдана отырып, қудалауды тоқтату туралы өкім шығаруыңызды өтінеміз» [2, 414 б.].

ҚР Президенті мұрағатының қорында Кеңес өкіметінің толық орнаған алғашқы жылдарындағы Алаш қайраткерлері мен большевиктердің қарым - қатынасы, олардың мемлекеттік мәселелер, қоғамдық - саяси саладағы қызметіндегі қарама - қайшылықтарды анықтайтын, аша алатын құжаттар кешені сақталған. Деректер ішінде большевиктердің репрессивті саясатын әшкерелейтін қазақ интеллигенциясының кеңестік басшылық қызметте болған өкілдерінің Орталыққа, Мәскеу басшылығына арнаған хат - хабарламалары өзіндік орын алады.

Соның ішінде Кеңес мемлекетінің басшысы В.И. Ленинге белгілі қоғам қайраткері А. Байтұрсыновтың 1920 жылы 17 мамырда Кеңес өкіметінің қазақ интеллигенциясына сенімсіздігін жою туралы жазған хатын көре аламыз. Қайраткер хатында Қазақ өлкесіндегі жергілікті большевиктердің халықпен және интеллигенциямен қарым - қатынасын сынап отырып, талдайды. Ол төмендегідей сипаттама береді: «Қырғыздарда (қазақтарда) белгілі бір интеллигенттер бар, оларға халық сенеді, олар қателесуі және адасуы мүмкін, бірақ өз халқын саналы түрде ешқандай жеке бас мүддесі мен пайдасына сатпайды. Қазақ халқының өзіне деген сенімін жаулап алғысы келетін орыс пролетариаты үшін қысқа жол осы интеллигенттер арқылы болады. Бірақ ол үшін бұл интеллигенттер Кеңес өкіметінің сеніміне кіруі керек. Қырғыз мәселесіндегі барлық қиындық төмендегідей, қырғыздар бұрынғы жаулаушыларға, Кеңес өкіметі бұрынғы қарсыластарына сене алмайды» [6]. Осылайша айта келе, А. Байтұрсынов сенімсіздіктің шығу себебін анықтайды. Ол мәселені шешу қазақ жеріндегі коммунистердің отаршылдық ой - пікірлерін өзгерту арқылы ғана жүзеге асыру мүмкін деп қорытады. Жағдайдың шешілуінің ең жоғарғы басшыға дейін қойылуы большевиктердің бейбастығының күшейгенінен туындады.

Бұл туралы Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару бойынша революциялық комитеттің мүшесі Т. Седельниковтың В. Ленинге жазған хаттары да бар. Онда большевиктердің өлкедегі басымшылықтарын қатты сынады. Қазақ интеллигенттерін қолдай келе, олардың өкіметке еш зияны жоқ екенін былай түсіндіреді: «И вот беспомощные, прекраснoдушные, миротворческие «контрреволюционеры» перекочевывают под Красное знамя и становятся

преимущественно «принципиальными», «сашуштувиуишшими» революционер-ами! Они более никуда не уйдут. Никакого «восстания» не поднимут. Никакого заговора не измыслят. Идти им некуда, если не будет советской власти. Как восставать, когда воевать не способен? Зачем заговор, если от него пахнет новой гражданской войной и старым режимом?... Надо дать ход киргизской неграбительской интеллигенции» [2, 44-45 б.]. Осылайша, интеллигенция өкілдері В.И. Ленинге және кеңестік басшылық орындарына өз наразылықтарын жазба түрде бере алды. Аталған деректер большевиктердің террорлық әрекеттерін танымдық деңгейде кең түрде ашады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар Кеңес өкіметінің республикада орнауы күрес пен қайшылыққа толы болғандығын көрсетеді. Алашорда қайраткерлері большевиктермен тәуелсіздік жолындағы күресін соңына дейін жүргізе алды.

Әдебиеттер тізімі

1. КПСС и Советское правительство о Казахстане. 1917-1977 гг. Сборник документов и материалов. Алма-Ата: «Казахстан», 1978. – 396 с.- 23 б.
2. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. желтоқсан 1917 ж. - мамыр 1920 ж. – А.: «Алаш», 2005. - Т.2. - 496 б., 455 б.
3. Нұрпейісов К. Алаш қозғалысы. - Алматы: Ататек, 1995. - 256 б., 211 б.
4. ШҚОҚЗТҚО, 73-қор, 1-тізімдеме, 18-іс, 6-п; Алаш - Орда: Сборник документов/ Сост. Н. Мартыненко. - Алма-Ата: Малое издательство «Айкап», 1992. - 192 с. - С-186, 187.
5. Мажитов Р. Жаханша Досмухамедов. - Алматы: Издательство «Арыс», 2007. - 6 с., 206 б.
6. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 ж. - Алматы: «Ел - шежіре», 2007. - Т.3. - К.1. - 304 б.- 80 б.

ӘЛИХАН МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАЙРАТКЕР

Мұханбетжанова А.Р.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының оқытушысы

Ата – бабамыз ежелден елінің еркін болғанын қалады. Еркіндіктің оңай жолмен келмесі әмбеге аян. Елдің өз алдына ел болуы үшін елім деп еңірейтін ерлер қажет. Қазақ халқының маңдайына біткен сондай ерлердің бірі – Әлихан Бөкейханов. Ия, Қыр баласы атанған Әлихан, ғалым Әлихан, басшы Әлихан қазақ еліне өлшеусіз еңбек сіңірді. Елінің қандай құрметіне болса да лайық.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет құрғанымызда ел қамын ойлап, сол жолда өздерінің саналы ғұмырын құрбан еткен азаматтардың шынайы ғұмырларын тереңдей зерттеуде тек тарихшы ғалымдардың ғана емес, басқа да ғылым саласындағы ғалымдарымыздың атқарған еңбектері жетерлік. Айтар болсақ филология, журналистика тағы да басқа салалардағы зерттеушілердің еңбектерінен де көреміз. Сондай зерттелу үстінде жылдан – жылға шетелдік, отандық архив мұрағаттарынан табылып жатқан деректердің де Алаш зиялылары қызметін зерттеуде алатын орны ерекше. Солардың ішінде әлі де тың деректер мен зерттеулерді қажет ететін Алаш өкіметінің басшысы Әлихан Бөкейханов туралы ғылыми зерттеулер молынан керек етеді [1, 97 б.]. Бүгінгі таңда әлі өз шешімін таппаған, даулы мәселелердің бірі болып отырған жер туралы заңдар қабылданар кезде Әлихан Бөкейханов шығармашылығын зерделеп, саралап алар тұжырымдар жетерлік. Оның жер қатынастары мәселесінің білгір маманы екендігін байқаған Ресей әкімшілігінің шенеуніктері ол кісіден ақыл – кеңестер алып тұрған. Ол тек жер мәселесіне ерекше көңіл бөлді десек, ол тарихи шындыққа жасалған қиянат болар еді. Қазақ қоғамы осындай кезеңде қандай жолмен жүрсе тиімді, оны қайтсе басқа жұрт қатарына қосамыз, халықтың тәуелсіз елдігін қалай қамтамасыз етеміз деген күн тәртібіндегі және болашаққа жасалатын

жоспарларды шешуде қандай іс – шаралар жүргізу керек екендігіне жол көрсетіп, барлық мәселелерге дерлік ат салысып отырды[2].

Ә. Бөкейхан баулыған XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары қай жерде жүрсе де, қай салада еңбек етсе де туған халқының тағдыры туралы ойлануды бір сәт те ұмытқан жоқ. Ұлттық мемлекет құру Әлихан Бөкейхан және соңынан ерген буржуазиялық-демократиялық бағыттағы интеллигенция өкілдерінің түпкі мақсаты болды. Ә.Бөкейхан ұлт мәселелерінің жоқтаушысы ғана емес, бүкіл қазақ елінің саяси қайраткері ретінде осы күрес жолындағы көш бастаушысы да болды. Ә. Бөкейхан Ұлттық еркіндік пен дамудың алғышарты ұлттық мемлекеттің болуы деп түсінді. Ә. Бөкейханның саяси өмірбаянында 1916-жылдың дүрбелеңі және майдандағы қара жұмысқа алынған қазақ жастарына көрсеткен азаматтық қызметі ерекше орын алады. Қазақ халқының 1916 жылғы қарулы көтерілісіне Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялыларының «Қазақ» газеті арқылы үзілді-кесілді қарсы шығуы да ұлтты жаппай қырғыннан аман алып қалудың саяси бейбіт жолын ұсынуынан еді. Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917ж. желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш автономиясы жарияланады. «Қазақ» газеті өзінің бас мақаласында партияның атын «Алаш» қойып, оған тілектестерді Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар тізімін осы партияның атынан жасауға шақырды. Алаш партиясының облыстық ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан қалыптаса бастады. Ә.Бөкейхановтың тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен қазанның 12 – 20 аралығында Орынборда ашылды [6].

Өзімізге белгілі, қазақ халқының қамын жеп, мұңын мұңдап келген арысымыздың еңбегі осы күнге дейін еленбей келген болатын. Елі үшін құрбандыққа жанын берген Әлихан Бөкейханов халық ұғымында ниеті түзу, пиғылы ақ тұлға ретінде әспеттелген. Әйтсе де «мен осындай екенмін – ау» деп шалқақтаған емес. Барлығы да өзінің елі , кіндік қаны тамған жері үшін , қасиетті қазақ ұлты үшін еді. Ол өзіне сенім артқан көпшілік алдындағы жауапкершілігін сезінді [3].

Зерттеушілердің пайымдауынша Әлихан Бөкейхановтың мыңға жуық мақала мен очерктері және тағы да басқа туындылардан тұратын ғылыми – публицистикалары 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін және 1927 жылға дейін 50- ден астам қазақ және орыс газет – журналдарында , төңкеріске дейін ғана 30 – ға жуық қазақ – орыс басылымдарында мақалалары жарық көрген. Туындыларының географиясы да қазіргі кең байтақ Еуразия кеңістігін қамтиды. Оның ең алғашқы бір топ мақаласы 1889жылы Дала генерал – губернаторының ресми үнқағазы ретінде Омбыда шығып тұрған «Особые прибавления къ Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» газетінің қазақша қосымшасы «Дала уәлаяты» газетінен көрінсе , көп ұзамай оның түрлі бүркеншік есімі көрсетілген туындылары 1917 жылғы Ақпан төңкерісі мен Қазан бүлігіне дейінгі бір Омбының ғана «Степной край» , «Степной пионер» , «Омичъ» , «Иртышъ» , «Голосъ степей» , Семейдің «Семипалатинские областные ведомости» , «Семипалатинский листокъ» , Ташкенттің «Туркестанские ведомости» , Орынбордың «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы , Петербордың «Речь» , «Сынъ отечества», «Наша жизньъ» , «Слова» , «Мусульманская газета» басылымдарынан және тағы да басқа журналдар беттерінде жарық көрген. Әлихан Бөкейхановтың басылымдарда басылған мақалаларында өз аты тікелей берілмей , бүркеншік есімдерден берілгендігін атап көрсеткен болатынмын. Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша , оның «Қыр ұғлы» , «Қыр баласы» , «Ғали хан» , «Әлихан» , «Ғ.Б.» , «Ә.Б.» , «Арыс ұлы» , «Түрік баласы» , «Қалмақбай» есімдері болған. Бұл атаулар қазақша басылған газет – журналдарда кездесе, орыс газеттерінде бұдан да асып түсетіндігін мерзімді басылымдардан байқауға болады [1].

Алаш арыстарының бірі де бірегейі қашанда қазақ үшін мәртебесі биік тұлға екені сөзсіз. Айта кетерлік жайт, Әлихан Бөкейханов мақала жазып қана қоймай , бірнеше кітаптардың да авторы. Оның шығармалар жинағы, мақалалары 7 томдық кітап ретінде басып шығарылды. Ал өз бастамасымен 1926 жылы «Дүниенің құрылысы» (Астрономия) оқулығы жарыққа шықты. Кітапты жазуда орыстың академик жазушысы Д.Грабенің еңбегін

қазақшаға аударған деген пікірлер де жоқ емес. «Әлихан Бөкейхановтың «Қыр баласы» деген лақап атпен жариялаған «Дүниенің құрылысы» еңбегін таза аударма деуге де болмайды, негізінен қазақ оқушыларының талап – тілегіне лайықталған кезеңдік оқулық деуге әбден болады. Онда Әлихан Бөкейхановтың өзіндік дүниетанымы мен қазақ халқының дүниетанымына тән түсініктерді баяндайтын тұстар жиі ұшырасады»- деп жазды филология ғылымдарының кандидаты Гүлжиһан Көбденова өзінің зерттеу еңбегінде. Қазіргі заманғы астрономия аспан денелерін зерттеудің тәсіліне қарай бірнеше бөлімге бөлінеді. Астрометрияда аспан объектілерінің орындары мен қозғалысы анықталады. Зерттеу еңбегінде көрсетілгендей, кітаптағы атаулар мен терминдерді автордың өзі ойластырған. Академик Серік Қасқабасов: «- Қазақ халқының астрономия туралы ілімі арғы ауызша біліммен сабақтас. Совет дәуірінде Әлихан Бөкейханов еңбегімен қолжазбамен, текстологиямен айналысқан мамандар, біздер , жақсы таныс болдық. Ол кісінің кейбір мақалаларын «Қыр баласы» деген белгісіз зиялының шығармасы екен деп сол жылдары бүкпелеп , жариялап та отырды , осылайша ғылымдағы дәстүр сабақтастығы үзілмеді деуге болады. Мәселен, астрономия туралы керемет еңбектер – Х.Әбішев «Аспан сыры», М.Ысқақовтың «Халық календары» монографиялары тақыр жерден туған жоқ , ол ғалымдар да Бөкейхановтың мәуелі жемісінен нәр тартқан деп ашып айтуға , бүкпесіз баға беруге бүгіндері әбден мүмкін» - деп баға берсе , жазушы – ғалым Зейнолла Сәнік: «- Астрономияны дамыту , аспан әлемін зерттеу – қай уақытта болса да басты орында тұрғаны анық. Ата – бабаларымыз жұлдызға қарап болашағын болжаған , таң мен келер күнін пайымдаған. Біздің табиғатпен етенелігіміз сондай , қазақ дүние – танымына аспан әлемінің тұтас болмысы сыйып тұр. Ал оны терең зерделеу үшін халықтық таным мен жаңа замандық ғылымды ұштастыра білген жөн. Міне, Әлекеңнің кітабы соның көшбасында тұр. Бұл тұрғыдан алғанда, Әлихан Бөкейханов – қазақтың тұңғыш астрономы десек те артық емес» - деген болатын. Бұрынғы кезде Әлихан Бөкейхановтың кім екенін сұрасаң , публицист, ғалым , аудармашы , әрі кетсе Алаш зиялысы , «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы дер, бірақ оның астролог екенін білетіндер кемде – кем. Өзінің бойындағы қасиеттерімен ол «Жігітке жеті өнер де аз» деген ұғымның дәлелін тағы бір көрсетті. Кәсібің – нәсібің емес пе? Әлихан Бөкейхановтың кәсібі де сол қазақ халқын биікке көтеріп, Ахметтің масасындай ызыңдап, Міржақыптай «Оян , қазақ!» деп ұран салып, білектен қол шығару болатын.

Дариға-ай , енді заман құбылмасын,

Мұңымнан болсын әсте жырым басым.

Әлекең салып кеткен сара жолда

Алаштың байрақ туы жығылмасын![4] – деген өлең – жолдары Әлихан Бөкейхановтың 150 – жылдығына арналып, ақынның шексіз қуанышы мен ризашылығынан туындаған.

2016 жылы Қыр баласының 150 – жылдық мерейтойы ЮНЕСКО аясында тойланатын болады. ЮНЕСКО өзінің кезекті 38 – сессиясында осындай қаулы қабылдады. Енді сөз кезегі 1905 – 1930 жылдардағы тарихи оқиғаларды , оның ішінде әсіресе Алты Алаш көсемінің өмірі мен сан қырлы қызметін және баға жетпес мұрасын зерттейтін ғалымдарда. Әйтсе де соңғы сөзді Қазақстан үкіметі айтуға тиіс делінген. Осыдан кейін газет беттерінде : «Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдық мерейтойын мерекелеу жөніндегі мемлекеттік комиссия құру мәселесі бойынша арнайы комиссия құрудың орынсыз екенін хабарлаймыз. Әлихан Бөкейхановтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында мемлекеттік органдарға тарихи тұлғаның мерейтойы құрметіне БАҚ-тарда кеңінен жариялай отырып, ғылыми – тәжірибелік конференциялар, мәдени көпшілік және басқа да әлеуметтік маңызды іс – шаралар өткізуге тапсырма берілді». Бұл « Ақжол» партиясының басшысы Азат Перуашовтың ҚР Премьер - министрі Кәрім Мәсімовке жолдаған депутаттық сауалына Үкіметтің берген жауабы [5]. Әйтсе де елім деп еңіреген ерінің мерейтойын елі елеусіз қалдырмады. ЮНЕСКО Әлихан Бөкейханды шынайы бүкіләлемдік дара тұлға деп таныды.

«Тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп өткен Әлихан өмірден өткеннен кейін де халқына қызмет көрсетіп келеді десек артық емес. Оның ұрпағына қалдырған зор мұрасы әлі де халыққа қызмет көрсетуде. Саяси, ғылыми, әдеби мәселелердің барлығын

үлкен көрегендікпен, асқан қырағылықпен қарастырған Әлихан Бөкейхан шыныменде мемлекеттік және қоғамдық қайраткер.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қоғам. Тарих. Мәдениет». Жандос Құмғанбаев «Әлихан Бөкейханов және «Қазақ» газеті»
2. «Қазақ» газеті. Мәуен Хамзин «Алаш арыстары», 2016 ж
3. «Қазақ» газеті. Қоғабай Сәрсекеев «Қазақтың үш арысы», 2016ж
4. «Қазақ» газеті. Бақытжан Тобаяқ «Ұлт көсемі», 2016ж
5. «Қазақ» газеті. «Ұлт көсемінің мерейтойына ел үкіметі неге тарылды?»
6. Ә. Бөкейхан - Тәуелсіздіктің жаршысы.
Адиет К.Б., Дүкенбаева З.О. Астана қ., Қ.Р. БҒМ Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы институты

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

*Наурызбаева Ә. К.. т.х г. к., Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*

Биыл 1916 жылдың ұлттық азаттық көтеріліс 100 жыл, тарихи тұлға Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жыл толып. Осы орайда «Әлихан Бөкейхан және 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс» атты тақырыпты мақаламызды сараламақпыз

1916 жылы 25 маусымда патшаның Қазақстан, Орта Азия, Сібір тұрғындарынан 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарын тыл жұмысына алу туралы жарлығы шығады. Бұл жарлық 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің басталуына себеп болды. Қазақ қауымында патшаның 1916 жылғы маусым жарлығы мен көтеріліске көзқарас бірдей болған жоқ: ауылдың феодалдық-байшыл билеуші тобы мен жергілікті әкімшіліктің белгілі бөлегі патша жарлығын толығымен қолдап, оны белсенді түрде жүзеге асырушылар болды; қазақ интеллигенциясының радикалды батыл іс-қимылға бейім өкілдері (мысалы, Т.Бокин, Ж.Ниязбеков, Т.Рысқұлов, Ә.Жангелин, С.Меңдешев, Б.Алманов, Ә.Жүнісов т.б.) халықты қарулы көтеріліске шақырып, оған өздері де қатысты. Ал «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты либерал-демократиялық зиялылар өкілдерінің жетекшілері халықты жарлықты орындауға қарсы шықпауға үгіттеп, оны орындамаған жағдайда қазақтар қантөгіске ұшырауы мүмкін деп санады және осыған байланысты халық тағдырына үлкен алаңдаушылық білдірді. Осынау алмағайып кезеңде «Алаш» қайраткерлері халықты жаңа аласапыраннан қорғаштап, қайткен күнде оны аман сақтауға тырысты. Сондықтан да олар қарулы көтеріліске қарсы болып, қазақтарды патша жарлығын орындауға шақырды. Біріншіден, олар Ресейге төнген сыртқы қатердің бодан болып отырған қазақтарға да толық қатысы бар деп санады. Бұдан сырт қалуға болмайды, - деп есептеді. Екіншіден, іс жүзінде қарусыз қазақтардың тұрақты орыс армиясына қарсы бас көтеруін болдырмауға талпынды. Қарусыз халық өкіметтің жазалау шараларының құрбаны болады деп қауіптенді. Үшіншіден, соғыс Ресей үшін жеңіспен біткен жағдайда қазақтардың хал-күйі жеңілдеп, ұлттық автономия құрылатынына үміт артты. Империямен ақылға қонымды келісім тактикасын ұстанып, халқының аман болуын бірінші кезекке қойған «Алаш» көсемдері тыл жұмыстарына шақыруды кейінге қалдыра тұрып, тиісті әзірлік жұмыстарын жүргізуді ұсынды. Көтеріліс барысында орын алған қанды қырғын, жүздеген мың адамдардың қаза табуы бұлардың қауіптерінің негізсіз еместігін дәлелдеді.

Ұлт-азаттық қозғалыстың басты себептерінің бірі, әрине бірінші дүние жүзілік соғыс. Бұл мәселеге де қазақ интеллигенция өкілдері қол қусырып отырып қойған жоқ, әсіресе Әлихан Бөкейхан Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтар және т.б., қазақ баспа сөз беттері арқылы халықты болып жатқан жағдаймен таныстыруды жөн көрді. Оның «Қазақ» газетінің 1914 жылы жарияланған мақаладан кейбір үзінді «Қазақ газетасы біреу-ақ, саясат

ісі не керек, тіршілікке пайдалы, үлгілі сөз жазу керек емес пе дейтін оқушылар бар. Бұл шала жансар рас та. Газета алдындағы көсем жүрген оқушылар үшін шықпақшы, бұлар саясат ісімен хабарлы болмақшы. Солай болған соң Европа саясат ісіне «Қазақта» орын бермей болмайды. Біздің қазақ құлағы Европа саясат ісіне тесік болмаса, біздің үйдегі іске жұрт сарандық болмақшы... Кім жықса да Европа, Азия жері қайта пішіліп қошқар мүйіз салынар. Осындай зор саясат ісіне хабарсыз жату біздің оқушыларға жол ма?» [1, 87 б.]

Осылайша соғыс қазақ даласында жалпы ұлттық наразылықты тудырды, мұнын жарқын көрінісі 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс.

1916 жылғы қозғалыс ауқымы, қатысушыларды қамтуы және нәтижелері жөнінен Ресей империясы құрамында отарлық құлдыққа түскен бүкіл кезең ішіндегі қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің шырқау шыңы болды.

Кеңестік тарихнама ұлт-азаттық қозғалысынң әлеуметтік негізін ұзақ уақыт бойы әдейі тарылтып келді, таптық принципті басшылыққа алған тарихшылар аудандардағы пролетариат пен шаруалардың тап күресі деңгейіне жеткізіп отырды

Қазақ халқының тарихи зердесінде 1916 жылғы оқиғаларға қазақ интеллегенциясының алған орны мен атқарған рөлі туралы мәселе ең жанға батарлық мәселеге айналды. «Алаш» партиясының негізі болған «буржуазиялық-ұлтшыл» деп аталатын интеллигенция «қазақ халқының жауы және сатқындары» және тағы басқа деген сияқты ұғымдармен көрсетілді. Қозғалыстың әртүрлі жақтарына арналған бірқатар зерттеулерде интеллигенцияның кейіннен көпшілігі большевиктік партияның мүшелері болған революцияшыл-демократиялық бөлігі ғана көтерілісшілерді белсене қолдады, тіпті солармен бірге патша өкіметіне қарсы күреске шықты деген тезис басым болды.

Дегенмен, патша жарлығы шықпай тұрған кезде қазақ зиялыларының біразы қазақтан солдат алу жағында болмағанымен, заңға көнбеушіліктің халықты қырғынға ұшырататынын түсінген олар енді қазақтардың, тыл жұмысына болса да, баруын қолдап, өз ұстанымдарын өзгертеді.

1916 жылы қазақтардың көпшілігінің патша жарлығына қарсы шыққаны, біразының тыл жұмысына аттағаны белгілі. Бірақ осы орайда ұлттық езгіге ұшыраған халықтың ұрыс майданына сұрануы ерекше назар аударуды қажет етеді. Қалай десек те, әскери дайындықтан өтпесе де, мұнысы солдаттыққа алынған басқа халықтармен тең тұруға, өлімге бас тігіп, намысын таптатпауға тырысушылықтың белгісі еді. Халық отарлық үстемдікке ғана емес, ұлттық кемсітушіліктің бір түрі ретіндегі көрінген, қазақ жастарын тыл жұмысына «реквизициялауға» қарсы көтеріледі.

Ә. Бөкейханның саяси өмірбаянында 1916-жылдың дүрбелеңі және майдандағы қара жұмысқа алынған қазақ жастарына көрсеткен азаматтық қызметі ерекше орын алады. Қазақ халқының 1916 жылғы қарулы көтерілісіне Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялыларының «Қазақ» газеті арқылы үзілді-кесілді қарсы шығуы да ұлтты жаппай қырғыннан аман алып қалудың саяси бейбіт жолын ұсынуынан еді.

Атап айтсақ, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтар «Қазақ» газетінің 1916 жылы тамыздың 11-інде жарық көрген кезекті баслымында «Алаш азаматтарына» деген үндеуінде: «... ойламаған жерден жұрт басына мұндай іс, мұндай ауыртпалық түсті, мұны қалай арқарамыз, ендігі ойланатын нәрсе осы. «Біздің жұртқа айтарымыз – бұған көнбеске болмайды. Мұны бұрын да сан рет айтқанбыз. «Көнбейміз» деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде – шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас. (Қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде көретін ауырлық: бағынып тұрған үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер. Мұндай мысалдар болып тұрған жоқ па? Бірлі-жарым болсын, писерлері писерлері өлген елдерге әскер шығарылды, басшы кісілер абақтыға жабылды, сотқа байланды, мәселен, Торғай, Орал

облыстарында. Арыз айқан адамдар таяқ жеді, тұтқын болды, қорлық көрді... Қазақ шын қарсылық қылатын болса, ел-елде отряд шығады. Отряд шықса, елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады. Айтқанға тез көне қоймадың, қарсылық қылдың деп, Түркістан уалаятына военное положение иғлан етілді. Военное положение иғлан етілген жерде түймедей жазыққа түйедей жаза болады... Міне, біздің екі ауырлық дейтініміз осы. Бірі – барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазаға, бейнетке ұшырағаны, екінші – бармаймын деп қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік. Осы екі ауырлықтың жұрт қай жеңілін таңдау керек. Біздің білуімізше жеңілі – көнген.... Ғалихан, Ахмед, Міряғұб» [2].

Осы келтірілген жолдардан көріп отырғанымыз біріншіден, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтар халықты апаттық зардаптардан күні бұрын ескерту жасап, сақтандырған. Екіншіден, алаш көсемдері, кеңестік тарихнама жорамалындай, қазақтардың патша жарлығына көнуін қолдағанда, патшаға қызмет етуді емес, қазақ қоғамына оның салдарларының жеңілірек болатындығын көздеген.

Алайда, Түркістан генерал-губернаторы Куропаткин мен бекітілген сот шешімінің нәтижесінде «1917 жылдың 1 ақпанында өлім жазасына 347 адам, каторга жұмыстарына 168, түзету жұмыстарына 288 – адам, түрмеге 129 адам жабылған» [3]. Ал Жетісудан Қытайға 300 мыңнан астам қашуға мәжбүр болды.

Алаш қайраткерлерінің «Маусым жарлығына» байланысты осындай ұстанымдары мен көзқарастары советтік саяси қуғын-сүргін кезінде оларға «патша өкіметін қолдады, халыққа қарсы шықты» деп айып тағуға тағы бір ілік болды

1916 жылдың желтоқсан айында Әлихан Бөкейхан қазақ интеллигенциясының шағын тобымен Санкт- Петербургтағы земстволық және қалалық қызметкерлер одағының басшыларының келісімін алып, Минск қаласында орналасқан Батыс майданың штабына аттанады. Бұл сапардың басты мақсаты тыл жұмыстарына алынған қазақ жігіттерінің жағдайын жасау. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдары майданның қара жұмысына алынған қазақ, қырғыз, өзбек, т.б ел азаматтарына қажетті түрлі көмек көрсету ісіне башылық жасады. Осы мақсатта 1917 жылы 15 ақпанда Минскідегі земство және қала одақтары жанынан «бұратаналар» бөлімін ашады, өзі оның басшылығына тағайындалады. Бөлімнің ашылғандығы жайында телеграмма арқылы «Қазақ» газетінің оқырмандарына хабарлайды.

Земстволық және қалалық одақтың барлық міндетін өзіне артқан Әлихан Бөкейхан, ең алдымен «бұратаналар» бөліміне Қазақстаннан қазақ тілін жетік меңгерген дәрігер фельдшерлерді, мұғалімдерді, журналистерді қызметке шақыртады. Қазақ жігіттеріне арналған дәрігерлік-сақтандыру кабинеттерін ашып, сауатсыздықты жою ісі бойынша үйірмелер құрылады, қоғамдық-саяси тақырыптарда дәрістер оқылып, қазақ тілінде «Садақ» газетінің басылымы ұйымдастырылады, әскерге шақырылғандардың туған-туысқандарымен хат алмасу жағдайын жасайды. Осы аталған іс-шаралардан көріп отырғанымыз Әлихан Бөкейханың майданға аттанған қазақ жастарына моралдық психологиялық қолайлы, жайлы жағдай туығызғаны.

Әрине, Әлихан Бөкейханның бұл жақсылығы халық тарапынан бағаланды, атап айтсақ 1917 жылы көкем айында «Қазақ» газетінде «Батыс майданынан оралған жас жігіттердің тарапынан Әлихан Бөкейханұлы жалпы ұлттық сыйлық тағайындауды ұсынды. Осы мақсатта газет редакциясына қомақты қаражат түсе бастаған ».

Ол мұндай тиым салуға шектеліп қалмай, 1916 жылғы қозғалыстың он жылдығына орай үлкен науқан өткізіп, жалған «қызыл көсемдерді» қолдан жасап, оған таптық сыйпат бергісі келген кеңестік насихатшыл тарихшыларға қарсы 1926 жылы профессор Шестаковпен бірігіп «1916-1926» атты саяси зерттеуін жариялады. Онда 1916 жылғы оқиға:

«Таптық қарама-қайшылықтан туған қозғалыс емес, қазақ елінің азат санасын оятқан, отаршылдыққа қарсы бағытталған ұлт-азаттық көтеріліс», – деп баға берді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Асылбеков М.Х., Сеитов Э. Т. Алихан Бөкейхан-общественно-политический деятель и ученый. - Алматы, 2003 – 148 стр

2.Қыр баласы. Жауап хат. // Қазақ – 1916 - №192

3.Т. Рыскулов Восстание туземцев туркестана в 1916 году. // <http://rudocs.exdat.com/>

ХАН БАЛАСЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ХАҚЫСЫ БАР: ҚАЛАЙ ДА ҚАЗАҚТЫҢ БІР ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАРАМАЙ ҚОЙМАЙМЫН!

Нурханова Л.Т. Тарих және құқық факультетінің оқытушы, Таңатқан Ж. Ж. 3 курс студенті .Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

«Ол кісі Петроград университетінің орман-ағаш факультетін тәмамдаған. Заң факультетіне Ленинмен бірге экстернат болып емтихан тапсырған. Терең дария мұхиттай білімді ғалым болатын. Тоғыз тілде еркін сөйлеп, жаза білетін. Біздің ақыл-ойымыз Тоқырауын өзеніндей болса, Әлихан Бөкейханов Балқаш көліндей дария еді зой!»

Әлімхан Ермеков, заңгер

Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (1870-1937) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы [1].

Туған жері бұрынғы Семей облысындағы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысы, қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы. Ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Көкжал Барақ. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей хан осы Көкжал Барақтың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед. Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886-1890 жылдар аралығында Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1890-1894 жылдар аралығында Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқиды. Мұнда ол студенттік қызу пікірталастарға қатысып, XX ғасырдың босағасын аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шындай түсті.

Алаш зиялыларының қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал»- деп көрсеткен болатын.

Биыл Алаш көсемі, Алашорда автономиялы өкіметінің төрағасы, ғалым-публицист Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 150 жыл! ЮНЕСКО Бас конференциясының 2-18 қараша аралығында өткен 38-сессиясында, «Мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың туғанына 150 жыл толуына арналған мерекелік шараларға қатысу туралы» Атқарушы кеңестің ұсынысы бекітілді.

1937 жылдың 27 қыркүйегінде Қазақстан Кеңестік Республикалар Одағы Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы «возглавлял контрреволюционную борьбу против Советской власти, установил связи с руководителями террористического центра в Казахстане и в Москве» деген жалған айыппен ату жазасына кескен аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым Әлихан Бөкейханов Мәскеуде өмірмен қоштасты. Алайда Алаш партиясы мен кеңестік билікке қарсы әрекеттеріне байланысты барлық жауапкершілікті өз мойнына алған Ә.Бөкейханов 1955 жылы 8 қыркүйекте толықтай ақталған. Бұған қарамастан ақиқат 34 жыл бойы жария етілмей, 1989 жылы ғана қайтадан қаралып, ұлт көшбасшысы

ақталды. Алаштың ұлы перзенті Әлихан Нұрмұхамедұлы қазақ көсемсөзінің бастауында тұрды, қазақ баспасөзін қалыптастыруда да айрықша қызмет атқарды. Ол «төңкеріске дейін 4 газет, оның үшеуі орыс тілінде – «Иртышъ», «Омичъ» және «Голось степи» газеттеріне өзі редактор болса, қазақ тіліндегі тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырды», – дейді әлихантанушы ғалым Сұлтанхан Аққұлұлы өз зерттеулерінде. Сондай-ақ, алаштанушылардың дерегінше Әлихан Бөкейханов төңкерістен кейін қазақ тіліндегі «Темірқазық» және «Шолпан» журналдарын шығарып, 1925 жылдан «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» және «Сәуле» журналдарын ашуға бастамашы болады [2].

Әлихан Бөкейханов «Алаш» сөзін алғаш рет саяси айналымға алып келіп, – Алаш партиясын, Алашорда өкіметін тарих сахнасына «Алаш» атауымен шығарған қайраткер. Ол жетекшісі болған Алаш партиясы – бүкіл Ресейдің саяси кеңістігінде белсенді қызмет атқарған 50-ден астам партияның ішінде алдыңғы 8- орыннан бой көрсеткен беделді ұлттық ұйымға айналды.

1917 жылдың 5-13 желтоқсанында өткен екінші сиез қазақ автономиясын жариялады, халық кеңесін сайлады, Алашорда үкіметінің төрағалығына демократиялық, баламалы жолмен Әлихан Бөкейхан сайланды. Алаш қозғалысы, ендігі жерде саяси күшке, қолында билігі бар үкіметке айналды.

Алаш құбылысы - сол тұстағы қазақ қоғамының барлық жағын қамтыған салалы, саралы құбылыс. Бұл құбылыс, сондай-ақ, қазақ өмірінің өткенін безбендеуге ден қойған, бүгінгісін таразыға салған және болашаққа бағыт айқындаған, тәуелсіздікті ғана мұрат еткен қасиетті құбылыс. Алаш қозғалысы сол тұстағы қазақтың саясат, әдебиет, өнер қайраткерлерін, дінбасыларын, оқымыстыларын, бақуатты азаматтарын медицина, техника, ауыл шаруашылығы, экономика, заң, әскери салалардағы мамандарын топтастыра отырып, өздері өмір сүрген тарихи-қоғамдық болмысқа реформа жасауды мықтап қолға алған, жігері мен сенімі жеткілікті, бағдарламасы айқын, мақсаты зор қозғалыс болатын.

Алаш қозғалысының көпжылдық тарихында және облыстық, жалпықазақ сиездерінде Алашорда үкіметінің жұмысында үнемі басты назарда болған мәселенің бірі - жер мәселесі. Оны Алаш көсемдері өте жақсы түсінген болатын.

Айталық, сол дәуірде Ә.Бөкейхан: «Жер мәселесі - өмір сүру мәселесінің ең зоры» деген болатын. Бірінші жалпықазақ сиезінің қаулысында: «Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін» делінсе, бұл «Алаш» партиясының бағдарламасында: «Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деу; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орнасканша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеу» делініп бекітіле түсті. Алашорда үкіметі автономия жариялай отырып, оның бірінші бабында: «Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқанд облыстарындағы һәм Әмудария бөлімдеріндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы һәм Алтай губерниясындағы іргелес облыстардың жері бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдына ұлттық, жерлі автономия құруға...» деп жер тұтастығын басты мәселе ретінде бекітті [3].

1918 жылы 11-ші және 24-ші маусым аралығындағы мәжілісте Алашорда келесі қаулыларды шығарған болатын:

- «Совет үкіметінің заңдары туралы» Алаш автономиясына қараған жерде Совет үкіметінің шығарған заңдары жойылсын.

- «Земство туралы» Уақытша үкіметтің 17-ші июньде 1917-жылы бекіткен заңы бойынша кіргізілген Совет үкіметі қойған жергілікті мекемелер Алаш автономиясының жерінде қайтадан орындарына отырсын. Жергілікті мекемелер әлі кіргізілмеген сол 17-ші июнь 1919 жыл заңы бойынша кіргізілсін. Уолостной земство кіргізілгенше уолостарда әкімшілік жүргізуші ақпан өзгерісінен кейін жасалған уолостной, ауылнай секілді комитеттер болсын.

- «Ғаскер кеңесін жасау туралы» Алашорданың қасында үш кісіден Ғаскер Кеңесі (Военный Совет) жасалсын. Ол Кеңестің қызметі Соғыс Министрлігіндей болады. Алашорданың областной, уездной Ғаскері Кеңестерін ашсын. Ғаскери Кеңес Көпшілдермен

соғысу үшін жігіт шақырсын. Дін, сөйлеу, баспасөз, жиылысу, Бас бостандықтары туралы Жаңадан заң шыққанша Алаш автономиясының жерінде Уақытша хукіметтің дін, сойлесу, баспасөз, жиылысу, ұйымдасу, бас бостандықтары туралы шығарған заңдары, баяндамалары іске ассын.

- «Жер туралы» Алаш автономиясының жерінде жер пайдалану туралы жасалған жоба бекітілсін.

- «Темір жол туралы» Жергілікті мәнісі бар темір жолдары Алаш автономиясының жерінде салуға рұқсатты жалғыз Алашордасы берсін.

- «Мемлекет салығы туралы» Алаш автономиясының жергілікті халыққа түсетін мемлекет салығы Алашорданың қазынасына түседі, топтан, көптен, алым тез жиналсын.

- «Алаш автономиясының жерінде жер пайдалану туралы Уақытша Ереже» 1918 жылы 24 маусымда қабылданған, өзінің мазмұны мен пәрмені жағынан маңызды құжаттардың бірі болды. 11 баптан тұратын бұл Ережеде жерді пайдаланудың негізгі тәртібі көрсетілді. Алаш қозғалысының, Алашорда жетекшілерінің аса ірі тарихи еңбегі қазақ жерін сақтап қалуымен байланысты. Осы күнгі Қазақстан Республикасы жерінің тұтастығы мен сақталып қалуында Алаш қайраткерлерінің орасан зор еңбегі жатыр. Олардың кеңес үкіметінің басшыларымен келіссөздері Қазақ автономиялық советтік социалистік республикасын құру кезінде осы автономияның аумағын белгілеуде шешуші маңызға ие болды. Осы Ереже келесі мазмұнды қамтыды:

1. Жер мәселесін түпкілікті етіп шешу жалпы Ресей Құрылтайына тиіс.

2. Жалпы Ресей Құрылтайы жер заңын шығарғанша Алаш автономиясының жерінде төмендегі ретпен жер пайдалануға болады:

- 1) Алаш автономиясының жерінде жерді мүлік бөлу жоғалады.

- 2) Жердің кендерін, судың балығын, судың тегін көшін пайдалануға рұқсат жалғыз Алашордадан беріледі.

- 3) Қазақ арасындағы жер дауларын үш кісілік (третейский) таңдалған сот бітіреді.

- 4) Дауласқан жақтардың әрқайсысынан бір ақсақал кіреді, председатели екі жағы келісіп, сайланған адам болады.

- 5) Қазақ пен орыс арасындағы жер дауларын жергілікті земство мекемелері бітіреді.

- 6) Ақпан өзгерісінен соң, кесілген жерлерге кісі жазу, бірден бір учаскеге ауыстыру, жер кесіп қосу тоқталады.

- 7) Әлі мұжық орналаспаған учаскелер ақсүйектерге, шіркеуге, сопыханаға, мал өсірушіге, школга, саудагер-кәсіпшілерге, емханаларға арналып, кесілген жерлер, оброчный статьялар, әлі кісі орнамаған хуторлар жергілікті халық пайдасына беріледі. а) Қазақ жерінің арасындағы учаскелер иелеріне беріледі. ә) Қазақ жерлері мен орыс поселкелерінің арасындағы учаскелерді жергілікті халыққа земство мекемелері үлестіреді [4].

Алаш қозғалысының тарихы - отандық ғылым үшін қазақпен бірге жасайтын мәңгілік тарих. Ұлтының мәңгілігін ойлаған ұлы азаматтардың жүріп өткен жолын, ерлікке татырлық еңбектерін бағалау - есі бар ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы деп білемін.

Ата-бабаларымыздың қазақ елінің тәуелсіздігі мен азаттығы жолындағы күрестері, істері, ұрандары - бүгінгі ұрпаққа үлгі һәм аманат. Қазіргі қол жеткен еркін шағымызды баянды ету үшін біз азаттық жолы арман болған ата ұрпақтың аманатына берік болуды борышқа айналдыруымыз қажет. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің көкесі - Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы - ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды десек, онда сол орасан мақсатты орындау үшін қазақтың тілі мен мәдениеті, өнері мен әдебиеті, тарихы мен салт-дәстүрі, айналып келгенде, қазақты ел ететін, мемлекет ететін рухани олжасы Қазақстанда айрықша орынға ие болу керек. Сонда ғана ұлттығымызды әлемге әйгілейтін, жасампаздығымызды жаһанға жариялайтын тұрпатымыз бен тұлғамыз айқын көрінбек.

Әдебиеттер тізімі

1. Алаш автономиясы және кеңестер билігі: ұлттық-мемлекеттік құрылым төңірегіндегі таластар // <http://e-history.kz/kz/>
2. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия: История движения Алаш /Послесл. Ю.А. Полякова; Ассоц. исследователей рос. общества XX в. – М.: Изд. центр «Россия молодая», 1994. – С.40.
3. Нұрпейісов К. Алаш және Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. – 222-б.
3. Халидуллин Ғ.Х. Политика советского государства в отношении казахов (1917 – 1940 гг.). – Алматы: НИЦ Ғылым, 2001. – С.18,20.

АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ АРНАЙЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАРЫ

Салтаков Досжан Тоқтарұлы Қаскелең қаласындағы облыстық зерде бұзылысы бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты Алматы облысы, Қаскелең қаласы

Жалпы Алаш арыстары туралы сөз қозғасақ олардың атқарған жұмыстары туралы том-том кітап, небір ғылыми мақалалар туары анық. Олар ұлтың мұңын мұңдап қана қоймақ, ұлттық психологиямен педагогикаға да өлшеусіз үлес қосты. Ұлттық педагогика мен психологияны дамыту арқылы ұлы рухты азамат тәрбиелеудің жолын көрсетті. Небір ұлы еңбектерді жазу арқылы ойсыз жалқау, шаршағыш, самарқау, бейжай, ұрпақ өсірудің алдын алуды өз еңбектерінде көрсете отырып, халықтың санасында орнаған соқыр сенімді, түйсігінде орнаған тұманнан арылтуды жөн деп тапты. Олардың заманында да, соқыр, мылқау жандар қоғамда кездесіп отырды. Сондай кемістіктердің алдын алуға педагогикалық-психологиялық ой-толғамдары арқылы халықты оятуға тырысты. Олар жүрегінде иман, көкірегінде сәуле, санасында саңылау бойында қуатты бар ұрпақты қалай тәрбиелеуді осы еңбектері арқылы көрсетті. Жалпы еңбектерін қарап отырып көптеген арнайы педагогикалық және психологиялық көзқарастарын көруге болады. Қазақ даласында рухани-мәдени педагогикалық ой-пікірлердің дамуының ағартушылық жолының дамуына М. Дулатов, М.Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы, С. Торайғыров, С. Көбеев, Ж. Аймауытовтардың қосқан үлестері ерекше. Арнайы педагогиканың қазіргі уақыттағы жетекші ұстаным ол адамгершілік. Бұндай көзқарасты Ыбырай мен Абайдың еңбектерінен көптеп кездестіруге болады. Осы адамгершілік ұстанымын Алаш арыстары жалғастырып, өз үлестерін қосты. Сұлтанмахмұт Торайғыров (1899-1920) өзінің педагогикалық еңбектерінде жан мен тәннің, психика мен мидың байланысын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп көрсетті. Жан мен тән үнемі байланыста болады. «Дене азыққа тоюдан жан ержетер, жан ержетіп, дүниенің сырын табар...» Адамның тәні өсумен қатар оның ішкі жан-дүниесінде бірге өсетінін, дамып отыратынын айтты. Адам сыртқы дүниені тани отырып, өзінің ақыл-ойын дамытатын көрсетті. Баланың дамуы үшін сензитивті кезеңдерден қалыпты өтуі өте маңызды орын алады. Дамудың сензитивтік кезеңі (латын тілінен *sensus* - сезім - сезімталдық деген мағынаны білдіреді) – тұлғаның дамудың жас кезеңдік интервалы болып табылады, бұл кезеңде ішкі құбылыстың бәрі қоршаған әлемнің ықпалына өте сезімтал болып келеді. Сензитивтік кезең психологиялық функциялардың дамуына да өте үлкен рөл атқарады. С. Торайғыров өзінің «Адамның өмірі» шығармасында жас баланың дамуында маңызды орын алатын сензитивтік кезеңдеріне ерекше сипаттама береді. Нәрестенің тап-таза болып өмірге келіп, қалай дамитынын, дамудың маңыздылығын ашып жырлайды. Арнайы педагогикада да, дамудың сензитивтік кезеңдеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931) Абайдың пәлсапалық ойларын жалғастырушы, ағартушы. Адамның жанымен денесіндегі құбылыстарды салыстыра отырып, теңестіру арқылы суреттейді. Адам үшін ақылдың қаншалықты маңызды орын алатынын жырларында ашып суреттеп көрсетеді. Құбылған әлем жарысы, Ақылды жанның табысы. немесе «Хайуандар мен ақымақтар» өлеңінде Хайуанның ақылы аздау, бізден төмен, Айласы бірдей емес адаммен деп адам үшін ақылдың ерекше орын алатынын көрсетеді. Тағы бір

шығармасында «Адам ақиқатты бас көзімен емес, ақыл көзімен көреді»-дейді. Иә, Алла адамдарға ақылды нәсіп еткен! Сондықтан кейбір құран сүрелеріне "Ей ақыл иелері" деп келетіні сондықтан болса керек. Бірақ сол Алла берген ақылды әркім әртүрлі пайдаланатыны анық. Сол ақыл-ойды жақсылыққа бағыттау арқылы адамдар өз өмірлерін жақсартпа алмақ. Ақыл-ойы кем адамдар ақылға зар боп жүрсе, ал ақыл иелері Алла берген ақылдарын жаман істерге жұмсап, қоғамды айналасын былғап күн кешуде. Ал, ақылдары бола тұра ақылдарын үнемдеп, жақсы істерге жұмсай алмай жүрген адамдар қоғамда қаншама? Екі аяқты пенденің айуаннан айырмашылығы тек ақыл-ойында ғана екені бәріне анық. Адамдар үнемі ақыл-ойын дамытып, жақсы нәрселерге бағыттап, нұрландырып отыру керек. Сонда ғана мұз боп қатқан жүректер жібіп, түрлі зұлымдықтардан құтылып, жер беті жұмаққа айналар ма еді. Кім білсін? Міне ақын жырларының айтар ойы осы. Адамдарға ақылыңды жақсы іске жұмсап, ойыңды бекіт деп насихат жасаса, мына бір өлеңінде мидың қызметін ашып көрсетеді.

Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,
Мұрын иіс, тіл дәмнен хабар бермек.
Бесеуінен мидағы ой хабар алып,
Жақсы, жаман әрі істі сол тексермек.

Бұл ойы Абайдың мына қарасөзімен ұштасады. «Құлық болмаса, не қаңғыр, дауыс жақсы, үн, ән, - еш бірінен ләззат ала алмас едік. Мұрын иіс сезбесе, дүниедегі болған жаңа иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақ қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не дәмдінің қайсысынан ләззәт алар едік» деген Абайдың осы пікірін Шәкәрім жалғастырады. Адам баласындағы мидың қызметімен оның 12 жұп жүйкесінің қызметін бір шумақ өлең мен жеткізе білген. Мидан 12 жұп жүйке тарайды. Оның алдыңғы екеуі үлкен ми сыңарларынан, қалған 10 жұбы мидың басқа бөлімдерінің сұр затынан басталады. Ол жүйкелер — иіс сезу, көру, есту, көзді қозғалту және т. б. деп аталады. Сонымен қатар екі ғұламаның да ілімі И.П. Павловтың тұжырымымен сәйкес келеді. И.П. Павлов: 1) Анализаторлардың кез-келген үш бөлігінің біреуі зақымдалса, белгілі бір тітіркендіргіш ажырату қабілетінен айырылады. Мәселен, адам көз рецепторлары қызметінің бұзылуынан, көру аймағының зақымдалуынан көрмей қалады. 2) Қоршаған ортаның барлық байлығын қабылдау көптеген анализаторлардың көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, тері-бұлшық ет рецепторларының жұмысымен қамтамасыз етіледі. Міне екі ақында И.П. Павловтың осы тұжырымынан кем айтпайды.

Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1937) өз еңбектерінде аурудың алудың бірнеше жолдары туралы ой-толғамдар жазды. Жас нәрестенің адам болып өсіп, жетілуі қызығу, еліктеу, талпыныс – тартысқа толы. Ол туралы ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «... Адам бала күнінде тысқы ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді ғана танумен болады. Есі әбден кіргенше, өзгеден өзін айырмайды. Өзгенің істегенін істеп, дегенімен болады. Есейген сайын өзінің өзгеден басқалығын біліп, өзіне ұнағанын істеп, ұнамағанын істемей, қиықтық шығара бастайды. Ержеткен сайын дүниенің ісіне өзінше сүйініп, өзінше күйініп, өзінше жол тұтып, өзінше өміріне жол белгілеп, жақсылық, жамандыққа өз көзімен қарап, өзінше сынап, өзінше бағалап, өзінше пікірлейтін болады. Яғни, жас нәрестенің сензиті дамуын осылай суреттеп жеткізеді.

Мағжан Жұмабаев (1893-1931) ең алғаш «Педагогика» атты еңбек жазып халыққа ұсынды. Өз еңбегінде, балаланың түрлі аурулардан сақтауды, дене тәрбиесін, тамақтану тәртібін, жас баланың жан дүниесі жайлы түрлі мағұлматтар бере отырып, бала тәрбиелеушілерге түзу жолды көрсеткен. Аяныш сезімі адамның ізгілігінен туындайтынын айтады. Бас ауырып балтыр сыздағанда, көңіл сұрау, қайғыға ортақтасу рәсімдері адамның тұлғалық қасиеттерінің көрсеткіші екенін өз еңбегінде көрсетеді. Арнайы педагогикада науқас адамға үнемі көмектесу, оның жағдайын сұрап, көмек керек кезде қол ұшын созу бұл адамгершілік принципі екенін ақын сипаттап көрсетеді. «Педагогика» еңбегінде нерв жүйесімен ми жұмысына кеңінен тоқтала отырып, нерв жүйесімен ми қызыметінің адам үшін қаншалықты маңызды екеніне тоқталады. «Нерв системасының ағасы биі-ми. Ми-

жанның құралы. Жан ми арқылы сыртқы дүниеде һәм өз денесінде не болып жатқанын біледі. Миды жұмсап, жан денені қозғайды. Егер ми зағып болса, я зақымдалса, адамның жан тұрмысы дұрыс болмайды. Мидың белгілі бір жері зақым алса, адамның қол-аяғы қозғалмай қалады, яғни «паралич» болады. Мұны біздің қазақ пері соққан дейді. Яки, кеңірдегі сау болып тұрса да, сөйлей алмай, тілсіз болып қалады, яғни афазия ауруы пайда болады. Сонымен қатар тәрбиесінің түзу болу шарттарын жазу арқылы арнайы педагогикаға үлкен үлес қосты.

Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931) жас ұрпақты тәрбиелеу үшін бірнеше маңызды еңбектерді дүниеге әкелген, ұлт ағартушыларының бірі. Ұлт мұрасы үшін оның 12 тараудан тұратын «Психология» атты еңбегі өте құнды. Адам баласын денесін тәрбиелеумен қатар жанын(рухын) ақылын, сезімін, жігерін, мінезін тәрбиелеу керек. Денесі мен жанын бірдей тәрбиелемеген кісі сыңаржақ болып қала бермек. Арнайы педагогикада қолданылптын тәсілдің бірі бұл мүмкіндігі шектеулі балалардың физикалық денсаулығы мен қатар оның ішкі жан әлеміне (рухына) көңіл бөліп, дамыту аса маңызды. Автор осы принципті алға тарта отырып, адамның жүрегінің сыры табиғатпен жалғасса, қиялы күшейіп, мінезі көркейіп, сезімі нұрлана бермек, яки науқас балаларды табиғатпен етене араластырып, табиғат аясында ойнатудың (құмда, суда т.б) маңызды екенін көрсетеді. Бала мейлі жақсы, мейлі жаман болсын, әйтеуір бірдеңе істеу керек. Ештеңемен айналыспаған баланың жан дүниесі дұрыс жетілмейді-дейді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды да, үнемі дамыту жұмыстарын жүргізіп отыру, түзету педагогикадағы басты қағидалардың бірі. Осы пікірі А.Н. Леонтьевтің адам тек іс-әрекет үстінде қалыптасып, дамып отырады деген пікірімен ұштасады. Іс-әрекет жоқ жерде адамның дамуы тежеліп, жан әлемі дұрыс қалыптаспайтынын автор ашып көрсетеді. Сонымен қатар «Нұр күйі» немесе «Күйлі сөз» деген поэмада Жібек деген ана дүниеге сәби алып келеді. Бірақ, ананың қуанышы көпке созылмайды. Баласының дүниеге зағип болып келгенін біледі. Алайда, бала өте өнерлі, күйші болып өседі. Орыс дәрігерлерінің көмегі арқылы баланың көзін емдетіп, қуанышқа кенеледі. Ақын баланың келешегін нұрлы сезімдерін жырға қоса отырып, жұртты қиындыққа мойымауға, әртүрлі қиындықтармен күресе білуге шақырады. «Психология» еңбегінде «Теріс қылық» атты бөлімінде психикалық ауытқулардың шығу себептеріне, белгілеріне талдау жасайды. «Есалаңдық деген талғақ, қояншық, болмаса нақұрыс, жынды деп ұғу дұрыс емес. Рас, олардың бәрі нағыз есалаң адам «мен есалаңмын» деп «сойылын сүйретіп» келе бермейді, күндегі өмірде есі дұрыстардың ішінде де, есалаңдар толып жатыр. Осындай қиуадан болатын қылықтарды психология қатты ескереді? Өйткені себепсіз ешбір амал болмақ емес»-деп аурудың себептеріне кеңінен талдау жасайды. «Психология» еңбегінде адамның жүйке жүйесіне, қозу мен тежелу қызметіне, мидың бөліктері және сенсорлық мүшелердің қызметі туралы көп мағұлматтар берген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынова. А.А «Арнайы педагогика» Алматы, 2008ж
2. Оразбаева. К «Ұлттық психология III том » Алматы, 2009ж
3. Дулатов. М «Алты томдық шығармалар жинағы, I том»
4. Құдайбердіұлы. Ш « Шәкәрім шығармалары» Алматы 1988ж
5. Жұмабаев. М « Педагогика» Алматы 1992 ж
6. Байтұрсынұлы. А « Маса» Алматы
7. Аймауытов. Ж « Психология» Алматы 1995ж

ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ФОРМИРОВАНИЯ СТРАТЕГИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ КАЗАХСТАНА

Турежанова С. А. – к.и.и., доцент

Костанайский государственный университет имени А. Байтурсынова

Одним из значительных исторических событий конца второго тысячелетия, ознаменовавшим новый этап в развитии стран Евразийского континента, является развал сверхдержавы, каким был Советский Союз. В результате распада СССР на карте мира появились новые государства, одной из которых стала Республика Казахстан.

За годы, прошедшие с момента объявления суверенитета, Казахстан как суверенное государство признан многими авторитетными международными организациями и институтами, и иностранными государствами. Республика Казахстан принята в состав ООН в качестве равноправного члена, она заключила множество многосторонних и двусторонних соглашений. К настоящему времени Казахстан как самостоятельный субъект мирового сообщества состоялся.

В историческом масштабе Республика Казахстан является сравнительно молодым государством. Поэтому укрепление независимости и суверенитета, обеспечение территориальной целостности и нерушимости границ – в целом национальной безопасности является основной задачей Республики Казахстан.

В июне 1998 года был принят один из основных государственных законодательных актов Казахстана – Закон «О национальной безопасности Республики Казахстан», который затрагивает все стороны жизни личности, общества и государства. Анализ данного Закона позволяет сделать вывод о том, что в нём получили достаточно точное определение все аспекты, касающиеся жизненно важных национальных интересов государства. На наш взгляд, при разработке концепции национальной безопасности авторы названного документа исходили из современных представлений и концепций, относящихся к данной сфере государственной жизни.

Между тем известно, что любое общественное явление, а историческое в первую очередь, основано на преемственности. Формирование национальной безопасности также имеет свои исторические корни. В этой связи представляется важным изучение опыта прошлых поколений казахского народа в вопросе формирования стратегии защиты своих национальных интересов. Анализ фактов и событий, а также подлинных документов свидетельствует о наличии исторических примеров, касающихся рассматриваемой нами проблемы.

К одним из таких факторов, безусловно, относится геополитическое положение Казахстана, которое явилось объективной причиной того, что его территория с незапамятных времён стала ареной эпохальных событий: за обладание землями, на которых располагается современный Казахстан, боролись и войска Александра Македонского, и джунгары, и монголы. Начиная с первой половины I века н. э. совершались переселения народов на территории Восточного Казахстана, в Семиречье и далее на запад. Через территорию Казахстана проходил Великий Шёлковый путь.

Одним из первых государственных образований в казахских степях была империя древних тюрков, возникшая в начале VI века н. э. Однако отсутствие единых объединительных мотивов, обострение внутренних противоречий препятствовало образованию устойчивого государства, которое, в свою очередь, могло бы способствовать созданию предпосылок для формирования соответствующей той эпохе концепции национальной безопасности. Последующие государственные образования тюрков были также неустойчивы из-за отсутствия выраженной государственности и не могли внести существенный вклад в формирование системы национальной безопасности. История показала недолговечность этих государств.

Наиболее близко подошли к формированию казахской государственности в XII–XIII вв. объединения кипчаков и карлуков. Образ жизни, необходимость освоения новых пастбищ для ведения кочевого скотоводства, а также расширение экономических и торговых связей с соседними народами были внутренним сплачивающим мотивом для этих племён. Территориальные границы кипчакского объединения расширились. С целью защиты своих территориальных завоеваний в кипчакском ханстве были созданы регулярные военные формирования, которые вошли в историю как образцы проявления воинской дисциплины и храбрости. Этот факт можно отнести к проявлению первых признаков государственности в казахских степях и собственно разработке канонов стратегии национальной безопасности.

Казахские ханы почти постоянно вели войны, причём довольно успешные, приносившие славу своему государству. После смерти Джанибека и Керей достойным продолжателем политики первых казахских ханов стал Касым-хан. Знаменитый писатель Бабур в своей книге «Бабур-наме» подчёркивает: «Среди ханов и султанов казахского народа во все времена не было такого всемогущего властелина, как Касым-хан» [1, с. 398].

Знаменитый историк Мухамед Дулати свидетельствует: «Касым-хан правил всем Дешт-и-Кипчаком. Численность его вооружённого народа превышала миллион. После сына Чингисхана Джучи-хана в этом народе не было хана более всемогущего, чем Касым-хан» [2, с. 467]. При нём казахи как народность стали известны в Западной Европе. Это был дальновидный и осторожный политик, впитавший в себя все достоинства и лучшие качества своего народа, отличавшийся не только блистательным умом, но и человечностью, доступностью. С его именем предания связывают создание первого казахского свода законов, который называется «Касым ханнын Каска жолы» («Светлая дорога Касым-хана»). Вобрав в себя общественные и правовые нормы казахского общества того времени, закон определял правила поведения и бытия, систему взаимоотношений между отдельными людьми, родами и племенами, общественными группами. Государственные основы Казахского ханства также нашли своё отражение и этом уложении.

С первой половины XVI до середины XVIII вв., то есть два с лишним века шла борьба двух народов, казахов и джунгар, за владычество в Центральной Азии. Между представителями племён, служивших в одних сотнях или тысячах, подвергавшихся общей опасности и разделявших общие труды и славу, рождалось братство по оружию, которое ослабляло племенные антагонизмы. В те трудные времена, когда угроза уничтожения казахского народа была реальной, именно народ отбросил в сторону межплеменную вражду, объединив свои силы, а объединителем народа стал Аблай-хан, который словом и мечом удерживал нацию между двух жестоких сил, давящих на страну извне. К сожалению, эта победа была временной.

В эпоху хана Аблая границы Казахского ханства были намного шире нынешней территории Казахстана. В состав Казахского ханства входили многие города Туркестана, Шымкент, Сайрам, а также Ташкент.

В истории казахского народа было много достойных людей, одним из них, в частности, является хан Тауке. Время правления хана Тауке ассоциируется с «золотым веком» Казахского государства, когда «народ жил в покое, существовал порядок, были законы и правосудие». Тауке был государем умным и окружил себя умными людьми [3, с. 470]. Достаточно сказать, что членами его совета были известные ораторы того времени, как Толеби, Казбек-би, Айгеке-би. Всю свою жизнь Тауке-хан вёл активную внешнюю политику. Ещё при правлении своего отца Жангир-хана возглавлял посольство в Кашгарию, предотвратил войну между Казахским и Бухарским ханствами, способствовал сближению Казахского ханства с Россией.

Тауке был государем от природы, прожил долгую, богатую событиями жизнь и был у своего народа «в великом почтении» [4, с. 480]. Самая значительная заслуга хана Тауке и перед своими современниками, и всей Казахской историей – выработка законодательной системы, именуемой «Жеты-Жаргы». «Жеты-Жаргы» не просто основной закон, призванный

сохранить единство и целостность государства, но и единственный источник, обосновавший правила морали, отражавший национальное, государственное сознание.

В начале XIX в. политика колонизации казахских земель царской Россией достигла своего апогея. Кочевья казахов всё более сужались, переселения инородцев на плодородные земли Казахстана нарастало. Местное население роптало, невольно сплачиваясь вокруг потомков Аблай-хана.

Кенесары-султан, считавший себя продолжателем дела своего знаменитого деда Аблай-хана, ставил своей главной целью восстановление целостности Казахстана. В сентябре 1841 года Кенесары был провозглашён ханом, Казахское ханство было восстановлено. Кенесары-хан был сторонником централизованной власти, строгой дисциплины. В ханстве была упорядочена налоговая система, создан военный совет, был восстановлен суд биев (правовой институт Древней степи), была налажена служба разведки. Касым-хан вёл активную дипломатию с должностными лицами России, Среднеазиатских ханств.

Безусловно, приведённые исторические события и имена являются лишь констатацией наших познаний в истории своего государства и народа, если не стремиться извлекать из них поучительные уроки. Анализ событий прошлых столетий позволяет нам сделать следующие обобщающие выводы.

Во-первых, каждой исторической эпохе была свойственна своя концепция национальной безопасности. К примеру, во времена Кипчакского ханства приоритетом в области национальной безопасности было расширение территории государства для обеспечения нужд скотоводства. В годы правления Касым-хана основы национальной безопасности строились на создании стройной системы регулирования жизни в обществе, что, по сути, явилось более высоким уровнем осознания необходимости единства для защиты национальных интересов.

Во-вторых, при разработке стратегии национальной безопасности необходимо опираться на исторические аналогии и в то же время учитывать реалии современного мира. Это означает, что необходим творческий анализ исторических событий, а не слепое их копирование в угоду мнимым, подчас амбициозным и оторванным от реальности представлениям о национальных интересах государства и его безопасности.

Проблема формирования концепции национальной безопасности является многоаспектной. В этом смысле исторический экскурс в прошлое страны призван напомнить о наличии богатых традиций, которые касаются реализации данного аспекта государственной жизни и которые нельзя игнорировать. Напротив, они требуют беспристрастного анализа и справедливой оценки последствий тех или иных исторических решений.

Библиографический список литературы

1. Бабур-наме. Записки Бабура / перевод М. Салье; общ. ред. и доработка С. А. Азимджановой; Институт востоковедения Академии наук Республики Узбекистан. – 2-е изд., доработанное. – Ташкент: Главная редакция энциклопедий, 1993. – С. 464.
2. «Тарихи-и-Рашиди». – Алматы: Санат, 1999. – с. 467.
3. «Тарихи-и-Рашиди». – Алматы: Санат, 1999. - с. 470.
4. «Тарихи-и-Рашиди». – Алматы: Санат, 1999. - с. 480.

АЗАТ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫН АРМАНДАҒАН

Шаукенов Ж.А.т.ғ.к., доцент

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Қазақстан әлем қауымдастығы қатарынан егемен ел ретінде өз орнын тауып, тәуелсіз өркениетті даму жолына түсіп, өзіміздің барлық ұлттық-рухани байлығымызды қайта жаңғыртқан осы бір өзгерістер заманында еліміздің өткен тарихына деген көзқарас жаңа

сипатқа ие болды. Өткенімізді таразылап, осы уақытқа дейін бұрмаланып, ақиқаты айтылмаған немесе біржақты бағаланған төл тарихымыздың олқылау тұстарын жаңаша саралап, халқымыздың тарихын қайта қалыптастыру бағытында шаралар жүзеге асырылып жатқан мезгілде, еліміздің тарихында өзіндік терең із қалдырған тарихи тұлғаларымыздың ғұмырнамасын жасау қолға алынды. Соған байланысты ұлт қайраткерлерінің туған еліне, халқына сіңірген еңбегін, қоғамдық-саяси және әлеуметтік процестердегі алар орнын ашу және олардың қайраткер ретінде қалыптасу мәселелеріне көп көңіл бөліне бастады.

Осындай қайраткерлердің қатарына XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында тарих сахнасына шыққан қазақ зиялыларын жатқызуға болады. XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар, яғни 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері, оларға жалғасқан азамат соғысы қазақ қоғамының саяси өмірін түбегейлі өзгерістер әкелді. Осынау аласапыран заманда ел мен жер тағдырын тереңнен ойлаған ұлт зиялылары мәселенің туған халқының мүддесіне сай шешілуі бағытында нақтылы әрекеттер жасап, саяси күреске араласты. Қазақтың ұлттық-демократиялық зиялылары қазақ халқын Ресейдің отарлық езгісінен босату және оны өркениетті мемлекет етіп қалыптастыруды саяси күрестерінің негізгі мақсаты етіп қойды.

Олар XX ғасырдың басында қазақ қоғамының ең өзекті мәселесі болған- отарлық езгіге қарсы халықтың ұлттық санасын оятып, өзара бірлікке жеткізу мақсатында біртұтас идеологияның қажеттілігін түсінді және оны жаңа кезеңге сай жүйелеп, қалыптастыру жолында орасан зор жұмыстар атқарды. Бүкіл қазақ жұртын артынан ерте іс-қимыл жасай отырып, отарлау саясатының нәтижесінде ұлттық мемлекеттілігінен айырылып қалған елді экономикалық және рухани дағдарыстан шығару жолын іздестірді, өз халқының мемлекеттігін қалпына келтіріп, азат елдің болашағын армандады.

Қазақ зиялыларының Қазақстанның тәуелсіздігі жолындағы күресінің үлкен бір саяси қорытындылары және биік белестері болып табылатын «Алашорда» мемлекеттік құрылымы мен Түркістан автономиясына байланысты отандық тарихымыздағы көзқарас эволюциясы аса күрделі жолдардан өтті. Сондықтанда бұл мәселелерінің тарихнамасы да аса күрделі. Бүгінде бұл туралы толық мағлұматтар беретін еңбектер баршылық [1, 216 б.].

Өз заманының зиялылары Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай ұлттық тәуелсіздіктің әлеуметтік-саяси ғана емес философиялық мәселелеріне де көп көңіл бөліп, ұлттың тәуелсіздігі қандай тарихи жағдайлар қалыптасқанда мүмкін болатындығына ерекше назар аударған. Ә.Бөкейханов пен М.Шоқайдың көзқарастары бойынша бұрынғы хандық, әмірлік биліктердің барлығы Түркістан халықтарының тәуелсіздігі үшін қызмет істей алмайды. Себебі, олар бұл халықтардың тарихи әлеуметтік мешеулігіне негізделгендіктен әлеуметтік, экономикалық мешеулікке қайта оралу – басқаларға құлдыққа апаратын жол болудан басқа ештеңе де бермейді. Мұны М.Шоқайдың сөзімен айтқанда орыстың озат демократтарының өзінде де, мысалы, Керенскийдің өзі де, түркістандардың тәуелсіздігіне келгенде демократиясы үнемі жетпей қалады. Оның және Парижде «Последние новости» газетін шығарып тұрған, бұрынғы Уақытша өкіметтің сыртқы істер министрі А.Миллюковтың ойынша орыс империясын бұлжымас тұтастығында сақтау ұстанымы оған кіретін ұлттардың тәуелсіздігінен әлдеқайда қымбат екендігі.

Патшалық, монархиялық әлеуметтік түзімде ұлттық тәуелсіздік туралы әңгіме болуы мүмкін емес еді. Үстемдік етуші ұлттық мемлекетінің сыртқы бір күштердің ықпалымен күйреуін күту сол кездегі Ресей империясының жағдайында тек бір бос қияли нәрсе екені анық еді. Бұл орайда, әлеуметтік-тарихи жағдайларға қанық осы мәселелерге байланысты еуропалық ойлармен жақсы таныс, халықаралық ахуалды жіті бақылап отырған қазақ ойшылдарының ойлау жүйесі толық демократиялық бағытта болды деп айта аламыз.

Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай өз халқының осындай әлеуметтік-психологиялық ерекшелігін саяси жағынан да, әлеуметтік-философиялық деңгейіне дейін концепциялық тұрғыда айқындай білген ойшылдар. Ұлт болудың рухани негіздеріне жататын тағы бір нәрсе – ұлттық мүдде қалыптасқан болуы керек. Бұл туралы мәселеге – М.Шоқай көптеген мақалаларында қайта оралып отырады. Мысалы, «1936 жыл» деп аталатын журналдың 74

санында жарияланған проблемалық мақаласында ол осы туралы аса терең мағыналы ойлар түйген. Шет жұртта жүрген мұғажырлардың, күрескерлердің отанына деген сарқылмас сүйіспеншілігі туралы айта келіп ол былай дейді: «Атамекенді сүю дегеніміз – өзіңнің жеке басыңның талаптарын қанағаттандыру немесе белгілі бір топтың небір жеке адамның мүдделерін қорғау дегендік емес. Атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса жан пида қылуға дайын тұру болып табылады» [2].

Демократиялық азаматтық қоғам құру идеясы Алаш көсемдерін, соның ішінде М.Шоқайды да «ескішіл, бұрынғы хандықты, әмірлікті аңсаушылар» деп көрсетіп келген большевиктер уағызының жалған екендігін көрсетеді. Оның барлық мысалдары жарық көрген шығармаларынан көрініп тұрады. Алаш көсемдері Ресейде демократиялық федеративтік республика құрылғанда ғана Ресей қарамағындағы орыс емес халықтар тең құқықты автономиялар ала алады деп қарады. Осыған байланысты «Қазақ» газетінде, ал шет елде шығып тұрған «Яш Түркістан» журналында бұл идеяның сан түрлі қырлары сөз болып отырған. Оның концепциялық мазмұны көбіне Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай шығармаларында көрініс тапты.

Алаш жолбасшылары сияқты М.Шоқай өз идеяларын Түркістанның, соның ішінде Қазақстанның әлеуметтік-тарихи жағдайларымен, ерекшеліктерімен ұштастыруға тырысты. Және ол идеяларды тек теориялық, жалпы ой жүзінде уағыздаумен ғана емес, практикалық саяси тартыстарда айқындап, шындап отырды. Практикалық саяси, идеялық тартыстарда М.Шоқайға ұлттық тәуелсіздік үшін күрестің түпкі мақсаттарынан ауытқушылықтармен, ұлт мүддесінен көрі өз басының мүддесін жоғары қою немесе ұлттық күрестің бірлігін діни бірлікпен шатастырушылықтармен, т. б. екінші қатардағы мүдделерді жалпы ортақ мүдделерден айыра алмаушылықтармен үнемі идеялық күрес жүргізуге тура келді.

М.Шоқай бүкіл Түркістан өлкесіндегі кейін жеке халықтар деп қаралған қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, т.б. түрікқандастарды, тіпті түріктерден гөрі иран тектес тәжіктерді де қоса бір халық, бір ұлт деп есептегені мәлім. Бұл жөнінде оның ойынша аталған халықтар бір халыққа кіретін ұлыстар ғана. Бұл мәселеде оның көзқарастары және солардан туындайтын ұстанымдары, мұраттары Ә.Бөкейханов пен басқа да Алаш көсемдерінің мұраттарынан өзгешелеу болды. Ол жалпы Түркістан түріктерінің бірлігін, олардың тұтас бір ортақ дербестігін қолдаған еді. Десе де ол Қазақ автономиясы идеясына қарсы болған жоқ, тіпті оны жақтаушылардың да қатарында болды. Ол шет елде жүргендегі күресі мен шығармашылығында осы мұраттардан айныған жоқ. Түркістан ұлтының отарлық бұғаудан толық құтылып, өз тағдырын өзі шешу жолында дербес мемлекетін құруы – оның өмірлік мұраты болды. Сондықтан да, Гегельдік «халықтық рух» идеясы мен М.Шоқайдың «ұлттық рух» туралы идеясының арасында белгілі бір сыртқы ортақ белгілері болуына қарамастан мағына жағынан олар түбегейлі өзгешелікте.

М.Шоқайдың мақсаты – Түркістан халқының саяси тәуелсіздігінің мәселелерін талқылау. Сонда да болса, ол нақты бір мәселелерді талқылай отырып, оларды көп жағдайда терең философиялық қағидалармен үнемі ұштастырып отырады. Мысалы, қандай да болмасын тәуелсіздіктің негізін құрайтын сала – ол әдебиет, көркем өнер, рухани мәдениет екенін үнемі алға тартып отырады.

Академик Жабайхан Әбділдин: «Демократия – әрбір адамның бойында қалыптасатын жеке бастың әдебі, бір адамның екіншісіне деген қарым-қатынас әдебі, өзгені түсіне де, сыйлай да білуі. Бұл – өзара қарым-қатынастағы төзімділік пен түсіністік, қоғамдағы ортақ заңдылықтарға бағыну, өзін де, өзгені де құрметтеу қасиеті» деп сұхбатында атап өткен [3]. М.Шоқай Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының теориялық та, тактикалық та мәселелерінің түпкі мәнін ашып отырды. М.Шоқайдың теориялық қызметінде большевиктердің ұлт мәселесі бойынша қағидаларын және практикалық істері мен жоспарларын демократиялық тұрғыдан сынауы үлкен орын алады.

Азаматтардың мемлекетке қатынасындағы еркіндігі, ой бостандығы, сөз бостандығы, өз шаруасын күйттеудегі құқықтары мемлекеттік дербестіктің негізін құрайды. Өйткені, оларсыз азаматтар жоқ. Өз құқықтарын адам ретінде қорғамайтын, оларды тәрк ететін

мемлекет олар үшін өз мемлекеті бола алмайды. Мұстафа Шоқай Қазақстан ерте ме, кеш пе тәуелсіздік алатынына кәміл сенген. Тәуелсіздік алған Қазақстанның Тұңғыш Президентінің жүргізіп отырған саясаты мен ұстанымдары Мұстафа Шоқайдың саясаты мен бағыт-бағдарына сәйкес келеді. Алаш көсемдері және Мұстафа Шоқай елінің келешегін ойлап, халқының басқалармен терезесі тең болып, дербес, тәуелсіз мемлекет құруын аңсаған. «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғам алдындағы жауапкершілік, азаматтық рух пен биік талпыныстар үлгісі қазіргі ұрпақ үшін үлкен сабақ болу керек. Олар өз дәуірінің дүниетанымын қалыптастырған жоғары білімді біртуар азаматтар еді. Олар халық мүддесіне адал қызмет етті» [4].

«Алаш серілері өз халқының үлесін орнықтыруға, орталық жүйемен күрестің жаңа әдістерін қалыптастыруға аянбай қызмет етті. Қазақ халқының бетке ұстар азаматтары Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай, Жақып Ақбаев және сол замандағы басқа да қайраткерлер өз саласында жол салған ерен тұлғалар еді. Өз халқының мұңын жоқтаған, сол жолда бар білімін, күш-қайратын жұмсап, халқы үшін заман тауқыметін тартқан біртуар азаматтарымыз тарихымызда мәңгілік орын алады» [5]. Осы қазақ зиялыларының, ұлы ойшылдарының ұшқыр саяси ойларының жемісі еліміздің тәуелсіздігінің одан әрі баянды, іргелі дамуына негіз болады.

Қорыта айтқанда, ұлттық автономия мәселелеріндегі қазақ интеллигенциясының көзқарастары олардың өздері өмір сүрген заман тәрізді аса күрделі. Олардың шынайы мазмұнын айқын түсіну үшін, жанама зерттеушілердің емес, ұлттық интеллигенция өкілдерінің өздерінің түпнұсқа еңбектерін терең және жан-жақты зерттеуіміз керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. – М., 1994. – 216 б.; Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 365 б.; Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995.
2. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы, Алматы. «Қайнар», 1999. 2 том. - 6 б.
3. Айбын Бақытұлының ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Әбділдинмен сұхбаты // Ғылымға күш-қуаты тасыған ер-азаматтар керек. Алаш айнасы, 15 маусым 2011.
4. Жанна Қыдыралина. «Тәуелсіздік құндылықтары: зиялы қауым және ел мұраты». www.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task...id...2.13.01.12.
5. Эльмира Айғанова. «Өткен тарих, бүгінгі сабақ». «АЛЖИР» мұражайы - uCozalzhir.ucoz.kz/publ/85-1-0-151.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ САЯСИ ИДЕЯЛАРЫ

Шаукенов Д.Ж.

Челябі мемлекеттік университетінің студенті

Осындай қайраткерлердің қатарына XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында тарих сахнасына шыққан қазақ зиялыларын жатқызуға болады. XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар, яғни 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері, оларға жалғасқан азамат соғысы қазақ қоғамының саяси өмірін түбегейлі өзгерістер әкелді. Осынау аласапыран заманда ел мен жер тағдырын тереңнен ойлаған ұлт зиялылары мәселенің туған халқының мүддесіне сай шешілуі бағытында нақтылы әрекеттер жасап, саяси күреске араласты. Қазақтың ұлттық-демократиялық зиялылары қазақ халқын Ресейдің отарлық езгісінен босату және оны өркениетті мемлекет етіп қалыптастыруды саяси күрестерінің негізгі мақсаты етіп қойды.

Олар XX ғасырдың басында қазақ қоғамының ең өзекті мәселесі болған - отарлық езгіге қарсы халықтың ұлттық санасын оятып, өзара бірлікке жеткізу мақсатында біртұтас идеологияның қажеттілігін түсінді және оны жаңа кезеңге сай жүйелеп, қалыптастыру

жолында орасан зор жұмыстар атқарды. Бүкіл қазақ жұртын артынан ерте іс-қимыл жасай отырып, отарлау саясатының нәтижесінде ұлттық мемлекеттілігінен айырылып қалған елді экономикалық және рухани дағдарыстан шығару жолын іздестірді, өз халқының мемлекеттігін қалпына келтіріп, азат елдің болашағын армандады.

Ел басына күн туған қиын қыстау кезеңде халық арасынан суырылып шығып, саяси сахнада реформаторлық, мемлекеттік-саяси көзқарастарымен, халық игілігі үшін аянбай тер төккен озық-ойлы биік тұлғалардың тарих беттерінде із қалдырары ғасырлар бойы дәлелденген ақиқат.

Ұлттық идеяның тоқетер түйінін табуға I және II Мемлекеттік думаға қазақтан депутат сайлау септігін тигізсе, реакциялық күштердің шабуылы да тосқауыл қоя алмады. Ақыры өлкенің саяси мәдениетіндегі ілгерілеу танымдық, интеллектуалдық бәсі жоғары да қымбат шепке жеткізді. Біріншіден, қазақ халқы үшін өзекжарды ұлттық идея, екіншіден, сол тұстағы барша отарланған Шығыста кәдеге жарайтын әмбебап прогрессивті идея туды.

Ұлттық идеяның да арқалап тұрған жүгі жеңіл емес. XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары бұл міндетті шеше алды. Егер ұлттық идеяның мәні – ұлттың тағдыр анықтағыш тілегі, ниеті, оны ілгері қадам басуға жұмылдырушы фактор, күн тәртібіндегі басты мәселені шешуге бағытталған мазмұнды әрі кесек ой десек, осылардың жиынтық формуласы М.Дулатов дәйектеген «Оян, қазақ!» тұғырнамасында жатыр. Бұл ұран емес. Халық қасіретін, замана келбетін дәле-дәл айқындаған сәуегейлік. Алаш қозғалысының серкелері «Оян, қазақ!» формуласымен түйінделген ұлттық идеяның мазмұны мен пішінін, көздеген нәтижелерін, нақты іс-қимыл бағыттары мен идеологиясын қасаң қағидаға айналдырмаған

Қазақтың көрнекті қоғам қайраткері Ә.Бөкейхан «Государственная Думада», «Төртінші Дума һәм қазақ» мақалаларында осы мәселені түбегейлі көтеріп, жер бөлуде қалыптасқан көзқарас пікірлердегі қайшы тұстарды саралайды. Қазақ жұртына тиімсіз болып тұрған мәселелерді ашып, көрер көзге әділетсіз шешімдерге наразылық айтады. Алдымен жергілікті жұртты орналастырып алып, содан кейін переселендерге кірісу керектігін, қазаққа мал жайылымы үшін қалдырылған жерді енді жаңа заң бойынша орысқа ұзақ жылға жалға берілмектігін айтып, өз жеріне өзі жат болған қазақ тірлігіне ара түседі [1,300-301 бб.].

Ұлт қайраткері Әлиханның халқының тағдырына түбегейлі кірісуі сан тарапты қызметінен көрінді. Ол қазақ халқының саяси-әлеуметтік жағдайын ғылыми тұрғыда зерттеп, пайымдау үстінде, экспедиция құрамында қазақ жерінің біраз өлкелерін аралап, зерттеу жүргізеді. Мұның ар жағында қазақтың шежіре тарихына терең бойлап, ондағы әрбір рудың, жүздердің орналасу жүйесін анықтайды.

Ә.Бөкейхан осындай белгілі бір мақсатты нысан еткен жұмыстарды тындырған соң, елге келіп қоныстанып жатқан переселендердің жай күйін зерделеп, олардың шаруашылық жағдайларының тиімді, тиімсіз жақтарына экономикалық тұрғыда сараптау жасайды. Яғни Әлихан қазақтың тарихындағы мәнді тұстарды әбден саралап, өз дәлел, тұжырымдарын ғылыми айғақтармен бекіте алған.

Әлихан Бөкейханның бағыт беруімен Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен, Міржақып Дулатовтың қосшылығымен, озық ойлы, халық қамын ойлаған жекелеген дәулетті адамдардың демеушілігімен 1913 жылдан бастап Орынборда жалпы ұлттық биресми «Қазақ» газеті шыға бастады. Оның бірінші санында жарияланған оқырмандарға арнаған мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы газетті «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп анықтай келіп, оның «жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады», - деген тұжырымы арқылы газеттің қоғамда алатын орнын, оның саяси маңызын барынша айқындап берді. Газет 1917 жылы шілде айында дүниеге келген ұлттық-демократиялық партияны дайындауда сан қырлы, салиқалы жұмыстар атқарды. Партия Ресейде 1917 жылы ақпан революциясы жеңіске жеткеннен кейінгі елде орын алған саяси хал-ахуал берген мүмкіндіктер жағдайында 1917 жылы 12-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен бірінші бүкілқазақтық съезде құрылды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1917 жылы 5-17-желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық екінші съезд жұмысына да белсенді түрде атсалысты. Съезд күн тәртібі Алаш партиясы бағдарламасы жобасының талаптарынан және орталықта социалистік революцияның жеңіске жетуіне байланысты орын алған қоғамдық-саяси өзгерістерден туындады. Съезд талқылап, шешім қабылдаған 10 мәселенің ішіндегі ең маңыздылары бүкіл қазақ жерлерін біріктіретін Алаш автономиясын (қазақ мемлекеттігін) құру оны басқаратын үкімет - Әлихан Бөкейханов басқарған - Алаштың Ордасы (Алашорданы сайлау) және «халықтық милиция» аталған Алаш автономиясының қарулы күштерін жасақтау жөнінде қабылданған шешімдер болды [2].

Ә.Бөкейханов «Қазақ» газетіне жазған хабарында бұл Комитетке Түркістан өлкесінде «бостандық, құрдастық, туыскандық шырағында» қандай өзгерістер жасаймын десе де ерік деп көрсетіп, Түркістанның жағдайын Англияның отар елдеріне теңеп, «Учредительное собраниеден кейін Түркістан өз тізгіні өзінде колония болады» деген үмітін айтады. Ал бұл комитеттің таяу арадағы ең негізгі міндеттерінің бірі: Қытай ауған қырғыздарды қайтарып, бұрынғы өз ата қонысына орналастыру екенін білдіріп, «қырғыз қарындасын кір жуып, кіндік кескен жеріне қайтқаны жақсы болар еді» деген тілегін де жасырмайды.

Ә.Бөкейханов осы шағын мақаласында Комитет мүшелеріне қысқаша сипаттама беріп, оларды Түркістан өлкесін білетін адамдар ретінде таныстырады [3]. М.Шоқаев 1917 жылға арналған естеліктерінде жалғыз социалист-революционер О.А.Шкапскийден басқа комитет мүшелерінің арасында Түркістан өлкесін білетін адам жоқ еді деген ойды айтады. Біздің пікірімізше, Ә.Бөкейхановтың комитет құрылған бетте жазған мақаласында жалпы Комитетке, оның мүшелеріне артқан үміті тым көтеріңкі болса, ал М.Шоқай, С.Мақсұдов пен М.Тынышбаев сияқты оның мүшелері қызметін бағалауда бір жақтылыққа ұрынған еді, әрине, кездейсоқ еместін.

Мемлекеттік құрылыс мәселесінде үкімет басында - құрылтай жиналысы, оның аралығында құрылтай жиналысы мен мемлекеттік дума белгілі бір мерзімге сайлаған Президент тұрады. Құрылтай жиналысы тұрақты орган емес, ол мезгіл-мезгіл сессия түрінде ғана жұмыс істейді. Оның сессиялары арасында билік тұрақты орган Президенттің қолында болады. Ол халықты құрылтай жиналысы мен мемлекеттік дума алдында жауапты министрлер кеңесі арқылы басқарды. Жоғары өкілді органның екі палаталы құрылымы – парламенттік республиканың ұсынылуы сол кездегі жағдай үшін бірден-бір дұрыс қағида болатын. Екі палатаның бірлескен отырысында сайланған Президент жоғары өкілді орган алдында жауапты болмады. Егер Парламент алдында Президент те жауапты болса, онда бұл органның билігі абсолютті болар еді.

Сондықтан да партия бағдарламасында мемлекеттік құрылыс үшін билікті бөлісу идеясы енгізілді. Партия бағдарламасы бойынша заң шығару мемлекеттік дума құзырында болды және атқарушы орган қызметіне бақылау жасау мүмкіндігі берілетін сауал салу құқығы да берілді.

Өз заманының зиялылары Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай ұлттық тәуелсіздіктің әлеуметтік-саяси ғана емес философиялық мәселелеріне де көп көңіл бөліп, ұлттың тәуелсіздігі қандай тарихи жағдайлар қалыптасқанда мүмкін болатындығына ерекше назар аударған. Ә.Бөкейханов пен М.Шоқайдың көзқарастары бойынша бұрынғы хандық, әмірлік биліктердің барлығы Түркістан халықтарының тәуелсіздігі үшін қызмет істей алмайды. Себебі, олар бұл халықтардың тарихи-әлеуметтік мешеулігіне негізделгендіктен әлеуметтік, экономикалық мешеулікке қайта оралу – басқаларға құлдыққа апаратын жол болудан басқа ештеңе де бермейді.

Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай өз халқының осындай әлеуметтік-психологиялық ерекшелігін саяси жағынан да, әлеуметтік-философиялық деңгейіне дейін концепциялық тұрғыда айқындай білген ойшылдар. Олардың демократиялық ойлары тек ұлттың тәуелсіздікке қол жеткізу идеясымен ғана шектелмейді. Олардың келешек дербес автономия түрінде болсын, дербес мемлекет құру мәселелерінде де, жеке азаматтың дербестігі

мазмұндарына ұласып отырады. Ұлт болудың рухани негіздеріне жататын тағы бір нәрсе – ұлттық мүдде қалыптасқан болуы керек [4].

Тәуелсіздікке жету үшін қаншама қиындықтарды бастан өткізіп, өз халқының тәуелсіздігі үшін күрес – өз құқығы да, міндеті де деп қараған қазақ зиялылары – тәуелсіздікті аңсап, өз елі, жері үшін күресіп, елінің еркіндігін, келешегін ойлап, халқының басқалармен терезесі тең болып, дербес, тәуелсіз мемлекет құруын аңсаған болатын.

«Алаш серілері өз халқының үлесін орнықтыруға, орталық жүйемен күрестің жаңа әдістерін қалыптастыруға аянбай қызмет етті. Қазақ халқының бетке ұстар азаматтары Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай, Жақып Ақбаев және сол замандағы басқа да қайраткерлер өз саласында жол салған ерен тұлғалар еді. Өз халқының мұңын жоқтаған, сол жолда бар білімін, күш-қайратын жұмсап, халқы үшін заман тауқыметін тартқан біртуар азаматтарымыз тарихымызда мәңгілік орын алады» [5].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бөкейхан Ә. Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы, 1995. -66-67 б.
2. Әшкеев Н.Ә. Бөкейхановтың ұлттық мемлекет құрудағы ұстанған негізгі принциптері // Ақиқат, 2002. - №3. -50-55 бб.
3. Бөкейхан Ә. Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы, 1995. -66-67 б.
4. Әлихан, Ахмет, Міржақып. Алаштың азаматы // «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б. /322/.
5. Эльмира Айғанова. «Өткен тарих, бүгінгі сабақ». «АЛЖИР» мұражайы - uCozalzhir.ucoz.kz/publ/85-1-0-151.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАЙРАТКЕР

*Шолпанбаева Ғ. Ә. аға оқытушы,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты.*

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866—1937) — XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы 1866 жылы 25 наурызда бұрынғы Семей облысы, Қарқалы уезі, Тоқырауын болысының 7- ауылында дүниеге келген. Әлихан Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ата тегі: Бөкей — Батыр — Мырзатай — Нұрмұхамед — Әлихан. Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жылдары Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқыды. Мұнда ол студенттік қызу пікірталастарға қатысып, XX ғасырдың босағасын аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шындай түсті. [1.40б].

1866[2] ж. наурыздың 5 бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ші ауылында туған. Бұл қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы бұрынғы Қаратал кеңшарының жеріне қарасты, 1992 жылы Ақтоғай аудандық кеңестің шешімімен Ә.Н. Бөкейханов есімі берілді.

Ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Сұлтан Барак. Қазақтың соңғы хандарының бірі. Бөкей осы Сұлтан Барақтың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед. Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдадан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып

жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады. [2.226]

Бұдан кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, оны да «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығады. Осыдан кейін он алты жасар Әлихан 1888 жылы Омбы техникалық училищесіне қабылданады. Төрт жыл бойы үздік оқыған алғыр шәкіртіне риза болған мүмкіндік жасайды.

Сөйтіп ол жиырма жасында Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, 1894 ж. Ресей империясының елордасы Санкт-Петербургға барып, Орман шаруашылығы институтының экономика факультетіне түседі. Ол мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды.

Қоғамдық-саяси әрекеттері. Оңнан солға қарай: Халел Досмұхамедов, Халел Ғаббасов, Әлихан Бөкейханов оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда Ә. Бөкейханов Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. [3.100б]. «Народная свобода» (Халық бостандығы) партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады. Әлиханның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді.

1905 ж. бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген. Қарқаралыда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы өткен қозғалысқа қатысып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болған. 1905 ж. Әлихан Бөкейханов Семей облысы қазақтарының атынан 1-ші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды. Бірақ ол 1-ші Мемлекеттік дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені Ә.Н. Бөкейханов өз жұмысын бастаған кезде Дала өлкесі генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз, 3 ай Павлодар абақтысында отырды. Ал абақтыдан шығып Санкт-Петербургға жеткенде, Дума патшаның үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін сол кездіңгі Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді. Ә.Н. Бөкейханов да солардың артынан аттанып Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін жазаға тартылып, Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды. 1906 жылы Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омич» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 жылы Санкт-Петербурда жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» гзеттерінде редакторлық қызмет атқарды. Бар күш қуаттарын осы мақсатқа жұмылдырады. Бірақ олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне жандармерия басқармасының жансыздары мүмкіндік бермейді. Солардың көрсетуімен қуғынға түседі, түрмеге қамалады. Бұдан студент кезінде-ақ сенімсіздердің қара тізіміне ілігіп, бақылауда жүрген Әлихан да тыс қалған жоқ, алдымен, Семей түрмесіне қамалып, кейін Самар қаласына жер аударылып, онда тек ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысуға ғана мәжбүр болды.

1916 жылы жер аудару мерзімі бітіп, Самардан Орынборға келген Әлихан бірден қаланың қоғамдық, саяси өміріне араласып кетеді. Қаланың қазақ тұрғындары атынан қалалық думаға сайланады.

Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі болды [4.256].

Алаш Орда төрағасы Ә. Бөкейхановтың Жаза кесімі Ол Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа аутономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір аутономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ аутономиясы құрылмақ болады. Құрылбайдан оралысымен Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917 ж. желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш аутономиясы жарияланып, Ә. Бөкейханов сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш президенті) болып сайланады. Ә. Бөкейхановтың қуғын-сүргін кезеңінен 2 жыл алдындағы мен ату жазасының күніндегісі. 1919 ж. большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімнен кейін Ә. Бөкейханов қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнады. Бірақ, ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 ж. екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Ә. Бөкейханов Мәскеуге жер аударылады, зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылы тамызында қайыра тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен 67 жасында Мәскеуде ату жазасына жазасына кеседі. 1989 жылы мамырдың 14 КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақталды. Ғылыми әрекеттері 19 ғ. соңында Омбы орман шаруашылығы оқытушылық қызмет атқарып, ғылыми жұмыстармен айналысады. Ол 1896 ж. көрнекті ғалымдардың кепілдемесімен Орыс жағрапиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланды. Әлихан «Россия. Жалпы географиялық сипаттама» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18 томына автор ретінде қатынасқан. Ол ғылыми жұмыспен қатар қоғамдық-әлеуметтік саяси қызметтерге де белсене араласа бастайды.

1904 жылы қазақ даласына қоныс аудару қозғалысын даярлап берген Ф.А. Шербина экспедициясының құрамында болды. 1911-14 жж. Ә. Бөкейханов «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4-21 томдарына автор ретінде қатысты.

Ә. Бөкейханов — ғұлама ғалым ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға. [5.376]

Әдебиеттер тізімі

- 1.«Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008. ISBN 9965-32-715-7
- 2.Тарихи тұлғалар. Танымдық — көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN: 978-601-01-0268-2
3. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ғ. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009. ISBN 9965-34-933

ШАҚШАҚ ЖӘНІБЕК ТУРАЛЫ ТАРИХИ ЖӘНЕ АҢЫЗДЫҚ ДЕРЕКТЕР

Әбсадықов А.А. ф. г.д., профессор

Серікбаев Н. магистрант

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Қазақта Жәнібек есімді бірнеше батыр бар. Біздің негізгі мақсатымыз ерен ерлігімен есімі ұранға айналған хас батырларымыздың бірі Шақшақ Жәнібектің өмір тарихы турасында болмақ. Зерттеушілердің көпшілігі тарихта болған аттас тұлғаларды шатастырып жұртшылықты адастырып әкетіп жатады. Осындай бұрмалаушылық Шақшақ Жәнібектің өмір тарихын зерттеуде де, орын алып отырғаны рас. Шақшақ – бұл Жәнібек батырдың шыққан руының атауы. Әкесінің аты Қошқар болса, атасы Көшей Есім ханның сенімді батырларының бірі болған. Жәнібек батырдың өмір сүрген жылдарына қатысты әлі күнге дейін бір ортақ байлам жасалмады. Соңғы жылдары қалыптасқан дата бойынша 1693 жылы қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы Тосын құмында дүниеге келіп, 1750-52 жылдары осы жақта дүниеден қайтқан [1, 619б.].

Қошқарұлы Жәнібек батыр туралы тарихи деректер оның басқа тұтастарымен салыстырғанда аса көп сақталған. Алайда мұрағат материалдарының көптігіне қарамастан батырдың өміріне қатысты кей оқиғаларды дәл анықтау мүмкін болмай отыр. Шақшақ Жәнібек батырдың өмірін мұрағат материалдарына сүйене отырып зерттеушілер, оны Кіші жүз ханы Әбілқайырдың сенімді серігі әрі ресейлік бағыттағы саясаттың белсенді қолдаушысы болғандығына баса мән береді. Осыған байланысты Шақшақ Жәнібектің тарихи қызметі аз насихатталып, көбіне шеттетіліп, өзіне лайықты бағасын ала алмай келеді деген пікірлер айтылуда [2, 5-88б.].

Дегенмен, Шақшақ Жәнібек батыр көзі тірісінде-ақ халқының зор құрметі мен сүйіспеншілігіне ие болған даңқты батыр, ел басқарған тұлға ретінде танылады.

Ел тірегіне айналған Жәнібек батырдың өр тұлғасы XVIII ғасырдағы Бұхар, Тәттіқара, Үмбетей жыраулардың шығармашылығына арқау болған. Мәселен, жыр алыбы Тәттіқара:

Қамыстың басы майда, түбі сайда,

Жәнібек Шақшақұлы – болат найза.

Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,

Ер жігіттің ерлігі осындайда [3, 89б.] деп Жәнібек батырды жырға қосып, ерлігін дәріптейді.

Қазақтардың Ресейдің отар еліне айналуы Әбілқайыр хан есімімен байланысты екендігі белгелі. Жәнібек батырды жоңғарға қарсы күресті одан әрі жалғастырып, төнген қауіптен құтылу үшін Ресейдей күшті одақтасқа арқа сүйену саясатын жақтады. Қазақ тарихындағы өте күрделі мәселелердің қатарында Ресейге ант берген қазақ хан – сұлтандары мен би-батырларының әрекеті жатады. Нақтылар болсақ, 1738 жылы тамыз айында Кіші жүз бен Орта жүздің 56 адамының ішінде 6 тамыз күні ант бергендердің қатарында Жәнібек батыр есімі де аталады [4, 46б.].

Ант беруші Қошқарұлы Жәнібек, Бөкенбай секілді батырлар, осылардың соңына ерген аз ғана елдің өкілдері екенін атап көрсетеді. Алғаш рет саяси тұрғыдан берілген бұл пікір өте орында айтылған деп есептейміз. Бұл мәселедегі ең қиын тұсы «бодандықты қабылдау» туралы ант деп аталатын құжатты орыстардың басқаша мағынаға ауыстырып жібергендігі.

Тарихи құжатта не айтылып отырғандығын сол кездегі қазақ билері мен батырлары, хан-сұлтандары дәл түсінді деп айта алмаймыз. Көбіне әріптестік, тең құқылы қарым-қатынас орнату, жауға бірлесе күресу жайлы мәселелердің қатарында байқамайтындай етіп Ресей империясының қамқорлығында боласындар деген сөз тіркесін қосып жіберген. Осылайша орыстардың қитұрқы саясатының нәтижесінде біздің тарихи тұлғаларымыз өз

еркімен бүткіл халықты орыс бодандығына жығып берген болып шығады. Тарихымыздағы үлкен ақтаңдақ осылайша қалыптасты.

Жәнібек батыр Қазақ хандығымен Ресей арасында сауда қатынасын ұлғайтуды көздеп, патша үкіметінен Жайық өзенінің маңындағы Қаракөл деген жерге Орта жүз қазақтарының сауда жасауына рұқсат беруін өтінген [5, 130-133б.]. Патша әкімшілігі Орта Азиядан Орынборға қатынап тұрған сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді Жәнібек батырға жүктеген. Батыр орыс сауда керуендерінің қауіпсіздігі туралы кепілдік бере отырып, қарулы орыс әскерлерінің қазақ жерімен өтуіне жол бермеді. Бұл да батыр бабаның дипломатиялық шеберлігін көрсетсе керек. Жәнібек батыр 1742 жылы қазақтар мен қалмақтар арасындағы бейбіт қатынас орнату жөнінде шарт жасауға қатысқан. Сол жылы Орск қамалында Орынбор комиссиясының бастығы, кейінірек Орынбор губернаторы болған И.И.Неплюевтің Кіші жүз және Орта жүз өкілдерімен жүргізген келіссөздерге қатысып, жоңғарлар мен арадағы дау-жанжалды шешуге бағытталған шараларды қолдады [6, 230б.].

Үш жүзге бірдей атағы тарай бастаған Абылай жоңғар тұтқынына түседі. Өзі үміт артқан сұлтанның жау қолында қалуы, сондай-ақ өзге хандардың оны босатып алуы үшін ешқандай пәрменді әрекет жасамауы батырдың жанына батты. Үш жүздің басын қосып, елдігін қалпына келтірер хан болар деп ендігі үміт-назарын Абылайға артқан тұста, оның жайы мұнау болды. Сондықтан батыр 1740-41 жылдары жоңғар қонтайшысының тұтқынындағы Абылайды құтқарып алуда да, ерекше дипломатиялық шеберлік танытқан. Орынбор комиссиясының бастығы И.И.Неплюевпен арадағы қатынасын ұтымды пайдаланып, жоңғар қонтайшысына арнаулы елшілік шығартқан, бұл іске Әбілмәмбет, Әбілқайыр хандарды да араластырып, ақыры Абылайды басқа адаммен аманатқа ауыстырып алған. Батыр Абылай сұлтанның Орта жүзге хан болып сайлануын батыл қолдаған. 1742 жылы қыркүйек айында орыс үкіметі Жәнібек батырға тархан атағын беретінін хабарлайды. Келесі жылы бұл уәдесін орындайды да. Мұның басты себебі орыс үкіметі патшаның құпия кеңесшісі И.И.Неплюевты 1742 жылдың 20 тамызынан 7 қыркүйекке дейінгі сапарында Орта жүз бен Кіші жүз руларының Ресейдің қол астына өтуінің жағдайларын тағы бір рет пысықтау үшін аттандырған еді. Құпия кеңесші осы сапарында « между киргиз-кайсаками не меньши ханов силен» [7, 253-254б.]. - деп көрсетілген Жәнібектей белді де беделді батырларды өз саясатын жүзеге асыруда пайдалануды көздеді. Неплюев қазақтың осы тұстағы бетке ұстар беделді адамдарына үсті-үстіне бағалы сыйлықтар ұсынып жатты. Мәселен, ол Әбілқайыр ханға, оның Ералы сұлтанға, Жәнібек батырға күміс сапты қылышты бірінші күні-ақ ұсынса, 23-тамызда оларға қайыра сыйлықтар табыс етіледі. Құпия кеңесшісінің бұл әрекеті қазақтың басшы адамдарын өз жағына тарту үшін түрлі амалдар жасағанын көреміз. Құпия кеңесші мұнымен ғана тоқтап қоймай, оңашада Жәнібек батырға «оның есімін ұлы мәртебелі патша ағзамның өзі жақсы білетінін және құрмет тұтатынын, алдағы уақытта осыған сәйкес мәртебе ұсынатынын» айтып үлгереді. [8, 51б.]. Ол Әбілқайыр ханның, оның ұлы Ералы сұлтанның, Жәнібек батырдың құрметіне арнап қабылдау да ұйымдастырады.

Әр түрлі жазба деректерде сақталған мәліметтерге қарағанда батыр әрқашан өзінің ерекшелігін сақтаған. Ол М.Жұмабаев жырлағандай: «Өзіне тірі жанды тең көрмейтін, Тәкәппар Қошқарұлы ер Жәнібек» асқан дәулетті де адам болса керек. Мәселен деректерде Жәнібек тархан И.И.Неплюевпен келіссөз жүргізуге 1742 жылы 14 маусымда Ор бекінісіне келгенде қасына 513 жігіт ертіп келгені айтылады. Мұндағы бір назар аударарлық жағдай барлық жігіттер бір түсті ат мініп, біркелкі киініп келген. П.И.Рычков мұндай сән-салтанаттың көне құрлықтың ешбір мемлекетінде кездеспейтінін айтып, тамсана жазған [9, 131б.].XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күрестің басты қаһармандарының бірі, бар ғұмырын ел мен жердің азаттығы мен жарқын болашағына арнаған Шақшақ Жәнібек батыр 1751 (кейде 1752 ж.) жылы көз жұмған:

Жауға шапса қасқайып қол бастаған,
Дауға салса суырылып топ бастаған,
Қазақтың Жәнібектей батыры өтті,

Артына ерлігі мен сөз тастаған[10, 123б.].

Даңқты батыр Торғай даласындағы Тосын құмында дүниеден өтеді. Жәнібек батырды елдің игі-жақсылары Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерлеуді ұйғарады. Түркістанға Жәнібек батырдың денесін жерлеуді баласы Ақпанбет батыр ұйымдастырып басшылық жасайды.

Шақшақ Жәнібек батыр жайында келесі келтіретін дерегіміз бұл Шоқан Уалихановтың шежіре, дастандардан жинақтаған мына мәліметтеріне сүйене отырып осы бір аңыз әңгімені арқау етеміз; Тарақты Байғозы батыр. Ресейден қашқан торғауыттарды қуалаған қырғыздар ашық далада дамылдап, қазанға сүрленген жылқы етін асып, торсыққа құрт езіп, күні бойына нәр болатындай етіп таңғы астарын ішіп отырды. Бір шатырда Абылай, келесіде өзінің тәкәппарлығымен танымал арғын Шақшақ Жәнібек батыр отырады. Батыр насыбайын атып отырады, бір жас қырғыз жігіт шатырға келіп, атынан түспей қолын созып: «Жәнібек батыр, шақшаңды таста» дейді. Жәнібек оған еш назар аудармайды, бірақ оған өзінің менсінбегенін көрсетіп, асықпай шақшасындағы қалдықты қызыл етігінің өкшесіне қағып, баптап қалтасына салып қояды. Көп ұзамай жасақ қозғалып, әрбір ру өз туының астына жиналады, батырлар садақ – жебелерін асынып, шеңбер құрып ханды қоршап тұрады. Кеңесіп, жаудың көптігіне қарамай, шабуыл жасауға шешім қабылданды. Бірінші қарауыл жіберіп байқап алмақ үшін еріктілерді шақырады, алғаш болып бағанағы Жәнібектен шақшасын сұраған жігіт шығады. Шолғыннан оралған соң, Жәнібектің сұрағына жігіт: «Аз да емес, көп те емес» деп жауап береді. Шабуыл басталады, қалмақтардың саны 10 000, қырғыздар көп шығынға ұшырап, ақыры шыдамай қашуға мәжбүр болады. Ең алдыда ту ұстаған, қара атқа мінген ұзын бойлы қалмақ, қырғыздардың қатарына кіріп, бірнешеуін аттан түсіріп кетеді. Жәнібек те шегінгендердің арасында болып, қатты қапаланып, бар даусымен «Әттең, мына дүлейді өлтіретін қырғыздан бір азамат тумағаны ма?» деп айғай салады. Осы кезде бағанағы жас жігіт садағын қолына алып, бар күшімен тартып, көздеп жіберіп қалады. Жебе зулап барып тура тағдыр – тесікке қадалып, қалмақ жерге домалап түседі. Жас батыр жебесінің дәл қадалмай ирек жасағанына өкініп «Бұл өзі Алланың назарындағы біреу болды ғой» дейді. Батырларының өлімін көрген қалмақтар абыржып қалады, осы сәтті пайдаланып қырғыздар қарсы соққы беріп, жеңіске жетеді. Сонда Байғозы (бағанағы жас қазақ) шақшасын атып Жаныбайға (Жәнібекке) жақындап: «Батыр, енді міне шақша атуға болады» дейді. Тарақты Байғозы батырдың есімі елге осылай тараған [11, 188-189бб.].

Қорыта келе жоғарыда көрсетіп келген дереккөздері бойынша Шақшақ Жәнібектің орыс патшалығы үшін қандай маңызды тұлға болғандығын көріп отырмыз. Сондықтан орыс деректері өз халқының тағдыры үшін үлкен роль ойнайтын Шақшақ Жәнібектің өмір жайын нақтылықпен зерттеп қарастыра білген. Зерттей келе бұл беріліп отырған мәліметтер көңілге қонымды болып отыр.

Шоқан Уалихановтың жеткізген ақпараттарын қарастырсақ Шақшақ Жәнібек батыр 1771 жылы қазақ – қалмақ арасында болған «Шаңды жорық» шайқасына қатынасқанын көріп отырмыз. Яғни сол замандағы өмір сүрген ақын, жырауларымыз әр бір шайқастарда жауынгерлерімізге рух беру үшін Шақшақ Жәнібек батырды және тағыда басқа дүниеден өтіп кеткен батырларымызды өзінің өлең жырларында суреттеп отырған.

Демек Жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, Шақшақ Жәнібектің 1771 жылы болған «Шаңды жорық» шайқасына қатысқаны дәлел бола алады. Шоқан Уалихановтың бұл беріп отырған дерегіне сүйенер болсақ шақшақ Жәнібек 1752 жылы емес XVIII 70-ші жылдарына дейін өмір сүргенін көрсетеді. Шоқан Уалиханов, Шақшақ Жәнібек батыр жайындағы бұл нұсқасын аңыз бен шежірелік баяндаулардан алып отырғанын көреміз.

Түйіндеп айтар болсақ, Шақшақ Жәнібек батыр өмірін әр ғалым, әр түрлі дерек көздеріне сүйене отырып өз пайымдауынша зерттеп репрезентациялаған.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2001. Т.3. – 619 б.
2. Қайырбеков Ғ. Шақшақ немересі, Қошқарұлы ер Жәнібек // Шақшақ Жәнібек батыр. – Алматы, . – 5-88 бб.

3. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1994, Т.1. – 79 б.
4. Крафт И. Сборник узаконений киргизских степных областей. – Оренбург, 1808. – 46 б.
5. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. (Сб. материалов). –Т.1. – 130-133 бб.
6. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. (Сб. материалов). –Т.1. – 230 б.
7. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. (Сб. материалов). –Т.1. – 253-254 бб.
8. Рычков П. И. История Оренбургская. – 51 б.
9. Әлденұлы Б. Орынбор мұрағаттары // Шақшақ Жәнібек батыр. – Алматы, 1993. – 131 б.
10. Шақшақ ұлы ер Жәнібек: дастан // Шақшақ Жәнібек батыр. – А., 1993. – 123 б.
11. Абылай хан. Ш. Уалиханов., көп томдық шығармалар жинаға. I том. Мәдени мұра бағдарламасы аясында жарық көрген. Әшімбаев М.С.,(кеңес төрағасы). Алматы – 2010. 188-199 бб

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры» атты ғылыми жоба аясында дайындалды

ТІЛ ҮЙРЕТУ САБАҒЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Абильбекова Б.Т.

*Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы, филология магистрі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

Қазақ тілі – эстетикалық талғамы зор тіл. Көркем өнерін, мақал-мәтелін, қанатты сөзін, теңеулерін, бейнелі сөзін, өлең сөздері мен даналық талғамын барлығын нұрландырып тұрған нәрлі тіл – қазақтың баба тілі, қазақтың ана тілі. Осылардың бәрін шәкірттерге танытып, бойларына сіңіру үшін, бүгінгі күннің қазақ тілі мұғалімі Адам ретінде ұлт рухын асқақтататын, аспандататын нағыз шебер болуы хақ. Яғни, тілді басқа ұлт өкілдеріне оқыту – негізгі мәселелерді шешудің басты тетігі. Бүгінгі таңда оқытудың түрлі жаңа инновациялық технологияларының туындауы да осының дәлелі. Қазіргі нарық заманында өмір көшінен кейін қалмас үшін бүкіл ғұмыр бойы оқу, үйрену уақыт талабына айналды. Сондықтан, студенттерге үздіксіз білім беру, оларды оқыту, әсіресе мемлекеттік тілді үйрету маңызды болып табылады. Елбасымыз «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» және «Тіліміздің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де ғылымда да, білім беруде де дәл орыс тілінің қолдануындай болып қолданылуы үшін, қолдан келгеннің бәрін істеу керек» деген тұжырымдары бар. Тіл саясаты, міне осында жатыр. Қазақ тілін оқытуда ұстаздар қауымы ең алдымен осы тұжырымдарға сүйенгеніміз абзал.

Қазақ тілін ұлты басқа шәкірттерге үйрету – күрделі іс. Сондықтан, оның кешегісін, бүгінгісін, ертеңгісін саралап – қазақ тілін оқытып қана қоймай, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту деген өзекті тақырыпты алып, мәселенің шешілу жолы – қазіргі кезде қазақ тілін оқыту әдістемесінде тілді қатысымдық бағытта үйрету, яғни, қазақ тілінің әлеуметтік ролін, аясын кеңейтуді осы бағытта жүзеге асыру қажеттігі маңызды болып есептеледі.

Проблемалық оқыту жүйесі – оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, студенттердің ой-өрісін, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық әрекетін дамыту болып табылады. Қазіргі заманғы білім берудің мақсаты мамандарды шығармашылыққа дайындау. Ал, шығармашылық дегеніміз жаңалықты ашу болса, проблемалық оқытудың өзі де шығармашыл үрдіс болып табылады. Соңғы кезде кең тараған оқу түрінің мәні: оқытушы білім алушылар алдына міндет (проблема) қоя отырып, оған қызықтырады және оның шешу әдіс-тәсілдерін табуға ынталандырады. Оқытудың бұл түрі жаңадан ғана пайда болған жоқ. Өйткені, кезінде бұған өз үлес қосқан педагог-ғалымдар болды, атап айтқанда, Сократ, Руссо,

Дистерверг, Ушинский. Мысалы, грек данасы Сократтың алдына қойған мақсаты білімнің өзі емес, адамдардың білім алуға деген ықыласын ояту, білімге ынтықтыру болған екен [3.56].

Проблемалық оқыту технологиясы тіл үйренушілердің оқытушы басшылығымен проблемалық жағдаятты шешуде өздік зерттеу іс-әрекетімен айналысуы, соның нәтижесінде студенттердің білім дағдыларының қалыптасуымен, танымдық белсенділігінің, шығармашылық ойлау және т.б. маңызды қасиеттерінің дамуымен сипатталады [4.32].

Қазақ тілі пәнінде проблемалық оқыту мәселесін сөз етпестен бұрын, алдымен «проблема» ұғымына анықтама беретін болсақ, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде былай деп көрсеткен: «Проблема – зерттеуді, шешуді керек ететін күрделі мәселе». [1.44]. Олай болса, қазақ тілі сабағын проблемалық оқытудағы басты міндет – студенттердің ойлау жүйесін өздерінің шығармашылық қабілеттері арқылы игерген білім қорын одан әрі тереңдету және түрлі проблемаларды шеше білетін білімді студент тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі – оқытушының білім алушы білуге тиісті таным- түсінікті өзі айтып бермейді, қайта шәкіртке іздетеді. Проблемалық оқытуға негізделген шығармашылық тапсырмалардың дәстүрлі оқытудағы тапсырмалардан басты айырмашылығын қарайтын болсақ, студент пен оқытушы іс-әрекеттері төмендегідей болады. Атап айтқанда, дәстүрлі оқытуда:

1. Проблема қойылмайды.

2. Оқытушы тарапынан тапсырмалар берілетін жауабы дайын, қарапайым тапсырмалар.

3. Студент -объект және орындаушы. Оқытушы жетекшілігі, басшылығы басым болады.

4. Шығармашылық ізденіс міндетті емес.

5. Топтағы барлық студенттерге бірдей арналған тапсырмалар.

Проблемалық оқытуда:

1. Студент алдына проблема қойылады.

2. Дайын жауабы жоқ, проблема шешуді талап ететін, зерттеушілікті, шығармашылықты қажет ететін тапсырмалар беріледі.

3. Студент-субъект. Ол-дербес ізденуші. Еш нәрсені қайталамайды, дайын дүниені көшірмейді, өзінің ізденісі, зерттеуі арқылы проблеманы шешуге талпынады. Оқытушы-ақылшы, кеңесші, ұйымдастырушы және бағыт беруші.

4. Студенттердің жан-жақты дамытуға, жеке тұлғаға, оның дарынын, қабілетін арттыруға бағытталған шығармашылық сипаттағы тапсырмалар.

Әдістемелік жүйе ретінде оқытушының танымдық тапсырмалары мен көрнекі құралдардан проблемалық оқытудың мәні құрылады. Проблемалық оқыту кезінде ізденіс жұмыстары ұйымдастырылып, сабақ тақырыбына байланысты конспект, проблемалық сұрақтар мен шешімдері де қарастырылады. Сабақ барысында студенттердің жаңа білімді меңгеруі, зерттеу белсенділігі дамиды, шығармашылыққа үйренеді.

Қазақ тілі сабағында проблемалық оқытуды жүзеге асыру үшін студенттерге алдын-ала проблемалық сұрақтар жүйесі ұсынылады. Онда кез келген сұрақ проблемалы бола бермейді әрі проблемалы сұрақтың жауабы дайын болмайды. Сондықтан оны студенттер міндетті түрде өзі ізденуі шарт. Ол сұрақ студенттің сана-сезімінде қиындық туғызуы қажет. Студент іштей түсінген ойлау қиыншылығы проблемалық жағдаят деп аталады. Проблемалық сұрақ, бір жағынан қиын болуы, екінші жағынан студенттің шамасына және білім деңгейіне байланысты болуы керек. Проблемалық сұрақта студент сұрақтардың дұрыс нұсқаларын шешуді қарастырады, ойланады және ізденіс жолына түседі. Осылайша, қазақ тілі сабағында проблемалық тақырыпты толық ашуда жағдаяттар арқылы тіл үйренушілердің танымдық әрекетін дамыта аламыз. Сонымен қатар іскери топтық жұмыстар жүргізу. Мысалы, берілген тақырыпта бір студент баяндамашы болады, бір студент сарапшы, бір студент баяндамашыны марапаттайды, бір студент қателіктерін айтады, қалған студенттер тақырып бойынша екіге бөлініп, бірі: «-Мен сізбен келісемін, ...», екіншісі: «-Мен сізбен келіспеймін, ...» деп, сабақ соңы пікірталасқа айналып, тіл үйренуші студент тілдік бірліктерді меңгере отырып, қатысымға түсіп, сөйлеуге дағдыланады. Әрине, сабақ бір ғана ойыннан немесе бір ғана әдістен тұрмайды. Сабақты түрлендіріп, студентті жалықтырмайтындай, керісінше

олардың қызығушылығын арттыру, тілге деген сүйіспеншілігін ояту - бұл әрине, оқытушының ізденуін, әдістемені терең меңгеруін, әркез жаңашыл болуын талап етеді. Осы орайда, Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының «Қай әдіс жақсы?» мақаласында: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай», - деп айтқаны оқытушының тек білімді болып қана қоймай, шебер әдіскер болуына шақырады. [5.32]. Әрине, шеберлік бірден келе қоймайды, ол үлкен ізденістің, еңбектің жемісі.

Қазір техниканың жан-жақты даму заманында сабақта техникалық құралдарды қолдану, әсіресе интерактивті тақтаны қолдану, компьютерлік сабақтар өткізу, бейне таспаларды қолдану да қатысымдық әдістің бір тармағына жатады. Дегенмен, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы мақсат – сөйлеу іскерлігін қалыптастыру, яғни қатысымға шақыру. Оқыту үрдісінде оқытушы сөйлесу жағдаяттарын тіл үйренушінің өміріне жақын, дүниетанымына таныс, оның аксиологиялық құндылықтарына сәйкес, жеке тұлға ретінде ортамен қарым-қатынасын әр түрлі жақтан аша алатындай мазмұнда берілгені дұрыс. Ұсынатын тақырыптардың мақсаты тіл үйренушіге айқын және жақын болуы тиіс. Оқытушы сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін, сөйлеу мақсаттарының түрлері мен тілде оны жеткізуге бейімделген тіл бірліктерінің жүйесін білгені дұрыс. Олар: уәде беру, дәлелдеу, рұқсат ету, мақұлдау, кешіру, болжау, ескерту, дәлелдеу, бас тарту, қарсы шығу, келісу т.б. Тіл үйренуші студентке сөйлеу мақсаты айқын болса, ол өз сөзінің стратегиясын анықтайды. Мысалы, тапсырма. Қазіргі таңда қандай мамандық өте қажет деп ойлайсың? Өз ойыңды дәлелде. Пікірлер әр түрлі болады. Алайда әр сөйлеуші өз ойын дәлелдеуге тырысады. Сөйлеуші өз сөйлеу стратегиясын, өз ойын дәлелдеуге құрады. Дәлелдеу – сөйлеудің негізгі мақсаты болады. Тапсырма. Сіз шетелге оқуға бара жатырсыз. Өз қалаңыз туралы ақпарат беру үшін өзіңізбен бірге нені алып барар едіңіз?

Тапсырма. Сізге «Жыл оқытушысын» анықтау үшін сауалнама сұрақтарын құрастыру тапсырылды. Алғашқы 5 сұрақты қалай берер едіңіз? Бұл тапсырма студенттің пәнге, оқытушыға деген қарым-қатынасын анықтауға мүмкіндік береді.

Тіл үйренушінің, студенттің өзіне, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын көрсететін осындай мазмұндағы тапсырмалар, жаттығу жұмыстары ретінде емес, уәждеме туғызушы сөйлеу актісі ретінде қолданады. Сөйлеу жаттығулары тіл үйренушіні табиғи сөйлеуге шығарып, уәж, психологиялық қозғау туғызуы қажет. Сонымен қатар тапсырма мазмұнында тіл үйренушінің, студенттің қажеттілігі мен қызығушылығын ескеріп отыру қажет. Ол студенттің белсенділігін арттырады. Қандай да болмасын тілді оқу, тану екі жақты сипатта болатыны белгілі. Біріншіден, оқылатын тілдің құрылымы, яғни оның фонетикалық ерекшеліктері, лексикалық құрамы, грамматикалық категориялары. Екіншіден, тілді оқу – оны үйренумен байланысты болады. Бірінші жағдайда тілді танушы сол тілдің жүйесімен танысса, екінші жағдайда ол сол тілде өз ойын білдіруді, сөйлеуді үйренеді. Осы жайтты қатысымдық әдіс мақсатқа ала отырып, лексикалық тақырып пен грамматиканы байланыстырып отырады.

Бұл технология басқа да технологиялар сияқты өзінің жағымды және жағымсыз тараптарға ие. Оның тиімділігі:

- студенттердің логикалық ойлау қабілетін арттырады;
- оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады;
- оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді;
- оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді;
- қорытынды жасауға және өзіне-өзі баға беруді қамтамасыз етеді.

Оқытушының негізгі мақсаты – тіл үйренушіні сөйлеуге үйрету, сөйлеу дағдысын қалыптастыру, тіл мәдениетін көтеру. Студенттерді сөйлеуге, өз ойын басқаға түсіндіре алатын, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу. Педагогика саласындағы жаңа типтегі сабақ бағдарламаларында көрініс тапқан проблемалық оқыту әдісі кәсіби тұлғаның қалыптасуындағы біліктілік компоненттерінің негізін құрайтын жаңашылдыққа құрылған озық әдістердің бірі деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, А., 1961ж.
2. Мухамадиева. Н.Қ. Қазақ тілі әдістемелік нұсқау. Алматы, 2006ж
3. Махмутов И.М. «Проблемное обучение» М, Педагогика, 1975ж
4. Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. Өскемен, 2005ж.
5. Оразбаева. Ф.Ш. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 2005ж

БУЫН ЖІГІНДЕГІ ҮНЕМДЕУ ҚҰБЫЛЫСЫ

Ақдаулетова Ж.А.

*Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы, филология магистрі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

Түркі түбірлерінің даму эволюциясын зертеушілердің пікірінше, түбірлердің қосымшамен жымдасып, біртұтас тұлғаға айналуы жиі кездеседі. Тіліміздегі байырғы түбірлерге қатысты, бұл құбылыстың түзілуіне басқа заңдылықтар сияқты үнемдеу заңдылығының да белгілі бір дәрежеде ықпалы бар. Осыған байланысты аталған заңдылықтың түбір тұлғасына тигізетін ықпалын позициялық тұрғыдан сөз басындағы, сөз ортасындағы және сөз арасындағы, сөз соңындағы деп жіктеу қалыптасқан.

Түбір құрамындағы дыбыстардың түсірілуі сөз басында, ортасында, соңында ықшамдалып, үнемдеу заңының орындалуына негіз болады. Бір сөздің өн бойындағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың түсірілуімен қатар, буындардың да ықшамдалу құбылысы байырғы түбірлерде де, қазіргі тілдік бірліктерден де көрінеді. Буындардың ықшамдалып, қолданылуы тіл білімінде гаплогия терминінің аясында қарастырылады. Буындардың ықшамдалуы жалпы алғанда 1) түбір құрамындағы буындардың ықшамдалуы, 2) қосымша морфемалы бір сөздің құрамындағы буындардың ықшамдалуы, 3) құрамы күрделі тілдік бірліктердің құрамындағы буындардың ықшамдалуы, 4) сөз аралығындағы ұқсас буындардың ықшамдалуы деп бөлуге болады.

Қазақ тіл білімінде гаплогия құбылысын фонетиканы зерттеуші ғалымдардың барлығы да анықтама беріп, тіліміздегі көрінісі жайлы сөз еткен. С.Мырзабеков, А.Айғабылов, Г.Айғабылова сынды зерттеушілер гаплогияға қатысты қазақ тіліндегі деректерді жинап, үнемдеу заңында қарастырылатын ұғым ретінде зерделейді. Қазақ тілінде жазған салым, жазғытұрым, кешкітұрым қалыбымен жасалған кешқұрым сөзінде ықшамдалу бар екені байқалады. Бұл *кешкіқұрым* сөзінде –*кі* морфемасы ықшамдалып қалған. Бұл тұлғаның ықшамдалуы –*кі* морфемасы мен сөздің екінші компонентінің *қ*-дан басталуы себеп болып тұр. Айтылуда *кешк(і)құрым* болып қысаң *ы* дыбысының түсуі арқылы сөз ара жігіндегі дауысты дыбыс түсірілсе, келесі процесс *к* дыбысының *қ* дыбысының алдында жұтылуына алып келеді. Себебі *к* жіңішке қатаң дыбысқа қарағанда *қ* дыбысының физикалық күші жоғары болғандықтан *к* дыбысы айтылуда әлсіздік танытады. Осыдан келіп –*кі* буынының ықшамдалуы пайда болады. Г.Айғабылованың пікірінше кешқұрым сөзінің толық тұлғасы кешкетұрым болуы керек деп есептейді [1, 66]. *Кешкіқұрым* – *кешкітұрым* сөздеріндегі *қ*-т дыбыстарының алмасуын Е.Жанпейісов тілдің терең қатпарларынан іздейді [2, 106-107].

Тілімізде *қ-т*, *к-т* дыбыс алмасулары кездесетінін тілдік деректер дәлелдей түседі: *көкейкесті* – *көкейтесті* т.б. Әрине, мұндай дыбыс алмасуларының тілімізде аз сөздерде кездесуі бұл алмасулардың үнемі жүрмегендігінің көрінісі.

Сонымен қатар мен шылауының *-менен*, *-пенен*, *-бенен* тұлғаларының да ықшамдалғаны байқалады. Біздің ойымызша *менен*, *пенен*, *бенен* шылауларының бастапқыда *-мен+ен*, *-пен+ен*, *-бен+ен* болуы екі көмектестік мәнді беретін мен шылауы және көне түркі тілінен қалған қалдық бірлән шылауының қатар қолданылуынан осында

құранды көмектес септіктің қосымшасы пайда болса керек. Уақыт өткен сайын үнемдеуге ұшырап, *-мен, -пен, -бен* тұлғасы қалыптасқан.

Демек, *-менен, -пенен, -бенен* көмектес септігінің морфемасы сөйлеу кезінде үнемдеуге ұшырап, әдеби нормасы *-мен, -пен, -бен* болып қалыптасқан.

Алайда осылайша түбір сөздердің құрамындағы буындардың ықшамдалуы өте сирек кездеседі. Кездескен жағдайда тілдің тарихына жүгінуге тура келеді.

Жауқазын – жауһаз, әнеки – әне, кәнеки – кәне, кілең – кіл, қожайын – қожса, қаражат – қаржы, ақпарат – ақпар, тікенек – тікен сөздерінің құрамы қазіргі тіл тұрғысынан ықшамдалып, буындардың түсіріліп айтылуымен сипатталып тұр.

-**ын, -ан**, – буынының ықшамдалуы: *жауһазын – жауһаз, оғұлан – оғұл, т.б.*

- **ки** буынының ықшамдалуы: *әнеки – әне, кәнеки – кәне, мінеки – міне, т.б.*

- **ең** буынының ықшамдалуы: *кілең – кіл т.б.*

- **йын** буынының ықшамдалуы: *қожайын – қожса, ағаңдайын – ағаңдай, т.б.*

Түбір құрамындағы дыбыстар мен буындардың ықшамдалуының тарихи сипатын Б.Сағындықұлы монографиясындағы үнемдеу заңына арналған зерттеу мақаласында жан-жақты зерттелген. *Сув* сөзі негіз болған бірнеше лексемаларды жинақтап, олардың тұлғасы мен мағыналарына, тілдік өзгерістеріне талдау жасайды. Ғалымның өзі «тағдыры тіпті күрделі» деп қарайтын сөздердің ғасырлар бойғы тіпті көне дәуірлердегі даму эволюциясына барады. Үнемдеуде тек қана дыбыстар емес, буындардың, сөздердің, тіпті сөйлемнің де ықшамдалатыны тарихи тұрғыдан этимологиялық талдау арқылы анықталады. Жоғарыда келтірілген *субалық, субалақ, субалшық, собалақ, сүмелек, сүмек*, сөздерінің көне түбірі *суб* деп танып, құрамында *су* қатысқандығын дәлелдейтін тұлға *су* қысқару арқылы *балық, балақ, балшық, мелек* деген сөздер пайда болғандығын көреміз. Бұл сөздер қазіргі тілімізде көне түбірлерден ықшамдалып, жаңа атау қалыптастырған. *Балық, балақ, мелек* деген тұлғалардың, морфемалардың құрамындағы *-алақ* тұлғасы қандай морфема және қандай мағына береді деген сұраққа да зерттеушілер өз жауаптарын берген. Ал, алақ, алақан, алақай, ул, улақ сөздерінде мағыналық тізбектің бір ұшымен жалғасатынын автор өз зерттеуінде толық талдау жасап, айтып кетеді [3, 76].

Қорытындылай келе, сөз құрамындағы буындардың ықшамдалуы дыбыстардың ықшамдалуына қарай өте күрделі процесті басынан өткереді. Себебі, буын дыбыстарға қарағанда құрамы жағынан күрделі және буынның түсіп қалуының өзі жаңа тілдік бірліктің туындауына да алып келетіні байқалды. Қазіргі тіліміздің сипаты тұрғысынан қарайтын болсақ, буындардың түсірілуі тек күрделі тілдік бірліктерде: сөздің түбірі мен қосымша морфемалар жігінде, еркін тіркестердің жігінде, күрделі кіріккен сөздердің жігінде өте жиі көрініс береді. Ал түбір тұрғысынан қарау тілдің тарихын, жүріп өткен жолын түгел қарастырумен, күрделіден қарапайымға, қарапайымнан күрделіге қарай зерттеуді қажет ететін құбылыс.

Әдебиеттер тізімі

1. Айғабылова Г. Қазақ тіліндегі ықшамдалған сөздер мен сөзформалар: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 1995. – 28 б.
2. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. Алматы: Ғылым, 1968. – 208 б.
3. Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер. – Алматы: Санат, 1992. – 175 б.

ТҮБІР СӨЗДЕРДЕГІ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ТҮСІРІЛУІ

Ақдаулетова Ж.А.

*Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы, филология магистрі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

Түбір сөздердің құрамындағы дауыссыздардың түсіріліп, ықшамдалу жағдайы сөздердің, сөз тұлғалардың пайда болу, қалыптасу жолдары түрліше болып келеді. Тек қана

түбір емес, жалпы сөздердің өн бойында жүретін ықшамдалу жағдайындағы құбылыстарды *редукция, синкопа, дегеминация, гаплоглогия, апокопа, прокопа* секілді бөлуге болады.

Қазақ тіліндегі ықшамдалған сөздер мен сөзформалар жөнінде зерттеген ғалым Г.Айғабылова жалпы ықшамдалуды сөз басындағы ықшамдалу, сөз ішіндегі ықшамдалу, сөз соңындағы ықшамдалу деп үш топқа бөліп қарастыруды ұсынады [1, 27].

Сөз басындағы дауыссыз, дауысты дыбыстардың түсіріліп айтылуы лингвистикада прокопа деген терминмен анықталады. Сөздің акценттік-фонетикалық процесінің нәтижесінде басқы дыбыстың түсіріліп айтылуы – *прокопа* деп аталады. Түбір сөз немесе күрделі сөздің де бір компонентінің бойындағы бастапқы дыбыстардың ықшамдалуы дауысты және дауыссыз дыбыстардың түсіріліп айтылуымен сипатталады. Сөз басындағы дауысты дыбыстардың түсіріліп айтылуына, әдетте, сөйлеуде анық, айқын естілмейтін қысаң дауысты дыбыстардың түсірілуі жатады. *Ізерле - зертте, ішек сілесі қатты - шек сілесі қатты, иш етік (мәсі) - шетік, ішек-қарын – шек-қарын, ысыр-сырғыт, өшіред (ор.очередь) – шірет, абайла – байқа т.б.* деген мысалдар сөз басындағы дауысты дыбыстардың түсіріліп айтылуын айқындайтын деректер, ал сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың түсірілуі дауысты дыбыстардың түсірілуіне қарағанда жиі кездеседі. Қазақ тілінде *б, қ, к, н, с, ш* дыбыстары сөз басында жиі түседі. Мысалы: *бақыр – ақыр, қадым – адым, қорқ – үрік, қышқыр – ысқыр, қазір - әзір, нажағай – ажағай, некен саяқ – екен саяқ, сызылу – ызылу, шылғый – ылғый т.б.*

Қазақ тілінде түбір сөздер, олардың құрамындағы, әсіресе, сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың түсіріліп айтылу жағдайы сөз бола бермейді. Себебі, қазіргі қазақ тілі тұрғысынан тіліміздегі кірме сөздердің өзі тарихи жағынан көп уақытты алып жатқан өзге тілдің тілдік бірліктері де төл тілімізде ажырамастай сипатта көрінеді. Ғалымдар зерттеулерінде сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың түсіріліп айтылуында *Файша – Айша, Ғали – Әли (Уәли), Ғанипа – Әнипа* секілді араб тілінің әсерінен, парсы тілден енген жекелеген сөздердің құрамындағы дыбыстық өзгерістермен шектелуші еді. Негізінен, түбір сөздердің құрамындағы ықшамдалу жайлы, оның ішінде сөз басындағы ықшамдалу жайлы айтылған пікірлердің аз болуы қазақ (түркі) тіліндегі түбір жайлы пікірлердің біріншіден, әртүрлілігінде, екіншіден түбір сөздердің тілдің ұзақ дамуындағы эволюциялық дамуының өте қарқынды дамуымен байланысты.

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі де агглютиантивті тілдер қатарына жатуы оның сөз басында міндетті түрде түбірдің тұруымен сипатталады. Сөз басында түбір сөз тұрып, қалған аффикстер оның соңына жалғануы біздің санамызда барлық уақытта өзгермес түбірдің тұратыны жайлы ұғым қалыптастырған. Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде түркі сөздерінің құрамындағы түрлі тілдік өзгерістердің сөз мағынасын өзгертуге және сөз мағынасын өзгертпей-ақ жай ғана варианттар, сингармониялық варианттар туғызатынын Э.В.Севортянның сөздік түзуінен байқауға болады. Сонымен қатар қазақ (түркі) тілдеріндегі түбір және негіз сөздердің (бір буынды) құрылымын қарастырып, зерттеген Ә.Қайдаровтың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» атты еңбегінде де өте жақсы сөз болады. Жоғарыда байырғы түбірлердің ықшамдалуы жайлы жазылған тараушада да қазақ (түркі) түбірі туралы айтылған пікірлерді де осы тараушамыздың ғылыми негізін айқындауға көп үлесі тиер еді. Сол секілді түбір сөздердің ықшамдалуы жайлы Б.Сағындықұлының, Е.Қажыбековтің, А.Айғабыловтың, Г.Айғабылованың, Г.Төлекованың арнайы зерттеулерімен қоса, ішінара А.Салқынбайдың, Ұ.Исабекованың еңбектерінде сөз болады.

Сөз басындағы дыбыстық өзгерістерді екі түрлі жағдайда қарастыруға болады: біріншісі сөз басындағы ұлғаюлар, екіншісі сөз басындағы ықшамдалулар.

Сондай-ақ, ғалым Г.Айғабылова *ырас, ырахмет, ыразы, ылайық, ылаж, ылай* деген сөздердің *рас, рахмет, разы, лайық, лаж, лай* деп жазу тіліміздегі сөздердің ықшамдалуы емес, ықшамдап таңбалау ғана деп түсіндіреді [1, 29]. Демек, тілші мұндай тілдік бірліктерді ықшамдалған тілдік бірліктер қатарына жатқызбайды. Бұл тілдің табиғи көрінісі осындай болуы керек деп есептейді, ал *ы* дыбысынсыз жазылған сөздерді тек жазуға ғана тән деп

көрсетіп, оны морфонологиялық құбылыс деп қарастырмайды. Бұл мысалдарда сөз басындағы дауысты дыбыстардың түсіп қалуы көрініс тапқан.

Төл тіліміздің сөздік құрамында кездесетін *з* дыбысының түсуі спонтанды өзгеріс деп танылып, оған *Файша – Айша, Фали – Қали – Әли, Фабдулла – Әбділдә* деген мысалдар келтіріледі. Дауыссыз *з* дыбысының сөз басында ықшамдалып келуі тек кісі есімдерінде ғана кездеспейді. *Ғұмыр – өмір, гаділет – әділет, гашық – ашық/асық, гайбат – айбат, газап – азап* секілді сөздер осы айтқан сөзіміздің дәлелі. Себебі қазақ тілінде бұрын-соңды *з, з* дыбыстарынан басталатын сөздер болмаған. Бұл ислам дінінің келуімен түркі тілдеріне енген сөздер арқылы тілімізге де осы дыбыс еніп отыр.

Сөз басындағы *з* дыбысының түсуінде бұл дыбыстан кейін негізінен сөздерде *з* дыбысынан кейін ашық а дауысты дыбысы келіп, олар қазақ тіліне енгенде а дыбысының қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгеріске ұшырап отырған. Мысалы, дауысты а дыбысының ә дыбысына алмасуы – *гаділет – әділет, Фали – Әли, Фабдулла – Әбділдә*; Дауысты а дыбысының өзін сақтап қалуы – *Файша – Айша, гашық – ашық/асық, гайбат – айбат, газап – азап*.

Дауысты *а* дыбысының *ә* дыбысына алмасуы – *гаділет – әділет, Фали – Әли, Фабдулла – Әбділдә*;

Дауысты *а* дыбысының өзін сақтап қалуы – *Файша – Айша, гашық – ашық/асық, гайбат – айбат, газап – азап*.

Дауысты *ұ* дыбысының *ө* дыбысына алмасуы: *ғұмыр – өмір* т.б.

Дауыссыз *ғ* дыбысының кірмелігі жөнінде айтылып өткендіктен, бұл сөздерді де төл сөздеріміз емес екендігі белгілі.

Дауыссыз *б* дыбысының сатылап емес, алғашқы дамуға түскен сәттен-ақ ықшамдалуға ұшыраған жағдайлары да кездеседі. Оған дәлел ретінде *бақыр – ақыр, бадырай – адырай/одырай/ едірей, бажырай – ажырай, бедірей – едірей, былжыра – ылжыра, былбыра – ылбыра* секілді сөздердің, дәлірек айтқанда одағайлардың құрамында *б* дыбысының ықшамдалуы кездеседі. Бұл құбылысты да Г.Айғабылова ықшамдалу құбылысына жатқызамыз ба жоқ па деген сұрақты алға тартады [1, 31]. Біздің түсінігімізде, бұл ықшамдалу құбылысына жатады. Тек *б* дыбысының ықшамдалуы деп айтуға келмейді. *Б* дыбысының түсіріліп қалғанын бол және ол деген сөздер арқылы түсіндірсек, айқын көрініп тұр. Бірақ оның қандай жолдармен ықшамдалғанын талдау кезінде одан да айқынырақ құбылыстардың болғанын байқауға болады. Бұл сөздің этимологиялық даму ерекшеліктерін талдау кезінде нақты көрініс табады.

Дауыссыз *б* дыбысының сатылап емес, алғашқы дамуға түскен сәттен-ақ ықшамдалуға ұшыраған жағдайлары да кездеседі. Оған дәлел ретінде *бақыр – ақыр, бадырай – адырай/одырай/ едірей, бажырай – ажырай, бедірей – едірей, былжыра – ылжыра, былбыра – ылбыра* секілді сөздердің, дәлірек айтқанда одағайлардың құрамында *б* дыбысының ықшамдалуы кездеседі. Сөздердің мағыналарына талдау жасасақ, бақыру да, ақыру да қатты дыбыс шығарумен сипатталады. Тіпті қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде:

Ақыр 1. Бақыру. 2. Жекіру, ұрсу [2, 35].

Бақыр 1. Адамның, жан-жануарлардың қатты дыбыс шығаруы. 2. Дауыс көтеріп ұрсу, жеку. 3. Ойбай салып жылау [2, 103].

Екі сөздің де мағына жағынан да, берілген анықтамалары жағынан да ұқсастықтары кездеседі. Мысалы, ақыру сөзінде ұрсу, жекіру мағыналары мен Бақыр сөзіне берілген анықтамада да ұрсу, жеку мағыналары бар. Бұл осы сөздің беретін мағыналарында ортақтықтың барлығын көрсетеді. Ендігі мәселе осы сөздің ықшамдалуында болып тұр.

Парша-парша – арса-арса, парылда – арылда, пысқыру – ысқыру, пысыл – ысыл, пысынау – ысынау;

Парша-паршасының шығуы мен *арса-арсасының* шығуы арасында тұлғалық, мағыналық жақындық бар. Екеуінде де белгілі бір объектінің жұлым-жұлым болып, тарам-тарам болуы мағынасы байқалады. Бұл сөздегі *п* прокопасы туралы талдау да жоғарыдағы *б* прокопасының талдану жүйесімен сәйкес келеді. Сол секілді парылда мен арылда сөздерінің

де мағыналық айырмашылығы болғанмен, дыбыстың шығарылуындағы, яғни пойыздың парылдап түгін шығаруымен арылдап әрі қарай сапар шегу образы көз алдымызға келеді. Екі лексеманың генетикалық байланысы осыдан байқалады.

Пысқыру – ысқыру – осқырыну сөздерінде де *n* дыбысы прокопалық қызмет атқарып тұр. Малдың, аттың пысқырынуы мен осқырынуы, ысқырумен салыстырғанда азғана мағыналық айырмашылық болмас, үшеуінде де дыбыс шығарудың тездігі, табан астында қимылдың жүзеге асуы мағыналары сақталған.

Пысынау мен ысынау сөздерінің мағыналық байланысы айтпаса да түсінікті. Бұл сөздердің тұлғаларын былай қойғанда мағыналарындағы ұқсастық – Күн ыстық болғанда адамның пысынауымен, заттың қатты ширатылып, пысық болуымен, егер де сымды қатты ширатып, бұрасақ, оның ширатылған жерінің ыстық физикалық күйге түскенін байқаймыз. Міне, осы дәлелдемелердің барлығы пысынау мен ыстық сөздерінің мағыналас, мәндес екенін білдіреді. Ал енді пысынау сөзіндегі *n* прокопасының түсіп қалуы бол – ол сөздеріндегі секілді сатылап емес, тікелей орындалып отыр.

Сөздің басында кездесетін *q* прокопасы қазақ тілінде аса көп кездесе қоймайды. Кездескен жағдайда бұл лексемаларды түркітанудағы зерттеулермен қабыстырып, тілдің тарихи дамуы арқылы талдауға болады. *Қора – ора, қорық – үрік, қаңыра – аңыра, қадым – адым, қазір – әзір, қажет – әжет, қалжырау – әлсіреу, қодыраңдау – одыраңдау, қожыраю – ожыраю т.б.*

Г.Айғабылованың айтуы бойынша, қора және ора сөздерінің екі сөз таптарына жатқанына қарамастан мағыналары алыс емес. Қора мен ора сөздерінің мағыналары тіпті жақын. Ал қорық пен үрік сөздерінің стильдік айырмашылықтары мал мен адамға қатысты айтылатыны болмаса, басқа семантикалық өзгешелік байқалмайды [1, 33].

Сонымен қатар ықшамдалу құбылысын зерттеуші ғалымның қаңыра – аңыра сөздерінің де мағыналық жақындығы бар, *q* прокопаға ұшырап, түсіп қалған лексемалар қатарына жатқызады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне үңілсек, осы ойдың растығына көз жеткізуге болады.

Қаңыра – иесіз қалу, құлазу [2, 475].

Аңырай – Не істерін білмей аңыру, таңырқау. 2. Қаңырап бос қалу, құлазу. 3. *Аңғал-саңғал, ашық-тесік, үңірейген*[2, 50].

Аңырай сөзінің 2 мағынасы алғашқы қаңыра сөзінің мағынасымен сәйкес келеді. Негізінен, түркі тілдерінде *q* дыбысы тарихи тұрғыдан алып қарағанда өте көп прокопалық өзгеріске ұшырайды. Осы тараушада қазіргі қазақ тілі тұрғысынан алып қарағанда, дыбыстық өзгерістерді талдауда тарихи талдауларға жүгінуге де тура келді. *Құрмет – үрмет.*

Тілімізде *q* прокопасының кездесуі міндетті түрде *k* прокопасының да тілде ұшырайтынын білдіреді. *Кілкілдеу – ілкілдеу/іркілдеу, күлдіреу – үлдіреу, күлбіреу – үлбіреу т.б.*

Дауыссыз *n* дыбысының түсіріліп айтылатын жағдайлары да қазақ тілінде кездеседі. *Недәуір – едәуір, немесе – емесе, немеурін – емеурін, нәмеңгер – әмеңгер* сөздері бұл құбылыстың аз да болса қазақ тілінде кездесетінінің дәлелі. Түркітануда өте ерте замандарда *n* дыбысы сөз басында қолданылмаған деген пікірлерде кездеседі. Сөз басындағы *n* дыбысының түсіріліп айтылып, қолданысқа енуінің бірден бір себебі осы болуы мүмкін. Сөйлеу тілінде не деген кезектес мәнін беретін шылаудың *e* түрінде қолданылатын жайы да бар. Мысалы, *Бұл жұмысқа не сен бар немесе мен барайын // Бұл жұмысқа e сен бар, емесе мен барайын* деген ауызекі тілден алынған мысал осының дәлелі.

Дауыссыз *d* прокопасы да **б** прокопасы секілді одағай сөздерде жиі кездеседі. *Дөңки – өңки, дабдыра – абдыра, дабыр – абыр (сабыр), далба-дұлба – алба-жұлба т.б.*

Осы *d* прокопасын түсіндіру үшін *дөңки – өңки, дабдыра – абдыра* сөздері толық дәлел бола алады. Ал, *дабыр мен абыр-сабыр, далба мен – алба жұлба* тілдік бірліктерінде де дыбыстың түсіріліп айтылуы кездескенмен, бұлар күрделі сөздер аясында қарастырылуы

керек. Күрделі сөздер болғанмен, олардың алғашқы компоненттері түбір ретінде жеке сөз бола алғандықтан осы мысалдарды дәлелдеме ретінде алып отырмыз.

Қазақтың төл сөздерінің құрамында дауыссыз дыбыстың барлық түрлері үнемдеуге бейім тұрады. Әсіресе, екі дауыссыз дыбыс қатар келген жағдайда біреуі түсіп қалу, екі дауыссыз қатар келген жағдайда әлсіздік танытқан дауыссыз дыбыстың түсіп қалуы жиі орын алады. Ықшамдалып, үнемдеу заңына жиі ұшырайтын дауыссыз дыбыстар – үнді дауыссыздары. Себебі бұл дауыссыздар адамзат баласының сөйлеу кезінде физиологиялық жақтан үнемдеуге бейім тұратын, тым көп өзгеріске ұшырайтын дыбыстар. Мысалы, *p* дыбысының өзі –*л* дыбысымен алмасу процесін басынан өткізеді немесе *p* дыбысын айтуға тілі келмеген жағдайда да орнына жұмсала алады. Ал *h*, *h* дыбыстарының біреуі тіл алды болғандықтан *m* дыбысына көбірек айналуы, *h* дыбысының мұрын жолды болғандықтан сөйлеу заңдылықтарына сәйкес түрлі өзгерістерге ұшырауы жиі болып тұрады.

Кейбір етістік құрамындағы *л* дыбысының қосымша жалғанған тұлғасын айту кезінде түсіп қалуы жиі кездеседі. Мысалы, *ал, қал, сал, кел, бол, қыл* етістіктерінің морфемалар жалғанған тұлғаларында сөз ішінде үнемдеуге ұшырайды. Қазақ лингвисті І.Кеңесбаев: «Ауызекі тілде кей уақыт *ал, бол* сияқты етістіктердің соңғы *л* дыбысы түсіп қалып, *алсайшы, болсайшы* деудің орнына *асайшы, босайшы* түрінде айтыла береді», – дейді [3, 249]. Ал С.Аманжолов: «Егер алғашқы буында үнді немесе ұяң дауыссыз дыбысы болса, онда түбірдегі *л* дыбысы түсіп қалады. Мысалы: *аған – алған, амады – алмады*», – деп, ауызекі сөйлеу тілінде осындай тілдік құбылыстардың болатынын айта келіп, тіл тарихында бұл заңдылықтың да алатын орнын белгілеп берген [4, 345].

Қазақ диалектологтары да бұл пікірге үн қосып өз пікірлерін келтіріп жатты. Мысалы, Ш.Сарыбаев *кел, бол* етістіктерінде мұндай құбылыстың болмайтынын айта келіп, С.Аманжоловтың пікіріне қарсы шықты. Бірақ Ш.Сарыбаев келтірген мысалдарда да *л* дыбысының түсіріліп қалатын жағдайы кездеседі: *кемеді, бомады* [5, 32] Бүкіл етістіктерді қарап, зерделеп, тағы да осындай *л* дыбысы үнемдеуге ұшырайтын етістіктерді іздестіргенімізде осы алты етістік құрамындағы *л* дыбысы ғана өзгеріске ұшырайтындығына көз жеткізуге болады. Ғалым С.Мырзабековте *л* дыбысы түсетін етістіктерге статистикалық талдау жасағанда осы алты етістікті атаған болатын [6, 15]. Бұл етістіктердің құрамының ықшамдалу жағдайы түркі тілдерінің біразында кездеседі. *л* дыбысының түсіп қалуы –*ма* болымсыз етістік қосымшасы жалғанғанда байқалады. Сонымен бірге –*ма* болымсыз етістік қосымшасы жалғанбай болымды күйде де осы құбылыс байқалады: *кесейші, кемесейші, босайшы, бомасайшы т.б.*

Қазақ тіл білімінде қопарыла септелу деген септелу түрі кездеседі. Септелудің бұл түрі есімдіктердің, жіктеу есімдіктерінің, түбір құрамындағы *л* дыбысының түсіп қалуымен түсіндіріледі. Мысалы, атау септігінде ол, сол, бұл деген есімдіктердің өзге септіктерде: ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде түсіп қалады.

Ықшамдалудың бұл түрін сызба түрінде былай түсіндіруге болады:

Атау	ол	сол	бұл
Ілік	оның	соның	бұның
Барыс	оған	соған	бұған
Табыс	оны	соны	бұны
Жатыс	онда	сонда	бұнда
Шығыс	одан	содан	бұдан
Көм.	онымен (омен)	сонымен (сомен)	бұнымен (бұмен)

Сонымен қатар күрделі сөздер құрамындағы бүгін сөзінде де *л* дыбысының ықшамдалуы кездеседі. Бұл күн деген екі сөздің тіркесіп, кірігуінде *л* дыбысы ықшамдалады. Бұған қоса *соғұрлым, оғұрлы, бұғұрлы, о баста, со баста, әу баста, о кезде, со кезде* деген тіркесімдерде де сөз аралығында *л* дыбысының түсіп қалу жағдайы кездеседі.

Дауыссыз *p* дыбысының тұрақсыздығы туралы Н.К.Дмитриевтің еңбектерінде, Ә.Нұрмағамбетовтің мақалаларында айтылып жүр. *Беркіну, жоңырышқа* деген бірді екілі сөздерде ықшамалу кездеседі. Бірақ ғалымдар беркіну сөзін берік деген түбірден таратып

жүр. Ал *бекі* сөзінің түбірі *беку*, *мық+ты* болуы әбден ықтимал. Ал *жоңыришқа* сөзіндегі *р* дыбысының таза морфонологиялық құбылыс екені анық.

Дауыссыз **й** дауыссызының түбір құрамында түсіріліп айтылуы да түркі сөздеріне тән құбылыс. *Моншақ* сөзінің түбірі *мойын* деген сөзден шыққан. *Мойынға тағылатын әшекей заттың мойынишақ* аталуы, қолданыла келе, моншақ тұлғасының пайда болуы **й** дыбысының ықшамдалуына алып келген. *Йен дала – ен дала*, *иесіз – есіз* деген мысалдар да осы құбылыстың тілімізде бар екенін дәлелдей түседі. Бұл құбылыстың екеуі де көркем шығармалар тілінде, яғни жазба тілімізде қолданылып жүрген сөздер. «Ен далада жайылып жүрген киіктер бірдеңеден үріккендей болды. Иесіз далада айналасын қар көмкерген жалғыз үй тұр» деген сөйлемдер О.Бөкейдің шығармаларында қолданылып, жазба әдебиетіміздің тілінде қолданылғанын байқауға болады.

Буырқану – бұрқану, *буалдыр – бұлдыр*, *буылтық – бұлтық*, *уыста – ұста* деген сөздердің пракопалық құбылыс арқылы ықшамдалған сөздер деп Г.Айғабылова қарастырған.

ң дыбысының прокопасы *шұңқыр – шұқыр*, *діңкілдеу – дікілдеу*, *шыңқылдау – шықылдау* т. мысалдар арқылы түсіндіруге болады.

Сөз ішіндегі пракопалық құбылыста **қ**, **к** қатаң дыбыстарының ұянданып, ықшамдалуға ұшырап жататын жайы кездеседі. Б.Сағындықұлы *қ*, *к*, *ғ*, *г*, *һ* дыбыстарының түсіріліп айтылуы жөнінде мынадай ой айтады: «Уақыт өте келе адам организмінің табиғи өзгеруі, тіл арты дауыстылары мен дауыссыздарының тіл алдына қарай жылжуы гуттурал дыбыстарды ығыстырады, бұл процесс келешекте де жалғаса береді» [7,75]. Дыбыстардың ықшамдалуы жергілікті тіл ерекшеліктерінде молынан кездесетінін С.Омарбеков еңбектерінде сөз болады: «...бұл құбылысты қыпшақ тілдерінен, соның ішінде біздің тілімізден де анық байқаймыз» [8, 185]. Диалектолог ғалым оңтүстік өңірлерде *құман*, *шаңырақ*, *сурет*, *ештеңе*, *ие*, *біз*, *ер* деген сөздерді *құмған*, *шаңғырақ*, *сүгірет*, *ештеңке*, *бірдеңке*, *еге*, *бігіз*, *егар*, *кигіз* деп айту кездеседі. Бірақ бұл тілдің тарихи кезеңдерінде сөз арасында *ғ*, *г* дыбыстарының кездескені белгілі. Ал қазір бұл қоғамның сауаттылығынан әдеби тілмен сөйлеуге деген ұмтылысынан *құман*, *сурет*, *біз* деп айту қалыптасқан. Десек те, толық әдеби тілде айтылады деп айту қиын. Бірақ жергілікті тіл ерекшеліктерінде, сөйлеу тілінде *ғ*, *г* дыбыстарымен сөйлеу фактілері де бар.

Геминация – қазақ тілінде басқа түркі тілімен салыстырғанда аз мөлшерде кездесетін құбылыс. Қазақ тілінде дегеминация құбылысы онша көп кездеспейді. Өзге тілдерден енген кірме сөздердің *махаббат*, *мүдде*, *Мұхаммед*, *ләззат* секілді сөздердің қос дауыссыздарының біреуі түсіп қалады. Сол себепті ол сөзде ықшамдалу процесі жүреді. Осы ықшамдалу берілген сөздердің *махабат*, *мүде*, *Мұхамед*, *ләзат* деген тұлғада айтылуын көздейді. Қазақтың төл сөздерінде де дегеминация құбылысы кездеседі. Бұл *құттықта* Г.Айғабылованың дәйектері бойынша, *аттас – адас*, *тұттық – тұтық* деген мысалдар осының дәлелі.

Әдебиеттер тізімі

1. Айғабылова Г. Қазақ тіліндегі ықшамдалған сөздер мен сөзформалар: филол. ғыл. канд. дисс.автореф. – Алматы, 1995. – 28 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 358 б.
3. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – А: Мектеп, 1975. – 304 б.
4. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – А.: КГосучпедгиз, 1959. – 452 с.
5. Сарыбаев Ш.Ш. О неустойчивом положении сонорного л в казахских говорах. Местные особенности в казахском языке. – А: Н., 1973. – 150 с.
6. Ахмадиева Э. Қазақ тіліндегі үнемдеу заңының көріністері. – Алматы: ҚазҰУ-нің Хабаршысы, №2 (132), 2011. – 78-85 б
7. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – А: Санат, 1994. – 167 б
8. Омарбеков С., Жүнісов Н., Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – А: Мектеп, 1985. – 208 б.

Ә. БӨКЕЙХАНОВ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Алтыбаева А.Б.

*Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі
Сакинова М.*

*Тарих және құқық факультетінің I курс студенті
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

Әлихан Бөкейханов. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866—1937) — XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы 1866 жылы 25 наурызда бұрынғы Семей облысы, Қарқалы уезі, Тоқырауын болысының 7- ауылында дүниеге келген. Әлихан Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ата тегі: Бөкей – Батыр – Мырзатай – Нұрмұхамед – Әлихан. Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886-1890 жылдар аралығында Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1890-1894 жылдар аралығында Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқиды. Мұнда ол студенттік қызу пікірталастарға қатысып, XX ғасырдың босағасын аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шыңдай түсті.

Ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Сұлтан Барақ. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей осы Сұлтан Барақтың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед.

Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдадан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады.

Бұдан кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, оны да «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығады. Осыдан кейін он алты жасар Әлихан 1888 жылы Омбы техникалық училищесіне қабылданады. Төрт жыл бойы үздік оқыған алғыр шәкіртіне риза болған мүмкіндік жасайды.

Сөйтіп ол жиырма жасында Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, 1894 ж. Ресей империясының елордасы Санкт-Петербургға барып, Орман шаруашылығы институтының экономика факультетіне түседі. Ол мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды.

Оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда Ә. Бөкейханов Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады.

«Народная свобода» (Халық бостандығы) партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын

ұйымдастырады. Әлиханнның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шындалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді.

1905 ж. бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген. Қарқаралыда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы өткен қозғалысқа қатысып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болған.

1905 ж. Әлихан Бөкейханов Семей облысы қазақтарының атынан 1-ші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды. Бірақ ол 1-ші Мемлекеттік дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені Ә.Н. Бөкейханов өз жұмысын бастаған кезде Дала өлкесі генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз, 3 ай Павлодар абақтысында отырды. Ал абақтыдан шығып Санкт-Петербургға жеткенде, Дума патшаның үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін сол кездің Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді. Ә.Н. Бөкейханов да солардың артынан аттанып Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін жазаға тартылып, Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды. 1906 жылы Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омич» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 жылы Санкт-Петербурда жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» гәзеттерінде редакторлық қызмет атқарды.

1909-17 жж. «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде жұмыс істеді.

1911-14 «Қазақ» гәзетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді.

XX ғ. басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі Бұқар мен Түркістан өлкесіне бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрады. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді. Сондықтан олар, ең алдымен, халықтың сана сезімін оятатын жағдай жасау керек деп білді. Бар күш қуаттарын осы мақсатқа жұмылдырады. Бірақ олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне жандармерия басқармасының жансыздары мүмкіндік бермейді. Солардың көрсетуімен қуғынға түседі, түрмеге қамалады. Бұдан студент кезінде-ақ сенімсіздердің қара тізіміне ілігіп, бақылауда жүрген Әлихан да тыс қалған жоқ, алдымен, Семей түрмесіне қамалып, кейін Самар қаласына жер аударылып, онда тек ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысуға ғана мәжбүр болды. 1916 жылы жер аудару мерзімі бітіп, Самардан Орынборға келген Әлихан бірден қаланың қоғамдық, саяси өміріне араласып кетеді. Қаланың қазақ тұрғындары атынан қалалық думаға сайланады. Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі болды. Ол Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа аутономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір аутономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ аутономиясы құрылмақ болады. Құрылтайдан оралысымен Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917 ж. желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш аутономиясы жарияланып, Ә. Бөкейханов сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы (президенті) болып сайланады.

Ә. Бөкейхановтың қуғын-сүргін кезеңінен 2 жыл алдындағы мен ату жазасының күніндегісі. 1919 ж. большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімнен кейін Ә. Бөкейханов қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнады.

Бірақ, ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 ж. екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Ә. Бөкейханов Мәскеуге жер аударылады, зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылы тамызында қайыра тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен 67 жасында Мәскеуде ату жазасына жазасына кеседі.

1989 жылы мамырдың 14 КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақталды.

Ғылыми әрекеттері XIX ғ. соңында Омбы орман шаруашылығы училищесінде оқытушылық қызмет атқарып, ғылыми жұмыстармен айналысады. Ол 1896 ж. көрнекті ғалымдардың кепілдемесімен Орыс жағрапиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланды. Әлихан «Россия. Жалпы географиялық сипаттама» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18 томына автор ретінде қатынасқан. Ол ғылыми жұмыспен қатар қоғамдық-әлеуметтік саяси қызметтерге де белсене араласа бастайды.

1904 жылы қазақ даласына қоныс аудару қозғалысын даярлап берген Ф.А. Шербина экспедициясының құрамында болды.

1911-14 жж. Ә. Бөкейханов «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4-21 томдарына автор ретінде қатысты.

Ә. Бөкейханов — ғұлама ғалым ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға.

1866[2] ж. наурыздың 5 бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ші ауылында туған. Бұл қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы бұрынғы Қаратал кеңшарының жеріне қарасты, 1992 жылы Ақтоғай аудандық кеңестің шешімімен Ә.Н. Бөкейханов есімі берілді.

Әдебиеттер тізімі

1. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008. ISBN 9965-32-715-7
2. «Алматыкітап баспасы», 2009 ISBN: 978-601-01-0268-2
3. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ғ. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009. ISBN 9965-34-933-9
4. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ МЕН ДІН МӘСЕЛЕСІ

Ахметова Л.С.

*Философия кафедрасының аға оқытушысы, тарих магистрі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің*

Кез келген мемлекеттің тарихы сол елдің халықтың тәуелсіздік жолындағы саяси күресі тарихымен өзектес келеді. Ал саяси күрестің нәтижелі болып, алға қойған мақсаттарын жүзеге асырулуы оны әр тарихи кезеңде басқарған қайраткерлердің еңбегі мен басшылыққа алған саяси және ұлттық руханияты сақтау туралы ойларының құндылығы мен өміршендігіне байланысты. Қазақ халқының азаттық жолындағы күресіне орасан зор үлес қосқан - Алаш қозғалысының өкілдері екені баршамызға мәлім және еш күмән тудырмайды..

Біз қазір "Алаш" дегенде бірден Әлихан Бөкейхановтың бейнесі елестейді. Себебі, ол Алашорда автономиялы үкіметінің тұңғыш төрағасы, сол кездегі Алаш зиялылары сияқты әр саланың білгірі. Ресми түрде атайтын болсақ - ғұлама ғалым, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени-рухани тарихында зор еңбегімен жүректерде өшпестей ойып тұрып, ізін қалдырған ұлы тұлға. Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, «Әлихан Бөкейханов әрқашанда қазақ жүрегінде жеке - дара тұлға болып қала бермек. Нағыз Ә.Бөкейханов дәуірі енді ғана басталып келеді». Шынымен, оның дәуірі енді басталып келеді, өйткені, қазіргі таңда еліміз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, өткенді саралап, төл тарихы мен мәдениеттің қайта жаңғырту үстінде. Соның арқасында, осындай жетістікке жетуге мұрындық болған әйгілі тұлғаларымызды еске алып, жасаған еңбектерің зерделеу болып табылады. Әлихан Бөкейхановтың қазаққа істеген тарихи қызметі еліміздің ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігін алуға себепкер болды. Әлихан Бөкейхановтың саналы ғұмыры мен ұлт мүддесі үшін күресі Ресейдің қазақ даласын отарлау кезеңіне келді. Оның ұлтының нағыз азаматы ретінде жанына батқан мәселелердің бірі-тұған халқының рухани болмысының жағдайы мен болашағы болды. Ұлтының басына төнген қауіпті көрген Әлихан Бөкейханов қазақ ұлты үшін Алаш идеясынан, осы идея ішіндегі бес ұлы нысанадан артық мүдде болуы тиіс емес: жер, оның қазба байлығы, шаруашылық, тіл және дін, білім және ғылым-деп есептеді. Соның ішінде, дінге қатысты ұстанымы бір төбе болып келеді: «қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, ділі үстем болуы керек»-деп мәлімдеді [1]. Әлихан Бөкейхановтың бұл сөзі - әр халықтың ата дінінің өз мемлекетінде барынша дамуына жағдай жасалып, конституциялық бекітілуі керек дегенді білдіреді. Осы мақсатта Ә.Бөкейханұлы өзге Алаш өкілдерімен бірге туған халқының діні мен ділін сақтауға барынша күш-жігерін жұмсады. Өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Осыдан кейін ғана татардан іргесі бөлек қаланған қазақ ұлты туды.

Рухани-адамгершілік салада қазақ қоғамы мен патшалық Ресейдің мүдделері ешқашан да бір арнада тоғысқан емес. Қазақ халқы ерекше діндарлығымен ерекшеленбесе де, мұсылман халқы болып қалыптасты. Сондықтан Ресей қазақ жерін отарлаудың алғашқы кезінен бастап мұсылмандық дәстүрлерді қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне енуіне жол бермеу үшін түрлі айла-шараларды қолданып бақты. Мұсылман дінбасылары, керісінше, ислам дінін қазақ даласына жаюға ұмтылды және патша өкіметінің құйтырқы орыстандыру саясатына деген қарсылық көзқарасын қазақтардың санасына қондыра білді. Мұның біршама дәрежеде сәті де түсті, өйткені қазақтардың көп бөлігі отарлау саясатының негізінде христиан дінінің өздеріне жат екендігін білеп, діни сауаттарын ашу үшін татар молдаларының біліміне жүгінді. Бұл туралы «Қырғыз даласындағы басқару туралы ереже жобасы жөніндегі комиссияның түсіндірме жазбахатында» былай делінген: «Не надо долго ездить по степи, чтобы убедиться не только в сознании киргизами необходимости учения, но даже в существовании у них уже довольно обширного, по своей распространенности, народного татарского обучения. Во всякой волости, а иногда и в аулах, есть учителя, муллы, ходжи, которые при богатых киргизах, как письмоводители, или как духовные лица, обучают киргизских мальчиков татарской грамоте, наставляют их и в религии...». Қазақ даласындағы басқару туралы ережелер жобасын жасаушылар қазақ балаларын оқыту діндарлық рухында, оны басқа халықтардан оқшаулау рухында тәрбиелейтін молдалардың қолында қалып отыр деп жазды.

Патшалық Ресей сауаттандыру уәжін алға тартып, жергілікті халықты орыстандырып, шоқындыруға тырысты. Әрине, христиан миссионерлері жергілікті халықтың орысша сауатын ашуда ағартушылық мақсатты емес, оны тілден, діннен айыру саясатын көздегенің сол кездегі Алаш зиялылары жақсы түсінді және барынша оған жол бермеуге тырысты.

Патша өкіметінің исламға қарсы саясатына өздерінің наразылығын мұсылман дінбасыларының өкілдері бірінші болып білдіре бастады. Осыған байланысты Ә. Бөкейханов былай деп жазды: «1905 жылы отаршыл әкімшілік далада кеңінен таратылған қазақ прокламациясымен алғаш рет танысты. Прокламация авторлары: «Алаш балалары бір кісідей

орыс үкіметінің дінге-исламға қол сұғуына қарсы, қазақ халқын «шаруаларға» айналдыруға, православиелік діни сенімге жүгіндіруіне қарсы көтерілуге шақырды... Прокламацияның осы негізгі идеясы орыстандыру саясатының нақты мысалдарымен өрнектелді» [2].

Дін жолындағы күрес 1905 жылы мейлінше күшейе түсті. 1905 жылы жазылған петицияда «дін және жер мәселелерін қазақтар саяси бостандық мәселелерінен биік қойып отыр»-деп көрсетті Ә. Бөкейханов.

Ә. Бөкейханов осы мәселеге қатысты «Қырғыздар» атты мақаласында Министрлер комитеті төрағасының атына жіберілген Қоянды петициясынан үзінді келтіреді: «Елде халықтың шынайы қажеттіктерін түсінуді еш ойламай бюрократиялық жолмен жасалған Дала ережесін енгізу, заңның орнына өз білгенін істеуге бейім болған билік тарапынан заңды сыйламаушылық, жеке адам құқығын бүгіндей елемеушілік, өмірдің барлық саласына еніп жатқан әкімшілік, зорлық-зомбылық, қырғыздардың рухани және экономикалық мүдделерін елемеушілік, халық бұқарасының надандығын әдейі қолдап отыру -осылардың бәрі халықтың кедейленуіне, оның мәдени өркендеуін тоқыратуға әкеп соқтырды»-деп ашына жазды.

Ә.Бөкейханов пен Ж.Ақбаев 1905 жылғы петицияны жазып, ұйымдастырушылардың бір ғана болып қойған жоқ. Олар ұлт-азаттық қозғалысының тұңғыш тарихнамашысы болды. Осыған орай Ә. Бөкейханов қазақ халқының отаршылдыққа қарсы саяси санасының қалыптасуы себептерін көрсетіп берді, сондай-ақ екі саяси ағымның: ислам діни- саяси ағымының және зайырлы ұлттық-саяси ағымның пайда болуын атап көрсетті. Ә. Бөкейханов діни және зайырлы зиялы қауым ұсынған екі саяси ағымға ғылыми сипаттама бере білді.

Ә. Бөкейханов өзінің еңбектерінде саяси бостандыққа ерекше мән бере отырып, саяси бағыттағы діни ағымдардың қалыптасуына қарсы еместігін атап көрсетеді. Саяси және қоғамдық қайраткер ретінде ол дінді ұстану бостандығына халықтың саяси азаттығынсыз қол жеткізуге болмайды деп есептеді. Бұған Алаш қозғалысының бүкіл құжаттары және Әлихан Бөкейхановтың осы мәселеге қатысты пікірі негіз бола алады.

Сол кездің өзінде-ақ Ә.Бөкейханов қазақ қоғамында екі саяси ағымның пайда болуының тарихи кезеңін белгілеп қана қойған жоқ, ол бұл ағымдардың екі саяси партияның алғышарттары болуы мүмкін деп болжай білді. Мұндай ойды Ә. Бөкейханов 1910 жылы «Қырғыздар» деген мақаласында алға тартты. Ә.Бөкейхановтың діни-саяси бағыт ұстанған түрікшіл, исламшыл партия құрылуы мүмкін деген жорамалы да белгілі дәрежеде шындыққа айналды.Тарихтан білетініміздей, дін бостандығын ту ету арқылы саяси мақсаттар көздеген «Шура-и ислам» атты саяси ұйым 1917 жылы наурыз айының бас кезінде Ташкентте құрылды.

Әлихан Бөкейханұлының тіл мен дінге қатысты идеясы жайында белгілі алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай: "Ол идея бүгін де өзінің мүдделі мақсатын жойған жоқ. Қайта тәуелсіздіктің тамыры тереңге кеткен сайын, алдымызға сұрақ болып шығып отыр», - дейді [3]. Азат халқымыздың ардақты ұлы дін мәселесін өте салмақты түрде саралап, қазақты түзеп имандылыққа шақырды. Ұмыт болуға шақ қалған дінді жандандырды. Ресейдің мұсылманшылыққа жасаған шараларына қарсы болды. Одан шығатын қан төгіссіз жолдарын іздеді. Тіпті құрбан қылып, өзін Ресей үкіметінің жақтасы ретінде кейіп танытуға мәжбүр болды. Кадет партиясына өтті. Ақыры соңында, қойған мақсаттарына жету жолында түркі халықтарының барлық ұлтшыл идеяларын топтастырды. Ә.Бөкейхановтың бір ғана "Қазақ" газетінде жарық көрген: "Қазақтың - Қазақстаннан басқа отаны жоқ. Сондықтан да, қазақ үкіметінің мүшелері қазақ ішінде қалуы тиіс... Бүгін не ексек, ертең соны орамыз" деген мақаласының өзі үлкен сөз етуге тұрарлық [4]. Бұл сөзіне қосарымыз-қазақтың Қазақ даласынан басқа отаны болмаса, қазақтың басын біріктіретін және руханиятын сақтап,алға қарай жетелейтін исламнан басқа діні жоқ дегенді білдіреді.

Жалпы кез - келген саяси қозғалыстың алдына қойылған бірінші мақсаты - мемлекет тәуелсіздігі, дербестігі. Әлихан Бөкейханов та осы мәселені бас етті, ұлтының бостандығы жолында құрбан болды. Бөкейханов идеологиясы мәңгілік ел үстемдігі жолында, ұлтымыз өмір сүруін шексіз жалғастырғанға дейін ұстанатын идея.

Оның кейінгі тағдыры қайғылы жағдаймен аяқталғанына қарамастан, ұлы Алаш қайраткері ұлтының қамын жеген, оның руханияты мен болашағын ойлаған, саяси санасы толыққан, тәуелсіздік идеясын ту еткен қазақ саяси қайраткерлерінің жаңа буынын тәрбиелеп, өзінің асқақ идеяларын соларға аманат етті.

Әдебиеттер тізімі

1. Жамбылов Д. «Әлихан Бөкейханов-шығармалар». «Алаш қозғалысы» баспаханасы, Алматы 2008,37- бет.
2. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы:көп томдық.12-том.Құжаттар мен материалдар жинағы. «Астана полиграфиясы»,Астана2008,7-б.
- 3.Сақабай Т.Қ.Ә.Бөкейхановтың қазақ халқының тарихына қатысты еңбектері// «Жуасов оқулары-14»:республикалық ғылыми –практикалық конференциясының материалдары.2-том:-Қарағанды: «Гласир»,2010-158 бет.
- 4.Тұрсын Жұртбай.Ә.Бөкейхан-тәуелсіздік жаршысы». Қазақ үні газеті/30желтоқсан,2011.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТЕРМИНОЛОГИЯ МЕН ТЕРМИНЖАСАМ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

*Барсақбаева А.Б. филология магистрі, аға оқытушы
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің*

XX ғасырдың бас кезі қазақ терминологиясының қалыптасуындағы айрықша кезең болып табылады. Сол кезге дейін тіліміздің ғылыми-техникалық прогреске икемделіп, терминжасам мәселесі қалыптаса қоймаған, сол себепті бұл қажеттілікті өтеу оңай жұмыс болмады. Қазақ зиялыларының алдына термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, қазақ терминологиясын қалыптастырудың бағыт-бағдарын айқындау міндеті тұрды. Мұндай зор міндетті атқаруда қазақ оқығандырының арасында А.Байтұрсынұлының орны айрықша болды. Ол тіл, әдебиет және жалпы мәдениетке қатысты жүздеген терминдерді жасап, оларды қолданысқа енгізе отырып, өз замандастарына ана тілінде термин жасаудың жарқын үлгісін көрсете білді.

Ең алдымен, А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» өзінен *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп* сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915 жылдары және одан кейін 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл-құрал» оқулықтарында әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты жүздеген терминдердің кездесетіні белгілі. Бұл терминдердің терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

Мұнда ең басты атап өтетін нәрсе – А.Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, терминдер жүйесін жасаған. Ахаң қалыптастырған терминдер жүйесі қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толығы түсуде.

А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігін мойындағаны шындық. Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән ғылыми анықтамасын берген. Мысалы, *«Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз - өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады»* [1,192].

Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы анық көрініп тұр. «Әдебиет танытқыштағы» ғалым қаламынан туындаған біртұтас жүйе құрайтын терминдер оның әдебиеттану ғылымының ғылыми терминологиясын қалыптастырғанын көрсетеді. Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген терминдер жасаған. Олардың қатарында *әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс* сияқты терминдерді жатқызуға болады. Бұлармен қоса А.Байтұрсынұлының тарих, этнография мәселелерімен шұғылданып, осы салалар мен жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасағанын Ахметтанушы ғалымдар айтып жүр. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш кеңінен пайдаланған ғалым. А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның *жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс* т.б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, *жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, алектеніс, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есмідік* тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал *дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем* сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған.

Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (*дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қос сөз* т.б.) жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады.

А.Байтұрсынұлы жоғарыдағы терминдердің орыс тіліндегі аталған қасеиттерін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, сәтті терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып, әбден қалыптасып кеткендігі олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады.

Ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін *аңдау, ауыстыру, әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бернелеу, бүкпелеу, дамыту, кейіптеу, мезгеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру* сияқты әдебиеттану терминдері мен *демеу, жалғау, үстеу, шылау* тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады. Заттық ұғым мен процестік ұғымды ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау Ахаңнан бастау алып, бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлгісіне айналғанын аңғарамыз. Бұл терминдердің қайсыбірі (*ауыстыру, теңеу*) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбіреулері (*лептеу, ойламалдау* т.б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне –у жұрнағын жалғау жолымен жасалынған.

Әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев Ахаңның еңбегіне жазған алғы сөзінде «сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап саралауға мүмкіндік беретін *сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, гұрыптама, қалыптама* деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр» дейді [2,13].

Шындығында да А.Байтұрсынұлы жасаған ондай терминдерді құнттап қолдана білсек, талай терминдеріміз қазақы қалпына түскен болар еді.

Белгілі тілші ғалым Р.Сыздықованың «... жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көпшілігі А.Байтұрсынұлының қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткендігін де айту керек» деген пікірге назар аудартады [3,33].

Академик Ә.Қайдаров термин жасауда «қазақ тілінің байлығын сарқа пайдалана алмадық. Ең басты себеп – замана үрдісі, тіл саясаты мен идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі. Екінші себеп – «еліміздегі ұлт, ұлыс тілдері өздерінің, дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып, орыс тілімен терезесі тең тұра алмайды» деген пікірдің орталықта да, жергілікті мамандар арасында да қалыптасуы. Үшіншіден, терминдік ұғымдардың қайнар көзі орыс тілі болып саналады да, қалған жүздеген тілдердің бәрі тек «қабылдаушы» пассив тілдер болып келеді. Төртінші себеп – ғасырлар бойы өз дәстүрімен еркін дамып келген тілдерді ғылыми-техникалық прогреске икемдеумен шұғылданбағандықтан бірден лап берген терминология тасқынына бұл тілдер төтеп бере алмады. Бесінші себеп – ана тілінің мүмкіншілігін толық ашып, терминология тасқынына қарсы қоярлықтай ұлт кадрлары тоталитарлық үкімет тарапынан кезінде жойылған болатын» деп өте әділ көрсеткен [4,9-10].

Автор көрсеткен себептердің соңғыларының барлығын біз біріншісінен туындаған, яғни сол басты себептің нәтижесі, салдары деп білеміз. Тоталитарлық жүйе қазақ халқын Ахмет Байтұрсынұлы сынды аса білікті ұлттық кадрларынан айырды. Олар бастаған игілікті іс өз деңгейінде жалғасын табуына жол берілмеді, XX ғасыр басында ұлттық негізде іргесі қаланған ғылыми лингвистикалық мектептің шаңырағы шайқалып, бағыт-бағдары өзгертілді.

Егер ондай өктемдікке жол берілмей, термин жасаудағы Ахандар бастаған үрдіс жалғасын тапқанда, орталықта да, жергілікті мамандар арасында да «орыс тілімен терезесі тең бола алмайды» деген пікір қалыптаспаған болар еді. Өйткені қазақ зиялыларының өзгеше пікірде болғаны белгілі. Қазақ тілі «қабылдаушы» пассив тілдер қатарына қосылмас еді. Себебі - А.Байтұрсынұлы барлық тіл мен әдебиет терминдерінің (сондай-ақ, мәдени, саяси, әлеуметтік атаулардың) ғылыми ұғым атауларын ана тілінің негізінде жасағаны соны айғақтайды.

А.Байтұрсынұлы жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға. Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты термин жасауы – ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды.

Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш// А.Байтұрсынов шығармалары. – Алматы,1989.
2. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек// А.Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы,1991.
3. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов// Тіл тағылымы. – Алматы,1992.
4. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993.

ВОПРОСУ ОБ ОЧЕРКАХ А. БУКЕЙХАНА

*Баяхметова А.А., к.ф. н., доцент КГУ им. А.Байтұрсынова, ст.
Әубәкір С., студент 1 курса специальности «Юриспруденция»*

Научное изыскание последних лет характеризуется антропоцентричностью. В лингвистике антропоцентризм проявляется в изучении языка с позиции человека, его потребностей, отношения к языку, использованием языковых средств с учетом стилевой принадлежности. В связи с актуализацией этого подхода особую значимость приобретает очерк. Именно в этом аспекте мы постарались рассмотреть деятельность Алихана Букейхана. В статье речь идет об очерках, где представлена тема переселенцев и злоупотреблений царской администрации в Казахстане. Читаем в словаре С.И. Ожегова: «Очерк – небольшое

литературное произведение, краткое описание жизненных фактов»[1, с.476]. Очерковая литература, как правило, затрагивает проблемы гражданского и нравственного состояния общества. На наш взгляд, если бы историки сегодня не имели других источников, кроме очерковой литературы, то и в этом случае они смогли бы верно представить себе минувшую жизнь, в частности жизнь выдающегося деятеля Алихана Букейхана, лидера передовой казахской интеллигенции начала XX века. Мы знаем его как ученого-энциклопедиста, основоположника казахского краеведения, автора многочисленных исследований по истории, экономике, этнографии, литературе, хозяйству Казахстана, организатора самой популярной в Степном крае газеты «Казах» (1913-1918) и талантливого публициста.

Известно, что публицист – это «Писатель, занимающийся публицистической деятельностью»[1,с.622]. Публицистический стиль речи представляет собой функциональную разновидность литературного языка и широко применяется в различных сферах общественной жизни: газетах, журналах, на телевидении, в публичных политических выступлениях, в деятельности партий и общественных объединений. Публицистика влияет не только на настроение и поведение людей в целях актуализации общественных конфликтов и проблем, но и требует какого-то определенного решения или управления этими людьми. Публицист должен, на наш взгляд, ясно изложить в тексте свою позицию, которая способна затронуть сознание читателя, возбудив в нем определенное желание откликнуться на прочитанное.

Талантливым мастером публицистики на русском языке представлен А. Букейхан. Публицист, одинаково писавший на казахском и русском языках. Его публицистические материалы можно было увидеть на страницах периодической печати таких городов, как Санкт-Петербург, Омск, Самара, Оренбург, Семипалатинск, Москва, Троицк и т. д. Как известно, начало XX века в истории казахов занимает особое место, изучение вопросов истории казахского народа было связано с элитой, интеллигенцией. На наш взгляд, осмысление проблем в истории Казахстана первых двух десятилетий XX века являются одними из актуальных, сложных во многом противоречивых вопросов современной исторической науки. Очерки А.Букейхана были опубликованы в Санкт-Петербургском журнале «Сибирские вопросы», «Киргизы на совещании Степного генерал-губернатора», «Переселенческие наделы в Акмолинской области», «Русские поселения в глубине Степного края», «Бюрократическая утопия», «Кризис канцелярского переселения», «Ничьи деньги», «Переселенцы в Тарских урманах », «Долой с дороги: идет овцевод!», «Ненужное генерал-губернаторство» в 1908-1910 годах. Уже само название очерков дает нам право утверждать, что А. Букейхан в своих очерках поднимал актуальную проблему в жизни казахского народа.

В свете новых задач в лингвистике особую актуальность получила прагматика. Р.С. Столнейкер пишет: «Прагматика занимается изучением речевых актов и тех контекстов, в которых они реализуются. Соответственно, перед прагматикой встаёт два рода проблем: во-первых, определение интересных типов речевых актов и "продуктов речи", во-вторых, описание признаков и свойств речевого контекста, влияющих на определение того, какая именно пропозиция выражается данным предложением. Анализ иллокутивных актов служит примером проблем первого рода; изучение дейктических выражений относится к кругу проблем второго рода»[2, с.423]. Прагматика тесно связана с коммуникацией. «Коммуникация – сообщение, общение»[1, с.281]. Написанные очерки А.Букейхана – это не просто тексты, это тексты со сложной социально-коммуникативной функцией, т.е. языковой функцией, направленной на общество. А. Букейхан, как общественный деятель, очень настойчиво обращает внимание на тяжелые социальные проблемы казахского народа, ставит прагматическую цель предотвратить дальнейшие последствия преступной политики царизма по разложению фундаментальных основ жизни родного народа. Именно русский язык избран формой трансляции политических требований и духовных запросов угнетаемого казахского народа. В своих очерках А. Букейхан умело использует языковые средства и речевые фигуры, точно передающие атмосферу пессимизма, эйфории, имеющих место в среде переселенцев. Читаем в очерке «Русские поселения в глубине Степного края»: *«Зимой в 1892 году заболели цингой переселенцы поселка Таволжанского. Приезжал в поселок казенный врач и велел*

больным, голодным и нищим крестьянам есть лук и пить кумыс. «Киргиз запоит кумысом, только пей», - говорил почтенный доктор в футляре... Тогда урожай был превращен в недород. Если современных коновалов аграрного вопроса в России, сулящих голодному крестьянству млечные реки в кисельных берегах Киргизского края, почтенный доктор не привлекает за плагиат, то это объясняется его верою, что цингу можно вылечить чужим кумысом, который появляется-то с начала мая, как и аграрный вопрос разрешить подачками киргизских солонцов. «Киргиз даст вам беловодье, только идите к нему и уходите от нас», - говорят крестьянам паши и евнухи помещичьего землевладения и убирают их. Надолго ли?» [3, с.230]. Что мы наблюдаем из данного высказывания? Использование окказионализмов, т.е. авторских, индивидуально стилистических неологизмов, которые создаются для придания образности художественному тексту. Авторский окказионализм «казенный врач» в перекличке с эпитетом «почтенный доктор» использован в контексте для того, чтобы подчеркнуть, на наш взгляд, абсолютную закономерность совпадения мнения интеллигента, причем социально и политически безликого, относительно обязанностей казахов поить обнищавших на новых землях переселенцев кумысом, с уверенностью идеологов русской земельной аристократии от государства в том, что казах должен обеспечить пришлых на их земли русских крестьян «беловодьем». Имеет место и аллюзия. «Аллюзия (лат. *allusio* «намёк, шутка») — стилистическая фигура, содержащая указание, аналогию или намёк на некий литературный, исторический, мифологический или политический факт, закреплённый в текстовой культуре или в разговорной речи» [4]. Прагматический аспект высказывания достигается тем, что повествование ведется от третьего лица, насыщенное аллюзиями. Кроме того, высказывание усложняется чужой прямой речью, которая создает определенное пересечение точек зрения. Аллюзия «доктор в футляре» позволяет нам говорить о целом пласте русской социальной жизни. Эта аллюзия применена Букейханом, на наш взгляд, для того, чтобы подчеркнуть всю абсурдность представлений «гнилых» официальных идеологов переселения о благодатных местах Степного края и южной Сибири, беспочвенность их упований на благополучное разрешение вопроса о земле в Центральной России за счет ущемления интересов его родного народа. Особое место в очерках А.Букейхана отводится иронии. Ирония как вид тропа является излюбленным средством художественной изобразительности в очерках Букейхана. «Ирония – тонкая насмешка, выраженная в скрытой форме» [1, с. 247]. В данном контексте автор использует ироническое описательное выражение «млечные реки в кисельных берегах», «подачки киргизских солонцов». В «Словаре русского языка» С.И. Ожегова слово *подачка* имеет презрительное значение. Читаем: «Подачка –то, что дают кому-н. из милости, из снисхождения (презрит.)» [1, с.522]. Эти выражения часто будут встречаться в других очерках Букейхана для обозначения социально опасных иллюзий. Эти иллюзии принадлежат сторонникам сельскохозяйственной колонизации новых земель, относительно беспечных перспектив жизни новых волн русских крестьян, вытесненных на периферию империи. Мы видим сарказм во фразе: «Киргизский скот, при всем своем консерватизме и идентичности своего святого святых с «истинно-русскими» взглядами на разрешение аграрной проблемы, вряд ли пойдет так далеко, что откажется пить воду...». Сарказм как особо язвительная ирония видна и в другой фразе: «Кочевые пути через реку Нуру в такой же степени выдумка злой и порочной воли киргиз, в какой их скотоводческое хозяйство...» «Русские поселения в глубине Степного края». Во всех его очерках мы можем наблюдать использование автором сарказма. Особое место отводится риторическим вопросам, восклицаниям и обращениям, накаляющих обличительный пафос очерков: «Не это ли «американское» обращение с киргизами?»; «Это немного перекрасит розовые мечты господ зубров в темный цвет, но любите же, господа., черный цвет не в одной «черной сотне!»; «Не это ли назвал князь Васильчиков «колонизацией дикой азиатской окраины?»» и т. д.

Таким образом, содержательная ироничность текстов очерков достигается благодаря умению автора акцентировать внимание на главную цель – отстаивание коренных социальных интересов казахского народа. Социальная значимость очерков достигается благодаря использованию автором языковых средств. Текстам очерков А.Букейхана свойственен стиль

иронического типа, что позволяет автору художественно убедительно обличить дальнейшие последствия преступной политики царизма против казахского народа.

Библиографический список

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
2. Алихан Букейхан. Избранное / Гл.ред. Р. Нургали.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995.- 325с.
3. Ожегов С.И. Словарь русского языка. М.: Советская энциклопедия, 1968.- 900с.
4. Столнейкер Р.С. Прагматика // Новое в зарубежной лингвистике. Выпуск XVI: лингвистическая прагматика.- М.: Прогресс, 1985. – 400 с.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – АЗАТШЫЛ РУХТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Досова А.Т.

*А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к.*

XX ғасырдың бас кезінде қазақ әдебиетін жаңа биікке көтеріп, оның сандық та сапалық өскендігінің белгісі ретінде поэзия көрінді десек, әрине, артық айтқандық емес. Себебі, сол кезде жарық көрген әр түрлі тақырыпқа арналған кітаптардың тең жартысынан астамы өлең еді. Міне, осы өлең кітаптардың ішінен жеке-дара шоқтығы биігі Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» кітабы.

Қазіргі ғылыми айналымда айтылып жүргендей, XX ғасырдың басында қазақ өдебиетіне өзгеше бір леп әкелген, бейнелеп айтсақ, қазақ өдебиеті аспанына жарық нұр шашқан үш кітап келді. Олар — Абайдың Петербурда шыққан өлеңдер жинағы, А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалы», М. Дулатовтың «Оян, қазағы». Қазақтың сөз танитын адамына аспаннан түскен төрт кітаптай әсер еткен бұл үш кітап несімен ерекшеленеді? Абай өлеңдері «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп», «шымырлап бойға жайылған» биік көркемдік қуатымен, Ахмет мысалдары өмірдің өзекті жарған өткір мәселелерін жалқыға да, жалпыға да бірдей ұғынықты тілмен жырлауымен, Міржақып өлеңдері дәуір құбылысын, өмір ағынын дәл танып, аса зәру ұран тастаған жан айқайымен хат танитын қазақты өзіне тартып, қазақ даласын шарлап кетті. «Қырық мысал» тастаған астарлы ой санасына қозғау салып, елдігін танып, ұйқылы - ояу самарқау күйден көтеріле бастаған қазаққа А.Байтұрсынұлы 1911 жылы жаңа бір әуезі, жаңа сазы бар кітапты сыйлады. Бұл — Азаттықты аңсаған, бостандықты ту етіп көтерген «Маса» жинағы. «Маса» — Ахметтің ақындығын паш еткен, оны өз тұсындағы қазақ ақындарының алдыңғы қатарына шығарған шығарма. А.Байтұрсынұлы өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте шыңдалып өсті. Осынау күрес майданындағы өткір қаруы, оқырман мен тыңдарман жүрегіне жылы тиіп, берік ұялар, адам ойына қозғау салар қасиетті өнері өлең болды. Сондықтан да ақын поэзиясы оның азаматтық тұлғасын дараландыра берді.

«Маса» жинағы қазақ поэзиясындағы ақындар творчествосымен үндесе дараланғандығын, сонылық аңғартқанын тап басып тану үшін Ахметтің өз тағлым-танымына жүгінген жөн секілді. Сонда ғана оның өлеңдерінің көркемдік қуаты мен жаңашылдығына, поэзиялық дүниелерінің болмыс-бітіміне, табиғатына тереңдей алуға мүмкіндік туады.

Жалпы, Ахмет поэзиясының тілінде екі өріс барлығын тану қиын емес. Сөз орамдары, көркемдік иірімдері, ой салмақтылығында Абай салған сүрлеудің сілемі жатқанмен де өзгеше ағын, өзгеше сарын байқалады. Ол сарын ғайыптан келген, табиғаттан тыс туған әуез емес. Ол - сонау Ақтамберді, Үмбетей, Махамбеттерден желісін үзбей келе жатқан қаһармандық сарын. Әрине, Ахмет өлеңдерінде сырт көзге ұрандап, өн бойынан от шашқан шумақтар өте сирек. Бірақ «жеңіл ұйқас, батыр оймен үйлесер» (Пушкин) демекші, Ахмет өлеңдерінің табиғаты сонау бабалар дәуіріндегідей өз заманының нақты сұранымымен үндес. Ахмет жырына, «батыр ойды» өзек еткен де өмір шын- дығы. Туған ұлтының алдында

«Быть или не быть?» деген әйгілі гамлеттік сұрақ тұрғандықтан да, ақын сабырлы өлең жолдарына жалынды рухты серік етті. Сондықтан да оның өлеңдерінде ұлт деген сөздің мағынасы мен Отан деген сөздің мағынасы нақтылана түсіп, бірін-бірі кеңіте отырып, азаматтық борыштың мәнін көтере түседі.

Ақын өмір сүрген заман XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы - қазақ халқының тарихындағы ең бір ауыр кезең. Штен жеген жегі құрттай айлалы ақ патшаның отаршылдық саясаты өзінің үстемдігін баянды ету үшін халықтың неғұрлым қараңғы, неғұрлым надан күйінде қалуын қалады. Ілім-білімнің таңғажайып күшіне сенген Ахмет әуелгі кезде ағартушылық арқылы әлеуметтік жетімсіздікті де, мәдени мешеулікті де жеңуге болады деп түсінді. жатқанын байқаймыз [1, 12].

Абай дәстүрін берік ұстанған Ахмет өз өлеңдерінде надандық пен кемшілікті көріп қана қоймай, ащы шын-дықты сыртқа шығарып сынап та алады. Қараңғылық құ-шағында мүлгіген халқына «Аш көзінді оянып» деп қозғау салып, ұран көтереді. Қазақты басқан надандық пен білімсіздіктің түндігін түру үшін:

Адамдықтың диханшысы қырға шықтым,

Көлі жоқ, көгалы жоқ — қорға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілім көтеруге құл халықтың,-

деп өмірлік мұратын білдіреді [2, 15].

Ақын өлеңдеріндегі кер замандағы қазақ тұрмысының бейқам күйі, білімге, оқуға ұмтылудың аздығы, қасіретті халды түсінбеушілігі елді басқан ұйқының қалың тұман бейнесі арқылы берілген

Ахаң үндеген күрес жолы қай күрес?.. Ахаңның іс-әрекетіндегі, творчествосындағы революциялық рухты недей танимыз?.. Ахаң күресі — таптар жігін ажыратып, бір халықтың екі бөлініп майдандасуы емес, ел бірлігін сақтап, надандықты жеңе отырып, ұлт азаттығына ие болу. Ахаң творчествосының күрескерлік рухына осы тұрғыдан қарасақ, отаршылдық пен ұлттық езгіден бостандыққа ұмтылған жаңа идеология болмысын, ояну мен қайта өрлеудің жаңа мазмұн-нақысын байыптауға тиіспіз. Өйткені отаршылдық шынжыры қанға бөктірген халқының жан жарасы оның жүрегінде шемен боп қатуынан ақынның жан айқайы өзінен өзі ұран өлеңге айналып кетті.

А.Байтұрсынұлы өлеңдеріндегі ағартушылық сипаттың өзіне дейінгі ақындардан өзгелеу бір астарлы сыры да осы. Ақын өнер, білімді «таза күйінде» уағыздап қоймайды. Ол оны халықтың санасы оянып, өзгенің езгісіндегі тұрмысының себеп-салдарына көз жіберіп, бостандыққа ұмтылудың нұрлы сәулесі деп санайды. Бостандық ұғымы бұрынғы поэзияда басты ой нысанасы етілмесе, Ахмет өлеңдерінде ол негізгі тақырып, «темірқазық» іспеттес. Абай, Ыбырай туған халқының тағдырына күйзеліп, озық кеткен өзге халықтармен иық теңестіруді «тіл ұстартып, өнер шашпақтан» іздесе, Ахмет оны бостандық үшін күреспен байланыстырады. Оның өзіне дейінгі саңлақ ақындардан бір қадам ілгері басқандығы да, поэзиясының салмақтылығы мен күдіреті де осында. Ақынның «Досыма хат», «Жиған-терген», «Анама хат», «Жауға түскен жан сөзі», «Жауап хаттан» т.б. өлеңдерінің тегеурінді қуаты осы бір ұқтырар ой аңғарында жатыр.

Ахметтің жинақтарына енбей қалған кейбір өлеңдері бүркеншік есіммен «Қазақ» газетінде жарияланған. Ал «Қазақта» көбіне ел мұңын жоқтаған азатшыл поэзияның ғана орын тапқаны шындық. Мәселен, газеттің екінші санында жарияланған «көшбасшы» өлеңінен-ақ осы бір талап айқын сезіледі. «Зарыққанда қылған бата» деп аталатын өлеңнің шымыр шумақты өткір сөздері «жүрекке дөп, ойға жөн». Көңілдегі мұнды оятып, ұмтылысқа, қимылға шақырғандай:

Сөйлесін! Жүйрік болса інжу тізіп,

Жосықсыз бас ауыртпай босқа езіп.

Құйса екен қысқасынан түсіндіріп,

Реті, төрт аяғы түгел келіп.

* * *

Көсем бол тура жолға бастап кетсін,
Қалмасын кейінгілер соңына еріп.
Бай болса, малын қисын жұрты үшін,
Аямай керегіне тұрсын беріп.

* * *

Қайдағы аламанға ас дегенде,
Осқырып жоламайтын не бар жеріп?
Шығарып бір жерден сөз, бір жеңнен қол,
Ықпасын! Бүгежектеп, тұрсын берік.

Өлең сөздері «Қазақ» мақсатымен үндес шығып, көкейдегі көп ойға қозғау салады. Өлең авторы белгісіз, қол қойылмаған. Бірақ Ахмет қолтаңбасы байқалады. Ахметтің бұдан да кейін де бүркеншік есіммен бірнеше өлеңдер жариялағанын еске алсақ, «Қазақтағы» өлең-жырдың бастауында өзі тұрғандығына күмәндануға болмайды. Сонымен қатар ел тарихының ірі өзгерістері кезеңдерінде өлеңмен үн қатып, ойын білдіріп отырған. Ахаңның бүркеншік есімдері жөнінде зерттеуші Бейсембай Байғалиев «Ақынның «А. Б.»-дан басқа «Арғын», «Байқаушы», «А» деген бүркеншік есімдері болған» деген пікір айтады.

1923 жылы А. Байтұрсынұлының елу жылдық мерейтойына арнаған мақаласында қазақ әдебиетінің классигі М. Әуезов: «...Ахаңның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің есімізде... Ахаңның бұрынғы айтқан сөзін қазақ даласы әлі ұмытқан жоқ. Өлендегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, арқаның қоңыр желімен бірге өсіп, шалқып жатыр», - деп, оның поэзиясындағы буырқанған бұлқыныстың, рухы мәңгі өлмес азаматтық идеяны жалау еткен өлең жолда рының тот баспас асылдығын танытқан еді. Сондай-ақ Мұхтар Әуезов: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса»; «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Бірақ зорлықпен, күшпен дегенін болдырып үйренген большевиктер бұл ақиқатты теріске шығарып, оның есімін де, еңбегін де тарихтан өшіруге тырысып бақты. Оны бар ғұмырын адал қызмет етуге арнаған туған халқына жау етіп көрсетіп, «халық жауы» деген жалалы жамылғыны жауып, атқызды, атын атағандарды қуғынға салды. Бәрібір олар мақсатына жете алмады. Жала – бұлт, шындық – күн екен, заманы қайта туып, шындықтың шұғыласы өз нұрын төкті. Ұлтын сүйген ұлтжанды Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы өз халқымен қайта табысты», - деп ой түйеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбдимнұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы: «Арда», 2007.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. - Алматы: «Жазушы», 1983

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры» атты ғылыми жоба аясында дайындалды

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ «АБАЙТАНУҒА» ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

*Емешова Г. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті.*

Ұршықтай тоқтаусыз зымырап жатырған, бастауы һәм ақыры бар, мынау дүниенің төсінде кім ойнақ салмады дейсіз?! Сол ойнақ салғандар, бүгінгі ойнақшылардың табанының астында жатқанынан да хабардармыз. Әумесер, әсіреәуесқой ойнақшылардың сүрген ғұмыры- көрген түстей, далбаса екендігі хақ. Бұл ғұмырда білім жинап, сана-сандығын ақыл мен парасатқа толтырып, соны халқына бере алған адам ғана- бақытты. Ондай жандарды дәуірдің өзі- дүрбелең шақтар мен алағай оқиғалардың белортасында тудырып, «жарқ етіп жоқ болған жұлдыздай» адамдар арасынан(әрине, санасынан емес) ерте алып кететіні белгілі.

«Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болмаққа» ұмтылған, ХХ ғасыр басындағы қазақ тарихында орны айрықша, ұлт көсемі- Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановты да тудырған осындай алмағайып шақ еді.

«Хан баласының мойнында қазақтың өтелмеген қақысы бар еді, соны ақтауға тырысам, қазаққа қайтсем де қызмет қылам» деген ұлы тұлғаның, данышпан- хакім Абаймен шығармашылықтарындағы рухани үндестіктің болғандығын байқауға болады. Әрине, мұның тарихи деректер дәйектегендей, бір-бірімен туыстық жақындығына да байланысты емес екендігі белгілі. Хош, бұл өзге әңгіменің желісі...

Абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы өзінің «Абайтану тарихы» кітабында былай дейді: «Абайдың өнері мен шығармашылық өміріндегі ерекшелікті орыс қауымына алғаш таныстырушылардың өзі қазақтардың орысша оқып, Еуропаша білім алған дарынды ұлдары Ә.Бөкейхановтан басталып, осы дәстүрді ары қарай жалғастырушылар- Нұқ Рамазанов, Сатылған Сабатаев, қазақ қыздарынан шыққаны Нәзипа Құлжановалар болатын-ды.»

Иә, ақиқаты осы. 1906 жылы «Семипалатинское областные ведомости» басылымында орыс тілінде жазылған «Абай(Ибрагим) Кунанбаев» атты азанамасы жарыққа шықты. Бұл- қазақтың данышпан ақыны Абай туралы баспа жүзін көрген алғашқы ең толымды, терең, ғылыми еңбек еді.

Әлиханның Абай шығармашылығына қызығып, ынта қоюына жоғарыда айтып өткеніміздей, туыстық сезімі емес, рухани жақындығы мен үндестігінен. Бұл мақала- «Абайтану» ілімін дүниеге алып келді десек, артық айтқандық болмас. Мақала- қазақ даласының ақыны мен ойшылының кішкене өмірбаяндық очеркі ғана емес. Онда шынтуайтында ұлы Абайдың аласармас асқақ та айбынды алып мүсініне берілген баға жатыр. Абай соқпағымен жүріп отырып, қазақ зиялыларының ең алдымен орыс зиялы қауымымен ынтымақты әрекетте болуына айрықша назар аударған Әлихан Ұлы кемеңгерге жазған некрологында(Азанама) Абайды орыс тілділерге тұлға, философ, ақын, тәржімашы ретінде көрсетеді.

«Ислам дінінің далаға орнығуының пайда-зиянына орай жаңа заманның талабымен Абай білімге ден қойып, араб, парсы, түркі тілдерін кітап арқылы үйренеді. Табандылығы мен бейімділігінің нәтижесінде өз бетімен араб, парсы тілдерін еркін меңгеріп, қасиетті біліммен сусындады. Молла мен қожалар туралы далада кең таралған «аңқау елге арамза молла» деген мақалға орай олар өздерінің жан дүниесінің пасықтығын әшкерелеуден қорқып, Абаймен кездесіп, сұхбаттасудан қашқақтап жүретін. Осы арада Абайдың ислам дініне қатынасын да айта кету лазым. Ол өзінің өлеңінде молдалардың арамзалығы мен ала аяқтығын сынап, мұсылмандық жолымен күніне бес уақыт намаз оқуды мінейді. Осы арқылы барлық діни ғұрыпты ұстанатын, әсіресе, отыз күн рамазан айындағы ораза мен тәулігіне бес уақыт намаз оқуға қарсы келеді. Құнанбайдың семьясындағы діни пікірлер мен ғұрыптар, әкенің үстемдігінің күші — Абайдың ислам әдет-ғұрыптарының бүркеншік қасиеттерін сезінуге жол ашты» деп осы күнге дейін талас тудырып отырған Абайдың діни көзқарасы туралы өте ширатылған күрделі тақырыпқа алғаш қалам тартып, нақты пікір білдіре алған.

Ақындары ақылсыз надан келіп,
Көр жерді өлең қыпты жоқтан қармап,
Қобыз бен домбыра алып топта зарлап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтап, құдай қарғап.
Қайда бай, мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да бай болмапты канша малды ап.

Абайдың жоғарыдағы өлеңімен үндескен пікірді Әлихан осы мақаласында айтады. Қазақ сұлтандары өздерінің арасынан бақсы мен ақын шықпағанын мақтанышпен айтатындығын айта келе, ойдың түп- төркінін Абаймен сабақтастырып отырады.

«1905 жылы «Семипалатинский листок» газетасында һәм онан кейін Семейдегі географический обществоның шығарған бір кітабында Ғалихан Бөкейханов Абайдың тәржіма халін жазды, һәм кешікпей кітабы басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады. 1909 жылы Абайдың балалары, һәм інілерінің ризалығы, һәм Ғалиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургта Бураганский баспасында басылып шықты. Бұл біздің қолымыздағы кітап сол бірінші басылым», - деген еді Міржақып Дулатов. Расымен де, Әлихан мақаласында Абайдың кітабы басылатындығын жеткізген болатын. Ол- сол кездегі қоғам көзімен, әрине, үлкен жаңалық. Абай жинағының жарық көруіне қалтқысыз қамқорлық жасаған үлкен экономист - ғалым, әдебиетші-тарихшы, жалынды публицист, шебер аудармашы, алаш арысы Әлихан Бөкейханов басты назарын қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне арнаған. 1903 жылы Петербургта белгілі ғалым Семенов-Тянь-Шанский мен академик В.И.Ламанскийдің редакциясымен жарық көріп келе жатқан «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества» атты көп томды еңбектің 18 томы «Киргизский край» деген атаумен қазақ тарихына арналып шығады. Міне осы кітаптың «Население» деп аталған екінші бөлімін Әлихан Бөкейханов жазуға қатысқан. Онда қазақ халқының өзіндік ерекшелігі, өткен тарихы мен танымы, мәдениеті туралы, мол ауыз әдебиеті жауһарларын, жекелеген ақындарды айта келе Абайға айрықша тоқталады.

«Семипалатинский областные ведомости» газетінің 1904 жылғы 8 санында өткен жылғы, яғни 1903 жылғы Семей облысының статистика комитетінің атқарған істері туралы есебі жарияланған. Міне, осы есепте Комитеттің толық мүшелерінің ішінде Абай мен Әлиханның есімдері қатар аталады. Сонымен қатар 1914 жылы Михаэлис қайтыс болғандағы қазанамада «Қазақтың жалғыз, ақыны Абайды тура жолға салған осы Михаэлис еді. Абай өле-өлгенше «менің көзімді ашқан, маған жаны ашырлық қылған Михаэлис еді» деп айтып отыратын еді», -деуі Абай мен Әлиханның жақын таныс болғандығының айқын дәлелі.

Әлиханның Абайды сүйіп оқығандығы айқын. «Абай поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осынша жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ...» дейді Әлихан. Бұл баға күрескердің Абай әдеби мұрасын терең, жан-жақты танып білген зерттеуші екенін көрсетеді. «Абайдың жылдың төрт мезгіліне (жазғытұрым, жаз, күз, қыс) арнап жазған әдемі өлеңінің өзі Абайды Еуропаға әйгілі ететіндей» деген Әлекең хакім дүниетанымына, ой-толғаныстарына терең бойлап, рухани болмысын жете танып, оны орыс оқырмандарына мойындатпақ болған. XX ғасырдың басында айналасына интеллектуалды элитаны жинап, елдікке ұмтылған Әлихан Бөкейханов «Ұрпақ үшін Абайды жаз» деп, Мұхтар Әуезовке өсиет етті. Сөйтіп, қазақ халқына «Абай жолы» еңбегі бұйырды. Әлихан жайлы тарихтың бәрі ақтаңдақтарға толы. Ұлт көсемі жайлы әлі паракталмаған талай сары қағаздардың сыр айтары анық... Бір білетініміз, Абай- Қазаққа әрқашан да жол көрсететін Шырағы! «Қазақтың ішетін уы мен балы да- Абай» (А.Сүлейменов). Ал, Әлихан Бөкейхан Тұрсын аға Жұртбай айтпақшы «Ұлттың әкесі!». Әңгімеміздің тізгін тартар тұсы болар... Хош...

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ КӘСІБИ ЖУРНАЛИСІ

(1914 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАРЫНА МӘТІНДІК /ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ/ ТАЛДАУ)

Жеңісқызы Ш.

С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінің қызметкері

Қазақтың тұңғыш кәсіби журналисі Әлихан Бөкейханның ғылыми-публицистикасы қазақ әдебиетінің тарихы мен қазақ журналистикасы үшін өте құнды. «Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды... Бұдан барып татардан іргесін

аулақ салған қазақ ұлты туды» деген Алаш қозғалысы белсенділерінің бірі, белгілі драматург Қошмұхаммед Кемеңгерұлының бір ғана бағалауының өзі ұлтымыздың мәдениетін дамытуға қосқан үлесін бағамдап көрсетеді.

«Алаш» қозғалысының жетекшісі, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы Әлихан Нұрмұхамедұлының публицистикасы – еңбектерінің үлкен бір қыры. Сондай-ақ қазақ егіншілігі мен мал шаруашылығы, соның ішінде қазақтың сиыр, қой және жылқы шаруашылығы туралы іргелі зерттеулер жариялап, қазақ тарихы, этнографиясы, әдебиеті мен фольклоры туралы зерттеп, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» секілді халық ауыз әдебиетінің бірнеше үлгілерін жинақтап, баспа бетіне шығаруда баға жетпес еңбектер жасағаны тағы бар.

Ол төңкеріске дейін 4 газет, оның үшеуі орыс тілінде – «Иртыш», «Омичь» және «Голось степи» газеттеріне өзі редактор болса, қазақ тіліндегі тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырды. Төңкерістен кейін қазақ тіліндегі «Темірқазық» және «Шолпан» журналын шығарып, 1925 жылдан бері шыға бастаған «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» және «Сәуле» журналдарын ашуға мұрындық болды. «Жаңа мектеп» журналының кейін «Қазақстан мектебі», ал «Әйел теңдігі» журналының «Қазақстан әйелдері» басылымына айналғанын ерекше айта кеткен маңызды.

Әлихан Бөкейханның публицистік жолы қолдағы бар нақты тарихи деректер бойынша 1889 жылдан 1927 жылға дейін 40 жылға жуық кезеңді қамтиды. Оның мыңға жуық мақала мен очерктен және тағы басқа туындыдан тұратын ғылыми-публицистикасы 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін және одан кейінгі 1927 жылға дейін 50-ден астам қазақ және орыс газет-журналында, оның ішінде төңкеріске дейін ғана 30-ға жуық қазақ-орыс басылымында жарық көрді. Әлихан Бөкейханның қаламынан шығып түрлі мерзімді басылымнан жарық көрген туындыларының географиясы да қазіргі кең байтақ Еуразия кеңістігін қамтиды. Оның ең алғашқы бір топ мақаласы 1889 жылы Дала генерал-губернаторының ресми үнқағазы ретінде Омбыда шығып тұрған «Особые прибавления къ «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» газеті мен оның қазақша қосымшасы «Дала уалаятының газетінен» көрінсе, көп ұзамай оның түрлі бүркеніш есімі көрсетілген туындыларын 1917 жылғы Ақпан төңкерісі мен Қазан бүлігіне дейінгі бір Омбының «Степной край», «Степной пионеръ», «Омичь», «Иртыш», «Голось степи», Томскінің «Сибирская жизнь», Семейдің «Семипалатинскіе областные ведомости», «Семипалатинскій листокъ», Ташкенттің «Туркестанскіе ведомости», Орынбордың «Степь», «Қазақ» газеттері мен қазақтың тұңғыш «Айқап» журналынан, С.Петербургдың «Речь», «Сынъ отечества», «Наша жизнь», «Слово», «Восточное обозрение», Ресей мұсылмандарының «Въ мире мусульманства» мен «Мусульманская газета» және «Сибирскіе вопросы» журналынан жиі ұшыратуға болатын.

1917 жылдың күзіндегі Қазан бүлігінен кейінгі кезеңде, әсіресе Совет өкіметінің күштеуімен Мәскеуде тұруға мәжбүр болған (1922-1937 жж.) кезеңде оның қайсыбір ғылыми-публицистикалық мақала-материалын жарияламаған қазақ газет-журналы кемде-кем болып, ол мерзімді басылым Мәскеуде, не Қазақстанның өз ішінде жарық көрді. Міне тақырып жағынан сан-алуан әрі мол ғылыми-публицистік мұраның авторы – Әлихан Бөкейханды қазақтың тұңғыш кәсіби журналисі деуге де, қазіргі қазақ публицистикасының негізін қалаушы деуге де толық негіз бар [1].

Жалпы алғанда Әлихан Бөкейханның «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалары халқымыздың ең түйінді деген мәселелеріне арналады. XX ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси әлеуметтік өмірінің ең түйінділері қазақ шаруашылық жағдайы, жер мәселесі, басқа елдермен қарым қатынасы, оқу-ағарту, бала тәрбиесі, әдебиет пен шежірге арналған. Оның дәлелі ретінде 1917 жылғы 21 қарашадағы санында Әлихан Нұрмұхамедұлының басшылығымен құрылған «Алаш» партиясы програмасының жобасы «Қазақ» газеті арқылы бізге жеткен құнды деректі келтіруге болады.

Атап айтсақ, «Қазақ» газеті І дүниежүзілік соғыс және азамат соғыстары сынды екі үлкен жойқын соғыстың, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің, ақпан және қазан сынды

екі қоғамдық-саяси төңкерістің, патша өкіметі, Уақытша үкімет, Алаш Орда үкіметі, кеңес өкіметі тәрізді төрт саяси биліктің куәгері болды.

XX ғасырдың басындағы Қазақстанның тарихын зерттеуде «Қазақ» газетінің тарихи дерек көзі ретінде алар орны ерекше екені, оның ғылымға берер мағлұматтарының құндылығының жоғарылығына бүгінгі күні бәріміздің де көзіміз жетіп келеді. Бұл ретте кеңестік тарихнаманың «Қазақ» сияқты қазақ тарихының деректік мөлдір көзінің бірін, 70 жылдан астам уақыт бойы ғылым үшін жауып тастағандығы ұлттық тарих ғылымына өлшеусіз зиян келтіргендігін дәлелдеп жатудың қажеті болмас деп ойлаймыз.

Ал Әлихан Бөкейханның 1906-1910 жылдардағы столыпиндік реакция кезінде және 1922-1927 жылдардағы жаппай сталиндік қуғын-сүргіннің бастапқы кезеңі сынды өміріндегі ең ауыр кезеңдерінде жазған көптеген мақалалары мен жазбаларына жеңісті білдіретін «V» деген латын әрпін қолданғаны секілді деректер кездескен кедергілерге мойымастан, қаймықпай қарсы жүргенін де білдіреді.

Тағы да біздің бұған қосарымыз «Қазақ» тек аласұрған заманның, буырқанған оқиғалардың бел ортасында жүрді. Қайнаған құбылыстар барысын суретке түсіргендей өз беттерінде бейнеледі. Олар туралы мәліметтерді тасқа басып өз беттерінде қаттады. Сөйтіп «Қазақ» қазақ өмірінің аса бір күрделі кезеңінің шежіресіне, баға жетпес дерек көзіне айналды. Бір кереметі, осыдан бір ғасыр бұрын жазылған сол мақалалардың айтар ойы күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

Сол себепті мәтіндік талдауды дәл «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан бастауды жөн көрдік.

Әлихан Бөкейханның ғылыми-публицистикалық телегей теңіз мұрасын жинау мен зерттеу ісінде оның бүркеніш есімдерін анықтау жұмысы жақсы жүргізіліп, 40-қа жуық бүркеншік есімдері табылғаны қуантады. Дегенмен мерзімді қазақ басылымы мен қазақ журналистикасының және жалпы публицистика жанрының қалыптасып өркендеуіне қосқан теңдессіз үлесі туралы көп айтылып, көп жазылып жүргенімен де мәтіндік талдаулар мүлде жасалмаған деуге толық негіз бар. Сондықтан да зерттеудің басты нысанын мәтіндік талдау жүргізуге бұрып отырмыз.

Автордың әр жылдары жарық көрген таңдамалы жинақтары мен тоғыз томдық шығармалар жинағына мәтіндік талдау жүргізілгенде көптеген адам аттары, даталар, сандық көрсеткіштер, статьялар, тіпті кейбір сөйлемдердің қысқарып, не болмаса мазмұны өзгеріп, қателіктер жіберілгені қазақ әдебиеті мен тарихы үшін айтарлықтай зиян. 1994 жылы Алматы қаласы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалары бойынша жинақ, 1995 жылы Алматы қаласының «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясынан шыққан таңдамалы жинағы, 2003 жылы Алматы қаласының «Өлке» баспасынан шыққан 2 томдығы, 2013 жылы Астана қаласы «Фолиант» баспасынан Алаш арыстары Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермековтің мақалалар, сын-зерттеулер және тергеудегі жауаптарынан құралған кітаптар және 2009-2013 жылдар аралығында Астана қаласы «Сарыарқа» баспа үйінде Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлының құрастыруымен бастапқыда 7 томдық болып жоспарланып, кейіннен 9 томдық болып толыққан жинағындағы жарияланған мақалаларды «Қазақ» газетінің түпнұсқасымен салыстырып қарағанда көптеген алшақтықтар мен үлкен олқылықтар кеткендігі көрінеді. 1998 жылы Алматы қаласы «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан бас редактор Ә.Нысанбаев, құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Саховтың құрастыруымен шыққан «Қазақ» газеті және 2009, 2014 жылдары Алматы қаласы «Арыс» баспасынан С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаеваның құрастыруымен шыққан «Қазақ» газеті, 1913 жыл және «Қазақ» газеті, 1914 жыл атты екі кітаптың да 1913-1918 жылғы түпнұсқамен салыстырғанда кейбір айырмашылықтарын барын ескере отырып, аталған еңбектерге текстологиялық талдау жасауды жөн көрдік.

Бірінші кесте бойынша «Қазақ» газетінің екі кітабындағы айырмашылығы бар сөйлемдер мен сөздер қараланып, түпнұсқамен сәйкесетіні сызылып берілген. Ал екінші

кестеде берілген сөздер мен сөйлемдердің түпнұсқамен сәйкес келетіні ерекшеленіп көрсетілген.

<p>«Қазақ» газеті / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет. Құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов[2]</p>	<p>«Қазақ» газеті. 1914 жыл / Құраст.: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 504 бет. [3]</p>
<p><i>1. Тағы да би һәм билік (Қыр баласы)</i></p>	
<p>10-15 ауыл, 10-16 ауыл, 10-15 судья болса, мұндай біздің қазақ жеріне судья болатын керек оқуды бітірген көп адам табылмайды.</p> <p>Осы күні қала басына 2-3 судьяның орны бос тұратын болса, сонда бұл орындарға әзірге ешкім келе қоймас. Демек қазақ-орыс сот жүйесіне аударар болса, онда баяғы қаңғырған жаман биіне зар болар.</p> <p>Қазақ биін орыс судиясына аударамын дегеннің еш қисыны жоқ.</p> <p>Халық шарифат жолынан қисық жатса, шарифатпен айтамын деген <u>билік құр бос қалмай ма?</u></p> <p>Абзац жоқ***</p>	<p><u>10-15 ауыл,</u> 10-15 судья болса, мұндай біздің қазақ жеріне судья болатын керек оқуды бітірген көп адам табылмайды.</p> <p><u>Осы күні қала басына 2-3 судияның орны бос тұратын болса, бір үезге 150-200 судиа керек болады, бұл орынның бәрі бос жесір тұрар, сонда сонда қазақ баяғы қаңғырған жаман биіне зар болар.</u></p> <p><u>Қазақ пен орыс (биін) судиясына аударамын дегеннің түк дәлелі жоқ.</u></p> <p>Халық шарифат жолынан қисық жатса, шарифатпен айтамын деген билік құр бос қалмайды.</p> <p>Қосымша 2 абзац бар</p>

<p>Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 бет</p> <p>[4]</p>	<p>Әлихан Бөкейхан таңдамалы. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. Алматы, 1995</p> <p>[5]</p>	<p>Бөкейхан Ә. Таңдамалы. 2-кітап. Алматы: «Өлке» баспасы, 2003 жыл, 224 бет [6]</p>	<p>Бөкейхан Ә., Ақбаев Ж., Ермеков Ә. Мақалалар, сын-зерттеулер және тергеудегі жауаптар. – Астана: «Фолиант», 2013, - 320 б.</p> <p>[7]</p>	<p>Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы. Шығармаларының тоғыз томдық толық жинағы.</p> <p>Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2009-2013 жыл.</p> <p>/ III, V том/</p> <p>[8]</p>
<p><u>10-15 ауыл,</u> 10-15 судья болса, мұндай біздің қазақ жеріне судья болатын керек оқуды бітірген көп адам табылмайды.</p> <p>Осы күні қала басына 2-3 судьяның орны бос тұратын болса, сонда... <u>150-200 судья керек болады.</u> Бұл орындарға әзірге ешкім келе қоймас. Демек, қазақ-орыс сот жүйесіне аударылар болса, онда баяғы қаңғырған жаман биіне зар</p>		<p><u>10-15 ауыл,</u> 10-15 судья болса, мұндай біздің қазақ жеріне судья болатын керек оқуды бітірген көп адам табылмайды.</p> <p>Осы күні қала басына 2-3 судьяның орны бос тұратын болса, сонда... <u>150-200 судья керек болады.</u> Бұл орындарға әзірге ешкім келе қоймас. Демек қазақ-орыс сот жүйесіне аударылар болса, онда баяғы</p>	<p><u>10-15 ауыл,</u> 10-15 судья болса, мұндай біздің қазақ жеріне судья болатын керек оқуды бітірген көп адам табылмайды.</p> <p>Осы күні қала басына 2-3 судьяның орны бос тұратын болса, сонда</p> <p>бұл орындарға әзірге ешкім келе қоймас. Демек қазақ-орыс сот жүйесіне аударар болса, онда баяғы қаңғырған жаман</p>	<p>10-15 ауыл, 10-16 ауыл, 10-15 судья болса, мұндай біздің қазақ жеріне судья болатын керек оқуды бітірген көп адам табылмайды.</p> <p>Осы күні қала басына 2-3 судьяның орны бос тұратын болса, сонда</p> <p>бұл орындарға әзірше ешкім келе қоймас. Демек қазақ дауын орыс сот жүйесіне аударар болса, онда баяғы қаңғырған жаман биіне зар болар.</p>

<p><i>болар.</i></p> <p>Қазақ биін орыс судиасына аударамын дегеннің еш қисыны жоқ.</p> <p>Халық шариғат жолынан қисық жатса, шариғатпен айтамын деген <u>билік құр бос қалмай ма?</u></p> <p>Абзац жоқ</p>		<p><i>қаңғырған жаман биіне зар болар.</i></p> <p>Қазақ биін орыс судиасына аударамын дегеннің еш қисыны жоқ.</p> <p>Халық шариғат жолынан қисық жатса, шариғатпен айтамын деген <u>билік құр бос қалмай ма?</u></p> <p>Абзац жоқ</p>	<p>биіне зар болар.</p> <p>Қазақ биін орыс судиасына аударамын дегеннің <u>түк дәлелі жоқ.</u></p> <p>Халық шариғат жолынан қисық жатса, шариғатпен айтамын деген <u>билік құры бос қалмай ма?</u></p> <p>Абзац жоқ</p>	<p>Қазақ биін орыс судьясына аударамын дегеннің <u>түк дәлелі жоқ.</u></p> <p>Халық шариғат жолынан қисық жатса, шариғатпен айтамын деген <u>билік құры бос қалмай ма?</u></p> <p>Абзац жоқ</p>
---	--	---	---	---

**2. Жауап хат
(Қыр баласы)**

<p>Чермак есептегенде қазақ <u>ұтып</u> кеткен екен деп, қазаққа көп кенші қалған екен деп, Кузнецов қайта есептеп, қазаққа қалатын жердің үштен бір мүшесін қазынаға алатын қылды.</p> <p align="center">****</p>	<p>Чермак есептегенде қазақ <u>өтіп</u> кеткен екен деп, қазаққа көп кенші қалған екен деп, Кузнецов қайта есептеп, қазаққа қалатын жердің үштен бір мүшесін қазынаға алатын қылды.</p> <p align="center">Жер – мал жері</p>
---	--

[4]	[5]	[6]	[7]	[8]
<p><i>Чермак</i> есептегенде қазақ <u>ұтып</u> кеткен екен деп, қазаққа көп кенші қалған екен деп, Кузнецов қайта есептеп, қазаққа қалатын жердің үштен бір мүшесін қазынаға алатын қылды.</p> <p>Абзац жоқ</p>		<p><i>Чермак</i> есептегенде қазақ <u>ұтып</u> кеткен екен деп, қазаққа көп кенші қалған екен деп, Кузнецов қайта есептеп, қазаққа қалатын жердің үштен бір мүшесін қазынаға алатын қылды.</p> <p>Абзац жоқ</p>	<p><i>Шермак</i> есептегенде қазақ <u>ұтып</u> кеткен екен деп, қазаққа көп кенші қалған екен деп, Кузнецов қайта есептеп, қазаққа қалатын жердің үштен бір мүшесін қазынаға алатын қылды.</p> <p>Абзац жоқ</p>	<p>Шермак есептегенде қазақ <u>ұтып</u> кеткен екен деп, қазаққа көп кенші қалған екен деп, Кузнецов қайта есептеп, қазаққа қалатын жердің үштен бір мүшесін қазынаға алатын қылды.</p> <p>Абзац жоқ</p>

**3. Ұят-ай!
(Қыр баласы)**

Біздің Россияда абақтыға жатпаған жақсы <u>адам кем.</u>	Біздің Русида абақтыға жатпаған жақсы <u>адам кім.</u>
---	---

[4]	[5]	[6]	[7]	[8]
Біздің Россияда абақтыға жатпаған жақсы <u>адам кем.</u>		Біздің Россияда абақтыға жатпаған жақсы <u>адам кем.</u>	Біздің Россияда (Русида) абақтыға жатпаған жақсы <u>адам кем.</u>	Біздің Ресейде абақтыға жатпаған жақсы <u>адам кем.</u>

4. Тағы соғыс

<p>Қыр баласы</p> <p>Еуропа патшалықтары түзүміз деген құр аты болмаса, ғұмыр жүзінде бір-біріне қасқыр.</p> <p>Италия алар Албанияны, Австрия Сербияны, Германия ақшасына батар.</p> <p>Германия социал-демократының «Фервирте» атты газетасы бар.</p> <p>«Ер Әділ елдің мынау Австрия ісі жолсыз, бұл туралы біздің неміс солдаттының қанын төкпесін» деп.</p> <p>Бұл соғысқа Россия кірісетін болды, Россия кіріскен соң Германия да амалсыз кіріскелі отыр. Аустриямен әуелде жасасқан шарттары солай. Егер бірімізге екі патшалық жабылса, болысамыз деген.</p> <p>Бізбен Германия кірісіп іс қылса, (***)</p> <p>кім жақса да Еуропа, Азия жері қайта пішіліп, қошқар мүйіз салынар.</p> <p>Осындай зор саясат ісінен хабарсыз жату біздің оқушыларға жол ма.</p>	<p>Автор жоқ</p> <p>Еуропа патшалықтары христианбыз, ?туыспыз деген құр аты болмаса, өмір жүзінде бір-біріне қасқыр.</p> <p>Италия алар Албанияны, Аустрия Сербияны, Германия ақшасына базар.</p> <p>Германия социал-демократының «Фервиртс» атты газетасы бар</p> <p>«Біз адал едік мынау Австрия ісі жолсыз, бұл туралы біздің неміс солдаттының қанын төкпесін» деп.</p> <p>Бұл соғысқа біз кірісетін болдық. Біз кіріскен соң Германия да амалсыз кіріскелі тұр: Аустриямен әуелде жасасқан шарттары солай. Егер бірімізге екі патшалық жабылса, болысамыз деген.</p> <p>Бізбен Германия кірісіп іс қылса, нашар-жаман. Сербия тезек теріп артта қалар, дүние жұмбағы байлар не болармен болар.</p> <p>Кім жақса да Еуропа, Азия жері қайта пішіліп, қошқар мүйіз салынар.</p> <p>Осындай зор саясат ісінен хабарсыз жатыр. Біздің оқушыларымызға жол ма?</p>
--	--

[4]	[5]	[6]	[7]	[8]
<p>Еуропа патшалықтары ... түзүміз деген құр аты болмаса, ғұмыр жүзінде бір-біріне қасқыр.</p> <p>Италия алар Албанияны, Аустрия Сербияны, Германия ақшасына базар.</p> <p>Германия социал-демократияның «Фервиртс» атты газетасы бар</p> <p>«ер, әділ едің мынау Австрия ісі жолсыз, бұл туралы біздің неміс солдаттының қанын төкпесін» деп.</p>		<p>Еуропа патшалықтары ... түзүміз деген құр аты болмаса, ғұмыр жүзінде бір-біріне қасқыр.</p> <p>Италия алар Албанияны, Аустрия Сербияны, Германия ақшасына базар.</p> <p>Германия социал-демократияның «Фервиртс» атты газетасы бар</p> <p>«ер, әділ едің мынау Австрия ісі жолсыз, бұл туралы біздің неміс солдаттының қанын төкпесін» деп.</p>	<p>Еуропа патшалықтары христианбыз, түзүміз деген құр аты болмаса, ғұмыр жүзінде бір-біріне қасқыр.</p> <p>Италия алар Албанияны, Аустрия Сербияны, Германия ақшасына базар.</p> <p>Германия социал-демократының «Фюрвертс» атты газетасы бар</p> <p>«Ер, әділ едік мынау Аустрия ісі жолсыз, бұл туралы біздің неміс солдаттының қанын төкпесін» деп.</p>	<p>Еуропа патшалықтары, христианбыз, түзүміз деген құр аты болмаса, ғұмыр жүзінде бір-біріне қасқыр.</p> <p>Италия алар Албанияны, Аустрия-Сербияны, Германия ақшасына базар.</p> <p>Германия социал-демократының «Фюрвертс» атты газетасы бар</p> <p>«Ер, әділ едік мынау Аустрия ісі жолсыз, бұл туралы біздің неміс солдаттының қанын төкпесін» деп.</p>

<p>Бұл соғысқа <i>Россия кіретін болды, Россия</i> кіріскен соң Германия да амалсыз <i>кіріскелі тұр</i>. Австриямен әуелде жасасқан шарттары солай. Егер бірімізге екі патшалық жабылса, болысамыз деген.</p> <p>Бізбен Германия кірісіп іс қылса, (***)</p> <p>Кім жақса да Еуропа, Азия жері қайта пішіліп қошқар мүйіз салынар.</p> <p>Осындай зор саясат ісінен хабарсыз <i>жату</i> біздің оқушыларға жол ма?</p>	<p>Бұл соғысқа <i>Россия кіретін болды, Россия</i> кіріскен соң Германия да амалсыз <i>кіріскелі тұр</i>. Австриямен әуелде жасасқан шарттары солай. Егер бірімізге екі патшалық жабылса, болысамыз деген.</p> <p>Бізбен Германия кірісіп іс қылса, (***)</p> <p>Кім жақса да Еуропа, Азия жері қайта пішіліп қошқар мүйіз салынар.</p> <p>Осындай зор саясат ісінен хабарсыз <i>жату</i> біздің оқушыларға жол ма?</p>	<p>Бұл соғысқа <i>біз кірісетін болсақ, біз</i> кіріскен соң Германия да амалсыз <i>кіріскелі тұр</i>: Австриямен әуелде жасасқан шарттары солай. Егер бірімізге екі патшалық жабылса, болысамыз деген.</p> <p>Біз бен Германия кірісіп іс қылса, <i>нашар-жаман. Сербия тезірек теріп артта қалар, дүние жұмбағы байлар не болармен болар</i>. Кім жақса да Еуропа, Азия жері қайта пішіліп, қошқар мүйіз салынар.</p> <p>Осындай зор саясат ісінен хабарсыз <i>жату</i> біздің оқушыларға жол ма?</p>	<p>Бұл соғысқа <i>біз кірісетін болсақ, біз</i> кіріскен соң Германия да амалсыз <i>кіріскелі тұр</i>. Австриямен әуелде жасасқан шарттары солай – егер бірімізге екі патшалық жабылса, болысамыз» деген.</p> <p>Біз бен Германия кірісіп іс қылса, <i>нашар-жаман Сербия тезірек теріп артта қалар, дүние жұмбағы байлар не болар(ы)мен болар</i>. Кім жақса да Еуропа, Азия жері қайта пішіліп, қошқар мүйіз салынар.</p> <p>Осындай зор саясат ісінен хабарсыз <i>жату</i> біздің оқушыларға жол ма?</p>
--	--	---	---

5. Он төрт тоғыз бола ма?

(Ғалихан)

Соқтықпа маған ***десем*** тіл алмайсың,
1908 жылғы (***) деп ***қол қойған***.

Соқтықпа маған ***демес*** тіл алмайсың,
1908 жылғы ***«V»*** деп ***қол қойғам***.

[4]	[5]	[6]	[7]	[8]
	<p>Соқтықпа маған <i>демес</i> тіл алмайсың, 1908 жылғы <i>«V»</i> деп <i>қол қойға(н)</i>.</p>		<p>Соқтықпа маған <i>демес</i> тіл алмайсың, 1908 жылғы <i>«V»</i> деп <i>қол қойға(н)</i>.</p>	<p>Соқтықпа маған <i>десем</i>, тіл алмайсың, 1908 жылғы, <i>«V»</i> деп <i>қол қойға(н)</i>.</p>

Қазақтың тарихы, мәдениеті мен әдебиеті, жері, шаруашылығы бойынша сан алуан тақырыпта қалам тербегені көсемсөз шеберінің әр түрлі газет-журналдарда жарияланған мақалалары көп. Біз бұл зерттеу жұмысында небәрі 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған кейбір мақалаларын ғана алып отырсақ та, атқаруға тиісті жұмыстардың көп екені көрінеді. Халқымыздың қоғамдық-саяси ойы дамуының елеулі кезеңінің шежіресі іспетті «Қазақ» газетін қайта бір парақтап шығу бүгінгі бізге де, болашақ ұрпаққа да пайдалы екеніне тағы бір көз жеткіземіз. Демек, Әлихан Бөкейханның әр түрлі газет-журналдарда жарияланған мақалаларының түпнұсқасымен жұмыс жасап, жинақтарында жіберілген мәтіндік қателіктерді бір ретке келтіру өте қажет. Қазақ халқының саяси, әлеуметтік, мәдени, рухани тарихында өшпестей із қалдырған тұлға мұраларын бағалап қана қоймай, оларды дәріптеген жөн.

Өз дәуірінде «...Газета – өмір айнасы: өмірде не болса, бәрі газетадан көрініп тұрады. Газетаны оқып жұрт өзін өзі көреді, өзін өзі танып, біледі» деген автор пікірін бүгінде біз өз публицистикасына қолданып отырған жайымыз бар. Сондықтан, баспасөз беттерінде қазақ жұрты үшін ең өзекті мәселелерді көтере білген ұлт мақтанышының көсемсөздері сол дәуірдің ғана емес, біздің заманның да үлкен жетістігі.

Ғылыми мақаланы тарих ғылымдарының докторы, алаштанушы Мәмбет Қойгелдінің сөзімен қорытындыласақ, «Әлихан Бөкейханов кім? Егер Латын Америкасы үшін Симон Боливар қандай болса, Әлихан Бөкейханов қазақ үшін сондай тұлға. Егер Ататүрік қандай болса, Әлиханда қазақтың сондай тұлғасы. Егер Махатма Ганди Үндістан үшін қандай болса, Әлихан қазақ үшін сондай тұлға».

Әдебиеттер тізімі

1. Аққұлұлы С. // «Жебе» газеті, 10 қазан, 2013 ж.
2. Қазақ» газеті / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет. Құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов
3. «Қазақ» газеті. 1914 жыл / Құраст.: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.
4. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 бет.
5. Әлихан Бөкейхан таңдамалы. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. Алматы, 1995
6. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. 2-кітап. Алматы: «Өлке» баспасы, 2003 жыл, 224 бет
7. Бөкейхан Ә., Ақбаев Ж., Ермеков Ә. Мақалалар, сын-зерттеулер және тергеудегі жауаптар. – Астана: «Фолиант», 2013, - 320 б.
8. Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы. Шығармаларының тоғыз томдық толық жинағы. Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2009-2013 жыл.

ДУХОВНО – ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ НА ОСНОВЕ ВКЛАДА А.БУКЕЙХАНОВА В ИСТОРИЮ КАЗАХСТАНА

*Жумарова С.Т. магистр социальных наук, преподаватель
Карпыза О.С. студент I курса специальности «Регионоведение»
Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова*

Одним из актуальных вопросов казахстанского общества является духовно - нравственное воспитание молодежи. Сегодня становится очевидным, что в процессе глобализации идет стремительный процесс переоценки ценностей, в том числе у молодежи. Сегодня вопрос воспитания молодежи в современном мире весьма актуален. Учет национальной истории в воспитание молодежи играет большую роль. Все это объективно свидетельствует о том, что общество осознает необходимость обеспечения толерантного мироустройства. Именно толерантность может и должна стать сегодня действенным регулятором жизни людей, который направляет государственное устройство, социальные структуры и индивидуальные стратегии поведения и существования по пути гуманизации и

социально-культурного равновесия. Назрела необходимость новой системы воспитания и образования, которая способна не просто последовательно демонстрировать ущербность экстремизма, но и направлять энергию молодых в созидательное русло. Актуальным становится издание и изучение трудов представителей казахской интеллигенции конца XIX – начала XX веков.

Одной из приоритетных дат 2016 года является 150-летие известного общественного и государственного деятеля, организатора и лидера национально-демократической партии «Алаш», главы первого казахского национального правительства Алаш Орда Алихана Букейханова.

Видный общественный и политический деятель, этнограф, журналист А. Букейханов посвятил всю свою яркую и многогранную жизнь делу освобождения и развития казахского народа. Он обосновал идею необходимости возрождения национальной государственности, обозначил пути и способы достижения этой цели, став во главе казахского национально-освободительного движения «Алаш».

В 1911 году известный общественный деятель, депутат Государственной Думы Российской империи Бахытжан Каратаев сказал, что только Алихан Букейханов достоин быть лидером казахского народа. Его ценили, признавали лидером народа такие выдающиеся личности как Ахмет Байтурсунов, Мухтар Ауэзов, Мыржакып Дулатов, Шакарим Кудайбердиев и другие. В качестве лидера казахского народа он был признан и в российском обществе, российской прогрессивной интеллигенцией. Поэтому, учитывая, что Алихан Букейханов стоял у истоков возрождения нашей национальной государственности, если допустимо говорить о месте, значении и вкладе великих личностей в нашей истории, то эта личность нами должна восприниматься наравне с Абылай ханом, Абаем, Кереем и Жанибеком [3, 68].

В 1905 году он был делегирован на съезд земских и городских деятелей России в Москве. Здесь он с высокой трибуны произнес слова в защиту казахского народа, в том числе и его языка: «Являюсь представителем... киргизского народа, занимающего огромную территорию от Урала до Алтая, от линии Сибирской железной дороги до Омска... У нас... преследуется школа с киргизским языком... Крестьянские начальники (большей частью бывшие ротмистры) не допускают при рассмотрении дел киргизского языка. Ближайшей нуждой киргизов является свобода в употреблении родного языка». Народный трибун стал подлинным лидером национального освободительного движения казахов. По признанию начальника Омского жандармского управления, он был «душою всех митингов и петиций и противоправительственных агитаций и как главный инициатор и руководитель всего религиозно - политического движения киргизов ...в степи» [1, 15].

А. Букейханов был глубоко убежден в природной одаренности казахов: «Казахская степь ... не в дальнем будущем достигнет некоторого успеха на пути цивилизации, как народ, одаренный от природы умом, способностью» [2, 32].

И вот такую личность, так называемый советский режим, а точнее сталинско - брежневская тоталитарная система управления империей полностью исключила из нашей политической, научной жизни, запрещали его идеи и его произведения. Официальные идеологи и советская наука говорили о нём как о преступнике, о враге казахского народа и т.д. Анализируя практическую деятельность Алихана Букейханова ещё раз убеждаемся, что главная его цель – это возрождение национальной государственности, построение для родного народа, на своей Родине - демократического, независимого и свободного Казахского государства. Точнее сказать: они, эти позиции, были глубоко враждебны, антогонически не примиримы друг с другом.

Поэтому его преследовали, в конце - концов, убили. Но тут, видимо, следует сказать, что под эти жернова репрессии и обвинения попали не только казах Алихан Букейханов, но и лучшие представители - патриоты народов некогда входивших в «единый и неделимый» Советский Союз. Но там, в бывших советских Республиках всех после объявления

независимости в полном объёме реабилитировали, увековечили память, подняли на ту высоту, которую они заслуживают. На их подвиге воспитывают молодёжь [4, 79].

Но 25 лет назад в результате естественных и неизбежных законов природы и политики распалась советская империя. Казахстан провозгласил свою государственную независимость. Сбылись не только многовековая мечта казахского народа, но сбылось всё то, за что боролся Алихан Букейханов и его соратники.

Анализируя научные источники, можно сделать вывод о том, что наш народ пережил за свою историю череду эпох, которые часто меняли этнические, политические, социальные, а порой цивилизационные параметры их жизни. И в гуще этих событий всегда находились люди, которые по праву назывались одухотворенными личностями с горячим сердцем и чистыми помыслами, высокообразованные и самобытные. Одним из таких людей был А. Букейханов. Ведь не зря понятию интеллигенция придают глубокий моральный смысл, считая ее воплощением высокой нравственности. При этом именно деятельностью интеллигенции во многом определялось, и будет определяться содержание каждой эпохи.

И вот мы живем в другую эпоху, эпоху глобализации и компьютеризации. Техническая мысль дает человеку огромные возможности, небывалые силу, мощь, которая может погубить все живое. Теперь судьба человечества и мира в целом зависит от духовного состояния человека. Вот почему сейчас самой жизнью востребованы моральные и нравственные ценности. Высокий долг каждого работника образования обогащение духовного потенциала республики, активное содействие внедрению достижений научно-технического прогресса в образование и культуру, участие в подготовке творческих кадров, способствование их профессиональному и духовному совершенствованию.

Каждому педагогу, воспитателю, учителю следует бороться за возвышение духа человека. Во имя будущего, во имя мирной и достойной жизни людей разных религий и национальностей необходимо соблюдать светский характер образования, вести целенаправленную работу по профилактике религиозного экстремизма, пропаганде национальной культуры.

Как видим, и в науке, и в образовании, и в здравоохранении есть как успехи, так и изъяны, которые мы сами же в состоянии сгладить. Но как бы не рассуждали, я думаю, перед казахстанским народом сегодня стоит одна главная задача — это объединиться ради благополучия, нравственного и физического здоровья общества, ради воспроизводства молодого поколения, предоставления им возможности для реализации своих талантов, усвоения накопленных человечеством духовных богатств. Существует только одна бессмертная созидательная сила, которая переживает хаос и трудности государства, династии, догмы, классы, — это сила творческого труда.

Не случайно в своем Послании народу Казахстана Президент Н. Назарбаев указывает, что «наша сплоченность и созидательная энергия, стремление сохранить стабильность, гражданское и общенациональное согласие, обеспечить мир и спокойствие в стране будут залогом поступательного продвижения Казахстана к процветанию и благополучию».

Нынешнее время предоставляет нам огромную возможность для духовного и интеллектуального обогащения, для проявления жизненного оптимизма. И этим надо дорожить. Кроме того, я верю, что, несмотря ни на что, нас не оставит неистребимое чувство оптимизма. И в Коране, и в Библии говорится, что «вначале было Слово», и если это так, то это слово людям доносила интеллигенция. Так давайте же доносить людям духовную чистоту и сеять разумное, доброе, вечное! Давайте гордиться своим народом, своей страной. Верить в светлое будущее, и работать на благо своего государства, своего народа, своей семьи!

Библиографический список

1. Аккулыулы С. Алихан Букейхан // Простор, 1993, №10.
2. Кул-Мухаммед М. Формирование и развитие государственно – правовых идей лидеров Алаш-Орды. Алматы: Атамура, 1999.

3.Лепехина Р.Х. Духовно-нравственное воспитание в условиях социальных перемен в обществе. Автореф. дис. канд. пед. наук М., 2003.

4.Романова А.С. Духовно-нравственное формирование учащихся в современных условиях: Автореферат дис.канд. пед.наук: 13.00.01 -Чебоксары, 2000.

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАСЫ ТУРАЛЫ

Журсиналина Г.К.

Тілдік даярлау орталығының меңгерушісі, ф.ғ.к.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Көркем мәтінді зерттеудің психолінгвистикасы соңғы кездерде қарастырыла бастады. Қазіргі қазақ көркем мәтіні арнайы психолінгвистикалық зерттеу нысаны бола қоймаса да, кейбір зерттеулерде оның кейбір қырлары азды-көпті айтылып жүр. Қазақ психолінгвистикасы бір кездері М.Мұқановтың еңбектерінде қолға алынған болатын. Оның кейбір мәселелері Қ.Жұбановтың зерттеулерінде де қарастырылды [1, 16,26].

Қ.Жұбановтың пайымдауларына сүйенетін болсақ, «Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады, қалай оқылса, солай түсініледі немесе түсініксіз күйімен қалып қояды. Мұнда жазған кісіден қайта сұрап алу мүмкіншілігі болмайды. Жазылған сөздің бөлшек-бөлшегін және тыныс белгілерін өте сақтықпен өз орнына қоймасаң, мұнда оның олқысын толтыратын ым да, дыбыс әні де жоқ. Сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құралу тетігін білу қажет»[2, 148б]. Мәтіннің оқырманға әсері туралы Қ.Жұбановтың бұл ойларының жалғасын М.Мұқановтың зерттеулерінен көруге болады. Оның мәтінді адам ойының айнасы, ол адамның ойын түзетеді дегенде ол сөздің энергетикасы, ақпараттық күші, эстетикасы туралы пайымдаған болатын. М.Мұқановтың берген ақыл-кеңестерінің мәтін талдау әдістемесін жасауда дидактикалық маңызы өте зор. Бұл орайда көркем мәтіннің терапиялық және энергетикалық әсері туралы арнайы зерттеуді қажет ететінін айту керек. Мәтіннің жасалу механизмі мен моделі, әсері Л.С.Выготский, М.М.Мұқанов, Т.М.Дридзе, А.А.Леонтьев, И.А.Зимняя, Н.И.Жинкин, А.Р.Лурия, Л.В.Сахарный, А.М.Шахнарович т.б. еңбектерінде біршама зерттелді. Осы зерттеулердің арқасында кез келгеннің мәтіннің жасалу механизмі негізгі үш сатыдан тұратыны анықтау мүмкін болды: 1) *мотивация және ондағы негізгі ой*; 2) *оның жүзеге асу жоспары*; 3) *жүзеге асу жоспары мен негізгі идеяның үйлесуі*.

Кез келген әрекеттің мотивациясы болатыны белгілі. Мотивация мәтіннің жасалуының бастапқы сатысы әрі алғышарты болып табылады. Адам сөйлеген кезде мәтін жасауды көздемейді, мәтін танымдық мақсаттан туатын немесе өзгеге әсер етіп, өзінің ішкі сезім толқынысын сыртқа шығару мақсатынан жасалатын сөйлеу әрекетінің жемісі, нәтижесі болып саналады. Мотив кейінгі сөйлеу механизмдерін іске қосып, оған іштей серпін береді. Мотивация сатысында адамның кімге және не айту керектігі жөніндегі ішкі жоспары құрылады. Мәтіндегі негізгі ой автордың концепциясын белгілейді. Сөйлеушінің мақсатына және негізгі ойдың берілуіне қарай мәтіндер психолінгвистикалық тұрғыдан үш топқа жіктеледі:

-ақпаратты жеткізу мақсатын көздейтін ақпараттық мақсаттағы мәтіндер;

-мақсаты айқын – практикалық, танымдық, қатысымдық әрекеттерге итермелейтін, соған ықпал ететін мәтіндер;

-аффективті әсер ету мақсатындағы эмоционалды мәтіндер.

Мотивацияның және негізгі ойдың жүзеге асу сатысында мәтіннің іштей жасалу механизмдері енді сыртқа бағытталады. Бұл сатының жүзеге асуына келесі факторлар әсер етеді: сөйлеу әрекетінің мақсаты, реципиенттің қатысымдық портреті. Осы екі факторға байланысты әр мәтіннің мазмұны мен формасы сұрыпталып, белгілі бір түр, стильдік сипат алады.

А.И.Новиковтың ойынша, мәтіннің қабылдануының өзіндік табиғаты бар, мәтін ол мағыналардың бірізділігі және ол адамның сезу мүшелерін тітіркендіру арқылы әсер етеді. Ғалымның ойын жалғастырар болсақ, мәтінді қабылдау негізгі сатыдан тұрады: «Первый из них связан с непосредственным восприятием материальных знаков. На втором этапе осуществляется переход от образа языкового знака как материального объекта к образу его содержания. Оба эти этапа сопровождаются осмыслением, пониманием воспринимаемого материала» 3 [3, 35].

Шын мәнінде, мәтінді түсіну үдерісінің қалай жүзеге асатыны өте қиын сұрақ. Мәтінді түсіну өте күрделі ойлау үдерісі, үдеріс болғандықтан да ғалымдар оның өту сатыларын анықтауға тырысты. Санада сәулеленген қандай да бір ақпараттың қайтадан бірнеше рет декодталып, тілдік кескін-келбет алуы, таңбалануы адамның іштей үнсіз *сөйлеу алқабында* өтетін үдеріс (М.Мұқановтың термині). Бірақ бұл үдерісте сырттан келген тітіркенгіштердің арқасында ақпарат тек тілдік қабат алып қана қоймайды, ол санаданың интеллектуалдық қызметін де қоздырады, әр адамның мәтінді түсіну деңгейі осымен өлшенетін болса керек.

Л.В.Сахарныйдың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, мәтіннің қабылдануына ондағы тірек сөздер ұйытқы болады, себебі тірек сөздер сананың қызметін іске қосатын негізгі информатор, негізгі қоздырғыштар сияқты болады. Негізгі тірек сөздердің ассоциативтік тұтастығын құру мәтін мағынасын түсінуге жол ашады. Мәтінді мазмұндағанда да айтушы оны сөзбе-сөз емес, негізгі оқиғаның желісін керекті сөздермен баяндап бере алады. Оқиғаны баяндауда айтушы өзі тірек сөздерді іріктеп (ол санада автоматтанған түрде өтеді), қажеттісін ғана қолданады. Л.В.Сахарный өзінің жүргізген тәжірибелерінің нәтижесінде, мәтін адамның санасында негізгі тірек сөздердің жиынтығы түрінде сақталатынын дәлелдейді. Тірек сөздер мәтінге қатысты негізгі ақпараттарды өз бойына жинақтап, сыйдырып тұрады. Ол мәтін туралы ақпараттардың сигналдары сияқты болады. Мәтін мазмұнын баяндауда осы сигналдардың бойындағы ақпараттар толыққанды сипат алып, тілде көрініс береді. Бұл үдерістің нақты мәтін түрлеріндегі көрініс әлі де арнайы зерттеуді қажет етеді. Көркем мәтіндердің психолингвистикалық сипаты жалпы мәтінге тән белгілерге ие болғанмен, оның тілдік болмысы бөлек. Ендеше оның қоздырғыштары да, оған әсер ететін факторлардың басқа да түрлері болуы хақ. Сондай-ақ, сана қызметі мен түрлерінің өзіндік ерекшеліктерін анықтау, санадағы көркем ойлау үдерісін зерттеу де өзінің шешімін күтіп тұрған мәселелердің бірі болып табылады. Дегенмен, мәтіннің жасалуы мен қабылдану үдерісіне қатысты зерттеулердің дидактикалық маңызы өте зор.

Прагмалингвистика коммуникативтік іс-әрекет туралы ғылым ретінде тіл ғылымының басқа салаларымен органикалық байланыста болады. Прагмалингвистика шынайы қарым-қатынастың субстанционалдық-функционалдық қасиеттерін, адамның коммуникативтік іс-әрекетінің ауызша (дискурс), жазбаша (мәтін) екі формасын қарастырады. Нақты қарым-қатынас жағдайындағы тілдік және сөйлеу тұлғаларының, бейвербалды амалдардың вербалдануын, өмірлік жағдаяттарда адам таңбалар арқылы өзінің ой-пікірін тыңдаушыларына немесе оқырманына қалай жеткізе алатынын зерттейді. Ч.У.Моррис, Р.Стольников, Н.Д.Аруланова, Ч.Стивенсон, Ф.Кифер, В.Г.Гайа Е.В.Падучева т.б. прагматика теориясын зерттеушілер тілдік таңбалардың әр түрлі деңгейлерін ғана қарастырмайды, сөйлеу қарым-қатынасының барлық параметрлерін, таңба мен оны қолданушы адам арасындағы қарым-қатынасты зерттейді. «Прагматиканы динамикадағы мәтін – дискурсты оны дүниеге келтіруші адаммен байланыстыратын ғылым деп атауға болады» [5.,76]. Прагматикалық тұрғыдан көркем мәтін жазба мәтін болса да, әдеби-эстетикалық қарым-қатынасқа қатысушы – автор мен оқырманды байланыстырушы әрекеттің бір түрі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сұлтан.Ж. Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі. Филол.ғ.канд.автор. А., 2007. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе МемУ. 26б. 16-б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А.: Ғылым, 1999. 581б. 148-б.

3. Новиков А.И. Семантика текста и ее формализация. М., 1983. 35-б.
4. Жаманбаева. Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздер: эмоция, символ, тілдік сана. А, Ғылым, 1998. 140б. 16-б
5. Ернарзова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері. Алматы., 2010, 7-б.

ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ӨЗГЕ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Испандиярова А.Т.

*Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,*

Қазақ тіл білімін зерттеуші І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев «Қазіргі қазақ тілі атты еңбектерінде: «Қалыптанған тиянақты фразеологиялық топқа жататын сөздердің бір саласы қос сөздер болады» десе, ал профессор А.Ысқақов болса: «...сөзді қайталап қолданудан...лексикалық түсінігі өзгермейді, демек, жаңа сөз тумайды, тек грамматикаланады», - дейді [1]. Профессор К.Аханов «Грамматика теориясының негіздері» деген еңбегінде қос сөздердің үстеме буынды түрлерінен басқаларын күрделі сөз деп қарайды. Сонымен, жоғарыда келтірілген пікірлерден қос сөздердің лексикалық тұлға болу-болмауы әлі де шешімін толық таба алмаған мәселенің бірі болмақ. Қос сөздердің күрделі сөздер қатарына жатуы осылайша әртүрлі пікір тудырғанымен, бұларға ортақ кейбір жақтардың барлығын да бекерге шығаруға болмайды. Ондай ортақ белгілерге, біріншіден, құрамындағы сөздердің сыртқы пішіні, дыбысталуы мен ішкі мән-мағынасы негізінде қалыптасқан құралымының болуы, екіншіден, белгілі сөз табына жатуы; үшіншіден сөйлемге мүше болғанда да бірінен-бірі ажырамай, бір ғана мүшенің, сондай-ақ сөз тіркесінің бір ғана сыңарының қызметін атқаруы жатады.

Бұлардың бір-бірінен ерекшеліктері неде?

Күрделі сөздер құрамы екі сөзбен шектелмей, одан ортақ сөзден де бола беретіні белгілі. Ал қос сөздер құрамы екіден аса қоймайды.

Күрделі сөздер компоненттері ортасына басқа сөзді сыналап қою мүмкін болмаса, көпшілік қос сөздер сыңарлары арасына үшінші бір сөзді қоюға болады. Мысалы: төсек-орын (төсек те орын), сарт-сұрт (сарт та сұрт), сөйлей-сөйлей (сөйлей де сөйлей).

Бұдан кейін көпшілік күрделі сөздерден сөз тудырушы жұрнақтар арқылы басқа бір сөз тудыруға болады, Мысалы: биыл-биылғы, аққу –аққудай. Ал, қос сөз бойында ондай қасиет байқалмайды.

Күрделі сөздердің арғы тегі, негізінен сөз тіркесі, некен-саяқ болмаса, көпшілік күрделі сөздерге негіз болған сөз тіркесін тауып, оны түсіндіруге болады, ал қос сөздер олай етуге келмейді, өйткені ол сөз тіркесінен ажырамаған. Оған тарс-тұрс, шай-пай тәрізді мысалдар дәлел.

Морфологиялық сипаты, яғни морфемалық құрамы жағынан қос сөз сыңарлары аса күрделі болады, мәселен, қайталама қос сөздердің компоненттері жалаң түбірлерінің жай қайталануынан да (биік-биік, қап-қап), қосымшалы сөздің қайталануынан да (өзді-өзімен, сөйлей-сөйлей) бола береді. Қосарлама қос сөздердің компоненттеріне келсек, олар да, біріншіден сөздердің қосымшасыз қосарлануынан (кұрт-құмырсқа, бақа-шаян), екіншіден, қосымшалы-қосымшасыз сөздердің қосарлануынан (төсек-орын, темір-терсек, жата-жастана), үшіншіден, күрделі сөз бен жалаң сөздердің қосарлануынан (бүгін-ертең, ағайын-туған, аш-жалаңаш) жасалады.

Демек күрделі сөз компоненттері морфологиялық құрамы жағынан жинақы, бір ізділеу болып келсе, қос сөздердікі бытыраңқы, ала-құла болып келеді. Фонетикалық жақтан қос сөздердің компоненттері буын, дыбыс жақтарынан үйлесіп, ыңғайласып, ұйқасып отырады. Мысалы: емін-еркін, қалған-құтқан, олпы-солпы тәрізді сөздердің компоненттері екі; мең-зең, у-шу тәрізді қос сөздер бір буыннан тұрады. Абысын-ажын дегенде екі компонентті де бірінғай дауысты «а» фонемасынан басталса, жүн-жұрқа дегенде бірінғай дауыссыз «ж»

фонемасынан басталып тұр. Қос сөздер ішінде бұл сияқты ассонанс, аллитерация құбылыстары жиі ұшырайды. Ал күрделі сөзде бұл кездеспейді.

Қос сөздер құрамындағы сөздердің сөз табына қатынасына келсек, оның құрамында күрделі сөздердей емес, сөз таптары түгелдей кездеседі. Мысалы, зат есім де (жер-су, ел-жұрт), сын есім де (үлкен-кіші, жақсы-жаман), сан есім де (бір-екі, он-он бес), есімдік те (кімде-кім), етістік те (буынып-түйініп, келді-кетті), үстеу сөз де (ерте-кеш, әрі-бері), еліктеу сөз де (даң-дұң, шатыр-шұтыр), әр тарап сөз де (бар-жоқ, аз-көп), шылау сөз қатысты сөз де (көзбе-көз), одағай сөз де (шөре-шөре) кездеседі, ал күрделі сөздің құрамында, мәселен, көмекші сөз болмайды.

Ал енді, қос сөздер мен сөз тобының ара-қатынасына келсек, әдетте, оның құрамындағы сыңарлары қай сөз табына жататын сөз болса, олардың қосарлануынан пайда болған қос сөз де сол сөз табына жатады. Бұдан ерекше тек үстеу сөз, мәселен, көзбе-көз, сөйлей-сөйлей тәрізділердің компоненттері бірінде негізінен зат есім, екіншісінде етістік категориясына жататын сөз бола тұра, сөз табында үстеу сөз болады. Бұл тегі үстеудің сөз табы ретінде қалыптасу ерекшелігінің өзгешелігінен болса керек.

Сонымен, сөз қосарлануы арқылы оның құрамындағы сөздердің лексика-грамматикалық сипатынан мүлде басқаша сөз табының пайда болуы қос сөздерден болған бірен-саран ғана сөз табының басында кездеспесе, көпшілігінде ол байқалмайды. Ал сөздердің кірігуі, бірігуі, тіркесуі арқылы сөз таптарын бүтіндей қамтиды. Оған: асқазан, сексен, түрегел тәрізді біріңғай сөз табынан, ақсақал, ұлтабар, бүгін, еңбек ету тәрізді әр түрлі сөз категориясынан пайда болған алуан түрлі мысалдар айғақ болады.

Сонымен, сөздердің қосарлануы, негізінен, жеке сөз таптарының аясынан шықпайтын бір жақты құбылыс болмақ та, ал сөздердің кірігуі, бірігуі, тіркесуі құрамындағы сөздердің лексика-грамматикалық сипатына орайлас та, одан мүлдем басқа да сөз табын тудыратын әр жақты, әрі құнарлы, әрі күрделі құбылыс болмақ.

Күрделі сөздер мен қос сөздердің бір-бірінен айырмашылығын олардың құрылымындағы сөздердің лексикалық сипатынан да көруге болады. Мысалы: күрделі сөз компоненттері дербес лексикалық мағынасы бар сөздерден болса, қос сөз компоненттері дербес мағынасы бар сөздерден де, көмекші сөздерден де бола береді, тіптен дербес мағынасы бар түріндегі атауыш сөздердің өзі де мағына жағынан еркін емес, әдетте олар, мәндес, қайшы мәндес, ұштас, сыбайлас сөздерден болады. Мысалы, мәндес қос сөздер: аңырап-боздап, ашық-жарқын, алдап-арбап, алым-салық, арып-ашып, ер-азамат, жан-жақ, жол-жоба, мінез-құлық, хал-жағдай т.б.

Қайшы мәндес қос сөздер: ашып-жұм, асты-үсті, болар-болмас, келімді-кетімді, өліп-тіріліп, ірілі- уақты т.б.

Ұштас қос сөздер: аты-жөні, апалы-сіңлілі, ата-ана, есі-түсі, жын-шайтан, ойын-күлкі, ой-пікір, соқыр-мылқау, үй-жай т.б.

Енді сөз таптарының құрамында кездесетін қос сөздердің семантикасына назар аударайық. Мәселен, қып-қызыл, жап-жақсы тәрізді сын есім категориясында кездесетін түрлері сапаға үстеме мағына қосып одан шырайдың күшейтпелі шырай деп аталатын түрін жасайтыны белгілі. Бұлай болғанда, үстеме буын лексикалық емес, грамматикалық қызмет атқарады. Демек, грамматикалық тұлға болады.

Ескі-құсқы тәрізді қос сөздерден де кемсіну, қомсыну реңі аңғарылады. Олай болса, бұлардан да лексикалық мағынасы тың сөз жасалмайды.

Сан есімде кездесетін бес-алты, он-оннан тәрізді түрлеріне келсек, олар әдетте, қосарланған сан түрлеріне тек болжалдық, топтық мағына үстеп, сан есімнің семантика-морфологиялық түрлерін жасауға қатысады. Үстеу сөздердегі күні-түні тәрізді түрлері мезгілдік; әрең-әрең сын-қимылдық, көре-көре түрлері себеп-салдарлық қосымша мағына қосып үстеудің семантикалық топтарын жасайды. «Зат есім категориясында кездесетін, мәселен, тау-тау астық, тал-тал шаш тәрізді түрлеріне келсек олар да лексикалық емес, грамматикалық мағына немесе стильдік рең, ал ет-мет, шай-пай, тәрізділер эмоциялық рең үстейді. Мәселен, заттық ұғымды білдіріп, оның атауы болатын мая сөзін қайталап мая-мая

дегеннен одан басқаша бір ұғым, басқаша бір лексикалық мағынасы бар, соған атау болып табылатын жаңа бір сөз пайда болып тұрған жоқ. Мая шөп дегенде бірді, мая-мая шөп деген әлденеше маяны білдіреді емес пе. Мұны, заты көптік ұғымның синтаксистік тәсілмен берілу жолына жатқызған жөн. Сол сияқты биік-биік деген тізбектен басқа бір сапаны білдіретін сөз байқалмайды. Осылар тәрізді қос сөздердің қосарлама түрлерінен де, негізінен алғанда, жаңа сөз жасалмайды.

Идиомалау процесі арқылы тұрақты тіркес қасиетіне иеленген некен-саяқ, анда-санда, іле-шала тәрізді мағыналары басқа сөзбен беруге келетін сөздер және осы типтес, мәселен, бірен-саран, оқта-текте, жалма-жан, тәрізді сөздер болмаса басқа қос сөздерді нағыз күрделі сөздермен бір қатарға қою, біздіңше, жансақ пікір болса керек.

Демек, қос сөздерді сөз тудырудың аналитикалық тәсіліне жатқызғанның өзінде де оны біріккен, құрама сөздер тәрізді өнімді тәсіл деуге келмейді. Қос сөздерді, әрине тілде лексикалық мүддені өтеуге жұмсалмайды емес, жұмсалады. Соның өзінде барлығы емес, негізінен, қосарлама деп аталатын түрі. Бірақ олардың өзі де күрделі сөздер сияқты, заттық, сапалық, сандық, іс-әрекет, қимылдық тәрізді ұғымдарды білдіріп, солардың атауы ретінде емес, әр алуан жалпылама, экспресивтік ұғымның атауы ретінде қызмет атқарады. Мысалы, ағайын-туған, абысын-ажын, қас-қабак, жан-жануар, қиян-кескі т.б.

Қос сөз мәселесі зерттелмеді дей алмаймыз, ол турасында құнды пікірлер, тұжырымдар да аз емес. Соған қарамастан, оны лексикалық тұрғыдан егжей-тегжейлі зерттеп, тілдің әр саласына жататын жақтарын алмай, оны бір ғана құбылыс деп қарау дұрыс болмайды [2, 12].

Әдебиеттер тізімі

1. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі: Лексика, фонетика. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1962.–314б.

2. Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: «Ана тілі», 1991 ж.-120 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Назбду Қамарова,

Ш.Есенов атындағы КМТИУ профессоры, Ақтау қаласы

Әлихан Бөкейханды қазақ публицистикасының негізін салушы деуге әбден болады. Бұл бұған дейін ғалымдар тарапынан айтылған пікірлер. Әлихан төңкеріске дейін 4 газет, оның үшеуі орыс тілінде - «Иртышь», «Омичъ» және «Голось степи» газеттеріне өзі редактор болса, қазақ тіліндегі тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырды. Төңкерістен кейін қазақ тіліндегі «Темірқазық» және «Шолпан» журналын шығарып, 1925 жылдан бері шыға бастаған «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» және «Сәуле» журналдарын ашуға мұрындық болды. «Жаңа мектеп» журналының кейін «Қазақстан мектебі», ал «Әйел теңдігі» журналының «Қазақстан әйелдері» басылымына айналғанын ерекше айта кеткен маңызды.

Әлихан Бөкейханның публицистік жолы қолдағы бар нақты тарихи деректер бойынша 1889 жылдан 1927 жылға дейін 40 жылға жуық кезеңді қамтиды. Ал «дүние жүзі пролетариатының көсемі» В.И.Лениннің жақын үзеңгілесі болған Д.В.Бонч-Бруевичтің 1934 жылы Мәскеуде пәтер қамағында отырған Әлиханға жазған хатын (№ 1 суретті кара.) қаперде ұстасақ және Алты Алаш көсемінің шамамен 20-30-жылдары «Фигаро» (Париж, Франция) газетінде жарияланып тұрғаны туралы мәлімет расталатын болса, онда оның публицистикалық дәуірі 1930-жылдардың ортасына дейін дерлік жалғасқан болады. Оның кейінге қалдырған бай ғылыми-публицистік мұрасының тек библиографиялық көрсеткішінің өзі ғана 55 беттен асады. Әлиханның мыңға жуық мақала мен очерктен және тағы басқа туындыдан тұратын ғылыми-публицистикасы 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін және одан кейінгі 1927 жылға дейін 50-ден астам қазақ және орыс газет-журналында, оның ішінде төңкеріске дейін ғана 30-ға жуық қазақ-орыс басылымында жарық көрді. Әлиханның қаламынан шығып түрлі мерзімді басылымнан жарық көрген туындыларының географиясы

да қазіргі кең байтақ Еуразия кеңістігін қамтиды. Оның ең алғашқы бір топ мақаласы 1889 жылы Дала генерал-губернаторының ресми ұнқағазы ретінде Омбыда шығып тұрған «Особые прибавления къ «Асмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» газеті мен оның қазақша қосымшасы «Дала уалаятының газетінен» көрінсе, көп ұзамай оның түрлі бүркеніш есімі көрсетілген туындыларын 1917 жылғы Ақпан төңкерісі мен Қазан бүлігіне дейінгі бір Омбының «Степной край», «Степной пионеръ», «Омичъ», «Иртышъ», «Голосъ степи», Томскінің «Сибирская жизнь», Семейдің «Семипалатинскіе областныя ведомости», «Семипалатинскій листокъ», Ташкенттің «Туркестанскіе ведомости», Орынбордың «Степь», «Қазақ» газеттері мен қазақтың тұңғыш «Айқап» журналынан, С.Петербордың «Речь», «Сынъ отечества», «Наша жизнь», «Слово», «Восточное обозрение», Ресей мұсылмандарының «Въ мире мусульманства» мен «Мусульманская газета» және «Сибирскіе вопросы» журналынан жиі ұшыратуға болатын.

1917 жылдың күзіндегі Қазан бүлігінен кейінгі кезеңде, әсіресе Совет өкіметінің күштеуімен Мәскеуде тұруға мәжбүр болған (1922-1937 жж.) кезеңде оның қайсыбір ғылыми-публицистикалық мақала-материалын жарияламаған қазақ газет-журналы кемде-кем болды - ол мерзімді басылым Мәскеуде, не Қазақстанның өз ішінде жарық көрсін. Міне тақырып жағынан сан-алуан әрі мол ғылыми-публицистік мұраның авторы - Әлихан Бөкейханды қазақтың тұңғыш кәсіби журналисі деуге де, қазіргі қазақ публицистикасының негізін қалаушы деуге де толық негіз бар. Олай деуге Ә.Бөкейханның 1894 жылы С.-Петербургдан Омбыға бір емес, «ормантанушы-ғалым» әрі «заңгер» деген 2 бірдей дипломымен оралған бойда қызмет жолын кәсіби журналист ретінде бастағаны ғана себеп болып отырған жоқ. 1937 жылдың шілдесінде Бутырка түрмесінде өз қолымен толтырған «тұтқын анкетасындағы» «төңкеріске дейінгі мамандығың мен кәсібің не?» деген саулаға «ұлттық-территориялық Алашорда автономиясының төрағасымын» немесе «ормантанушы-ғалыммын», тіпті болмаса – «жер бағалаушымын» деп емес, «журналиспін» деп жазғаны да негіз болады. Дегенмен де Әлихан Бөкейханды қазақтың тұңғыш кәсіби журналисі әлі қазіргі қазақ публицистикасының негізін қалаушы деуге басты себеп – оның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың 30-ыншы жылдарына дерлік кезеңдегі мерзімді қазақ басылымы мен қазақ журналистикасының және жалпы публицистика жанрының қалыптасып өркендеуіне қосқан теңдессіз зор үлесі болып табылады.

Әлиханнның ғылыми-публицистикасы арқылы қазақтың қазіргі мәдениетін дамытып, қазақ ұлтын қалыптастыруға қосқан үлесі туралы белгілі драматург, жазушы әрі Алаш қозғалысы белсенділерінің бірі Қошмұхаммед Кемеңгерұлы 1924 жылы былай деп жазды: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде, айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азаматтың тобы болды. Бұл топты баулыған Әлихан. Әлиханнның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ салған қазақ ұлты туды».

Әлиханнның ғылыми-публицистикасын XIX соңы мен XX ғасыр басындағы отаршыл империяның езгісіне қарсы күрескен бір Қазақстан емес, бүкіл отаршыл Ресей империясындағы тарихи оқиға-құбылыстардың шежіресі деп батыл айтуға болады. Алаштың ұлы Әлихан өзінің мақала-очерктерін 40-қа жуық бүркеніш есімімен (псевдонимімен) жариялады. Олардың көпшілігін орыс тілінде пайдаланды

Әлихан төңкеріске дейін 4 газет, оның үшеуі орыс тілінде - «Иртышъ», «Омичъ» және «Голосъ степи» газеттеріне өзі редактор болса, қазақ тіліндегі тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырды. Төңкерістен кейін қазақ тіліндегі «Темірқазық» және «Шолпан» журналын шығарып, 1925 жылдан бері шыға бастаған «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» және «Сәуле» журналдарын ашуға мұрындық болды. «Жаңа мектеп» журналының кейін «Қазақстан мектебі», ал «Әйел теңдігі» журналының «Қазақстан әйелдері» басылымына айналғанын ерекше айта кеткен маңызды.

Әлихан Бөкейханның публицистік жолы қолдағы бар нақты тарихи деректер бойынша 1889 жылдан 1927 жылға дейін 40 жылға жуық кезеңді қамтиды. Ал «дүние жүзі

пролетариатының көсемі» В.И.Лениннің жақын үзеңгілесі болған Д.В.Бонч-Бруевичтің 1934 жылы Мәскеуде пәтер қамағында отырған Әлиханға жазған хатын (№ 1 суретті кара.) қаперде ұстасақ және Алты Алаш көсемінің шамамен 20-30-жылдары «Фигаро» (Париж, Франция) газетінде жарияланып тұрғаны туралы мәлімет расталатын болса, онда оның публицистикалық дәуірі 1930-жылдардың ортасына дейін дерлік жалғасқан болады. Оның кейінге қалдырған бай ғылыми-публицистік мұрасының тек библиографиялық көрсеткішінің өзі ғана 55 беттен асады. Әлиханның мыңға жуық мақала мен очерктен және тағы басқа туындыдан тұратын ғылыми-публицистикасы 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін және одан кейінгі 1927 жылға дейін 50-ден астам қазақ және орыс газет-журналында, оның ішінде төңкеріске дейін ғана 30-ға жуық қазақ-орыс басылымында жарық көрді. Әлиханның қаламынан шығып түрлі мерзімді басылымнан жарық көрген туындыларының географиясы да қазіргі кең байтақ Еуразия кеңістігін қамтиды. Оның ең алғашқы бір топ мақаласы 1889 жылы Дала генерал-губернаторының ресми үнқағазы ретінде Омбыда шығып тұрған «Особые прибавления къ «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» газеті мен оның қазақша қосымшасы «Дала уалаятының газетінен» көрінсе, көп ұзамай оның түрлі бүркеніш есімі көрсетілген туындыларын 1917 жылғы Ақпан төңкерісі мен Қазан бүлігіне дейінгі бір Омбының «Степной край», «Степной пионеръ», «Омичъ», «Иртышъ», «Голосъ степи», Томскінің «Сибирская жизнь», Семейдің «Семипалатинскіе областные ведомости», «Семипалатинскій листокъ», Ташкенттің «Туркестанскіе ведомости», Орынбордың «Степь», «Қазақ» газеттері мен қазақтың тұңғыш «Айқап» журналынан, С.Петербордың «Речь», «Сынъ отечества», «Наша жизнь», «Слово», «Восточное обозрение», Ресей мұсылмандарының «Въ мире мусульманства» мен «Мусульманская газета» және «Сибирскіе вопросы» журналынан жиі ұшыратуға болатын.

Тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдиев бір жазбасында былай дейді: «1925-нші жылы Бөкейханов Сталиннің хатынан кейін «Шығыс» және орталық баспаларынан жұмыстан шығарылды. Жұмыстан босағаннан кейін Бөкейхановтың отбасын асырайтын ақшасы болмай қалды. Тау-кен институтында оқып жүрген баласы Сергейге степендия бермей қойды. Сонда Әлекең «Ең болмағанда балама степендия беріндер», деп өкімет орындарына барды. Сөйтіп, Әлекеңнің күн көретін қаржысы болмай қалды. Сол кезде Қазақстанда жүрген азаматтар, ішінде министрлер де бар, қалталарынан жасырын түрде қаржы жинап, Мәскеуде үйқамақтағы Әлекеңе жіберіп отырған. Міне, қазақ қайраткерлерінің дәрежесі сондай биік деңгейде болған». Әлихандай Алаштың аяулы азаматының басына күн туғанда да қазақ зиялылары барынша көмектескен. Ұл көсемі мақалаларын бүркеншек атпен жазуға тура келді. Әлихан Бөкейханның бүркеншек есімдерінің осы күнге дейін анықталғаны 30-дан асады екен. Олардың басым көпшілігін қазақ публицисі орыс тіліндегі публицистикасында қолданылды. Атап айтқанда, - **Қыр баласы - Сын степей** және **V** деген екі бүркеншек есімін ғана екі тілде қатар пайдаланды. Әлиханның төл тіліндегі публицистикасында қолданған бүркеншек есімдерінен осы күнге қарай анықталғандары мыналар: **Ә.Н. [Ә.-лихан Н.-ұрмұхамедов]**, **Қыр ұғлы** немесе Қыр ұлы, Қыр баласы, Қ.Б., Ғали хан немесе Әли хан, Ғ.Б. немесе Ә.Б. [Ғ.-Али хан Б.-өкейхан немесе «Ә.-ли хан Б.-өкейхан], Арыс ұлы, Түрік баласы, Қалмақбай және V.

Ә.Бөкейханның «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты мақаласы Абай туралы жазылған тұңғыш мақала. Біз осы мақаласымен де Ә.Бөкейханды Абайтанудың негізін салған деп айта аламыз. 1905 жылы Абай дүниеден өткеннен кейін жеті айдан соң Семей қаласының Географиялық бөлімшесінің «Семипалатинский листогында» Абай туралы азалы ғұмырнаманы жазған Ә.Бөкейханов терең толғаныспен жазған. Ә.Бөкейханды Абайтанудың негізін салушы ретінде атаған белгілі зерттеуші Тұрсын Жұртбаев 2011 жылдың 29 қарашасындағы мақаласында ұлт көсемі туралы толымды ой айтады.

Әлихан Бөкейхан Алаштың шын көсемі болды және болашақ ұлт көсемдеріміздің тұлғалық үлгісі, кісілік бейнесі деп айта аламыз. Қазақ барда Әлихан Бөкейхан да бірге жасай бермек. Қазақ көсемсөзінің көшбасындағы Ә.Бөкейхан еңбектерін зерделеу – бүгінгі ұрпақ еншісіндегі іс.

ЗНАНИЕ КАК УНИВЕРСАЛЬНАЯ АКСИОЛОГИЧЕСКАЯ ЦЕННОСТЬ СОВРЕМЕННОГО ЧЕЛОВЕКА

*Какенов М.К. ст. преподаватель кафедры Философии
Костанайского государственного университета имени А.Байтурсынова*

Мы живем в такое время, когда в общественном сознании происходит переосмысление старых и формирование новых ценностей. Изучение генезиса и природы общечеловеческих и индивидуальных ценностей, в том числе ценностей образования, ставшие фундаментальной проблемой гуманитарного познания. Междисциплинарные проблемы вопроса ценностей, без которых невозможно их серьезное всестороннее рассмотрение, проявляется в частности в том, что ими занимаются не только философы, социологи, психологи, педагоги, но и представители так называемых негуманитарных наук в силу того, что субъективно понятия ценностей переживаются всеми людьми как идеалы, которые являются ориентирами желательного состояния дел [1].

На сегодняшний день особенно у молодежи наблюдается рост интереса к получению качественных знаний, практических навыков, способствующих росту их интеллектуального уровня, материального благосостояния, морального удовлетворения человека и в целом общества. Вместе с тем люди задумываются и над тем, какое место в их жизни занимают гуманистические ценности. В образовании статус «гуманистический» приобретает реальную ценность, которая реализуется в профессиональной деятельности в результате живого общения педагога с обучающимся, направленные на его всестороннее развитие посредством образования и воспитания, становление его как личности с ценностными качествами. Ценностный подход в образовании связан с выявлением и формированием системы ценностей человека, фактически представляющих собой совокупность осознанных смыслов его жизни и ценностных ориентации, направляемые субъекта на реализацию поставленных целей.

Для человека центральное базовое основание личности является главным в жизни, которое наиболее значимо и обозначается термином «ценностность». Ценностность характеризуется единством определенной внешней направленности личности и ее представлением о себе, т.е. своим «Я» в окружающем мире. Ценностность – это некоторое единое синтетическое образование, в котором как бы связано собственное - субъективное и внешнее – объективное [2].

На сферу мировоззренческого осмысления мира, понимания своего отношения к окружающей действительности, взаимоотношений с людьми направлены ценностные ориентации обучающегося. С точки зрения этого подхода предметом изучения педагогики, педагогической психологии, философии является ценностно – смысловая сфера личности обучающегося, и в первую очередь индивидуальные способности в понимании вопроса бытия, интерпретации смыслов жизни. Ценностный подход направлен на анализ понимания смыслов, развития способностей обучающихся к такому осмыслению получаемых знаний, который включает осознание его гуманистической ценности. Следовательно, понимание как компонент гуманистического мышления позволяет ценностно опосредовать познавательную деятельность.

Сущность гуманистического мышления заключается в ценностном осмыслении бытия и его понимания. Существуют весьма разнообразные направления изучения личности. Направленность на целостный подход к личности издавна интересовала философов. Теоретическое представление о личности, особенно о целостности личности, обычно не воплощаются соответствующим данным представлениям в эмпирических исследованиях и тем более не находят воплощение в диагностике личности.

Сформированные ценности обуславливают тенденцию к максимальной самореализации в соответствующей ценностной сфере. Однако ценность иногда имеет свойство односторонности, которая порождает односторонность личности и обуславливает трудности

в ценностных и не ценностных сферах, так как успешность функционирования зависит от многосторонности реализации разных взаимозависимых аспектов личности, в данном случае разных типов ценностей. Например, сочетание ценностей реального функционирования и ценности действия в соответствии с требованиями учебной деятельности. В этом случае проявляются особенности, свойственные обоим типам, которые могут сосуществовать как бы параллельно [3].

Отсутствие в ценности тех или иных элементов препятствует максимальной реализации личностных возможностей. Максимальная реализация личностных возможностей имеет место при сочетании всех трех основных типов ценности: деятельности, отношения, познания. В этом случае мы говорим об универсальности ценности, которая является формой воплощения потенциальных сущностных свойств человека, таких, как – многогранность, перманентность, способность отождествления себя с другими и способность выделения своего личного от всего окружающего.

Охарактеризовывая человека с универсальной ценностью прежде всего можно отметить, что нередко он отличается своеобразием облика. Он проявляет общий живой интерес к самым разным содержаниям и от него исходит атмосфера дружелюбия и доброжелательности к окружающему миру. Так же они легко достигают высших уровней в вопросах взаимоотношений. Они воспринимают других людей не эгоцентрично, т. е. не через их связь с собой, а независимо - объективно, максимально учитывая самооценку каждого человека и закономерную взаимосвязь всех процессов и явлений в мире. Такой человек достигает высших результатов во всех основных сферах своих интересов, так как, они по настоящему ценностней для него.

Еще одним признаком универсальной ценности являются высшие уровни умственного развития, проявляющиеся в сочетании абстрактного и конкретного, в направленности на получение самых новых знаний, в поиске разнообразных способов решения познавательных задач. Такая учебная деятельность не представляет затруднений. Оказывается интересной, привлекательной и трудовая деятельность. Они стремятся выполнять ее как можно лучше, постоянно варьируя и совершенствуя способы деятельности и ее результаты [4].

Люди с универсальной ценностью проявляют стремление к постоянному совершенствованию. Это относится ко всем компонентам их деятельности в разных направлениях. Им особо характерно стремление к преодолению привычных ограниченных представлений о мире и о себе, то есть они демонстрируют высокий уровень «неконечности» во всех сферах своей деятельности. Для них можно сказать особо значимым и ценностным является все новое, цивилизационно - передовое. Во всех своих действиях они проявляют тенденцию к варьированию, выходу за пределы имеющихся знаний, совершенствуют новые способы деятельности и выстраивания отношений.

Таким образом, все вышесказанное и вышеперечисленное подводит нас к пониманию того, что для людей с универсальной ценностью характерна высокая творческая направленность. Потребность в постоянном развитии, то есть самосовершенствование, разносторонность ценностной сферы, способность преодоления привычного и высокий интерес к новому. Все это позволяет говорить, что это явление - необходимая основа эффективности высокого творчества. Проведенные исследования подтверждают, что универсальность ценностной сферы является основой гармоничного, интеллектуального и духовного развития человека, формирует в нем самые прогрессивные идеи.

Библиографический список литературы

1. Знаков В.В. Понимание в познании и общении. М., 1994.
2. Понаморенко В. А. Психология духовности профессионала. М., 1997.
3. Асеев В. Г. Личность и значимость побуждений. М., 1993.
4. Барабанщиков В. А. Восприятие и событие. СПб.: Алетейя, 2002.

ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА

*Касымсейтова С.А. ст. преподаватель кафедры Философии
Костанайского государственного университета имени А.Байтурсынова*

Политика современного Казахстана направлена на становление межконфессионального мира и согласия, на создание новой системы духовно-нравственных ценностей в современном обществе. Это особенно актуально в условиях полиэтнического, поликультурного казахстанского общества. Укрепление национально - культурной государственности Казахстана, воспитание казахстанского патриотизма требуют приобщения и молодого поколения к многовековым духовным ценностям и созидательному опыту и традициям.

История развития учений оказала существенное влияние на становление и духовное развитие культуры Казахстана.

Выдающиеся мыслители и просветители казахского народа - Аль-Фараби, Ходжа Ахмет Ясави, Бекет-Ата, Абай Кунанбаев, Шакарим Кудайбердиев, Ыбырай Алтынсарин, Джамбул Джабаев - раскрыли гуманистическую и духовно – нравственную суть религии в понимании сущности внутреннего мира человека, в гармоничном его развитии с окружающей природной и общественной средой.

Высокая духовность казахского народа определяет его менталитет, открытость и традицию толерантности, «черты жизни единого полиэтничного народа, государства и институтов гражданского общества, политических партий, религиозных конфессий» (1. Назарбаев Н.А.). Она как произведение человеческого искусства есть цельный образ, постоянная опора и свободный ориентир жизни человека и народа. Казахстан успешно реализует политику единства и согласия и, по мнению зарубежных экспертов, модель межэтнического согласия его должна быть экспортирована в другие страны. «Правительство и многонациональный народ Казахстана заслуживают высокой оценки за то, что в целом в обществе наблюдается межэтническая толерантность», - отмечается в докладе представителя ООН Г. Макдугалл, представленном на рассмотрение сессии Совета по правам человека, проходившей в Женеве. А голландец Петрик ван Лиувен отмечает, что «Казахстан это самая гостеприимная и многонациональная страна из всех государств, в которых мне доводилось жить и работать. Это чистая правда! Я уже успел пообщаться с казахстанцами, это очень открытые и дружелюбные люди» (2). Подобные позитивы являются признанием духовного развития народа Казахстана, где в социальном партнерстве и в тесном контакте живут представители 130 этнических групп.

В условиях мировых информационных перемен духовное сотрудничество в Казахстане укрепляет механизм объединения народа и фактор обновления культуры общества. Казахский народ дорожит своей многовековой духовной культурой. Последняя воспринимается как важнейшее условие сохранения дружбы народов и безопасности общества.

«Одна из главных задач нашего государства сегодня — воспитание поколения, хорошо знающего традиции родной культуры, любящего историю своего народа — поколения, которому можно доверить будущее страны... В стране растет активное и целеустремленное молодое поколение, свободно владеющее несколькими языками, освоившее современные информационные технологии. Но где гарантия, что это не будут чуждые чаяниям народа технократы, не знающие родной истории, своих корней, не осознающие себя наследниками и продолжателями великой степной культуры? Молодое поколение, не усвоившее духовные ценности своего народа, уроки родной истории, может захлебнуться волной глобализации и пойти на поводу различных догматических течений. Это означает, что наш долг – воспитать молодых казахстанцев в духе патриотизма, любви к родному народу», — отметил Президент [1, Назарбаев Н.А.]. Найти нравственную основу для развития полиэтнического и поликультурного общества можно в первую очередь в народных истоках. Сохранение

духовного наследия свидетельствует о величии народа и становлении его целостной картины мира.

Духовность явление сложное и многогранное. Первоначально это понятие зародилось в виде представлений о «душе», «духе». О духе как об общепринятом и приемлемом воззрении», о полном и совершенном знании, об универсальной и святой идеи» говорил аль-Фараби. (Аль-Фараби, [1]). Дух, по мнению Гегеля, должен быть понят в своем естественном наличном бытии как сознание, как определенная внутренняя деятельность субъекта, как завершение внутреннего в искусстве, религии и науке. Дух – это свободное отношение к своим основаниям и собственным определениям.

Культура духовной жизни - активный фактор нравственной деятельности человека. В ней укоренены мудрость души и корень духовного воспитания личности. На основе её постигаются глубина человеческого бытия, необъятность его нравственных и социальных отношений. Душевно звучат слова великого мыслителя-поэта казахского народа Абая: «Лишь знаньем жив человек, лишь знаньем движется век! Не говори: «Не могу», стремись к познанию душой». Абай. [2 с. 69]

В культуре мудрости объединяются усилия и идеи, создаются общечеловеческие и национальные ценности, собираются воедино достижения человеческого общества с глубокой древности до наших дней. Ценности народа составляют его культурное наследие. Знакомство с национальной культурой надо начинать с ее наследия как выразителя непрерывного и многостороннего сотрудничества. Наследие духовное определяется с трех позиций: как "явление духовной жизни людей, быта, уклада, унаследованное, воспринятое от прежних поколений, от предшественников" [3] как благоприятный фактор для консолидации умственных усилий людей и построения новой культуры.

Отношение к памятникам истории и культурному наследию является показателем духовной зрелости индивида и целого сообщества людей с позиций «хорошо» и «плохо». В них закреплен способ знакомства слушателя с окружающим миром, зафиксировано то, что нужно, привлекательно, полезно. Путь развития поколения людей можно найти в народных истоках, ставших понятными каждому казаху. Народ передавал свой социально-ориентированный опыт, духовное богатство как дань старшего поколения младшему, создавая нравственную основу для воспитания и историю духовной культуры общества.

Изучение культурно-исторических корней и идейно - мировоззренческих основ наследия казахского народа осуществляется как «духовная целостность – духовная свобода – духовная чистота», органичность которых составляет стержень социального пробуждения, интеллектуального наследия и тип национальной идентичности. Оно базируется на соотношении трех измерений - культурной общности, межкультурного диалога и духовного опыта. Единство этих трех моментов и форм активности составляет основу формирования целостной личности и источником ее самосовершенствования, дает человеку возможность непрерывного самосозидания и восхождения к постижению вневременной истины.

Использование основ казахской духовной культуры, выявление ее богатейших возможностей позволяет решать актуальные проблемы нашего времени: формирование национального самосознания и использование духовного наследия наших предков для объединения представителей разных народностей страны. Казахская традиционная культура обладает огромным мобилизующим потенциалом. В ней воплощены образы-идеалы, веками служившие основой воспитания и просвещения народа.

История нашей страны утверждает, что казахская культура с древнейших времен открыта другим народам, впитывая при этом их опыт, и привнося свой вклад в культуру других стран. Казахстан расположен в самом центре Евразии, на перекрестке древних караванных дорог. Великий Шелковый Путь оказал очень значительное влияние на развитие и становление культуры казахов. Он стал связывающим звеном в развитии экономики, в взаимообогащении культур.

На территории страны наблюдались различные цивилизации, созданные кочевыми и полукочевыми племенами, богатая культура которых известна по раскопкам

многочисленных курганных могильников. Можно привести яркий пример культурного наследия, найденного в городе Иссыке «Золотого человека», который датируется к сакскому периоду. В каждой исторической эпохе были свои достижения в области произведений искусства, которые непременно оказали свое влияние на дальнейшее формирование культуры.

К культурному наследию казахского народа относятся также все те рукописи, свидетельствующие о чем-то новом и интересном. Это все то, что в какой-то степени дают нам информацию, хоть небольшую, но ту, которая является частью жизни тех народов, которые проживали на исторической территории Казахстана.

Это и есть множество ярких образцов архитектурного сооружения, в данном случае можно привести пример с мавзолеем Ходжа Ахмеда Яссауи, который имеет вековую историю. Сам же Яссауи, будучи проповедником суфизма, оставил после себя бесценный вклад в мировую литературу, тем самым увековечив свое имя.

На сегодняшний день со стороны государства предпринимаются различные действия, направленные на всеобщее сохранение и дальнейшую передачу молодому поколению тех культурных ценностей, которые пережили не одну пару столетий.

Наша следующая задача заключается в том, чтобы тоже оставить после себя богатое культурное наследие. Чтобы последующему поколению было что чтить и чем гордиться.

Библиографический список литературы

1. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. Алма-Ата, 1985, с.403-408
2. Абай. Слово назидания. Алма-Ата, 1995, с. 69
- 2 Аязбекова С.Ш. Картина мира этноса
3. Ж.Ж.Молдабеков д.филос.н. профессор, Шашаева Докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби. Духовное наследие казахского народа как объединяющая идея и фактор обновления культуры общества

АБАЙ РУХАНИЯТЫ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

*Қайыпбаева А. Тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті ф.ғ.к.
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

Абайдың этикасы адам өміріндегі диалектик қайшылықтарды түсіндірудің, зерттеудің этикасы. Ақын Абай адамгершілік, мораль мәселесін сөз еткенде жақсылыққа: адамшылық, адалдық, әділеттілік, берекелік, достық, білімділік, еңбеккерлік, терең ойлылық, ерлік, жомарттық, қайраттылық, кісілік, қанағатшылдық, рақымдылық, махаббат, арлылық, намысқойлық, сабырлылық, сертке беріктік, табандылық, татулық, тәуекелшілдік, шүкіршілік т. б. қасиеттерді, жамандыққа: арамдық, азғындық, айлакерлік, паракорлық, арызқойлық, тәкаппарлық, сараңдық, алдампаздық, даңққұмарлық, әділетсіздік, әдепсіздік, пәлекорлық, пандық, әсемпаздық, бақастық, борышқорлық, өсекшілдік, надандық, менмендік, әсемпаздық, еріншектік, әулекілік, есерлік, жалақорлық, мақтаншақтық, жарамсақтық, залымдық, жылпостық, қияң қылықты т.б. жиіркенішті мінез-құлықтарды жатқызады. Абайдың негізгі этикалық, адамгершілік түсініктері әділдік пен әділетсіздіктің ұғымдық мәнін, арақатынастарын түсінуге арналған. Енді ұлы ойшылдың осындай диалектик қайшылықтарға байланысты тұжырымдарына тоқталайық. Соның бірі - адам табиғатындағы ең күрделі қайшылық - білім мен надандықтың арасы. Этикалық теориялардың мәнін түсінуге ұмтылған көптеген ғұламалар, ағартушылар сияқты Абай да адамгершілікті, моральдық біліммен, таныммен ұштастыруды қажет деп санайды. «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге, Көкірегінде болсын көз». Абай «білімді», «білімділік» деген ұғымдарды қазіргідей «бастауыш», «орта», «жоғары» білімі бар дегенді айтып отырған жоқ [1,81].

Ақын «білімді» деген ұғымға өзінше ерекше мән береді. Абайдың түсінігіндегі білімді адам адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды (әкелі-балалы, алыс-жақын, туыс-тума, үлкен-кіші, ерлі-байлы, жолдастық, достық т.б.) дұрыс түсіне білетін адам. Мектептен алған білімін адамгершілікпен ұштастыра білмейтіндерді Абай адамсымақтардың ең үлкен наданы, арамы екенін айта келіп:

*«Осы жасқа келгенше,
Өршеленіп өлгенше,
Таба алмадық еш адам
Біздің сөзге - ергенді.
Өмірдің өрін тауысып,
Білімсізбен алысып,
Шықтық міне белге енді...»* - [2,57].

деп, тоғышарлықтан адамдыққа, білімсіздіктен білімділікке қарай күрес жолында өткен өмірін баяндайды. Абайдың бұл ойлары «жақсылық ақиқатпен бірге болады, жамандық білімсіздіктің салдары», сондықтан да «өзінді-өзің таны, өзінді өзің біл» деген этикалық принциптермен ұштасып жатыр [1,63].

Абайдың философиялық, этикалық көзқарасында ерекше көңіл аударатын мәнді ұғым «өмір» мен «өлім» арасындағы мәңгі қайшылықты түсіну, түсіндіру, «Өлім деген не?», «Өмір деген не?», «Не өледі, не өлмейді?» деген сауалдарға ақын өз шығармаларында тиянақты жауап береді. «Өлім» деген ұғым туралы Абайдың ой толғамы, «Дәл уақыты жеткенде, Талайдың гүлі қурайды. Рәсулді алған бұл өлім, Кімнен жөнді сұрайды?» - деп, өлімнің мейірімсіздігін кесіп айтады. Әр адам өзінің бүгінгісі мен ертеңісінің арақатынасын үнемі ойлап отыруының қажеттігін аңғарта келіп, ақын:

*«Адамзат - бүгін адам, ертең - топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің,*

Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ» [2,61]. деп, өз замандастарын «өмір» мен «өлімнің» арасын түсінуге шақырады. Адамгершілік тұрғысынан алып қарағанда, «өлім деген не?», «өмір деген не?», «не өледі», «не өлмейді?» деген сауалға да ойшыл ақын өзінше жауап береді. Тіршіліктің белгісі - өсімдік пен малда да бар дей келіп, «Малда да бар жан мен тән, Ақыл сезім болмаса, Тіршіліктің несі сән, Тереңге бет қоймаса?» дей келіп, «Ақыл мен жан - мен өзім, тән менікі. «Мені» мен «менікінің» мағынасы екі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «Менікі» өлсе өлсін, оған беки» - дейді. Абай «Мен» деген әр адамның адамгершілік қасиеті, рухы, мейірімі, ал «менікі» деген оның тәні, оның еңбегімен жасалған, артта қалар дүние-мүлкі. Абайдың өзіне сөз берсек: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес. «Мені» мен «менікінің» айрылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес...» «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған?»

Материалдық өмір - уақыттың еншісі. Ол бүгін бар, ертең жоқ. Рухани өмір - мәңгілік. Ол адамгершілікке, жақсылыққа, әділеттілікке, өркениеттілікке қарай дами бермек. Рухани дүние - жан мен санаға байланысты, адамгершілікке, адамдыққа тән болса, заттық, материалдық дүние Пендешілікке, өткіншілікке тән нәрсе. Адамның адамдығы оның шыншылдығында, әділеттілігінде, әрқашан дұрыстықты қолдап қостайтындығында екендігін Абай бүкіл шығармашылығына арқау етеді. Абайдың гуманистік этикасының, моралінің тағы бір ерекшелігі тек туған-туысқанына, дос-жаранына ғана емес, тіпті, «дұшпаныңа да әділ бол» деуінде. «Досыңа достық - қарыз іс. Дұшпаныңа әділ бол. Асығыс түбі өкініш, Ойланып алмақ - сабыр сол». Дұшпанға әділеттік көзбен әділ қарауға, әділеттілік тұрғыдан бағалауға шақыру - әлемдік гуманизмнің тұғыры, төрі, биік шыңы. Білімділік пен надандықтың, өлім мен өмірдің, жақсылық пен жамандықтың, әділеттілік пен әділетсіздіктің арасындағы қайшылықтар туралы ойланған, толғанған ұлы гуманист ақын: «Мұны жаздым ойланып, Ойда бардан толғанып, Кірсе оқи бер, Бозбалалар қолға алып», - деп, жас ұрпаққа үміт артса, екінші жағынан: «Қыранша қарап Қырымға, Мұң мен зарды қолға алар, зұлымға, Шиыршықатар, толғанар», - деп, Абай өзіне-өзі жүк артады. «Жарлы емеспін, зарлымын,

Оны да ойла толғанып, Жұртым деуге арлымын, өзге жұрттан ұялып», -деп, еліне ескерту айтады[1,65].

Абайдың этикалық, моральдық, адамгершілік идеалы, мұраты, принципі - қысқаша ғана «Адам бол!» деген формула, тұжырым. Адам болу - кісілікті кісі, шын мәнісінде азамат болу, қара бастың қамы емес, елінің қамын, халқының қамын, тіпті, бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, Адам болу.

Ойшыл ақынның талдауынша, толғануынша тек адамгершілікке тән адал қасиеттерді өміріне, ісіне, күнделікті күн көру іс-әрекетіне табиғи сіңдірген кісі ғана - нағыз адам. Демек, Абайдың этикалық көзқарасының түйіні, өзегі, арнасы гуманистік принцип: «Адам бол!» Бұл принцип грек философы Диогеннің күндіз шам жағып нағыз адамды іздеуінің қазақ сахарасындағы көрінісі. «Адам бол!» формуласының, қисынының, қағидасының мазмұны - «періште», «адам», «пенде», «шайтан» деген төрт ұғыммен ұштасып, ұшырасып, қабысып жатыр. Абайдың арманы - әр қазақты, пендені адам ету, періштеге ұқсату, пенделік, шайтандық жолдан құтқару. «Адам» мен «пендені» жоғарыда біраз сөз еттік, «періште» мен «шайтан» туралы ұлы ойшылдың пікірі қандай? Соған ой жүгіртелік. Жалпы алғанда, «періште» алла мен адамның арасында жүретін таза, күнәсіз, ерекше жан. Абай түсінігінде «періште» - ең адал, білімді, еңбекқор, әділ, мейірімді, рақымды адамның тіршіліктегі, қиялдағы мифтік бейнесі, образы. Періште туралы ойын қорыта келіп, Абай «Алтын көрсе, періште жолдан шығады» дейді. «Періште алтынды не қылсын, пенде өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны». «Ол күнде нұрлы бейіс ішінде екен, Өзі де періштелер үстінде екен. Жылы жүзбен жұлдыздар жылжып жүріп, Сәлемдесер, сөйлесер күшінде екен», - деп, «періште» деген ұғымның адамдардың ерекше бір түрі, адал, таза бейнесі екенін аңғартады. Пендені шайтандықтан құтқарып, адамдыққа айналдыру үшін Абай «шайтан», «шайтандық» деген ұғымдарға да тоқталады, «шайтанның шәкірті» болма дейді.

Ұлы ойшыл ақын, гуманист, философ «періште», «адам», «пенде», «шайтан» деген ұғымдардың төңірегінде көп ойланған, толғана отырып, көп қиналған. Өз басы адамды періштеге қарай ұмтылтқысы, сүйрегісі, тартқысы келсе, пенделердің ез заманының адамын шайтандардың қатарына қарай сүйрейтініне қатты қынжылады [1,54].

Абай ақыл – ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеді.

Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігін байқап, халықты, әсіресе, жастарды, адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды.

Ал жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылық пен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбек сүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылушылық т.б. атап айтты. 1886 жылғы бір өлеңінде ақын:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,

Шошимын кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман[3,71] деп өз кезіндегі жастардың осындай жағымсыз мінездері н қатаң сынға алды.

Гуманист – ақын Абайдың XIX ғ.орта шенінде халқымыздың бойындағы жағымсыз қасиеттерді қатты сынға ала отырып, айтқан ойларының, көтерген мәселелерінің бүгін де маңызды өзектілігін ерекше айта кеткен жөн.

Абай тарихқа ең алдымен кемеңгер ойшыл ақын, ағартушы ретінде енді. Абай өлеңдері мен қара сөздерінің тәрбиелік-тәлімдік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары болып келеді.

Абай бірқатар шығармаларында халықты ерінбей еңбек етуге, адалдыққа үндей отырып, жұртшылықты алдау-арбаудан, өсек тасудан, ел кезіп ас андудан, еріншектіктен, орынсыз мал шашудан, біреуге қастық ойлаудан т. б. жағымсыз қылықтардан сақтандырады. Адам баласын тәрбиелеуге, оны ұнамсыз әдеттерден жирендіруге болатынына сенеді. Ақын Үшінші сөзінде қазақ арасында жиі болып тұратын әр түрлі дау-жанжал, билік айту

мәселелері жайында ой толғайды. Билік айту үшін билер мейлінше әділ болуы шарт деді. Дегенмен де Абай топшылауын сол көптеген нұсқалардың бірі деуге әбден болады. [4,93]

Абайдың заманында елдің билігі жаттың қолында болды. Жат жарылқамады. Жамандық көрсе, оны қолымен де, сөзімен де, жүрегімен де түземеді. Билеуші де, билеу жүйесі де қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетіне жат бағытты ұстанды, елді бірлік пен ынтымаққа, жақсылық пен ізгілікке ұйытпай, жамандыққа, надандыққа, жаулыққа жол ашты. Қу мен сұм белең алды. Ар ойлайтын адам азайып, пайда ойлайтын сабырсыз, арсыз, көрсе қызар, жалмауыз жандар шықты. «Ісі білмес, кісі білер», — деген мақал туды. Ел арасы бүлінді. Ақты кара деуші, көрмегенді көрдім деуші жалған куәлік берушілерге жол ашылды. Бұлардың көздегені мен көксегені дүние болды. Жан біткен соған ұмтылды. Надандар сол үшін жауласты. Біреулер сол үшін тер төкті, біреулер сол үшін қан төкті. Ақынның қадірлі басы мен қайратты жасы осылармен тартыста өтті. Олардың ішкі мұзын көздің жасымен де, жүректің қанымен де еріту мүмкін болмады. Мұндасарға сөз ұғарлық кісі таппады. Ақырында, қалың елінің ортасында отырса да, бақсының моласындай жалғыз қалды. [5,77]

Заман сынын адам болмысы, жанын тану нәтижесінде ашады. Заманынан озған, заманының адамынан озған, ортасының надандығынан, қоғамының қараңғылығынан көңілі қалған, тіршілікте өзінің де, өзгелердің де қылып жүрген ісінің бәрінің баянсыздығына, байлаусыздығына көз жеткізген, бәрінің қоршылық екенін білген, қажыған жан қалған өмірінде адамның адами қасиеттеріне үңіледі. Адамның жан әлемінен, рухынан тыс дүниәуи тіршіліктің мәнсіздігін, баянсыздығын, адамның жан әлеміндегі, рухани өміріндегі ақыл, қайрат, жүрек қызметінсіз заман ағымын түзеуге, қоғам өмірін өзгертуге талпынудың бос аурешілік екенін аңғарады. [6,90]

Қоғам адамдардың жиынтығынан тұрады десек, сол қоғамды алға жетелейтін ұлы тұлғалардың ролі туралы көп айтылып та, жазылып та жүр. Бірақ сол ұлы тұлғалардың қоғамдағы орны, маңызды істері, болашақ ұрпаққа әсері туралы пікірлердің әр алуан болатыны заңды құбылыс. Әр қоғам өз адамын туғызады, себебі адам өзі өмір сүріп отырған ортаның перзенті. Жеке тұлғалардың арасында ұлы тұлға дәрежесіне жеткендердің барлығына өзін қоршаған әлеуметтік ортаның әсер ететіндігін дәлелдейтін факторларды тарихтан көптеп келтіруге болады. Араптар үшін Мұхаммед ұлы тұлға болса, қырғыз халқы Шыңғыс Айтматовты дүние жүзілік дәрежеге жеткізді. Сол сияқты қазақ ұлты үшін ұлы Абайдан асқан дана адам жоқ.

Әдебиеттер тізімі

1. Аль-Газали, Хамид. Исследование сокровенных тайн сердца /Пер. с арабского. М., 2008.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының 2томдық толық жинағы. - Том II. — Алматы, 1977.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының 2і томдық толық жинағы. - Том I. Алматы, 1977.
4. Аристотель. Поэтика. Риторика. О душе. — М., 2009.
5. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. — Алматы, 1975.
6. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. — Алматы, 1973.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ҰЛТТЫ РУХАНИ ЖЕТІЛДІРУ ЖАЙЛЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ-ТҮЙІНДЕУЛЕРІ

Қоңырбаева К. М. Философия ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер, Ғылым комитеті Білім және ғылым министрлігі Философия, саясаттану және дінтану институты

Балтабаева К. Н. Тарих ғылымдарының кандидаты, талдау орталығының директоры, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы

Алаш қозғалысы өріс алған ХХ ғасырдың басы қазақ халқының Орыс Империясының құрамында бүтіндей басыбайлы түрде өмір сүрген шақтары болатын. Ресей мемлекетінде болған іргелі оқиғалар сол мемлекетке тәуелді елдер өміріне де өзінің әсерін тигізбей қалмады. Дәстүрлі тұрмыс тіршілік шайқалып, жойылуда еді. Әлемге деген өзіндік өзгеше бір қатынас, өмірді, әлемді өзгеше түйсіну, онымен өзгеше бір үйлесу ендігі жерде келмеске кетеді. Өзеріне тән өзгеше мәдени-әлеуметтік кеңістікте өмір сүріп жатқан халқымызға мүлдем жат құндылықтар таңылды. Дәл осы кезеңде дәстүрлі құндылықтар ығыстырылып, батыстандырылу жайылған әлемде өркениеттер қақтығысына жол ашылған болатын. Жатжұрттықтардың көздеген мақсаты жеріміздің асты-үсті *байлығын иеленіп, елімізді отарлауға* негізделді. Ресей мемлекеті өзінің Империялық пиғылдарын жүзеге асыруда әр түрлі айла-тәсілдерді ойлап-тауып отырды. Этникалық субъектілердің құқықтық, саяси, мәдени құндылықтарын жойып ұлттық ерекшеліктерінен бас тартуға мәжбүрледі. Тіптен субъектілердің ішкі әлемін – олардың дүниетанымдық, дүниеге қатынастық деңгейлерін де құлдыратпақ болды.

Жерімізге шетелдік саяхатшы, ғалым ретінде аяқ басқан олар өздерінің түпкі көздеген мақсаттарын ақырындап жүзеге асыра бастады. Ұлы Империя сахараны жан-жақты – географиялық, әлеуметтік-саяси қоғамдық құрылысы жағынан да зерттеу объектісіне айналдырды. Халқымыздың *аңғал, ақкөңіл, мәрт, жомарт, қонақжай* сияқты жақсы қасиеттерін пайдаланып ақырындап ішімізге ене бастады. Олардың ыңғайына біздің бойкүйездікке айналған жаман қасиеттеріміз де оңды ықпал етті. Енді, жаңа қоңсымыз жақыннан біздің осал жақтарымыз – *руға бөлінушілігімізді, мансап қорлығымызды* тағы басқа толып жатқан кемшіліктерімізді аңдап-байқайған соң, қазақтардың өз арасында дау-жанжалдар туғызуға лайықты әдіс-айлалар ойлап тауып отырды.

Қазақ қоғамының осындай мүшкіл халге душар болған жағдайында ұлт зиялыларының басты мақсат-мүддесі қайткен күнде де халықтың тұтастығын сақтап қалу және ілгері жұрттардың қатарына қосу еді. Бұл жерде ең бастысы философиялық дүниетанымдар мен көзқарастардың ортақ мәселесі қазақ қоғамын жетілдіру мен ұлт тәуелсіздігі болды. Ұлт зиялылары жалпыұлттық мақсатқа жету үшін ұлтты ұйыстырудың тетіктері *ұлтжандылықты, ауызбірлікті, татулықты* бірінші орынға қояды. *Жалақорлық, даукестік, іштарлық, мансапқорлық* қазақ философиясында әсіресе соңғы кезеңдерде көбірек назарда ұстанған ұғымдар қатарына жатады. Өз заманында сауаттылық сахараға тек жалақорлар мен даукестердің өсек-аяның көбейту үшін ғана келген сияқты деп Шоқан да күйінген болатын. Бұл ойды заманымыздың ұлы суреткері О.О. Сүлейменов те қазақтардың бұндай жаман қылыққа душар болуының себебін Патша үкіметінің әр округке жалақы төленетін жалғыз лауазымды қызмет орнын тағайындауынан деп түйіндейді. Иә, қазақ өлкесі осыған дейін бір-біріне дәл сондай алакөз, дәл сондай жау адамдарды кездестірмеген де, көріп білмеген де еді. Жалақорлардың қатары хат біліп, қара таныған әрбір ауқатты, атқамінерлермен бірге үсті-үстіне көбейіп отырды... Ол мансапқа қолы жеткен адамсымақтар ел үстінен күн көретінін місе тұтпай, өздерінің адамгершілік, ұлттық парыздарын оп-оңай ұмытып, халық намысын аяққа таптағанын қайтерсіз. Әр кездері ел басына түскен қасіреттерге, міне, осындайлар кінәлі болмақ [Сүлейменов О. 52-53 бб.].

Ғасырлар бойы сахарада билік тізгіні кісілік, тұлғалық қасиеті бар адамдардың қолдарында болған еді. Абай мен Әлихан заманында ол өлшемдер ысырыла бастады. Ендігі

жерде малын шашып, пара беріп, жағымпазданып билікке ие болатын болды. Сондықтан басқару жүйесі жергілікті жердегі дәстүрлі қоғамның ерекшеліктеріне қарама-қайшылық туғызды. Қазақ қоғамының әлеуметтік сыншысы Абай наразы болған қазақ ішіндегі сайлау өткізудің ұнамсыз жақтарына Әлихан да арнайы тоқталады. Қазақтар арасындағы сайлау мен орыс мұжығының сайлауын салыстыра зерттеген ойшыл оның астарлы мәнін ашып көрсетеді. Закон бір болғанмен екі жұрттың: қазақ пен мұжықтың ғұмыры, жүріп-тұрысы, терінің оң жақ, теріс жағындай екі түрлі. Орыс мұжығының мінезінде маңдайы терлемей, табан ауырмай, қол дүмбімей мал табылмайды. Мұжық білуінше жұмыс қыла білмеген кісі адам емес, сабан-тас ұстай білмеген адам ер есебінде емес. Болыс, би, ауылнай һәм елу басы болмақ, патшалық салған ауыр бір міндет, жұрт үшін қылатын қызмет. Мұжық ішінде болыс, ауылнай һәм елубасы болған шылғи залал. Мұжық таласпақ түгіл патшалық салған қызметтен қашады [Қазақ газеті. 39 б.]. Қазақтарды соншалықты әбігерге салатын сайланатын қызметке ынтызарлықтың себебін Әлихан мұқият зерттей келе, адам бойындағы жаман қиеттерден іздестіреді. Бұл ойшылдың қоғамның кесірлі, кертартпа тұстарының шешімін дүниетүсініктік, көзқарастық тұрғыдан қарастыруына әкелді. Алаш көшбасшысы қазақ қоғамында орын алып отырған экономикалық және әлеуметтік дағдарыстардан шығу жолдарының философиялық-дүниетанымдық қырларын ашты. Бұл жерде тереңнен біліне бермейтін дүниетанымдық тұрғыдағы өзгерістер әрине құндылықтарды қайта бағалауда болып табылады.

Әлихан ең алдымен ұлтын рухани жетілдірудің жолдарын іздестірді. Адам өмірінің мәні неде – деген мәселе жөнінде ой толғамаған философ жоқ десе де болады. Ал Әлихан Бөкейхан: «Адам баласы өзге хайуаннан айрылғанда ақылды болып, қолы шебер болып айрылады. Байлық түбі – ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай адам баласы қазынаға жарымайды.» – деп жазды. Еуропа мемлекеттерін ұлылығын арттырып отырған халықтың ақылы мен ұсталығы дейді. Қазақтардың осы кезге дейін өзінен-өзі өсіп-өнетін мал бағып жүрген жеріне орыс мұжығы келе салып қазына суырып алып байып отыр. Сахара жұртының басқа жұрттардан артта қалуы, жерінен айрылуы бір жағынан олардың дәстүрлі тұрмыс-тіршіліктен айрылғысы келмеуі болса, екінші жағынан заманауи ғылым-білімнен құр қалуы деп түсінді. Бір ғасыр бұрын Әлиханның көрегендікпен айтқан осы пікірі әлі де өзінің өзектілігімен құнды. Өз жеріне өзі қызмет қылмай, іске жаратпай, жер закон арқылы менікі деген башқұрт пен қазақ, атадан қалған көп қазынаны басқан жаман бала сапарында емес пе?

Бұл тіршілік – үлкен талас, бір бәйге жүйірік алады, шабан қалады. Жүйіріктік ақыл, ұсталық, жаһитшілікте [Қазақ газеті. 40 б.]. Орыс мұжығынан жер өңдеуді, еңбек етуді үйренуге меңзейді. Әлемдік ой деңгейіне көтерілген ойшыл ұлттық мемлекетті жетілдірудің әр бір тетігін мұқият зерттеген Оған оның сұңғыла зерттеушілігі мен парасаттылығына қоса білімділігі қызмет етті.

Ойшылдың философиялық пайымдауларында замана қайшылығымен, қазақ халқының тарихи даму кезеңінің ерекшелігімен қалыптасқан қазақ елінің даму тұжырымдамалары негізделген болатын. Көшпелі өмір салты ығыстырылып, отырықшылық мәдениет орнай бастаған кезден бастап ескіше өмір сүруге болмайтынын алдын ала сезген алаш ұлдары еуропалық ғылым мен білімді игеру керектігін бірінші кезектегі мәселе етіп қояды. Реформатикалық Алаш зиялылары ұлттық мүддені Батыс Еуропалық демократиялық күрес аясында жүргізуді бірден-бір дұрыс бағыт деп тапты. Ұлтты сапалық деңгейге көтеру үшін заманына қарай амалы деген қағиданы ұстанған Алаш көсемі Әлихан – адамға білімді болу жеткіліксіз деп түсінеді. Ендігі жерде білімнен мақсат шықпайды. Ғазазіл жұмақтан білімсіздіктен шыққан жоқ. Балқан соғысында екі жүзден астам адам өлді, бұл соғыс білімсіздіктен емес. *Ұлтына жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден* деп білді. Мұсылманша, орысша оқыған білімді қазақтардың ішінен неше түрлі залалды мінез көріп жүрміз. Білімнен жақсы мінез шықса бұл қалай? [Бөкейханов Ә. 40 б.].

Білімдіміз деген еуропа жұртының мәдениеттілігін сынға алаған Әлихан: «Еуропа патшалықтары түзүміз деген құр аты болмаса, ғұмыр жүзінде бір-біріне қасқыр. Тарих жүзінде Еуропа Азия жұртының бетіне Шыңғыс хан һәм Ақсақ Темір ісін басады. Осы екі

патша қанша жәбір іс қылды деп. Бұлар өз уақытында заманына қарай іс қылғаны рас. Міне, осы жиырмасыншы ғасырда Еуропа патшалығының қылған ісі кімнің алдында ақталмақ? Бұлардың қайсысы қолынан келсе, Шыңғыс хан һәм Темірлер болмайын дейді?» [Қазақ газеті. 50 б.]. Сол кезеңнің халықаралық жағдайына жан-жақты талдаулар жасай отырып, өзінің көзқарасын ашық түрде жазды. Оның гуманистік тұрғыдағы дүниетүсінігін мына пікірі дәлелдей түседі: «Бас салып әлі келгенді талап алатын болса, ұят-абыройдан тысқары болса, жығылған жаққа қылғаны иттік болса, мұның жетілген Еуропалығы, христиандығы қайда?» [Қазақ газеті. Сонда.]. Ендеше білімді болу, прогресске қол жеткізу, техникамен қаруланудың оңды жағы да, залалды жағы да бар. Адамға білімді болумен қатар ізгілікті болу қажет деп білген Әлихан нағыз гуманист ойшылдар қатарында тұрды.

Мемлекеттің автономдылығы туралы мәселеде қазақ зиялылары алғашында қазақ ұлты буржуазиялық конституциялық демократиялық партиясының құрамында болып автономия алады деп сенеді. Әлихан марксизмнің экономикалық қағидаларын оқып үйренген, қоғамдағы саяси күрестің түрлері мен әдістерінен хабары бар, тәжірибелі көшбасшы ретінде Әлихан Бөкейхан «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген еңбегінде кадеттермен өзінің үш мәселе бойынша келіспейтіндігі жайлы айтады. «Кадет партиясы жер адамға меншікті боп берілсе жөн дейді. Ал біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып жалаңаш шыға келеді» [Қазақ газеті. Сонда.] дейді. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды. Осыдан кейінгі жердегі Әлихан Бөкейханың «Алаш» партиясын құруға ұмтылысы қазақ елінің егеменділігіне, мемлекеттік билікке қол жеткізу үшін саяси жүйені жасау болатын. Ол үшін дербес ұлттық автономия құру қажет болатын. Қазақ ұлтының автономиясы ендігі жерде тұрмыс халдегі туысқан автономиясы емес, жерге байлаулы автономия болмақ. Әлихан осылай дегенде, болашақта халық басына төнетін қасіреттерді сезіп, соны белгілі дәрежеде түсінді. Алаш қозғалысының өріс алған кезеңдерінде Әлихан Бөкейханның саяси ахуалды толықтай пайымдай отырып тұжырымдайтын, саяси көзқарасы қалыптасқан қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген шағы болаты. Оның айналасына топтасқан қазақ зиялылары Қазақтың ұлттық партиясы «Алаштың» негізін қалап, бағдарлама жасап, Алашорда үкіметін құрды.

Ұлттың рухани даму мәселесі патшалы Ресей, кеңестік Ресей кезеңінен бері қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында да өзекті болып отыр. Алаш ардақтысы ұлттық рухты өркендетуге арнаған салмақты ойларын көбінесе ана тілінде жазды. Батырлық пен батылдық, ерлік пен қаһармандықтың небір үлгісін жасаған қазақтың ұлттың рухын жасытқан қандай күш? Осы мәселе төңірегінде ой-толғаған Әлихан ең алдымен әр адам өз басының кемшіліктерімен, өз нәпсісімен күресуден бастау керек деген болатын. Басыбайлы күйге түскеннен кейінгі жерде пайда болған жағымпаз, шенқұмар, парақор сияқты жағымсыз қылықтарға қоса енжар, бейқам, жалқау елін тұралатып, мешеу хәлге душар етіп отырған кеселді дерттен айғудың жолдарын, не істеу керектігін сол кездегі газеталарға публицистикалық мақалалар түрінде жариялады. Адамдар өздерінің іс-әрекеті арқылы қоғамның алға жылжуына тікелей қатынасады. Ендеше адам өзін өзі жетілдіре отырып қоғамды да жетілдіреді.

Философиялық көзқарастары тұрғысынан Лев Толстой пікірін жақтай отырып, бостандық, теңдік туы туысқандық XVIII ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір - дейді Адамды рухани-адамгершіліктік жағынан жетілдірудегі осы идеяларды көзі қарақты оқырман шарифаттан, інжілден, будда оқуынан, Л.Н.Толстой философиясынан таба алады дейді. Және осы үш ұраннан басқа адам баласына бақыт, махаббатына жол жоқ. Қалғаны хайуандыққа бастайтын жол екендігін ашық түрде жазады. Ұлттың рухани бастауларының негізгі тіректерінің бірі дін – дінсіздікпен атеизммен алмастырылды. Әрине осындай қоғамда діни құндылықтар құлдырады. Алайда алаш зиялылары әркез өздерінің адамдық болмысының ішкі өзегі болған мұсылманшылықтарынан айрылған жоқ.

Ең бастысы алаш көшбасшылары жоғары рухани-өнегелілікті жетілдіруге басты назар аударды. Мемлекетті басқару, адамды рухани-адамгершіліктік жағынан жетілдіру, қоғам өмірін ұйымдастыру түрлеріндегі «надандықтың» теріс салдарларын жою туралы алдыңғы

қатарлы прогресшіл ойларды қуаттап, соны енгізуге атсалысты. Мысалы адамдықтың белгісі жайлы Ә.Бөкейханның талдауларынан тек қана орыстың озық ойлы ойшылдарының ғана емес, Вольтердің, Руссоның, Дидроның көзқарастарымен үндес екендігін байқаймыз. ХХ ғасыр басында Орыс Үкіметі мұжыққа дүре соғуды заңдастырмақ болғанда Лев Толстой бұл қадамды хайуандыққа қайту деп есептеген болатын. Қазақ ойшылы да адамдықтың басты белгісі *ұят* дейді. Үкіметтің бірнеше адамды дарға асу жөніндегі қаулысына қарсы, бұл христиан жолынан тысқары деп наразылық білдіріп жұрт алдында сөз сөйлегені үшін орыстың діни философы Владимир Соловьевтің Петербордан қуылғаны сияқты, қазақ ұлтының зиялылары Ахмет пен Міржақыптардың түрмеге түсудегі міндері солармен бірдей. Алаш көшбасшысы өз үзеңгілес-достарын Ресейдің гуманист-ойшылдары тағдырын үлгі ете жұбатады. Әлиханның осы мақаласынан оның Ресейдегі, саяси-философиялық ойларды ойлегінен өткізген, өз тарапынан сол ойларға философиялық тұрғыдан баға бере алатын ойшыл екендігін көруге болады.

Ұлтымыздың әлеуеттілігін арттыруда алаш зиялыларының адамгершілікті, биік тұлғалылығы ерекше рөл атқарады. Алаш зиялыларының көздеген түпкі мақсат мүддеге *беріктіктігі, табандылықтары мен төзімділіктері* олардың күрескерлік іс-әрекеттерінде көрініс тапты. Алаштықтардың өрелі ой-тұжырымдарының негізгі алтын қазығы *еркіндік идеясы* болды. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай жұрттың тірлік күйде, я өлімтік күйде өмір шегуі өзінің жігерінен болады. Намысың мен жігеріңді қайрамасаң құлшылықта болудың өзі сенің еркінде болады. Ол сенің таңдау еркіндігің. Кез келген Империяның құрамында ұлттық еркіндік пен тәуелсіздік жайлы ойды жүзеге асыру өте ауыр жол. Бірақ еркіндік идеясы ешқашан халқымыздың рухани өмірінен өшкен емес. Ұлттық философиялық ой-санада ол желі үзілген жоқ. Елдік тізгінді қайтадан иеленудің жолдары жайлы Әлихан Бөкейхан «Екі жол» деген мақала жазған болатын. Онда: «Әр заманның өз рәсім, өз салты бар. Адам баласының құл кезіндегі салтында хұқы үшін талас-тартысы болмайды. Хұқы үшін таласу-тартысу орнында жылау болады. *Бұл бір жол.* Біздің замандағы салт: әркім хұқына таласу, хұқына тартысу болады. Жылау салты артта қалды. Ендігі рәсім хұқы үшін жылау емес, хұқын талас-тартыспен қорғау. *Міне бұл екінші жол*» [Қазақ газеті. 395 б.]. Олар жасаған Алаш партиясының бағдарламасының түбегейлі мақсаты алаш азаматтарының құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталды. Зиялылардың ұлттық тәуелсіздік, автономия, еркіндік туралы көзқарастары демократиялық дүниетанымдарымен байланыста өрбіді.

Алаш идеясының қайта жаңғыруы халқымыздың рухын көтеруде, жастарымыздың бойында патриотизмді оятудың тетіктерінің бірі болып табылады. Бұл оның өміршеңдігінің айғағы. Заманауи қазақстандық қоғамның өзекті мәселелерін жаңаша түсінуді даярлауда, Елбасымыз жалпыұлттық құндылықтардың орнығуына күш салушы ұлттық зиялылардың ерекше рөлін атап көрсеткен болатын.

Қазақ зиялыларының идеялары, олардың арман-тілектері бүгінгі таңда жүзеге асырылып жатыр. Алаш қайраткерлерінің армандаған Ұлттық Автономиясы Қазақ елінде орнады. Енді азат, тәуелсіз қазақ ұлты өз еркіндігін алған тұста – оның алдағы тағдыры өз қолында. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында Елбасымыз анық көрсетіп бергендей, ендігі міндет – осы идеялардың өзектілігін жоғалтпау. Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Стратегияда «біз мемлекеттігіміз дамуының руханилық мәселесі экономикалық, материалдық тұрғыдағы мәселелерден кем болмайтындай кезеңіне аяқ бастық» деп атап көрсетеді.

Заманауи қоғамдық сұраныс көрсетіп отырғандай мемлекеттілігімізді нығайтуда ұлттық сана архетиптерін жаңғыртудың тигізер үлесін де ескерген жөн. Қоғам өміріндегі келеңсіздіктер қазіргі кезде де белең алып отырған жағдайлар. Бұл әсіресе жаһанданудың қарқын алуымен ушыға түсетін құбылыстар. Осыған орай адамның рухани жетілуінің тетіктерін іске қосу қажеттілігі туындап отыр. Болашақтағы қарқынды қазақстандық қоғам көпшіліктің санасында қазақтардың рухани құндылықтарын орнықтыру негізінде ғана

құрылуы мүмкін. Алаш зиялыларының рухани-өнегелілік және дүниетанымдық ұстанымдарын зерделей келе ғылыми тұрғыдан дәл анықталған ұғым-түсініктерді кездестіреміз.

Жаһандану үдерісі қоғам өмірінің барлық салаларын қамтып, дәстүрлі мәдениеттердің құндылықтары ұмытылып кету қаупі туған шақта елімізде жасалып жатқан шаралар оған қарсы тұру, сонымен қатар, басқа дамыған мемлекеттердің құрсауында кетпей, тәуелсіздігімізді сақтап қалуға бағытталуға тиіс. Ең алдымен бұл жағдайда экономикалық тәуелсіздікпен қатар, рухани тәуелсіздікті жоғалтпау мәселесі тұр. Қазақ ұлтының ғасырлар бойы қордаланған руханиятының жетістіктерін бүгінгі күннің кәдесіне жарата отырып, еркіндік жағдайында дамуды дұрыс жолға қоя білу керек. Әрбір жеке адам бүгінгі тәуелсіздікті пайдалана отырып өзін-өзі жетілдіруге тиіс. Ұлтымыздың болашағы жарқын болуы үшін ол идеялардың пайдасы зор. Мәңгілік ел болу жолында әрбір адам өзінің еркіндігін сақтай отырып, ішкі еркіндікті жоғалтпағаны абзал.

Әдебиеттер тізімі

1. Сүлейменов О. Шоқан // Ақиқат. – № 4. – 1996. – 52-53 б.
2. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
3. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Кульбаева М.М.

Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы, филология магистрі

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, филология магистрі

Жаңаша көзқарас қалыптастыру кезеңінде тұрған қазіргі қазақ әдебиеті бұл тұста күллі әлем әдебиетінің сатысынан елеулі орындардың бірін иелейді. Әдебиетіміздің жетекші саласының бірі – поэзияның эстетикалық байлығы артып, көкжиегі кеңиді. Әдебиетіміздің даму кезеңіндегі әрбір дәуір өз ақынын туғызады десек, қазақ ақындарының әрқайсысы өзінше қайталанбас шығармашылық тұлға ретінде жеке дара көріне алады. Қазақ халқы рухани мәдениеттен кенде халық емес. Көшпелі қазақ жұртының да өткен тарихы бар, адамзат мәдениеті тарихына қосқан өзіндік үлесі бар, үлкен әдебиеті бар. Өмір де, өскелең өнер де бір қалыпта тұра бермейді. Қазақ халқының біршама мол сақталған әдеби мұрасы – поэзиясы, әсіресе, жыраулар мен ақындар жыры, сан ғасыр бойы сыннан өтіп, халық көкірегінде жатталып, жыраудан жыршыға ұласып, біздің дәуірімізге жеткен сұңғыла сөз зергерлері – XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шөлгез, Жиембет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар, Көпеш, Шал сияқты ақын, жыраулар, XV-XVIII ғасыр ақын, жырауларының өмірі мен шығармашылығы хақында бірқатар зерттеулер жарияланды. Әйтсе де, бұл дәуірдегі ақын, жыраулар мұрасының әлі ашылмаған қыры мен сыры аз емес, солардың бірі – ақын, жыраулар поэзиясының көркемдік ерекшеліктері. Шағын еңбекте үш-төрт ғасыр поэзиясының идеялық – көркемдік ерекшеліктерін түгел байыптап беру мүмкін емес, сондықтан біз ақын-жыраулардан жеткен асыл мұралардың басты-басты өзіндік өрнек, көркемдік құнарын байыптап қарасақ, өрнек жолды тануға болады. Себебі көркемдік өрнек – ерекшеліктер ақын-жыраулардың жан сезімі мен ой-қиялын, арман-мұратын, өз дәуіріне, сол кезеңдегі тарихи елеулі оқиғалар мен белгілі адамдарға деген көзқарасын, сайып келгенде, суреткер мұрасын шынайы танып – біліуімізге мүмкіндік береді. Атадан балаға, жыраудан жыршыға көшіп, ертелі-кеш қағаз бетіне түсіп, негізгілері ғана сақталған XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы – оны туғызған жыраулар мен ақындарды таланттарын әйгілеп, олар өмір сүрген алыс замандар жайлы сыр шертеді. Қазір жыраулар мен ақындар, олардың атқарған қызметі туралы пікірлер қалыптасты деуге болады. Ақын, нақыл сөздерді туғызуда ақын, жыраулардың халық ауыз

әдебиетінен пайдаланғаны, ұстартқаны, жаңадан туғызғаны, сол сияқты ақын, жыраулар жасаған ақыл, нақылдың халықтық мұраға айналғаны да аз емес. Мұндай алмасу бағзы дәуірден күні бүгінге дейін желісі үзілмей келе жатқан халық әдебиетін де, ақын, жыраулар шығармашылығын байыта, құнарландыра түсетін аса қажетті процесс. «Мәдени» мұралардың жалғастығы – олардың ең маңызды қасиеті [1,125]. XV-XIX ғасырдағы жыраулар мен ақындар халық ауыз әдебиетінің көптеген жанрлық үлгілерін пайдаланып ұстартқан болса, сол дәуірдегі жыраулар мен ақындар мұрасынан олардың көркемдік тәсілдерінен кейінгі дәуір ақындарының талайы үлгі алғандығы аңғарылады. XV-XVIII ғасырдағы жыраулар мен ақындар қолданылған сөз тіркестері мен жыр жолдарының, бірқатар көркемдік әдістер мен кейбір ойлардың кейінгі ақындарда сол күйінде, не өзгерген, ұстарған жағдайда кездесуі олардың арасындағы дәстүрлі байланысты танытады. Жыраулар мұрасында әр дәуірдегі талай тайпалар басынан өткен тарихи іздер сайрап жатыр. Әр дәуірдің ірі, іргелі оқиғалары, көрнекті адамдары тарихи тұрғыда нақты, дәлдікпен көрінбесе де жыраулар мен ақындардың өз басы жағдайлары, жыр жолдарында кездесетін адамдармен қарым-қатынасы, олардың сыртқы һәм ішкі бейнесі, сол замандағы бірқатар оқиғалар анық байқалады. Мысалы, Асан жырламаса – Жәнібек, Шөлгез жырламаса – Темір, Әзике, Мансұр, Бұқар, Үмбетей, Тәтіқара жырламаса – Абылай, Байтоқ, Жанұзақ, Махамбет жырламаса – Жәңгір хан поэзия жолдарында қалмас еді. Әдебиеттегі дәстүр жайындағы сөз бүкіл көркем әдебиеттің тарихы туралы сөз. Дәстүрге соқпай жаңашылдық жайында әңгіме қозғау қиын. Дәстүр дегенде өнердің бастау бұлағының кейінгі толқынға шығармашылық жүйелі әсерін, қалыптасқан жалғасын, үндестігін, өрісін, өміршеңдігін айтамыз. Бірақ бұл жалаң елендеу, өзінен бұрынғылардың айтып кеткенін қайталап, сол ізбен жүру емес, жаңа жол салу, барды дамыту, жоқты табу. «Дәстүр мен жаңашылдық дейтін проблема кең мағынасында – философиялық проблема. Себебі, бұл дүние жүзіндегі барлық даму атаулының тетігі. Мұнсыз өсу, өрбу, өзгеру жоқ. Онсыз өмір жоқ. Неге десеңіз, ештеңеден ештеңе шықпайтыны яғни «нөлден» ештеңе өнбейтіні, екінші сөзбен айтқанда, жоқтан бар болмайтыны белгілі. Оның үстіне дүниеде не бар, соның бәрі дамып, өзгеріп отырады, жаңғырып, жаңарып отырады. Мұның да өзінің тиісті заңдылығы бар. Ол бұрынғы мен бүгінгінің, көне мен жаңаның аралығындағы табиғи жалғастық құбылыстарының заңдылығы, философия тілімен айтсақ, дәстүр мен жаңашылдық дейтін проблеманың қарастыратын заңдылығы. Халықтың ежелден өмір жолында, тырбанған тіршілігінде, шытырман тағдыр талқысында тірнектеп жиған рухани қазынасы – арман-мұраты, салт-саласы, сенім-сезігі, түсінік-түйсігі қазақтың бай фольклоры мен поэзиясының терең мазмұнын қалады»[2,4]. Сол ғасырлар бойы қалыптасқан әдеби қазына жайын арнайы сөз еткен М.Әуезов: «Қазақтың әдеби тілін Абайдан басталады дейтін тілшілерге дау айтамыз, Абайдың алдындағы қазақ халқының көп ғасырдан кем жатқан мол эпостарындағы, ұзынды-қысқалы салттық, тарихтық жырларындағы, шебер, көркем өлең үлгілеріндегі тілдерді ұмытуға бола ма? Бұхар, Махамбеттерде қазақ әдеби тілінің үлгі-өрнектері жоқ деуге бола ма» - дейді[3,60]. Дәстүр мен жаңашылдық – даму заңдылығы. Сонау Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі дастандардан бастап, хандық дәуірдегі Бұқар жырау, Асан қайғы, Ақтамберді, Доспамбеттермен ұласып, олардан кейінгі жазба ағартушылық әдебиетінің негізін қалаушылар Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтардан да әрі асып, олардан кейінгі талай ақындарға, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан жол бары анық. Алмас қылыш шарқайраққа қайралмай өтпейтіні тәрізді, ұлы ақындар туындыларынан нәр алмаған қалам иесінің де шығармасы да өткір болмасы хақ. Оқу, үйрену, жалғау-жыраулық, ақындық дәстүр. Кейінгі буын алдыңғы буынды жалғастырмаса, жалғастыра отырып өзінше талғап, өзінше ізденіп, жаңалыққа ұмтылмаса, бастау-бұлағы, көзі бітелген өзендей үзіліп қалмай ма?! Ақынды алға жетелеп, мақсатқа жеткізер дәстүр жалғастығы. Ең алдымен, қазақ дүниесіне келгенде, оның бірнеше ғасырлық ақын-жыраулар поэзиясын әдебиет деп тану керек. «Әдебиет» («литература» деген сөздің түп-төркінінде «литера» («әріп»), демек, «жазу» мағынасы жатыр. Егер біз «әдебиет» сөзіне тек жазба түрде емес, өзгеше жолмен де өмір сүріп келген, біздің дәуірімізге дейін түбегейлі өзгермей, жоғалмай жеткен көркем сөз деген

ұғым беретін болсақ, және оны ауыз әдебиеті мұрасынан бөліп қарайтын болсақ, оның тілін де фольклор тілінен бөлек салада деп тануға тиіспіз. Халық ауыз әдебиеті авторсыз дүние екені мәлім, ал жыраулар шығармашылығының иелері бар мұралар және ең маңыздысы, әр автордың шығармалары өзінің құрылым бітімі, мазмұны, идеясы, көркемдеу тәсілдері жағынан бір-бірінен ажыратылып тұрады, ақын-жырауларда даралық – шығармашылық сипаты бар, ал бұл сипат-әдебиетке тән басты белгінің бірі. Халық ауыз әдебиеті тіліне, әсіресе оның эпос сияқты кесек шығармаларына көптеген дәстүрлі образдар, бір шығармадан екіншілеріне көшіп отыратын дайын қалыптар, жеке сөздер мен фразеологизмдер ортақ болып келеді, олар біріне бірі ауысып та жүреді. Ал ақын-жыраулар тілінде мұндай ортақ элементтер фольклорға қарағанда кемдеу кездеседі, бірақ олар мұнда да бар. Қазақ ақын – жыраулары тілінің қайнар көзі мен сөз мүсінін жасайтын қалыбы – ертеден келе жатқан ауыз әдебиеті тілі болғандықтан, кейбір суреттер құралдары жағынан бұлар ұқсас түседі. Оның үстіне ауыз әдебиетінің эпос сияқты қомақты дүниелерін тудырушылар немесе оларды сақтап таратушылар, бір жағынан, жыраулар болғандықтан, қазақ сөз өнерінің барша көркемдік қоймасы әрдайым олардың жадында сақталып, ауыздарына оралып тұратындығы ақын-жыраулар мен фольклор туындыларын жақындастырады. Айтыстарда, кейбір тұрмыс-салт жырларында, жырау толғауларында орын алатын қолма-қол суырып салмалық тәсілі ақын-жыраулар тілін халық поэзиясы дәстүрімен берік байланыстырады, өйткені суырып салмалық табиғаты табан аузында тауып айтуға дайын. Бұл кейбір авторлы айтыстарды, толғауларды, бата-тілектерді фольклор дүниесіне немесе өзге авторларға ұқсаттырып, жақындық туғызады. Жазба әдебиет өкілдері өз туындыларын сан рет түзетіп, қырлап, өңдеп отыратын мүмкіндікке ие. Ал, суырып салмалық болған тұста автор өз туындысын өңдеп, түзетіп жата алмайды. Бірақ бұл шығармалар түгел табан аузында туған экспромт дүниелер емес. Ақын мен жыраулардың өлең-жырларының дені-ойланып, толғанудың жемісі, іштей сан рет сөз саралап, ой түюдің нәтижесі. Қазақтың нағыз ақын-жыраулары ауыздарына алған түскен сөзді ұяқастыра берушілер емес, белгілі дәстүрді ұстай отыра, сөзді тандап жұмсаушылар, айтпаған тыңдаушыға әсерлі етіп жеткізушілер[4,15]. Әдебиеттанушы М.Жолдасбеков: «Бір кездерде эпостық дәстүрі айрықша дамыған қазақ халқының бай мұрасы мен орхон ескерткіштерін салыстыра зерттеудің ерекше мәні бар екендігін» айтып, орхон ескерткіштері – этикалық шығармалардың, тарихи-ерлік жырлардың ең әдепкі үлгілері деп таниды [5,72]. Ал фольклор тілін зерттеуші Е.Жұбанов ауыз әдебиеті үлгілері жазба әдебиеттен өрбімейді, керісінше, Орхон жазбаларына түркі тайпаларының ежелден дамып келген бай ауыз әдебиеті үрдісі негіз болған дегенді айтады [6,19]. Орхон жәдігерліктері әдеби мұра ретінде де, әдебиеттің белгілі бір жанрының үлгісі ретінде де біраз түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының да әдеби тілінің тарихи бір арнасы екені даусыз. Көп жанрлы көркем әдебиеттің өсіп, өркендеу тарихын зерттесек, оның өзіне дейінгі көркемдік тәжірибеге, шынығып, шыңдалған дәстүрге сүйене отырып ілгерілейтінін білеміз. Суреткер ұзақ мерзім ішінде дәстүрге арқа сүйей отырып, жаңашылдыққа ұмтылады дегенді жиі-жиі айтамыз. Дегенмен, әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдықтың ара қатысын айқындаудың қиын екендігін үнемі ескере бермейтініміз де бар. Әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдықтың айқын межесін тайға таңба басқандай етіп ажыратып айту әзірге ешкімнің қолынан келген емес, өйткені дәстүр мен жаңашылдық бірінен бірі табиғи тамырлас, тұтасқан дидактикалық бірлік құбылысы. Ежелгі дәстүрден қол үзген жырауды кездестіру мүмкін емес. Бірақ мәселе тек дәстүрге сүйене ғана емес, сол ғасырлар бойғы бай көркемдік тәжірибені қалай игеріп, қалай қорытуға болса керек. Бұл жерде жалғыз ниет, тілек, талап жеткіліксіз. Бұған қоса шығармашылық ізденіс, ақындық зор дарын, тапқырлық, шеберлік ауадай қажет[7,30]. Шын мағынасында сонау ғасырлар бойғы әдеби мұраның құбылыстарын түсіну үшін алдыңғы дәуірлердегі рухани құндылықтарды зерделеу шарт. Дәстүр мен жаңашылдықтың жалғасып, ешқашан үздік үрдіс үзілмейтін өміршең болатынын өз ішімізден іздегеніміз игі болатынын білетін кез жетті. Бұл ұзын арқау, кең тұсау емес, жер басып жүрген соң, ешкімнің де аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ. Бастаулар мен сағалар бір-бірімен өзара нәзік байланысып жатады. Дәстүр – қазақ халқының өлең қазынасына

айырықша айшықты ажар, қайталанбас нақыш қосып, замандар бойында дамып, құлпырып отырған

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сыдиықов Қ. Көркемдік өрнектер Алматы: «Рауан» 1992 ж.
2. Қаратаев М. Дәстүр және жаңашылдық, I кітап, Алматы. 1980 ж. 366 б. Ғылым.
3. Әуезов М. Қазақтың әдеби тілі туралы. \\Әдебиет және искусство. 1951 ж, №4.
4. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы Алматы: «Ана тілі» 1993ж.
5. Жолдасбеков М. Асыл арналар Алматы: 1990 ж.
6. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері Алматы: 1978 ж.
7. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. Алматы: Ғылым. 1981 ж.

АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ – СОЦИО-КУЛЬТУРНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ДУХОВНОСТИ

*Курзова Н.А к. филос. н., доцент кафедры философии
Костанайский государственный университет имени А. Байтурсынова,*

Начало XX века в Казахстане ознаменовалось подъемом национального самосознания народа. Национальное движение в казахском обществе было неоднородным, возникали различные его течения, ядром которых стала национальная интеллигенция [1, с.150]. Особое место в истории Казахстана этого периода занимает деятельность видного ученого-тюрколога, лингвиста, поэта, публициста Ахмета Байтурсынова, с именем которого связана целая полоса истории казахской культуры, науки и народного образования.

Педагогическую деятельность Байтурсынов начал в аульных школах, затем продолжил в двухклассных училищах Актюбинского, Кустанайского и Каркаралинского уездов. Учительская стезя стала одной из основных на жизненном пути Ахмета Байтурсынова. Как педагог и просветитель Байтурсынов глубоко переживал невежество народа. Именно в приобщении к образованию, науке, культуре он видел путь к свободе народа. Для того, чтобы школьное образование было на должной высоте, считал он, нужны три условия: нормальное финансирование школы, обеспечение учащихся соответствующими учебниками и учебными пособиями, подготовка высококвалифицированных учителей.

Имя Байтурсынова приобрело широкую известность еще задолго до революции. Оно олицетворяло просвещенную часть казахского общества. За участие в составлении петиции царю каркаралинской группой казахской интеллигенции Ахмет Байтурсынов, работавший заведующим Каркаралинским двухклассным училищем, был арестован в июле 1909 г., вместе со своими единомышленниками. Восемь месяцев без суда и следствия находился в Семипалатинской тюрьме. После освобождения ему разрешили проживание только за пределами Казахстана, что приравнивалось к ссылке. Как за политически неблагонадежным за Байтурсыновым был установлен полицейский надзор. После своей высылки в Оренбург в феврале 1910 г. он опять же избирает местом своей деятельности школу и работает учителем словесности до конца 1917 г. [2, с.77-78].

В период после падения анархии лидеры Алаш стали широко пропагандировать идеи свободы и единения казахского народа во имя идеалов будущего. Вместе с тем призывали народ к восстановлению своей государственности. Через газету «Қазақ» они разъясняли принципы государственного управления, приемлемые для казахов. 11 июня 1917 года вышла статья «Шорай ислам», под которой подписались лидеры Алаш А. Байтурсынов, А. Букейханов, Ж. Жанибеков, М. Дулатов, С. Кадирбаев, Е. Гумаров, И. Алимбеков, Н. Бегимбетов. Они поднимали вопросы, связанные с реализацией задач, выдвинутых на всемусульманском съезде в Москве. 21-26 июля 1917 г. в г. Оренбурге состоялся первый всеказахский съезд, в котором участвовали представители почти всех областей Казахстана. На повестке дня было 14 вопросов: система государственного управления, автономия

казахских областей, земельный вопрос, организация народной милиции, земство, народное образование, суд, духовно-религиозные вопросы, женский вопрос, созыв Учредительного собрания и подготовка к его выборам в казахских областях, всероссийский мусульманский съезд, образование казахской политической партии, события в Семиреченской области, участие казахов в Всероссийском федеративном совете в Киеве и в работе комиссии по народному образованию в Петрограде. Главное внимание делегаты уделили проблемам национальной автономии, созданию национальной политической партии. По мнению М. Кул-Мухаммеда, приоритетными на съезде были две позиции. Первой была идея «построения независимой автономии» А. Байтурсынова и М. Дулатова. Вторым было предложение А. Букейханова и Ж. Акпаева «о создании регионально-национальной автономии».

После революции 1917 года, будучи членом партии «Алаш», А. Байтурсынов избирается членом Военно-революционного комитета Киргизского (Казахского) края, работает наркомом просвещения края (1920–1921), председателем Академического центра (1921–1922), является членом научно-методического совета Наркомпроса. В 1920 году вступает в РКП (б), в 1921–1928 годах работает в Казахском институте народного образования, где читает лекции по казахскому языку и литературе, истории и культуре. В 1928–1929 годах А. Байтурсынов – профессор Казахского государственного университета. Созданная им и названная его именем графическая система позволила быстрее ликвидировать неграмотность, повысить письменную культуру казахов. В июне 1929 года во время творческой поездки в Кзыл-Орду А. Байтурсынов был арестован. Ему вменялось в вину, что в 1926 году на съезде тюркологов в Баку он встречался с зарубежными учеными, пытался наладить связь с Мустафой Чокаевым, якобы для того, чтобы тот помог осуществить план отделения Казахстана от России. В 1931 году – ссылка в Архангельскую область, откуда он вернулся в Алма-Ату лишь через три года. И в 1937 году, когда поднялась новая волна репрессий, его вновь арестовали. 8 декабря 1938 года АхметБайтурсынов был расстрелян как «враг народа» [5].

АхметБайтурсынов не просто знаковая политическая фигура новейшей истории Казахстана. Это поистине неординарная личность. Он стал ответом самих глубин казахского общества на вызовы времени. Им были реализованы в довольно сложной ситуации начала XX века две поистине кардинальные задачи, поставленные и обоснованные в трудах и заявлениях его старшего товарища и друга АлиханаБукейханова.

Это поиск и создание надежного инструмента формирования национального сознания и развертывания деятельности по реализации плана возрождения казахского национального государства. Именно ему, выходцу из низов кочевого аула, судьба определила стать глашатаем настроений общества и подлинным учителем становления национального сознания в степном крае. Он решал эту задачу с помощью общенациональной газеты, а когда она в основе своей дала нужный результат, АхметБайтурсынов взял на себя бремя решений другой, более сложной задачи. Это было формирование основ возрождения национальной государственности, при чем в переломную эпоху революции и гражданской войны. Как некогда говорил близкий друг, соратник и ученик Ахмета Байтурсынова Мыржакып Дулатов: «пройдет время и справедливость восторжествует», так и произошло, время расставило все по своим местам. В 1988 г. достойный сын своего казахского народа АхметБайтурсынов был реабилитирован. Ученый, просветитель АхметБайтурсынов снова с нами. В своих книгах, в фонде его имени, в названии улиц, а главное – в своих идеях, которые созвучны проблемам дня сегодняшнего.

Библиографический список

1. Ахметов Л.С. и др. АлиханБукейханов – поиск ориентиров. АхметБайтурсынов – главное – обретение государственности. Турар Рыскулов – яркий политик советского Востока. Учебное пособие. Астана, 2008. – 204 с. (серия Казахстан: первые лица страны XX века).

- 2.История Казахстана с древнейших времен до наших дней (очерк). Издательство «Дәуір». Алматы, 1993. 4. Козыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды). Алматы: Ғылым, 2006. – 272 с. 5. Кан Г.В. История Казахстана: Учеб.пособие. – 2-е изд., . – Алматы: Аркаим, 2002. – 222 с.
- 3.<http://www.tarih-begalinka.kz/ru/history/collectivization/figures/baytursinov/>

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ

*Кушкинбаева К.Т. Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы, филология магистрі
Аманжол Б. 2 курс студенті А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлек. университеті*

Әр халықтың тарихы өзінше қиын. Бүгінгі күні тәуелсіз және егеменді ел екендігімізді, аспан түстес байрағымызға мақтанышпен қарай алатынымызды айта аламыз.

Бұл-тарихымыздың жақсы жетістігінің куәсі. Бүгін – ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға - Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан. Оның есімі ұзақ жылдар бойы сирек аталып, «буржуазиялық ұлтшылдықтың » синонимі ретінде қаралып келсе, кейінгі ұрпаққа қалдырған орасан мол аманат-мұрасы бір кісінің ғұмырындай уақыт шаң басып жатты. Көрнекті қоғам қайраткері – Ресейдің жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің депутаты, ІV Мемлекеттік думасы мұсылман фракциясының Бюро мүшесі, Санкт-Петербург Масоны, қазақтың ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының негізін салушы әрі көсемі, халқымыздың тұңғыш саяси алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы; ғұлама-ғалым – ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы әрі дарынды публицист - міне, ардақты азаматымыздың халқы үшін соңғы демі біткенше атқарып өткен сан - қиалы қызметінің негізгі көріністері осындай еді.

Алаш қозғалысында, қазақ ұлтшылдығының тарихында Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның үлесі зор деп айтсақ, бұл айрықша тұлғаға аздық етер еді, дұрысы – Әлекең сол қозғалысты бастаушы әрі оның жетекшісі хәм ұлтшылдықтың, ұлтшылдық болғанда жыр боп қайралған, өлең болып насихатталған рухани ұлтшылдықтың емес, тұтас дәуірдің идеологиясына айналған саяси ұлтшылдықтың басты тұлғасы. Өйткені, Әлихан Бөкейхан 1905 жылғы «Қарқаралы құзырхатынан» бастап Алашорда үкіметі тарағанша азаттық қозғалысының басында тұрды. Қазақтың табиғи гуманизмі, өзге ұлттарға деген көзқарасы, өзі босағаға ысырылып басқаға төрден орын беретін ақкөңілдігі мен аңқаулығы, артын ойламай алдыға түсіп кететін далалықтарға тән, кейде өзіне зиян болып жататын ақжарма мінезі мен дағдысы – өзін-өзі билеген кең заманнан Ресейдің отаршылдығына түскен, оның китұрқы саясаты үстемдік еткен заманда жалпы халықтың дағдаруына, рухани деградацияға түсуіне алып келді. Жыраулар болжаған, Дулаттар ашынған, Абай налыған заманның халіне бұдан былай қазақ оқығандары көнбек емес еді. Саясат майданына айналған ендігі дәуірде саяси күрес қана барлығына дәру болмақ. Қазақтың Еуропа елдері сияқты саяси институттары, Ресей сияқты саяси партиялары болмаған себепті оның саяси идеологиясының мазмұны ұлтшылдық сипатта ғана болуы тиіс еді. Жұртты бостандыққа ұмтылуға үндейтін, халықты рухани жаңғыруға шақыратын ұлтшылдық ұрандары ғана дәуірдің ең өзекті, ең қажетті таңдауы болмақ. Сондықтан қазақ ұлтшылдығының саяси идеология ретінде ХХ ғасырдың елең-алаңында тууы табиғи да, тарихи да қажеттілік болатын. Осы саяси идеологияның басында тұру, серіктері мен ниеттестеріне жетекшілік ету, жалпы халыққа саяси көсем болу Жаратқанның қалауымен Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханға бұйырды деп сеніммен айтуға болады. Ұлтшылдық идеология Алаш қозғалысының өзегі мен бағыты болды. Әрине, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының саяси көзқарастары, қоғамдық ойлары, өзіндік позициялары абсолютті түрде бірдей болды деп те айтуға болмас. Десек те, Әлекеңмен мүдделес көптеген қайраткерлеріміз ғасыр басынан бастап Алашорда тұсына

дейін онымен бірге ұлтшылдық платформасында болғаны ақиқат. Ұлт-азаттық қозғалыс ретінде Алаш қозғалысының саяси күресі мен рухани жаңғыру дәуірін қалыптастыруының негізінде ұлтшылдық жатыр десек, мұндай жағдайдың Еуропа мемлекеттерінде де болғанын білеміз. Бірақ орыс, ағылшын, француз ұлтшылдығы болғанымен, біз бұл арада олардың империалистік саясатпен тікелей байланыстылығы жөнінде басымырақ айтуға тиіспіз. Өйткені олардың ұлтшылдығы сол мемлекеттердің империалистік, басқыншылық, үстемдік саясатын қалыптастырды. Олардың империалистік саясаты Ресейде, Англияда, Францияда тұратын негізгі ұлттан өзге халықтардың ұлтшылдықтарын қабылдай алмады. Сол себепті де империалистік, шовинистік пиғылдағы олар өзгелердің табиғи ұлтшылдығына тек біржақты үстемдік тұрғыдан баға берді. Сондықтан Батыс саясатшылары, ғалымдары ұлтшылдықты теріс бағалап, үнемі қажетсіз, әлдебір жат құбылыс ретінде көрсетіп, өздерінің өзге халықтарға жасаған қысымын ұмытып, гуманистік идеяларды насихаттағысы келеді. Яғни, отаршылдық саясаттың арқасында әбден күшейген, қаншама ұлттарды сіңіріп, олардың дінін, дәстүрін, тілін ұмыттырған Батыс мемлекеттері өздерінің ұлттық мүддесі жолында күрескен халықтардың болуға тиісті ұлтшылдығын тұрпайы құбылыс ретінде бағалаудан әлі күнге дейін тайынбауда.

Әлихан Бөкейхан кезіндегі құдыретті Қазақ хандығының бірлігі мен күш-қуатынан айырылып, отарлық тәуелділікке қалай түскенін егжей-тегжейлі зерделеп шықты. Ол қазақ хандары мен сұлтандарының, ру көсемдері мен билерінің Ресей империясы өкілдерімен жазысқан хаттарын зерттей келе кейбірін газеттер мен арнайы жинақтарда жариялады. Сондай-ақ даланың тағы бір көшпелі элитасы – Кенесары хан бастаған қарулы көтеріліс туралы ел ауызындағы аңыз-әңгімелерді жинақтады. Әлихан Бөкейхан осы ізденістердің арқасында бірнеше келелі тұжырымдар жасап, ой қорытты. Қазақтың бірлігі мен тәуелсіздігін сақтай алмауының ең басты себебін ол ел тізгінін ұстағандардың, тіпті ең қатерлі кездің өзінде, яғни жоңғар шапқыншылығы кезінде де ел ішінде ауызбірлік орната алмауынан көреді.

«Бұрынғы билеушілердің көпшілігі, – деп жазады Әлихан Бөкейхан, – күш-қуатының барлығын өзара талас-тартыс пен қырқысқа сарп етті» [1]. Алып Ресей империясымен алысып, байырғы тәуелсіздікті қарулы көтеріліспен қалпына келтіру мүмкін емес деп тұжырған Әлихан Бөкейхан «бұл жолды халықтың жаппай қолдауы да неғайбыл, Кенесары көтерілісінің жеңіліске ұшырауы – соның бір көрінісі» деп есептеді.

Алаш жетекшісі отаршыл империяны саяси тұрғыдан реформалап, федеративтік демократиялы мемлекетке айналдыру арқылы ғана қазақтың әуелі өзін-өзі билеп, кейін толық тәуелсіздікке қол жеткізуіне болады деп санады. Ол мұның ұзақ та азапты жол болса да, ең дұрыс жол екенін көре білді. Сондықтан да 1905 жылы «Халық бостандығы» немесе Конституциялық-демократиялық партияның (кадет партиясы) Ақмола облыстық және Омбы қалалық комитеттерінің ұйымдастырушылары мен жетекшілерінің бірі болды [2].

Партия 1905 жылы 23 сәуір мен 17 қазандағы манифестердің аралығында дүниеге келді, бірақ аз уақытта-ақ Ресейдегі ең ірі әрі аса танымал оппозициялық ұйымға айналды. Кадеттердің бағдарламасы мен алға қойған мақсат-міндеттері қазақ халқының арман-тілегіне сай келді. Бұл партия «адамның жеке басына қол сұқпаушылықты; ұлтына, діни сеніміне, тегі мен жынысына қарамастан азаматтардың теңдігі мен бостандығын қамтамасыз етуді; халық өкілдіктеріне де, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына да жалпыға бірдей, тең, төте және құпия сайлау құқығын жүзеге асыруды; жер реформасын заңнамалық тұрғыдан шешуді, ұлттық талаптарды әділ орындауды» талап етті.

Тәуелсіздікті байырғы хандық басқару институттары негізінде қалпына келтіруді Әлихан Бөкейхан дұрыс деп санамады. Сол себепті де ол өзгеше стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыруға ұмтылды. Бұл ұмтылыстарының бір парасы «Қарқаралы петициясы» деген атпен тарихта қалған 1905 жылғы «Қазақтардың петициясында» көрініс тапты. «Қазақтардың петициясының» басты ұйымдастырушы және негізгі ауторы Әлихан Бөкейханның қазақ халқының бейбіт саяси талаптарын орыс императорына дереу поштамен жіберуді қолға

алғаны туралы оның «Дала өлкесіндегі сайлаулар» деп аталатын очеркінде жан-жақты айтылады.

Әлихан Бөкейхан бұл талаптарды Петербургтің «Сын отечества» газеті мен Омбының «Иртыш» газетінде жариялап, оларды өзі редакциялап шықты. «Қазақтардың петициясының» төртінші тармағында «қазақ отырған жерлердің қазақтың меншігі болып саналатынын патша өкіметінен мойындауды» талап еткен Әлихан Бөкейхан «жерсіз мемлекет болмайды» деген ұстанымда болды. Қазақ жерін сақтап қалу және Ресейдің қазақ жеріне орыс шаруаларын орналастыруына жол бермеу мақсатындағы қажырлы күресті ол Санкт-Петербургтегі оқуынан Омбыға оралысымен бастап кетті. Қазақ халқы петицияда қазақ балалары білім алатын барша бастауыш мектептерге ана тілі мен жазуын енгізуді, қазақ тілінде газет шығарып, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді талап етті [3].

Әлихан Бөкейхан кейінірек сырттан таңылған жат заңдармен емес, қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық ерекшеліктеріне сай келетін жосын-жоралғылар бойынша үкім шығаратын қазақтың байырғы билер сотын қалпына келтіруді ұсынды. Бұл ретте мысал ретінде Англиядағы сот билігін алға тартты. Ол үшін билер мен билердің сот билігін әкімшілік билікке тәуелсіз ету қажет деп санады. «Алаш» қозғалысының стратегиялық мақсаттарының бірі – Дала өлкесіне «земство», яғни жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жаппай енгізу. Земство енгізілген жағдайда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі күшейіп, белгілі бір аумақта жиналған салықты мектеп, аурухана, жол және тағы да басқа маңызды әлеуметтік нысандар құрылысын жүргізуге, яғни жергілікті инфрақұрылымды салып, дамыту мүмкіндігі болатын еді. Мемлекеттік Думада тиесілі заң қабылдау арқылы Дала өлкесіне жаппай земство енгізуге ұмтылған Әлихан Бөкейханның түпкілікті көздегені қазіргі қазақ мемлекетін, оның берік іргетасынан қалау еді [4].

Әлихан Бөкейханның адамшылығы, қайраткерлігі мен кісілік қасиеттерімен ерекшеленді. Ол пікірлестері мен жолдастарының еңбектерін қай уақытта да орынды бағалай білді. Қазақты ғасырлар бойы өз азаттығына ұмтылған бостандық сүйгіш халық десек, бүгінгі тәуелсіздігіміздің бойында бабалар күресі, аталар аманаты бар десек, онда қазақ ұлтшылдығы сол ымырасыз күрестердің ең жарқын идеологиясы. Себебі, бұл идеология қазақтың дәуірлік сұраныстарға орай өркениетті ел, мәдениетті жұрт болуға ұмтылған саяси, рухани күрестің бағдары мен мазмұны. Бұл қазақ зиялыларының қаруды кітапқа, қамшыны қаламға айырбастаған, яғни біліммен, білікпен өз халқының құқығы мен өз жерінің азаттығын талап еткен шынайы, жаңа сипаттағы демократиялық күресі. Бұл күрес – халықтық қарапайым санадан ұлттық ұйысу деңгейіне жетуден, өзін бір халық ретінде сезінуден, ұлттық намыс жолына көтерілуден бастау алған жалпыұлттық күрес. Басында Әлихан Бөкейхан тұрған қазақ ұлтшылдығы тудырған Алаш қозғалысының географиясы бүкіл қазақ даласының азаттық күресіне мүдделі екендігін аңғартты. 1917-18 жылдардағы облыстық, уездік, болыстық сиездер, жалпықазақ сиездері, Алаш автономиясының жариялануы, Алашорда үкіметінің құрылуы осыны толық паш етті. Бұл саяси оқиғалар ғасыр табалдырығынан бастап Әлекеңдер жүргізген ұлтшылдық идеологияға негізделген табанды күрестің нәтижесі еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Ә.Нысанбаев.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998.- 560 б..
2. Алаш. Алашорда: Энциклопедия.- Алматы: Арыс, 2009.- 108-109 б.
3. Әділбекқызы Ж. Семей орыс географиялық қоғамы және қазақ зиялылары //Абай.- 2004.- №1.- б.61-64
4. Қазақ газеті. 1913 жыл.- /Құраст.: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева.- Алматы: Арыс. 2009.- 480 б.

ЖҰМАҒАЛИ ТІЛЕУЛИН – ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ ТОЛУЫНА

Мәлікова С.З. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағатының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің маңызды бір тірегі, жері құтты, тарихы бай солтүстік өлкеде туып, елі үшін өзегін талдырып, өнері мен білімін азат халқының бақытты болашағына арнаған ерлердің есімдері ұрпақ үшін өшпес өнеге. Солардың бірі, бүкіл ғұмыры мен қызметі ізгілікке толы Жұмағали Тілеулин. Жиырмасыншы ғасырдағы қазақтың ақжүрек, адал ұлдарымен бір қатарда, жаңа өмір, ұлт теңдігі, тәуелсіздік ұранымен өскен азамат туралы білетін сияқтымыз, бірақ, оның жарқын бейнесін танытатындай белгі қоя алмай келеміз-ау! Мәдениетті қауымның салтымен биыл туғанына 125 жыл толып отырған қайраткер туралы қолда бар деректермен бөліспекпіз.

Алашорданың көрнекті қайраткерлері сапынан табылған Жұмағали Тілеулин туралы марқұмның жиені, ақын Бақытжан Қанапиянов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелді, көрнекті көсемсөзші, көкшетаулық Сарбас Ақтаев, алаштанушы профессор Зарқын Тайшыбай, жергілікті өлкетанушы, еңбек ардагері Қайролла Мұқанов т.б. мақалаларында біздің кейіпкеріміз әр қырынан көрінген. Оның қызметі туралы, қуғынға ұшырап, жазықсыз жапа шеккендігіне дәлел мұрағат құжаттары да баршылық.

Солардағы ортақ арна–Жұмағалидің осы солтүстік өлкеде қазақ арасынан шыққан алғашқы денсаулық сақтау мамандарының бірі, арнайы мұғалімдік білім беру ісін ұйымдастырушы, өлке тарихы мен мәдениетінің жанашыры, көсемсөзші қалам қайраткері ретіндегі қызметі. Алаш қозғалысы сапындағы белсенді саяси қызметі, қолымызда сақталған жазба әдеби, ғылыми мұрасы дер едік.

Жұмағали 1890 жылы Көкшетау өңірінде, қазіргіше айтсақ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы, «Шұқыркөл» деп аталған ауылда дүниеге келген. Зерттеушілердің дерегіне қарағанда, Жұмағали Абылай ханның жасағын бастаған бәсентиін руынан шыққан Айтбай батырдың ұрпағы.

Сол кездегі тарихи жағдайға байланысты, Жұмағали, әуелі ауыл мектебінде сауат ашады, содан кейін Көкшетаудағы орыс-қазақ мектебінде білім алып, Омбы қаласындағы «Орталық фельдшерлік мектеп» тәмәмдайды.

Жұмағали Тілеулин – саналы өмірін Петропавлда өткізген. Осы қаламен бірге өсіп, біте қайнасқан азамат еді. 1908 жылы Қызылжарға мұғалім болып Міржақып Дулатов келгенде, алдынан шығып, бірінші танысқаны осы Жұмағали Тілеулин екені Жақаңның қызы Гүлнәр апайдың естелігінен мәлім. Ал, мектепте алғаш назарын аударып, ақындығымен көзге түскен шәкірті – Мағжан Жұмабаев. Бұл таныстық үшеуі үшін де әрі бақ, әрі сор болды.

Қызылжардағы таныстық достыққа, одан ортақ дүниетанымға, одан ортақ тағдырға ұласып барып, үш қайраткердің де ұлты үшін жазықсыз жапа шегіп, құрбан болуы да тегін емес. Ресейде самодержавие құлап, Омбыда берекесіздік орын алғанда, әлдебіреулердің жаласымен тұтқынға түскендер де осы Мағжан мен Жұмағали. Білетіндер Мағжанның:

Ардақты ер! Ұмытылмас қылған ісің,
Күні ертең айбынды Алаш жинап есін,
Көксеген көп заманнан тілегінді

Жарыққа шығаруға жұмсар күшін, — деп басталатын өлеңі осы Жұмағали Тілеулинге арнап Омбыда жазылған [1].

Зерттеуші С. Ақтаевтың көрсетуіне қарағанда, Ж.Тілеулиннің Қазақстаннан тыс жердегі ғылым-білім қайраткерлерімен, солардың ішінде мысылы, түркітанушы В. Гордлевскиймен бастауымен Мәскеудегі Лазарев Шығыс тілдері институтының профессор А.Н. Веселовскийдің құрметіне «Шығыс жинағы» дайындалған, сонда Гордлевский қазақ жерінің атауларына ынта қойып, Ж. Тілеулиннен «Сарыарқа» деген сөз орыс тіліне аударылғанда қандай мағына береді деп сұраған.

Оған Жұмағали: «Омбы. 29/IV-14 ж. Құрметті Гордлевский мырза! Сіздің хатыңызды Орынборда Омбыға (бірнеше күнге) жүргелі тұрғанымда алдым. Сондықтан уақтылы жауап қайтара алмадым, ол үшін кешірім өтінемін. «Сарыарқа» деген атау арқылы қандай тауларды айтпақшы болған деп сұрапсыз. Сарыарқа тау емес, ол бүгінде Ақмола, Семей және Торғай облыстарын алып жатқан қазақ өлкесінің беткей бөлігі. Қырат қырлы біркелкі кең жазық. Бұл жерді қазақтар «Сарыарқа» немесе «Сарыарқаның даласы» деп атайды. Құрметпен, Ж. Тілеулин» деп жауап берген [2].

«Айқаптың» алғашқы сандарының бірінде Жұмағали «Жас туғандарыма» өлеңін жарияланған. Өлең дәстүрлі ғақлия үлгісінде өріліп, жастарды жаман әдеттен жерітіп, жақсы істерге еліктіруді нысана тұтқан. Ой-өресі «пілден биік аспайтын, шабан атша аяғын баспайтын, бой түзеп, дұрыс жолға бастайтын атадан қалған мұрасы жоқ» жастарды басқалардың озық үлгісінен өнеге алып, жарасымды жол табуға шақырады.

Жаз күні ұйқы, қымыз ермегіміз,
Жасы бар, кәрісі бар елдегіміз.
Ғұмырың бүйтіп босқа өтер болса,
Не үшін бұл дүниеге келгеніміз ?

Журналдың 1911 жылғы сегізінші санында «Мұсылмандар тіршілігіне тиісті мәселелер» деген мақаласында қазақ даласына ғылым-білім ұшқыны шашырап, орыс мектептері мен татар медреселерінде оқитын қазақ жастарының көбейіп келе жатқанына қуаныш білдіреді, одан әрі енді оларды ана тілінде оқытса, тіпті жақсы болар еді, деген ой тастайды. Ол үшін мектеп, медреселер салу ісіне жұртты жұмылдыру мәселесін көтереді.

Ж.Тілеулин мақалаларының тақырыбы да әр алуан әлеуметтік өмір салаларын қамтиды. Айта кету керек, жас өскін қатары ер жетіп, қалыптасып келе жатқанда Алаш қайраткерлерінің бесаспап болғанына таң қаласыз. Себебі, олар аз еді. Сол аздар ғана замана көшін бастап, ұлт жүгін белі қайысқанша көтеруі керек еді. Солардың маңдайына жазылғандардың бәрі Жұмағалидың да басынан өткен.

Мерзімді баспасөзді азаматтық борышын ақтаудың құралы деп түсінген жас маман, бірде ол өз мамандығы бойынша қалам тербеп, денсаулық кепілі деп, тазалық, денсаулықтың негізі тән саулығы туралы жазады. Және, терең қазып, жан-жақты ашып, қолға ұстатып, көзге көрсетеді. Қазағына жаны ашыған отаншылдығы, сергек сезімі мен жанашырлығы оның әр жазғанынан атой салып тұрады. Жұмағали Тілеулиннің «Қазақ» газеті бетіндегі жарияланымдары танымдық, тәрбиелік құны қымбат еңбектер ретінде өз алдына жеке қарап, бағалауға тұрады. Авторлық үлесі құнды, ұлтшыл, жанашыр азаматқа газет бетінен арнайы мақалаға орын берілуі де тегін емес [3].

Жұмағалидың саяси-қоғамдық қызметі оның 1917 ж. қазанда «Алаш» партиясының Омбы қаласында ұйымдастыруымен өткен Ақмола облысының қазақтарының бірлескен съезіне қатысып, съезде «Алаш» партиясының Ақмола облыстық комитетінің мүшесі болып Жұмағалидің тағайындалуы. Облыстық комитет төрағасы болып Айдархан Тұрлыбаев сайланды.

Оның Қызылжар мен Омбыдағы беделі, саяси күрестегі көсемдері мен серіктері арасында орны табанды қайраткер, халық мүддесіне адал, байсалды да батыл күрескер ретінде танытқан. Айталық, Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш көсемдері Батыс майданда, Белорус жерінде бейнет кешіп, майданның қара жұмысындағы қазақтармен бірге күн кешіп жүргенде Ресейдегі патшаның тақтан тайғанын біле сала, елге жеделхат соғып, сүйінші сұрағанда Қазақстанда іздегендері кімдер екенін білсек, Жұмағали Тілеулиннің де тарихтағы орнын анықтар едік. Олар мыналар: Черняевтегі Тынышбаевқа, 2) Петропавлдағы Көсемісовке, [Жұмағали] Тілеулинге, 3) Омбыдағы Тұрлыбаевқа, 4) Павлодардағы Сәтбаевқа, 5) Семейдегі Мәрсековқа, Тұрағұлға, 6) Қарқаралыдағы Жақыпқа, Смақанға, Хасенге, 7) Зайсандағы Поштаевқа, 8) Қараөткелдегі Райымбековке, Сұлтан Абылаевқа, 9) Атбасардағы Жанайдаровқа, Сыздық Мешенбаевқа, 10) Савинкедегі Шәңгерей Бөкеевке, Бақыткерей Құлмановқа.

Жұмағали сол беделінің арқасында Қызылжарда 1917 жылы 14-сәуірде Петропавлдың уақытша уездік атқару комитетінің құрамын өзгерту туралы мәселе қараған жиналыста болды. Оған қала сыртындағы қазақ және орыс ауылдарынан өкілдер қатысты. Жиналыста Ресей патшасы тақтан түскенімен, уақытша үкімет жергілікті билікті жұртшылыққа бермей жатқандығына наразылық білдірілді. Уездегі билік әлі де офицерлердің, казак әскерлерінің қолында қалып келеді. Сайлаусыз құрылған билік құрамына шаруалар мен қазақ ұлтының өкілдері шақырылмаған.

Осы жиналыста ғана уездік кеңес деп аталатын басқару органының құрамы қазақтармен де толықтырылды. Атап айтқанда: Полудин болысынан: Күсемісов Салмақбай, Жұмабаев Мәди, Қуанышев Дәулет, Тайынша болысынан Сағынаев Қожахмет, Мөңкесор болысынан: Әлімбаев Аманжол, Петропавл қаласынан Тілеулин Жұмағали және Сарытомар отырықшы болысынан Абдолла Шанықов [4].

Орыс крестьяндарынан уездік атқару комитетінің құрамына Николаев және Благовещенка, Столыпин, Златоуст және Троицк болыстарынан бір-бірден өкіл енгізілді. Петропавл уездік атқару комитетінің төрағасы болып, дихан-шаруа Николай Бычков, оған орынбасарлыққа қойма меңгерушісі Быков пен ұсақ қарыз инспекторы Медведев, хатшылыққа 33-полктің солдаты Одушев сайланды. Осы жиын үстінде уездік атқару комитетінің мүшелігіне қазақтардан Ғалиасқар Қуанышев пен Жұмағали Тілеулин сайланды.

Жаңарып, қайта толықтырылған атқару комитетінің бұл құрамы да қазақтарға теңдік бере қоймағандықтан, 1917 жылғы 4-маусымда Петропавлда уездік қазақ комитеті жеке билік органы ретінде дербес бөлінді. Оның төрағалығына Ғалиасқар Қуанышев сайланды. Орталығы Қызылжар болып, кең-байтақ Есіл өлкесі - Қазақстанның солтүстігі жаңа құрылған Қазақ автономиялы советтік республикасы құрамына берілгеніне қуанған ұлт зиялылары губерниядағы мемлекеттік, мәдени-шаруашылық құрылысқа белсене кірісті. Ақмола губерниялық оқу бөлімі 1922 жылғы 27 қарашадан бастап Петропавлда қазақ мұғалімдерінің курсы ашатын болды. Оны ұйымдастыру Жұмағали Тілеулинге тапсырылды. 5 қараша күні Қызылжардағы оқыған қазақ азаматтары бас қосып «Қазақша 3 жылдық мұғалімдер курсы» ұйымдастыру мәселесін талқылады. Бұл жөнінде қағазға түскен хаттама бойынша - ұйымдық жиынға қатысқандар Жанұзақ Жәнібеков, Жұмағали Тілеулин, Сабыр Айтқожин, Кочеганов, Мұхамеджан Бейсенев, Бірмұхамед Айбасов, Ғалауетден Мәмеков, Ғалиолла Ғалымжанов, Сәдуақас Жандосов, Байбатыр Ержанов қатысқан. Бұлардың бәрі де әртүрлі мекемелерде, кейбіреулері мектептерде жұмыс істейтін, көбінің мұғалімдік білімі мен тәжірибесі бар азаматтар болатын.

Мұрағат құжаттарын зерттеу нәтижесінде Қызылжардағы қазақ педтехникумының ашылған дәл күні 1922 жылдың 1 қыркүйек деп тұжырым жасалды.

Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссариаты жалпы білім беретін мектептер мен педагогикалық техникумдар үшін авторлар жасақтап, оларға тездетіп қазақ тілінде оқулықтар жазуды тапсырғанда, мысалы: Жүсіпбек Аймауытов «Дидактика», Мағжан Жұмабаев «Педагогика» және «Қазақ тарихы мен әдебиет танытқыш», Хайретдин Болғанбаев «Жалпы тарих» оқулықтарын жазуға тиіс болды. Ал, Жұмағали Тілеулинге «Мектеп оқушыларының гигиенасы» деген кітап тапсырылды [5, 149 п.].

Ал енді келесі бір мәліметте Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасы» 5 мың дана, Ж.Тілеулиннің оқулығы «Денсаулық» деген атпен 3 мың дана басылып шыққан [6, 66-67 беттер]. 1924 жылы қазақ педтехникумының басында отырғанда «Гигиена» деген оқулық жазып, бастырды. Еңбекқор маманның қолынан бұларға қоса, ел арасында әлеуметтік дерт қатарына жататын тақырыптарда «Жұқпалы науқастар», «Қотыр» деген санитарлық-ағарту құралдары 1926 жылы Мәскеуде, «Гигиенаның» тағы бір нұсқасы 1927 жылы басылып шығып, халық арасына тарағаны, бұдан басқа да ғылыми-көпшілік әдебиетті орыс тілінен қазақшалағаны мәлім болып отыр. Мұрағатта Жұмағалидың кеңсе қызметкерлері үшін тіл үйрену курсы ашып, қазақша сабақ бергені жөнінде деректер сақталған [7, 66-67пп]. Қазақ педагогикалық техникумы әуелде екінші басқышқа 17 бала қабылданған болса, соның сегізі 1925 жылы оқу бітіріп, қолына құжат алды. Қызылжар педтехникумы өз бауырлары мен

қандастарына қазақ тілінде, анасы мен атасының тілінде сабақ беретін алғашқы 8 мұғалімді қатарға қосты. Ерлікке парапар осы еңбегі үшін ғана Жұмағалиға ұрпақтары разы емес пе?

Өмірлік позициясы айқын, халық денсаулығы үшін жан сала еңбектенген Жұмағалидың аймақтағы денсаулық сақтау ісін ұйымдастырудағы, мекемелерді маман қызметкерлерімен толықтырудағы ізі сайрап жатыр. Айталық, 1927-1928 бір жылдан сәл асқан уақыттың өзінде ол Ақмола губерниялық денсаулық сақтау бөліміндегі шараларға 15 рет қатысқан, көбінде бөлім меңгерушісінің орынбасары ретінде жиналыс басқарған, сөз сөйлеп, бағыт-бағдар нұсқаған.

Қазір Кеңес заманындағы саяси қуғын-сүргіннің жан түршігерлік науқандары қазақ зиялыларының басына ерте-ақ, 1922 жылдың күзінен бастап үйіріле бастағанын айтпасақ болмайды. Сол жалған жалаға негізделген ауыр соққы Қызылжардағы Мағжан мен Жұмағалидің басына ертерек тигендей. Өз арамыздан шыққан шала сауатты шолақ белсенділер «тап күресі» дегенді желеу етіп, кеңес өкіметі мен компартияның майлы шелпегінен үлес алып қалмаққа ұмтылып, қандастарына жала жабудан тайынбады.

Кеңес өкіметі тарапынан ресми түрде жария кешірім жасалғанымен, Алаш қозғалысына қатысып, қазақ халқының тәуелсіз мемлекетін құру жолында күрескендер, жаңа, советтік құрылысқа қарсы деп айыпталды. Мысалы, Петропавлда орысша шығатын, губерниялық совет пен партия комитетінің ресми органы «Мир труда» газетінің 1922 жылғы 8-тамыздағы санында губерниялық атқару комитетінің төрағасы Сабыр Шәріповтың (бүркеншік аты - Рибас) «Қазақ болыстарындағы кеңестер сайлауы» (К выборам Советов в киргизских волостях) деген мақаласы басылды [8, 2 бет]. «Рибастың» ұраны кеңестер құрамына елге құрметті, еңбегімен, білімімен танылған лайықты адамдар сайлау қажет деген сияқты көрінгенімен, басты тезисі «жергілікті билік орындарына бұрынғы алашордашылар кіріп кетпесін» еді. Атап айтқанда, газеттің кімдерді мезгеп, автордың кімдерге нұсқап отырғаны ертеңінде, 9 тамыздағы газетте жарияланған «Алашордашыларға Кеңес ұйымдарында орын жоқ!» деген екінші мақаладан көрінеді [9, 2 бет].

Коммунистер белсендісі С.Шәріпов бұл мақаласын Атбасар уезіндегі Жарғайың болысынан бастап, сөзбе-сөз қазақшалағанда былай дейді: «Қазақ интеллигенциясының көсемдері, буржуялар мен кулактардың ұлдары, жалдаптары [Мағжан] Жұмабаев, [Жұмағали]Тілеулин, Мұқышев, [Мұрат] Сейітовтер, [Ережеп] Итбаев, [Айдархан] Тұрлыбаев, [Мейрам] Жанайдаров, Нұралин кезінде Бөкейхановтың, Байтұрсынов пен Дулатовтың батасын алып, соңынан еріп, Колчак тұсында жауапты қызметтер атқарды. Кеңес өкіметі бұл интеллигенттердің біреуін де жазалаған жоқ, оларға жауапты қызметтер берді. Бірақ, олар жұмысқа бөгет жасап қана келеді. Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізеді. Олар Петропавлда бірнеше большевикті атып өлтірді... Біз еңбекші-кедейлер атына мынаны мәлімдейміз: алдағы кеңестер сайлауында бұрынғы алашордашыларға, әсіресе олардың көсемдеріне бірде-бір дауыс берілмесін... Біздің жолымыз олардан бөлек. Оларға дауыс бергендер – еңбекшілердің, кеңес өкіметінің жауы саналады. Жетті! Олар қазірде кеңес үкіметінің жұмысына қарсылық жасап, қастандығын қойған жоқ».

Мұндай ауыр айыптаудан кейін не болатыны түсінікті еді. Осы газеттің 16 тамыздағы санында Жұмағали ақталмақ болып жазған жауабы басылды. Қазақшасы мынадай: «Басқалармен бірге менің де атыма ауыр күнә айтылыпты. Қылмыс істеді депті. Колчак өкіметі кезінде мен Петропавл қалалық Земство билігінің құрамына сайландым. Дәрігерлік-санитарлық бөлімді басқардым. Нұркиннің өліміне ешқандай қатысым жоқ. Ол Петропавл уезі Пресногорькое болысында кеңес қызметінде жүргенде ауырып, өз үйінде өлді. Оны алаш-ордашылар атып өлтірді деген өтірік. Мен 1921 жылғы қазанда Ақмола губерниясында кеңес өкіметі қайта орнағанша Көкшетау уезінде, денсаулық сақтау бөлімінде медфельдшер болып істедім. Сол 1921 жылғы қыркүйек айында Ақмола губерниялық атқару комитетінің құрамына сайландым». Осыдан кейін Жұмағали іле-ақ тергеуге алынған, бірақ ақталып шыққан[10, 2 бет].

1922 жылы Мағжан өлеңдерінің жинағын ақын Бернияз Күлеев құрастырып, алғысөз жазып Қазанда басып шығарғаны, 1923 жылы белгілі қаламгер және қоғам қайраткері

Сұлтанбек Қожановтың алғысөзімен Мағжан ақынның үшінші кітабы Ташкентте басылып шыққаны мәлім. Ал, осы үшінші жинақтың тағдыры Мағжан басына қара бұлттың ерте-ақ үйірілгенін, оның тілектес досы Жұмағалиды да қосақ арасына ала кеткенін кім біледі?

Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатында сақталған құжатта Ақмола губерниясында Мағжан Жұмабаевтың қазақ тіліндегі өлеңдер жинағы таратылған, басылым Түркістан мемлекеттік баспасынан 1923 жылы шыққан, осы кітапты айналымнан алып, жиналған даналарын арнайы нұсқау берілгенше сақтап қою жөнінде өте құпия тапсырма бар. Оған Қызылжардағы Лито (цензура) бастығы мынадай бұрыштама қойған: «Иванов жолдасқа-тез орындаңыз, алдымен Қазпедтехникумнан, ауыл шаруашылық мектебінен және кітапханадан, сонан соң Тілеулиннен, алыңыз». Мұндай нұсқау тек Ақмола губерниясына ғана емес, Қазақстанның барлық аймақтарына жіберілген.

Қазақстанда алашордашыларды қуғындау науқаны 1928 жылғы күзден басталып, келесі жылы жалғасты.

Соның алғашқы легінде қара тізімге іліккендердің бірі Жұмағали Тілеулин еді. Осы күнге дейін Солтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасы мұрағатындағы істе 20-30-ы жылдары Қызылжар өңірінде астартын ұйым болғанын баяндаған деректер бар. «1930 жылдың 7, 20-науырыз күндерінде ОГПУ Петропавл округтік бөліміне Октябрь аудандық атқару комитетінен жазбаша хабарлар келіп түсті. Бұл хабарларға қарағанда №11 және 18-ауылдарда «Жат» деп аталатын контрреволюциялық ұйым әрекет етуде». Ж. Тілеулинге осы ұйымға басшылық еткен, деген айып тағылған.

Тергеу жұмысында Жұмағали туралы басқалардың берген жауаптарын, айтқан сөздерін қысқа қайыратын болсақ, мынадай: Жанталин (Ахмет. – С.М.): «Тілеулин адал адам. 1921 жылы Ново-Покровкада фельдшер болып істеді». Байтасов Абдолла (Қызылжарда мұғалім, Орынборда М.Әуезовпен бірге 1922 жылы Қазақ атқару комитетінің хатшысы болған): «Тілеулинмен көрші ауылда туғанмын, тұрғанмын. Екеуміз бажамыз. Мен оны тек жақсы адам деп қана білемін». Темірбеков Абдолла: «Мен САГУ-де (Орта Азия мемлекеттік университеті) оқығанмын. Тілеулин менің балдызым. Интеллигент семьясынан шыққан. Он бес жыл фельдшер, он алты жыл мұғалім болып істеген. Ешқандай қылмысын білмеймін. Адал адам».

1930 жылы 23 қарашада Жұмағалиді Петропавлдың Айрықша бөліміне арнайы конвоймен жіберу жөнінде шешім қабылдаған. Сол 1930 жылғы желтоқсанның 17-де толтырылған ОГПУ «Үштігінің» хаттамасын оқиық: «Контрреволюциялық «Жат» ұйымының мүшелеріне қылмыс заңының 58-2 бабы бойынша: Темірбеков Әбжан, 61 жаста, қазақ, ауылдық старшын болған, Алашорда мүшесі, партияда жоқ, кулак ретінде мал-мүлкі хатталған, 1928 жылдан бері Кеңеске қарсы әрекет жасап келе жатқандығы үшін 5 жылғы бас еркінен айырылсын. Темірбеков Уахит Әбжанұлы - 25 жаста, ВЛКСМ қатарынан шығарылған – 5 жыл берілсін. Сәкенов Мұртаза Биғалиұлы – 22 жаста, ВЛКСМ қатарынан шығарылған, байдың тұқымы, 5 жыл берілсін. Бексалтанов Шарний Давлеткиреевич - 28 жаста ВЛКСМ қатарынан шығарылған, байдың тұқымы, 5 жыл берілсін. Әбілғазин Паттах Әбілғазыұлы – 58 жаста, қазақ, медфельдшер, 1921 жылы көтеріліске қатысқаны үшін тергеуде болған, Белоруссиядағы көтеріліс туралы айтып, Кеңес үкіметі таяуда құлайды, деп қауесет таратқан – 3 жыл берілсін. Бижігітов Әбубәкір - 29 жаста, босатылсын. Сайымжаваров Кошмулла – 66 жаста, башқұрт, бай, Петропавл округінде көтеріліс бола қалса, сырттан көмек күткен, босатылсын. Тілеулин Жұмағали – 39 жаста, қазақ, мамандығы медфельдшер, бұрынғы алашордашы, партияда жоқ 1922 жылы сотты болған. Ағайындарын үгіттеп, өз ауылында Кеңеске қарсы үгіт жүргізген. Осылайша, Ж.Тілеулиннің ісі республикалық ОГПУ-дің Айрықша бөліміне жіберіліп, тергелетін болды. Өзі Петропавл түрмесінен босатылды. Төрт айда кейін 1931 жылғы сәуірдің 15-інде Жұмағали қайта тұтқындалып, Алматыға айдалады.

Жұмағали сол кеткеннен Қызылжарға қайтпады. Воронеж облысы, Белогор деген жерде айдауда болып, 1935 жылы босаған соң Новотроицк аудандық ауруханасына жұмысқа жіберілді. 1937 жылы «Халық жауларын» жаппай қамау науқаны басталғанда ескі тізім

бойынша Жұмағалиға да құрық түсті. Архив құжаттары бойынша, басқа да қазақ зиялылары сияқты оған тағылған айып, ұлтшыл «Алаш» партиясының құрамына кірген, «Алашорда» үкіметінің мүшесі болған... қазақтың ұлтшыл-буржуазияшыл интеллигенциясының өкілдері Кеңеске қарсы қылмысты әрекеттерін жалғастырып келген...

Тілеулин Жұмағали 1938 жылғы қаңтардың 17 күні тұтқынға алынды. Бұрынғы «қылмыстар» қайта қопарылды, ақпанның 15 күні ату жазасына кесілді, екі күннен кейін қазақтың ардақты ұлдарының бірі Жұмағали Тілеулин атылды...

Түркістан әскери округінің әскери трибуналы 1958 жылы 20-науырызда Ж.Тілеулиннің «қылмыстық ісін» қайта қарап, оны ақтады.

Міне, бүкіл саналы өмірі туған елінің, Қызылжарының мәдени-ағарту, денсаулық сақтау орындарында өткен, Алаш қайраткерлерінің ішінде бірегейі, жерлесіміз Жұмағали Тілеулин туралы бүгінгі ұрпаққа жеткізер ақпарларымыз осындай.

«Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді» деген дана халқымыздың айтқаны тұп-тура осы Жұмағали Тілеулин сияқты халқымыздың адал ұлдарыны арналған болса керек. Нағыз ұлт зиялысы, халық бақыты үшін күрескен қайраткер еді десек, қалам қуаты күшті көсемсөз шебері десек, ғалым, маман десек – бәрі бір адамның басынан табылып отырғанын мақтан етейік. Ендігі парыз, осындай қасиетті атамыздың әруағын тірілтіп, атын ұмыттырмай, лайықты белгі арнауның жолын іздейік.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұмабаев Мағжан Туған жер. «Северный Казахстан» баспа үйі. 2008 ж. -368 бет.
2. Ақтаев С. Тұғырлы тұлға. /Ана тілі. 2012, 31 мамыр.
3. Дәрігер Жұмағали Тілеулин. /Қазақ. 1917 № 235.
4. Тайшыбай З. Сыр сандығым –Қызылжар. Астана, 2013. 147-152-беттер.
5. ҚРОМА. 81-қор. 1-тізбе. 429-іс.
6. Иманбаева С. «Ақиқат» журналы, 2001. №1.
7. СҚММ. 55-қор. 1-тізбе. 126-іс.
8. Мир труда газеті. 1922 жыл, 8-тамыз. № 176
9. Мир труда газеті. 1922 жыл, 9-тамыз. № 177
10. Мир труда газеті. 1922 жыл, 16-тамыз. № 179
11. Мұрағат-халықтың деректі мұрасы. «Северный Казахстан» баспа үйі. 2014 ж. -161 бет.
12. Мәлікова Сәуле Жұмағали Тілеулин. «Северный Казахстан» баспа үйі. 2016 ж. -283 бет.

С.МҰҚАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мукашева Р.А.

*Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы, филология магистрі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

Жалпы тіл білімінде фразеологизмдердің зерттелу тарихы жүз жылдыққа кетеді. Сан ғасырлар бойы өздерінің сонылығын сақтаған алуан айшықты, терең мазмұнды фразеологизмдер халық тілінің асыл қазынасы іспетті. Бейнелі сөз орамдары дөп тигізіп айтар дәлдігімен, ерекше көркемдігімен кімді де болса әрдайым баурап алады. Халық тілінің осы бір байлығын керегінше пайдалану – әрбір көркем сөз шеберіне тән. Дүниенің тілдік бейнесі ұлт өкілдерінің өмірге деген көзқарасы мен өмірлік тәжірибелерінен тұрады. Сондықтан дүниенің тілдік бейнесі фразеологизмдерден, тұрақты тіркестерден, мақал-мәтелдер мен идиомалардан анық көрінеді. Себебі бұл тілдік қабатта ұлт өкілдерінің дүниеге деген көзқарастары, айнала қоршаған ортаға қарым-қатынасы, сондай-ақ халық даналығы жинақталған. Осымен байланысты дүниені танып-білуде фразеологиялық бірліктердің

маңызы ерекше. Б.А.Ларин фразеологизмдер қоғамдық өмірді, халықтың дүниеге көзқарасын, сол қоғамдағы идеологияны бейнелеп тұрады деп көрсетеді [1,4]. Әдеби тілде фразеологизмдер сан жағынан артып, мазмұны жағынан түрлене түседі. Алғашқы қазақ жазушыларының қайсысын алсақ та, олар әдеби тіл қазынасын қолдануда. Лингвокультуремалық сипатқа ие болатын бірліктер тілде сөз, сөз тіркестері, оның ішінде фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер түрінде кездеседі.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдер І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Н.Уәлиев, Ғ.Смағұлова, С.Сәтенова, Г.Қосымова т.б. ғалымдар еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Соның негізінде І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», Ә.Қайдардың «Тысячи метких образных выражений в казахском языке», Н.Уәлиевтің «Фразеология және тілдік норма», Ғ.Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері», С.Сәтенованың «Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты», Г.Қосымованың «Қазақ эпосындағы тұрақты сөз тіркестері» деп аталатын ғылыми еңбектері жарық көрді.

«Бүгінгі фразеологизм, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік единицалардың басым көпшілігі бір замандағы күнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылықтың, кәсіпшіліктің, өзара қарым-қатынастың нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрінісі» [2, 168].

«Халық өзінің өткен дәуірлердегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Түп төркіні беймәлім сөздердің сәті түсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендегі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады» [3,47]

Фразеологиялық тіркестер тілге ұлттық ерекше сипат, нақыш береді. Фразеологизмдер – ұлттық психологияны, оның тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бойына сіңірген, соларды баяндайтын лингвокультуремалар.

Жазушы шығармаларында фразеологиялық тіркестерді молынан пайдаланған.

Қай қаламгердің болмасын өз шығармасында фразеологизмдерді дайын күйінде де, авторлық өңдеумен де (перифраза жасап) қолданатыны сөзсіз. Әрине, мұнда да жазушының талғамы мен тілдік қоры шешуші болмақ. Соларға орай фразеологизмдер біреуде аз, екінші біреуде мол кездеседі, біреулері оларды дайын күйінде пайдаланады, екіншілері өңдеуі, толықтыруы, ал қайсыбірі оны тыңнан туындатуы мүмкін.

Ә.Қайдаров «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты жинағында фразеологизмдердің қасиеті жөнінде мынадай ой айтады: «Фразеологизмы – весьма сложные лингвистические образования. Сложность их объясняется не только множеством структурных типов и синтаксических моделей, но и тематической и семантической многоплановостью, а также способностью выражать самые различные эмоционально-экспрессивные оттенки мысли» [1, 202]. Демек, академик-ғалымның пайымдауынша, фразеологизмдер – бейнелі ойлаудың жемісі.

Фразеологизмдердің көркем әдебиет тіліндегі маңызы мен рөлі туралы тұжырымды ойды біз Х.Кәрімовтің жоғарыда аталған еңбегінен кездестіреміз. Автордың пайымдауынша: «Әдеби шығарма тілін көркемдеп, жандандырып, нәр беруші амалдардың бірі – халық тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестер. Олар – ұлттық психикалық өзгешелігінің негізінде қалыптасқан образды ойлау тілінің үлгілері, халықтық даналыққа суарылған өткір құралдар» [4, 34].

Н.Уәлиев фразеологизмдердің дүниенің тілдік бейнесін берудегі рөлі жайлы былай деп жазады: «Халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты сөз оралымдарының (мақал, мәтел, канатты сөздер, фразеологиялық тіркестер т.б.) сан алуан сыры бар. Олай болатыны халық өзінің өткен дәуірлеріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Көнелікті ең көп сақтаған «жаны сірі» сөздердің небір шоғырлары алдымен мақал-мәтел, фразеологизмдердің құрамында шегенделіп қалған деуге болады» [5,12].

«Фразеологизмдер- ұлттық психологияны, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бойына сіңірген, соларды баяндайтын лингвокультуремалар»[5,30].

Қазақ тілі фразеологизмдерге бай тілдердің қатарынан саналады. Бұл рухани байлық қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінен, фразеологиялық сөздіктерінен, сондай-ақ көркем шығармалардан көрінеді.«Қай елдің, қай жазушының қай шығармасын алсаңыз да тілдің осы халықтық элементтерінің сан түрін табуға болады. Яғни қаламгерлердің қай-қайсысы да сөйлеудің халықтық формасын пайдалануға бейім».

Фразеологизмдер халықтың өткені мен бүгінгісін жалғастырушы көпір іспетті. Көркем образды, терең мазмұнды сөз өрнектері әр ұлт тілінің ерекше көрінісі болып табылады. Мұндай сөз айшықтары жалпы халық тіліне айрықша реңк беріп, ұлттық характердің айқын белгісін көрсетеді. «Фразеологизмдердің қай-қайсысы болмасын (идиома,фраза, мақал-мәтелдер) бәрі де ең алғаш халықтық сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан.Сондықтан олар өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай келеді. Фразеологизмдер алдымен адамдардың ой сезімін, ара-қатынасын, өмір тануын білдіреді»[4,82].

Көркем әдебиет ұлт тілінің қазынасын танытатын болса, сол көркем дүние тілін ажарландыратын қажетті тілдік амал-тәсілдердің бірі фразеологизмдер арқылы көрінеді. Басқалай айтқанда, фразеологизмдер- көркем шығарма тілін жандандыратын, астарлап бейнелеу, суреттеудің тілдегі ең қажетті құралдарының бірі. Фразеологизмдердің стильдік бояуы сөзбен салыстырғанда әлдеқайда күшті, экспрессивті мүмкіншіліктері анағұрлым мол. Осымен байланысты фразеологизмдер белгілі бір оқиғаны баяндауда, сөйлеуде ерекше өң береді. Олардың көркем әдебиет тілінде атқаратын қызметі сан қырлы. Таратып айтсақ, шығарманың идеясын беруде, образ сомдау мен портрет жасауда маңызды рөл атқарады. Фразеологизмдер қатысқан суреттеулер арқылы айтылар ой бейнелі шығады. Сонымен қатар, характер жасауда фразеологиялық тіркестердің орны айрықша. «Адам образын жасауда мінездеудің алатын орны ерекше. Әрине, бұл тілдік құрал арқылы арқылы іске асады. Көздеген нысанаға дәл тигізетін эмоциялы бояуы күшті, айрықша мәнде сипаттама беретін тілдік тәсілдердің көмегімен жазушы адам мінезінің толып жатқан қыр-сырын, оның ішкі жан дүниесін, портретін, жағымды не жағымсыз әрекетін бейнелейді, некейіпкерлерді әжуа-сықақ, ирониялық тұрғыдан көрсетеді. Айрықша эмоционалды-экспрессивті мәнде мінездеме беру мүмкіншілігі әсіресе, фразеологиялық тіркестерде мол», - деп көрсетеді[5,57].

Фразеологизмдер ғалымдар жетекшілігімен жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде жалғасын тапты.Академик І.Кеңесбаевтың фразеологизмдердің бас белгілеріне (релеванттық) мыналарды жатқызатыны белгілі : мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы [4, 90]. Сондай-ақ ғалым «қазақ тілінің фразеологиясы – дербес пән» деп тұжырымдайды ,ал бірқатар еңбектерде ол лексикологияның бір саласы ретінде қарастырылып келеді.

Сәбит Мұқановтың қай-қай шығармасында, әсіресе көлемді туындылары романдарда фразеологизмдер өте мол. Кез келген жазушы фразеологизмдерді белгілі бір мақсатта пайдаланады. Сондықтан қолданыстағы фразеологизмдердің стильдік мәні де айрықша.«Бұл хабарға сырттай *сыр бермегенсінген* әкемнің іші қатты қобалжығанын жүріс-тұрысынан, кескін-кейпінен аңғарып жүрдік.» (7,29- б).

«Тыйынның қаттылығы ма, әлде қорқып кетті ме, *қанын ішіне тартып* сұрлана қалған әжем де *тіл қатпай* әкемнің кескініне жауандай қарап сілейе қалды...» (6,39- б).

Осы келтірілген сөйлемдердегі фразеологиялық тіркестер сөйлемдерге ерекше ритм, мелодикалық әуен беріп тұрғандай, басқа сөздермен қосылып, ерекше үйлесімді әуенмен айтылады.

«Фразеологизмдер өз мағынасында қолданыла келе, өзін көмкеріп тұрған әр қилы субъективтік, ситуативтік қоршауында мағына-мазмұны жвғынан жетіле, шыңдала түседі. Фразеологизмдерді осылайша орнын тауып қолдану үлкен суреткердің ғана қолынан келеді. Алуан түрлі тіркестер суреткедің қаламына іліккенде кең өріс алып, стиль жағынан ширатыла түседі».

«Әйелдігіне бағып *жасқа булыққан* жеңешем, арғы сөзін айта алмай, әжеме арнаған жоқтауын айтып дауыс қып кетті...» (8,49- б).

«Күн бұрын қатты ескертерім, естіген сөздерің осы арада қалсын. Жан адамға *тістеріңнен* шығара көрмендер» (7,54 -б).

Жазушы фразеологиялық тіркестерді қолданғанда, сөйлем ішінде олардың қалыптасқан тұлғасын сақтап, өзгеріссіз қолдануға тырысады. Тіркес сөйлем ішінде басқа сөйлемдермен үйлесім таба байланысады, көңілге қонымды, түсінікті және экспрессивтік өңі айқын аңғарылады.

Автор пайдаланған фразеологизмдердің бейнелік құрылымы да әр түрлі, олардың арасында тұрақты эпитет те (*шыбын жан, жауаңдаған көздері, қуыс өзек* т.б.), тұрақты теңеулер де (*оттай жайнап, ұршықтай үйірлді, қызыл шоқтай* т.б.), поэтикалық параллелизм (Ораздының баласы он бесінде баспын дер, Тоғышардың баласы жиырма бесте жаспын дер т.б.(6,12 4 -б.) кездеседі.

Жоғарыда келтірілген фразеологизмдердегі сөздік құрам да, олардың беретін жиынтық мағынасы да жалпыхалықтық сипатта болып келеді. Мұның өзі нанымдылықты да арттырады, жазушы талғамын да дәлелдейді үндестігін күшейтеді, эмоциялық бояуын әрлендіреді, күшті сезім әсерін туғызады. Ұғымды дәлме –дәл, жан-жақты бейнелеп жеткізуде фразеологизмдердің тап басып, дәл түсетін ұтымдылығы басым. «Көңіл-күйді аңғартатын фразеологизмдер кейіпкер көңіліндегі әр сәттегі өзгерістер мен құбылыстарды аңдатады. Олар кейіпкерлердің психологиялық толғанысын: таңдану, қамығу, елжіреу, ашулану, күйіну сәттерін мәнерлі жеткізеді»[3,8]. Фразеологизмдердің осындай мүмкіншіліктерін жазушы өз шығармасында кейіпкерлердің психологиялық күйініш-сүйініштерін, ой әсерлерін, рухани жан дүниесін нақты да нәзік бейнелеуге таңдап, талғап жұмсайды. Мысалы, *Жаным ашып кеткен* мен, үйге кіріп барып, үңіле қарасам, Айғожа әкемнің сол жақ санын пышақпен тіліп жатыр екен...(6,45-б).

Осы мысалдардағы фразеологизмдер шығарма кейіпкерлерінің өмір-тіршілігіндегі сан қырлы оқиғаларға ризалық жан сезімін айрықша мәнерлеп жеткізумен бірге, олардың мінезіндегі қат-қабат қырларын ашып, небір нәзік жайттарды айқындай түседі.

С.Мұқанов романдарында фразеологизмдерді молынан пайдалана отырып, шығарма тіліне мәнерлегіштік, бейнелегіштік әр берген. Жазушы фразеологизмдерді талдап, таңдап кейіпкердің образын сомдауда, мінезін ашу, портрет жасау, шығарманың идеялық көркемдік жақтарын жақтарын жетілдіруде тағы басқа толып жатқан мүмкіндіктеріне сай етіп, белгілі бір стильдік мақсатпен қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Ларин Лингвистический характер Москва,1959, 324 с.
- 2.Сатенова С. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. Фил.ғыл. док. Дисс. Алматы, 1997, 260 б.7, 260 б.
- 3.Дина Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі. Филол.ғыл.канд.дисс.автореф., Алматы, 2002, 161 б.
- 4.Кәрімов Х. Қанатты тіл. Алматы, 1995,144б. 5.Уәлиұлы Н.У. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, Республикалық баспа кабинеті
- 6.Мұқанов С. Он алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1976. 9-том. «Өмір мектебі».- 486 б.
- 7.Мұқанов С. Төрт бөлімді роман. – Алматы: Жазушы, 1972. «Мөлдір махаббат».- 544 б.
- 8.Мұқанов С. Он алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1972. 2-том. «Ботагөз».- 502 б.

**КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ САН АТАУЛЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ
ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ
(Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов шығармалары бойынша)**

Нурсеитова А.А.

*Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

Әр ұлт халқы сандарды тек сандық ұғымда қолданбай, оларға өзінше киелі мән берген. Сандық символдардың сырын тек сандық тұрғыдан емес, сол халықтың жаратылыс болмысына, өмірге деген философиялық көзқарастарына, діни наным-сенімдеріне және олардың материалдық мәдениетіне терең үңілгенде ғана ашуға болады. Қазақ халқында үш, жеті, тоғыз, қырық сандары қасиетті, киелі сандар деп есептелген.

Қазақ тілінің киелі лексикасында сан атаулары айрықша орын алады. Р.Ә.Авакова: «Адамзат қоғамында сандар діни, тәңірлік және әлемдік символдар ретінде қарастырылып, олардың бойында адам санасы жете қоймайтын құдіретті құпиялар мен сырлар жатқанына, сонымен қатар бұл құдіретті күштердің адамға жақсылық та, жамандық та әкелетініне сенген» - дейді [1, 72.].

Киелі сандар. Адамзат баласының даму жолындағы жетістіктерінің бірі—санаудың пайда болуы. Алғашқы адамдар өз ойы мен сезімін ым, қимыл-қозғалыс арқылы білдіріп, тарихи дамудың екінші сатысында табиғат құбылыстарында болып тұратын әр түрлі дыбыстарды меңгеру арқылы сезуді шығарды. Бір-бірімен қарым-қатынас жасап, айырбас арқылы зат алмасу әсерінен санада санау қалыптасты. Жүздеген, мыңдаған сандардың ішіндегі халық ауыз әдебиетіне, соның ішінде эпостық жырлардың көркемдік сапасына үлкен құндылық қосқан **киелі сандар** болып табылады.

Мәселен киелі үш саны әлем халықтарының дүниетанымында, салт-дәстүрлері мен наным-жорамалдарында басты орынға ие. Қазақ ескіліктеріндегі қасиетті сандар жүйесін зерттеген Қ.Дүсіпбаева мен Ф.Р.Ахметжанова үш саны әлемнің үш бірлігін - жоғары, ортаңғы және төменгі - өткенді, қазіргіні және болашақты білдіреді деп көрсетеді .

Үш санының киелі мәні қазақ халқының көптеген салт-дәстүрлері мен ырым-жоралары ұғымдары мен байламдарында да аңғарылады. Мысалы, дарынды адамдардың «киесі жұқсын» деген мақсатпен балалардың аузына үш рет түкіртетін ырымдар осыдан тараған. Адамның тұла бойының өзі үш әлемді құрайды. Жоғарғы әлем бас, ортаңғы әлем мойыннан белге дейін, төменгі әлем белден төмен қарай .

Үш саны—Халықтар арасында жалпы жаратылысты тігінен алғанда Жоғарғы әлем—Тәңірлер әлемі, Ортаңғы әлем—Адамзат әлемі, Төменгі әлем—Әруақтар әлемі деп үшке бөлген. Осы жайды Ш.Уалиханов "Жоғары қабатта адамдар тұрады, олар белбеуін мойнына тағады, Ортаңғы қабатта адамдар тұрады, олар белбеуін беліне буынады. Төменгі қабатта адамдар тұрады, олар белбеуін тізесіне буынады" [2,246] деген халықтық түсінікті келтіреді. Бұл түсінікті бүгінде Жоғарғы қабат—"Тәңір"; Ортаңғы қабат—Телекей, кейде телегей; Төменгі қабат—Теңіз немесе теңіз деп те атайды.

Үш санының және басқа да сандардың киелі мағынасы тарихи кезеңдер өте келе ұмыт болып, басқа этномәдени қасиеттер мен сипатқа ие бола бастағанын атап өткен жөн. Дегенмен сандарға қатысты басқа дәстүрлер мен ырымдардың, байламдардың негізінде (үш *тоқтам, үш алыс, үш дауасыз, үш байлық, үш мақсат, үш қадірсіз, үш көз, үш биік, үш шырақ, үш қасиет, үш із, үш зайып, үш тәтті, үш тұл, үш қазына*, т.б.) сандар әлі де киелілік мәнін жойған жоқ.

«*Үш бөрі*». Құмалақтың оң қанатынан бір-бірден үш, не үш-үштен тоғыз құмалақтың мүшеленуі. «*Үш бөрі* түскен адам жай кісі емес, аруақты кісі» деп есептеледі. Үш бөріні «ақ дегенің алғыс, қара дегенің қарғыс. Айтқаның келеді, тілегенің болады, әлемнің төрт тарапына сапар шексең де, жолың болады» деп жориды.

«*Үш ай*». Ислам дінін ұстанғандар, ауыз бекітетін Ражаб, шабан, Рамазан айларын басқа айлардан айрықша деп атайды. Бұл айларда Алла тағалаға ерекше сиынған. Себебі, оның сауабы басқа айлардан бірнеше есе артық. Осы айларда аспаннан Құран түскен. Және бұл Пайғамбардың туған күнімен байланысты болған. Яғни Рамазан айының 27-түні Мұхаммедтің 40 жасында жұма күні түнде көктен Алла әмірімен қасиетті кітап түсе бастаған. Бұл түн - «Қадыр түні». Қадыр түнін көрген және сол сәтте айтылған тілек қабыл болады. «Бұл түнде оқылған бір намаз басқа күндердің мың намазы орнына жүреді» делінген шариғатта. Осындай үш санына байланысты сөз тіркестерін ақындардың сөз саптауынан байқай аламыз. Мысалы:

Жоқтық, барлық – жоғалмақ араласы,

Үш еріксіз болады мағынасы [3,154].

Ой құмар, өлең құмар, малға құмар,-

Бұл *үш құмар* қоя ма мені көмбей? [3, 62].

Орта жүзден де аттанды Сәмке хан,

Үш жүзден жиылыпты бірталай жан [3, 294].

Көзім жасын көрсейші!

Үш наурызды берсейші [4,36].

Жоғарыда келтірілген мысалдардан *үш еріксіз, үш құмар, үш наурыз*, тіркестері арқылы ұлттық маңызы бойына сіңген тілдік деректер байқадық.

Төрт саны—Ежелгі рулық қауым адамдары космос төрт бұрышты, оның ортасы болады деп дүние кеңістігін симметрия заңы тұрғысынан қабылдаған. Олар өзін дүние кеңістігінің ортасында тұрмыз деп есептейді де, кеңістікті екіге бөледі: тіршілік мүмкіндігі мол кеңістік бетті-оң жақ, тіршілік мүмкіндігіне қолайсыз жақ бетті-сол жақ. Оны ежелгі түркілер "төрт булу" (дүниенің төрт бұрышы) деді. Бұл төрт бұрыш: ілгері (күн тоқсық); құрйа (күн батсық); берне (күн ортасы-оңтүстік); йырайа(түн ортасы-сол түстік)түрінде аталды. Олар өздерін тепе-тең төрт жағы бар **Төрт саны**. Қазақ халқының қай эпосын алсаң да батыр жалғыз суреттелмейді, оның мақсат-мұратқа жетуі жолындағы іс-әрекетінде сенімді серігі, айнымас досы болады. Сондай бейненің бірі—тұлпар ат. Ат қасиетін суреттеу, оның достығы мен батырды ойлаған жеріне "әп-сәтте", "көзді ашып-жұмғанша" алып баратын жүйріктің қасиетін жырлау батырлық жырларда үлкен орын алады.

Дүниенің төрт бұрышы. Бұл тіркес батырлық жырлармен бірге жыраулар тілінде де үлкен орын алады. Бұл тіркес "дүниенің төрт бұрышы" деген тіркестегі "төрт" сан есімі төрт бағыттың жиынтық атауы ретінде қолданылады. Әйтсе де, әдеби тілде оның "шар тарап" деген екінші атауы бар. "Шар" парсы сөзі—төрт деген ұғымды білдіреді. Бұл тіркестің мағынасы—"дүниенің төрт тарабы": шығыс, батыс, солтүстік, оңтүстік. Осы ойдың негізінде пайда болып, әдеби тілде қолданылатын басқа да сөздердің бірі—"болып-толған, қағанағы қарық, сағанағы сарық күйге жетті, еш нәрсені қажетсінбейді" мағынасында *айтылатын "Төрт құбыласы түгел", "Төрт жағы құбыла", "Төрт құбыласы тең /сай/"* деген тіркестер. Бұл тіркестер жоғарыдағы тіркестің өзгеріске ұшыраған жаңа түрі, үлгісі. ". Бұл "Дүниенің төрт бұрышы" деген ұғымның жаңарған, екінші бір формаға, мағынаға ие болған үлгісі.

Ел ұйқыға жатқаннан кейін, шамамен екі сағат өткен кез түннің бір ұйқысында делінсе, бұдан кейінгі екі сағат түннің екі ұйқысында деп айтылады. *Түн жарымда, түн ортасы ауган кез, жеті түнде* тәрізді қолданыстар түннің осы айтылған мезгіліне қатысты деуге болады. Ал *таңға бір ұйқы қалғанда* деген тіркес түннің ең соңғы бөлігін білдіреді. Бұл шақтар әдетте Жетіқарақшы жұлдызның қозғалысына қарап ажыратылады. *Түн ұйқысын төрт бөлді* деген фразеологизм түннің осындай төрт бөлігіне орайлас айтылған деуге болады.[6,41] Мысалы М.Дулатовтың «Шешенің балаларын сүюі» өлеңінде:

Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,

Шешең байғұс дамылсыз жүретұғын [5, 63].

деген өлең жолдары бар. Осындағы *түн ұйқысын төрт бөлді* деген фразеологизм түннің осындай төрт бөлігіне орайлас айтылған деуге болады.

Сондай-ақ, "ешнәрсеге мұқтаж емес" деген ой үшін жұмсалынатын *тілімізде төрт тұрманы түгел, тұрманы түгел* тәрізді тұрақты сөз орамдары бар. Бұл фразеологизм қазіргі кезде «ешнәрсеге мұқтаж емес деген» мағынаны білдіреді. Төрт тұрманның ертеректегі мағынасы басқашалау. Байырғы кезде ел қорғаған батырдың алдымен төрт тұрманы болуы керек.

Әдетте төрт тұрманға сарбаздың *1. ер-тұрманы (ер, құйысқан, өмілдірік қамшы, үзеңгі т.б.); 2. мұқаммалы (кісе, дәндәку, кемер, белдік, күдері белбеу т.б.); 3. жау жарасағы, қару қаттауы (сауыт, дулыға, қалқан т.б.); 4. бес қаруы* жатады. [6, 23] *Ер-тұрман, қару – жарақ* символикасы әдеттегідей, әскери адам үшін оның қаруы тек жауынгерлік қызметінің ғана емес, сонымен қатар ер азаматтың намысының символы, жігіттің ер атануының өзіндік бір белгісі. Қазақ халқы атқа келістіріп мінуді өнер санаған, оның ер тұрман, жүген-құйқасын сәндеп әбзелдеуді салт еткен. Қазақ ер тоқымнан айырылуды жаман ырымға жорыған.

Қамшы халық ұғымында қажетті бұйым, ежелден қолданылып келе жатқан құрал. Қазақта ер-азаматпен «қамшы» сөзі де бірге аталады. Өйткені ер жетіп қалған ер баланы «қамшыұстар» деп те атаған. Қамшы – ер азаматтың қаруы, онсыз ежелгі адамдарда бірде-бір азамат жүрмеген. Қамшысы бар үйге жын-шайтан жоламайды, ол үйдің иесі бар деп түсініледі. Қамшы ілулі тұрған үйге кірген кісі сыпайылық сақтап, әдеппен кіреді, әдебімен кетеді. Өйткені, оны қамшының мысы басады. Ертеректе «үйге қамшы бүктеп алып кіру» әдептілікті байқатады деп есептеген. Халықта қамшы сыйлау, қамшыға байланысты жол-жоралғы баршылық. Төмендегі мысалдаран ақын қолданыстарында *ер-тұрман, күміс тұрман, ат-тұрман* деп құбылта қолданылғанын байқаймыз.

*Ер-тұрманым жарқырап,
Күміс жапқан қақталып* [3, 57].

*Күміс тұрман тағынып,
«Мен қалаймын?»* деп еспе! [3, 57].

*Сайын сынды батырдың,
Ат-тұрманын ондатты.*

*Таңдап алып үш кенттен
Отыз жігіт жолдасты* [4,4].

Сауытың қалды сандықта,

бұл сияқты тіркестерден көретініміз ұлт менталитетіндегі лингвомәдени категория ретінде объективтенген этнолексема – жылқы сөзі қазақтың дәстүрлі мәдениетінен хабардар етеді.

Қазақ халқы сандарды тек сандық ұғымда қолданбай, оларға өзінше киелі мән берген. Сандық символдардың сырын тек сандық тұрғыдан емес, сол халықтың жаратылыс болмысына, өмірге деген философиялық көзқарастарына, діни наным-сенімдеріне және олардың материалдық мәдениетіне терең үңілгендігін ақын-жазушылардың шығармаларынан келтірілген мысалдардан байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1 Авакова Р. Фразеологиялық семантика. Алматы, 2003.

2 Валиханов Ч. Собр. сач. в 5 томах, т.1. А-А, 1961, с.246.

3 Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары (өлеңдер, дастандар, қара сөздер). Алматы: Жазушы. 1988, 360-бет.

4 Байтұрсынұлы А. Б. Көп томдық шығармалар жинағы. 5-том. –А., «Алаш баспасы», 2006 – 288 б.

5 Дулатұлы М. Шығармалары. Алматы 1996.- 250 б.

6 Уәлиұлы Н.У. Фразеология және тілдік норма. –А.: Республикалық баспа кабинеті.

РЕСМИ ІС ҚАҒАЗДАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нурсеитова А.А. Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі

Жұмабек П. 2 курс студенті

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Тіл-адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы. Қазақ тілі-қазақ халқының ұлттық тілі. Қазіргі қазақ тілі-бұл көркем әдебиет тілі,ғылым тілі,іс қағаздар тілі,газет-журнал мен радио-телевизия тілі,біз күнделікті қарым-қатынаста қолданатын ауызекі сөйлеу тілі. Бұлардың барлығында қолданылатын тіл қазақ тілі болғанымен,ол барлық қолданыста бірдей емес. Көркем әдебиет тілі ғылым тілінен өзгеше,ресми -іс қағаздар тілі ауызекі сөйлеу тілімен бірдей емес, газет-журнал өз алдына ерекше.Нені айтуымызға байланысты,мәселенің не жайлы екендігіне байланысты,қарым- қатынас ерекшелігіне байланысты тіл ерекшеленіп,өзгеріп отырады. Тіл стильдері тілдің байлығы ғана емес,оның өзіндік заңдылығы да бар. Себебі тіл стильдері тіл дамуымен жүздеген жылдар бойы қалыптасады. Олар тілдің өзіндік ерекшелігін,мүмкіншілігін анықтайды

Стиль – латын сөзі, қазақ тіліне аударғанда «жазу мәнері» дегенді білдіреді.Ал стилистика – тілдің қолданылу заңдылықтарын зерттейтін ғылым, ол тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын көздейді.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің мынадай стильдік тармақтары бар:

1.ауызекі сөйлеу тілінің стилі; 2.ғылыми стиль; 3.публицистикалық стиль;
4.ресми-іс қағаздар стилі; 5.көркем әдебиет стилі. [1,52].

Соның ішінде қарастыратынымыз ресми-іс қағаздар стилі. Ресми-іс қағаздар стилі кейде кеңсе стилі,ресми стиль,іс қағаздар стилі деп те айтыла береді. Ресми-іс қағаздар стилінің ерекшелігі-онда факті дәл көрсетіліп,бір ізбен,жүйелі жазуға айрықша мән беріледі. Өйткені іс қағаздары да,ресми құжаттар да ерекше қатынас жасау құралы болып саналады. Бұл стиль ел билеу,мемлекет құжаттарын жүргізумен байланысты. Ресми-іс қағаздар тілі дәлдігімен,анықтылығымен,ресмилігімен ерекшеленеді. Ресми құжаттарда қоғамдық-саяси лексиканың,әкімшілік терминдердің қолданылуы басым келеді.Ресми іс қағаздар тілінде кейбір бір заттың я ұғымның атауы қолданылу орнына қарай әр түрлі айтылады. Мысалы, адам деген сөз ресми құжаттарда - азамат, үйде-ата-ана,телефон станциясында-абонент,шаштаразда-клинет,ауруханада науқас,емделуші,кітапханада-оқырман. Яғни кез келген адам күнделікті өмірде белгілі бір әлеуметтік рөлді атқарады. Қарым қатынас жағдайына қарай бір рөлден екіншісіне көшіп отырады.

Мамандардың пікірінше қазақ ресми-іс қағаздар стилі қалыптасу кезеңін бастан өткеруде. Қазір ресми-іс қағаздар стилінің функционалдық стильдердің басқа түрлерінен ара жігі ашылып,ғылыми тұжырымдамасы жасалынбағандықтан,ресми-іскери қарым-қатынаста ,іс қағаздарын жүргізуде көркем әдеби,публицистикалық стиль элементтерін қолдану,іс қағаз мәтіндерін түгелдей орыс тілінен аударып,бір сөзін,бір тіркесін мүлт жібермей тізіп отыру,іс қағаздарының мәтіндерінорыс тілінің заңдылығына орай қалыптастыру белең алып отыр.

Қазіргі қазақ іс қағаздар тілін қалыптастыруда да аудармаға қатысты қалыптастыра алмай,ретке келтіре алмай жатқан тұстарымыз жетерлік.Аударма-ғылым. Оның өзіне тән ғылыми,практикалық заңдылықтары бар. Күні бүгінге дейін негізінен көркем аудармаға ден қойылып,орыс тіліне көптеген шығармалар аударылып келді. Оның стильдік, жанрлық, тілдік т.б. мәселелеріне назар аударылды. Ал, ресми құжаттарды,іс қағаздарын аудару,оның теориясы мен практикасы тың мәселе. Біз қазір іс қағаздарын орыс тілінен аудару мәселесі жүріп жатыр.Бұған біріншіден себеп-біздің мамандарымыз бен іс қағаздарын жүргізушілеріміздің бірден қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізуге дайын еместігі,екінші себеп-іс қағаздарын қазақша жүргізуде белгілі бір тәжірибенің,қалыптасқан жүйенің болмауы.

Іс қағаздарын аудару кезінде қолданылатын жекеленген сөздің,сөз тіркесінің грамматикалық тұлғалардың белгілі бір стильге,яғни ресми стильге бағындырыла

қолданылуы қажет. Аударма нақты, түсінікті болу үшін орын алмастыру, ауыстыру, қосу, түсіріп тастау сияқты трансформациялық процестердің қай-қайсын дапайдалануға болады.

Қазақ тіліндегі қимылдың болып жатқандығын, әлі де болатындығын жасанды –уда форманты арқылы емес, қазақ тілінің өз заңдылығына сай көмекші етістіктері арқылы берлуі дұрыс. *Игі іс жалғасын табуда демей-ақ, Игі іс жалғасын тауып отыр.*

Ресми-іс қағаздары стильдерінің өзіне тән белгілері бар. Атап өтетін болсақ:

- мазмұнының қысқа әрі тұжырымды баяндалуы;
- тұжырымдардың дәл, нақты болуы;
- сөздер мен терминдердің нақты, тура мағынасында пайдаланылуы;
- терминдер мен тұрақты орамдардың бірегейлігі;
- терминнің ең қолданылу жиілігі жоғары, Мемлекеттік терминология комиссиясы (мемтерминком) бекіткен нұсқасының пайдаланылуы;
- қалыптасқан мазмұндық-құрылымдық нормалардың қатаң сақталуы. [2, 102]

Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайға байланысты бүгінгі күнге дейін қазақ тілі қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет ете алмағаны мәлім. Күнделікті тұрмыстық қатынаста, көркем әдебиет пен баспасөз бетінде ғана қолданылған қазақ тілі саяси-әлеуметтік, дипломатия, басқару саласында, ғылымда өзінің толыққанды қызметін атқара алған жоқ. Қазақтар саны басым алыс аудандар мен қазақ тілді санаулы мекемелерде ғана іс қағаздары қазақша жүргізілгені мәлім. Қоғамда қажеттілік тумағандықтан, қолданылу өрісі болмағандықтан, қазақ іс қағаздар тілі де өз деңгейіне қалыптасып, оның ғылым-теориялық негіздері жасалған жоқ. Ресми- іс қағаздар стилі де қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтары қатарына формальді түрде аталып келді.

Әдеби тілдің дамуы қоғамдық құрылыстың, оның экономикалық жүйесі мен негізгі саяси ұстанымдарының өзгеруімен, қоғамның ана тіліне деген көзқарасымен тығыз байланысты. XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары бұрынғы кеңестік мемлекеттер кеңістігінде болған тарихи өзгерістер қазақ қоғамының бүкіл болмысын өзгертті. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуымен байланысты мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметін арттыру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін үкімет тарапынан бірнеше маңызды ресми құжат қабылданды. Үкімет тарапынан қабылданған, іске асыруды талап ететін ресми құжаттар мемлекетте іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізудің бір жүйеге түспегендігін, оны қалыптастыру мен дамытудың қажеттігіне көз жеткізеді.

Қазақ тілінің қоғамдық қызметінің артуы функционалдық стильдердің сапалық үлес-салмағына да өзгеріс әкелді, атап айтқанда, қазақ ресми іскери стилінің рөлі мен қызметіне мән беріліп, қазақ іс қағаздар тілін ғылыми негіздеу мәселесі көтеріліп отыр. Қазақ тіл білімі ғылымының алдында қазақ іс қағаздар тілінің лексикалық жүйесіндегі өзгерістер мен процестерді, семантикалық, прагматикалық, құрылымдық, стильдік, жанрлық, композициялық ерекшелігін, оның диахронды сипаты мен синхронды жай-күйін жалпы іс қағаздар тілінің көкейкесті проблемаларын зерттеу, ресми-іс қағаздар тілінің ғылыми теориялық негізін жасау міндеті тұр. Себебі қазақ тіл білімі ғылымында көркем әдебиет тілі, ауызекі сөйлеу тілі мен мерзімді баспасөз тілі (М.Балақаев, С.Исаев, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев, Е.Жанпейісов, Б.Әбілқасымов, Р.Әміров, Б.Шалабай, Н.Уәлиев, А.Алдашева) диохронды, синхронды, тұрғыда жан жақты қарастырылып, ғылыми теориялық негізі жасалғанымен, ғылым тілі (Ж.Әмірова) мен ресми-іс қағаздар тілін (Н.Ерғазиева) зерттеу бірлі жарым диссертациялар жазылғаны болмаса кенже қалғаны белгілі. [3, 12]

Бүгінгі таңда ресми-іс қағаздарын жүргізуге баса назар аударылуының негізгі бір себебі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы болса, екінші маңызды фактор-Қазақстанның тәуелсіздік алуымен байланысты құқықтық мемлекет құру мәселесінің күн тәртібіне қойылуы, үшінші фактор-бүгінгі Қазақстан халқы үшін өз психологиясын, шаруашылығын, экономикасын өркениетті нарықтық қатынастар талабына сай қайта құра білудің өмірлік маңызға ие болып отырғаны. Екінші фактордың да, үшінші фактордың да іске қосылуының негізгі тетігі заңда, құжат ісінде, құқықтық қатынастарда жатқаны даусыз.

Осыған байланысты ресми-іс қағаздар стилі де публицистикалық стильмен өкшелесе дамып келеді.

Іс қағаздарын жазудың, толтырудың өзіндік мәдениеті бар екендігін, іс қағаздарын жазуда қолданылатын белгілі бір этикет формалардың бар екендігін ескерсек, іс қағаздарының мәдени сананы қалыптастыруда да үлкен рөл атқарады. Ол дәуірлеуді қажет етпейтін мәселе. Бүгінгі біз өмір сүріп отырған қоғам үшін іс қағаздарын жүргізе білудің, мекемелер мен ұйымдарда іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізетін маман дайындаудың маңызы ерекше. Ол мамандар іс қағаздарын жүргізудің негіздерін меңгеруі үшін білім керек. Білім белгілі бір ғылыми тиянаққа сүйену керек. Іс қағаздар тілі ғылыми түрде зерттелмесе, мамандарға қажетті негізді, тиянақты білімнің болмайтыны белгілі. 60, 70, 80-жылдары іс қағаздарын қазақша жүргізу, қазақ іс қағаздар тілі мен стилін қалыптастыру, іс қағаздар тілін зерттеу туралы сөз болуы мүмкін де емес еді. Бірақ бүгін ол өзекті мәселеге айналып отыр. Іс қағаздары тек тілдік аспектіде ғана емес, құқықтық, тарихи, мәдени, психологиялық аспектіде қарастыруды қажет етеді. [1, 66].

Ресми қарым-қатынаста дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білу үшін ресми стильдік элементтерді бейтарап стильдік элементтерден ажырата білу, қазақ тіліндегі сөйлем құрылысының заңдылығын сақтау, орфографиялық, орфоэпиялық, синтаксистік норманы білу, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтау қажет. Аудару барысында тілдік интерференция, бірінші тілдің екінші тілге тигізетін кері әсері ескерілуі керек. Ең бастысы іс қағаздарын бірден қазақ тілінде жазып, қазақ тілінде жүргізуге көшуіміз керек. Аудармашылықпен айналысу тіл саясатын жүргізудің, іс қағаздарын қазақша жүргізудің алғашқы кезеңіндегі ғана құбылыс болып қалу керек.

Кез келген стандарт тілдік бірлік іс қағаздар тілінде бір күнде пайда болған жоқ. Бінесе жылдардың жемісі ретінде танылды. Белгілі бір қолданыстар іс қағазының белгілі бір түріне ыңғайлы, анық, ойды дәл жеткізетін т.б. қасиеттеріне қарай жиі қолданылуы нәтижесінде стандарт тілдік бірлікке айналады да, іс қағаздар тілі үшін нормалану процесіне енеді. [3, 14]

Тіл тағдыры ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білу және мемлекеттік тілін меңгеру міндетті. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмақшы емес, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Тіл қоғамның жемісі.

Ахмет атамыз атап кеткендей «Ұлттың тілі сол ұлттың жаны жан дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма? Сондықтан жүрегіміз дамылдасын тоқтамасын десеңіз, әркез жүрген жерімізде ана тілімізді насихаттап жүрейік.

Әдебиеттер тізімі

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1993.
2. Дүйсембекова Л. Қазақ тілі іс қағаздарын жүргізу. - Алматы, 2010.
3. Әбілмәжінова Б. Іс қағаздар стилінің синтаксисі. Филол. ғыл. канд. дисс. авторефераты. - Астана, 2002.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – ҰЛТ РУХАНИЯТЫН ТАНЫТУШЫ

Ойсылбай А.Т.

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.*

Әлихантану – Тәуелсіздік кезеңінің жемісі. Осы кезеңде ғұлама ғалымның әдеби, тарихи мұрасы ғылыми тұрғыда қарастырыла бастады. 1995 жылы әдебиеттанушы ғалым Мүсілім Базарбаев және Сұлтанхан Аққұлы тұңғыш рет Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның [1] ғылыми мұрасын зерттеп, таңдамалы шығармаларын «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан жарыққа шығарды.

Әлихан ұлттық әдебиетімізді өркендетуде, халықтың мәдениетін көтеруде, ой-санасын оятуда, халықты надандық құрсауынан шығарудағы әдебиеттің баға жетпес орнын ол студент кезінен-ақ түсініп, қазақтың мәдениетін, өнерін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, наным-сенімін, шежіресін жинастыра бастайды. Ғалым М.Базарбаев Әлихан Бөкейханның 10-нан аса әдеби-теориялық зерттеулері бар екендігін анықтады: «Роман деген не?» («Қазақ», 1914), «Ән, өлең мен һәм оның құралы» («Қазақ», 1914), «Роман бәйгесі» («Қазақ», 1915), «Батыр Бекет» («Темірқазық», 1922), «Кітап сыны» (1926), «Всеволод Иванов» (1927) және Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» («Қазақ», 1915), Махмұтсұлтан Тұяқбаевтың дайындауымен шыққан «Қара қыпшақ Қобыланды батыр» («Қазақ», 1915) жырының тағы бір нұсқасы, Ә.Диваевтың «Мырза Едіге» (1922) жырын қарастырған сын зерттеулерімен қатар В.В.Радлов жазып алған «Қозы Көрпеш-Баян», «Ер Тарғын» жырының Марабай нұсқасы, Ахмет Байтұрсынұлымен бірігіп шығарған «23 жоқтау» және «Ер Сайын» жыры.

Ғалымның 1926 жылы жазылған «Кітап сыны» деп аталатын әдебиеттанулық екі зерттеуі Жүсіпбек Аймауытұлының «Қартқожа» романына және «Психология» оқулығына арналған: «Әңгіме кітабы. Үш бөлімді. Европа тілінде мұндай кітапты роман дейді. Белгілі жазушымыз Аймауытұлы Жүсіпбек жазған. Жүсіпбектің бұл романы қазақ әдебиетіндегі бірінші роман десек, аса қателескен боолмаймыз. Бұдан бұрынғы қазақ тілінде болған романдар тұрмыстың бір-екі құбылысын ғана суреттейтін романшықтар еді. «Қартқожа» толық роман. «Қартқожада» ұйқылы-оюу тыныштық шақ емес, талас-тартыс шағы, тарих жаңадан жазылатын қасиетті шағы суреттеледі: қазақты патша билеп, мықты осалды жанышқан заман. Қазақ баласының хат тануға зар болып кіретін мектеп таба алмай зарыққан заманы, қазақ басына қара күн туып, қазақ шаруасы қырылған 1916-ыншы жыл. Қиянгезшілік соғысы, фебрал өзгерісі, қазақтың Ұлт үкіметі (Алашорда), өктәбір өзгерісі, кеңес өкіметі, кеңесті Қазақстан... барлығы «Қартқожада» тегіс суреттеледі» [2. 252], – деп романды сол кезеңнің көзімен талдайды.

Әлихан Бөкейхан әдебиеттанушы ретінде романның стильдік ерекшелігі мен тіркемі (сюжет) туралы былай дейді: «...Жүсіпбек дөп сермеді, пернелі, әдемі сөз, тап жігін әдемі суреттеді. «Қартқожадағы» оқиғалардың тіркемі дөп дұрыс. Бірінен-бірі тізіліп шығып отырады. Сөзі ғана кіл алтын зердің жібіндей жаратылыс, қоғам құбылыстары аса әдемі суреттелген: оқушыны аруанадай жетелеп, еліктіріп, бұйданы іріктірмей өкше бастырып отырады» [2. 252]. Ғалым «Қартқожаны» орыс жазушыларының әдеби шығармаларымен салыстырады: «Кітаптағы әрбір буындарға қойылған «ат» жұмбақ ретінде. Оқушы тез оқып шығып, тез түсінуге әуес, мұндай әдет орыстың данышпан жазушысы Достоевскийде болатын. Мәселен, Достоевский: тағы бір жоғалған адамшылық «мұжықтар шулап келе берді» деп әңгімелеріне ат қоятын. Жүсіпбек «Уайым күшейді», «Қабар берді», «Бұлт қоюланды», «Қош, аман бол!», «Мәңгі аңсау» дегендер сияқты әңгімелеріне жұмбақ ат қойып отырады».

Әлихан Бөкейхан келесі сөздерінде «Қартқожаның» қазақ әдебиетіндегі орнын нақтылап көрсетеді: «Қартқожа» маңызды кітап. Талдап сын жазғанда көп уақыт, көп еңбек керек қылады. Еуропаның көркем әдебиет жазушыларының кітаптарындай, Пушкиннің «Онегин» деген кітабындай «Қартқожа» қазақ әдебиетінің тарихында зор өріс алатын кітап. Айтатынымыз «Қартқожаны» хат танитын қазақтың оқуы керек. «Қартқожаны» жастардың бәрі оқуы керек» деп, сөзін ақ тілекпен аяқтайды: «Жүсіпбектің қаламының, өнерінің үстей беруіне тілектеспіз!» [2. 253].

Әлихан Бөкейханның екінші зерттеу мақаласы да «Кітап сыны» деп аталады, бұл да Ж.Аймауытұлының кітабына арналған: «Бұл күнде психологияны білу өте-мөте бала оқытушыларға керек. Психологияға ескі көзқарас қартайды. Жаңа көзқараспен толық жазылған кітап орыс тілінде де жоқ. Жүсіпбек психологияға жаңа көзқарастарды да жазған. Мұндай кітапты орыс тілінде оқу үшін біраз білім керек. Қазақ тілінде оқу үшін одан да гөрі білім керектірек, Жүсіпбек кітабын шама келгенше жеңіл тілмен жазған. Мағынасы терең нәрсені қанша жеңіл тілмен жазсаң да, жайлап, асықпай, ойланып оқуды керек қылады. Солай оқыса бұл кітаптан оқытушылар көп пайда алады...» [2. 254].

Ә.Н.Бөкейхан – халықтың рухани байлығы көркем әдебиетті де ерекше сүйген ғалым. «Қазіргі заманғы ағылшын зерттеушілерінің пікірінше, ол ХХ ғасыр басындағы «...қазақ әдебиеті мен баспасөзін дамытуда жетекші рөл атқарған» [1. 16]. Әдебиеттану, көркем аударма ісіне де атсалысқан бірегей ғалым ретінде «Қазақтың ұлт болып өркеніетті ел қатарлы өмір сүруі үшін ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістету керек. Өз әдебиетін қалыптастыруда табысқа жеткен халық қана азат өмір сүре алады» [1. 16] деп түсінген. Сол мақсатта заманындағы қазақтың алдыңғы қатардағы зиялылары мен әдебиет өкілдерінің басын біріктіруге ұмтылды. Оларды халыққа қызмет етуге, халықты «Масадай» шағып «оятуға», білім беріп көзін ашуға шақырды. Сөйтіп ол өзінің маңайына Ахмет, Міржақып, Шәкерім, Мағжан, Ғұмар, Көкбай, Жүсіпбек, Халел, Жаһанша, Мұхамеджан сынды ақын-жазушыларды, көрнекті зиялыларды жинады. Әдебиет өкілдерін өркеніетті елдердің әдебиетінен үлгі алуға, үйренуге тартты.

Әлихан Бөкейханның тұңғыш әдебиеттанулық зерттеуі «Женщина по киргизской былине «Кобыланды» деп аталады. Ол еңбегі 1899 жылы Ташкентте шыққан «Түркістан уалаяты» газетінде жарық көрген: «Памятники народного творчества киргиз ранообразны по содержанию и форме и значительны по количеству. Они частью собраны, частью остаются еще незаписанными. Во главе их стоят эпические и лирические песни. Эта богатая народная поэзия киргизов сохраняется устно, передаваясь от предков к потомкам через певцов-баянов, называемых «джирчиями» (жыршы), «улянчиями» (өлеңші, ақын). Отличительную черту киргизской поэзии составляет лиризм. ... былины более древнего происхождения отличаются и большей содержательностью и красотой стройного стиха» [1. 16-17]. Жырда суреттелген оқиғалардың, ондағы қаһармандардың тарихта алатын орнын және оның ауыздан-ауызға, жыршыдан-жыршыға жетуінде болған өзгерістерге, ерекшеліктерге, жырдың көркемдігіне баға береді. Ғалым Мүсілім Базарбаев анықтаған тағы бір қыры Әлихан Бөкейхан – тұңғыш абайтанушы. Ол Абай шығармашылығын жаңа заманның тынысы, жаңа қалыптасып келе жатқан қазақтың жазба ұлттық әдебиетінің бастамасы деп бағалап, Абай мұрасын жинап, орыс аудиториясына алғаш рет таныстырған да – Әлихан Бөкейхан. Ғалым Абай поэзиясы туралы былай дейді: «...как это покажут его стихи, представлял недюжинную силу и составляет гордость казахского народа. Еще не было казахского поэта, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай. Чудные его стихи, посвященные четырем временам года (весна, лето, осень и зима), сделали бы честь знаменитым поэтам Европы» [1. 18].

Ұлтымыздың Ұлы Тұлғасы Әлихан Бөкейхан – ХХ ғасыр басында-ақ қазақтың ұлттық руханиятын яғни халқының әдебиетін, мәдениетін, өнерін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын зерттеп, артына мол ғылыми мұра қалдырған энциклопедист-ғалым.

Әдебиеттер тізімі

1. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Құраст., М.Базарбаев, С.Жүсіпов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 528 б.
2. ХХ ғасыр басындағы Алаш әдебиеттануы. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т. 9. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 368 б.

ҚҰҚЫҚТЫҚТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МАҢЫЗЫ

*А.С. Оразбаева, филология ғылымдарының кандидаты,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

Алаш зиялылары өткен ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі, ел болашағы мәселелерін көтере отырып, ұлттың жаны, асыл қазынасы – тілінің болашағы үшін ұлы істерді жүзеге асырды. Алаш зиялылары тілді сақтау, дамыту, оның қолданыс аясын кеңейту міндеттерін көтерді және қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәнін де атап көрсетті.

Өткен ғасырдағы алаш зиялылары және қазіргі заманғы тәуелсіздік жағдайындағы идеялар арасында өзара сабақтастықты көреміз. Қазақ зиялылары әрқашан ұлттың,

туған тілдің тағдыры туралы әрекеттері мен ой-толғамдарын тек ұлттың мәдени ерекшелігі ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғамдық-саяси қажеттілік ретінде танытқан.

XX ғасырдың басындағы алаш зиялыларының ұлт болашағы үшін көтерген идеялары, әрекеттері мен жанайқайларының маңызы күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ: «Орыс мектебінде және татар медреселерінде білім алған қазіргі қырғыз зиялылары қырғыз тілін менсінбей бастады, өзара орыс және татар тілдерінде хат алмаса бастады... Егер біз осыны қаламасақ, осы сұрақты түп негізінен шешу керек және қырғыз тілі мен әдебиетін жетілдіру ісіне кірісуіміз керек»,— деп Ахмет Байтұрсынов айтқан болатын. Ахаңның сол идеялары әлі де түбегейлі жүзеге асқан жоқ.

Тіл - адам ойын жеткізудің басты құралы. Қоғамдағы түрлі әлеуметтік-экономикалық, ғылыми, мәдени мұқтаждықтарды да қамтамасыз етуде де тілдің қызметі зор болып табылады. Тілдің қоғамдық-әлеуметтік, саяси функциясы кең. Тіл үнемі жаңарып, дамып, өзгеріп отырады. Тіл де қоғам өмірімен бірге дамып отырады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі қоғамдағы әлеуметтік-саяси салалардағы өзгерістер, яғни бұқаралық-ақпарат құралдары тілі ерекшеліктері, жарнамалар тілін меңгеру т.б. лингвистика мен тіл мәдениетінде жаңаша көзқарастарды алып келді. Лингвистиканың осылай дамып келе жатқан қолданбалы бағыттарын, яғни тілдің құрылымы мен қызметі туралы білімдерді лингвистикалық кеңес беру ретінде бұқаралық-ақпарат құралдарының, әлеуметтік-саяси салалардың жұмыстарының тиімділігін арттыруға қолдану қажет.

XIX-XX ғғ. тоғысындағы қазақ зияткерлері көп тілді бола тұра өз ана тілдерін, өз ұлтының тілін бірінші кезекке қойды. Мұстафа Шоқай орыс, ағылшын, француз, неміс, поляк және түрік тілдерінде еркін сөйлеген. Мұстафа Шоқайдың аппарат жұмысшысы, ұлт шенеунігі туралы айтқандарының күні бүгінге дейін өз өзектілігін жойған жоқ: «Ұлттық кадр» — бұл ең алдымен біреудің бұйрығы бойынша емес, өзінің ар-намысының парызы бойынша атқаратын ұлт қызметшісі». Ұлттық кадрларға қатысты алаш зиялылары ұсынған абырой және парыз қағидаттарының маңызы қазіргі уақытта да өз мәнін жойған жоқ. Өкінішке орай, қазіргі ұлттық кадрларымыздың басым көпшілігі алаш зиялылары ұсынған абырой және парыз қағидаттарының талаптарына сай емес.

Жоғарыдағы: «Орыс мектебінде және татар медреселерінде білім алған қазіргі қырғыз зиялылары қырғыз тілін менсінбей бастады, өзара орыс және татар тілдерінде хат алмаса бастады... »,— деген Ахаңның сөздері одан бері бір ғасыр өтсе де қазақ тілінің қазіргі хал-ахуалын сипаттайтын секілді.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қолданысын кеңейту құқықтану саласында жақын жылдарда сөзсіз жүзеге асырылуы қажет. Заң – мемлекеттілігіміздің айнасы және мемлекеттік тіл – қазақ тілі десек, заңдар өз ана тілімізде сауатты даярлануы тиіс. Өйткені осы саладағы кез келген құжатты түсініп, меңгеру үшін сол құжат жазылған тілді жақсы білу қажет. Қазақстан Республикасындағы заңдар, үкімдер, жарғылар ресми тілдегі түпнұсқасынан мемлекеттік тілге аударылатыны баршамызға белгілі, яғни мемлекеттік тіл – аудармашылардың ғана тілі болып қызмет атқарады. Бұдан XX ғасырдың басындағы алаш зиялыларының қабырғасын қайыстырған тіл мәселесіндегі қордаланған проблемалар әлі де өз шешімін тапқан жоқ. Аты бар да заты жоқ мемлекеттік тілдің проблемалары тілге жаны ашыр әрбір азаматтың жанына батары сөзсіз. Ауруын жасырған өледі демекші, мемлекеттік тіл әлі заң тіліне айналған жоқ. Мемлекеттіліктің белгілері – ұлты, ұлттың тілі, заңы, территориясы десек, біздің халқымызда бұлардың барлығы да бар және олар көңілімізге мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ ұлттық тіліміздің қоғамдағы қажеттілігінің шамалы екендігі, қолданыс аясының өте тарлығы, өзіне тиесілі төрден орын ала алмай, босағадан сығалап қана жетім баланың күйін кешіп келе жатқандығы, қоғамдық қызметінің бар-жоғы ресми тілдің «атқосшысы» ретінде ғана екендігі қабырғамызды қайыстырады.

Барлық заң ресми тілде даярланады, сосын барып қазақ тіліне аударылады және ол аудармалардан оп-оңай қате табуға болады, ал қазақшасын дұрыс түсіну үшін алдымен орысшасымен танысу қажет, содан кейін барып қазақшасын түсінуге болады. «Көбінесе заңнаманы жүйелеу және құқық қолдану тәжірибесін талдау барысында заңдарды жүйелеу,

оларды түрлі бағытта зерттеу, заң нормаларының қайшылықтарын айқындау арқылы заңнаманы жетілдіру сияқты жұмыстар жүргізіледі, бұл жұмысты атқаруда да орыс тілінің басымдылығы байқалып отыр. Оған заңдарға талдау жүргізетін мемлекеттік тілді білетін білікті мамандардың аздығы себеп болып отыр. Қазақ тіліне қатысты қателер заң жобасының алдымен орыс тілінде дайындалып, содан кейін ғана қазақшаға аударылу салдарынан орын алады» [1].

Қазақ тілді білікті мамандардың жетіспеушілігінен сот процестері, ондағы айыптау, жауап алу, қорғау, құжаттардың рәсімделуі және т.б. негізінен ресми тілде жүргізіледі. Мемлекеттік тілде рәсімделген құжаттарда грамматикалық, стильдік қателер көптеп кездеседі. Осы айтылғандардың барлығы құқықтық қызметті лингвистикалық қамтамасыз етуде кеткен олқылықтарды көрсетеді. Осы олқылықтарды толтыру үшін құқықтану салаларының болашақ қызметкерлерінде лингвистикалық білім мен дағдыларды қалыптастыруымыз керек, яғни құқықтану қызметінің барлық саласын құқықтық білімімен қатар мемлекеттік тіл – қазақ тілінің грамматикасы мен стилистикасын меңгерген білікті мамандармен қамтамасыз ету күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі.

Қазіргі ЖОО-ның ең басты мақсаты – білікті де білімді, мәдениетті, кең эрудициялы заманауи мамандар даярлау. ЖОО-нда мамандар даярлаудағы оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының мазмұны да осы мақсатты көздейді. ЖОО-нда құқықтану мамандығының білім алушыларына мамандық бойынша оқытылатын арнайы пәндерге қоса лингвистика салалары болып табылатын қазіргі қазақ тілінің грамматикасы мен стилистикасын оқытудың маңыздылығы өте жоғары. Заңгер қызметінің кез келген саласында тілдің ауызша және жазбаша формасының негізгі кәсіптік құрал ретінде қызмет ететіндігі белгілі. Құқықтану тақырыптарына арналған дәрістердің, сот процестеріндегі айыптау қорытындыларын, сот шешімдері мен үкімдерді жариялаудағы мемлекеттік айыптаушылар мен қорғаушылардың тілдері сауаттылықты қажет етеді. Сондықтан кез келген заңгер өз мамандығын жете меңгерумен қатар, қазіргі қазақ тілінің грамматикасы мен стилистикасын да жақсы білуі тиіс.

Қоғамдық-әлеуметтік үдерістерге орай лингвистика да қолданбалы бағытта заманауи түрге еніп, жаңарып, өзгерістерге ұшырап дамып отыратындығы да табиғи құбылыс. Тілдің жаңарып, дамып отыратын құбылыс екендігі көптеген еңбектерде айтылады: «Тіл – жанды құбылыс, заманның, уақыттың талабына, қоғам дамуы кезеңдерінің алмасып отыратын жаңашылдық сипатына орай жаңа атаулар, ұғымдар пайда болады. Жалпы тілдің қолданыс ауқымын кеңейтетін, оның ұлттық сипатын даму мен өркендеудің жалпы адамзаттық сипатына қарай бейімделуінің ерекшелігі де осыдан келіп туындайды» [2]. Заңгерлерге лингвистикадан берілетін білім де оның қолданбалы функциясы аясында болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде жылдан жылға қанатын кеңге жайып өркендеп келе жатыр десек те, қазақ тілі – заң тіліне әлі айналған жоқ. Бұрынғыдай емес, қазір қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мүмкіндігінің аясы кеңіп, тынысын кеңінен ала бастағандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Дегенмен ресми тілдің басымдылығын байқамау мүмкін емес. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексінің 30-бабында: «Қазақстан Республикасындағы қылмыстық сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда мемлекеттік тілмен бірге орыс тілі және басқа тілдер қолданылады» [3,12], - деп айтылса да, бұл салада да көп жағдайда таразының басын ресми тіл басып кетеді.

Өміріміздің ережесі іспеттес заң тілінде де орыс тілі және басқа тілдер қажеттілігіне қарай қазақ тілімен қатар қолданылып келе жатса да, мемлекеттік тілдің мерейін асырып, оны басқа тілдерден үстем ету, күнделікті кәсіби қолданыс қажеттілігіне айналдыру заңгерлеріміздің міндеті болуы тиіс. Ол үшін құқықтану мамандығы бойынша қазақ тілін оқыту тереңірек мазмұнда (қосымша пәндерді енгізу қарастырылса) жүргізілуі керек.

Заң тілі ретіндегі қылмыстық актілердің тілі дәлдікті талап етеді, сондай-ақ заң саласы қызметкерлерінің тілі, яғни, соттардың, қорғаушылардың, тергеушілердің тілдері және олардың ауызша сөйлеу үлгілері мен жазбаша құрастырған құжаттарының тілдері ой

айқындылығы мен тіл түсініктілігін өте қажет етеді. «Шешімді орындау кезінде түсінбеушіліктер мен даулар туындамас үшін, сот шешімнің қарарлық бөлімін анық және түсінікті түрде жеткізуі керек» [4, 274]. Бұл тұрғыда кейбір қазақ тілді мамандарымыздың және оған қоса олар дайындаған құжаттардың тілдері де сын көтермейтіндіктері айдан анық. Мемлекеттік тілдегі сот істерін жүргізуші заң қызметкерлерінің қазақ тілін орташа немесе ортадан төмен деңгейде білуі біздің бұл қажеттілігімізді қанағаттандырмайтындығы да белгілі.

Сот процестерін, ондағы айыптау, жауап алу, қорғау, құжаттардың рәсімделуі және т.б. құқықтану саласындағы жұмыстардың мемлекеттік тілде сауатты жүргізілуі үшін болашақ заңгерлеріміздің арнайы лингвистикалық дайындығы боуы керек. Құжаттарды қазақ тілінде сауатты құрастыру болашақ заңгерлер үшін кәсіби қажеттілік болып табылады.

Заңгерлердің кәсіби қызметіндегі қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәні мен маңызының ерекше екендігіне баса назар аударылуы қажет.

Қазақ тілін зерттеу, оны оқыту мен үйрету, мемлекеттік тіл ретінде дамытудың жолдарын айқындау барысында елімізде Алаш зиялыларынан бастап күні бүгінге дейін қыруар істер тындырылды. Әсіресе, бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отырған қазақ тілін меңгерту саласында аз тер төгілген жоқ. Дегенмен мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейтуді барлық салалар бойынша жүзеге асыру күн тәртібіне өз деңгейінде қойылмай келеді.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы Заң шығару институтының ЖАРШЫСЫ. Астана, 2010.
- 2 «Қазақстан Республикасы заңнамасындағы мемлекеттік тіл: мәселелері және келешегі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция Материалдары. Астана, 2010.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуальдік кодексі. Алматы, 2002. 12-б
- 4 Қазақстан Республикасы (Қазақ КСР) Жоғарғы Соты Пленумы қаулыларының жинағы. Алматы, 2009. 274-б

ӘЛИХАНТАНУШЫ ҒАЛЫМ

Орда Г.

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д.*

Қазіргі таңда Әлихан Бөкейхан есімі күллі әлемге кеңінен танымал. Ал, осыдан отызшақты жыл бұрын бұл есімді елге танытуда алғашқылардың бірі болып әдебиеттанушы ғалым Мүсілім Базарбаев біршама еңбек еткен болатын. Сондықтан, Ә.Бөкейхан туралы сөз ету үшін біз өткенімізге көз тастағанымыз жөн.

М.Базарбаев – Алаш қозғалысының көсемі, «Алаш – Орда» партиясының бірінші төрағасы, демократ, агроном, инженер, саясаттанушы, білікті де белгілі өлкетанушы ғалым Ә.Бөкейхан туралы алғашқылардың бірі болып толыққанды мағлұмат берген ғалым. Оның көпшілік мақалалары қазақ тарихы, фольклоры, эпосы, әдебиетіне арналғандығына ғалым ерекше көңіл бөлді.

«Не худо вспомнить» деген мақаласында Әлиханның жан-жақты қырын айта келіп, оның 1923 «Темір қазық» журналында жарияланған «Луи Пастер» (1822-1922) атты мақаласын орыс тіліне аударып қоса жариялайды. Бұл дәрігер болмаса да медицина ғылымы жөнінде терең білімі бар екенін көрсететін мақала болғандықтан оның және бір қырын ашу мақсатында жариялаған болу керек. Ал, екінші мақаласы – «Властитель дум народных». Мұнда оның өмірі мен қызметі туралы толық мағлұмат берілген. Осылардағы ой толықтырылып, кеңейтілген мақаласы – қазақ тілінде жазылған «Әдебиетші, ғалым, қоғам қайраткері». Бұл мақаланы автор өз ішінен «Өмірі», «Ғылыми қызметі», «Әлихан – әдебиетші», «Аудармашылық еңбегі», «Саяси қайраткер» сынды тараушаларға бөліп оның әр қырын жеке дара сөз еткен. Осындағы «Әлихан – әдебиетші» тараушасында оның

әдебиеттегі бүкіл еңбегі таратыла сөз болады. Алаш партиясының көсемі Әлихан Бөкейханның өмірі мен шығармашылығы туралы алғашқылардың бірі болып «Не худо вспомнить», «Властитель дум народных» [1] атты мақалалар жазған ғалым ол туралы орыс тілінде бірінші рет толық мағлұмат берді. Сонымен бірге Ә.Бөкейханның «Қыр баласы» деген бүркеншек атпен Мәскеуде «Гемір қазық» журналының 1923 жылғы №2-3 санында жариялаған «Луи Пастер» атты мақаласын қазақ тілінен орыс тіліне аударып берді [2]. Әлихан Бөкейханның таңдамалы шығармалар жинағына енген «Әлихан Бөкейхан» [3], «Әдебиетші, ғалым, қоғам қайраткері» [4] атты зерттеулерінде оның әдебиетші, ғалым, қоғам қайраткері екендігі ғылыми сараланды.

Зерттеудің кіріспесінде Ә.Бөкейхан туралы: «Осы ғасыр басындағы қазақ зиялыларының, қоғам қайраткерлерінің ішіндегі аса дара тұлға – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан. Бұл кісінің қайраткерлік бейнесінің қыры да, сыры да мол. Санкт-Петербургта оқып, Европалық білімге қанық болумен қатар, өз халқының ежелгі тарихын, хал-ахуалын, кейінгі жайын, рухани болмысын терең танып, білген адам. Әрі сол білгенін іс жүзіне асыруға ұмтылған. Қазақ елінің, оның жерінің тәуелсіз болуына, бостандыққа жетуіне, туған халқының тең құқықты болуына атсалысқан, сол жолда табанды күрескен. Белгілі Алашорда қозғалысын бастаған, оның Алаш партиясының жетекшісі болған Әлихан Бөкейхан кешегі тарихымыздағы ірі саяси қайраткер болып табылады. Әр тараптан білімі мал көрнекті ғалым, ұстаз» [4], – деп анықтама берген ғалым оның әрбір қырын ашуға тырысты.

Бұл зерттеуде Ә.Бөкейханның қашан, қайда, қандай ортада дүниеге келгенінен бастап сөз болды. Себебі, оның туған жылы әр түрлі айтылып жүрген болатын. Ғалым өзіне дейін жазылған деректерге үңіле отырып, туған жылы 1866, 1867, 1869 деп әртүрлі аталып келгендігін ескертеді. Тарихшы М.Қойгелдиевтің кенестік дәуір тұсында «Қысқаша қазақ энциклопедияға» енген «Әлихан Бөкейхан» туралы мақаласында оның туған жылын 1866 жыл деп көрсетсе, Ф.Боркгауз бен И.Ефронның көптомдық «Жаңа энциклопедиялық сөздігінің» 8- томында 1869 жыл деп көрсетілгендігін жадында ұстайды. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлерінің Омбы мұрағаттарынан тауып келген құжаттарында тың деректің кездескенін қуана қабыл алған ғалым Омбы облысының мемлекеттік құжатханасынан алынған дерекке сүйенетіндігін ескерткен. Оның Қарқаралы мен Омбы училищесінде оқығаны туралы табылған куәлік, аттестатында 1870 жыл деп көрсетілгендіктен, соңғы дерекке сүйенуді ұсынады. Мұның өзі туған жылы бір ізге түспеген Ә.Бөкейханның өмір жолын растайтын тың деректің ғылыми айналымға енуін көрсетеді. Оның өміріне қатысты тың деректерді пайдалануда ғалымның өзіне дейін жазылған еңбектерді жадында ұстап отырғандығынан Алаш партиясы көсемінің өмірі мен қызметіне қатты қызыққандығын байқауға негіз бар.

Бөкейханның бес әйелінен тараған он бір ұлдың ұрпағын айта келіп, Әлиханның арғы атасы Батырдан бастап сөз қозғаған ғалым оның шыққан ортасына назар аудара білген. Тіпті әкесі Нұрмұхамедті ел ішінде Мұқан деп атағандығына дейін жадында ұстаған ғалым әке мен бала арасындағы қатынасқа «Жасынан алғыр өскен Әлиханды әкесі Мұқан 1879 жылы 9 жасында Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді», – деп көңіл бөлген. Ә.Бөкейханның үш сыныпты орыс-қазақ мектебіне ауысып кеткендігін аса зеректігінен молданың оқуын қанағат етпегендігімен түсіндірген.

Бұл зерттеудің басты жетістігі – Ә.Бөкейханның өмірі мен қызметін растайтын құжаттар болса, ондай деректерді автор орын-орнымен пайдаланған. Мәселен, жоғарыда аталған бастауыш мектепті бітіргеннен кейін, Қарқаралыдағы үш жылдық училищеге түскендігін растайтын мына құжатқа назар аударып көрелік: «Бұл куәліктің иесі Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысы сұлтанның баласы, мысалмен, он алты жастағы Нұрмұхамедұлы Әлихан Қарқаралы қаласының қазақ балаларына арналаған мектепте 1879 жылдың 16 қыркүйегінен 1886 жылдың 16-маусымына дейін тәрбиеленіп, бүкіл оқу барысында үлгілі тәртіп танытты... Қарқаралы қаласының үш класты училищесінде 1886 жылдың маусым айында болған соңғы сынақтан (емтиханнан) өткеннен соң, қалалық училище курсының сабақтарын «өте жақсы» деген бағамен бітірді, делінген аттестат алды... Қазақ мектебінде оқып жүріп ол, екінші

мамандығын жақсы меңгеріп алды және ол бұл кәсіппен өз бетінше айналысуына ерікті...» (ГАОО, 43-қор, 1-тізім, 492-іс, 2-б).

Одан кейін Ә.Бөкейханның Омбы техникалық училищесіне түскендігі, онда қандай оқығандығы, «Құдай заңы» сабағынан мұсылман болғандықтан босатылғандығы, оны үздік бітірген соң училище директоры Н.Е.Доброхотовқа оқуын жалғастырғысы келетінін айтқан соң, оның Қарқаралы уезінің бастығына жазған өтініш хаттары, 1890 жылдың 30-шілдесінде дала генерал-губернаторы канцеляриясынан Орман институтының профессоры Бородинге жазған ұсыныс хатын алып Ресей империясының астанасы Санкт-Петербургке жолға шыққандығы – барлығы Омбы облысының мемлекеттік құжатханасынан алынған деректер негізінде сөз болған. Орман институтының студенті Ә.Бөкейханның «саяси, әдеби, экономикалық және басқа да студенттік үйірмелердің жұмысына» қатысып, студенттік қозғалыстарға белсенді түрде араласып, марксизм туралы пікірталастарға белсене қатысқандығы, орнықты революционер, социалист болғандығы әр түрлі құжаттық деректер негізінде сөз болған. Студенттік толқулардың белсенді мүшесі болған болашақ күрескердің өмір жолының қалыптасуы осылайша жүйелі зерттелген. Ә.Бөкейханның студент кезінен бастап «саяси сенімсіздердің қара тізіміне» ілінгенін көрсету арқылы оның 1937 жылы «халық жауы» ретінде атылғандығын аша түскен. Оның өмір жолы туғанынан бастап хронологиялық жүйе бойынша қарастырылғандығын да айта кеткен жөн.

Ә.Бөкейханның ғылыми қызметін сөз еткен ғалым оның әр ғылым саласына қосқан үлесін саралауға тырысқан. Омбыға келген соң орман мектебіне мұғалім болып орналасқандығы, 1896-1901 жылдар аралығында Ресейдің жер жөніндегі министрлігі ұйымдастырған Дала аймақтарын зерттеу экспедициясына белсенді еңбек еткендігі, 1906 жылға дейін-ақ қазақ-мұсылман халқының ұлттық қозғалысының көсемі ретінде танылғандығы сөз болған. Тобыл губерниясында жүргізілген жан-жақты санақ (статистика) жұмыстарына араласа жүріп, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, мал шаруашылығы мен жер-су байлығы жөнінде ғылыми еңбектерін жаза бастайды. Осы экспедицияда атқарған қызметін ғалым: «Экспедиция құрамындағы қызметі кезінде ол өзін бір жағынан, туған халқының халін қаншалықты терең түсініп, білетіндігін байқатса, екінші жағынан – сол уақытқа дейін тиіп-қашып қана зерттелген қазақ шаруашылығының ең күрделі деген құбылыстарын объективті түрде, сын көзбен қарап түсіндіре алғандығын танытты», – деп бағалады. Туған халқының тұрмыс-салты мен мәдениетін, атадан балаға мирас болған бай ауыз әдебиетін жинау арқылы ол тарих, этнография, әдебиеттану ғылымдарында әр түрлі деңгейде еңбек жазуға алып келді. Оның тарихшы, экономист, фольклоршы болғандығын, ағылшын зерттеушілерінің еңбектерімен де дәлелдеген ғалым «Ә.Н.Бөкейхан қазақ халқының өмірін, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, саяси-қоғамдық тынысын зерттеген санаулы ғалымдардың бірі» деген тұжырым жасай білді. Мал шаруашылығын жақсы білетін Әлиханға қазақ халқының шаруашылығын зерттеу де қиынға түспегендігі оның жекелеген очерктері аясында қарастырылса, рулық құрылымды зерттеу арқылы тұңғыш қазақ руларының шежіресін жасағандығы айтылды. Халықтың тұрмыс-тіршілігін зерттеу арқылы олардың экономикалық жағдайына зерттеу жұмысын жасаған ол Жағырафия қоғамының қолдауымен қазақ халқының экономикасын, тарихын, тұрмыс-салтын, фольклорын зерттеуде табысты еңбек еткендігі оның ғылыми мұрасымен сараланған.

Ә.Бөкейханның әдебиетші екендігі оның А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.Крылов, А.П.Чехов, Д.М.Мамин-Сибиряк, В.Г.Короленко шығармаларын сүйіп оқығандығынан бастап сөз болған. 1923-1926 жылдары «Қыр баласы» деген бүркеншек атпен Мәскеуде алғы сөзі мен түсініктерін жазып шығарған В.В.Радловтан жазып алған «Қозы Көрпеш – Баян», «Ер Тарғын» жырының Марабай ақын нұсқасы, Ахмет Байтұрсынұлымен бірге қосылып, алғы сөзі мен түсініктерін өзі жазған, қазақтың 400 жылдық тарихын қамтитын «Жиырма үш жоқтау» және «Ер Сайын» сынды жинақтарымен бірге Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыр» дастаны, Шахсұлтан Тұяқбаевтың құрастыруымен шыққан «Қара қыпшақ Қобыланды батыр» жырының тағы бір нұсқасы туралы, Ә.Диваевтың жинағындағы «Мырза Едіге» жыры туралы, «Қазақ» газетінің беттерінен әр жылдары басылған «Роман

бәйгесі», «Ән, өлең мен оның құралы», «Роман деген не нәрсе?» және басқа оннан аса ірілі-ұсақты зерттеу мақалалары арқылы оның білікті әдебиетші болғандығын дәлелдесе, «Қобыланды», «Қызды малға сату», «Батыр Бекет» атты зерттеулері арқылы қазақ эпосы мен фольклорын тұңғыш зерттеген фольклоршы екендігін баса айтты. Ғалымның Ә.Бөкейханның қазақ әдебиетін зерттеуде абайтануға қосқан үлесіне айрықша тоқталуы да тегін емес. М.Базарбаевтың: «Абайдың дүние салуына байланысты оның өмірі мен шығармашылық жолын суреттеп жазған «Абай» (Ибрагим) Құнанбаев» атты мүнәһиб-мақаласы күні бүгінге дейін өзінің ғылыми маңызын жойған жоқ. Бұл мақала 1905 – 1907 жылдар аралығында үш басылымнан кезек-кезек жарық көреді. Әлихан Бөкейхан сонымен қатар Абайдың өлеңдері мен нақыл сөздерін жинақтауға атсалысады. Жоғарыда аталған мүнәһиб-мақаланың соңында айтылғандай, Әлихан Бөкейхан Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінің тұңғыш жинағын өзі редакциялап, жинақтың 1909 жылы Ресей астанасы – Санкт-Петербургтан басылып шығуына көп көмек көрсетеді», – деген пікірі оның абайтануға қосқан үлесін көрсетуге қызмет етеді.

Қазақ және орыс тілінде қатар жазған Ә.Бөкейханның тек орыс әдебиеті ғана емес, Батыс әдебиетінің көрнекті ақын-жазушыларының шығармаларын сүйіп оқып, олардың біразын қазақ тілінде сөйлету арқылы көркем аударма саласына қосқан үлесі де ғылыми сараланған. Көркем аудармаларының басым бөлігі 1920-1930 жылдар аралығында, дәлірек айтқанда 1922-1927 жылдары КСРО Халықтарының Орталық баспасындағы Қазақ секциясының әдеби қызметкері болып қызмет етіп жүрген кезінде жарияланғандығын айта келіп, бірсыпыра аудармаларын тілге тиек етеді. Мерзімді басылым беттерінде жарияланған «Л.Н.Толстойдың «Қажымұраты» 1923 жылдың қыркүйегінде аударылып, келесі жылы басылған. «Кавказ тұтқыны», «Жеті қарақшы», «Жұмыртқадай бійдай» (Л. Н. Толстой) – 1925 жылы; «Жетпіс жеті мысал» (Л.Н.Толстой) – 1925; «Жердің қысқаша тарихы», «Дүниенің құрылысы» - 1926 жылы; В.Г.Короленконың «Баймақан», «Өзі» әңгімелері – 1927 жылы жарық көрген. Басқа да көптеген аудармалары, мысалға Л.Толстойдың «Сурат кафеханасы» («Дін таласы»), «Серуен жасап зерттеу әдісі», «Бір адамға қанша жер керек?», Ги де Мопассанның «Жарасын алдырған анасы», «Симонның әкесі» мен «Ақсақ кемпір»; А.П.Чеховтың «Хамелоны»; В.Г.Короленконың «Оты», Д.М.Мамин-Сибиряқтың «Қара ханымы»; К.Фламарионның «Қанды жауыны»; Н.Маркстың «Қырым сөздері» жинағы секілді шағын әңгімелерінің аудармалары төңкеріске дейін «Дала уалаяты», «Қазақ» газеттерінен бастап, Кеңес дәуіріндегі «Темірқазық», «Жаңа мектеп», «Кедей туы», «Әйел теңдігі», «Еңбекші қазақ», «Ақжол», «Жас қайрат», «Жас қазақ» тағы басқа», – тәржімалары арқылы оның көркем аудармаға қосқан үлесін саралай білген.

Тәуелсіздік тұсында жаңаша көзқараспен объективті тұрғыда жазылған еңбек болғандықтан «Саяси қайраткер» деп аталатын тарауда Ә.Бөкейханның қоғамдық, мемлекеттік қызметтері де тұңғыш рет жүйелі түрде сөз болды. Қазақ тарихшылары М.Қойгелдиев, Х.Әбішев, Б.Қойшыбаевтармен бірге Оксфорд, Санкт-Петербург, Москва, Ленинград сынды ірі-ірі қалаларда жарық көрген еңбектер мен мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар, КСРО-ның МҚК алынған тарихи құжаттарды пайдалана отырып оның қоғамдық, мемлекеттік қызметтерін көрсетті. 1906 жылы 15-маусымда Ресейдің І Мемлекеттік Думасына Семей қазақтары атынан депутат болып қатысқандығын, 1922 жылдың күзінде Мәскеуге жер аударылғандығын, 1927 жылдың 1-қазанынан 1937 жылдың тамызына дейін большевиктер оны пәтерінен шығармай қамап ұстағанын, 1937 жылдың тамызында тұтқындалып, Бутырка түрмесіне жабылғанын да тархи құжаттарға сүйене отырып сөз еткен. Осылайша автор Ә.Бөкейханның орманшы (негізгі мамандығы), тарихшы, экономист, этнограф, әдебиеттанушы, журналист екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдей білді.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Базарбаев М. Не худо вспомнить // Казахстанская правда. 27.03.1993 г.; Властитель дум народных // Казахстанская правда. – 1993, июнь. – 19.
- 2.«Қыр баласы» Луи Пастер // Темір қазық. – 1923. – № 2-3. Перевел с казахского
- 3.М.Базарбаев // Казахстанская правда. – 1993, наурыз – 27.

4. Базарбаев М. (С.Аққұлұлымен бірге). Әлихан Бөкейханов. Таңдамалы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1995. – Б. 5-30.
5. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 509 б.

АЛАШ ИДЕЯСЫ – ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ НЕГІЗІ

*Ошақбаева Ж.Б. Философ. ғ. к. Философия, саясаттану және дінтану институты
Алматы қаласы*

Қазақ халқының тарихында әр ғасырдың басы аласапыран оқиғаларға толы болды. Бұл өз кезегінде тарих сахнасына ірі-ірі тұлғалар мен қайраткерлерді шығарып, түбірлі өзгерістерге алып келіп отырды. Әсіресе ХХ ғасырдың басы айрықша күрделілігімен, сансыз оқиғалардың сапырылысымен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленеді. Осы тұста қазақ даласында да Алаш ұранын көтеріп, қазақ баласын азаттыққа бастаған бір шоғыр қазақ қайраткерлерінің ой-пікірі мен іс-әрекеті жарқырап көрінді. Бұл кез Алаш ардагерлерінің айтуынша, «қазақтың бар болу немесе жоқ болу» мәселесі таразыға тартылған кез еді. Олай болатыны, бұл шақта қазақ халқы толықтай патшалық Ресейдің басыбайлы боданына айналған еді. Қазақ даласындағы хандық билік ыдыраған, билер институтының қадірі кетіп, орыс сотына қараған, дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсендеген шақ еді.

Ұлттық идея – Алаш қозғалысының бастау қайнары, негізгі өзегі, басты бағыты болды. Халықты еркіндікке үндейтін, рухани жаңғыруға шақыратын ұлттық идеяның саяси идеология ретінде ХХ ғасырдың басында тууы табиғи да, тарихи да қажеттілік болатын. Осы саяси идеологияның басында тұру, серіктері мен ниеттестеріне жетекшілік ету, жалпы халыққа саяси көсем болу Әлихан Бөкейхановқа бұйырды. ХХ ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы заман талабына сай сапалық тұрғыдан жедел жетілді. Әрі уақыт ағымына орай, саяси тұрғыдан ширығып, Алаш идеясы дүниеге келді. Оны жетілдіруші әрі қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті. Бұл ел тарихындағы елеулі кезең турасында Президент Н.Ә.Назарбаев: «ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» - деп, әділ бағасын берді [1].

Алашорда қозғалысы мен Алаш идеясының пайда болуына тікелей осы аталған тарихи жағдайлар себеп болды. Қазақтың алғашқы оқығандары қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі. Ең алдымен қазақ баласының бір-бірімен пікір алмасуын қамтамасыз ету үшін мерзімді баспасөз құралдарын шығарды. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен «Қазақ» газеті «ұлттың көзі, құлағы һәм үніне» айналды. Бұлардың ұлттық сананы оятудағы маңызы орасан зор болды.

Ұлттық идеяны насихаттаудың басты жолы газет ұйымдастыру болды. «Қазақ» газеті халықтың ұлттық сана-сезімін оятып қана қоймай, сол кездегі халықаралық жағдай, экономика, мәдениет, тарих, дін мәселелерін де қамтиды. Газеттің шығуы мел ел ішіне тарауы да оңайға түспеді, онда басылған материалдар да ел билеушілердің, патша өкіметінің көңілінен шыға бермеді. «Қазақ» газеті осынау аз ғұмырының ішінде барша қазақ зиялыларын ортақ мақсат жолында топтастыра алды, тынымсыз соғылған қоңырау сынды халықтың қалғи бастаған рухын оятып, мыңдаған зерделі жасты ұлттық тәуелсіздік туының астына жинай білді. Қазақ тарихындағы ең алғашқы ірі саяси-қоғамдық ұйым: ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының ұйымдасуына ұйытқы болған да осы газет. Заман аударылып-төңкеріле бастаған тұста Қазақ елін аласапыранның аман-есен алып шығып, өз алдына дербес автономиялық мемлекет мәртебесіне жеткізуді мұрат тұтқан Алашорда үкіметінің үні болған да осы газет. Амал не, сөз жүзінде езілген ұлттар құқығын мойындауды

жария еткенімен, іс жүзінде мүлде басқа принципті басшылыққа алған Кеңес өкіметінің қаһарына қарсы тұру мүмкін болмай қалды, - деп жазады академик Әбдімәлік Нысанбаев (2, 105). «Қазақ» газетінің мақсаты қазақ қоғамын оятып, ұлттық езгіге қарсы күрес жолына алып шығу еді. Олар қоғамға білім тарату арқылы қоғамдық өзгерістер жүзеге асатынын, дүниежүзілік өркениетке тек ғылым мен ағартушылық жұмыстары арқылы жететінін түсінді.

1905 жылы қарашада Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысып, халқының дін еркіндігін, сайлау құқын, тілдік мүддесін көтерген, желтоқсанда Оралда Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының съезін өткізген, 1906 жылы Семей облысы қазақтары атынан Ресейдің І Мемлекеттік думасына депутаттыққа сайланған, төңірегіне өзі сияқты ұлтшыл азаматтарды топтастыра білген Әлихан Бөкейханов өзінің саяси ой-пікірлері арқылы да, күресі арқылы да серіктеріне де, мүдделес інілеріне де, бұқараға да ұлттық идеологияны дарыта білді.

Әлихан бастаған қазақ зиялылары бір жағынан патша үкіметінің қазақты қанауға, езгіге салуға негізделген қатал саясатына қарсы шығып, екінші жағынан қазақтың бірлігі жолында да аянбай еңбек етуге тиіс болды, халыққа өзінің абыройы мен намысын, сондай-ақ білім мен мәдениеттің артықшылығын, еңбек пен кәсіптің мұратқа жеткізетіндігін ұғындыру, сезіндіру мақсатында жалпақ жұртқа талай сөзін арнады. Мақалаларында, аудармаларында сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы мәселелерді кеңінен қамтыған Әлихан Бөкейханов саяси көсем болумен бірге, оның рухани ұраншысына да айналды.

Қазақты біртұтас ел деп танысақ, Алаш идеясын біртұтас қазақ идеясы деп мойындауымыз қажет. Алаш идеясына деген адалдық пен сенім – бізден соны талап етеді. Ал қазақ үшін Алаш идеясынан, оның бес ұлы идеясынан артық мүдде болуы тиіс емес. Ол идея бүгін де өзінің мүдделі мақсатын жойған жоқ. Ол идеялар мыналар: Бірінші: жер мәселесі. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді».

Екінші: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Әлихан Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әрбір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Үшінші: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

Төртінші: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек. Бесінші, түпкі мақсат: ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді.

Жер үшін, жер мен аспан байлығы үшін, тәуелсіз экономика үшін, тіл мен діл үшін, дін үшін, қазақ ұлтының көзқарасы мен ар-ожданын қорғайтын, ұлтты сыйлауға мойынсындыратын тәуелсіз заң мен тәуелсіз ойлау жүйесін қалыптастыратын тәуелсіз ғылым үшін күрес жолы енді басталды. Демек, Алаш идеясы бүгін де, ертең де өзінің жалғасын табады. Жаһандастыру дәуіріндегі рухани тәуелділіктен қорғайтын бірден-бір ұлттық бағдарлама осы болып табылады.

Мәмбет Қойгелдиев алаш идеясының түпкі маңызын былай ашып көрсетеді: «Алаш тәжірибесі нені көрсетті? Біріншіден, Алаш идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршеңдік сипатын айғақтайды. Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлекең, Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы – Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық принциптерге сүйенген

қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн»[3].

Алаш зиялылары өмірдің объективті жағдайларын күшпен емес сананы өзгерту арқылы жеңуге болатынын түсінді, ойлары бір жерде тоғысты, ортақ мақсат жолында күш біріктірді, сол жолда аяңбай тер төкті. Қазақтың алғашқы оқығандары жалаң сөз, жадағай ұранға баспай, бұл ойларын нақты іспен негіздеп, қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі. Олардың ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын жол – ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді. Олардың ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын жол – ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді.

Алашордалықтар өз алдына экономикалық, саяси, рухани тұрғыда басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынас жасай алатын қазақ мемлекетін құрудың кезі келді деп есептеді. Қазақтың басын қосып, жеке мемлекет құрамыз деген алашордалықтарды жігерлендірген ұлттық болмыс, бай тарих, асқақ рух еді. Олар өз халқының ұлттық сипатын, қоғамдағы орнын, ешкімге ұқсамас асылдарын Уақыт пен Кеңістік ұғымдарының аясында зердеден өткізді.

Рух – адамды алға жетелейтін, адам бойындағы адамгершілікті, ақыл мен парасаттылықты қозғалысқа келтіретін, оған бағыт-бағдар беретін күш. Рух адамды еркіндікке итермелейді, рухы күшті адам қашанда тәуелсіз. Рух шексіз болса, жан қашанда шектеулі. Жан – рухтың жемісі, нәтижесі. Рухтан қуат алған жан ғана үнемі дамып, өзгеріп отырады. Рухсыздық – жан мен рухтың байланысының үзілгендігінің, жанның тәнді паналағандығының белгісі. Жаһандану үрдісінде қазақ тек өз рухын, жаңғырту, асқақтату арқылы ғана ұлттық болмысын, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлан-ғайыр жерін, тәуелсіздігін сақтай алады. Олай болса, бүгінгі қазақты зұлымдыққа емес, адамгершілікке бейімдеу ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі мәселе болуы тиіс. Бүгінгі қоғам да осы негізде дамуы керек. Олай болмайынша, қазақтың рухы өзінің ішкі бірлігі мен тұтастығынан айырылуы мүмкін.

Қазақ рухын жаңғырту, бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді, яғни, ұлттық мүдделер негізінде жүргізуді талап етеді. Қазақ рухын жүзеге асырудың бір жолы қазақ идеясын жаңғырту болып табылады. Оның алғы үлгілері кешегі Алаш ұсынған жолдарда, қанымызда ұйықтап жатқан ұжымдық санадағы архетиптерде жатыр. Бұлардың барлығы оянып, жаңғырып бүгінгі қазақтың рухын көтеруге жұмыс істеуі керек. Олар әсіресе, тілдік саясатта, мәдениетте, жалпы руханиятта, қоғамдық өмірде көрінуі тиіс. Сонда ғана бөтенге ұқсамайтын, өзіндік жүру жолы бар қайсар рухты қазаққа айналамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаев. Тарих толқынында. - Алматы, 1999. - 172-173 бб.
2. Нысанбаев Ә. Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. – А., 2002 ж. - 264 б.
3. Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде» // «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Семей, 2008. - 26 б.

«ҰЛТ КӨСЕМІНІҢ БҮРКЕНШІК ЕСІМДЕРІ»

Сман Жансая Әбдіразаққызы

Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті, филология және әлем тілдері факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, 1-курс.

XX ғасырдың басындағы қазақтың тарих көшінің бағыт-бағдарын белгілеп, ел мен жердің болашағын, тілдің тағдырын, сана мен дәстүрдің тұтастығын сақтау үшін қалың елдің жұмысының жауапкершілігін мойнына жүктеп, басын бәйгеге тіккен тарихи тұлғамыздың туғанына биыл 150 жыл екенін тілге тиек етіп өтіп кетпесек өзімізге сын болар. «Жұрт үшін түс көрмей, ояу жүріп іздеген» ғалымның баспа беттерімен байланысы да тығыз еді. Оның мақалаларының баспа беттерін көргендерінің өзі қаншама? Зерттеулерге сүйенер болсақ, мыңға жуық мақалалары мен очерктерінен басқа ғылыми публицистикалары қазақ жіне орыс баспаларының беттерінде жарияланған. Ұлт көсеміміз төңкеріс кезіне дейін төрт газет, оның үшеуі «Иртышъ», «Омичъ», және де «Голось степи» орыс тілінде жарияланса, «Қазақ» газетінде тұңғыш рет қазақ тіліміздегі мақала қйымдастырылды. Ал төңкерістен соң қазақ тілінде «Қазақ» газетінен соң «Темірқазық» және «Шолпан» журналының жарыққа шығуына мұрындық болып, 1925 жылдан бастап шыға бастаған «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі», сонымен қатар «Сәуле» журналдарының баспа бетін көруіне себепкер болды. Оның алғашқы бір топ мақаласы «Особое приавленіе» кь «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» және «Дала уалаятының газеті» беттерінде қос тілде, яғни, қазақ және орыс тілдерінде жарияланады. Осы сәтте бір қызықты жайтты жаза кеткенім жөн болар. Желтоқсан айында жарық көрген соңғы екі мақаласын Омбы техникалық училищесінің жас қаламгері «Қыр баласы» және «Сын степей» деген лақап ат береді. Көп ұзамай ғалымның түрлі бүркеніш есімі көрсетілген туындыларын 1917 жылғы Ақпан төңкерісі мен Қазан бүлігіне дейінгі бір Омбының «Степной край», «Омичъ», «Голос степи», Томскінің «Сибирская жизнь», Семейдің «Семипалатинский листокъ», «Семипалатинские областны ведомости», Ташкент қаласының «Туркестанские ведомости», «Орынбордың «Степь», «Қазақ» газеттері мен тұңғыш «Айқап» журналынан С.Петербордың «Сынъ отечества», «Речь», «Слово», «Наша жизнь», «Восточное обозрение», Ресей мұсылмандарының «Въ мире мусулманства» мен «Мусулманская газета» және «Сибирское вопросы» журналынан жиі ұшыратуға болатын. 1923 жылы «К.Степняк» деген лақап атпен «Кенесары Қасымовтың тарихына қатысты материалдар» атты еңбегі жарыққа шыққан. Бұл еңбекті саясаткер сарапшы – тарихшы ретінде көрініс береді. Оның мәліметі өткеннің мәселелерін жан-жақты зерттеп, анық көз жеткізуді қажет етеді.

Отаршыл Ресей империясының әкімшілігінің біздің шұрайлы жерлерімізді тәркіге салып, ішкі губернияларынан қоныстанып келген жерсіз шаруаларына үлестіріп бергенін ұлт көсемі қос тілде де, яғни орыс пен қазақ тілінде бүркеншік есіммен жазуға мәжбүр болды. Оның бүркеншік есімдерінің анықталып, бізге мәлім болғаны отыздан асып жығылады. Көпшілігі орыс тілінде қолданылатынын да атап көрсете аламыз. Қазақ тіліндегі бүркеншік есімдерінің танымалы V, Ә.Н., Ғали хан немесе Әли хан, Қыр баласы, Арыс ұлы. Сонымен қатар, оның орыс тілінде де пайдаланған бүркеншік есімдері де ауыз толтырып айтарлықтай. Атап айтсақ, А.Н., Сын степей, А.Б., Омский казак, Уак, Наблюдатель, Читатель. Н.Ш.есімдерін атап көрсете аламыз.

Сонымен қатар, көптеген зерттеушілердің пікірінше, Әлихан Бөкейханов 1926-1936 жылдар аралығында Қазақстанның, Башқұртстанның, Өзбекстанның мерзімді баспасөздерінде өзінің еңбектерін «Степняк», «Қыр баласы», «Қалмақбай», «Читатель» деген түрліше лақап атпен жариялаған. Өзіміз білетіндей, Кеңес құрылысын қолдамай, ол өзінің 1920 жылғы шешіміне адал болып қала берді және Кеңес үкіметіне құлатуға тырысып, екі араға от салып, орынсыз жерге пышақ сұқпай, халықты көтеріліске шақырмады. Ол барлығын сараптай келе:»...бізге ниеттестік білдірген жалғыз ғана билік-Кеңес үкіметі. Біз

ұзақ уақыт жеке бірлік болып бөлініп шығуға талпындық, сонда Кеңес үкіметінен басқа ешкім бізді қолдамады...»деп тоқтады.

Қазіргі таңда 1937 жылғы саяси «тазалаулар» кезіндегі ұлт көсеміне тағылған Қазақстандағы және Мәскеудегі пантюркистік орталықтардың жетекшілерімен байланыста болған деген жаңсақ ақпараттың теріске айтылғаны толықтай айна қатесіз анықталып отыр. Жала мен жорамалдардың мұндай қорытпасы сталиндік термидордың қорқынышты елесі «ежовщина» рухының көрінісі болып саналады.

Оның кадеттер партиясы ОК бойынша әріптесі В.И.Вернадский, меньшевиктер ОК мүшесі И.М.Майский де қуғындаудан сау қалды. Оның себебі, саясаттан тыс кеткен олар үшін Сталиннің айналасынан құдіретті қамқоршылар табылған болатын. Әлихан Бөкейхановтың ондай қамқоршылары болмаған еді, өкінішке орай. Ол 1920 жылдан бері еш жерде, ешқандай кеңеске қарсылық дегенге қатысқан емес, шамасы келгенше ел мен қоғамға пайдасын тигізуге тырысты. Шамасы, ол қайсібір бұрынғы қарсыласына немесе «достарына» кедергі жасаған болуы мүмкін.

Міне, осы жағдай 1937 жылы 26 маусымда НКВД қызметкерлерінің зейнеткерді тұтқындауына әкеліп соқты. Соңғы тергеуінде Алаш партиясы мен кеңестік билікке қарсы әрекеттеріне байланысты барлық жауапкершілікті өз мойнына алып, ақтық сөзінде: «Кеңестік билікті сүйген емеспін, бірақ, мойындауға мәжбүрмін», - деп мәлімдеді. Ұлт зиялысының халқының мүддесі үшін жасаған ерен еңбектері мен өшпес ерліктері заман жастары мен келер ұрпақтың саналы санасында мәңгілік жатталып қалмақ.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – ҚАЗАҚ КӨСЕМІ, ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ

Сейтова С.Т.

Журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының оқытушысы

Илясова Б. - журналистика мамандығының 3 курс студенті

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Тарихтан белгілі жерді, елді қорғау, халқына адал болу ұрпақтың азаматтылығына тәуелді. Бір елдің өркениеттілігін мойындау үшін де алдымен сол ел жұртының өркениеттілікке қалай қол жеткізгендігін білу қажет. Демек, елдің өркениеттілігі түсінігі, сол қоғамдағы азаматтық мүмкіндік туралы идеяның жүзеге асу деңгейін салмақтай түспек. Ұрпақ ұлттық рухпен неғұрлым жақын тәрбиеленген сайын ол өзінің адамдық бейнесін ішкі рухпен қаруландырмақ. Ұлттың негізгі құндылығы ұрпақ болғандықтан ұлттық идея ұрпақ рухына қызмет етуден алшақ кетпейді. Қазақтың Еуропа елдері сияқты саяси институттары, Ресей сияқты саяси партиялары болмаған себепті оның саяси идеологиясының мазмұны ұлтшылдық сипатта ғана болуы тиіс еді. Жұртты бостандыққа ұмтылуға үндейтін, халықты рухани жаңғыруға шақыратын ұлтшылдық ұрандары ғана дәуірдің ең өзекті, ең қажетті таңдауы болмақ. Сондықтан қазақ ұлтшылдығының саяси идеология ретінде ХХ ғасырдың елең-алаңында тууы табиғи да, тарихи да қажеттілік болатын. Осы саяси идеологияның басында тұру, серіктері мен ниеттестеріне жетекшілік ету, жалпы халыққа саяси көсем болу Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановқа бұйырды. Әлихан Бөкейханов кім? Ол ең алдымен, ұлттың рухани көсемі. Баспасөз бетіндегі «қыр баласы», қалың жұрт алдындағы «ұлт көсемі».

Қазақ ұлтының жоғын жоқтап, мұңын мұндаған, «Тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген Әлихан Бөкейхановтың туғанына биыл 150 жыл. Мерейтой ЮНЕСКО шеңберінде осы жылы кең көлемде аталып өтілмек. Бұл туралы ЮНЕСКО-ның 18-қарашада Парижде өткен бас конференциясының 38 сессиясында жария етілген болатын. Алашорда өкіметінің төрағасы, қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханов: «Тіл үшін күрес неге жүріп жатыр? Қазақ тілі деген не? Қазақ тілінің ар жағында жатқан мәселе – жер. Біз мына жерді қазақ болып, қазақша сөйлеп қана қорғай аламыз» - деп жазған еді. Бұл оның жеке басына қатысты емес, ел мен жерге қатысты ұстанымы. Жазушы, тарихшы Тұрсын

Жұртбай: «Әлихан Бөкейхановтың бес ұстанымы болды. Ең бірінші – Алаш ұлттық демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін ең алдымен, «жер, жер және жер» болуы керек. Жерсіз Отан жоқ. Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша қазақтың байырғы жерін қашан қазақтың өзі ғылым мен техникаға сүйеніп, толық игермейінше, жер жеке меншікке, қонысаударушыға берілмеуі керек. Екінші ұстанымы – Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі барлық байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс. «Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, «қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуы тиіс». Үшінші ұстанымы – Бөкейхановтың жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек. Яғни, мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі тиіс болған. Төртінші ұстаным – қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, менталитеті өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек дегенге саяды. Бұл идеологиялық ұстаным болатын. Ал, бесіншісі – ең негізгі ұстанымы бойынша ғылымға, соның ішінде тәуелсіз ғылымға, ұлттық дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құрылуы керек еді. Алаш қайраткерлерінің бұл ұстанымының дұрыстығына самурайлық дәстүрге негізделген жапон ұлтының бар-жоғы 20 жыл ішінде біртұтас империяға айналып шыға келуі дәлел болса керек», - деп баяндайды. Бұл сөздерден Әлихан Бөкейханов өз қара басын ойламай, ұлтын, жерін, туған тілін ең бірінші сатыға қойғаны байқалады. Осы ұстанымы негізінде дербес мемлекет құруды көздеген Әлихан Бөкейханов қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастырады.

Әлихан 1914 жылы жазған мақаласының бірінде «Хан баласында қазақтың хақысы бар еді, тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» – деп жазды. Әлихан соңғы демі біткенше осы сертіне адал болып қалды. Өзінің тарихи зерттеулерінен соң жасаған Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері

Ә. Бөкейхановтың тағы бір саяси маңызды тұжырымы – қарулы күрес арқылы қуатты орыс империясының отарлық шырмауынан құтылып, ұлттық мемлекетті қалпына келтіру іс жүзінде де, теория тұрғысынан дұрыс та, мүмкін де емес. Қалың қазақты өзін өзі билеу құқына да, одан соң толық ұлттық тәуелсіздікке де қайта қол жеткізетін жалғыз жол, Алаш қозғалысы жетекшісінің көзқарасы бойынша, заман талабына сай ұлттық мәдениет қалыптастыру және қазақ қоғамын еуропалық деңгейге жетелеп жеткізу болды.

Жалғыз «Алаш» партиясында болғандар ғана емес, елі мен жерінің қамын ойлаған сол кездегі қазақ оқығандарының біразы жалған болса да үкімет саясатына үн қосып, кедей деп кеңірдек созғанымен, жалпының қамын жеген. Оған Әлихан Бөкейхановтың мына хаты да айғақ бола алады. Әлихан Бөкейхановтың 1925 жылы Ахмет Байтұрсыновқа жазған хатында:

«... Сенің ересек сауатсыздарға арналған кітабыңда «бізге» керексіз қазақ хандары мен билерінің сөздері бар екен». Автор сол кездегі хандар мен билердің сөзін ескілік, кешегі хандық дәуірді аңсау деп жаздырмағанын осылайша ащы мысқылмен жеткізеді. «Мендешұлы Жолдас «Бөкейханұлы «Еңбекші қазаққа» мақала жазады» деп шағымданыпты. Бұл шағымы 15 маусымда Орталық Комитет жанындағы Баспа бөліміне түсіпті. Мен әлгі шағым бойынша онда отырған татарлар тиісінше тезден өткізді. Мәскеу коммунистері: «Қазақтар – ұлтшылдар» деп жалпыға жар салып айқайлап жүр. Мен олардан «айтып жүргендерің не?» деп сұрасам, олар: «Өздерің өздеріңе шағым жасап жүрсіндер, яғни оны жазған – өз қазақтарың» - деп айтады. Әлихан Бөкейханұлының бұл сөздері «Алаш» партиясында болғандардың коммунистерді Кеңес үкіметі тұсында да қолдай қоймағандарының дәлеліндей [1].

Ұлттың намысын алға қойған Әлихан Бөкейханов ел мен жер мәселесіне келгенде мінез танытудан тайынбаған. Рухы биік, өресі жоғары Әлихан Бөкейханов «не ойы, не білімі көлемді емес», деп есептейтін Сталинмен кездесуден бас тартқан екен. «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден», - дейді Әлихан Бөкейханов. Оның осы пікірінің дәлдігін бүгінгі қазақ қоғамы толық дәлелдеуде. Неге десеңіз, өзге тілде жұмыс істейтіндер, әлі күнге дейін балаларын басқа тілде оқытатындар, жиналыстарда, баспасөзде мемлекеттік тілге қарсылық білдіретіндер, ата дәстүрін құрметтемейтіндер, ауыл қазағын, оралманды

кемсітетіндер – бүгінгінің оқығандары, білімділері. Яғни, ұлттық мүддеге келгенде, әрбір азаматқа білімнен бұрын ең алдымен ұлттық мінез, намыс, рух қажет екен. Осындай мінезді Әлихан Бөкейханов 1905 жылдан өзі мүше болған, өзінің саяси тәжірибе жинақтауына айтарлықтай әсер еткен кадет партиясынан өз еркімен шыққан кезде көрсетті. Осы мінезі арқылы ол ұлтшылдық көзқарастағы тұлға екендігін тағы да бір паш етті. «Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық» деп жазғаны бүгінгі көзіқарақты азаматтарға белгілі болар. Сонымен қатар, Әлихан Бөкейханов «қазақ тып-тыныш жатып, еріншек, ешнәрсе қылмайды» деп ойламайды. Оның кәміл сенімінше, қазақтар «қайратты, жұмыстың бәріне жарайды... Бірақ (оларды) қозғау керек». «Қыр халқы... ғылым-білім жайып жатқан һәм өздері ғылым-білімге көңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақылы-санасы болған соң, сол заманда болған балаларымыз бізден ақылды болып, біздің заманымыздағы аталарымыздың қылғандарын көріп таң қалар, я ойламай қатырар», – деп Ұлт көсемі алты алашының жарқын болашағына зор үмітпен қарады. Әзірше, алғашқы мақалаларында ол орыс келімсектерінің отарлау саясатының қысымымен көшпелі мәдениет пен шаруашылықтан бір жерге байланған тұрмыстың азабын көріп отырған қазақ, оның көзқарасынша, «рухани дамуының балалық шағында жүр»[2]. Бұл сөздерінде Әлихан Бөкейхановтың халқына, қазақ жұртына деген сүйіспеншілігі жатыр. Өзі көрмесе де Ұлт көсемінің қайратты, рухты сөздерін жерге қалдырмай, жастарымыз ұран етіп жүр.

Қазақты ғасырлар бойы өз азаттығына ұмтылған бостандық сүйгіш халық десек, бүгінгі тәуелсіздігіміздің бойында бабалар күресі, аталар аманаты бар десек, онда қазақ ұлтшылдығы сол ымырасыз күрестердің ең жарқын идеологиясы. Себебі, бұл идеология қазақтың дәуірлік сұраныстарға орай өркениетті ел, мәдениетті жұрт болуға ұмтылған саяси, рухани күрестің бағдары мен мазмұны. Бұл қазақ зиялыларының қаруды кітапқа, қамшыны қаламға айырбастаған, яғни біліммен, білікпен өз халқының құқығы мен өз жерінің азаттығын талап еткен шынайы, жаңа сипаттағы демократиялық күресі. Бұл күрес – халықтық қарапайым санадан ұлттық ұйысу деңгейіне жетуден, өзін бір халық ретінде сезінуден, ұлттық намыс жолына көтерілуден бастау алған жалпыұлттық күрес[3]. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршеңдік сипатын айғақтайды. Алаш идеясының өзегі - ұлттық мемлекеттік. Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық - жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық[4]. Ұлт зиялыларының ақындық сөздері қалың қазаққа арналды, халқын ұйқыдан оянуға, елдің қазіргі күйіне көз салып, ілгері ұмтылуға, азаттық, бостандық жолына үндеді. Қазақтың осындай тағдырлы талайын таныған және сол үшін үлкен күрес жолына түскен азаматтардың ұйытқысы да, көсемі де Әлихан Бөкейхан болды. Мұндай ұлы істер халыққа деген ұлы махаббаттан ғана тұмақ! Бүгінгі және келер ұрпақтың мақсаты - Әлихан Бөкейхановтар атқарған ұлы істердің мәніне бойлау, сол арқылы өзіңді ұлт ағзасының бөлшегіндей сезіну, олардың ұлтын сүйген ұлы махабатынан кеудеңе ұшқын дарыту. Бұл азаматтықтың да, аманаттың да шаруасы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Серікбай Оспанов, «Қазақ ақындарының публицистикасы» монографиясы, астана 2011
- 2 Қазақ газеті жинағы, Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры, «Арыс» баспасы, алматы 2009
- 3 «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы», 1 кітап, алматы, қазақ университеті 2001 – 479 б
- 4 Ә. Тәжібаев, «Ұлттық рухымсызға өріс тілесек», қазақ әдебиеті 21 ақпан, 1992ж.

ҰҒЫМЫ МЕН ОЙЫ АРТЫҚ ҰЛЫ АДАМ

Тасмағамбетова З.Ж.

*Гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің аға оқытушысы, магистр
А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

Ахмет Байтұрсынұлының бейнесін өз шығармаларына арқау етіп, ақынмен өлең арқылы сырласып, мұндасып, ақылдасқан терең ойлы, талантты ақын ағаларымыз да бар. Атап айтар болсақ, Ғафу Қайырбековтың «Ахаң туралы аңыз» өлеңі, Серік Тұрғынбековтың «Ахмет» атты арнау өлеңі, Хамитбек Мұсабаевтың «Ахаңның соңғы монологы немесе ақын Файзоллаға хаты» Ахаң өмірі мен қызметінен хабардар оқырманға ой салады.

Қазақ автономиясын құруда, қазақ мемлекеттігін нығайтуда, аштыққа ұшырағандарға көмек көрсетуде, Қазақ зерттеу қоғамын құруда, ең бастысы, халқымыздың ежелгі өз атын қайтаруда еңбегі ұшан-теңіз Ахмет Байтұрсынұлының есімін өлеңге қосу қай кезде де мақтауға тұратыны күмәнсіз. Ахметті өлеңдеріне арқау еткен ақындардың ой саптауларындағы белгілі бір үндестікті байқамау мүмкін емес. Ғафу Қайырбеков Ахметті оқырман қауымға «Алламен атың ұқсас арыстаным», «тіл қатқан сол Тәңірге адамзаттан» деп таныстырса, Серік Тұрғынбеков өзінің өлеңінде «шындық деген тұлпарға тақым басып» заманның аңғарымен зымырап, Ахаң «еккен егіннің диханы боп, арам шөбін отауға» бел буады, ал Хамитбек Мұсабаевтың туындысында:

«Файзолла досым, аса қымбатты,

Мұң менен азап жаныма батты.

Өтпелі дәуір өкініш уы...

Асау өзендей толқыны қатты...» - деп, сөзді Ахаңның өзі бастайды [2,4].

Тағдыры талай рет талқыға түссе де, Алаш ардақтысы өзінің тура жолынан таймайды, Алланың өзі аманат еткен қазақ жұртына еңбегін сіңіреді:

«Қазақты Құдай оған «ел қыл» депті,

Еңшіңе - ен даланы бердім депті.

Сондағы Елшім сенсің, саған сенем –

Беделім, сен боласың белгім – депті» [1,353].

«Айдан-қуат, күннен – жалын» алған ақын алдымен тіл мәселесіне мықтап кіріседі, оны «ылас сөзден, кір-қоқыстан» тазартады, «нәр» құйып, «ғылыми тіл» деңгейіне көтереді, содан соң «ашты ғылым қақпасын ол» - деп Ғ. Қайырбеков «тілінің қасиетін сезіп, үйрену» жолында, «адамзат дамуының сара жолында» көз ілмеген Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлігін аңызға арқау етеді.

Бүкіл саналы өмірін елінің болашағына арнаған адамның үлкен беделі сол кездегі кеңестік билік басындағыларды алаңдатпай қоймайды. Олар кезінде ақынның 50 жылдық мерейтойын ел көлемінде атап өтуге тыйым салып, ол жөнінде түрлі қауесест таратқанымен, ұлт ұстазына деген ел сүйіспеншілігін тұсаулай алмады. Осы орайда Тұрсын Жұртбайдың: «А.Байтұрсыновтың саяси және контрреволюциялық қылмыстары, террорлық әрекеттері, сол мақсатта астыртын ұйым құрғандығы дәлелденбеген соң, енді тергеушілер барлық айла-амалды ұлт көсемінің мәдениет майданындағы «дұшпандық әрекеттерін» алға тартты. Бұл реттен алғанда, коммунист-колонизаторлардың көзқарасы бойынша қазақ ұлтының өркениетке ұмтылуының өзі қылмыс болып саналатын. Ал Ахмет Байтұрсынов - ұлттық руханиятының күре тамыры. Қазақ ұлтының ұлттық санасын, ойлау жүйесін, көзқарасын, сана сатысын мүлдем жаңа деңгейге көтерген құбылысты тұлға еді...»- деген сөздері ойға келеді.

Жауыздықтарын қалай да жүзеге асыруға ұмтылған, басына тозақ төндірген «қанқұйлы қазақтардың» мазағына өзегі күйіп, іші өртенген ақын:

«Көбейген шақта сақалдың ағы,

Кетті ғой тайып ағаңның бағы.

Темір құрсаулы түрмеге мынау,

Төртінші рет мен қамалдым тағы...
... Жасым да мынау, алпыстан асқан,
Нұр тайып беттен ажарым қашқан.
Отырмын мең-зең айыпқа батып,
Туған халқыма атанып дұшпан...» - деп Файзолла досына мұңын шағады [2,4].

Қалың елді ардақтысынан айырған осындай қапалы күндердің көрінісі ақын Ғафудын да өлеңінен тыс қалмайды:

Не керек, сор ма біздің маңдайдағы,
Айыпты үйіп-төгіп қай-қайдағы
Көпсініп алтын басын пақыр елге –
Қамады, қырға айдады, ойға айдады.

Ойлаған жеткізбеді мың ісіне, -
Тағдырдың дегенінше, мұнысы не?
Кезінде Көк Тәңірісі ұйықтап қалған
Атты оны «жер құдайы» түн ішінде!

«Ой – аласа, сана - шағын» бала шағында естіген осы аңыздың мәнін есейе келе түсінген ақын: «...Көз қиып Ахаңды ату неткен сұмдық – қазақтың атқаны ол болашағын» - деп қапаланады[1,353].

Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлын «бұлт астынан жарқ етіп шыға келген» Күнге теңеген Серік ақын «аққуларды атуға болмайтынына» қарамастан, дәстүрден тайған халқына қатты қапаланады:

«Әлдекімге білігің жақпады ма,
Әлдекімге ұлы ұғым жақпады ма?
Пайғамбардың жасына жеткен шалды
Ақ-қарасын айырмай атқаны ма?» [3,11].

Ақанмен мақұлдасуын жалғастыра келе Серік Тұрғынбеков ақынды күте-күте тозығы жеткен туған жерін өлеңге қосады:

«Құрдас тәнті өзіңе, құрбы – кішік,
Тіл қата алмай ішінен тұрды ұғысып.
Сағыныштан сарғайған Торғай жері
Жүрді ме екен көзіңнен бір-бір ұшып [3,11].

Осы жолдардың жауабын біз Ахаңның Файзоллаға жазған хатынан тапқандай боламыз:

«Сен мұны досым, жаныңмен түсің,
Барады күйіп жалын боп ішім.

Сағындым елді ... жерімді және

Сағындым тіпті аңы мен құсын...» - дей келе, алыста қалған аяулы анасы – Тоғай елін, Ақкөлдің топырағы мен жусаның ансағанын жасырмайды. Ақынның бұл сағынышын кіндік қаны тамған туған жерінен аз уақыт болса да қашықтықта болып көрген, туған жерін анасынан кем көрмейтін әрбір адам баласы түсініп, Ақкөлде көзін жұмып «бір төмпешік боп» жатуды армандаған Ахаңның қайғы-мұңына ортақтаса алады[2,4].

Ахмет қаймағынан айырылып іркіт болған халқының хал-жағдайын Серік інісінің аузынан естиді:

«Қанатымды самғатып қақтырмады,
Жан отымды лаулатып жақтырмады.
Керек болған халқыма қазынаны
Көзден ғайып қылды да, таптырмады!
Ескі жара ауызы шорланғанда,
Әзер даусым шығады қорланғанда.
Дәстүрімді құртқандар аман қалып,
Ал, оны қорғағандар – қор болған ба?!» [3,11].

Осылай боларын сонау XX ғасырдың басында-ақ меңзеген Ахаңның аузына ақын Хамитбек Мұсабаев болашаққа үлкен сенім артатын тамаша сөздерді салады:

«Елу жыл өтер ... немесе ғасыр,
Айығар сонда бүгінгі тасыр.
Тексеру болар тарихқа түгел,
Талқыға түсер жасық пен асыл...
Серпіліп сонда ашылар тұман,
Тыйылар жөнсіз күдік пен күмән.
Кесапат күндер келмеске кетіп,
Туады анық нұрлы бір заман...» [2,4].

Ақындардың Ахаңға арнаған туындыларын қорытындылай келе бір түйінге келеміз: ақ пенен қара, қайғы мен қуаныш, бақ пен нала, шындық пен жала ежелден бері жаға жыртысып өтуде. Ұрпақтар ауысады, жылдар алмасады, бірақ елге еткен еңбек ешқашан өз құңын жоймайды:

«... Тілін, дінін, әдетін-ғұрпын сүйген.
Елін-жерін, жамағат-жұртын сүйген.
Одан қалған өмірлік мұраларды
Өлтіре алмас, ешкім де, сірә, мәңгі!!!» [3,11].

«Сенемін, досым, өлгенмен өзім,
Ұрпаққа жетіп, өлмейді сөзім!
Ақиқат таңы атады анық,
Осыған менің жетеді көзім!!!» [2,4].
Ғафур Қайырбековтың сөзімен айтар болсақ:
Бәрі бар халық айтқан осы аңызда,
Жақсыға жасық сөзді қосамыз ба? -
Халық бар, халық болса Ахаң да бар,
Әнекей, отыр қазір ортамызда[1,353].

Әдебиеттер тізімі

1. А. Байтұрсынұлы . Шығармалар жинағы. 6-том. Алматы, 2013
2. Х. Мұсабаев «Ақынның соңғы монологы немесе ақын Файзоллаға хаты». «Қазақ» газеті, 2007 ж. №24
3. С.Тұрғынбеков «Ахмет». «Жас өркен» журналы, 2003 ж. №3

Ә.БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Түлегенова Ш.И.

*Гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің оқытушысы, магистр
А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

«Тарихсыз халық тұл» демекші, әр халықтың өзіндік жүріп өткен ұзын-сонар тарихи жолы бар. Бірнеше ғасыр бойы бодандық құрсауында болған еліміз ғасырлар мен мыңжылдықтар тоғысында толассыз азаттық күрестің нәтижесінде ғана Тәуелсіздікке, Егемендікке қол жеткізді. Елім деп еңіреп, жерім деп жанын берген азаматтарымыздың ерлігі ақталды.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы мемлекет қайраткерлерінің ішінен Әлихан Бөкейханның есімін ерекше айтуға болады. Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметі қазақ тарихының сол бір зобалаң, қуғын-сүргін ауыр жағдайында өтті. Ә.Бөкейханов қазақ интеллигенциясының көш басшысы, саяси көсемі, қазақ халқы үшін орасан еңбек етті. Халқының тәуелсіздігі және жарқын болашағы үшін барлық саналы өмірін сарп етті. Қазақ халқының қоғамдық ой-санасын биік белеске көтерген ірі қайраткер. Бар ғұмырын ұлтының болашақ бақыты үшін «Жаным арымның садағасы» деп бел шешіп күрескен ол, сол жолда бойындағы күш-қайраты мен ақыл-ойын, білім-парасатын халқына арнаған ұлы тұлға. Әлихан Бөкейханды саяси іске араласуына халықтың ауыр

тұрмысы мәжбүр етті. Ұлтшыл деген сөз туған халқын жақсы көретін, халқына адал қызмет етуге өмірін арнаған қайраткерлерге берілген баға. Мәселе «ұлтшыл» деген сөзде емес, оған берілген бағада жатыр. Әлихан Бөкейхан мен оның замандастары өмір сүрген кезеңде қазақ қоғамының алдында тұрған өзекті мәселе – ұлттық теңдік, саяси бостандық болды.

Бүгінде Қазақстан әлемдік өркениетке егеменді ел, мемлекет ретінде танылып отыр. Мемлекеттің осындай дәрежеге жетуіне, әрине, Әлихан Бөкейханның қосқан үлесі қомақты екені даусыз.

Әлихан – төрткүл дүниені дүр сілкіндіріп өткен Шыңғыс ханның 23-ші ұрпағы - Төре тұқымынан бола тұра, Қасым хан, Абылай хан, Бөкей хан, Кенесары сынды халқы ақ киізге көтеріп, хан тағына отырған емес.

«Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!» - деп ертеден-ақ халқы алдында серт беріп, сол сертінде ақырғы демі біткенше адал болып өтті. Бірақ өзінің шыққан тегін мақтан тұтты, шыққан тегінің абырой-намысын көзінің қарашығындай қорғады және атақты хан сұлтандардың тікелей ұрпағы екенін сезініп, халқына кіршіксіз де шексіз қызмет етуді, Алашына қамқор болуды өзінің өтпес-өтелмес борышы, ер-азаматтық парызы санады.

1989 жылғы 14 мамырда КСРО Жоғарғы Сотының қаулысымен Әлихан Бөкейханов қайта ақталғаннан бері, ғалымның қазақтың тарихына, экономикасына, тілі мен әдебиетіне арналған [1, 50] т.б. еңбектері өз алдына жеке сараланып зерттеу нысаналарына айналууда. 2015 жылы Ә.Бөкейхановтың 150 жылдығына орай жаңа, тың деректермен өмірі, шығармашылығы, еңбектері жайлы он томдық кітабы шықты.

Ә. Бөкейханның ХХ ғасырдың басындағы қазақ фольклортану ғылымына қатысты жазылған 10 шақты еңбегі бар. Олардың бірі – табиғат құбылысы, жыл мезгілдері туралы космологиялық түсініктер мен жыл басы – наурыз айы туралы жазылған «Жаңа жыл», «Қара Қыпшақ Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» атты мақалалары жарыққа шықты. Белгілі зерттеуші А. Байтұрсынұлының жинап, өңдеп бастырған «Ер Сайын» мен «23 жоқтау» кітаптарын саралап, алғысөзін жазған. Жер, планета, ай, күн т.б. табиғат құбылыстары жайлы жазылған «Асторномия оқулығы» жайлы жазған еңбегі т.б. бұлардың бәрі дерлік Ә. Бөкейханұлының «Қыр баласы» деген бүркеншік атымен жарияланған.

Ә.Бөкейхан сан-алуан бүркеніш есімін пайдаланды. Олардың ішінде ең белгілі дегендері: «А.Б.», «Қыр баласы» - «Сын степей», «V», «Туземец», «Түрік баласы», «Арыс ұлы», «Ал.Кочевник». Көпшілікке белгісіз және әрине беймәлім есімдері олардан әлдеқайда көп. Мақала-очерктерін 30-дан астам бүркеніш есіммен жариялаған. Олардың көпшілігін орыс тілінде пайдаланды.

Сондай-ақ қазақтар арасында «ақ боз ат», «жеті қарақшы» туралы айтылған түрлі аңыздарды моңғолдың Шыңғыс хан төңірегінде өрістеген үлгілерімен салыстыра отырып, түбі бір төркіндіктің, ұқсастықтың т.б. бар екеніне дұрыс назар аудартады: « ... Осы «ақ боз ат», «жеті қарақшы» туралы айтылған сөздерді күншығыста неше жүрт неше түрге салып сөйлеп жүр. Бұрынғы уақытта адам баласы аспандағы жұлдызға, күнге, айға табынған. Тегі қазақтың «жеті қарақшы», «ақ боз ат» деген сөздері бұрынғыдан қалған ертедегі сөз ғой. Жылда құрбанға шалып тауыспайтын тәңірі Шыңғыстың «ақ боз» атының ертегісі мен қазақ ертегісі бір тұқымдас ғой», - деуінен [2, 179 б.], Ә. Бөкейханның фольклорлық мәтіндерді зерттеу әдістерінің бірі – тарихилық зерттеу әдісімен де таныс болғандығы анықталады.

1914 жылы Қазанда «Үміт» баспасынан «Қара Қыпшақ Қобыланды батыр» жыры басылым көргені. Міне, осы шыққан кітапқа Ә. Бөкейхан «Қазақ» газеті бетінде арнайы сын-мақала арнайды. Сонымен бірге 1914 жылы Троицк қаласы баспасынан «Қара Қыпшақ Қобыланды» жырының енді бір нұсқасы жарық көреді [3, 181].

Ә. Бөкейхановтың «Қара Қыпшақ Қобыланды» сын-мақаласы іштей 7 бөлімнен тұрады да, басы Абай Құнанбаевтың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңіне көңіл бөлумен басталады. Міне, осы үзіндіден біз Ә.Бөкейханның фольклорды сөз өнері деп қарастырғанын сараптаймыз. Еңбектің басы, бірінші бөлімі сәл мазмұндау үлгісінде бастау

алады да, жырдағы Көклан кемпір, Қобыланды, Қараман, Көбікті бейнелері т.б. қысқаша талдауға түседі.

Бұлардан бөлек Ә. Бөкейхан 1923 жылы «Темірқазық» журналының №1 санында ғалым Ә. Диваевтың 1922 жылы жарық көрген «Бекет батыр», «Мырза Едіге» жырларын қысқаша талдап кетеді. Бұл эпостық жырларда сөз болатын оқиғаны, бейнелерді қазақтың белгілі бір тарихи кезеңімен байланыстыра, салыстыра қарастырады. Сөйтіп олардың тарихта болғандығын дәлелдейді. Және де бұларды мектепте балалар оқитын кітаптардың қатарына жатқызады.

Жалпы, ең алғашқы шағын әңгімелерінде Әлихан қазақ қоғамының кертартпа күштері болып келген «шынжыр балақ, шұбар төс» бай-болыстардың бейнесін нақыштап сомдай білген. Мысалы, «Ықтиятты болыс» әңгімесінде мұңын айтуға келген кедейді болыстың қалай қабылдаған сәтін Әлихан ащы сарказммен былайша суреттейді: «...арызқор кедей бағанадан босағада отыр еді, арыз айтатын уақыт болды ғой деп сорлы қуанып, еңбектеп төрге таман жылжыды. Болысқа жақындап, төмен қарап болыстың бетіне тік қарауға бата алмай, арызын айта бастады. Айтып отырғанда аз уақыттан соң... кедей басын көтеріп маңайына қаранып, бір іске қайран қалыпты: қараса, алдындағы болысы ұйықтап жатыр дейді»[4, 72]. Міне, осындай мақалалары арқылы сол кездегі болыстардың халқына қарайламай, өздерінің жеке бастарының жағдайларын ғана ойлаған билік өкілдерін осылай көрсетеді.

Әлихан Бөкейханның сонымен қатар аударма саласына қосқан үлесі зор деп айтуға болар еді. Ол орыс және басқа да ұлт ақындарының әңгімелерін қазақ тіліне аударып өткен. Мысалыға айтып кетсек: Л.Н. Толстойдан «Жұмыртқадай бидай», А.П.Чеховтан «Хамелеон», Ги де Мопассоннан «Симонның әкесі», «Жарасын алдырған ана», Короленкодан «От», Мамин Сібіректен «Қара ханым» және де Ескі қырым сөзі мен Маркестен «Пайғамбарға хат», «Ешкі тау», «Құрбан қия», «Сұлтан Сәли», «Азамат Юсуф», «Герейдің ажалы» деген сияқты әңгімелерге тәржіма жасаған.

Әлихан Бөкейханның артына қалдырған шығармашылық мұрасының үлкен саласы – орыс тілінде жазылған монографиялық, энциклопедиялық сипаттағы ғылыми еңбектері. Бұлардың өз кезінде ең елеулі баспаларда жариялануы авторға деген сол тұстағы ілтипат, құрметті ғана емес, туындылардың сапасын көрсетсе керек. Ғалымның негізгі басты еңбектері қазақ халқының тарихына, экономикасына, мәдениетіне, шаруашылық жүргізу тәсілдеріне, ру-тайпалар шежіресіне, тұрмыс-салтына, қазақ жерлерінің отарлану тағдырына арналған.

Бүкіл саналы өмірін халқына, халқының азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхан барлық қажыр-қайратын, білім, дарын-талантын патша өкіметі кезіндегі қыспақ-қанау, отаршылдық-зорлық кезінде қалам күшімен жазылған еңбектерінде қалың қазақтың өз ішіндегі алауыздық, жалқаулық, өтірік, ұрлық, шаруаға қырсыздық тақылеттес кесапаттарды мінеп сынай отырып, ел тағдыры үшін ең басты нәрсе, негізгі байлық, тіршілік көзі –жерге иелену екенін терең сезініп, осы бағытта жұмыс жасайды, ғылыми зерттеулер, мақалалар жазады.

Өзінің ғұмырында «Иртышъ», «Омичъ» және «Голось степи» газеттеріне редактор болса, қазақ тіліндегі тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырды. Төңкерістен кейін қазақ тіліндегі «Темірқазық» және «Шолпан» журналдарын шығарып, 1925 жылдан бері шыға бастаған «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» және «Сәуле» журналдарын ашуға мұрындық болды. Әлихан Бөкейханның қоғамдық істерге араласуы Омбы қаласында шығатын бірнеше газеттерде мақала жазулардан басталды. Нақтырақ айтсақ 23 жастағы бір жылдың ішінде жиырмаға жуық мақаласы жарық көрген. Намысшыл Әлиханның жазған әр мақаласы елдің, жердің мәселелері болды. «Қазақ» газетінің өзінде 300 жуық мақаласы жарық көрген.

Ә.Бөкейханов өзінің бар ғұмырын халқына арнаған. Ол елдің болашағы үшін өмірдің тауқыметін бастан өткізді. Ұлт жанашырының ұғымды ойлары, қажырлы еңбегі қазақ тарихының қымбат қазынасы.

Қазақ тарихында ойып тұрып орын алатын ұлы тұлғаның есімін кейінгі ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз. Оның «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт өзінің тарихын ұмытқан ел – қайда тұрып, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатындығына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады», - деген. Өзіміздің тарихымызды жоғалтпай, тілімізді дәріптеу арқылы ғана «қазақ» болып қаламыз.

Міне, бүгінде Тәуелсіз ел болып, көк туымыз желбіреп, ашық аспан астында бақытты ғұмыр кешудеміз. Осы Тәуелсіздікті аңсаған азаматтарымыздың арманы орындалды. Ұлт зиялыларының халқы үшін салған ұлы жолдарын, игі істерін қастерлеп бағалайық.

Әдебиеттер тізімі

1. Әшкеева Н. Әлихан Бөкейхановтың ұлттық мемлекет құруда ұстанған негізгі принциптері. // Ақиқат. № 3. – 2002ж.
2. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. 2-кітап. Алматы: «Өлке» баспасы, 2003 ж. 224 бет.
3. Айқап (Құраст. Ү. Сүбханбердина, С. Дәуітов). – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1995. –Б. 352.
4. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан. Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2009, - 564 бет I том
Бөкейхан Ә. Таңдамалы (даярлаған С.Аққұлыұлы). Алматы, 1995.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры» атты ғылыми жоба аясында дайындалды

ЯЗЫК ВСЕГДА ДЛЯ ЧЕЛОВЕКА ВЕРНЫЙ ПРОВОДНИК

Шаматова Б.А ст. преподаватель центра языковой подготовки

Говоров Георгий студент I курса

Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

*Язык является янтарем, в котором тысячи драгоценных и тонких мыслей были благополучно выражены и сохранены.
Ричард Тренч*

Родной язык – это неотъемлемая часть любого человека. Благодаря языку мы имеем радости общения доставляющие нам огромное количество незабываемых моментов. Первое слово ребёнка, которое с таким нетерпением ждут родители, первые слова о любви, с трепетом и волнением произносимые юношей, первые слова о накопленной мудрости, которые произнесёт уже полноценный член нашего общества – всё это нам даёт наш родной язык. Благодаря языку новый человек роднится с древними мыслями, появившимися за тысячелетия до его рождения и может обращаться к правнукам, которые будут жить после него. Ведь язык есть самая живая, самая обильная и прочная связь, соединяющая отжившие, живущие и будущие поколения народов в одно великое, историческое, живое целое.

Язык – это дар. Дар, который помогает нам оставаться людьми в порой, крайне жестоком мире. На этот счёт, интересна легенда о Вавилонской башне.

Люди пришли с востока и обосновались в долине Сеннаар. Однажды они сказали друг другу: "...наделаем кирпичей и обожжем огнем. ...построим себе город и башню, высотой до небес, и сделаем себе имя, прежде нежели рассеемся по лицу всей земли". Было изготовлено множество кирпичей из обожженной глины и началось строительство печально известной башни, названной впоследствии Вавилонской. Согласно некоторым преданиям, башню удалось выстроить на значительную высоту. Однако этим планам не суждено было осуществиться. Когда Господь сошел на землю, чтобы «посмотреть город и башню», он с сожалением увидел, что подлинным смыслом этого начинания является высокомерие и

дерзкий вызов Небу. Чтобы спасти людей и не допустить распространения зла в таких масштабах, как это произошло во времена Ноя, Господь нарушил единство людей: строители перестали понимать друг друга, заговорив на разных языках. Город и башня оказались недостроенными, а потомки сыновей Ноя разошлись в разные земли, образовав народы Земли [1].

Каждый народ – это своя неповторимая культура, история, образ жизни, традиции. И, конечно же, язык. Сберечь его очень важная задача. К сожалению, мы живем в такое время, когда не ценят родной язык, родное слово. Ведь только тот человек способен учить другие языки, кто знает в совершенстве свой родной язык, читает и интересуется культурой своего родного народа, любит и гордится своим родным языком. Именно с его помощью люди способны выразить красочно и ярко все свои мысли, переживания, эмоции, превращая их в песни, стихотворения или прозу. Это и составляет основу культурного наследия нации, которую желают познать многие другие народы. У кого есть родной язык – есть свое национальное лицо, есть свое «Я», уважение к себе.

Говоря о языке, очень сложно обойти главный праздник, посвященный этому восьмому чуду света. Международный день родного языка – 21 февраля! Эта дата была выбрана в знак памяти событий 21 февраля 1952 года, когда в Дакке, столице нынешней Бангладеш, от пуль полицейских погибли студенты – участники демонстрации в защиту своего родного языка бенгали, который они требовали признать одним из государственных языков страны. Этот день отмечается с целью сохранения и развития исчезающих языков, поощрения лингвистического многообразия и многоязычного образования, а также повышения осведомленности о языковых и культурных традициях. Международный день родного языка, провозглашенный Генеральной конференцией ЮНЕСКО в ноябре 1999 года, отмечается каждый год с февраля 2000 года.

Согласно данным ЮНЕСКО, около шести тысяч языков в мире находятся на грани исчезновения, поэтому если не принимать эту проблему всерьез, мир потеряет последних носителей уникальных языков и диалектов. К порыву ЮНЕСКО присоединилась ООН, объявив 2008 год – годом языка, а 2010 год прошел под девизом сближения культур. Несмотря на то, что ООН и ЮНЕСКО являются международными, глобальными организациями, все их действия по отношению к культуре, в том числе и языку, направлены на сохранение уникальности того или иного народа. Международный день родного языка при всем своем глобальном смысле, имеет камерное, важное значение именно для отдельно взятых народов и территорий. Вписывая их в большую международную семью, глобальные организации при этом стремятся обособить роль каждого члена семьи. Вот что говорит об этом празднике генеральный директор ЮНЕСКО Коитиро Мацуура: «Отмечая Международный день родного языка... мы отдаем дань уважения несметному числу существующих в мире языков, культурам, которые они отражают, тому творческому заряду, который придают людям их развитие и формы выражения. В Международный день родного языка все языки признаются равными, поскольку каждый из них уникальным образом отвечает предназначению «человека» и каждый представляет живое наследие, которое нам следует оберегать».

Признание и уважение всех языков является ключом к сохранению мира. Знакомство с людьми, говорящими на других языках, дает возможность узнать о наших различиях, способно рассеять страхи перед миром, порождающие национальную рознь. Сделать мышление более свободным. Если мы говорим лишь на одном языке, часть нашего мозга развивается меньше, наши творческие способности многое теряют. Существует около 300 слов, которые во всех языках имеют точно такой же смысл: я, ты, мы, кто, что, нет, все, один, два, большой, длинный, маленький, женщина, мужчина, есть, видеть, слышать, солнце и т.п. Но если мы возьмем другие слова, например, слово терпение по-китайски (жень), то оно также обозначает терпимость, терпеливость..., если по-французски *je t'aime* (я тебя люблю) можно сказать подруге, ребенку, возлюбленному, то это немислимо для других языков,

например, для английского или итальянского в которых существуют разные слова для обозначения понятия «любить».

Один пример. В Индии около 1600 языков и диалектов, ситуация очень сложная. Конституция гарантирует всем гражданам право «сохранить» их языки, и все этнические и религиозные меньшинства имеют право на управление в учебных учреждениях. На деле же существует языковая иерархия. Малые языки могут исчезнуть, будучи замененными английским, который воспринимается как нейтральный язык, символ современности и хорошего социального положения [2].

Казахстан – международный банк языка. Именно в нашей стране в согласии живут более 130 народов нашей планеты. Их предки в силу самых разнообразных обстоятельств оказались на нашей земле. Все они, разговаривая на казахском языке, находили путь к сердцам тех, кто принял их и делился последним куском хлеба. «Знать язык – постичь душу народа» – так говорил знаток казахского, русского и немецкого языков, публицист, писатель Герольд Карлович Бельгер. Герольд Карлович сделал многое для развития и популяризации казахского языка. Все казахи уважительно называли этого прекрасного человека Гер-ага. Он был истинным патриотом нашей страны, настоящим знатоком казахского языка и литературы. Сегодня труды писателя служат для многих казахстанцев источником вдохновения, в них глубокая любовь к казахскому слову. Изучая язык, постигаешь не только душу, но и культуру, менталитет, традиции народа. Я хотел бы привести слова Нельсона Манделы: «Если ты говоришь с человеком на том языке, который он понимает, – ты разговариваешь с его головой. Если ты говоришь с человеком на его родном языке – ты говоришь с его сердцем» [4].

Важным элементом политической системы Казахстана, скрепившим интересы всех этносов, обеспечивающим неукоснительное соблюдение прав и свобод граждан независимо от их национальной принадлежности стала уникальная организация Ассамблея народов Казахстана, созданная 1 марта 1995 года по инициативе Президента страны Н.А. Назарбаева.

В республике работает 26 национальных культурных центров. Каждый центр своей первоочередной задачей считает сохранить, а иногда и возродить родной язык как неотъемлемую часть духовной жизни своего народа.

Особое место в сфере этнокультурных взаимоотношений в Республике Казахстан отведено поддержке развития информационно-коммуникационных ресурсов этнокультурных объединений. На информационном поле активно работают более 35 этнических газет и журналов. Наиболее крупных 6 этнических республиканских газет работают при государственной поддержке. Газеты и журналы выпускаются на 11-ти национальных языках, радиопередачи - на 8-ми, а телепередачи на 7-ми языках [3].

В Республике Казахстан регулярно проводятся международные научно-практические конференции по проблемам языков народов Казахстана и фестивали национальной книги.

22 сентября в нашей стране отмечается праздник – День языков народов Республики Казахстан. Именно сегодня так актуальны праздники, мероприятия, посвященные родному языку. Празднование дня языков в нашем государстве приобретает особый смысл.

Во-первых, это повод обратить внимание юных читателей на язык как уникальное средство общения, как только присущее богатство, являющееся и инструментом развития мышления, и хранителем памяти народа, и средством его интеллектуального бытия.

Во-вторых, праздник, на котором звучат различные языки – это чудесный урок толерантности: мы разные, и от этого становимся только богаче!

В-третьих, это прекрасная возможность вспомнить свои корни, а для кого-то и впервые задуматься над вопросом «Кто я есть?»

В-четвертых, это возможность узнать новое о себе, о людях живущих рядом, полюбить то, на что не обращал внимания, развеять предрассудки, а самое главное внушить юному гражданину Казахстана гордость за свою страну, за принадлежность к могучему разноликому сообществу мирно живущих бок о бок людей, умеющих уважать друг друга и внушающих уважение к себе. [5]

Как подчеркнула Маргарет Тетчер: «Пессимисты, думали, что этническое... многообразие Вашей страны ослабит Казахстан. Однако все вышло наоборот ВЫ СЛУЖИТЕ ПРИМЕРОМ ДЛЯ ДРУГИХ».

Мы доказали, что язык – мощное оружие в руках человека. Но для этого, чтобы оно верно служило, надо умело с ним обращаться.

«Берегите наш язык ... это клад, это достояние. Обращайтесь почтительно с этим могущественным орудием, в руках умелых оно в состоянии совершать чудеса Берегите чистоту языка, как святыню!» - призывал великий русский писатель И.С. Тургенев. [5]

И, я надеюсь, что наш президент продолжит свою, безусловно, мудрую языковую, культурную и национальную политику, которая ведёт к процветанию нашей общей, необъятной, великой Родины – Республики Казахстан!

Библиографический список

1. <http://objective-news.ru/2010-02-24-14-56-52/vavilonskaya-bashnya.html>
2. http://www.supertosty.ru/pozdravleniya/prochie_prazdniki/mezhdunarodnyy_den_rodnoyo_yazyka/
3. <http://assembly.kz/ru/deyatelnost-assamblei-naroda-kazahastana>
4. А.Шауев. Час пик. «В изучении языка главное – не стесняться». Еженедельная общественно-политическая газета. № 8 2016 – 22 стр.
5. Язык есть исповедь народа. Методическое пособие. Алматы. ГРДБ им. С.Бегалина. 2006.
6. М.Пархоменко. Язык – богатство народа. (22 сентября – день языков народов Казахстана) // Казахстанская правда. 2000 – 1,3 стр.

ӘЛИХАН МЕН ЕЛДЕСТІҢ КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ТУРАЛЫ

Ақылбек Шаяхмет,

*Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

Ұлттық намыс кімде бар және кімде жоқ деген сауалға жауап іздесек, ол бұрын да болған, қазір де бар. Бірақ, көп адамда мүлде жоқ екені де өтірік емес.

Ұлттық намыс бар!

Ол Қобыланды мен Алпамыс бас болған қазақ батырларында болды.

Ол Керей мен Жәнібектен бастап Абылай мен Кенесарыға дейінгі қазақ хандарында болды.

Ол Абай мен Ыбырай секілді қазақ ақындары мен ғалымдарында болды.

Ол Мұстафа Шоқай, Әлихан мен Ахмет бастаған, Міржақып, Елдес, Мағжандар қолтаған Алаш арыстарында болды

Ол соғыс жылдарында Бауыржан мен Баубекте, Әлия мен Мәншүкте болды

Ол желтоқсанда бұрымдары қырқылған қазақ қыздарында, оларды қызғыштай қорғаған қазақ жігіттерінде болды.

Бүгінгі әңгіме ұлттық намысты ту қылып көтерген Алаш ардақтылары туралы.

Ұлт көсемі атанған Әлихан Бөкейханның Қобыланды батыр туралы жазған немесе қазақтың ұлы ақыны Абай туралы жазған мақалаларына зер салсақ, ұлт көсемі қазақ батыры мен қазақ ақынын үлгі тұтқанын байқаймыз. Абай өмірі туралы жазған мақаласында: «Бозбалалық жасына қарамастан Абай сол кездегі қайраткерлердің арасынан көрнекті орын алып, бидің заманының өткеніне қарамастан, оны ел-жұрт би етіп сайлады. Жиырма жасқа жеткенде Абай от тілді шешен, халық өмірі мен әдет-салтын, қазақ даласындағы атақты билердің әр істі шешкендегі төреліктерін жақсы білетін ділмар атанады. Өзінің білуге құштарлығы мен зерделілігі арқасында, қазақтың ғұламаларының халық аузындағы сөздерін, мақалдарын, ертегілері мен нақылдарын меңгереді. Абай билердің шартты түрде сайланбай, талантымен бағаланатын ескі заңы кезінде өмір сүрсе, артистер мен жазушылардың даңқы сияқты атақты би атанар еді», - деген жүрекжарды пікірін білдіреді.

Алаш ардақтысы Елдес Омарұлы Әлихан мен Ахметті қазақ ұлтының көсемдері деп таныса, олар да Елдес десе ішкен асын жерге қоятын. Елдес «Пішіндеме» мен «Кескіндеме» жарық көргеннен кейін ең алғашқы бағаны да олардың аузынан естіген. «Геометрия мен тригонометрияны тәржімалауға болады деген үш ұйықтасақ ойымызға келмепті, сен қазақ ұғымына сай балама тапқан екенің», – деп екеуі бірдей балаша мәз болып, арқасынан қаққан. Сондықтан да Елдес математиканы қазақшалау барысында тағы да арқа тұтар екі ағасын алға салып, ақылдасып алуды жөн көрген. Біреуіне арнайы хат жазып, ақыл қосуын сұраса, екіншісімен көзбе-көз кездесіп, пікірлескен. Ақаң Елдестің теореманы түйін, биссектрисаны жарма, радиусты өре, хорданы керме, параллелограмды киықша, пропорционалды құрылымдас, катетті қары, фигураны пішін, трапецияны қостабан деп алуын қуана құптаған болатын. Сол жолы Ақаң Елдеске Әлиханның өзіне жазған хатын көрсетіп, «жалпы, ғылымның түрлі саласында жаңа сөздер жасауда өзіңнен асқан ешкім жоқ болып тұр, Елдес!» – деп арқасынан қағады.

Жазушы Бейбіт Сапаралы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Арыстар өмірінің асыл үзігі» деген мақаласында (20 мамыр, 1997 жыл): «1934-1937 жылдар аралығында Алматыда Қазақтың Ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институты (КНИИНК) жұмыс істеп, әдебиет пен фольклор, тіл, тарих, сурет сызу мәселелері бойынша қомақты-қомақты еңбектер тындырғаны белгілі. Тап осы ғылыми-зерттеу ордасы аясында Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы ауқымды арнада келісім-шарт бойынша жұмыс істегенін институттың сақталып қалған (көрнекті ғалым, тіл маманы – түрколог Сәрсен Аманжоловтың жеке архивінен табылған болатын – Б. С.) ресми кіріс-шығыс қағазы арқылы анықталған болса, жаңадан табылған Әлихан ақсақал хатының мазмұны сол деректерді үсті-үстіне айғақтап, бекітіп беріп тұр», – дейді.

Әлихан болса Ахмет Байтұрсыновқа жазған хатында: «Елдес жолдастың физикасына сын жазайын десем, газетке үлкен, журналға жоқ болып, дел-сал болып тұрмын. Елдесім жақсы жігіт. Бұрын да жақсы еді. Енді онан да сүйікті болып кетті. Бір күні Шәңгерей маған: «Мен сені жақсы көрем. Білесің бе?» – деді. Мен: «Жоқ!» – дедім, Шәңгерей: «Сен шын қазақсың ба? Сені қазақ деп жақсы көрем!» – деді. Физиканы оқып қарасам, Елдесім де қазақ екен», – деп жазыпты.

Елдес өзін нағыз қазақ деп есептеген Әлекеңмен кейін сырлас досындай болып кетеді. Әлихан қатты қысылып жүргенде де елге келіп, демалып қайтуға шақырады. Ресей жеріндегі қазақ ауылдарына апарып, бие байлатып, өнерпаз бір-екі жігіт тауып, ойын-сауық ұйымдастырады. Әлихан Елдеске ай сайын болмағанымен, ара-тұра хат жазып, хабарласып отыруды дағдыға айналдырады. Оның Мәскеуден 1934 жылдың он жетінші қазанында, қоңыр күзде жолдаған хатын Елдес арада бір ай өткенде барып алады. Бұл жолы Әлекең хатын «Шырақ Елдесім!» – деп бастап, Ахмет екеуінен төленгіт сөзінің тегін сұрайды. Одан кейін қазақтың ескі сөзінен Ізбасты би мен Досбол бидің бір-екі сөзін жолдап, қазақ әдебиетін зерттеушілерге тапсыруын өтінеді. Елдес кезінде Қостанай облысы аумағында орналасқан төлеңгіттер ауылында да болған. Қайың-қарағай арасында орналасқан бұл ауыл өзі туып-өскен мекеннен онша қашық емес-тұғын. Ауыл адамдарының көпшілігі өздерін төлеңгітбіз десетін. Түбін қаза бастасаң, қазақтың үш жүзінен де өкілі бар, кейі керей, кейбірі қыпшақ, тіпті қалмағы, орысы, башқұрты да бар құрама ел болып келетін. Сондықтан да Әлиханның төлеңгіт сөзінің түпкі мағынасы «төреңді күт емес пе екен?» дегені шындыққа саятын. Осы маңайда ат төбеліндей төрелер де бар. Жер төбесіз, ел төресіз болмайды дегенде, сол төрелердің күтушілері де болған. Негізінде солар төлеңгіт атанып кеткен болуы керек.

Ғалым Біләл Аспандияровта кезінде қазақ даласындағы батыр, билер, және ақсақалдар роліне шолу жасаған. Төлеңгіттер мен қоңсылардың қазақ қоғамында немен айналысқанын сөз еткен. Біләл Аспандияровтың төлеңгіт сөзінің «төреңді күт» сөзінен шығуы туралы орыс зерттеушілерінің сөзіне сілтеме жасауы Елдес Омарұлының Әлихан Бөкейханға жазған жауабымен сәйкес келеді. Автор төлеңгіттердің құл емес, еркін адамдар болғанын, яғни, азаматтық құқы болғанын тайға таңба басқандай дәлелдейді. Сондай-ақ қоңсы сөзінің қоңсы

кону, яғни, қазақтар арасына сырттан көшіп келгендер ұғымын білдіретініне нақты мысалдар келтіреді. Мәселен, қазақ арасында осындай қоңсы болған түркімендер, қарақалпақтар, қырғыздар, басқа ұлт өкілдері де аз болмаған.

Жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбаев «Жұлдыз» журналында (№1,2010 жыл) жарық көрген «Ұраным – Алаш» атты эссесінде тергеуші Логачевтің Елдестен алған жауабын келтіреді. Осы еңбегінде: «Алашорда» көсемдерінің арасындағы «сүйкімді сері» атанған Елдес Омаровтың еріксіз жазылған жоғарыдағы «естелігі» Әлиханның көзқарасы мен жан дүниесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді... «Өзінің шыққан әлеуметтік-таптық тегіне қарамастан, қазақ халқының барлық түгін иесі өз жерін емін-еркін пайдалануы тиіс» деген талаптың түпкі астарында: қазақ жері – қазақтардың ұлттық байлығы деген үлкен мағына бар еді» – деп жазады.

Елдес өз жауабында: «Ал ауылдағы таптық жіктеуге келсек, оны мен – Омаров, қазақ халқының көпшілік бөлігі – байларға байлаулы болғандықтан да, онымен ашық күресе алмайды, байдың ықпалындағы кедей өзінің үкімін ауқаттыларға қарсы жүргізе алмады деп ойладық» – деген түсініктеме берген.

Елдес Әлиханнның алғаш рет Қызылордаға жер бөлісіне қатысты мәселе бойынша келгенін, бірақ, ол кісінің жанында көп жүрмегенін, оны тамыз айында Златоуст округіне қарасты Бозан хуторына дем алып қайтуға шақырғанын айтады. «Өйткені сол жерде отыздан астам қазақ тұрушы еді, оларды мен ертеден білетінмін. Әлихан Бөкейхановты Мәскеудегі ГПУ тергеуіне байланысты Қазақстан жеріне кіргізуге болмайды деген хабарды мен естіген болатынмын, сондықтан сол ауылға шақырғаным рас» - дейді. Әлихан Бөкейханов секілді Елдес Омарұлы да Қазақстанда басы артық жер көп, сондықтан оны келімсектерге бөліп беру керек деген қазақ халқының мүддесіне қарсы бағытталған әрекет деп бағалаған, бұл мәселені қайта-қайта көңісітіп отырған отаршылдар екенін де жасырмаған. Тергеуші Логачев жүргізген тергеу хаттамасына сүйенсек: «Мен қазақ халқының өмір сүру тәсіліне байланысты жерді пайдалануға таптық принцип тұрғысынан қарауды мүлдем қисынсыз деп есептеймін. Өзінің шыққан әлеуметтік-таптық тегіне қарамастан, қазақ халқының барлық түгін иесі өз жерін емін-еркін пайдалануы тиіс. Әрине, жер ең алдымен кедейлерге бөлініп берілуі керек дегенді қостаймын. Кедейлерге жер бөлініп берілген соң солармен тең дәрежеде және бірдей мөлшерде бай қазақтарды да жермен қамтамсыз ету қажет. Жерді түгін санына қарап емес, жан басына қарай бөліп берсе, әділ болар еді деп ойлаймын.» - деп кесіп айтқан.

Тергеушіге берген жауабында Е.Омарұлы: «1927 жылдың июнь айының соңында мен – Омаров, Ташкенттен Қызылордаға кетіп бара жатқан Эльза Адамовна арқылы Міржақып Дулатовқа хат беріп жібердім, онда мен: «математикалық формулалардың белгіленуі жөніндегі мәселе туралы Ахмет Байтұрсыновпен сөйлесіп бер»-деп өтініш еттім. Ол хатты Эльза Адамовна өз қолымен табыс етті ме, жоқ па, оны анық білмеймін. Әйтеуір, Дулатовтың хатты алғаны рас. Байтұрсыновты мен кейін вокзалда кездестірдім. Мен келген пойызбен ол Кавказға демалуға кетіп бара жатыр екен. Байтұрсыновпен мен тек қана математикалық формулалардың аталуы жөнінде ғана сөйлесіп үлгірдім. Бөкейханов Әлихан Мәскеудегі шығыс халықтарының орталық баспасында істейді, қандай қызметте екенін нақты айта алмаймын. 1927 жылдың тамыз айына дейін онымен бірге Мәскеу қаласында өзінің қызы, бұрынғы оқу комиссары Смағұл Сәдуақасовтың әйелі Елизавета Әлиханқызы бірге тұрды. Қызы қазір дәрігерлік факультетті бітіргеннен кейін күйеуі Сәдуақасовтың тұрақты жұмыс орны орналасқан Ташкент қаласында тұрады. Ол кеткеннен соң Бөкейханов Әлиханнның жағдайы болыңқырамай, әсіресе, ас әзірлеу жағынан күйзеліңкіреп кетті. Мен – Омаров, өзімнің Қызылордадағы таныстарым арқылы оның ішінде жер жөніндегі комиссар Сұлтанбеков, Халел Ғаббасов, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Нұрмақов пен оқу-ағарту комиссары Тоқтыбаев арқылы Бөкейхановты Қызылорда қаласына ауыстырып алып, жер жөніндегі комиссариатқа, не мемлекеттік жоспарлау мекемесіне, немесе Қазақстанның есептеу орталығы басқармасына тұрақты қызметке орналастыруды ойластырдым. Менің тұтқынға алынуыма байланысты, оқу-ағарту комиссары Тоқтыбаевтан басқа жоғарыдағы

аты аталғандардың ешқайсысымен сөйлесудің реті келмеді. Соңғы адаммен осы жылдың қазан айында Қостанайдан Ташкентке қайтып бара жатқан жолымда жолықтым. Тоқтыбаев Бөкейхановтың Қызылордаға ауысуына көмектесуге уәде берді. Менің айтарым, бұл жөнінде мен –Омаров, Бөкейхановпен арнайы сөйлескенім жоқ. Сондықтан оның қандай пікірде екенін білмеймін» - дейді.

Осы айтылған формулалар кейін Елдеске пәле болып жабысады. Оны тергеуші әлдебір құпия жазу (шифр) деп түсінген. Орынборда 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында өткен жалпықазақсиезинұйымдастырушылар - Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, Е. Омарұлы, С. Досжанов, М. Дулатовтар екені де белгілі. Сиезг Самарқанд облысымен Алтай губерниясы атынан - 58 өкіл, әртүрліқазақұйымдарынан - 8 өкіл, арнайышақырумен - 15 адам, барлығы - 81 адам қатысқан. Басты баяндаманы Ә. Бөкейхан жасаған. Осы баяндама бойынша қаулы қабылданып, Қазақ автономиясы, Алаш милициясы құрылады.

«Қазақ халқына» деп аталған–Алаш ардақтылары бірігіп жазған хатқа Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жанұзақ Жәнібеков, Міржақып Дулатов, Сейдәзім Кәдірбаев, Елдес Омарұлы, Есен Тұрмұхамедов, Нысаналы Бегімбетов 1917 ж. 24 маусымында қолдарын қойған. (Хат мәтіні ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі шығарған «Алаш қозғалысы» Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. –желтоқсан 1917 ж. I том. (Алматы: «Алаш», 2004.-Т.1.) кітабында).

Әлихан мен Елдестің көзқарасы бірдей, ойлары ұқсас дегенде, олардың екі тілді бірдей меңгергені де қайран қалдырады. Олардың екеуі де шығармаларының біразын орыс тілінде жазған. Жер, ел, тіл, дін мәселесінде айтқан сөздері бір арнадан табылған.

Әлихан Абай мен Шәкәрім еңбектері туралы пікір айтса, Елдес САГУ-дің Шығыс факультетінде оқытушы болып қызмет атқарып жүргенінде Мұхтар Әуезовтың «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабына «ОТЗЫВ о научных работах М. О. Ауэзова («История казахской литературы», редактирование полного собрания сочинений Абая с критическим очерком и др.) деп аталған пікірін жазады.

1924 жылы маусымның 12-18 күндері аралығында Қазақ АССР-інің сол кездегі астанасы Орынбор қаласында қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі өткенде де Әлиханмен Елдес қоян-қолтық араласып, қатар жүрген,

Әлихан Бөкейханның тарих саласындағы елеулі мұрасы–«Исторические судьбы Киргизского края ик ультурные егоуспехи», «Киргизы» атты монографиялары болса, Елдес Омарұлы «Қазақ тарихы» атты әйгілі зерттеудің авторы.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, Әлихан мен Елдестің қарым-қатынасы ұлттық намысқа, ұлттық патриотизмге негізделген. Олардың екеуі де ұлт қамқоршысы, ұлт жоқшысы, ұлт жанашыры. Сол айқын мақсат жолында жанын қиған Алаш ардақтылары.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Бөкейханов. Таңдамалы... Нұрғалиер Р. Алматы: «Қазақэнциклопедиясы», 1995 .
2. Тұрсын Жұртбаев. «Ұраным – Алаш». Эссе.«Жұлдыз» журналы (№1,2010 жыл)
3. Бейбіт Сапаралы. «Арыстар өмірінің асыл үзігі». («Егемен Қазақстан» газеті, 20 мамыр,1997 жыл)
4. «Алаш қозғалысы». Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. I том. (ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. Алматы: «Алаш», 2004.-Т.1.)
5. Е.Омаров. «ОТЗЫВ о научных работах М. О. Ауэзова («История казахской литературы», редактирование полного собрания сочинений Абая с критическим очерком и др.) «Тайбағар» кітабынан (А Шаяхмет. «Тайбағар» Астана: « Фолиант», 2011 ж).
6. Билял Аспандияров. «Образование Букеевской орды и ее ликвидация». Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2007 ж.
7. Ақылбек Шаяхмет. «Тайбағар» Астана: « Фолиант», 2011 ж.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры» атты ғылыми жоба аясында дайындалды

**III ТАРАУ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ: ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**
**РАЗДЕЛ III АЛИХАН БУКЕЙХАН И КАЗАХСКОЕ ОБЩЕСТВО: ЮРИДИЧЕСКИЕ И
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ**

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫ ЖӘНЕ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

*Аймағамбетұлы Р. БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институтының аға оқытушысы*

Ихсанова А. «Тарих» мамандығының ІУ курс студенті

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы – бұл қазақ халқы үшін оның өмір тарихында терең із қалдырған тарихи оқиғаларға бай кезеңдердің бірі болғандығын тарихтан білеміз. Қазақ халқының зиялы қауымының екінші бір толқыны шыққан кез де дәл осы уақытпен сәйкес келеді. Ал ол қазақ халқы үшін әлеуметтік-экономикалық және саяси жағынан ауыр, қоғамның түсініксіз жақтары көбейген, соған жауап іздеген сындарлы да қиын кезең болды. Оның негізгі ауыртпалығы сол кездегі санаулы ғана ұлттық зиялы қауымның мойына түсті. Ұлттың ұлт болып қалуы таразыға түскен тұста олардың ғылымның барлық салаларымен шұғылдануына тура келді. Олай болмаса уақыт та болмады. Себебі заман лебіне икемделу үшін, өркениетті қоғам құру үшін ұлтты тығырықтан алып шығу керектігін олар түсіне білді.

Қазіргі таңдағы қазақ қоғамындағы маңызды мәселелердің бірі - ұлттық сананы қалыптастыру екендігі баршаға белгілі. Бұл кеш болса да біздің мемлекетімізде ресми түрде қолға алынған тақырып болатын. Бірақ осы мәселенің шешілуі алдымен зиялы қауымның іс-әрекетімен тығыз байланысты екендігін білуіміз керек. Алайда жоғары білімі барлардың барлығын зиялы қауымның қатарына жатқыза беретін болсақ, онда біз бұл ұғымның ішкі мәнін жоғалтып аламыз. Осыған орай: «Ұлт зиялысы дегеніміз - сол өзі шыққан ұлттың бар жақсы қасиетін бойына сіңірген; кісілік парасаты биік; халқының мүддесін жеке бастың мүддесінен жоғары қойып, саналы ғұмырын соған қалтқысыз қызмет етуге арнаған; ұлттық дамудың мүддесін көздейтін әлеуметтік мұраттарды алға шығарып, қолдап, қорғап отыратын; осы жолда кездескен қиындыққа қаймықпай қарсы тұрып, қажет болса мақсатты ісінің жолында күресіп, құрбандыққа бара алатын, рухы биік, ары таза, қайраткер адам» - деп анықтама берген ғалым ағаларымыздың пікірін айтып кеткеніміз жөн сияқты [1; 23 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысында бастау алған ағартушылық ағымның әсерімен сусындаған қазақ зиялы қауымының бір шоғыры XX ғасырдың басында Ресей империясында орын алған әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді байқай отырып, өз ұлтының болашақ тағдырына алаңдай бастады. Бірақ олардың өз халқына жаны ашып, қоғамда болып жатқан өзгерістердің оң және теріс жақтарын ашық айтуына сол кездегі билік өкілдері (патша үкіметі) жол бере қойған жоқ. Алайда ағартушылық ағым өкілдерінің ісі зая кетпей, ол ұлтшылдыққа ұласты. Тоталитарлық жүйенің алғашқы құрбаны болған Жүсіпбек Аймауытұлының «Ұлты үшін құрбан болуға шыдағандық – ұлтшылдықтың осы күнде ең берік ережесі» - деп айтуы да осы кезең болатын [2; 193 б.].

Әр қоғам өз адамын туғызады, себебі адам өзі өмір сүріп отырған ортаның перзенті. «Барлық қоғамдық орта секілді қазақ даласы да ғасырлар беделінде өзінің ұлы ұландарын туғызып отырды, бірақ олар өзінше ерек, далалық табиғатқа тартатын» - деп, кезінде атап өткен қазақтың біртуар ұлы Міржақып Дулатұлы жазғандай жеке тұлғалардың арасында ұлы тұлға дәрежесіне жеткендердің барлығында өзін қоршаған әлеуметтік ортаның әсер ететіндігін дәлелдейтін факторларды тарихтан көптеп келтіруге болады [3; 296 б.].

XX ғасырдың басында басталған бірінші дүниежүзілік соғыс, соның әсерімен болған Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы екі орыс революциясы мен азамат соғысы, бұлардың барлығы сол кездегі Ресей империясының құрамында болған қазақ даласына әсер етпей қоймады. Сол кездегі қазақ зиялы қауым өкілдерін толғандырған

бірден-бір мәселе ұлттың болашақ тағдыры болатын. Ал оны іске асыратын ұлттық саяси партия екендігі белгілі. Осы мәселені шешу жолындағы күрестің басы-қасында «Алаш» партиясының негізін салушы ірі тұлғаларымыздың бірі, өзінің бар ғұмырын ұлт қамына жұмсаған, қоғам қайраткері әрі ғалым Әлихан Бөкейханов тұрды.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1866 жылдың наурыз айының 5-де қазіргі Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы жерінде дүниеге келген. Әкесі – Нұрмұхамед, анасы – Бегім көзі ашық, ой-өрісі кең жандар болған. Ауыл молдасының оқуына риза болмаған қабілетті Әлихан қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепте оқиды. Одан кейінгі білімін ол Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектеп-интернатта жалғастырды. 1886-1890 жылдар аралығында Омбыдағы техникалық училищеде оқып, өзінің алғырлығының арқасында 1890 жылы Санкт-Петербург Орман шаруашылығы институтының «экономика» мамандығына оқуға түседі. Бұл уақыттар жас Әлиханның өмірге деген шынайы көзқарасының, ұлттық болмысы мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу кезеңі болатын. XX ғасырдың басындағы орыс қоғамындағы саяси-әлеуметтік өзгерістер оның қазақ ұлтының болашағына байланысты тұжырымдар жасауына негіз салды.

Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметін зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне сүйенетін болсақ, оның ғылыми, саяси көзқарасының қалыптасуына мынадай жағдайлар әсер еткен. Біріншіден, жас Әлиханның Орман шаруашылығы институтындағы оқыған пәндерінің көмегі, орыс ұстаздарының ықпалы оның өмірінде із қалдырды. Екіншіден, бірінші орыс революциясын көзбен көру, оның қимыл қозғалысына қатысуы оның саяси көзқарасына, халық мүддесін түсінуіне әсер етті деуге болады. Үшіншіден, оның орыс буржуазиясының «Кадет» партиясына мүше болуы да оның болашақта «Алаш» партиясының негізін салуына жол ашты. Төртіншіден, XIX ғасырдағы Шоқан, Ыбырай, Абай шығармалары арқылы қалыптасқан Әлихан Бөкейхановтың бойындағы ағартушылық қасиет елін басқару емес, еліне қызмет етуді бірінші орынға қойған ұлтшылдық қасиетке ұласты. «Ұлтшылдық» деген ұғымды кезінде теріс мағынада түсініп, одан «ат-тонымызды» ала қашып, басқалардың «ұлтшылдығына» кінә артып, айыптап, өзімізге өзіміз қарсы шығып жүргендегі іс-әрекетіміз ақыр соңында ұлтсыздану үрдісіне алып келгендігін кеш ұғып отырған жайымыз бар. Қазіргі таңдағы қазаққа жетпейтіні де осы: қазақты сүю, оған жан ашу, бірін бірі қорғау, қорғаныш болу, сол үшін жан беру.

«Қырағы, қия жазбас, сұңқарым-ай!

Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай!

Үйілген өлексені өрге сүйреп,

Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай!»

Бұл алаш қайраткерлерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлының «Достыма хат» деген Әлиханға арнау өлеңінің басы [4; 25-26 бб.] Осы төрт жол өлең шумақтарынан-ақ Әлихан Бөкейхановтың қазақ халқының тағдырында қандай орын алатындығын байқауға болады. «Қараңғы қазақ көгіне күн болуды» армандаған Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты қалай болғанда да бұқара халықты алға жетелеуші, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосуды көксеген Әлихан Бөкейхановтың тек саясаткер ғана емес, қоғамның, оның ішінде ғылымның іргелі салаларымен шұғылданғандығын енді біліп отырған жайымыз бар. Оның «Қара қыпшақ Қобыланды» жырына, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» поэмасы мен «Түрк, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты шығармасына сын-пікір білдіруі әдебиет пен тарихтан, «Мұсылман сиезі» атты мақаласындағы ойлары тіл саясатынан мол хабары бар екендігін білдірсе керек. 1904 жылы Томбы қаласынан шыққан «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы» атты монографиясында ол ірі статист және экономист ретінде танылды. Оның ғалым ретінде қазақтың ата кәсібі - мал шаруашығы туралы жүргізген зерттеулері, айтқан пікірлері мен ұсыныстары, дәлелдемелері өзінің маңыздылығын әлі жоя қойған жоқ. Себебі Қазақстан жер көлемі жағынан дүниежүзінде алғашқы ондықтың қатарында болғанымен, ауыл шаруашылығындағы жер мәселесіне байланысты қиындықтар шешімін таба алмай отырған жайы бар. Осы тұрғыдан Әлихан Бөкейхановтың 1913 жылы «Қазақ» газетіне басылған мақаласының орны бөлек. «...Бұрын адам аз, жер көп болған, мұны біздің

қазақ өз көзімен көріп отыр. Жердің көп-азына қарамай, жердің һауасына қарай адам баласы мал баққан иә егін салған. Жер көп болып, мал бақса, бұл шаруаны қылған жұрт малмен бірге көшіп жүрген. Жер аз болса, жердің ауасы егінге қолайсыз болса, мал шаруасын ұстап отырып, малды көшіріп қойып, жұрт өзі отырықшы болған...Көшпелі деген сөз мал бағатын шаруаны түгел жаппайды. Қала болып отырып мал шаруасын атқаруға болады...» [5; 290 бб.]

Оның 1906-1907 жылдары Омбы қаласында «Иртышъ», «Омичъ», «Голос степи» газеттерінде редактор болуы оның баспа ісінен де құралақан еместігін көрсетті.

Қазіргі ақпараттық қоғам, жаңа технологиялар жағдайында жастарға газеттің құдіретті күші, оның қоғамдағы маңызы туралы айту міндетті болғанымен, оған назар аударып жатқан топтың немқұрайлы қарауы көңілге кері әсер ететіндігін жасыруға болмайды. Қайраткердің өзі айтқандай:

«Сипалап айналама қол сермедім,
Жастардан еріншекті мен көрмедім!
«Қазаққа» бар білгенін жазып тұрса,
Еріншек біздің жастар мен дер ме едім?» [6; 173 б.]

Ғалым бабамыздың күллі адамзаттың қас жауы болып саналатын, бойымызға әбден дендеп кеткен осы бір жағымсыз қасиет туралы осыдан жүз жыл бұрын айтқан ақиқатының келеңсіз жайт екендігін білсек те назар салмай, одан әлі күнге дейін арылмауымыз ұлтымызға сын деп есептер едім.

Өмірдің қай жағынан болса да пікірлес болған Ахмет Байтұрсыновтың бұқаралық ақпарат құралдары туралы көзқарасын жалғастыра отырып, Әлихан Бөкейханов газет туралы былай деп жазған болатын: «...Еуропада кестелі сөз арасында газета күші ұлығ патшалықтың бірі деп сөйлейді...Еуропада газета – ғұмыр айнасы. Ғұмырда не болса, бәрі газетада көрініп тұрады. Газетаны оқып жұрт өзін өзі көреді, өзін өзі біледі.» Бұл сонау ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ зиялыларынан бастау алған ағартушылық ағымның жалғасы болатын. Жастардың білімді, көзінің ашық, озық болуын қалаған алаш қайраткерінің бүкіл ғұмыры осыған бағытталды [7; 172 б.]

«Тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп ант берді. Уәдесінде тұрды. Оның өмірі – халқының жарқын болашағы үшін сарп етілген азапты ғұмыры- саясаткердің, күрескердің, ғалымның, жалынды көсемсөзшенің қиын-қыстау замандарда аянбай төккен ащы маңдай терінен тұрады. Ол қазақтың болашақ егемен мемлекет іргетасының алғашқы кірпішін қалады», - деп Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметі туралы алғашқы зерттеу еңбектерін арнағандардың бірі Бейбіт Қойшыбаев жазғандай, 1920 жылы құрылған Қазақ автономиясының аты бөлек болғанымен, заты Алаш болатын [8; 6 б.]

Сондықтан Әлихан Бөкейхановты тек ірі саяси қайраткер ретінде ғана емес, сонымен қатар жан-жақты, ғылымның көп саласынан хабары бар ғұлама ғалым ретінде де танып, оны болашақ жас ұрпақтың бойына сіңіру және насихаттай білуіміз керек.

Әдебиеттер тізімі

1. А.Сейдімбек, Х.Әбжанов, Қ.Салғараұлы. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. Астана. «FOLIANT». 2012. 23 б.
2. Ж.Аймауытұлы. Ұлтты сүю. «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. – Алматы. «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы». 2009. 193 б.
3. М.Дулатов. Шығармалары. Алматы. «Ана тілі». 2010. 296 б.
4. А.Байтұрсынұлы. Шығармалары. Өлең аудармалар, зерттеулер. Алматы, «Жазушы», 1989. 25-26 бб.
5. «Қазақ» газеті. 1913 жыл. Алматы. «Арыс» 2009. 289-290 бб.
6. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. Алматы. «Қазақстан». 1994. 173 б.
7. Бұл да сонда. 172 б.
8. Б.Қойшыбаев. Әлихан Бөкейханов. Алматы. «Жеті Жарғы» 2001. 6 б.

УЧАСТИЕ КАЗАХСКИХ СЛУЖАЩИХ В БЛАГОТВОРИТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.

Айтмухамбетов А.А.

д.и.н., профессор кафедры истории Казахстана

Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

В казахском обществе развивалась традиция подвижничества. В феодальный период подвижническая миссия заключалась в оказании материальной и духовной помощи однородцам. Народная традиция коллективного единства определяла потребность преодоления хозяйственных трудностей. По почину казахских общин формируется институт казахских почетных блюстителей аульных школ. Подобная миссия возлагалась на известных влиятельных энергичных личностей. Почетные блюстители комплектовались из уважаемых состоятельных деятелей. Наиболее важной функцией почетных блюстителей являлось оказание финансовой помощи школам. Зачастую почетные блюстители лично патронировали школы. Социальный статус различных патронаторов был различным. В казахском обществе явственной обозначалась роль выходцев из простонародья. Реалии времени способствовали саморегуляции народа посредством заполнения социального вакуума активными представителями из различных слоев населения, что являлось примером для молодых людей.

Сохранение общинно-кочевых традиций предопределяло наличие подобных форм подвижничества. В XIX веке казахские меценаты брали на себя ответственность в возведении крупных духовно-стационарных объектов и финансировании социальных программ. Во второй половине XIX века в Оренбурге планировалось возведение гимназии – малознакомого местному населению учебного заведения по методике преподавания и реестру предполагаемых к изучению предметов. Согласно инструктивным документам в штате гимназии выделялись вакансионные места для казахских учеников. В результате поддержанной местными казахскими лидерами агитационной компании сумма добровольных пожертвований казахов составляла 1680 рублей.

Казахские служащие взаимодействовали с Мусульманскими благотворительными обществами. Данные организации создавались в местах компактного расселения тюркского населения. Идейными вдохновителями этих организаций являлись общественные деятели и интеллигенты, которые своими действиями являли пример взаимосотрудничества и взаимопомощи на основе единой духовной базы и этноязыковой близости тюркских этнических групп. Функционирование мусульманских обществ обуславливалось привлечением состоявшихся на службе известных личностей. Как правило, мусульманские благотворительные общества действовали с согласия государственных властей. В основном организации ограничивались патронажем учащейся молодежи в официально-действующих школьных учреждениях и реализацией социальных программ по отношению к бедным слоям населения. Участие и ролевая деятельность в этих организациях являлись показателем гражданского долга местных прогрессистов. Прогрессисты выступали как потенциальные инициаторы осуществления подобных идей.

Врач Аубакир Алдияров входил в состав мусульманского общества. Это был не единичный случай. Юрист Абдулла Темиров в бытность своей службы в Тобольске возглавлял Тобольское общество мусульман-прогрессистов [1]. Участие в подобных акциях консолидировало активность тюркских интеллигентов, служащих, торговцев, мещан, священнослужителей в реализации социальных установок развития общества. Руководящий состав Мусульманских обществ формировался духовными служащими, купечеством и творческой интеллигенцией. Председателем Тобольского общества являлся Темиров Абдулла. Усилиями руководства общества в Тобольске открылась местная татарская школа. В скором времени общество быстро разрослось за счет новых членов. Первоначально общество в своей деятельности ограничивалось накоплением средств, необходимых для

проведения масштабных программ. В работе местных прогрессистов комбинировалось сотрудничество сибирских буржуа и управленца Темирова, на своем уровне реализовывавшего интересы тюркской общественности. Одновременно Темиров входил в Тобольское попечительство общества бедных. Таким образом, согласно сложившейся социальной традиции доминанты влияния аристократических семей сохранялась ролевая статусность их представителей.

Во второй половине XIX века в категории казахских служащих на уровне врачей, учителей, юристов наблюдаются представители из разночинной среды, как, например, тот же М. Карабаев и другие. В деловой сфере казахские служащие успешно конкурировали с устоявшимися аристократическими фамильными династиями. Фактически формируется новая группа просвещенных граждан, степень воздействия каждого из которых зависела от личных волевых качеств, профессиональных характеристик и научного кругозора.

Патронатная сфера казахских администраторов по отношению к талантливым безродным учащимся с течением времени переходит в участие состоявшихся казахских прогрессистов в массовых общественных акциях. При этом казахские служащие не обладали большими финансовыми ресурсами. Их задача состояла в обозначении выполнимых целей и объединении значительной группы казахских общинников на уровне волостей и области. Имея положительный пример реализации собственных возможностей, эти служащие активизировали потенциал казахских общин ограниченных территорий.

Казахи вносили благотворительные жертвенные суммы в помощь пострадавшим. В 1856 году сибирские казахи Кушмурунского внешнего округа внесли 323 рублей 60 копеек серебром на пожертвование морским чинам и их семьям, потерявшим имущество в Севастополе во время войны. В последней четверти XIX века увеличилась динамика участия казахского населения в подобных акциях. Требовалось личное участие авторитетных личностей, инициировавших деятельность общества. В городах актуализировалась проблема развития социально-культурного сектора. Представители местной общественности инициировали сборы общественных сумм на возведение необходимых объектов. Так, в мае 1891 года совет общества попечителей начального образования решил приступить к формированию в Кустанае народной библиотеки на средства общества. В числе жертвователей на нужды Кустанайского реального училища известен Балгимбаев Абдугали Балгимбаевич. В 1898 году по инициативе сверхштатного чиновника особых поручений при Военном губернаторе Тургайской области зауряд-хорунжего Дербисали Беркимбаева население пожертвовало на реконструкцию Кустанайской Александрийской женской русско-казахской школы 900 рублей [2]. Подавляющее большинство населения Степных областей составляли казахи. Вероятно, основную массу жертвователей представляли те казахские подданные, которые осознавали значимость образования для населения. Характерно, что казахские стипендиатки представляли минимум в женских училищах. В действиях казахских спонсоров теплилась надежда на перспективы обучения казахских девочек в школах. Пожертвования частных лиц являлись хорошим примером для казахского населения. Казахи одного участка Акмолинской области пожертвовали 3200 рублей на нужды Красного Креста [3]. Организующую роль в многочисленных акциях взаимопомощи выполняли казахские интеллигенты и служащие. Именно они выполняли информационно-пропагандистскую миссию в обществе. С 1910 года в Оренбурге, по инициативе местной общественности, создается благотворительная медицинская организация «Белая ромашка». Цель этой организации заключалась в пропаганде и сборе пожертвований в пользу больных туберкулезом. В благотворительной компании охотно приняли участие представители частного бизнеса и государственных структур. В городе была организована продажа кумыса по сниженной цене. Безусловно, в этой компании принимали участие представители казахской общины.

Стихийные явления способствовали консолидации просвещенных казахов. Во время голода 1898 года проявился организаторский талант и экономические способности А. Букейханова. Просвещенный интеллигент Букейханов апеллировал к нормам обычного

права и традиционной системе взаимопомощи казахов. Как правило, организующую роль возлагали на себя казахские родоправители и старшины. Действия недавнего студента Букейханова носили показательный характер стремления к самостоятельности молодой генерации прогрессистов. Руководством общества Букейханов рассматривался как один из реальных гарантов целевого использования денег. Пожалуй, это был один из немногих примеров. Букейханов действительно получил известность в либерально-прогрессивных и научных кругах Сибири. Его личное участие в разрешении кризиса и степень влияния существенно облегчили последствия голода в области. В результате жута казахи Семипалатинской области находились на грани вымирания. Вольно-экономическое общество передало Букейханову 1000 рублей для голодающих казахов. Ему удалось закупить в Павлодаре 1000 пудов муки. За это время он объездил наиболее пострадавшие от голода районы. Реальными помощниками Букейханову оказались его товарищи Гусев и М. Акаев и Тохмухамед. Помощь осуществлялась методом закупа домашнего молочного скота и раздачей его пострадавшим. Этот способ оказался эффективным. О чем не преминули вспомнить через много лет сибирские обозреватели. Аналитики рекомендовали применить упомянутую схему ликвидации голода в голодающих местностях Сибири и Степных областей в 1912 году [4].

В исследуемый период наблюдается присутствие казахских представителей в тюремных попечительских советах - организациях, призванных оказывать морально-психологическую помощь заключенным. С середины XIX века наблюдается приток казахских заключенных в государственные тюрьмы. Расслоение казахского общества, сопровождавшееся разрывом привычных социально-экономических связей, деградирующе сказывалось на маргинальной части населения. Лишенные средств к существованию и неадаптированные к новым реалиям, данные представители оказались вытолкнутыми на периферию социальных отношений. В казахской традиционной судебно-исполнительной системе отсутствовал институт тюрем как формы наказания. Унификация судопроизводства посредством тюремного изолированного заключения в иной социальной среде осложнила физическое пребывание казахов, в большинстве не знавших русский язык. Соответствующая реакция казахской общины выразилась в представительстве ее участников в подобных комитетах как в средстве влияния и участия в судьбах заключенных. Аналогичные комитеты действовали в городах.

Членами Кустанайского уездного тюремного отделения были врачи М. Карабаев, А. Наритаев, А. Алдияров и волостные правители. Известный в области врач Карабаев получил утверждение в звании директора Тургайского попечительства о тюрьмах комитета [5]. Примечательно присутствие казахских врачей в деятельности организаций. По должности и роду профессиональной деятельности врачи имели большой общественный статус народных личностей и благожелательно воспринимались всеми социальными группами населения. Участие врачей в благотворительных обществах благожелательно воспринималось публикой. В казахском обществе регулярно проводилась процедура сбора денег для тюремных нужд. Властные структуры поощряли деятельность подобных организаций, что обеспечивало снижение социальной напряженности в крае. Наиболее действенной мерой оставались сборы денег с населения в помощь голодающим, социально-неимущим, учащимся, заключенным. Подобные акции проводились известными лидерами способными реализовать подобные проекты. Методы поощрения таковых оставались традиционными.

Этноконфессиональное единство немногочисленных казахских служащих способствовало появлению программы профессиональной и общественной взаимопомощи. Впоследствии на базе этой группы создается единое объединяющее идеологическое начало.

Библиографический список

1. ГАТО Ф.158. Оп.2. Д.192. Л. 4.
2. Тургайская газета №47.-Оренбург, 1910.- 21ноября.
3. Особое «Прибавление» Акмолинским областным ведомостям.- Омск, 1892.-4 декабря.-№49.
4. Письма о голоде // Сибирская жизнь.-Томск, 1912.- 8 апреля.- №79.
5. Акмолинские областные ведомости. - Омск, 1909.- №35.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ БАСПАСӨЗІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН

Ералина А. Е., Қазақстан тарихы кафедрасы, аға оқытушысы
Алимгазина Г.С., «Тарих» мамандығының 4 курс студенті
А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеттің

Облыстық баспасөзінің қалыптасуының бастапқы кезеңіндегі мынандай өзекті мәселелерді айтуға болады: аймақтарға газет таратуда елеулі қиындықтар болды, газеттердің полиграфиялық базасы әлсіз, материалдық жағдайы нашар, шрифтер жеткіліксіз еді. Редакциядағы санаулы тілшіге бұқараны ақпаратпен қамтамасыз ету оңайға түскен жоқ. Осыған қарамастан, баспасөз арқылы халыққа жиі үндеу тастап, қызыл командирлердің жалынды сөздерін толассыз жариялады, өкіметтің насихатшысы бола білді. Жұмысшы газеттері саяси, шаруашылық және партиялық мәселелерді көтеріп, бұқаралық аудиторияны барынша қамтуға тырысты. Қағаздың қаттығынан көсіліп жаза алмаса да, оқырмандармен тығыз байланыс орнатып, жеке пікірлесуге уақыт табатын алғашқы журналистер халықтың газетке деген ықыласын арттырды. Облыстық газеттер қолдан-қолға өтіп, оқылатын болды, бір дана бірнеше адамға рухани азыққа айналды. Бұл кезеңдегі сын мақалалар мен фельетондардың ықпалын, баспасөздің пәрменділігін, ұйымдастырушылық міндетін баса айтуға болады. Газет беттерінде сауат ашу, әйел теңдігі тақырыптары жиі көтерілді.

Жыл өткен сайын баспасөздің типологиялық ауқымы кеңейді. Ең бірінші болып облыстық «Қостанай таңы» газеті ашылды. Газеттің алғашқы саны 1922 жылы 25 маусымда «Ауыл» деген атпен шықты. Ол РКП(б) Қостанай губерниялық комитетінің органы болды. Басылымды ұйымдастырып, оның алғашқы нөмірінің жарық көруіне қазақтың тұңғыш кәсіби журналистерінің бірі Мұхамеджан Сералин мен қазақ әдебиетінің қас шебері Бейімбет Майлин ерекше үлес қосты. Бейімбеттанушы Серікқали Байменше: «Бір кездері «Ауыл» газетінің бастауы 1923 жылдың 1 қыркүйегінен есептеліп жүрді. Бұл – оның жабылып қалғаннан кейін тұрақты түрде қайта шыға бастаған кезі еді. Шындығында газеттің тұңғыш нөмірі 1922 жылы жарық көрген болатын» [1, б.35], – деп дұрыс мәлімет береді. Расында да 1993 жылы «Қостанай таңында»: «Ауыл» газеті Қостанай губерниялық партия комитеті мен губерниялық атқару комитетінің қаулысы бойынша 1923 жылы 1 қыркүйектен шыға бастады. Газет қазақ еңбекшілерін коммунистік рухта тәрбиелеу, ескіліктің сарқыншақтарына қарсы күрес, жаңа өмірді дамыту жөнінде орасан зор жұмыс жүргізді» [2, б.18], – делінген. «Ауылдың» шыққан айына байланысты да әртүрлі пікірлер бар. С. Байменше: «Бір кездері «Ауыл» газетінің бастауы 1923 жылдың 1 қыркүйегінен есептеліп жүрді», – дей келіп, Қостанай губерниялық комитеті бюросының қаулысына жүгінеді. Ал Е. Сүйінов: «Біз бұрын айтып жүргендей 1923 жылдың 22 қыркүйегі емес, 1922 жылдың 25 маусымында «Ауылдың» тұңғыш саны жарық көрді. Біз өз газетіміздің жылнамасын осыдан бастайтын болдық» [2, б.19], – дейді. 1923-1925 жылдары Бейімбеттің газетке сіңірген еңбегі зор, бұл жылдардағы бірде-бір саны Б. Майлиннің қолтаңбасынсыз шыққан жоқ десек қателеспейміз. Оқас Бостановтың ұстаздық жолға түсуіне Б. Майлин үлкен ықпал жасапты. Бұл туралы Оқас қария газеттегі естелік мақаласында тебірене отырып әңгімелейді. Ол Бейімбеттің «Ауыл» газетіндегі жарияланған мақалаларын жинастырып жүрсе де, кейін айырылып қалыпты. О. Бостанов: «Ауыл» газетінің атын қоярда Бейімбет Майлин оқырмандардың көпшілігі ауыл тұрғындары. Сол себептен газет сөзі соларға жетіп тұруы керек. Газет атын «Ауыл» қояйық деп ұсыныс жасапты» [2, б.20], – дейді.

Профессор Т. Қожакеев: «1930 жылы округ ауданға айналғанда «Ауылдың» орнына «Колхоз жолында» газеті шығарылды. Ол 1932 жылы «Социалды еңбек» деп атын өзгертті. Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің 1935 жылғы 29 шілдедегі қаулысы бойынша Қостанай облысы құрылды. Енді мұнда облыстық «Сталин жолы» газеті шыға бастады. Келер жылы ол атын «Большевиктік жол» деп өзгертті. Қазір мұнда облыстық «Коммунизм таңы» газеті шығып тұрады» [2, б.21], – дейді. 1930 жылы мемлекеттік әкімшілік басқару органдарын халыққа онан сайын жақындату саясатымен аудандар тікелей республикаға

бағынатын болады. «Ауыл» газеті 1930 жылы Торғайға көшірілді. Оның орнына шыққан «Колхоз жолында» газетін біз «Ауылмен» еш байланыстыра алмаймыз. Торғайда «Ауыл» 1930 жылдың 4 қазанынан бастап шыға бастайды. Редакторы Меңетай Жақсылықов Қостанай баспаханасынан бір топ әріптерушілерді, бүктеуші, түптеушілерді ерте келеді. Газет араб әрпімен аптасына бір рет шығып тұрады. М. Жақсылықов Жезқазған аудандық газетіне редакторлыққа ауысқанда газетке көрнекті жазушы, аудармашы Хасен Өзденбаев редактор болады. 1931 жылы ол республикалық газетке кеткен соң, «Ауылға» Мұхамеджан Құлмұхамедов, Сұлтан Тұяқбаевтар редактор болған [2, б.25].

«Ауыл» 1931-1936 жылдар аралығында Торғайда «Социалды ауыл» деген атпен шығып тұрды. Оның редакторы Х. Қапанов болған. Ал 1936 жылдың 26 қазанынан Қостанай облысының құрылуына байланысты «Большевиктік жол» деген атпен Қостанайдан шыға бастады. Ғалым Хайыржан Бекхожин 1942-1945 жылдары газетке редакторлық еткен. 1953-1963 жылдар аралығында газет «Коммунизм жолы» деп аталды. 1961 жылы шыққан «Тың өлкесі» газетінің таралымын нығайту мақсатымен 1963-1965 жылдары газет жабылып қалды. 1966 жылдан 1992 жылға дейін «Коммунизм таңы» деп аталған газет 1992 жылдан бері «Қостанай таңы» болып шығып келеді [2, б.29]. Заманның ағымына қарай газет атауы да сан рет өзгерді. Ол бірде «Социалды ауыл» (1931-1936ж.), бірде «Большевиктік жол» (1936-1953ж.), бірде «Коммунизм жолы» (1953-1963 ж.), бірде «Коммунизм таңы» (1966-1991ж.) атанды. Ал 1991 жылдан бастап бүгінгі «Қостанай таңы» деген атпен жарық көріп келеді. Бұл газеттің басынан не өтпеді! Енді бүгін өткенге үңіліп, болғанды бағамдасақ та, көкжиекке көз жүгіртіп, болашақты болжасақ та, тірелетін тобықтай түйініміз бен тоқтайтын туырлықтай жеріміз – газет пен халықтың тағдыры, газет пен заманның ағымы бір екен, бірегей екен, бөліп-жаруға болмайды екен. Биікке өрлеп, ойға құлдырағанда да, молшылыққа кенеліп, тапшылыққа тап болғанда да, күн ашылып, бұлт торлағанда да өмір өткелінен бірге өтіп, асулардан бірге асып, адасса халықпен бірге адасыпты [2, б.31]. «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» деп Абай атамыз айтқан ақыл сөздің, нақыл сөздің мән-мағынасы қашан да көмескі емес еді есті жұртқа, енді бүгін жаңа қырынан жолымызға жалтырап жарық беріп, көздің жауын алғандай, нұр сәулесін шашқандай күй кештіруде. Сол сәуле егемендігіміз еңсемізді көтертіп, көзіміз ашылғанда көрген жарығымыз, адасқанда артта қалған соқпақтың, одан әрідегі сүрлеудің арасын ашып, жігін қосып, тарихтың табан жолымен таныстырды, болашақ ұрпақтың бақыты үшін шашырап жатқан елдің басын қосқан ата-бабаларымызбен табыстырды, артына өлмес сөз, өшпес өнеге қалдырған даналарымызбен қауыштырды [3, б. 55]. «Қостанай таңының» бүгінгі және алдағы асыл мұраттарының бірі де бірегейі осы мұраны, өнеге-үлгіні, тарих тағлымдарын хал-қадерінше халыққа жеткізіп, керек қылған кер заманда туғандардың құлағына құю, көзін ашып, көкірегін ояту болып қала береді. Газет өзінің 90 жылдық тарихында халқының мұңын мұндады, жоғын жоқтады, туған өлкенің шежіресін жазды.

Тарихи оқиғаларды зерделеуде баспасөз мақалалары маңызды рөл атқарады. Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры атты ғылыми жоба бойынша зерттеу барысында көптеген дерек көздерімен жұмыс жасаудамыз, сондықтан баспасөз беттеріндегі материалдар өлке тарихымен терең танысуға көп ықпал етеді. Бұл мақаланың жазылуы да сол зерттеулердің арқауы деп түсінуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930 жылдар). – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1964. – 261 б.
2. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). – Алматы: Мектеп, 1981. – 239 б.
3. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-1995). – Алматы: Рауан, 1996. – 244 б.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры» атты ғылыми жоба аясында дайындалды

АХАННЫҢ АЛАШТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Есбол Ғ.Ш.

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеттің аға оқытушысы

Ерлік-жан дүниенің ұлы қасиеті
(Н.М.Карамзин)

XXI ғасырда Егемендік алғанымыздың 25 жылдығы мен Қазақ хандығының құрылғанының 550 жылдығына сәйкес келді. Енді шынайы тарихымыздың б.з.д 6-5 ғасырынан басталатынын, ” Ұлы дала “ өркениетінің Еуразиялық құрлықта ерекше рөл атқарғанын болашақ ұрпағымыздың санасына жеткізуіміз керек. ” Мың өліп, мың тірілген “ қазағымның басынан не өтіп, нелер кетпеді десеңші? Сонау XX ғасыр басында қазақ елі Ресей патшалығының отарына айналды. Бабаларымыз: ” Атадан ер туады, ата жолын қуады “ демекші, А.Байтұрсынұлы мен Ә.Бөкейхан сықылды ерлерді тарих сахнасына әкелді.

А.Байтұрсынұлы мен Ә.Бөкейхан қазақ халқына азаттық алып беру жолына түсті. А.Байтұрсынұлы жас буынға үлкен үмітпен қарап:

Басың жас, қызығың көп көрер алда,
Мұңайма бақсызбын деп бүгін таңда.
" Ұлы той көппен көрген "деген бар ғой,
Байқасаң аман қалған адам бар ма? [1]

-деп, бай-манап болу арман емес, қиындыққа төзе біл, халқыңмен бірге болсаң ғана жетесің мұратқа дегені еді. Ахаң ағартушы ретінде елдің болашағы жастардың қолында екенін жақсы түсінді:

Не білгір, не данышпан – бәрі келген,
Жас та көп бұл арада кәріменен.
Танысып талай жұрттың жайын біліп,

Жолдас боп жүрсің міне, бәріменен. [1] –деп, жас буынға надан болма, оқы, тоқы жан-жағыңа жіті қара, бәрінің арасындағы маржанын тер " адам болам " десеңіз деген уағыз айтады. А.Байтұрсынұлы да, Ә.Бөкейхан да сол кезде шығатын журнал басылымдарына қазақ тағдырына қатысты әділетсіздікті әшкерелеп отырды.

Ә.Бөкейханның әр уақытта қатысуымен және сол кезде Орынборда шығатын ” Уақыт “ газеті: " Мұсылман қазақтардың халі тым ауыр. Асыра айтқандық емес, қазір саны 7 миллион осы милләт өмір, не өлім деп күресуде. Жыл сайын переселендік саясат олардың 1000 000 десятина жерін тартып алып, өздерін таулы-тасты, құнарсыз жерге қуып жатыр. Рас, патша жарлығымен қазақтарды жермен қамтамасыз ету қаралған-ды. Бірақ берілмек болып отырған 15 десятина жер қазаққа өте аздық етеді. Сондықтан олар бұдан бас тартты ", - дегенді хабарлап қазақтардың отырықшы болуына тілектестігін білдіреді [2].

Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, ғалым Дихан Қамзабекұлы « Егемен Қазақстан » газетінің № 74, 20 сәуір, 2016 жылғы санында: «Ә.Бөкейхан кеңесімен Түркияға жасаған Ш.Қосшығұлұлы сапарының сілемі мен жаңғырығын шырамытқандаймыз. Түркиядан делегаттар: «Тюрк-Юрду» газетінің редакторы Жүсіп Ақшора, «Фюза» газетінің редакторы, профессор Әли Гусейн-заде, дінтанушы-профессор Мұхаммед Әссад Әселиб –заде, Мұқым ад-дин Бейтшаю сынды қайраткерлер сонау Батыс Еуропадағы Венгриядағы Венада министр-президент Штюрк пен сыртқы істер министрінің орынбасары граф Фюргачтың қабылдауында болып мынадай талап хатын тапсырған:

Бұқара мен Хиуаны орыс бодандығынан құтқару, оларға Түркістанды қосу;
Қазаққа саяси-әкімшілік тәуелсіздік әперу;
Қазан хандығы мен Қырым хандығын қалпына келтіру. Соңғысын түрік сұлтанының

камқорлығына беру;

Еділ өзені мен Каспий теңізін бейтарап деп тану [2].

Костанайская областная администрация в целях реализации данного постановления решило обязать глав районных, городских администраций, областное финансовое управление, областное управление сельского хозяйства для развития материально-технической базы университета обеспечить ежегодное выделение финансовых и материальных ресурсов в размере 30 млн. рублей и 14 тысяч тонн зерна в 1992 году. Помимо этого обязало трест «Кустанайтяжстрой» и отдел капитального строительства города начать в 1994 году строительство общежития на 535 мест с блоком для молодых специалистов и семейных студентов с вводом его в эксплуатацию в 1995 году, помимо этого, построить профилакторий на 200 мест в 1993-1995 годах. ПСО «Кустанайжилстрой» обязано было построить сто квартир для университета в 1992-1993 годах. Обеспечить финансирование строительства указанных объектов было поручено главе областного финансового управления Гуникову В.Л. Контролировать выполнение работ по строительству объектов университета было поручено тогдашнему главе областной администрации Михайлову В.Ю., председателю областного комитета по экономике Зуеву В.Ф., и главе городской администрации Корневу В.Е. Помимо этого, Корневу В.Е. поручили решить вопрос выделения земельных участков для строительства 18 домов усадебного типа, обеспечить территорию застройки необходимыми коммуникациями за счет средств городской и районной администрации. Кроме этого, главам городских и районных администраций на отведенных участках в течение 1993 года за счет средств местных бюджетов, долевых средств предприятий, совхозов было поручено построить университету по одному коттеджу усадебного типа. Главу Костанайской городской администрации обязали выделить 10 квартир для приглашенных высококвалифицированных преподавателей университета. Помимо этого К. Укин порекомендовал З. Алдамжару создать издательскую базу университета с оснащением ее необходимым оборудованием.

Для организации выполнения данного решения главой областной администрации была создана рабочая группа, в которую вошли З. Алдамжар, Баймагамбетова Б.Б., Зуев В.Ф., Ким В.А., Корнев В.Е [1].

Отдельно стоит отметить вклад районов в становлении университета, в их экономической и материальной поддержке. Например, с целью укрепления материально-технической базы университета Ленинская (ныне Узункольская) районная администрация оказало помощь в следующем объеме, выделили зерном 500 тонн, построили один коттедж для сотрудника и заключили взаимовыгодный долгосрочный договор с университетом по привлечению студентов на сельхоз работы и на этой основе оказания материальной помощи вузу [2]. На сегодняшний день данная практика исчерпала себя, и учебными заведениями не практикуется. В то же время, Федоровский район выделил 700 тонн зерна на развитие социальной и материально-технической базы университета. Комсомольский (ныне Карабалыкский) район выделил 1000 тонн зерна на эти же цели.

Сам Зулкарнай Алдамжар объяснял необходимость реорганизации учебного заведения в университет, серьезными качественными изменениями в системе высшего образования Республики Казахстан. Данные изменения, как считал академик, вызваны были объективными факторами, определяющими характер, формы и сущность процесса обновления в жизни общества. В условиях нового политического, социально экономического и духовного возрождения естественным образом, закономерно происходит переоценка ценностей, формируются новые подходы для решения сложнейших задач развития культуры, науки, образования молодого суверенного государства. В области же исторической науки,

исторического образования и подготовки кадров историков на приоритетную позицию выдвигается двуединая задача: организация исследовательской работы на основе новых подходов и обеспечения качественного уровня преподавания истории во всей системе образования, в том числе и в высшей школе. В этом плане высшие учебные заведения занимают опорную позицию. Университеты, институты имеют приоритет в решении указанной двуединой задачи, ибо профессорско-преподавательский коллектив вуза объединяет в своем лице творческий потенциал и ученого исследователя и ученого преподавателя. Это важный, но не единственный фактор. Успех будет более весомый, если ученые академических научных центров и вузов, не только вузов, объединяет свои творческие усилия. Для того чтобы объединить усилия Зулкарнай Алдамжар считал, необходимым пройти реорганизацию учебного заведения, так как университет смог бы решить данные насущные проблемы [3, с.3-4].

Следует отметить, что на тот момент времени реорганизацию в университет прошли только два вуза – Восточно-Казахстанский и Костанайский [4, с.9].

Одним из первых отделений открытых во вновь открытом учебном заведении было отделение правоведения. Необходимость юридического факультета в стенах Костанайского государственного университета диктовалась крайней необходимостью области и всего северного региона Казахстана в юридических кадрах. Положение усугублялось тем, что на всей громадной территории Казахстана не готовились кадры юристов. В силу этого в 1992 году при историческом факультете Костанайского государственного университета открылось отделение «правоведения». Всего было набрано на очное отделение 37 человек, и на заочное отделение 75 студентов. Из этого количества, согласно архивным данным, на очном отделении 16 человек обучались в условиях полной компенсации затрат на обучение, на заочном отделении – 36 человек на русском и 39 на казахском отделениях. Через год, 12 июля 1993 года, судя по работе приемной комиссии, вместо запланированных для приема 10 студентов на русском и 10 студентов на казахском отделении, было подано 90 и 24 заявления о приеме на учебу, соответственно.

В течение года, шел процесс активного формирования материально-технической базы данной специальности. Администрация области совместно с администрацией вуза предоставила для отделения «правоведения» новый аудиторный фонд при одном из корпусов вуза. Оборудованы были кабинеты права, оформлены кабинеты криминалистики, (фото, радио, телевизионная аппаратура, диапроекторы и т.д.). Смонтирован был лингофоновый кабинет для изучения иностранного языка. Оборудованы были читальный зал, сформирован был его штатный фонд научной и учебно-юридической литературой. Обеспеченность учебниками студентов в 1993 году составляет порядка 56 % [5].

Отделение было молодым, неопытным. Зулкарнай Алдамжар для этого активно старался перенять опыт ведущих вузов страны и региона, которые были более опытными. В частности, учебные планы отделения «правоведения» подготовлены были на основе аналогичных учебных планов КазГУ им. Аль-Фараби, КарГУ, Томского государственного университета. Подготовлен был ряд методических разработок, созданы были рабочие программы по основным преподаваемым дисциплинам. Изначально, в составе кафедры «правоведения» работал всего лишь один кандидат юридических наук и два преподавателя, выпускники юрфака КазГУ. Кроме того, по приглашению Зулкарнай Алдамжара в первом учебном году для чтения лекций и организаций занятий приглашались ряд ведущих ученых-юристов из Алматы и Караганды (доктор юридических наук Диденко Н., кандидаты юридических наук, доценты Абишев Х.Л. и Ли В.). Кроме того, для чтения отдельных курсов привлекались местные опытные кадры. Доктор исторических наук Солодкин Яков Григорьевич, на тот момент доцент. Легкий Дмитрий Михайлович, которые вели лекции по курсу «Всеобщая история государства и права». По дисциплине «История государства и права Республики Казахстан» лекции читал Ауган Малик, студенты помнят его как Ауганбаева Малика Абдуллоевича, кандидата исторических наук, доцента.

На отделении преподавали также ряд ведущих практических работников юристов (генерал Бейсембин К.Г., зам. прокурора области Жармухамедов Т. и др.).

Через один учебный год администрация вуза отправило отчет в Министерство образования, в котором, считает открытие в 1992 году в Костанайском государственном университете отделения правоведения обоснованным и целесообразным. «В северном регионе республики нет высшего учебного заведения, ведущего подготовку юристов. Условия для работы отделения имеются. Областной администрацией университету для размещения факультета передано здание площадью 4000 м². Учебная база для организации в дальнейшем юридического факультета имеется» - сообщают в своем отчете работники вуза [5].

В целом подводя итог в своем отчете, администрация вуза, пришли к мнению считать обоснованным вопрос об открытии специального юридического факультета при Костанайском государственном университете.

Библиографический список

1. Архив Костанайского государственного университета им. Ахмета Байтурсынова. Решение №95 от 17 ноября 1992 г.
2. Архив Костанайского государственного университета им. Ахмета Байтурсынова. Приказ главы Ленинского района №115 от 15 сентября 1992 г.
3. Алдамжар З. История: размышления и суждения. – СПб.: Изд-во С.-Петербур.ун-та, 2006. – 209 с.
4. Зұлқарнай Алдамжар. Еске алу кітабы. Книга памяти / Құраст. Қаражігітов З.Ф. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007, - 228 бет.
5. Материалы семейного архива семьи З. Алдамжара. Годовой отчет о состоянии дел на юридическом факультете от 13.07.1993 г.

ҚҰСМҰРЫН СТАНЦИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН

Ералина А.Е., аға оқытушы

Кауменова А. «Тарих» мамандығының 4 курс студенті

А..Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Ақмола-Қарталы Қазақ теміржол желісінде орналасқан Құсмұрын станциясының қалыптасуы мен салыну тарихын баяндасақ. Құсмұрын кентінің құрылыс жұмыстары 1939 жылы 7 мамырда басталды. Қостанай Торғай бұғазының орталығында орналасқан. Құсмұрын станциясының батысынан тұзды Обаған өзені ағып жатыр. Солтүстік шығысында үлкен Құсмұрын көлі бар, кенттің атауы дәл осы көлге байланысты қойылған. Құсмұрын сөзі қазақ тілінде - Құстың мұрны деген мағынаны береді. Мекенге жақын орналасқан өзендердің бірі Тобыл өзені, Құсмұрынның батыс жағынан 150 шақырым жерде ағып жатыр.

Ауыл орналасқан жерде бұрын ақселеу, гүлдер, шөптер өскен. Ақселеудің көп болғаны соншалықты, жердің барлығы аққа оранып жататын. Кей жерлерде жусанның ұзындығы 1,5 м дейін жететін. Көп жерлерде тұзды көлдер болған. Қазіргі таңда олар тартылып қалған. Мысалы қазіргі Фин үйлері орналасқан жерде бұрын үлкен көл болған. Ол көлдерде қамыс өсіп, арасында үйректер көп болған. Далада аш қасқырлар мен түлкілерді, көл жанындағы қамыстарда жабайы қабандарды кездестіруге болады.

1939 жылы Қарағанды көмірі Магнитогорскке жету үшін темір жол өткізу ұйғарылды. Бұл құрылыс жұмыстарына жұмыскерлер, комсомолдар келді. Басында құрылыста 350 адам, 2 трактор, 300-ден астам жылқы, 8 көлік болды. Осының өзі аз болғандықтан қолмен істеуге тура келді. Осынша ауыр жұмысқа қарамастан, жұмыс уақытында аяқталды. Жолдың құрылысы бір-біріне қарама-қарсы жұмыс жасайтын 2 бригадadan тұрды. Олардың біреуі Ақмоладан, ал екіншісі Қарталдан шықты [1]

Жерді орналастыру толығымен мемлекеттік бюджетке көшті. Келесі колхоздар төлемдерден босатылды: Қызыл Жар, Трудовое поле, Кіндіксай, Қожай, Менатыс, Қаратұмар, Шилі, Сабанкөл, Қояндыкөл, Қызыл Таң, Кубетова, Жусулан, Ынталы, Куйбышев ат., Шилі № 16, Құмжота, Жаркөл, Қанжатқан, Құсмұрын, Бесағаш, Қоскөл, Жақсылық, Ноғайкөл, Қожакөл, 13 Октябрь, 1 Май, Жаңаталап, Қосжалтыр, Інқұдық, Ақбас [1].

Жолды салу тарихы оқиғаларға толы. 1939 жылы 7 мамырда Александр Александровтың құрылыс бригадасы Украинадан келіп, Кенжатқан колхозының маңында орналасты. Александр Александровтың бригадасы Құсмұрын станциясын сала бастады. Осы ұжымдар тез өсе бастады. Алесаксандр Александров басқарған, құрамы 20 адамнан тұратын құрылыс тобы Әуликөл ауданы «Кенжатқан» колхозынан 6 шақырым жерде алғашқы жұмыстарын бастап кетті. 72 - ші разъезде Обаған көлі арасында құрылыс қалашығын құрды. Палаткаларда жұмысшылар тұрды, әкімшілік, асхана, өндіріс қоймасы орналасты. Караганка көлінде балық аулап, жақын ауылдардан қарбыз және қауын әкелініп отырды. Құрылыс комсомолдық болды. Сол себепті де, құрылыс алаңында көптеген жастар жұмыс атқарды. Екі жеті өте көп топ толықтырылды: алғашқы қоныстанушыларға көмекке тағы да 200 адам қосылды. Олардың құрамында: жұмысшылар, колхоздықтар, партия және Қостанай облысы кеңес басқармалары өкілдері болды. Ерекше беделді топ - өзбек Абу Мирходжаев басқарған жер қазушылар тобы. 25 комсомолшы - өзбек атқарған талмас талап, еңбек арқасында болашақ Құсмұрын теміржолы пайда болды. Обаған көлі арқылы көліктік көпір салынды. Асхана мен наубахана құрылысы басталды. Теміржол тас жолы салынды. Ал өз кезегінде құрылыс алаңына жаңа - жаңа құрылысшылар легінің келуі таусылмады. 1939 жылдың шілде айында Александров тобында 700 құрылысшы топтастырылды. Донбасстан Григорий Коваленко басқарған жер қазушылар тобы келді. Коваленкомен қоса оның төрт ұлы да топ құрамына қосылды: Яков, Иван, Ефим, Григорий.[1]

Полтава облыстық комитетінің жолдауымен құрылысқа машинист көмекшісі Василий Добрица да келіп жетті. Поезд жүргізушісі Лаврентьевпен қоса ол жаңадан салынған жолдармен алғашқы паровозды жүргізді.

Бригада күнен күнге өсті. Азаматтық құрылысқа қыркүйекте кіріссе де, қысқа қарай 42 барак, 4 үй, 3 асхана, 3 дүкен, 2 нанханасы, 3 монша, 3 көкөніс сақтау құрылысы салынды. Сонымен қатар 34 жеке үйлер салынды. 1940 жылы 7 ақпанда екі жақтан келе жатқан жол салушылар кездесу күні барлығының да естерінде. Теміржол Қарағанды мен Магнитканы байланыстырды. 8 ақпанда Құсмұрыннан Магнитогорскқа көмірмен бірінші құрам кетті. 1940 жылдың мамыр айында Құсмұрынға 17 құрылыс-монтажды поезд келді. Оны И.Титов басқарды. Депо, үй және басқа да объектілер салына бастады. Жаз және қыста құрылыс жалғастырылды. Жер қазушылар бригадасын комсомолец Липунов басқарды. Құрылысшылар қиындықтарға қарамай күндіз түні құрылысты тоқтатқан жоқ [1].

Құсмұрын бекінісі кеңестік заманда жаңа тарихи кезеңін басынан өткізді. Жаңа мекен қалыптасты, ол 1930 жылдардағы қоғамдағы оқиғалармен байланысты болды. Құсмұрынның жаңа тарихы осылай басталған еді.

1939 жылы қарқынды даму кезінде Ақмола-Қарталы бағытындағы теміржолын салу кезінде көптеген жас жігіттер мен қыздар комсомолдық жолдамамен келіп орналаса бастады. Семиозерныйда орналасқан үшінші прорабтық бекеттен екінші құрылыс орнына бірнеше машиналар мен екі трактор бөлінді. Жылқы базасында 300-ге жуық ат пен көптеген темір қиындылары болды. Осы аздаған құралмен комсомолдықтар темір жолын салуға кірісіп кетті. Обаған өзенінің бойында палаткалардан құрылған қалашықтар пайда болды. Бұнда жұмысшылар, әкімшілік орталықтары, асхана, азық-түлік қоймалары орналасты. Комсомолдық құрылыс «Құсмұрын кенті» деп аталатын саяси бөлімшенің партком бөлімінің меңгерушісі Глазунова Зинаида Феодоровна басқарған. Сырттан, еліміздің әр жерінен жиналған жастармен қатар жергілікті қазақ жастары да бірге қосылып жұмыс істеді. Жастарға қиын жағдайда жұмыс істеуге тура келді, әсіресе қысқы аяздар мен борандарда оңай болған жоқ. Кешке ол қиындықтардың болғанындай сезілетін. Құрылыс кезінде жұмыскерлер палаткаларда пеш жағып тұрды.

Қыстың суық болғаны сонша, кейде аяз 45-50 градусқа дейін көтерілген, қатты жел болған. Ауа-райының қолайсыздығы жұмысқа көп әсерін тигізіп, телеграф бағандарын бұзып жатты. 1941 жылы көктемде қардың көптігінен су тасып Обаған көпірін шайып кетті. Осындай кездерде тіпті жұмыскерлерге азық-түлік жетпеген кездер де болды, бірақ ешкім жұмысты тастаған жоқ.

Құрылыс басында «Құрылысшы» газеті шығатын. Ол әр түрлі мақалалар жазып, жұмысшыларды жігерлендіретіндей, жұмыс қарқынын халыққа жеткізіп отырды. Бұрынғы палаткалардың орнына барактар мен жер үйлер салына бастады.

Құсмұрындағы алғашқы саманнан салынған ғимарат наубайхана мен асхана болды. Ол қазіргі уақытты «Прорабский» көшесінде орналасқан.

Бұл жылы ауа-райының қолайсыздығына байланысты поезд көп өткен жоқ. Суды Семиозерный (Әуликөл) ауданынан тасыды, ал қыста қар ерітті. Бірінші вагон құрамы 16 тонналы болды [2]. 1939 жылы 7 мамырда «Кен - жатқан» колхозынан 6 шақырым жерде, Семиозер (Әуликөл) ауданында, жайлауда, он бес адамнан құрылған топ құрылды. Қонысшылар шатырларын құрып, жұмысқа кірісті. Олар бұл жердегі учаскелерді өлшеп, жоспарлары мен сызбаларын жасады.

Көп ұзамай жайлауда балталардың тарсылы, автомашиналардың гуілі, тележкалардың сықыры естілді, олар құрылыс материалдарын тасыған болатын. Лагерде тұрғандардың саны тез өсті. Қазақстанның өзге қалалары мен ауылдарынан ЦК КП (б) тапсырмасы бойынша коммунистер мен комсомолдар келді. Географиялық картада белгіленген аймақ өркендей берді. Құрылыспен бірге Ақмола-Қарталы теміржол магистралі құрылды. Болашақ өсіп келе жатқан аймақ «Құсмұрын станциясы» деп аталды [3].

Сонымен, 1940 жылдың 7 ақпанында екі бағыт - Ақмола және Қарталы станциясынан түйісті: теміржол Қарағанды мен Магнитогорскіні байланыстырды. 1940 жылдың 8 ақпанында құсмұрындықтар үшін елеулі қуанышты күн болды: Магнитогорск бағытымен қарағанды көмірі тиелген алғашқы сауда тобы жолға шықты. 1940 жылдың жаз айында құрылысшылар Құсмұрын бекетінде вагондарда, жер үйлерде, палаткаларда тұра бастады. 1940 жылдың мамыр айында Құсмұрын бекетіне Титов басқарған 17 - ші құрылыс - монтаж поезді келіп жетті. Сегіз пәтерлі үйлердің құрылысы салына басталды. 1940 жылдың аяғында, қыс мезгілінде боранға қарамастан, жаңа құрылыс цехтарының жұмысы басталды. Жоғарыда айтып кеткендей, басқарушысы болып Липунов тағайындалды [1].

Құсмұрын станциясы Қарағанды темір жолының ең ірі станциясы болды. 1947 жылы ауылда 10 мыңнан аса адамдар тұрды. Бірінші жылы мұнда 1634 станхановтар, 205 луниндер болды. 15 орденоносецтердің арасында узел жүргізушісі Фадеев болды. Еңбек Қызыл Туының иегері, кейін Батыр атағына ие болды. Жүргізуші Скобин (Қызыл Жұлдыз иегері), кондукторлық резервінің бастығы Блескин (Құрмет ордені). Соғыс жылдары кезінде 1149 медаль, «Құрметті темір жолшы» белгісімен - 25 адам, «Сталиндік үндеудің үздігі» - 41 адам, құрмет кітабына 221 теміржолшы мен жолшылар енді [1].

Жол құрылысы аяқталғаннан кейін, бекеттің құрылысы басталды. №17 құрылыс - монтажды поезд келді. Ең алғаш 8 пәтерлі үш ағаш үй салынды. 1940 жылы теміржол құрылыс учаскесінің клубы салынды.

Ағаш үйлердің біріне мектеп орналастырылды. Ал жаңа мектептің құрылысы 1940 жылы басталды. Осы мектеп жөнінде № 200 орта мектептің қарт мұғалімі Шейбель Ида Филиповнаның жаңа мектептің құрылысы жайындағы баяндауын келтірсем: "Ескі мектепте сыныптар кішкентай, қолайсыз болды, тіпті оқушылар жарықсыз оқыды. Соған қарамастан халық саны өсе берді, жаңа мектеп салуға тура келді"- деген болатын.

1941 жылы жаз айы. Жылу орталығының қазандығы таңдалып, іргетасы қаланды. Құрылысшылар жігерлене жұмысқа кірісті. Мектептің құрылысын №144 құрылысшылар бастады. Онда мектеп оқушылары, мұғалімдер, от басындағы әйелдер жұмыс істеді.

1942 жылдың 22 қаңтарынан бастап жаңа мектеп іске қосылды. Онда біздің мектеп қазіргідей емес еді.

Мектептің айналасы жусан өскен, жалғыз ғана ағаш болатын. Ал қазір мектептің айналасы өзгеше, ағаштар, жасыл желек.

Бұл уақыт аралығында Құсмұрын танымастай өзгерді. Жайлауда екі қабатты үйлер, наубайхана, асхана, уақытша барактар және алғашқы өндіріс орындары ашылды. Жегілікті тұрғындар ауылдың тез көркейгеніне қуанды. Бірнеше жылдың ішінде Құсмұрын үлкен жұмыс орталығына айналды және Ақмола-Қарталы жолының маңызды пунктіне айналды. Қазіргі кезде Құсмұрын тұрғындарының саны 10000 - ға жетті. Жер үйлердің орнына стандартқа сай көп қабатты және сегіз пәтерлі үйлер салынды. Ауыл толығымен жарықпен қамтылды. Жергілікті тұрғындар үшін клуб, монша, дәмхана, асхана мен дүкендер салынды. Ауылдың шұрайын биік, таза әрі жарық екі қабатты онжылдық мектеп келтіріп тұр. Сонымен қатар депо ғимараты, орталық қазандық, су тасымалдайтын башня, вагон жөндейтін пункт, механикаландырылған шеберханалар бар [2].

Ауылдың болашағы жарқын. Төртінші сталиндік бесжылдықтың өзінде ал абаттандырылған жұмысшылар қалашығына айналды. Қазірдің өзінде ауылды көркейту жұмысына арналған құрылыс материалдарына бай болды. Жаңа құрылыс ғимараттары салынған. Жер қазушылар, кірпіш қалаушылар, сылақшылар, столяр-плотниктер, 1949 жылғы құрылыс жұмыстарында әлеуметтік жарыстарға түсе отырып, жақсы нәтижеге жеткен. Сәуір айында олар құрылыс жоспарының 144 пайызын, мамыр айында 104 пайызын, маусым айында жоспардың 120-125 пайызы орындады.

1940 жылы ақпан айында теміржолының құрылысы аяқталды. Қарағандының көмір орталығы мен Орал Магниткасын байланыстырып тұратын Ақмола мен Қарталы арасындағы темір жол байланыс жолы осылай пайда болды. Тұрғылықты құрылысшылар мен вагондар мен жертөлелерде тұра бастады. Маңайдың бәрін жусан басып жатты. Көлдер де көп болатын. Әрі қарай шеті жоқ жазық дала. Көктемде жазық даланы қызғалдақтар түрлі-түсті әсем кілем-дастарханға айналдырады. Поселок өсе бастады.

Құсмұрын станциясының вокзалы 1949 жылдың 25 қыркүйегінде қолданысқа енді. Вокзал жұмысшылары үнемі абаттандырылған. Вокзал жолаушыларына арналған әйелдер мен ерлерге арналған демалу бөлмесі, шаштараз, анықтама бюросы, дәріхана, «Союзпечать» киоскісі бар. Күту залында автоматтандырылған анықтама құралы, автоматтандырылған жүк сақтау қоймасы бар. Билет кассасында жолаушыларға арналған хабарласу құрылғысы орнатылған [2].

Қостанай облыстық КП(б) комитеті көлік өнеркәсібі бөлімінің менгерушісі К.К. Лузиноның Қостанай - Құсмұрын темір жол құрылысын жеделдету жайында коммунистік партияның орталық комитеті ауыр өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі К.Колымбетовке 1950ж 4 ші наурызында хат жолдайды.

Қостанай оңтүстік - Оралмен Қарағанды темір жол құрылысын салуға жол трассасы 1948 жылы ізденіп табылды. Жобалау жоспары КП облыстық комитетінде қарастырылып КП облыстық комитетінің басшылығы жоспарланған жол құрылысы бойынша Құсмұрын станциясынан 4 шақырым жердегі Обаған көпірінің төмен Қарталы бойына дейін жобамен келісті. Осы жобаны пайдалану және қаржыландыру бойынша тиімді деп есептеген. Сонымен қатар Құсмұрын аумағындағы КСРО министірлер кенесінің жобаланған шахта құрылысы, темір жол құрылысы және облыстық ауыл шауашылығын дамыту бойынша жалпы жоспарды жүзеге асыру жұмысшыларды жинақтау , жұмыс күшін құрастыру қиындықтар туғызды.

КП облыстық камитеті облыста тез арада қара, түрлі-түсті металл, көмір мен химия өндірісін және темір жол көлігін дамытуды көздеп отыр, сонымен қатар біріншіден Қостанай-Құсмұрын темір жолының құрылысын тездету мақсатында 1950 жылы жоба жоспарын жасап, 1951 жылы қаңтар айынан құрылысты бастау қажеттілігі айтылған болатын. Сол кезде КП Қостанай облысы көмір өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі қызметін К.К. Лузинн басқарған еді.

1949 жылдан бастап өзінің бар өмірін темір жолына арнаған Құсмұрын кенті вокзалының бастығы Трофим Савельевич Степановты ерекше атап өтуге болады [1].

Сонымен қорытындыласақ, Қазақстанның теміржол, оның ішінде Құсмұрын станциясы қызметі оның Кеңес Одағының басқа да аймақтарымен байланысының материалдық тірегі ретіндегі рөлін атқарып қана қойған жоқ, оның үстіне республиканың өз ішіндегі облыстар, қалалар мен ауыл-село, өнеркәсіп орталықтары мен ауыл-село шаруашылықтары арасындағы байланысын жақсартуға да үлкен көмегін тигізді. Сонымен қатар көлік қатынасы индустриялық еңбектің жетекші салаларының бірі бола отырып, сондай-ақ ұлттық жұмысшы табын және инженерлік-техникалық интелегенцияны қалыптастырудың ірі экономикалық негізін қалады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қайнар көзі: История ст. Кушмурун <http://kushmurun.com/kushmurun/istoriya-p-kushmurun>
2. Қайнар көзі: Сайт п. Кушмурун <http://kushmurun.com>
3. Қайнар көзі. kushmurun/item/150-passport-p-kushmurun-na-1-11-2012

1920 - 1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДА ҚОСТАНАЙЛЫҚ ГАЗЕТ БЕТТЕРİNДЕ

Ерменбаева Г.К. т.ғ.к., доцент – ғылыми жетекші
Шәкір М.М. тарих және құқық факультеті, 2 курс магистранты
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

«Газет – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» - деп А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінің алғашқы санында айтқанындай, газет арқылы кез-келген елдерге қатысты ақпарат білуге болады [1,6]. Әсіресе, саяси-идеологиялық мәселелер жіті қадағаланады. Кеңестік мерзімді басылымдардың негізгі қаруы лениндік-марксистік формацияға негізделген коммунистік идеологияны халыққа терең сіңдіру болды. Коммунистік баспасөз әлемнің көптеген елдерінде болды. 1920 – 1930 жж. әлемде 15 мың газет және 8 мыңға жуық журнал шығып тұрған [2,25]. Өзіндік жабық саясат ұстанған кеңестік держава, халықаралық жаңалықтарды жариялауда өз идеологиясына негізделген әдістер қолданды. Әлемдік жағдайдың баспасөз беттерінде жазылуы негізгі саяси құбылыстың бастамасы болып табылды. Әр елдің өзіндік қағидасына қарай өзгеріске ұшырап немесе бір идеологияға негізделіп отырды. Кеңестік баспасөздің ерекшелігі – көптеген халықаралық оқиғаларға бір жақты баға беріліп қана қоймай, оған сыни көзқарас тудыруында.

Кеңес өкіметінің газет-журналдары жұртшылыққа идеологиялық ықпал жасап, әлеуметтік бейімдеу бағытын беруге пайдаланылды. Идеологиялық мақсатқа сәйкес тәжірибелік міндеттер үшін қажетті ақиқат материалдары, құнды фактілер көптеп кездеседі.

XX ғасырдың 20-30 жылдары шығып тұрған «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Социалды Қазақстан», «Қазақстан большевигі», «Народное хозяйство Казахстана», «Большевик Казахстана» және тағы басқа басылымдар қоғамда болып жатқан әр алуан, ірілі-ұсақты оқиғалардан халыққа ақпарат жеткізу міндетін атқарса, уақыт өте келе елімізде коммунистік диктатураның орнауы, әкімшіл-әміршіл жүйенің қалыптасуы және орнығу тарихының құнды дерек көзіне айналды.

Әрине газет оқырмандары ауыл тұрғындары болды. Сол кездердегі облыстық болсын, аудандық газеттердің барлығы дерлік «Ауыл», «Социалды ауыл», «Красная степь», «Степь», «Степная заря», «Степной крестьянин» деген сияқты атаулармен аталуы бекер емес.

Кеңес дәуіріне дейін Қазақстанда шығып тұрған газеттер қандай мақсатпен жұмыс істесе, XX ғасырдың 20-30-шы жылдарында жарық көре бастаған қазақ баспасөздері де сондай бағдарламамен қызмет атқарды. Дегенмен де, бұл газеттер Кеңес өкіметі қойған міндеттер мен мақсаттарға, оның отаршылдық саясатын жүзеге асыруға қызмет еткенімен, халықаралық жағдай, шет елдер өмірінің мәселелерін көтеруге де едәуір үлес қосты. Себебі халықтың жаңалыққа деген құштарлығы сол кезде шығып тұрған газеттер дерек қорының молдығымен, қарастырған мәселелерінің ауқымдылығымен құнды болды. Алайда, газет-

журналдардың бағытын айқындауда, мазмұндық талдауларында тоталитарлық жүйенің тигізген салқыны анық байқалады. Мерзімді баспасөз партияның қолындағы пәрменді құрал ретінде болып, қатаң сыннан өткізілді. Газет тек үгітші, ірі насихатшы ретінде сол кезеңдегі саясатты дәріптеді.

Қостанайлық басылым беттеріндегі халықаралық жаңалықтар шетелдік коммунистік газет-журналдарда жарияланып қана немесе арнайы тілшілер жеткізген ақпараттармен толығып отырды. Жалпы газет атаулыға тән төл ерекшелік осы үгіт – насихат қызметін атқару барысында салмақтанады. Сондықтан да болар әр жылдары жарық көрген басылымдар – еліміз тарихының әр күні, айы мен жылының жылнамасы іспетті. Мерзімді басылым тарихын, әсіресе ұлттық баспасөз тарихын, бүгінгі күн талабына сай, ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарау, төл тарихымызды толықтыра түсері, оларды тарихи дерек көзі ретінде пайдалану бұралаңы мол ХХ ғасырдағы қазақ тарихын тереңірек зерттеуге мүмкіндік берері анық.

Қазақ жерінде баспасөз ісінің ерекше дамуы большевиктер билік басына келгеннен соң көрініс береді. Қазақ КСР шығып тұрған газет-журналдар негізінен жергілікті жердің жаңалықтары, партия, баяндамалар, кедей шаруалардың жағдайы мен капитализмге қарсы күресуді үндеді. Біз қарастырып отырған халықаралық жағдай тек таралымы арнайы кеңестік басылымдарда жарияланып отырды. Тұңғыш рет Қазақстанда жарық көрген кеңестік баспасөздер туралы статистикалық мәлімет беретін екі тілде жарық көрген «Қазақ ССР газеттері 1917 - 1975. Газеты Казахской ССР 1917 - 1975» атты жинақтан қарауға болады [3]. Мәліметтерге сүйенсек Торғайды қоспағанда Қостанай облысынан қалалық аудандық жалпы 139 газет жарық көрді. Олардың ішінде 132 орыс тілді, 7 қазақ тілді газеттер. Алайда көбі уақыт өтуіне орай әр түрлі аттарды иемденді [3, 68-71 бб, 244-262 бб.]. 1920 - 30 жж. аралығында жарық көрген басылымдардың саны неғұрлым аз. Мәселеге қатысты М. Дулатов «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы 5 мамырдағы нөміріндегі «Баспасөз үммесі» атты мақаласында: «Төңкерістің алдында Ресейде 2500 шамалы газет, журнал шығатын еді. Орыстан өнерлірек жұрттардың газет, журналы мұнан да көп еді, қазағы, қырғызы бар Қазақстан, Түркістанды қоса санағанда бұл күнге шейін шығып, тоқтаған хәм шығып тұрған газет, журналдар мыналар», - дей келе, 42 басылымның атын атайды [4].

Ұжымдастыру жылдары болуына байланысты шаруаларға бағыт-бағдар көрсетіп, компартияның жиналыстары мен баяндамалары, жұмысшылардың жағдайы баяндалды. Халықаралық жаңалықтар қалалық және аудандық газеттерде арнайы айдармен жарық көріп тұрды. Мысалы: 1930 жылдан бастап Қостанайда аптасына 3-4 рет шығатын «Степная коммунна» газетінде «Қызыл аймақтың арғы жағы» деген бөліммен әр санында шетелдік хабарлар жарияланып отырды. Қостанай губерниялық партия комитеті мен губкомының органы «Ауыл» газеті 1923 жылдың 1 қыркүйегінен бастап шыға бастады. Қостанайда баспахана болмағандықтан «Ауылдың» алғашқы номерлері Челябині қаласында басылды. Кейін газеттің редакторы М. Сералин Қазан қаласынан баспа машинасын және басқада жабдықтар алып келген соң газет Қостанайдың өзінде шығып тұрған. 1924 жылға қарай Б. Майлин осы газеттің редакторы болып жұмыс атқарады. Профессор Темірғали Нұртазин «Бейімбет Майлин творчествосы» атты монографиясында, 1923-1925 жылдар аралығында «Ауыл» газетінде еңбек еткен Бейімбет Майлин 1925-1927 жылдары «Еңбекші қазаққа» істейді де, кейін «Ауыл тілі» газетіне редактордың орынбасары болып ауысады. Осы екі газетте қызмет атқарған жылдары төңірегінде Т.Нұртазин: «*Редакторлар жоқ уақытта өзі редактор болып отырды*» деп көрсетеді [5,21]. Газет тілшілері: С.К. Карпыков пен Ж. Еленовтар газетте оқырмандарды халықаралық жағдаймен таныстырып отырды. Халықаралық жаңалықтармен арнайы айдар бөліп таныстырып отырған. Қостанайлық газеттердің бірі «Ленинский путь» болып табылады. Ол алғаш 1918 жылы Қостанай облыстық комитеті, Қазақстан және облыс кеңестері коммунистік партия губерниялық комитеті (КПГК) ұжымдастыруымен шыға бастады. Кейіннен «Вольное слово», 1919 жылы «Повстанец», 1920 жылы «Красная степь», 1930 жылы «Степной край», «Степной крестьянин», «Степная коммунна», 1936-1956 жж, «Сталинский путь» болып өзгертіліп

шығып тұрды. Осылай алғаш рет солдат және қырғыз депутаттары мен Қостанай уақытша үкіметінің ұйымдастыруымен жарық көре бастады. Газеттердің мазмұнынан байқағанымыздай кеңестік газеттер әр жылдардағы жоспар мен бағыт-бағдарларға байланысты атаулары ауысып отырған. Соған байланысты бұл газеттердің кей сандарының өзгеруіне орай халықаралық жаңалықтар жарияланбаған. Газеттерде Еуропа және Азия елдеріне қатысты жаңалақтар баяндалып отырған. «Степная заря» газеті 1922 жылдан № 73 (29 шілде), 1923 жылдар № 43 (26 сәуір) аралығында шыққан. Кейіннен «Степной крестьянин» деп аталды. Аталған газетте шетелдік жаңалықтар «За границей» деген арнайы айдарда жарық көріп отырған. 1922 жылғы 20 желтоқсанындағы номерде Кіші Азия мен Еуропадағы оқиғалар баяндалады. Кемальдықтардың шетел азаматтарын елден қуып шығуы сауданы мүлде тоқтатып тастаған еді. Түріктердің Смирна қаласында шет елдіктерді қайтару үшін жергілікті халық көтеріліске шығып, Кемаль әскерімен қақтығыстарда қайтыс болғандар мен жаралылар саны 500 адамға жеткен. Түркияға көрші Грекияның Патрас, Мистолунга және Корфу аралдарында контрреволюциялық күштер көтеріліп, көптеген жерлерде британ туы тігілгені туралы баяндалады [6]. Осы газеттің кейінгі сандарында «Капиталисты хотят крови» деген тақырыпта жазылған ақпарда Англияның гректер мен түріктер арасындағы соғыс қимылдарын қайта тұтатқысы келетіндігі жайында жазбалар келтіреді. Ағылшын газеттері грек әскерінің түріктерге аяқ астынан шабуыл жасайды деген жазбалармен екі ел арасына іріткі салып отыр деп көрсеткен. Еуропа жұмыскерлерінің билікке деген көтерілістері жиілей түскен. Бельгияда мемлекет коммунисттерінің басшылығымен жұмыскерлер соғыс қаупінің жақындап қалуына байланысты ел әскерінің Германиядан шығарылуын талап еткен. Францияда да көмір өндірушілердің ереуілі бұрқ ете қалған. Бұрындары жасырын жұмыс жасап келген америкалық коммунистердің белсенді қимылдай бастағанын және Чехославакия коммунистік партиясының съезді Кеңестік Ресейге жақтастығын білдіріп революциялық іс-әрекетке көшетіндігін қуанышпен хабарлаған [7]. Саяси ақпарлармен қатар қарапайым халықтың қызығушылығын тудыратындай жаңалықтарды жариялап отыруды да ұмыт қалдырмаған. Соның бірінде американдық ұшқыш Монтхем Пулитцер сыйлығы үшін сайыста Кертис аэропланында ұшу жылдамдығы бойынша әлем рекордын жаңартқаны айтылады. Француз ұшқышы орнатқан бұрынғы көрсеткіш сағатына 308 верст болса, Монтхем бір сағатта 352 верст ұшып өткен [8]. «Степная заря» газеті өзі шығып отырған қысқа уақытта өңір халқын ел жаңалықтарымен қатар, шетел жаңалықтарымен таныстырып, халықтың сауат ашуына үлкен септігін тигізгендігін көре аламыз.

Сонымен қатар газетте Азия елдерінде болған қарулы қозғалыстар туралы баяндалады. Бұл туралы Қытайдағы Қызыл әскердің жеңістері туралы «Қытайда шығатын «Шанхай боо» газеті Қызыл әскердің хатын жариялады. Хатта Қытай шаруаларының ісін қорғаушы Қызыл әскердің қалай өмір сүретіні жазылған. Сонымен қатар алтыншы Қызыл әскер Хубей провинциясында болып жатқан шаруалар көтерілісіне бола құрылды деп жазылған. Қызыл әскерлер шаруаларға егін және қара жұмыста үлкен көмек көрсетуде. Алтыншы Қызыл әскер отрядтары орналасқан барлық уездерде әскерге материалдық көмек көрсететін шаруалар ұйымдары құрылған. Әскер жақсы қаруланған. Қызыл әскердің арасында әрдайым саяси мәні бар жұмыс жүргізіледі. Әр ұрыстан кейін Қызыл әскерлер жиналыс өткізіп өткен ұрысты талқылайды. Хаттың соңында Қызыл әскерлік былай деп жазады: - «Алтыншы әскер күресуді және женуді үйренді!» - деп хабарлайды [9].

Ағылшын отарындағы Үндістанда коммунистік идеологияға қарсы шаралар қолданылып отырды. «Министрлер кеңесі ел ішінде ашық және жабық коммунистік жиналыстарды, қозғалыстар мен ашық жиындаға тиым салды. Индияда қара жұмысшылар жаппай жұмыстан шығып жатыр деген хабар толассыз келіп жатыр. Аллахабад қаласында темекі өндіретін компания 4,5 жұмыскерінің 2,5 мыңын жұмыстан босатты деп либералды «Лидер» газеті хабарлайды. Бомбейдегі 6 мақта – мата өндіру фабрикаларының әкімшіліктері 1 тамыздан бастап «саяси жағдай жақсарғанға» дейін тоқтатылады. Бұл 30 мыңнан астап еңбек ақысынсыз қалатынын білдіреді. Бұл жағдайды сезген Бомбейлік жеңіл

өнеркәсіпшілер көтеріліс ұйымдастырмақ. Үнді үкіметі соңғы кездері «Гирни камгар» тоқымашылар революциялық кәсіподақ ұйымын андуды күшейтті. Үнді газеттерінің хабарлауы бойынша ұлы үнді темір жол қызыметінің әкімшілігі көтеріліске қатысқан 30 мыңнан астам жұмысшыны қайтадан жұмысқа алудан бас тартты [10]. Үндістандағы соңғы оқиғаларға қатысушылардың басым бөлігі әйелдер болды. Тамыздың басында Бомбей қаласында өткен ең ірі көтерілісте әйелдер ағылшын империялизмінің сатқындық саясатына қарсы шықты [11].

«Степная коммуна» газетінің қыркүйек айындағы санында Үндістан жеріндегі жағдайлар туралы былай делінген: «Соңғы кездері капиталистік мемлекеттердің отарларда шаруалар көтерілісі жиі болып жатыр. Үндістанда өткен шаруалар көтерілісінде өткен көтерілісшілер полицияны таспен атқылады. Бұған жауап ретінде полиция оқ жаудырды. Бірнеше шаруа мен полиция инспекторлары қаза болды. Француздық отар Үнді-қытайда өткен шаруалар көтерілісі көп аймақтарға тарады» [12]. Осылайша бұл елдегі жағдай күшейе түсті. 20 мың адамнан құралған Қытайдың Қызыл армиясы Чанша қаласына басып кірген болатын. Шетелдіктер қала ішіндегі экскурсияға дайындалып, Қызыл әскер Чанша қаласынан 30 км жердегі Милань қаласын басып алды. Осы кезде Қызыл әскердің келесі бөлігі Чаншаның оңтүстік-батысынан 40 км жерде орналасқан Сянтян қаласына жылжи бастауы барлық халықты алаңдатты. Сонымен бір уақытта Қызыл армия отрядтары Чаншаның солтүстік-батысына бет алған болатын. Осылайша қала толық қоршауға алынды [13].

Қорыта келгенде 1920 – 30 жж. жарық көрген кеңестік Қазақстандық баспасөздің таралу ауқымы неғұрлым кең болды. Қостанайлық мерзімді басылымдарға шолу жасай отырып, ол өңірде мекендеген халықтардың халақаралық жаңалақтардан толық құлағдар болғанын, халықтың сауаттылық деңгейі жоғары екінін айтуға болады. Баспасөз ісіннің жақсы жандануы, сол кездегі жүргізілген коммунистік идеологияның жақсы тамырланғанын көрсетті. Социалистік идеологияның әлемде тезірек дамуы, халықтың қолдауына ие болуының себебі – сол кездегі дүние жүзінде болып жатқан дағдарыс, толассыз соғыстар, отарлық елдердегі қанаушылық түрткі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейінгі әлем елдерінің жағдайы, әсіресе әлемдік экономикалық дағдарыс барлық елдерге өзінің салқындығын тигізді. Үлкен империялар ыдырап, біразы өз отарынан айырылды. Әсіресе Осман империясына Англия, Ресей, Франция т.б ірі державалардан жасалған қысымнан жаңа Түркия республикасының қалыптасуы, шығыс елдеріне деген ауыр соққы болды. ХХ ғ. 20-30 жж. адамзат тарихы үшін ауырда қасіретті кезең болды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ» газеті /Құраст. Ү. Субханбердина және т.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998. – 6б.
2. Биск Я. И. Пресса Веймарской Германии.-Иваново, 1995. – 25б.
3. ССР газеттері (1917 – 1975) [Мәтін] : жинақталған көрсеткіш //Газеты Казахской ССР (1917 – 1975) [Текст] : сводный указатель. – А.-А., 1977. – 255б.
4. Дулатов М. Баспасөз үммесі //Еңбекші қазақ. – 1923, 5 мамыр.; Соныкі. Шығармалары. – Алматы, - 1994, 184б.
5. Нұртазин Т. Бейімбет Майлин творчествосы. - Алматы: Ғылым, 1966.-21б.
6. Кіші Азия мен Еуропадағы оқиғалар //Степная заря, № 127 (185), 1922 жыл, 20 желтоқсан
7. Капиталисты хотят крови //Степная заря, № 22 (339), 1923 жыл, 1 наурыз
8. Әлемдік революция алдындағы қорқыныш //Степная Коммуна 1930 № 107 (747) 4 шілде
9. Қытай қызыл армиясы күресуді және жеңуді үйренді» //Коммуна, 1930, №101 (741) 28 шілде
10. Коммунистік жиналыстарға тиым салу // Степная Коммуна, 1930, №107 (747) 4 шілде
10. Үндістандағы революциялық оқиғалар – Бомбей //Степная Коммуна, 1930, №121 (761) 21 тамыз

11. Колониядағы көтеріліс // Степная Коммуна, 1930, №144 (784) (4) қыркүйек

12. Чанша қаласы қызыл армия қоршауында. Шетелдіктер эвакуацияға дайындалуда // Степная Коммуна, 1930, №131 (771) 2 қыркүйек.

МЕНДІҚАРА АУДАНЫ ЕКІНШІ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

*Өтеген Исенов, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.
Аида Киялова, Математика мамандығының I курс студенті
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*

Екінші дүниежүзілік соғысқа әлемнің көптеген мемлекеттері қатысты. Бірақ, оның негізгі ауыртпалығын көп ұлтты кеңес халқы көтерді. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы XX ғасырдағы ең басты шиеленіскен оқиғаның бірі ретінде, адамзат тарихының ең қайғылы беттерінің бірі ретінде мәңгілікке есте қалмақ. Жеңіс миллиондаған адамдардың құрбандықтары мен қайғы-қасіретінің құнымен, біздің әкелеріміз бен аталарымыздың өмірлерінің төлемімен келді [1]. Қазақстандықтар, КСРО-да мекен еткен көп ұлтты барлық халықтармен қатар, өздерінің ортақ Отанын жанқиярлықпен қорғады. Қазақстанда ондаған дивизиялар, бригадалар мен жекелеген бөлімдер құрылды. Қостанайда құрылған 151-жеке атқыштар бригадасы кейін 150-атқыштар дивизиясының негізін қалаған болатын. Ұлы Отан соғысының майдандарында барлығы 73 мыңнан астам қостанайлық қатысты. 24 мыңнан астамы ұрыс алаңдарында қаза тапты, 3,5 мыңы – госпитальдарда алған жараларынан қайтыс болды, 16 мыңға жуығы – хабарсыз кетті [1].

«Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін» ұраны тылда қалғандардың өмірлік мәніне айналды [2]. Қостанай облысының Мендіқара ауданының екінші дүние жүзілік соғыс қарсаңындағы тарихына қысқаша тоқталсақ. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Мендіқара ауданында май зауыты, шыны зауыты, астық қабылдау кәсіпорны, шаруашылық фермалар, 41 колхоз болды. Сол кездегі ең озық колхоз шаруашылықтары қатарында: «Боевик», «Трудовая сила», «Земледелец», «Охотник», «Май-алап», «Жаңа тұрмыс», «Екпенді», «8 Март», «Дружный», «Красный повстанец» болды. Ауылшаруашылық техникаларға қызмет көрсету және жер өңдеу мәдениетін көтеру үшін Молдыбай, Долбушинск, Михайлов, Қаратал және Мендіқара МТС-тері құрылды. МТС үшін жұмыс кадрларын дайындау Боровской кентіндегі механизаторлар мектебінде (кейіннен АКТУ, қазіргі кәсіби техникалық колледж) жүргізілді [3].

Ауданда аудандық аурухана және дәріхана, ал ауылдық округтерде – медициналық пункттер жұмыс істеді. Мәдениет мекемелерінің ауқымды жүйелері жұмыс істеді. Мендіқаралықтар үшін екінші дүние жүзілік соғысы ауыр соққы болды. Бұл уақытта ауданның клубтары басты әскерге шақыру пункттеріне айналды және онда әрдайым кезекшілік бақылау жүргізілді. Мәдениет үйінің қызметкерлері осындай қиын жағдайда халықтың өміріне жағымды өзгеріс беру үшін және майданға қажетті қаражат жинады. Халық үшін спектакльдер мен концерттер ұйымдастырды. Сол кездерде Е.Кристан басшылық еткен алғашқы үрмелі оркестр құрылған.

Мендіқара ауданының территориясында тоғыз әскери комиссариаттың бірі орналасты. Мендіқара ауданынан майданға 8360 адам кеткен болатын. Соның ішінде 4323 адам қаза болған. 2221 адам хабар ошарсыз кетті.

Соғыс жылдарында ер адамдарды әйелдер мен жасөспірімдер, кейде балалар да алмастырды. Мендіқаралықтарға «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!» деген сөздер тылдағы еңбек етіп жүргендердің басты ұраны болған еді. Ағайынды Бурдейновтар, Мария Понамарчук, Наталья Фисун, Татамирова, Склера, Фисуна, Осипова есімдері бүкіл ауданға танымал болатын. Аудан адамдарының көпшілігі КСРО-ның түрлі өндірістік мекемелеріне еңбек майданына жіберілді. Осы уақытта ауданға жер аударылғандар мен депортацияға ұшыраған Кубаннан, Приволжьядан шешендер, немістер көптеп әкелінді. Мендіқара

ауданына жер аударылған ұлт өкілдері: 1211 неміс, 3518 шешен олар эвакуацияланған кәсіпорындарда еңбек етті. 1949 жылы ауданның әрбір оныншы адамы арнайы жер аударылып келген адамдар болды [3].

1936 жылы «Боровское» демалу орнында туберкулез ауруымен ауыратындарға қымызбен сауықтыру орны ашылды. Соғыс жылдарының басында көптеген дәрігерлер мобилизацияға ұшырап майданға кетсе де, қымызбен емдеу сауықтыру орны өз жұмысын тоқтатпаған. 1941 жылы желтоқсан айында қымызбен емдеу орны Мәскеу қаласының эвакуацияланған балабақшасынан 301 баланы қабылдаған болатын. Ал 1942 жылы «Боровское» тубсанаторий болып өзгертілген қымызбен емдеу орны, соғыс аяқталғанға дейін соғыста жарақаттанғандар мен ауру адамдарды сауықтырумен айналысты.

Меңдіқаралықтар соғыс жылдарында қорғаныс қорына үш миллион рубль қаржы аударды. Аудан тұрғындары «Колхозник Казахстана» танкілі колоннасын құрастыру үшін бесенді түрде қаражат жинауға қатысты. «Жаңа тұрмыс», «Красный повстанец» колхоздары төрағаларының жеке қаражатынан Орынбор авиациалық заводынан самолеттің үш буыны алынды. «Жаңа тұрмыс» колхозының төрағасы Қабаш Қозыбаев соғыстың өрті тоқтау бермей қаулаған 1943 жылдың басында 190 мың сом қаржы жинайды. Көрші «Красный повстанец» колхозының төрағасы Иван Верещенко да дәл осынша ақша жинайды. Екеуі Чкалов қаласына (қазіргі Орынбор қаласы) барып, үш әскери самолет сатып алады. Оның бірінің қанатына қызылмен «Қабаш Қозыбаев», екіншісінің қанатына «Иван Верещенко», ал үшіншісінің қанатына екеуінің атын қатар жазады [4].

Қабаш Қозыбаев осы қаржыны жинағанда үйіндегі малды, ине-жіпке, балаларының киіміне дейін сатыпты. Жұбайына: «Аштықта да өлген жоқпыз, біз елдеміз», деген екен. Сонда үй толы жан болатын, інісі Оразалы майданда. Қабаш Қозыбаев аштықты, колхоздастыруды, репрессияны, соғыс қиындықтарын басынан кешкен. Ол колхоз басқарса да кедей тұрған. Соғыс кезінде ауылдастарына «қара қағаз» тасып, жаны жүдепті. Кейін: «Қарақыз деген кемпірдің майданға кеткен төрт баласына «қара қағаз» келгенде, соңғысын үміті үзілмей жүрсін деп апарып бермедім» дегенін өзім де талай естіп едім, – деген Сәулеш апа [4].

Сол сияқты өзінің еңбек сүйгіштігімен әйгілі болған, Екінші дүние жүзілік соғысы жылдарында, Жеңіс үшін аянбай еңбек еткен, «Май-алап» колхозының жалғыз әйел – төрайымы Мариам Нұрпейсова болған. Бұл тыл ардагерінің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы мәліметтер қолымызға тимей жатыр.

Біз зерттеу барысында Меңдіқара ауданының 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатысқан қыздардың есімдерін анықтап, тізімін жасадық.

Меңдіқара ауданынан 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатысқан әйелдердің тізімі:

Адаева Елизавета Ивановна
Афанасик (Каткова) Юлия Михайловна
Батурина Вера Васильевна
Бендебера Ольга Николаевна
Бондарь Мария Степановна
Будко Зинаида Петровна
Бурмистрова Мария Ивановна
Вахрушева Зинаида Владимировна
Галько Анастасия Павловна
Герман Татьяна Ивановна

Гайникамал Оразалықызы
Зацепина-Сорокина Наталья
Зубкова Софья Андреевна
Евмененко Мария Ивановна
Квасова Таисия Алексеевна
Коновалова Анна Федоровна
Копьева Мария Егоровна
Краснобродько Полина Тимофеевна
Куслиева Зоя Демидовна
Кузичкина Зоя Степановна

Лаилановой Валентина Александровна
Лисова Валентина Гавриловна
Лисова Татьяна Гавриловна
Макарова Анна Гавриловна
Макарова Александра Ивановна

Робова Татьяна Павловна
Савкина Анна Осиповна
Силина Екатерина Сергеевна
Соколова Валентина Григорьевна
Сорокоумова Нина Александровна

Межевская Надежда Лаврентьевна
Метелева Анна Терентьевна
Мұқтықұлова Нұрсұлу Жолдасбайқызы
Нурпеисова Мариам
Омарханова Кантай
Поддубная Ольга Федосеевна
Поливода Ольга Ивановна
Рассомахина Анна Антоновна

Таран Нина Петровна
Текаева Серафима Васильевна
Фабаровская Татьяна
Фоменко Александра Андреевна
Чабанова Вера Афанасьевна
Чак-Корнеева Леонида Яковлевна
Шпак Вера Тихоновна
Ямковая Мария Дмитриевна[11].

Қорыта келе айтпағымыз, екінші дүние жүзілік соғыс соғысына қатысқан қыздардың бауырлары, балалары, немерелері немқұрайлы қарамай, аналары, әжелері туралы өмірі мен олардың майдандағы қызметтеріне қатысты отбасылық мұрағаттағы сақталған құжаттар мен соғыс кезіндегі жазған хаттарын, фото-суреттерін, естеліктерін аудандық немесе облыстық мұрағат қорына тапсырса екен. Өйткені, Отан үшін от кешкен батыр аналардың есімі мен ерлік істерін кейінгі ұрпақтарға жеткізу үшін, олар туралы зерттеушілерге нақты деректік мәліметтер ауадай қажет. Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде ұрыс даласында Отанын жанқиярлықпен қорғағандар мен тылда еңбек ерлігін көрсеткендердің ерен еңбектері ұрпаққа үлгі өнеге болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Исенов Ө.И. Ұлы Отан соғысының тарихнамасы хақында. // Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қостанай облыстық филиалы. «Ол күндердің данқы мәңгі өшпейді. Ушла война. Осталась память...» Сборник материалов, посвященных 70-летию Победы. – Костанай, 2014. Стр. 48-59.; Исенов Ө.И. Ұлы отан тарихының зерттелуі. // Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 70 жылдығына арналған «Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихы: жаңа деректер және интерпретациялар» Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның баяндамалар жинағы. / жалпы ред. басқарған Е.Б. Садықов. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2015 – 514 б. – (117-120 бб.).
2. Исенов Ө.И. Қазақстан экономикасы соғыс жылдарында. // Ұлы Жеңіс: сабақтары және тарихи маңызы: Аймақтық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қостанай 2005. 290 бет. – (75-78 бб.).
3. Қостанай облыс, Меңдіқара ауданының Әскери Даңқ Кітабының беттері, Боровское. (қазақша-орысша). – 2015. – 19 б.
4. Жәрімбетова Н. Әке және әулет туралы баллада. // Егемен Қазақстан. – 2013 жыл, 2 қараша.
5. Жеңістің 70 жылдығына арналады. Қостанайлықтар – тыл ерлері. Жеке үлес. Кустанайцы – герои тыла. Личный вклад. (қазақша-орысша). Костанай. – 2012. – 854 б.
6. Олар жеңіспен оралды, Қосымша том – 18, Қостанай облыс. 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 66 жылдығына, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналады.
7. Р.Г. Абдрахманова. Женщина с характером солдата. // Меңдіқара үні. – 2015 жыл 12 наурыз. – 5 бет.
8. Галина Землина. Труженик тыла Нина Александровна. // Меңдіқара үні» – 2015 жыл 23 сәуір. – 3 бет.
9. http://veteran.kostanai.kz/rus/kniga_pamjati.html/search/fio/bookID/5/text/
10. Книга Скорби – Азалы кітап: Атылғандар тізімі. Қазақстанның тарихи-ағартушылық «Әділет» қоғамы. ҚР Қостанай облысының ақиматы. – Алматы Қазақстан 2001. – 192 б.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры» атты ғылыми жоба аясында дайындалды.

О КОНФИСКАЦИИ ИМУЩЕСТВА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

*Колдыбаева С.С.к.и.н., доцент кафедры истории Казахстана факультета истории и права
Кизима В. студент 4 курса, факультета истории и права
Костанайский государственный университет имени А. Байтурсынова*

